

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОСЫЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Баяндама, 23 маусым 2015 ж.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫ	WT/ACC/KAZ/93 2015 жылғы 23 маусым
(15-3271)	Бет. 1/919
Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылуы жөніндегі жұмыс тобы	Түпнұсқа: ағылшын тілінде

ЗҚАИ ескертпесі!

Келісім Қазақстан Республикасы 12.10.2015 ж. № 356 "1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Заңының қабылдануына байланысты орналастырылды.

I. КІРІСПЕ

1. 1996 жылғы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Қазақстан деп аталады) Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үшін өтінім берді. 1996 жылғы 6 ақпанда Бас кеңес отырысында Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімінің XII бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің ДСҰ-ға кіру туралы өтінішін қарастыру үшін Жұмыс тобы құрылды (WT/GC/M/10 құжаты). Жұмыс тобының құзырет саласы мен құрамы WT/ACC/KAZ/2/Rev.40 құжатында көрсетілген.

2. Жұмыс тобының отырыстары 1997 жылғы 19-20 наурызда және 1997 жылғы 9 қазанда Мәртебелі Елші Б. Экблом (Финляндия) мырзаның жетекшілігімен; 1998 жылғы 9 қазанда, 2001 жылғы 12-13 шілдеде және 2002 жылғы 13 желтоқсанда Мәртебелі Елші П. Хухтаниеми мырзаның (Финляндия) жетекшілігімен; 2004 жылғы 4 наурызда, 2004 жылғы 3 қарашада, 2005 жылғы 7 маусымда, 2006 жылғы 1 қарашада және 2008 жылғы 17 шілдеде Мәртебелі Елші В. Химанен мырзаның (Финляндия) жетекшілігімен; және 2010 жылғы 18 сәуірде Мәртебелі Елші Х. Химанен мырзаның (Финляндия) жетекшілігімен; 2012 жылғы 24 шілдеде, 2012 жылғы 5 қазанда, 2012 жылғы 10 желтоқсанда, 2013 жылғы 20 наурызда, 2013 жылғы 6 маусымда, 2013 жылғы 23 шілдеде, 2013 жылғы 11 қазанда, 2014 жылғы 23 шілдеде және 2015 жылғы 10 мен 22 маусымда Мәртебелі Елші В. Химанен мырзаның (Финляндия) жетекшілігімен өткізілді.

ҰСЫНЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР

3. Жұмыс тобы талқылау үшін 1-Қосымшада көрсетілген заңнамалық актілер мәтіндерін және басқа да құжаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының

Сыртқы сауда режимі жөніндегі меморандумға (WT/ACC/KAZ/3, WT/ACC/KAZ/3/Add.1), Қазақстан Республикасының Сыртқы сауда режиміне шолу (WT/ACC/KAZ/40), Қазақстан Республикасының Сыртқы сауда режимі бойынша Жұмыс тобының мүшелеріне берілген сұрақ-жауаптарға (WT/ACC/KAZ/6, WT/ACC/KAZ/6/Add.1, WT/ACC/KAZ/6/Add.2, WT/ACC/KAZ/10, WT/ACC/KAZ/11, WT/ACC/KAZ/14, WT/ACC/KAZ/22, WT/ACC/KAZ/37, WT/ACC/KAZ/37/Add.1, WT/ACC/KAZ/37/Add.2, WT/ACC/KAZ/37/Add.3, WT/ACC/KAZ/37/Add.3/Corr.1, WT/ACC/KAZ/50, WT/ACC/KAZ/50/Corr.1, WT/ACC/KAZ/57, WT/ACC/KAZ/63, WT/ACC/KAZ/66, WT/ACC/KAZ/67, WT/ACC/KAZ/70, WT/ACC/KAZ/71, WT/ACC/KAZ/72, WT/ACC/KAZ/75, WT/ACC/KAZ/77, WT/ACC/KAZ/78, WT/ACC/KAZ/83, WT/ACC/KAZ/87) және Қазақстан Республикасы ұсынған басқа ақпаратқа (WT/ACC/KAZ/8, WT/ACC/KAZ/12, WT/ACC/KAZ/17, WT/ACC/KAZ/19, WT/ACC/KAZ/24, WT/ACC/KAZ/25, WT/ACC/KAZ/26, WT/ACC/KAZ/27/Rev.1, WT/ACC/KAZ/28, WT/ACC/KAZ/29, WT/ACC/KAZ/30, WT/ACC/KAZ/31, WT/ACC/KAZ/32/Rev.2, WT/ACC/KAZ/34/Rev.3, WT/ACC/KAZ/35, WT/ACC/KAZ/41, WT/ACC/KAZ/43/Rev.1, WT/ACC/KAZ/44, WT/ACC/KAZ/45, WT/ACC/KAZ/46, WT/ACC/KAZ/47, WT/ACC/KAZ/48, WT/ACC/KAZ/51, WT/ACC/KAZ/52, WT/ACC/KAZ/53, WT/ACC/KAZ/54, WT/ACC/KAZ/55, WT/ACC/KAZ/58/Rev.3, WT/ACC/KAZ/59, WT/ACC/KAZ/60/2-Rev.2, WT/ACC/KAZ/61/1-Rev.1, WT/ACC/KAZ/64, WT/ACC/KAZ/65, WT/ACC/KAZ/73/9-Rev.9, WT/ACC/KAZ/74 және WT/ACC/KAZ/88) сүйенді.

КІРІСПЕ МӘЛІМДЕМЕЛЕР

4. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасы 1991 жылдың 16 желтоқсанында өзінің тәуелсіздігін жариялағаны туралы айтты. Содан бері Қазақстан нарықтық экономикаға көшуді және тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында құрылымдық реформалар бағдарламасын жүзеге асырды. Сауда және бағаны ырықтандыру, жекешелендіру, бәсекелестік және салық-бюджеттік және ақша-кредиттік реформалар сияқты маңызды салаларда едәуір прогреске қол жеткізілді.

5. Қазақстанның реформалар бағдарламасының негізі сауда мен инвестицияға қолайлы және халықаралық мойындалған стандарттарға негізделген нормативтік-құқықтық режимнен тұрады. Атап айтқанда, Қазақстан өзінің сауда режимін тауарлардың шектеулі көлеміне импорт пен экспортты лицензиялау талаптарын азайту; мемлекеттік сауда монополиялары мен импорттық және экспорттық квоталар сияқты сауда үшін тарифтік емес кедергілерді болдырмау арқылы өзінің сауда режимін ырықтандырды. Қызметтер нарығына қол жеткізу саласында Қазақстан нарыққа кіруге кедергілерді жоятын және адал бәсекелестікке кепіл болатын нормативтік-құқықтық базаны құрды.

6. Негізгі сауда-инвестициялық заңнама өнімдер мен қызметтердің шығу тегіне қарамастан кемсітпеушілік режимін және шетелдік инвесторларға қатысты ұлттық режимді қолдана отырып, ДСҰ қағидаттарын ұстанады. Кедендік кодекс ДСҰ және ДКҰ нормаларына негізделіп, осылайша, кедендік рәсімдердің ашықтығын және

тауарлардың уактылы өңделуін қамтамасыз етті. Қазақстан Үкіметі ең алдымен, техникалық реттеу, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, импортты лицензиялау салаларында және т.б өз заңнамаларын ДСҰ нормаларына сәйкес келтіру бойынша маңызды қадамдар жасауда.

7. Қазақстан ДСҰ мүшесі болуға және көпжақты сауда жүйесіне тұтастай бірігуге дайын. Бұл дайындық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылдың 29 қаңтарында ДСҰ-ға кіру үшін ресми өтініш берген кезде көрініс тапты.

8. Жұмыс тобының мүшелері Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіру туралы өтінішін құптап және ДСҰ-ға кіру процесін өздері толықтай қолдайтынын білдірді. Комитет мүшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі нарықтық экономиканы құру мақсатында жасаған реформалар мен қадамдар ауқымын және оның көпжақты сауда жүйесіне бірігуге берік ұстанымдарын мойындады. Олар, сондай-ақ, Қазақстан Еуразиялық континенттің сауда ағымындағы маңызды рөл атқаратынын және осыған сәйкес оның мүшелігі Ұйым мен әлемдік экономиканы нығайтатынын атап көрсетті.

9. Жұмыс тобы Қазақстанның экономикалық саясатын және сыртқы сауда режимін және Қосылу туралы хаттама жобасының мүмкін жағдайларын қарастырды. Жұмыс тобының мүшелері білдірген пікірлер және Қазақстанның сыртқы сауда режимінің әртүрлі қырлары, сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жағдайлары төменде 10 және 1174-тармақтарында келтірілген.

II ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

– Ақша-кредит және салық-бюджет саясаты

10. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүзеге асыратын және айқындайтын жалғыз орган екенін атап өтті. Қазақстанда екі деңгейлі банк жүйесі бар, ҚРҰБ жоғары (бірінші) деңгейлі болса, қалған банктер төмен (екінші) деңгейлі банктер болып табылады. Өзінің құзыреті шеңберінде ҚРҰБ басқа мемлекеттердің орталық банктерімен және басқа елдер банктерімен; халықаралық банктермен және өзге де ақша-кредиттік ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді. ҚРҰБ өз міндеттерін орындау барысында кіріс табу мақсатын басшылыққа алмайды. ҚРҰБ заңнамалық актілермен берілген өзінің құзыреті шегінде тәуелсіз болып табылады. Өкілдік және атқарушы органдар ҚРҰБ-ның, оның филиалдары, өкілдіктері және ұйымдарының қызметіне араласуға құқығы жоқ.

11. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 (2012 жылғы 5 шілдедегі түзетулермен) Заңына сәйкес ҚРҰБ ақша саясатының негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Оның орындалуы үшін ҚРҰБ-ға келесі міндеттер жүктелген: (i) мемлекеттің ақша-кредиттік саясатын әзірлеу және жүзеге асыру; (ii) төлем жүйесі қолдау; (iii) валюталық реттеу және валюталық бақылау; (iv) қаржы жүйесінің тұрақтылығына көмек көрсету; (v) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау, реттеу және қадағалау; (vi) қаржы қызметі

тұтынушыларының мүддесі мен құқығын қорғау; (vii) ақша-кредит саласындағы және сыртқы сектордағы статистикалық қызмет көрсету, сондай-ақ Қазақстанның басқа да заңдарына және Президент актілеріне сәйкес міндеттерді орындау. Сондай-ақ ҚРҰБ соңғы кредит беруші инстанциясының функциясын атқарады және Қазақстанның заңнамасына сәйкес ҚРҰБ Басқармасының шешімдеріне сәйкес басқа да операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар. 1998 жылдан бастап, ҚРҰБ мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландырған емес.

12. ҚРҰБ ақша-кредит саясатын жүзеге асыру үшін коммерциялық банктерді несиелермен қамтамасыз етеді; ұлттық және шетел валютасында депозиттерді қабылдайды; валюта нарығында интервенцияларды жүзеге асырады; қысқа мерзімді ноталар шығарады; ашық нарықта құнды қағаздармен операциялар жүргізеді; коммерциялық вексельдерді қайта есепке алуды жүзеге асырады. ҚРҰБ ақша-кредит саясатын жүргізу қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін, негізгі операциялар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің деңгейлерін және ең аз резервтік талаптарды орнату арқылы орындалады.

13. 2011 жылы Қазақстанда инфляция 7,4% құрады. 2012 жылы ҚРҰБ өз қызметінің басым бағыты макроэкономикалық жағдайларға сәйкес бағалар тұрақтылығын қамтамасыз етуге және жылдық инфляцияның төмен деңгейін ұстап тұруына бағытталған ақша-кредит саясатын жүзеге асыру деп белгіледі.

14. ҚРҰБ депозиттер мен банктер қарызының сыйақы көлемдері мен мөлшерлемелерін реттеу мақсатында ең аз резервтік талаптар нормативтерін қолданады. Ерекше жағдайларда, жанама ақша-кредиттік реттеудің әдістері арқылы инфляциялық процестерді тоқтату мүмкін болмағанда, ҚРҰБ жекелеген операция түрлеріне тікелей сандық шектеулер қою құқығы бар. ҚРҰБ 1993 жылы ұлттық валюта, теңге (KZT), енгеннен бастап, ең жоғары мөлшерлеме және 1995 жылдан бастап кредиттік шектеулер қойған жоқ.

15. Қаржы нарығындағы сыйақы мөлшерлемесін реттеу және банктердің артық өтімділігін стерилизациялаудың негізгі құралдары ҚРҰБ-дағы қысқа мерзімді ноталар және екінші деңгейлі банктердің депозиттері болып қалады. Қысқа мерзімді ноталар ҚРҰБ-мен шығарылған мемлекеттік құнды қағаздар болып табылады. Қысқа мерзімді ноталардың эмиссиясы 1 жыл мерзімге дейінгі қаржылық құралдар бойынша табыстық ауытқымасын құруға бағытталған. 2011 жылы ақша нарығындағы өтімділік жағдай түбегейлі өзгермейді. Қысқа мерзімді ноталардың айналым мерзімі осы деңгейлерде – 3, 6 және 9 ай сақталады

16. Валюталық режим туралы сұрақтарға Қазақстан өкілі 2007 жылғы 1 қаңтарда валюталық операциялары бойынша алдыңғы рұқсат беру рәсімдері толығымен жойылған деп жауап берді. Валютаны реттеудің қолданыстағы режимі (тіркеу және хабарлау) валюталық операцияны өткізуді шектемейді және валюталық операцияның статистикалық мониторингін мақсат етіп қояды. Валюталық режимді және валютаны

бақылауды бұдан әрі жетілдіру үшін басым бағыт шетел активтерімен операцияларды қоса алғанда, резиденттер жүргізетін валюталық операциялар үшін талаптарды жеңілдету болып табылады. Валюталық операцияларға байланысты тәуекелдерді бақылау үшін Қазақстан банктерде, зейнетақы жинақтау қорларында және сақтандыру компанияларында пруденциялық реттеу және тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру шараларын қолданатын болады.

17. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстан өкілінен тіркеу және хабарлау режимі үшін "резидент" терминін айқындауды сұрады, оған жауап ретінде Қазақстан өкілі "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы №57-III Заңның 1-бабына сәйкес мыналар: (i) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген, шетелде тұрақты тұру құқығына құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, шетелде уақытша болатын немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіндегі азаматтар; (ii) Қазақстанда тұрақты тұру құқығына құжаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар; (iii) Қазақстанның заңнамасына сәйкес Қазақстанның аумағында құрылған заңды тұлғалар, сол сияқты Қазақстан аумағында немесе шетелде орналасқан олардың филиалдары және өкілдіктері; және (iv) Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық, сауда және басқа да ресми өкілдіктері болып табылады. Тиісінше резиденттерге жатқызылмаған барлық жеке тұлғалар және заңды тұлғалар, олардың филиалдары және өкілдіктері бейрезиденттер болып табылады. Ол лицензиялау және тіркеу талаптары мәмілеге қатысатын резиденттерге ғана қолданылатынын айтты (және бейрезиденттерге қолданылмайды).

18. Мемлекеттік бюджетке түсетін негізгі түсімдер және негізгі шығыстар көздері бойынша ақпарат туралы сұрау салуға Қазақстан өкілі 2011 жылы мемлекеттік бюджет түсімдері 2011 жылы ЖІӨ 19,9% құрады деп жауап берді. Негізгі салықтық түсімдер болатын салықтық кірістер 74,1%, корпоративтік табыс салығы 19,5%-ды, ҚҚС 16%-ды, жеке табыс салығы 7%-ды, әлеуметтік салық 5,5%-ды құрайды. Халықаралық сауда және сыртқы операциялар салықтарының үлес салмағы жалпы салықтық түсімнің 20,4%-ын құрады.

19. Бұдан әрі ол 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі – Бюджет кодексі) нәтижеге бағытталған бюджеттік жоспарлауға көшуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Бюджет кодексі мемлекеттік мекемелер функцияларын қайта бөлуге, жай қаржы бөлуден мемлекеттік саясат басымдықтарын айқындау жолымен нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Қазақстан Республикасында мынадай бюджеттер бекітіледі және орындалады: республикалық бюджет, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті. Бюджетке түсетін кірістер: бюджеттік кредитті өтеу сомасы, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер, қарыздар болып табылады. Салықтық, салықтық емес түсімдер, негізгі

капиталды сатудан түскен түсімдер, трансферттер түсімі бюджет кірісіне жатады. Қазақстан Республикасының Салық және Кеден кодекстерінде бекітілген салықтық түсімдер және бюджетке міндетті төлемдер болып табылады. Бюджет кодексіне сәйкес мыналар бюджетке міндетті төлемдер болып саналады: мұнай секторы ұйымдарының түсімдерін қоспағанда корпоративтік табыс салығы (КТС); шығарылған өнімдерге, жұмыстар мен қызметтерге және импортталатын тауарларға қосылған құн салығы (ҚҚС); импортталған тауарларға акциздер, шикі мұнай, газ конденсаты, Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген тауарларға, және басқа да бюджеттік төлемдер жатады. Салықтық емес түсімдерге міндетті бюджетке қайтарымсыз негізгі капиталды сатудан түскен, грантқа байланысты, сол сияқты бюджетке ерікті берілген қаржы, трансферттерден басқа түсімдер: (i) республикалық меншік кірістері: республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімі; ҚР ҰБ таза кірісінің бөлігінің түсімі; республика меншігіндегі мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер; республика меншігінде болып саналатын заңды тұлғалар қатысуымен кірістер бөлігі; республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін түсімдер; ҚРҰБ-да үкіметтік депозиттер мен екінші деңгейлі банктердің ішкі қарызы есебінен мемлекеттік сыйақы мөлшерлемелерінен; республикалық бюджет есебінен берілген кредиттер бойынша сыйақы; әскери техниканы сатудан түскен кіріс; республикалық меншіктен түсетін басқа да кірістер; (ii) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатуынан түскен түсім; (iii) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастырған мемлекеттік сатып алуларды өткізгеннен түскен ақша түсімі; (iv) мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдерді есептемегенде, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар; және (v) мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдерді есептемегендегі басқа да салықтық емес түсімдердің республикалық бюджетке түсуі.

20. Салықтық режим туралы жалпы сипаттама беру туралы сұрау салуға Қазақстан өкілі салық жүйесі әділеттілік, транспаренттілік, салық жүйесінің тұтастығы қағидаттарында құрылатынын айтты. Ол 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енген "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV кодексі (бұдан әрі – Салық кодексі): (i) шикізаттық емес экономика секторларының салықтық ауыртпалығын төмендетуге; (ii) әкімшілік кедергілерді төмендетуге; (iii) салық органдарының тиімділігін арттыруға бағытталған деп қосты.

21. Салық қызметі органдары Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен және салық органдарынан тұрады. Салық органдарына облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық мемлекеттік кіріс комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша мемлекеттік кіріс комитеттері кіреді. Арнайы экономикалық аумақтар құрған жағдайда, осы аймақ аумақтарында салық

органдары құрылуы мүмкін. Салық органдары жоғары тұрған тиісті салық қызметі органына тікелей бағынады және жергілікті атқарушы органдарға жатпайды. Қаржы министрлігі салық органдарына жетекшілік етеді. Кеден органдары Салық кодексіне, Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) кеден заңнамасына және Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне сәйкес ЕАЭО кедендік шекарасынан тауар өткізуге байланысты төлеуге жататын салықтарды алуды жүзеге асырады.

22. Салық кодексінде бірқатар салық мөлшерлемесінің төмендетілуі көзделген. Корпоративтік табыс салығы 30 %-дан 20 %-ға дейін төмендетілген. 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС 13%-дан 12%-ға дейін төмендеді. Нәтижелер көрсеткендей әлем бойынша Қазақстан ҚҚС мөлшерлемесі ең төмен мемлекеттер қатарына жатады. Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша есепке тұрған немесе тұруға міндетті тұлғалар ҚҚС төлеушілер болып табылады: (i) жеке кәсіпкерлер, (ii) мемлекеттік мекемелерден басқа заңды тұлғалар, (iii) қызметін Қазақстан Республикасында филиалдары немесе өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер. Салық кодексіне сәйкес ҚҚС-ты төлеу үшін тіркелуге міндетті емес: i) мемлекеттік мекемелер; ii) Қазақстанның заңды тұлғаларының құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері); iii) ойын бизнесіне салынатын салық белгіленген, бірыңғай жер салығын төлейтін тұлғалар; iv) жылдық табысы 30000 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) аз жеке кәсіпкерлер, Қазақстанның заңды тұлғалары және бейрезиденттер, филиалдар және өкілдіктер арқылы қызметтерін жүзеге асыратындар. 2014 жылы 30000 АЕК 305274 АҚШ долларына (2014 жылы 1 АЕК 1852 теңгеге немесе шамамен 10,2 АҚШ долларына тең) тең.

23. Қазақстан өкілі Президенттің 2000 жылғы 23 тамыздағы №402 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құрылғанын айтып өтті, ол ұлттық экономиканың мұнай секторына тәуелділігін төмендету есебінен мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуын қамтамасыз ету және сыртқы қолайсыз факторлардан қорғау мақсатында құрылды. Бюджет кодексінің 21-бабына сәйкес, Ұлттық қор жинақтау және тұрақтандыру қызметін атқарады. Ұлттық қор ҚРҰБ-да Үкімет қорында жинақталған материалдық емес активтерді қоспағанда, қаржы активтері және мүлік түріндегі мемлекет активтерін білдіреді. Бюджет кодексінің 22-бабына сәйкес, Ұлттық қорға түсім мыналардан тұрады:

- мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджетке аударылған салықтан басқа), оған жататындар: корпоративтік табыс салығы, үстеме табыс салығы; пайдалы қазбалар өндіру салығы, бонустар, өнімді бөлу үлесі; экспортқа рента салығы; өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың қосымша төлемі;

- мұнай секторы ұйымдарының жүргізген басқа операциялары бойынша түсімдері (жергілікті орын бюджетіне түскеннен басқа), оның ішінде мұнай келісімшартын бұзған жағдайдағы түсімдер;

- республикалық меншіктегі және кен өндіру және өңдеу салаларындағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіргендегі түсімдер;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер.

24. Сонымен бірге ол Бюджет кодексінің 23-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры:

i) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген түрінде;

ii) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқаруға және жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға жұмсалатынын атап өтті.

Ұлттық қорды басқарудан түсетін инвестициялық кірістер, материалдық емес активтерді қоспағанда, Ұлттық қор қаржы құралдарына салынған Ұлттық қордың қаржылық активтерінен түсетін инвестициялардан түседі.

25. Жүргізілген әлеуметтік салық реформасы шеңберінде Салық кодексі регрессиялық әлеуметтік салықты 13%-дан 5%-ға дейін жай салыққа көлденең схема бойынша 11% өзгертті. Жұмыс беруші төлейтін, жұмыскер табысына салынатын әлеуметтік салық бюджеттің халықты әлеуметтік қорғауға арналған шығыстарын қамтамасыз ету мақсатында енгізілді.

26. Салық кодексінде арнайы экономикалық аймақта қызмет ететін компаниялар үшін мынадай преференциялар көзделеді: корпоративтік табыс салығын 100% азайту; 100% азайту корпоративтік табыс салығына аванстық төлемдерге қолданылады; жер салығына нөлдік коэффициент, сондай-ақ жер салығына шаққандағы байланысты мөлшемелерге қолданылатын нөлдік коэффициент; және мүлік салығын есептеу кезінде салық сау объектілерінің орташа жылдық құнына нөлдік мөлшерлеме.

27. 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жер қойнауын пайдаланушылардың екі түрлі салық режимі қолданылды: (i) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт; және (ii) өнімді бөлу туралы келісім (ӨБК). 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда Салық кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдаланушылармен өнімді бөлісу тәжірибесі жөніндегі келісім жасасу практикасы қолданылмайды. Бұл ӨБК бойынша қайтарылатын шығындарды есептеу дұрыстығын бақылау күрделі болуына байланысты. Осыған байланысты Салық кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін i Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен және қол қойған (2009 жылдың 1 қаңтарына дейін) өнімді бөлу туралы келісімдерде және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта айқындалған салық режимі сақталады.

28. Салық кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар барлық салықтар мен міндетті төлемдерді бюджетке осы Кодекске сәйкес төлейді, оның ішінде (i) жер қойнауын пайдаланушыларға арнайы төлем, жазылу бонусын, коммерциялық тауып алу бонусы мен тарихи шығынды өтеу төлемін қоса алғанда; (ii) пайдалы қазбалар өндіру салығы (ПҚӨС); (iii) үстеме табыс салығы.

29. Жер қойнауын пайдаланушылар үшін салық салу режимін жетілдіру мақсатында роялти төлемі, ПҚӨС алмастырылды. Роялти кенді қолданудың әрбір жеке бекітілген келісімшартының қағидаларына сәйкес есептелгендіктен, салықтық ауыртпалықты тең бөлу басты мақсат болып табылады.

30. Салық кодексінің 331-бабына сәйкес ПҚӨС жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке жасалған келісімшарт шеңберінде пайдалы қазбаларды техногендік минералдардық түзбелерден алуды қоса алғанда, мұнай, минералдық шикізат, жерасты суларын және емдік балшық өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылады.

31. Төмендету тәсілі салық салынбайтын таза кірісті 20%-дан 25%-ға дейін ұлғайту есебінен үстеме пайда салығын есептеу үшін қолданылады. Жаңа Салық кодексінің қағидаларына сәйкес үстеме табыс салығы үшін салықтық база жер қойнауын пайдаланушының тиісті салық кезеңі ішіндегі шығыстар сомасының 25%-ынан асатын жер қойнауын пайдаланушының таза табысының бір бөлігі болып табылады. Бұдан басқа жер қойнауын пайдаланушыларға үстеме пайда салығын салу базасын айқындау кезінде тіркелген активтерді сатып алу бойынша іс жүзінде жасалған шығыстарды және геологиялық барлау бойынша шығыстарды толық көлемде шегеруге жатқызу құқығы берілген.

32. Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы 0%-дан 32%-ға дейінгі мөлшерлемелер бойынша. Экспортқа іс жүзінде сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының құнына әлемдік бағаны ескере отырып салық салынады.

33. ЖТ мүшесі Қазақстан өкілінен қаржы-кредит және салық-бюджет саясаты саласындағы өңірлік бастамалар туралы ақпарат беруін өтінді. Қазақстан өкілі 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) " Валюта саясаты" атты XIV бөлімі және 15-қосымшасы "Келісілген валюта саясатын жүргізуге бағытталған шаралар туралы хаттама ЕАЭО валюта саясаты саласындағы құқықтық базаны белгіледі. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО туралы шарттың XIV бөлімінің 64-бабына сәйкес экономикалық интеграцияны тереңдету, валюта-қаржы саласындағы ынтымақтастықты дамыту, мүше мемлекеттер аумақтарында тауарлардың , көрсетілетін қызметтер мен капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету, мүше мемлекеттердің сыртқы сауда және инвестициялық операциялардағы ұлттық валютаның рөлін арттыру, сондай-ақ аталған валюталардың өзара айырбасталуын қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер ЕАЭО шеңберінде келісілген валюта саясатын әзірлейді және жүргізеді. Бұдан әрі, 64-бапқа сәйкес бағам саясатын үйлестіру құрамына мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің жетекшілері кіретін жекелеген орган жүзеге асырады. Бұл органның қызмет ету тәртібі болашақта ЕАЭО

шеңберіндегі халықаралық шартта белгіленетін болады. Ол сол сияқты қаржы-кредит және салық-бюджет саясаты саласында шешім қабылдау өкілеттігі мүше мемлекеттердің ұлттық құзыретінде қалатынын атап өтті.

- Шетел валютасы және төлемдер

34. Қазақстан өкілі валюталық операциялар мынадай нормативтік құқықтық актілермен реттелетінін атап өтті: 2012 жылғы 6 қаңтардағы өзгерістермен "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57-III Заңымен (бұдан әрі – № 57-III Заң), "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысымен (бұдан әрі – Валюталық операцияларды жүзеге асыру ережелері № 154), 2009 жылғы 30 қарашадағы өзгерістермен "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциясын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" ҚРҰБ Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы № 106 қаулысымен (бұдан әрі - № 106 қаулы), 2010 жылғы 1 ақпандағы өзгерістермен "Қызметінің айрықша түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы" ҚРҰБ Басқармасының 2009 жылғы 16 шілдедегі № 63 қаулысымен (бұдан әрі - № 63 қаулы), "Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын бекіту туралы" ҚРҰБ Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 қаулысымен және басқа да ҚРҰБ нормативтік-құқықтық актілерімен жүзеге асады.

35. Қазақстан Республикасының валюталық реттеуінің мақсаты орнықты экономикалық өсуге қол жеткізу және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатқа жәрдем ету болып табылады. Валюталық реттеу міндеттері: (i) Қазақстан Республикасында валюталық құндылықтар айналымының тәртібін белгілеу; (ii) Қазақстанның әлемдік экономикаға одан әрі интеграциялануы үшін жағдай жасау; және (iii) валюталық операциялар мен капитал ағыны жөніндегі ақпараттық базаны қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рөлі

36. Қазақстан өкілі атап өткендей, ҚРҰБ төлем жүйелерінің тиімді және сенімді қызмет етуін қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық актілер қабылдайды, сол сияқты оларды бақылау үшін жауапты болады. "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Заңының 48-бабына сәйкес ҚРҰБ төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруды ұйымдастырады, үйлестіреді және реттейді. ҚРҰБ мыналарды белгілейді: (i) төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын және тәсілдерін қолдану ерекшеліктерін; (ii) қолма-қол ақшаны пайдалану арқылы төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары.

37. ҚР ҰБ валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы функцияларына мыналар жатады: (i) Қазақстан Республикасында валюталық құндылықтар айналымының тәртібін айқындау; (ii) Қазақстан Республикасында резиденттер мен бейрезиденттердің валюталық операцияларды жүргізу тәртібін айқындау; (iii) резиденттердің экспорт және импорт бойынша сыртқы сауда келісімшарттарын есептік тіркеуінің бірыңғай қағидаларын және шарттарын және резиденттердің репатриация талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындау; (iv) Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан валюталық құндылықтарды әкелу, әкету тәртібін айқындау; (v) шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға лицензиялау тәртібін айқындау және лицензия беру; (vi) айырбастау пункттерін тіркеу тәртібін айқындау және тіркеу куәліктерін беру; (viii) валюталық операцияларды тіркеуді жүзеге асыру тәртібін айқындау және олар туралы, Қазақстан Республикасы резиденттерінің шетел банктерінде шот ашуы туралы хабарлау, сондай-ақ тіркеу куәлігін және хабарлау туралы куәлітер беру; (ix) айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шегін айқындау; (x) арнайы валюталық режим аясында валюталық операциялар жүргізуге арнайы рұқсаттар беру; (xi) мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасында резиденттер мен бейрезиденттер орындауға міндетті валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің тәртібін және нысанын айқындау; (xii) банктер және өзге тұлғалардың бұзу фактілері анықталған жағдайларда Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңнамасында көзделген санкциялар салу.

38. Қазақстан Өкілі Қазақстан Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) туралы келісімнің VIII бабында белгіленген міндеттерді қабылдағанын және 1996 жылы ағымдағы операциялар бойынша теңгенің толық айырбасталатынын белгілегенін атап өтті.

39. 2009 жылғы 4 ақпаннан бастап ҚРҰБ ұлттық валютаның айырбас бағамының АҚШ долларына байланысты болу режимін ұстанды. Ұлттық валютаның әлемдік нарықтардағы қазақстандық экспорттың негізгі позицияларының қолайлы баға конъюнктурасы және төлем балансының жай-күйі ықпал еткен тұрақтылығын ескере отырып, ҚРҰБ айырбас бағамын қолдауды жойды, 2011 жылғы 28 ақпаннан бастап ҚРҰБ теңгенің басқарылатын өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуді жүзеге асырды. Орта мерзімді кезеңіндегі теңгенің девальвациясы үшін алғышарттар жоқ. ҚРҰБ отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер ету мүмкін ұлттық валютаның нақты бағамының айтарлықтай ауытқуын болдырмауға бағытталған шаралар жүргізуде. ҚРҰБ мүмкіндігінше теңге бағамының икемділігін арттыру мақсатында өзінің валюта нарығына қатысуын одан әрі төмендетуге ұмтылатын болады.

- Шетел валютасын айырбастауға қойылатын талаптар

40. Шетел валютасын сатып алуға байланысты алымдар немесе шектеулер туралы сұраққа Қазақстан өкілі №57-III Заңның 17-бабына сәйкес шетел валютасын сатып алу (айырбастау) тек уәкілетті банктер, уәкілетті ұйымдар немесе олардың айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Ол № 57-III Заңға сәйкес банктік операцияларды және шетел валютасымен операцияларды, оның ішінде клиенттердің атынан операцияларды жүзеге асыратын екінші деңгейлі банктер және ұйымдар " уәкілетті банктер" болып табылатынын түсіндірді. "Уәкілетті банктер" анықтамасы шетел валютасын айырбастау операцияларын жүргізуге ғана уәкілетті болатын " уәкілетті ұйымдарды" қамтымайды. Ол №154 Валюталық операцияны жүзеге асыру қағидаларының 15-бабына сәйкес резиденттер мен бейрезиденттер оларды орындау үшін, шетел валютасын сатып алу және сату жүзеге асырылатын валюталық шартсыз және (немесе) төлем құжатынсыз және мақсаттар бойынша валюта нарығында шетел валютасын шектеусіз сатып алуға және сатуға құқылы. Өз кезегінде, заңды тұлғалар (бейрезиденттер және резиденттер) уәкілетті банк арқылы шетел валютасын сатып алуға өтінімді ресімдеген кезде шетел валютасын сатып алу немесе сату мақсатын көрсетеді. Бұл ретте № 154 қағидалардың 18-бабына сәйкес заңды тұлғалар сатып алған шетел валютасы өтінімде көрсетілген мақсаттан басқа мақсаттарға пайдаланылмайды.

41. Қазақстан өкілі № 57-III Заңның 26-бабына сәйкес бейрезиденттер уәкілетті банктерде шетел және/немесе ұлттық валютада шоттарды шектеулерсіз аша алатынын атап өтті. Бейрезиденттер ұлттық валютаны және шетел валютасын шектеусіз i) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлердегі өз шоттарынан уәкілетті банктердегі өзінің банк шотына, ii) сондай-ақ уәкілетті банктердегі өзінің банк шотынан Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлердегі өз шоттарын аударуға құқылы.

42. Қазақстан өкілі №154 қағидаларға сәйкес жеке тұлғалар уәкілетті банктердегі өз шоттарынан қолма-қол шетел валютасын шектеусіз ала (аудар) алады. Уәкілетті банктердегі заңды тұлғалардың банк шоттарынан қолма-қол шетел валютасы жеке тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру мақсатына мынадай жағдайларда: (i) бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды сату кезінде есеп айырысу, сондай-ақ халықаралық тасымалдау кезінде жолда жолаушыларға қызметтер көрсету және тауарлар сату кезінде; (ii) уәкілетті ұйымдар мен уәкілетті банктер айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын олардың арасындағы төлемдер; (iii) резидент заңды тұлғалар бейрезидент жұмысшыларға шетел валютасында еңбекақы төлегенде, сондай-ақ бейрезидент заңды тұлға резидент жұмысшыға еңбекақы төлегенде; (iv) жұмыскерлерді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды заңды тұлға төлегенде; және (v) өз қызметін халықаралық қатынас үшін ашылған әуежайларда, кемежайларда және шекаралық өтпелерде жүзеге асыратын жеке тұлға мен бейрезидент заңды тұлғалар арасындағы төлемдерде алынуы мүмкін. Оның пікірінше, шетел валютасын сату және сатып алу мақсаттарын көрсету статистикалық

сипатта ғана болып отыр және заңды тұлғалардың сатып алынған валютаны заңнамада тыйым салынбаған мақсаттарда пайдалануын шектемейді. Оның пікірінше, қолданыстағы заңнамалық база заңды сауда операцияларын жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

43. Қазақстан өкілі атап өткендей, резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы ағымдағы операциялар бойынша төлемдер мен ақша аударымдары оларды уәкілетті банктердегі өз шоттары арқылы өткізген кезде шектеусіз жүзеге асырылады. № 57-III Заңның 16-бабының 1-тармағы валюталық операциялар бойынша төлемдер және ақша аударымдары Қазақстанның уәкілетті банктерінде банк шотын ашусыз қолма-қол ақша арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Төлемдер мен ақша аударымдары мынадай жағдайларда банк шотын ашусыз жүзеге асырылады: (i) жеке тұлғалардың төлемдері мен аударымдары, сондай-ақ олардың пайдасына жасалатын төлемдер мен аударымдар ұлттық валютада Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілгенде; (ii) жеке тұлғалардың уәкілетті банктерде банк шотын ашусыз жүзеге асырылатын өтеусіз ақша аударымдары (салықтық, лицензиялық төлемдер, айыппұлдар, мұрагерлік сомасын аудару, алименттер, гранттар және т.б. қоса алғанда) және жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруымен байланысты емес және оларға қатысты келісімшарттың, хабарламаның есепке алу нөмірін беру талабы айқындалмаған, Қазақстан Республикасынан ақша аудару; (iii) бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды сату кезінде есеп айырысу, сондай-ақ халықаралық тасымалдау кезінде жолда жолаушыларға қызметтер көрсету және тауарлар сату; (iv) уәкілетті ұйымдар мен уәкілетті банктер айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын олардың арасындағы төлемдер; (v) резидент заңды тұлғалар бейрезидент жұмысшыларға шетел валютасында еңбекақы төлегенде, сондай-ақ бейрезидент заңды тұлға резидент жұмысшыға еңбекақы төлегенде; (vi) жұмыскерлерді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды заңды тұлға төлегенде; (vii) өз қызметін халықаралық қатынас үшін ашылған әуежайларда, кемежайларда және шекаралық өтпелерде кедендік бақылаумен жүзеге асыратын жеке тұлға мен бейрезидент заңды тұлғалар арасындағы төлемдерде; (viii) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын резидент заңды тұлғалар мен және бейрезиденттер арасындағы, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сома шегінде ұлттық валютадағы төлемдер. Бұдан басқа, Қазақстанның уәкілетті банктеріндегі банк шоттарынан тыс мынадай төлемдер мен аударымдар жүзеге асырылуы мүмкін: чек, вексель беру арқылы жүзеге асырылатын төлемдер; бейрезиденттер заңнамалық тәртіппен ашқан шетел банктеріндегі шоттар арқылы жүзеге асырылатын, бейрезиденттермен операциялар бойынша мен төлемдер және аударымдар, сондай-ақ уәкілетті банктердің шетел банктеріндегі корреспонденттік шоттары арқылы ақша

аударымдары мен төлемдері; бейрезиденттердің резидент міндеттерін орындау есебіне жүзеге асырылатын шетел банктеріндегі бейрезиденттердің шоттарынан ақша аударымдары.

- Валюталық операцияларға қойылатын шектеулер

44. Сыртқы тәуекелдерге ден қою тетігі ретінде валюталық операцияларды шектеулер Қазақстан Республикасының аумағында №57-III Заңның 32-бабында көзделген жағдайларда ғана енгізілуі мүмкін, осы бапқа сәйкес валюталық операцияларға шектеу елдің экономикалық қауіпсіздігіне және қаржы жүйесінің тұрақтылығына қауіп төнген жағдайда, егер, ахуал экономикалық саясаттың басқа құралдарымен шешілуі мүмкін болмаса енгізіледі. Валюталық операцияларды жүргізуді шектеулер Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен енгізілген арнайы валюталық режим шеңберінде енгізілуі мүмкін. Бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағында осы уақытқа дейін арнайы валюталық режим енгізілген жоқ.

45. Президент валюталық операцияларды шектеуі мүмкін рәсімдер мен өлшемшарттарды түсіндіру туралы сұраққа Қазақстан өкілі бұл рәсімдер мен өлшемшарттар № 57-III Заңның 32-бабында келтірілгенін және олар мыналарды қамтитынын атап көрсетті: (i) валюталық операция сомасының пайызы ретінде анықталатын мөлшерде сыйақы төлеусіз уәкілетті банкте немесе ҚРҰБ-да белгіленген мерзімге сыйақы төлемей банктік депозит ашу талабы; (ii) валюталық операцияны жүргізу үшін ҚРҰБ арнайы рұқсатын алу; (iii) ҚР резиденттері алған шетел валютасын міндетті түрде сату талабы; немесе (iv) шетел банктеріндегі шоттарды пайдалану жөніндегі шектеулер, валюта түсімін қайтару мерзімін және лимиттерін, валюталық операциялар бойынша есептесудің валюта мөлшерін, сомасын және валютасын белгілеу деп айтты. Қазақстан өкілі барлық шаралар бірден қолданылмайды, кейбір шаралар валюта нарығындағы ахуалдың тұрақсыздануы үшін қатерлердің сипатына қарай қолданылатынын атап көрсетті. Президент басқа да валюталық шектеулер қоя алады. Арнайы валюталық режимнің шаралары Қазақстан Республикасы өзінің халықаралық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының төлем балансы бойынша және ішкі валюталық нарықта жағдайды жетілдіру үшін жағдай жасауға бағытталған.

46. Қазақстан өкілі арнайы валюталық режимді Президент Ұлттық банкпен және Үкіметпен бірлескен консультациялардың негізінде енгізетінін айтты. Арнайы валюталық режимді енгізу туралы Президент актісі мыналарды қамтиды: (i) операциялар жүргізуге енгізілетін шаралар мен уақытша шектеулер тізбесі; (ii) арнайы рұқсат беру шартын қоса алғанда, арнайы валюталық режим талаптарын орындау тәртібі; (iii) арнайы валюталық режимді енгізу уақыты және оның қолданылу мерзімі. Арнайы валюталық режим бір жылдан артық мерзімге енгізілмейді. Арнайы валюталық режим енгізілген уақыттан бастап бір жыл ішінде Президент арнайы валюталық режим

мерзімін ұзарта алады (егер ол бір жылдан аз мерзімге енгізілген болса) немесе оны күшін толығымен жоя алады немесе оның қолданысының ішінара тоқтата алады. Арнайы валюталық режим қолданылған кезеңде резиденттер және бейрезиденттер Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы валюталық режим енгізу туралы актісінде белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

47. Бұл режимді енгізу жөніндегі нақты өлшемшарттар мен рәсімдер белгіленген жоқ, өйткені мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мен қаржылық тұрақтылығына қауіп төнуіне әкеп соғуы мүмкін екендігін болжау қиын болды. Қазақстан өкілінің пікірінше, бұл жүйе ДСҰ келісімдерінің қағидаларына сәйкес келеді және ХВҚ қатысты міндеттемелерге қайшы келмейді. Жеке сұраққа ол, валютаны міндетті түрде сату режимі 1999 жылғы сәуірден желтоқсанға дейін жаңа айырбас бағамы режиміне көшу кезеңінде уақытша енгізілді. Содан бері шектеулер енгізу үшін негіздер болған жоқ.

48. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер 2010 жылғы 5 шілдеде жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражатын және/немесе қаржы құралдарын Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібіне байланысты. Қазақстан аталған келісімді "Жеке тұлғалардың Кеден одағының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шартты ратификациялау туралы" 2011 жылғы 17 қаңтардағы №389-IV Заңмен ратификациялады. Шартқа сәйкес Қазақстанға үшінші елдерден импорттау және Қазақстаннан үшінші елдерге экспорттау жағдайында мыналар жазбаша түрде кедендік декларациялауға жатады: (i) баламада 1000 АҚШ долларынан асатын сомадағы қолма-қол ақша қаражаты мен жол чектері, (ii) сомасына карамастан ұсынушыға арналған ақша құралдары. Бұл шарт ЕАЭО шеңберінде өз қолданысын сақтайды.

– Валюталық операцияларды лицензиялау, тіркеу және хабарлау

49. Жұмыс тобының бірқатар мүшелері валюталық заңнамада валюталық операцияларға қойылатын лицензиялық талаптардың көптігіне алаңдаушылық танытты, олардың кейбіреулері қалыпты сауда есеп-қисаптарды қиындатып жібереді және Қазақстанның валюталық режимді ырықтандыру жоспарлары туралы ақпарат беруді өтінді.

50. Қазақстан өкілі, 2009 жылғы 1 қаңтарына дейін қолданылған валюталық операцияларды лицензиялау режимі (рұқсат беру режимі) № 57-III Заңмен толық алынып тасталғанын айтты. Қазіргі уақытта, лицензиялау режимі тек айырбастау пункттерінің және уәкілетті банктердің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялары бойынша қызметіне ғана қатысты қалып отыр. Қазақстан жыл сайын ХВҚ-ға валюталық режим туралы баяндамалар ұсынады. ХВҚ тарапынан Қазақстан режимінің ХВҚ келісіміне қандай да бір қайшылықтары туралы мәлімдеме болған емес, атап айтқанда Келісімнің VIII бабына сәйкес жүргізіледі деп жауап берді. Келесі екі тармақта көрсетілгендей, тіркеу және хабарлау режимдері бойынша талаптар

Қазақстанның міндеттемелерінің/түсімдерінің статистикалық мониторингі үшін және Халықаралық Валюта қорына және Дүниежүзілік банкке тиісті ақпаратты ұсыну үшін сақталған.

51. Жұмыс тобының мүшесі №57-III Заңға валюталық операцияларды және бөлшек сауданы лицензиялау жөнінде қандай өзгерістер енгізілгенін түсіндіруді сұрады. Қазақстан өкілі 2005-2009 жылдар аралығында лицензиялау режимін кезең-кезеңмен ырықтандыру кезеңінде келесі валюталық операцияларға қатысты лицензиялау күшін жойды деді:

- Бөлшек сауданы жүзеге асыру және қолма-қол шетел валютасы үшін қызмет көрсету жөніндегі қызмет. Бұрынғы режим бойынша лицензия бажсыз сауда кедендік режимінде, сондай-ақ халықаралық тасымалдаулар жасайтын теңіз, ішкі су, әуе, теміржол және автомобиль көлігінде өз қызметін жүзеге асыратын тұлғаларға берілген болатын;

- 180 күн мерзімнен асатын экспорт/импорт есеп-қисаптары;

- Резиденттердың бейрезиденттердің бағалы қағаздарын, бейрезиденттердің резиденциялық қорларының пайларын сатып алуы, бейрезиденттердің жарғылық капиталына қатысуды қамтамасыз ету мақсатында резиденттердің салымдар енгізуі, сондай-ақ резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы туынды қаржы құралдарымен операциялар;

- Резидент жеке тұлғалардың және резидент-заңды тұлғалардың шетел банктерінде шоттар ашуы. Бұрынғы режим бойынша ҚРҰБ лицензиямен қаражат қалдығының құралдар лимитін және шетел банкіндегі шотты пайдалану шарттарын белгіледі.

52. ҚР өкілі атап өткендей, резиденттер ғана ірі капиталдың қозғалу операцияларын тіркеуге, ол туралы ҚРҰБ-ға уақтылы хабарлауға тиіс. Олар құны 500000 АҚШ долларынан асатын капитал қозғалысына және мүлік (капитал) алуға байланысты немесе Қазақстан Республикасынан құны 100000 АҚШ долларынан асатын капитал (материалдық активтер) аударуға байланысты операцияларды тіркеуге тиіс. Ол № 57-III Заңға сәйкес ҚРҰБ-да резиденттердің және бейрезиденттердің мынадай операциялары тіркелуге жатады: (i) осы баяндаманың 485-тармағында көрсетілгендей импорттық-экспорттық валюталық бақылауға жататын сыртқы сауда келісімшарттарын есептегенде, 180 күннен асатын мерзімге коммерциялық кредиттер; (ii) тікелей инвестициялар; (iii) қаржылық лизингті қоса алғанда, 180 күннен асатын мерзімге қаржылай қарыздар; (iv) зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқыққа ие болу; және (v) бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау үшін ақша аудару және басқа мүлік аудару. ҚРҰБ-ның тіркеу және хабарлау талаптары резиденттерге ғана қолданылады. Қазақстанға тікелей инвестиция салушы бейрезиденттер өз инвестицияларын және кірістерін ешбір шектеулерсіз олаодан экспорттай алады. Валюталық келісімшартты тіркеуден келесі жағдайлар бойынша бас тартылады: (i) № 57-III Заңға сәйкес анық емес ақпарат беру не бермеу; (ii) жүргізілген операцияның

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болмауы. №57-III Заңның 8-бабының қағидалары тіркеу операцияларынан бас тартудың жалғыз негізі болып табылады. Мұндай жағдайда, егер резидент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес валюталық операция бойынша құжаттардық толық топтамасын ұсынса, уәкілетті банк келісімшартты тіркеуден бас тарта алмайды. Тіркеліп қойған операциялар алып тасталмайды және күшін жоймайды.

53. Қазақстан өкілі тіркеу режимі резиденттің ҚРҰБ-ға оның негізінде капитал қозғалысы операциясы жүзеге асырылатын шарттың, сондай-ақ өтініштің, жеке басты куәландыратын құжаттардың және валюталық шарт бойынша міндеттемелердің көшірмелерін ұсынуын көздейтінін атап кетті. Хабарлама режимі операция жүргізілгеннен кейін ол туралы ақпарат берумен шектеледі. Валюталық режимдерді ырықтандыру реформасының бір бөлігі ретінде, кейбір валюталық операцияларды тіркеу талабы тіркеу режиміне алмастырылды. Резиденттер мыналармен байланысты валюталық операциялар туралы хабарлауға тиіс: (i) 500 мың АҚШ долларына баламадан асатын сомадағы мүліктің (құралдың) түсуін көздейтін капитал қозғалысы (ii) Қазақстан Республикасынан 100 мың АҚШ долларына баламадан асатын сомадағы қаражатты (материалдық активтерді) аудару, және (iii) резиденттің бейрезидентке және (немесе) бейрезиденттің резидентке туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша, сондай-ақ жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспортына (импортына) байланысты есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде аудару сомасы 100 мың АҚШ доллары баламасынан асқан жағдайда. Хабарлау тәртібі мыналарға: (i) қаржылай қарыздарды және тікелей инвестициялау операцияларын қоса алғанда, банктердің меншікті операциялары; (ii) брокер-резидентпен жасалған, брокерлік қызмет көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырылатын бағалы қағаздар операциясы (брокер хабарлайды); (iii) туынды қаржы құралдарымен операциялар; (iv) қозғалмайтын мүлікке меншік құқығын алу; және (v) резиденттердің шетел банктерінде шот ашуы, (vi) сенімгерлік басқаруға берілген мүлікке, (ақша қаражатына және материалдық активтерге) таралады.

54. Қазақстан өкілі № 154 Валюта қағидаларының 30-тармағына сәйкес валюталық реттеу режимдері мыналарға: (i) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік ішкі қарыздар туралы келісімдерге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес ішкі қарыздарға, сондай-ақ осы келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын операцияларға; (ii) келісімшартты есептік тіркеу талап етілетін экспортқа (импортқа) байланысты коммерциялық кредиттерге; (iii) бейрезиденттердің екінші деңгейдегі нарықта басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумақтарында шығарылған эмитент-резиденттердің бағалы қағаздарын сатып алуға (эмитент-резиденттердің бағалы қағаздарына шығарылған депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда); (iv) екінші деңгейдегі нарықта резиденттердің эмитент бейрезиденттердің Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес шығарылған (қазақстандық депозитарлық қолхаттарды қоса) бағалы қағаздарын сатып алуына; (v) бейрезиденттердің Қазақстан Республикасында шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы; (vi) банктердің туынды қаржы құралдарымен меншікті операцияларына; (vii) Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері жүзеге асыратын валюталық операцияларға; және (viii) банктер бейрезиденттерге 180 күннен асатын мерзімге берген коммерциялық кредиттер және қаржылай қарыздарға таралмайды. Ол тіркеу және хабарлау режимдері статистикалық есепке алу мақсаты үшін қажет екенін атап өтті.

- Айырбастау пункттері

55. Жұмыс тобының бірқатар мүшелері Қазақстан өкіліне кәсіпорындар қалай валюталық операцияларды жүзеге асыруға құқықтар ала алады, шетелдік ұйымдар лицензияланған банктер немесе валюта айырбастау пункттері бола ала ма, сондай-ақ лицензияны банктерден басқа да ұйымдарға беруге бола ма деген сұрақтар қойды. Қазақстан өкілі шетел валютасымен, оның ішінде клиенттердің тапсырыстары бойынша операциялар жүргізуді екінші деңгейлі банктер және басқа да қаржы ұйымдары ҚРҰБ берген лицензия негізінде жүзеге асыратынын атап өтті. Ол одан әрі "Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 25 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау агенттігінің таратылғанын айтып өтті. Бұл ретте, таратылған Агенттіктің функциялары мен өкілеттіктері ҚРҰБ-ға берілді.

56. Қазақстан өкілі ҚРҰБ шетел валютасымен қызметінің жалғыз түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын (айырбастау пункттері) заңды тұлғаларға айырбастау операцияларын жүргізуге лицензия беретінін атап өтті. №57-III Заңның 6-бабының 4-тармағына сәйкес лицензия алу үшін өтінім беруші – ҚРҰБ Басқармасының № 63 қаулысында жазылған бастапқы капиталының болуы туралы бір ғана біліктілік талабына сай болуы қажет.

57. Қазақстан өкілі мұндай заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында да, шет елдерде де өкілдіктер құру құқығынсыз және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқықсыз, бірақ Қазақстанда филиалдар ашу құқығымен жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде құрылуы мүмкін екенін атап кетті. №106 қағидалардың 2-тарауының 7-бабына сәйкес әділет органдарының уәкілетті ұйымға рұқсат алуға құжаттарды мемлекеттік тіркеуге тапсырғанға дейін үш жылдан кем мерзім ішінде шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясынан немесе шетел валютасын айырбастау операцияларын ұйымдастыру лицензиясынан айырылған уәкілетті ұйымның құрылтайшылары (құрылтайшыларының біреуі) болған тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденттері немесе бейрезиденттері – жеке және заңды тұлғалар уәкілетті ұйымның құрылтайшылары бола алады. Айырбастау операцияларын

жүргізуге арналған бас лицензия өтінім берушінің айырбастау пункттерінің санын шектемейді.

58. Шетелдік банктердің бөлімшелері мен өкілдіктері Қазақстанның заңды тұлғалары ретінде тіркелгенге және айырбастау операцияларын жүргізуге арналған рұқсатты алғанға дейін қолма-қол шетел валютасын айырбастау операцияларын жүзеге асыра алмайды.

59. Қазақстан өкілі, егер Қазақстан валюталық операцияларға немесе шетел валютасымен төлемдерге шектеулер енгізетін болса, онда мұндай шектеулер ДСҰ талаптарына сәйкес қолданылатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

60. ЖТ мүшесі Қазақстанның ақша-кредит және салық-бюджет саясаты саласындағы өңірлік бастамалар бойынша ақпарат беруін сұрады. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген ЕАЭО туралы шарттың XIV "Валюталық саясат" бөлімі және "Келісілген валюталық саясатты жүргізуге бағытталған шаралар туралы хаттамасы" атты 15-қосымшасына сәйкес мүше мемлекеттер ЕАЭО шеңберінде келісілген валюталық саясатты әзірлейтінін және жүргізетінін түсіндірді. 64-бапқа сәйкес бағамдық саясатты үйлестіруді құрамына мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің басшылары жетекшілері кіретін жеке орган жүргізеді. Ақша-кредит (валюталық) саясаты жөніндегі Консультативтік кеңес (Консультативтік кеңес) 2011 жылдың 12 желтоқсанында қол қойылған және 2012 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген "2010 жылғы 9 желтоқсандағы Ақша-кредит саясатының келісілген принциптері туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің келісілген ақша-кредит (валюталық) саясаты туралы" шартқа сәйкес Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде құрылған. Консультативтік кеңес мүше мемлекеттердің ақша-кредит (валюталық) саясатын үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында ЕАЭО шеңберінде құрылған консультативтік орган ретінде қызметін жалғастыратын болады. Консультативтік кеңес шешімдері консенсус негізінде қабылданады және міндетті болып табылмайды. Кеңес өз қызметін тоқсанынан бір рет өткізілетін отырыстар арқылы тұрақты негізде жүзеге асырды. Сондай-ақ Қазақстан өкілі ақша-кредит және салық-бюджет саясаты саласында шешімдер қабылдау бойынша өкілеттіктер мүше мемлекеттердің ұлттық құзыретінде қалатынын түсіндірді.

– Инвестициялық режим

61. Қазақстанның өкілі Қазақстанның инвестициялық режимін қозғайтын заңнама 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясынан, 2011 жылдың 25 наурызындағы соңғы өзгерістерімен 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №269-ХІІ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінен (Жалпы бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) және 2010 жылғы 2 сәуірдегі соңғы өзгерістерімен 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Ерекше бөлімінен; "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10

желтоқсандағы № 99-IV кодексінен, сондай-ақ: 2012 жылғы 20 ақпандағы соңғы өзгерістерімен "Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы №373-II Заңды (бұдан әрі – Инвестициялар туралы Заң), "Бәсекелестік туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 112-IV Заңды, "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы №233-I Заңды, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-I Заңды ("Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заң), "Концессиялар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі №167-III Заңды, "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы №124-III Заңды қоса алғанда бірқатар нормативтік-құқықтық актілерден тұратынын айтты. Сондай-ақ ЕАЭО келісімдеріндегі және Қазақстан қосылған келісімдердегі (осы Баяндаманың "Тарифтік жеңілдіктер" бөлімін қараңыз) инвестициялық режимдерге жататын ережелер қолданылады.

62. Қазақстан өкілі "Инвестициялар туралы" Заңның Қазақстанның инвестициялық саясатының құқықтық негізінің нақты элементтерін қамтитынын қоса айтты. Бұл заң Қазақстандағы инвестицияларға қатысты қатынастарды реттейді, инвестициялар тартудың құқықтық және экономикалық негізін айқындайды, Қазақстанға инвестиция жасайтын Қазақстандағы нивесторлардың құқықтарының қорғалуына кепілдіктер береді, сондай-ақ инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын және дауларды шешу тәртібін белгілейді. "Инвестициялар туралы" Заң жергілікті қамту талаптары мен инвестицияларды мемлекеттік қолдау шарасы ретінде экспортты жүзеге асыру бойынша талаптарды белгілемейді. Сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі "Инвестициялар туралы" заңның келісімшарттық құқықтарды белгілейтін ережелерді қамтымайтынын, оның орнына инвестициялық келісімшарттарды жасасу және бұзу тәртібін сипаттайды деп жауап берді.

63. Инвестициялар деген түсінікті нақтылау туралы және ол барлық тауарларды қамти ма, жоқ па деген сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі, "Инвестициялар туралы" заң лизинг туралы шарт жасасқан сәттен бастап қаржылық лизинг бойынша мүлікті; инвестор заңды тұлғаның жарғылық капиталына салатын мүліктік қатынастарды; және кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын, тіркелген активтерді ұлғайтуды, сондай-ақ концессия шарты шеңберінде (оның құқық мұрагерін қоса алғанда) концессионер алған және шығарған тіркелген активтерді қоса алғанда, инвестицияларды барлық мүлік түрлері ретінде (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) анықтайды деп жауап берді.

64. Одан әрі ол "Инвестициялар туралы" Заңның 4-бабының 1-тармағына сәйкес инвесторға Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына толық және сөзсіз кепілдік берілетінін хабарлады. Инвестицияларды бұл құқықтық қорғау инвесторлардың мүдделері мен құқықтарын

толық және сөзсіз қорғаудан және мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін актілерді шығаруының нәтижесінде инвесторға келтірілген зиянды өтеу кепілдігінен тұрады. Азаматтық кодекстің 922-бабының 1-тармағына сәйкес мұндай шығындар сот шешімі бойынша мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен өтелуі тиіс.

65. Мүше "Инвестициялар туралы" Заңға сәйкес инвестор мен мемлекеттік орган арасында жасалған келісімшарттар талаптарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, қызметтің басым түрлерінің тізбесін өзгерту немесе мұндай тізбе күшін жоғалтатын мән-жайлар көзделген-көзделмегенін түсіндіруін өтінді. Қазақстан өкілі инвесторларға арналған құқықтық кепілдіктер "Инвестициялар туралы" Заңда белгіленетінін айтып жауап берді. Заңның 4-бабының 3-тармағына сәйкес өзгерістер тараптардың келісімі бойынша енгізілетін шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында жасалған шарттардың жағдайлары мен мерзімдерінің тұрақты болуына кепілдікті қамтамасыз етеді. Инвесторларға арналған бұл кепілдіктер мыналарға: (i) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістерге және/немесе олардың күшіне енуіне, акцизделетін тауарларды импорттау, өндіру, сату тәртібі мен шарттарын өзгертетін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына өзгерістерге; (ii) ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтауды және имандылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды. Заңның 4-бабында көзделген айрықша жағдайларда, жасалған шарттар өзгертілуі мүмкін, яғни мемлекет жаңа заңнама қабылдауы немесе қолданыстағы заңнаманы өзгертуі мүмкін. Қазіргі таңда Қазақстан жоғарыда көрсетілген айрықша жағдайларды қолданбағанын және тиісінше қол қойылған инвестициялық келісімшарттардың талаптарына өзгерістер енгізбегенін айта кету маңызды. Осылайша инвесторларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етілетін құқықтық кепілдіктер қызметтің басым түрлерінің тізбесіне енгізілетін кез-келген өзгерістер немесе мұндай тізбенің күшінің жойылуы жасалған келісімшарттарға ешқандай ықпал етпейтінін де білдіреді.

66. "Инвестициялар туралы" Заң мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы бойынша кепілдіктерді, инвестициялық қызметтерге қатысты (компанияны тіркеу, жарғы, лицензиялау және т.б.) ақпаратқа қолжетімділікті; инвесторлар үшін пайданы өз еріктері бойынша пайдалануға кепілдіктерді; мемлекет меншігіне алу және реквизициялау кезінде инвесторлар құқықтарының қорғалу кепілдігін; сондай-ақ осы заңда көзделген, дауларды халықаралық төрелікте шешу мүмкіндігін қоса алғанда, инвестициялық даулардың шешілуін реттеуді қамтамасыз етеді. Аталған Келісімдер саяси (реттеуші) тәуекелдер орын алған кезде, мемлекет меншігіне алу және

экспроприациялау кезінде инвестициялардың қайтарылу; кемсітуді болдырмау, сондай-ақ халықаралық төрелік соттарға шағымдануды қоса алғанда, дауларды шешуді реттеу кепілдіктерін көздейді.

67. Мүшенің мемлекет меншігіне алу бойынша толығырақ ақпарат беру туралы сұрай салуына Қазақстан өкілі меншікті мемлекет меншігіне алу рәсімі Азаматтық кодексте және "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңда белгіленеді деп жауап берді. "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңның 54-бабына сәйкес мемлекет меншігіне алу қоғамдық мүдделерде белгіленген заңдық тәртіпті сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылуы және кемсітусіз жүргізілуі мүмкін. Мемлекет меншігіне алынған мүліктің құнын және басқа да шығындарды өтеу меншік құқығы Қазақстан Республикасына толық көлемде өткенге дейін жүргізіледі.

68. Бағалау қызметі бойынша заңнаманың бар-жоғы және оның өтеуге қандай ықпалы бар екені туралы сұрау салуға Қазақстан өкілі реквизициялау және мемлекет меншігіне алу кезінде мемлекет сатып алатын немесе иеліктен шығарылатын мүлікті бағалауды "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2000 жылғы 30 қарашадағы № 109-ІІ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы жүргізетінін айтты. Мемлекет меншігіне алуға және реквизициялауға жататын мүліктің нарықтық құны алда болатын мемлекет меншігіне алу немесе реквизициялау туралы хабарландыру нәтижесіндегі өзгерістерді ескерусіз белгіленеді. Мемлекет меншігіне алынатын меншік иесінің талабы бойынша өтемақы төленетін күнге мемлекет меншігіне алынатын мүліктің құнын қайта бағалау жүргізіледі.

- Инвестициялық преференциялар

69. Қазақстан өкілі бұдан әрі "Инвестициялар туралы" Заң инвестицияларды мемлекеттік қолдау жаңа технологияларға, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейтуге және жаңартуға, кадрларды оқытуға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға салынатын инвестициялар үшін қолайлы инвестициялық жағдайлар жасауға бағытталғанын айтып өтті. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының барлық заңды тұлғаларына олар белгіленген талаптарға сай болған жағдайда басым қызмет түрлері тізбесі бойынша инвестициялық преференциялар беруді қамтиды. Осыған байланысты "Инвестициялар туралы" Заң инвестициялық преференцияларды қоса алғанда, шетел инвестициялары үшін ең аз капитал бойынша талаптарды, оның қолданылу саласын белгілемейді, сондай-ақ шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қамтиды. Инвестициялық преференциялар басым қызмет түрлерінің тізбесі (Үкіметтің 2003 жылғы 8 мамырдағы №436 қаулысымен бекітілген және Үкіметтің 2010 жылғы 6 тамыздағы №809 қаулысымен толықтырылған) немесе стратегиялық инвестициялық жобалар тізбесі бойынша инвестициялық қызметке беріледі. Ол одан әрі Үкіметтің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі №1293 қаулысымен қабылданған инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесінің күші жойылатынын және осыған байланысты инвестициялық стратегиялық жобалардың жаңа тізбесі әзірленетінін түсіндіріп өтті.

70. Бұған дейін инвестициялық салық преференциялары мүлік салығынан, жер салығынан және корпоративтік табыс салығынан толық босату нысанында берілген және инвестор объектіні пайдалануға енгізген күннен бастап қолданылған. Алайда, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл инвестициялық салық преференциялары "Инвестициялар туралы" Заңнан алынып тасталды. Сонымен қатар 2009 жылға 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар үшін өтпелі кезең қарастырылады. Мәселен, "Инвестициялар туралы" Заңның 23-бабына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған келісімшартқа сәйкес берілген салықтық преференциялар осы келісімшартта белгіленген мерзім өткенге дейін өз күшін сақтайды. 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін салықтық преференциялар беруді көздейтін шамамен 100 инвестициялық келісімшарт жасалған, олардың 58-і әлі күнге дейін қолданылуда. 2009 жылға 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық шарттардың бір де біреуінде жергілікті қамту талабы қамтылмайды.

71. Инвестициялық преференциялардың барлық түрлерін беру үшін негізгі талап – инвестициялық қызмет басым қызмет түрлерінің тізбесіне кіруге тиіс. Инвестициялық преференциялардың келесі түрлері инвестициялық келісімшарт шеңберінде ұсынылуы мүмкін:

- кедендік баждар салудан босату;
- мемлекеттік заттай гранттар;
- инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асырушы заңды тұлғалар үшін жер салығы және мүлік салығы бойынша жеңілдіктер;
- әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елді мекендерде инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асырушы заңды тұлғалар үшін өнеркәсіптік жеңілдіктер.

72. Кедендік баж салудан босату және мемлекеттік заттай гранттар Үкіметтің 2003 жылғы 8 мамырдағы №436 қаулысымен бекітілген, басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізіледі. Кедендік баж салудан босату инвестициялық келісімшарттар жасалған күннен бастап бес жылдан аспайтын мерзімге ұсынылады. Мемлекеттік заттай гранттар инвестициялық келісімшарт жасалған күннен бастап инвестициялық келісімшарт іске асырылатын кезеңге ұсынылады. Инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыру үшін жер салығы және мүлік салығы бойынша жеңілдіктер, сондай-ақ өнеркәсіптік жеңілдіктер үшін қосымша талап белгіленген, яғни инвестициялық жоба инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізілуге тиіс. Егер, жоба инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізілмеген жағдайда, заңды тұлға мұндай преференциялар алуға бере алмайды.

73. Қазақстан экономикасын дамыту үшін стратегиялық мәні бар стратегиялық инвестициялық жобалар, оның ішінде жобалар түсінігі 2012 жылдың 20 ақпанынан бастап "Инвестициялар туралы" Заңға қайта енгізілді. Стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асырушы заңды тұлғалар жер салығы және мүлік салығы, сондай-ақ өнеркәсіптік салықтар бойынша жаңа инвестициялық жеңілдіктер алулары мүмкін.

Жер салығы және мүлік салығы бойынша жеңілдіктерді ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының Салық Кодексімен айқындалады. Жер салығы және мүлік салығы бойынша преференциялар инвестициялық шарт жасалған күннен бастап 7 жылдан артық емес мерзімге ұсынылуы мүмкін. Өнеркәсіптік жеңілдіктер әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елді мекендерде стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асырушы заңды тұлғаларға, газға; электр энергиясына; жер учаскесін сатып алуға; ғимараттарды, құрылыстарды сатып алуға (құрылысын салу) шығындардың бір бөлігін төлеу немесе өтеу үлгісінде ұсынылады. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елді мекендердің тізілімі Үкіметтің 2012 жылғы 10 мамырдағы № 601 қаулысымен бекітілген. Өнеркәсіптік жеңілдіктер беру тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 61 қаулысымен бекітілген. Өнеркәсіптік жеңілдіктер стратегиялық инвестициялық жобалар пайдалануға берілген күннен бастап 7 жылдан артық емес мерзімге берілуі мүмкін. Қазіргі уақытта өнеркәсіптік преференциялар және мүлік салығы мен жер салығы бойынша преференциялар ұсынылған жоқ.

74. Қызметтердің басым бағыттары және стратегиялық инвестициялық жобалар тізілімі мезгіл-мезгіл қарастырылып тұрады. Үкіметтің 2003 жылғы 8 мамырдағы №436 қаулысымен бекітілген қызметтердің басым бағыттары Үкіметтің 2009 жылғы № 925 қаулысымен өзгертілді және Үкіметтің 2010 жылғы № 809 қаулысымен тағы да өзгертілді. Өзгерістер қызметтер түрлеріне қатысты жасалынды, бірақ қызметтер саны (93) өзгерген жоқ. Қызметтердің басым бағыттары тізіліміне Үкіметтің 2012 жылғы 8 қарашадағы қаулысымен өзгерістер енгізілген. Қызметтердің басым бағыттарының жаңартылған тізімі Жұмыс тобының баяндамасына (2 қосымшада) тіркелген.

75. "Инвестициялар туралы" Заңның 19-бабына сәйкес өтініш берушіден заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында инвестициялық жобаны немесе стратегиялық инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық, техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктерінің бар екенін растайтын құжаттарды Үкімет айқындаған инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға ұсыну талап етіледі. Уәкілетті орган ұсынылған ақпаратқа және олардың орындалуы бойынша бақылауға негізделген инвестициялық преференциялар ұсынуға шарттар жасасу бойынша жауапты орган болып табылады. Осы орган, сондай-ақ инвестициялық преференциялар ұсынуға және олардың мерзімдерін созу мүмкіндігіне қатысты шешімдер қабылдайды. Қазіргі уақытта инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті болып табылады.

76. "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясының кедендік одағын бірегей кедендік-тарифтік реттеу туралы" КО комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 шешіміне сәйкес келтіру мақсатында 2012 жылғы 20 ақпандағы "Инвестициялар туралы" Заңға өзгерістер енгізілген болатын. Осы өзгерістерге сәйкес кедендік баж салықтарынан босату уәкілетті органмен

жасалынатын инвестициялық шарттар шеңберінде инвестициялық жобаны немесе стратегиялық инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін әкелінетін технологиялық жабдықтарға, оның құрамдас бөліктеріне және қосалқы бөлшектеріне, шикізаттарға және материалдарға ұсынылады. Мемлекеттік натуралық гранттарды Үкімет инвесторларға жер учаскелері, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, есептеу техникалары, өлшейтін және реттейтін аспаптар, көлік құралдары (жеңіл автокөліктерді қоспағанда), өндірістік және шаруашылық құрал-жабдықтары түрінде ұсынылуы мүмкін. Уәкілетті орган сондай-ақ, ішкі заңнама негізінде және тиісті мемлекеттік органмен келісу бойынша мемлекеттік натуралық гранттарды меншікке немесе уақытша жерді пайдалануға ұсына алады.

77. Бұдан әрі, ол инвестициялық салық преференцияларын жеңілдетілген және кеңінен ұсыну рәсімдері мен шарттары Салық кодексімен белгіленетінін түсіндіріп өтті. Қазақстан Республикасының Салық кодексі корпоративтік табыс салығы бойынша шегерістер үлгісінде инвестициялық салықтық преференцияларды қарастырады. Осы салық преференцияларын қолдану заңды тұлғадан инвестицияларды реттеу саласындағы күзіретті органмен олардан пайда алу үшін инвестициялық шарт жасасуды талап етпейді. Салық кодексіне сәйкес бұл салық преференцияларын қолдану жергілікті қамту талаптарын белгілеумен байланысты емес. Осы инвестициялық салық преференциялары заңды тұлға үшін табыс салығы бойынша шегерімдерге өндірістік маңыздағы құрылыс және ғимараттың, өндірістік маңыздағы машиналар мен жабдықтардың құнын, сондай-ақ жаңғырту мен қайтадан жөндеуге арналған шығындарды жатқызуға мүмкіндік береді. Бұл салық преференцияларын қолдану мерзімі заңды тұлғаның қандай шегеру тәсілін таңдағанына байланысты болады. Шегерімдер төмендегі екі әдістің бірі бойынша жүргізілуі мүмкін: (i) объектіні пайдалануға бергеннен кейінгі шегеру әдісі; немесе (ii) объектіні пайдалануға бергенге дейінгі шегеру әдісі. Объектіні пайдалануға бергеннен кейінгі шегеру әдісі – шығындарды (ғимараттар мен құрылыстарды, машиналар мен жабдықтарды сатып алу, құрылысын салу, монтаждау және орнату) алғашқы үш салықтық кезең ішінде тең бөліктерде немесе объектіні пайдалануға беру жүргізілген салық кезеңінде бір рет шегерумен байланысты болып табылады. Екінші әдіске сәйкес, яғни объектіні пайдалануға бергенге дейінгі шегеру әдісі – шығындарды (ғимараттар мен құрылыстарды, машиналар мен жабдықтарды сатып алу, құрылысын салу, монтаждау және орнату, сондай-ақ қайтадан жөндеу мен жаңғырту) бұл шығындар орын алған салық кезеңінде шегеруге жатады. Осы салық преференциялары алғашқы рет пайдалануға беріліп отырған, үш жылдан кем емес уақытта пайдаланылатын өндірістік маңыздағы машиналар мен жабдықтарға, ғимараттар мен құрылыстарға қолданылады.

78. Автомобиль көліктері саласындағы инвестициялық преференциялар жергілікті қамту талаптарын қамтитын еркін қойма режимінде ұсынылады. Қосымша, жергілікті материалдарды пайдалану шарттарына байланысты преференциялар осы Баяндаманың

"Еркін аймақтар, арнайы экономикалық аймақтар" тарауында сипатталады. Жоғарыда көрсетілген "Инвестициялар туралы" Заңға сәйкес ұсынылатын кедендік баж салықтарын төлеуден босату құрылымдық және құқықтық тұрғыдан осы Баяндаманың "Сауда жасаумен байланысты инвестициялық шаралар" тарауында сипатталған бос қойма режиміндегі жергілікті қамту талаптарынан және Қазақстанның автокөлік инвестициялық бағдарламасындағы жергілікті қамту талаптарынан туындайтын кедендік баж салығынан босатудан ерекшеленеді.

79. Қазақстанның өкілі "Инвестициялар туралы" Заңның 3-бабына сәйкес ұлттық қауіпсіздік мақсаттары үшін шетелдік инвестициялық қызметтер кейбір салаларда шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-І Заңның 5-бабына сәйкес шетелдік жеке және заңды тұлғаларға Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері болып табылатын заңды тұлғаның 20% артық акциясына тікелей немесе жанама иелік етуге, қолдануға және басқаруға тыйым салынады. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы № 85-ІІ Заңның 5-бабына сәйкес шетелдік заңды тұлғалар, шетелдік қатысушылары бар заңды тұлғалар, шетелдіктер, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруға құқықтары жоқ. Ол, сонымен қатар "Ұлттық қауіпсіздік туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы № 233-І Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес телекоммуникация саласында қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде қызметті жүзеге асыратын, жер бетіндегі байланыс желілеріне ие (кабельдік, оның ішінде талшықтық-оптикалық және радиорелелік) заңды тұлғаның капиталындағы шетелдік қатысу 49%-ға дейін шектелгендігін қоса айтты.

80. "Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-ІV Заңына сәйкес тұрақты әуе тасымалдарын жүзеге асыратын әуе компаниясының жарғылық капиталындағы шетелдік үлес 49%-дан аспауы тиіс. Ол сонымен бірге "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136-І Заңның 36-бабына сәйкес шетелдік үлестері бар жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық жарғылық капиталы Қазақстан Республикасындағы барлық жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық жарғылық капиталының 25%-нан артық болмауы қажеттігін атап өтті. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйымдар үшін бұл сан 50% деңгейінде белгіленген. Бұдан өзге, жинақтаушы зейнетақы қорларының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйымдардың директорлар кеңесінің кемінде үштен бірін Қазақстан Республикасының азаматтары құрауы тиіс. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 23 желтоқсандағы №107-ІІІ Заңына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 20 ақпандағы № 128-III Заңына сәйкес банктер мен сақтандыру (қайтадан сақтандыру) компанияларына қатысты шетелдік капиталдың қатысуы бойынша осыған ұқсас шектеулер жойылғанын атап өтті. Ол "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңына өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 204-III Заңымен сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтерін жүзеге асырушы бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталындағы 49%-дық шетелдік үлестің жойылғанын қоса айтты.

81. Ол, сонымен қатар 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II Жер кодексінің 23-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының шекаралық аймақтарында және шекаралық жолағында орналасқан жер учаскелерін шетелдік азаматтардың және заңды тұлғалардың жеке меншікте иеленуіне тыйым салынатынын атап өтті. Бұдан өзге, шетел азаматтары және заңды тұлғалар ауыл шаруашылық өндірісіне және ағаш егу шаруашылығына арналған жер учаскелерін жеке меншікте иелене алмайды. Шетелдіктер ауыл шаруашылық өндірісіне арналған жер учаскелерін 10 жылдан аспайтын мерзімге уақытша пайдалану құқығына ие бола алады. Сондай-ақ, шетелдіктерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасымен шектелетін ауыл шаруашылығына арналған жерлерді жалға алуға тыйым салынады.

82. Топ мүшесі шекаралық аймақ және шекаралық жолақ айқындамасын түсіндіруді сұрады. Қазақстанның өкілі "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы №70-V Заңының 2-бабы 29-тармағына сәйкес шекаралық жолақ – Мемлекеттік шекарамен тікелей шектесіп жатқан құрлықтағы жер учаскесі аумағының бөлігі, Мемлекеттік шекара шекаралық өзендер, көлдер және басқа су қоймалары бойынша өтетін, көрсетілген су қоймаларының негізгі жағалауымен шектелетін аумақтың бөлігі, сондай-ақ Мемлекеттік шекара режимі жұмыс істейтін сол су қоймаларында аралдар орналасқан аумақ ретінде айқындалатынын түсіндірді. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Заңның 2-бабының 28-тармағына сәйкес шекаралық аймақ – бұл әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағы шегінде шекаралық жолақпен шектесетін, Қазақстан Республикасы аумағының бөлігі.

83. Шетелдік тұлғаларға сатып алуға немесе жалға алуға тыйым салынған шекарадан минималды қашықтық туралы жұмыс тобы мүшелерінің бірінің сұрағына Қазақстанның өкілі "Шекаралық белдеудің, карантиндік белдеудің және шекаралық аймақтың шектерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 365 қаулысына сәйкес мұндай арақашықтық Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасына шектес әкімшілік аумақтар (аудандар) шеңберінде және/немесе 27 км. аумағында, Қазақстанның өзендерінің жағалау сызықтарында, көлдерінде және басқа бассейндерінде бекітіледі; Каспий теңізі жағалауында Каспий теңізі жағалау сызығына шектес жерлерде – 25 км. деп жауап берді.

84. Жергілікті заңды тұлғаларға әрекеті қолданылмайтын, бірақ жер қорларына және жер қойнауын пайдалану құқықтарына лизингке инвестиция салатын, шетелдік қатысушылары бар Қазақстандағы заңды тұлғаларға қатысты қолданылатын кез-келген шектеулер мен шарттардың бар не жоқ екендігі туралы сұраққа жауап ретінде Қазақстанның өкілі барлық шектеулер Қазақстанның барлық заңды тұлғаларына қатысты тең дәрежеде, шетелдік қатысушылардың бар не жоқ екеніне қарамастан қолданылады деп жауап берді. Ол экономикалық қауіпсіздік Қазақстанның энергетикалық ресурстарын сақтауын және күшейтуін қамтитын "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы № 233-І Заңының ережелеріне сәйкес "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның 12-бабына өзгерістер енгізілгенін қоса айтты. Осы өзгерістерге сәйкес Қазақстан Үкіметінің қазіргі қолданушысы сататын жер қойнауын пайдаланушы құқығын алуға басым құқығы бар.

85. Топ мүшесі, сонымен қатар Қазақстан өкілінен жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жүзеге асыруға арналған құқыққа ие кәсіпорынға иелік етушінің өзгеруі бойынша кәсіпорындағы жеке капиталды/үлесті сату, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңды қолдану сияқты кез-келген қаржылық әрекеттерге әкеп соғатынын не соқпайтынын түсіндіруді сұрады. Қазақстанның өкілі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңға сәйкес жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бөлігін) және/немесе объектісін иеліктен шығару ниеті болған жағдайда, мемлекет жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бөлігін) және/немесе объектісін алуға басым құқыққа ие деп жауап берді. Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бөлігін) және/немесе объектісін иеліктен шығару ниеті бар жер қойнауын пайдаланушы құзіретті органға өтінім жібереді. Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бөлігін) және/немесе объектісін иеліктен шығаратын құқықты сатып алу туралы шешімді құзіретті орган Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан қабылдайды. Осыған байланысты жер қойнауы саласындағы операцияларды жүзеге асыру құқығына ие кәсіпорынға иелік өзгеруі бойынша кәсіпорындағы жеке капиталды/үлесті сату сияқты кез-келген қаржылық әрекеттерге қатысты, жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның жер қойнауын пайдалану құқығын иелігінен шығаратын құқығын сатып алуға мемлекеттің басым құқығын қарастыратын "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның ережелері қолданылады.

86. Жұмыс тобы мүшелерінің бірі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңға енгізілген түзетулердің Қазақстанның инвестициялық климаты үшін салдарлары туралы өзінің алаңдаушылығын білдірді. Қазақстанның өкілі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" жаңа Заң Қазақстанның инвестициялық

климатына теріс ықпал жасамайтынын айтты, өйткені ол шетелдік инвесторларды қазақстандық инвесторлармен салыстырғанда кемсітпейді. Заң тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушылардың ашықтығына және жер қойнауын пайдалану туралы шарттардың нормаларын сақтауына кепілдік береді. 2011 жылдың қарашасындағы жағдай бойынша Қазақстанда жер қойнауын пайдалану саласында 142 компания жұмыс жасайды, оның 86-сы – шетелдік үлестері бар компаниялар.

87. Жұмыс тобының кейбір мүшелерінің сұрағына Қазақстан өкілі Қазақстан қолданыстағы қолжетімділік құқықтар негізінде құбырлардың қолжетімді қалдық қуаттылығы шегінде ұлттық заңнамаға сәйкес, жартылай немесе толығымен Үкіметке тиесілі және реттейтін иеленген құбыр желісіне Қазақстанның ұлттық заңнамасына сәйкес шикі мұнай және газ өндіретін шетел инвестициялары бар Қазақстанның заңды тұлғаларына кемсітушіліксіз қолжетімділікті қамтамасыз ететінін айтты. Қолжетімділік адал және әділетті тәртіппен Қазақстанда шикі мұнайды өндіретін компаниялардың өндірістік қуатына барабар түрде бөлінетін болады. Қазақстанда шикі мұнай мен газды өндіретін шетел инвестициялары бар Қазақстанның заңды тұлғалары үшін құбыр желісіне қолжетімділікті қоса алғанда, құбыр желісі бойынша осындай тасымалдауға қатысты шараларды қолдану кезінде Қазақстанның Үкіметі келесі қағидаттардың сақталуын қамтамасыз етеді: (i) құбырмен тасымалдауға қолжетімділік және тарифтер бойынша толықтай ашық құқықтық және реттеу шаралары; (ii) Қазақстан аумағы және бағыттары шегінде шикі мұнайдың шығуы мен газдың өндірісіне қатысты кемсітпеушілік; және (iii) шетелдік және отандық инвесторларға қатысты тасымалдауға арналған кемсітпеушілік тарифтерін қолдану. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

88. Қазақстанның өкілі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 193-1-бабына сәйкес стратегиялық маңыздағы объектілердегі үлестерді сату/сатып алу немесе кез-келген иеліктен шығару Үкіметтің рұқсатын алуды және келісуді талап ететінін қоса айтты. Стратегиялық маңызды секторлар Азаматтық Кодекстің 193-1-бабында анықталған. Стратегиялық маңызды объектілер тізілімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен мақұлданады.

89. Жұмыс тобы мүшесі стратегиялық маңызы бар объектілердің тізілімі қазіргі уақытта бекітілгенін және оның мезгіл-мезгіл жаңғыртылатынын және қоғам үшін қолжетімді екендігін растауды сұрады. Қазақстанның өкілі ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың немесе үлестес тұлғалардың меншігіндегі және (немесе) жарғылық капиталына берілген, сондай-ақ мемлекеттің үлесі бар басқа заңды тұлғалар және мемлекетпен үлестес емес заңды тұлғалардың, сонымен қатар жеке тұлғалардың меншігіндегі стратегиялық объектілер тізілімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысымен мақұлданған деп жауап берді. Бұл тізілім мезгіл-мезгіл (соңғы түзетулер 2011 жылдың 21 шілдесінде енгізілген

) қайтадан қарастырылып тұрады. Соңғы өзгерістер енгізілген стратегиялық маңызы бар объектілер тізілімі қоғам үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің (www.minplan.kz) және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің (www.minjust.kz) ресми веб-сайттарында екі тілде, қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

– Мемлекеттік меншік, мемлекеттік сауда ұйымдары және жекешелендіру (а)
Жекешелендіру

90. Қазақстанның өкілі жекешелендіруге байланысты мәселелер "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2721 Заңын алмастырған "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңымен (бұдан әрі – "Мемлекеттік мүлік туралы" Заң); 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (Жалпы бөлімі) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс); "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңымен (бұдан әрі – "Акционерлік қоғамдар туралы" Заң), "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңымен (бұдан әрі – "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңымен реттелетінін мәлімдеді.

91. Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншіктен тұрады. Республикалық меншік республикалық бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, мүліктері республикалық меншікте болатын мемлекеттік мекемелер және мемлекеттік республикалық кәсіпорындарға бөлінген меншіктен, және коммуналдық меншіктен, яғни аумақтық-әкімшілік деңгейдегі меншіктен өзге Қазақстан Республикасының басқа мүлкінен тұрады. Коммуналдық меншік жергілікті бюджеттен, мүліктері коммуналдық меншікте болатын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға және коммуналдық мемлекеттік мекемелерге бөлінген меншіктен және әкімшілік-аумақтық бірліктердің басқа мүлкінен тұрады.

92. Қазақстанның өкілі "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңға сәйкес мемлекеттік меншік келесі нысандарда иеліктен шығарылуы мүмкін екендігін мәлімдеп өтті: (i) аукциондар, сауда-саттық, екі кезеңді сауда-саттық, қор биржасындағы сауда-саттық немесе туынды бағалы қағаздарды сату арқылы жекешелендіру; (ii) тікелей сату арқылы жекешелендіру; немесе (iii) сауда-саттықты өткізбей, мүлікті иеліктен шығарудың басқа түрлері, мысалы мемлекеттік мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (ЖШС) жарғылық капиталына салым ретінде беру немесе акционерлік қоғамдардың (АҚ) акцияларын сатып алу. Жекешелендіру "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңмен белгіленген арнаулы рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылатын жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға мемлекеттік мүлікті сату болып табылады. Ол, одан әрі төмендегілерден басқа, мемлекеттік меншік мемлекеттік меншік мәселелері бойынша өкілетті органның, – муниципалдық меншік жағдайында, жергілікті

атқарушы билік органының шешімі бойынша жекешелендірілетінін түсіндіріп өтті: (i) Үкіметтің шешімі бойынша жекешелендірілетін табиғи монополиялар немесе, тиісті нарықта үстем жағдайға ие кәсіпорындар, және (ii) Үкіметтің немесе муниципалдық меншік жағдайында, жергілікті атқару органының шешімі бойынша жекешелендірілетін ЖШС жарғылық капиталына үлес ретінде мемлекеттік меншікті беру немесе АҚ акцияларын сатып алу. Жекешелендіру үрдісін реттейтін ережелер мен рәсімдердің сипаттамасы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің веб-сайтында www.gosreestr.kz көпшілік үшін қолжетімді.

93. Қазақстанның өкілі "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңда сипатталған жекешелендіру қағидалары мен жекешелендіру бойынша шектеулер ұлттық компаниялар мен ұлттық басқарушы холдингтердің немесе ұлттық холдингтердің құрамындағы фирмаларға (АҚ/ЖШС), яғни ұлттық басқарушы холдингтер немесе ұлттық холдингтердің еншілес компанияларына қолданылмайтынын мәлімдеді. Ұлттық компаниялардың немесе ұлттық басқарушы холдингтер немесе ұлттық холдингтер құрамындағы фирмалардың (АҚ/ЖШС) мүліктерін иеліктен шығару, АҚ/ЖШС үшін "Акционерлік қоғамдар туралы", "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңдарда және Азаматтық Кодексте сипатталған ережелер негізінде жүзеге асырылады. Бұған қосымша, "Мемлекеттік мүлік туралы" Заң стратегиялық объектілер үшін арнайы ережелер белгілейді. Стратегиялық объектілер болып табылатын, ұлттық басқарушы холдинг немесе ұлттық холдингтердің жарғылық капиталына үлес ретінде берілген ұлттық компаниялардың акцияларын иеліктен шығаруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ғана рұқсат етіледі.

94. Жекешелендірудің қорытындыларына қатысты Қазақстанның өкілі жұмыс тобы мүшелеріне 1991-2005 жылдар аралығында Қазақстанның екі жылдық алты жекешелендіру бағдарламаларын өткізгендігі туралы хабарлады. Үш бағдарлама кең ауқымдағы жекешелендіруге жұмылдырылған болатын. Соңғы екі бағдарлама мемлекеттік мүлікті және жекешелендіруді басқару Тұжырымдамасы шеңберінде әзірленген болатын. 1991-2012 жылдар аралығында мемлекеттік меншіктегі 45,631 объекті немесе шамамен 85% жекешелендірілген болатын (осы Баяндаманың 3(А) Қосымшасы). 2000-2012 жылдардағы экономиканың әртүрлі секторларындағы мемлекеттік меншікті жекешелендіру бойынша деректер осы Баяндаманың 3(В) Қосымшасында ұсынылған. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар кәсіпорындар бойынша деректер осы Баяндаманың 3(С), 3(D) және 3 (Е) Қосымшаларында ұсынылған. Жекешелендіру процесі нәтижесінде 2013 жылғы 1 қаңтарда қолданыстағы мемлекеттік кәсіпорындар саны 6 827-ні құрады. 2013 жылғы 1 қаңтарда мемлекеттің қатысуымен 364 АҚ-ның ішінен, мемлекетке 236 АҚ-ның 100 пайыз акциялары, 67 АҚ-ның 50-ден 100 пайызға дейін акциялары, 22 АҚ-ның 25-тен 50 пайызға дейін акциялары, 39 АҚ-ның 25 пайыздан кем акциялары тиесілі болды.

95. Ауыл шаруашылығы секторындағы мемлекетке тиесілі және мемлекет басқаратын кәсіпорындардың қызметі туралы және оларды жекешелендіру бойынша жоспарлардың бар болуы туралы сұраққа Қазақстанның өкілі ауыл шаруашылығы өндірісі негізінен жекеменшік болып табылады деп жауап берді. Коммерциялық қызметтердің негізгі түрлері, оның ішінде өндіру, үлестіру және қоғамдық тамақтандыру бұдан әрі мемлекеттік меншікте немесе мемлекеттің басқаруында болып табылмайды. Ауыл шаруашылығы секторының жұмысына мемлекеттік интервенция " Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы, "ҚазАгроҚаржы" АҚ және "ҚазАгроӨнім" АҚ арқылы төмендегі б) тарауында сипатталғандай жүзеге асырылады.

96. Жекешелендіру процесіндегі шектеулерге қатысты Қазақстанның өкілі жұмыс тобы мүшелеріне "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңның 94-бабының 3-тармағымен иелігінен шығарылмайтын және жекешелендірілмейтін мемлекеттік меншіктің санаты анықталғанын хабарлады. Бұған қарамастан, меншіктің бұл санаты ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің немесе ұлттық компанияның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің немесе акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес ретінде берілуі мүмкін.

97. Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Президенттің 2000 жылғы 28 шілдедегі № 422 Жарлығымен бекітілген. Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесіне: (i) жер (Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген негіздерде жеке меншікте болатыннан басқасы), жер қойнаулары және су, өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесі; (ii) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар; (iii) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті штаттық мүлік, әскери-техникалық мақсаттағы ұйымдар мен объектілер; (iv) магистральды темір жолдар және мемлекеттік халықаралық маршруттар желісіне енгізілген, сондай-ақ қорғаныстық маңызы бар ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдары, олардың бойындағы инженерлік құрылыстарды қоса алғанда; (v) кеме қатынасы су жолдары, шамшырақтар, кеме қатынасы қауіпсіздігін реттейтін және оған кепілдік беретін навигациялық құрылғылар мен белгілер; (vi) магистральды мұнай - және газ құбырлары, сондай-ақ 220, 500 и 1150 кВ кернеуі бар аймақаралық электр желілері; (vii) гидротехникалық құрылыстары бар су қоймалары, гидротораптар, су көздеріндегі су көтеру бөгеттері; (viii) ауылдарда алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар, мамандандырылған медициналық орталықтар (қан, бала мен ананы қорғау бойынша, радиациялық медицина орталықтары, онкологиялық, туберкулез, АИТВ жұққан және ЖИТС ауруларды, инфекциялық, тері-венерологиялық, психикалық ауруларды емдеу бойынша объектілер), қызмет көрсетілетін облыс, қала, аудан аумағында жалғыз мемлекеттік медициналық ұйым болып табылатын ұйымдар мен орталықтар; (ix) халықты әлеуметтік қорғау объектілері , балалар үйлері, бала үйі, қарттар үйі, мүгедектерге, Ұлы Отан Соғысына

қатысушыларға және оларға теңестірілген тұлғаларға, балаларға және қарттарға арналған интернаттар, госпитальдар және шипажайлар; (х) орта білім беретін мемлекеттік ұйымдар, сонымен қатар (хі) мемлекеттің қорғауындағы тарихи және мәдени мұра объектілері кіреді.

98. "Стратегиялық объектілер" туралы сұраққа жауап бере отырып, Қазақстанның өкілі Қазақстанның заңнамасы "стратегиялық объекті" түсінігін көздейтінін түсіндірді, ол Азаматтық Кодекстің 193-1-бабына сәйкес иелену, пайдалану немесе оған билік ету Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін, Қазақстан қоғамының орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мүлік болып табылады. Стратегиялық объектілер магистральдық темір жол желілерінен; магистральдық мұнай құбырларынан; магистральдық газ құбырларынан; ұлттық электр тораптарынан; магистральдық байланыс желілерінен; ұлттық пошта тораптарынан; халықаралық әуежайлардан; халықаралық теңіз порттарынан; әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғыларынан; кемелердің қауіпсіз жүзуін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілерден; атом энергиясын пайдаланатын объектілерден; ғарыш саласының объектілерінен; су шаруашылығы құрылыстарынан; ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарынан; меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалардың акцияларынан (қарапайым акциялар); меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалардың шешімін тікелей немесе жанама айқындауға немесе қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуге мүмкіндігі бар заңды және тұлғалардың акцияларынан (қарапайым акциялар) тұрады. Стратегиялық объектілер мемлекеттік, сондай-ақ жеке меншікте болулары мүмкін. Стратегиялық объектілер тек Үкіметтің қаулысымен үшінші тұлғалардың құқықтарымен сатып алынуы немесе иеліктен шығарулары/сатылулары мүмкін. Егер мұндай объектінің меншік иесі сатуға ниет білдірген жағдайда, Қазақстан Үкіметі стратегиялық объектіні нарықтық бағасымен сатып алудың басым құқығына ие болады. Стратегиялық объектілер 2008 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №651 қаулысында аталып көрсетілген.

99. Ол "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңның 188-бабының 3-тармағына сәйкес шетелдік тұлғалардың жекешелендіру процесіне қатысуына қатысты шектеулер стратегиялық объектілерді шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаларға және олармен аффилиирленген тұлғаларға қолданылатынын мәлімдеді. Мұндай шектеулер қолданылатын Қазақстан экономикасы секторларының саны шектеулі және осы Баяндаманың "Инвестициялық режим" бөлімінде сипатталған.

100. Магистральдық құбырлар туралы сұрақтарға Қазақстанның өкілі "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы № 20-V Заңы (бұдан әрі – "Магистральдық құбыр туралы" Заң) магистральдық құбырлардың тиімді, сенімді және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған деп мәлімдеді. "Магистральдық

құбыр туралы" Заң сондай-ақ, магистральдық құбырлардың меншік құқығымен байланысты мәселелерді, сонымен бірге қолданыстағы құбырларға жаңа құбырларды жобалау, құрылысын салу, пайдалану және қосуға арналған рәсімдерді, қызмет көрсетуді бақылауды және құбырларды жоюды реттейді. "Магистральдық құбыр туралы" Заңның 12-бабына сәйкес магистральдық құбыр бөлінбейтін меншік болып табылады, және мемлекеттік немесе жеке меншікте болуы мүмкін. Магистральдық құбыр шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды немесе жеке тұлғалардың меншігінде болуы мүмкін емес. Магистральдық құбыр, магистральды құбырға иелік ететін заңды тұлғалардың акциялары, сондай-ақ магистральдық құбырға иелік ететін заңды тұлғалардың шешімдерін тікелей немесе жанама анықтай алатын, немесе шешімдеріне ықпал ете алатын жеке немесе заңды тұлғалардың иелігіндегі акциялар 98-тармақта сипатталғандай "стратегиялық объекті" болып саналады. Сондай-ақ, ол "Магистральдық құбыр туралы" Заңның 16-бабына сәйкес Үкіметтің магистральдық құбырлардың құрылысын салу жобаларына меншіктің елу бір пайыздан кем емес шамасында қатысуға басым құқығы бар екенін айтып өтті. Ұлттық оператор магистральдық құбырларды Үкіметтің атынан басқарады. Ұлттық оператор заңды тұлға болып табылады және оның акцияларының бақылаушы пакеті Үкіметтің немесе ұлттық басқарушы холдингтің немесе ұлттық компанияның меншігінде болады. Егер Үкімет өзінің басым құқығынан бас тартқан жағдайда, онда магистральдық құбырдың құрылысын салуды жоспарлайтын тұлға басқа тұлғаларға жобаға қатысуды ұсына алады немесе құрылысты өз бетінше сала алады. Бұған қарамастан, басқа тұлғаларға ұсынылған құбырдың құрылысын салуға қатысу шарттары Үкіметке ұсынылғандарға қарағанда аса қолайлы болуы тиісті емес. Үкімет құрылыс салу жобасына елу бір пайыздан төмен үлесте қатысу туралы шешім қабылдай алады. Бірақ, Үкіметтің басым құқықтары қолданыстағы магистральдық құбырларды кеңейту жағдайында қолданылмайды. "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі №272-І Заңның 4-бабына сәйкес магистральдық құбырлар табиғи монополияларға жатады.

101. Қазақстанның өкілі Қазақстанның жекешелендіру процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге дайындығын растады. Қазақстан процесінің жалғасуы кезінде жекешелендіру процесінің дамуы туралы жыл сайынғы есебін ДСҰ мүшелеріне (Жұмыс тобына ұсынылған ұқсас ақпарат бойынша) ұсынатын болады. Жұмыс тобы осы міндеттемені ескерді.

(b) Мемлекетке тиесілі және мемлекет басқаратын кәсіпорындар, арнайы және айрықша артықшылықтары бар кәсіпорындар

102. Қазақстанның өкілі Қазақстандағы мемлекеттік меншік мемлекеттік кәсіпорындардың меншігін және мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдар (АҚ) мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (ЖШС) мемлекетке тиесілі акцияларын (қатысу үлестерін) қамтитынын хабарлады. Мемлекеттің қатысуының мажоритарлық

үлесі бар (яғни, 50 және одан артық пайыз) АҚ-лар ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, және ұлттық басқарушы холдингтерге немесе ұлттық холдингтерге тиесілі емес ұлттық компанияларды қамтиды. Мемлекеттік кәсіпорындар 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІ Азаматтық кодекспен (Жалпы бөлімі) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-ІV Заңымен (бұдан әрі – "Мемлекеттік мүлік туралы" Заң) және "Ұлттық қауіпсіздік туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-ІV Заңымен реттеледі. 50 және одан артық пайызда мемлекеттің қатысуы бар АҚ-лар және ЖШС-лар "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңымен (бұдан әрі – "Акционерлік қоғамдар туралы" Заң), "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңымен (бұдан әрі – "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңымен және Азаматтық кодекспен реттеледі.

103. Қазақстанның өкілі мемлекеттік кәсіпорындар мемлекетке тиесілі кәсіпорындар болып саналатынын, ал 50 және одан артық пайызды мемлекеттің қатысуы бар АҚ/ЖШС мемлекет басқаратын кәсіпорындар деп саналатынын атап өтті. Мемлекеттік кәсіпорындар "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңмен, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктерін шешу мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін Үкімет немесе жергілікті атқарушы органдар құрған кәсіпорындар ретінде айқындалған. Мемлекет мемлекеттік кәсіпорындар міндеттемелері бойынша жауап береді және мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкіне билік ету құқығына ие болады. Мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген мүлік, толықтай мемлекетке тиесілі және бөлінбейтін болып табылады, мысалы, мемлекеттік кәсіпорын жұмысшылары арасында бөлінбейді немесе олар иеліктен шығара алмайды. Мемлекеттік кәсіпорындардың, Үкімет немесе жергілікті атқарушы орган айқындаған олардың қызметтерінің мақсаттары мен мәніне жауап бермейтін мәмілелер жасауына тыйым салынады.

104. Осы Баяндаманың 3(F) Қосымшасы мемлекеттік кәсіпорындар құрылуы мүмкін салалар тізілімін қамтиды. Мемлекеттік кәсіпорындар коммерциялық қызметтермен айналысқан жағдайда, өндірілген тауарлар мен қызметтерді сату, өкілетті органның мақұлдауы заңмен талап етілетін мүлікті иеліктен шығаруға бағытталған келісімдерді қоспағанда, өз бетінше жүргізіледі. Осы талап мемлекеттік мүлікті сақтау қажеттілігі салдарынан пайда болды және мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың басқа түрлері арасындағы айырмашылықты құрайды.

105. Қазақстан бұл компанияларды 142-тармақтағы міндеттемесімен қамту мақсатында "мемлекетке тиесілі" деп санауға келіседі ме деген сұраққа Қазақстанның өкілі мемлекеттік (мемлекетке тиесілі) кәсіпорындардың мүлкі толығымен мемлекетке

тиесілі және Үкімет басқарады және олардың қызметін қатаң түрде Үкімет бақылайды деп түсіндірді. Үкіметке тиесілі кәсіпорындар мемлекеттің қатысуы бар АҚ-лар мен ЖШС-лардан бөлек дербес заңды тұлға болып табылатын мемлекеттік кәсіпорын заңды нысанында құрылады. Мемлекеттік кәсіпорындар ұлттық басқарушы холдингтерге немесе ұлттық холдингтерге тиесілі болуы мүмкін емес.

106. Қазақстанның өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасы Үкімет үшін акциялары толықтай немесе жартылай мемлекетке тиесілі, мемлекеттің қатысуы бар АҚ-лар мен ЖШС-лар қызметін арнайы бақылау немесе басқару мүмкіндіктерін қарастырмайтынын қоса айтты. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің қатысуы бар АҚ-лар мен ЖШС-лар келесі себептер бойынша мемлекеттік кәсіпорындар болып табылмайды:

i. АҚ және ЖШС мүлкі мемлекетке тиесілі емес, тиісінше, Үкімет олардың мүлкіне билік ету құқығына ие болмайды;

ii. АҚ және ЖШС операцияларын бақылау деңгейі Үкіметтің акционер немесе қатысушы ретінде әрекет ету құзіретімен шектелген; және

iii. АҚ акционерлері қоғамның міндеттемелері үшін жауап бермейді және оларға тиесілі акциялар құны шегінде компания қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді;

iv. Бұл компаниялар корпоративті басқару ережелеріне және "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның немесе "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Заңның жалпы ережелеріне тәуелді. Мысалы, АҚ-лардың Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорларды енгізеді. Мұндай компаниялардың мүлкін директорлар кеңесі басқарады.

Қазақстан "мемлекет басқаратын кәсіпорындар" терминін 50 және одан артық пайызды мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысты қолданады.

107. Қазақстанның өкілі бұдан әрі "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңның 171-бабына сәйкес мемлекеттің акциялары санына/қатысу үлесіне байланысты, мемлекеттің қатысуы бар АҚ-лар мен ЖШС-лар екі санатқа бөлінетінін түсіндірді: (i) жарғылық капиталында мемлекетке тиесілі бақылаушы акциялар пакеті (қатысу үлесі), яғни 50%-дан артық дауыс беруші акциялары (қатысу үлесі) бар мемлекет бақылайтын АҚ-лар және ЖШС-лар; (ii) мемлекеттің қатысу үлесі басым емес АҚ-лар және ЖШС-лар.

108. Қазақстанның өкілі бұдан әрі "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңға сәйкес мемлекет бақылайтын АҚ-лар келесі нысанда құрылуы мүмкін екендігін түсіндірді: а) ұлттық басқарушы холдинг; б) ұлттық холдинг; в) ұлттық компания және г) мемлекеттік органдарға тиесілі АҚ.

109. Ұлттық басқарушы холдинг – бұл құрылтайшысы және жалғыз акционері Үкімет болып табылатын акционерлік қоғам. Ұлттық басқарушы холдингтер ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа заңды тұлғалардың

акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) тиімді басқару мақсатында құрылады. Қазақстанда үш ұлттық басқарушы холдинг бар: "Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры", "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі".

110. Ұлттық холдинг – бұл ұлттық компаниялардың және өзге АҚ-лардың акцияларын және ЖСШ-лардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін тиімді басқару үшін құрылған, құрылтайшысы және жалғыз акционері Үкімет болып табылатын АҚ. Қазақстан Республикасында екі ұлттық холдинг жұмыс істейді, олар: "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі", "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі".

111. Ұлттық компания – бұл ұлттық экономиканың негізін құраушы салаларда қызметін жүзеге асыратын немесе өңірлердің экономикасын дамытуға жәрдемдесу (элеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар) үшін құрылған, атқаратын және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке, ұлттық басқару холдингіне немесе ұлттық холдингке тиесілі, Қазақстан Республикасының Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған АҚ. Акцияларының бақылау пакеттері (50 пайыз және одан артық) ұлттық басқару холдингтеріне немесе ұлттық холдингтерге тиесілі ұлттық компаниялар Қазақстанның Заңында анықталғандай, мемлекет басқаратын АҚ болып саналмайды. Акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқару холдингтеріне немесе ұлттық холдингтерге тиесілі емес, бірақ мемлекеттік органдар басқаратын ұлттық компаниялар мемлекет басқаратын болып саналады.

112. Ұлттық басқару холдингтеріне, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға және мемлекет басқаратын басқа да АҚ мен ЖШС-ларға қатысты Үкімет келесі күзиреттерді жүзеге асырады ("Мемлекеттік мүлік туралы" Заңның 11-бабы):

- Компанияны құру, қайтадан құру, атауын өзгерту және компанияны тарату туралы шешімдер қабылдайды;

- Даму стратегиялары мен жоспарларын әзірлеу, бекіту, мониторинг жасау және бағалау тәртібін айқындайды;

- Даму стратегиялары мен жоспарларының орындалуы бойынша есептерді әзірлеу мен ұсыну тәртібін айқындайды.

113. Қазақстанның өкілі Қазақстан ұлттық экономиканы әртараптандыру мақсатында жергілікті өндіріс тауарларын сатып алуға арналған преференциялар түріндегі жергілікті қамту талаптарын қолданатынын атап өтті. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті қамту талаптары "Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ, "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ, "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" АҚ, "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ және жоғарыда аталған ұлттық басқарушы холдингтер немесе ұлттық холдингтерге тиесілі емес ұлттық компаниялардың тауарлары мен қызметтерін сатып алуда, және мемлекеттің қатысуы 50 және одан артық пайызды құрайтын өзге

акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың (Осы Баяндаманың "Мемлекеттік сатып алулар" бөлімінде көрсетілген) сатып алуларына қатысты қолданылады.

114. Қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстанның өкілі "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі, "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі, "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі және мемлекет бақылайтын ұлттық компаниялар, тауарлар мен қызметтерді сатып алуды тендерлік сатып алуларда жергілікті өндіріс тауарлары мен қызметтеріне жиынтық 20%-ға дейін шартты баға жеңілдігін қолдану түрінде жергілікті қамту талаптары айтылатын өздерінің Сатып алу қағидасына сәйкес жүзеге асыратынын түсіндіріп өтті. Осы Сатып алу қағидасы Үкіметтің 2009 жылғы 28 мамырдағы №787 қаулысымен бекітілген Сатып алудың Үлгілік қағидасы негізінде әзірленген.

115. Қазақстанның өкілі "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңның 177-бабы және "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның 13-бабы акционерлердің шешімдері бойынша алтын акцияны енгізу мүмкіндігін көздейтінін қоса айтты. Акцияның алтын акциясы Үкіметтің немесе жеке акционерлердің меншігінде болуы мүмкін. Қазіргі уақытта Үкіметтің иелігінде мұндай акциялар жоқ. Бұдан әрі, ол "алтын акцияның" жарғылық капиталды құруға қатыспайтынын және ешқандай дивидендтер әкелмейтінін түсіндіріп өтті. "Алтын акцияның" иесі қоғам жарғысымен анықталған мәселелер бойынша акционерлердің, директорлар кеңесінің және атқарушы органның жалпы жиналысының шешімдеріне veto қою құқығына ие. Veto қою құқығы басқа біреуге берілмейді.

116. Қазақстанның өкілі мемлекеттік кәсіпорындарың, сондай-ақ мемлекеттің қатысуы бар АҚ/ЖШС-лардың қызметі және шешімдер қабылдау процесімен қызметіне Үкіметтің ықпал жасауының Қазақстан Республикасы заңнамасымен қатаң айқындалғанын түсіндіріп өтті. Қазақстан Республикасы Конституциясы жеке мүліктің де және мемлекеттік мүліктің де тең дәрежеде қорғалуын көздейді және әртүрлі меншік нысанындағы компаниялар мен кәсіпорындарға қатысты заңдармен қарастырылған режимге қатысты кемсітпеушілік қағидаты сақталатынына кепілдік береді. Конституция сондай-ақ, монополиялық қызметтің реттелуін және шектелуін көздейді. Оның ойынша, бұл мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар АҚ/ЖШС-лардың бәсекелестік ортаны бұрмалайтындай әрекет етпейтінін кепілдік береді.

117. Оған жауап ретінде жұмыс тобы мүшесі мемлекет ұлттық басқарушы холдингтердің және ұлттық холдингтердің 100% акцияларына ие және осылайша, ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, сондай-ақ кез-келген 50 және одан артық акциялары ұлттық басқарушы холдингтерге және ұлттық холдингтерге тиесілі акционерлік қоғамдарға бақылауды жүзеге асыратынын айтты. Осылайша, 108-тармақта сипатталған АҚ нысандарының әрқайсысы, сондай-ақ 50 және одан артық акциялары мемлекетке ұлттық басқарушы холдингке және ұлттық холдингке тиесілі

ұлттық компаниялардың 142-тармағының ережелеріне тәуелді болып табылатынын айтып кетті.

118. Бұдан өзге, Қазақстанның өкілі 2011 жылы Жалпы Қосылған Құндағы мемлекеттік меншіктің үлесі мемлекеттік кәсіпорындарды қоса алғанда; 9,6 % болғандығын көрсеткен, мемлекеттік кәсіпорындардың экономикадағы үлесін көрсететін (осы Баяндаманың 3(G) Қосымшасы) статистикалық деректерді ұсынды. Оның ішінде, ауыл, орман және балық шаруашылығындағы мемлекеттік кәсіпорындарды қоса алғанда мемлекеттік меншіктің үлесі 2011 жылы Жалпы Қосылған Құнның 6,8 пайызын құрады. 2011 жылы мемлекеттік кәсіпорындар жүргізген қызметтер үлесі Жалпы Қосылған Құнның 14,8 пайызын құрады (осы Баяндаманың 3(H) Қосымшасы).

119. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстанның энергетикалық секторына қатысты мемлекетке тиесілі немесе мемлекет бақылайтын барлық кәсіпорындарды және келісілген стандарттар негізінде айрықша жеңілдіктерді пайдаланатын барлық кәсіпорындарды санамалап беруді, және энергетикалық сектордағы мұндай барлық кәсіпорындардың толық сипаттамасын ұсынуды сұрады. Бұл топ мүшесі сондай-ақ, "ҚазМұнайГаздың" және "табиғи монополиялар" деп аталатын құбырларды басқаратындардың толық сипаттамасын ұсынуды сұрады.

120. Қазақстанның өкілі Қазақстанның энергетикалық секторында 1994 жылғы ГАТТ-тың XVII бабының түсінігіндегі айрықша жеңілдіктері бар кәсіпорындар жоқ деп жауап берді. Мысалы, мұнай-газ секторындағы өндірістің жалпы көлеміндегі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясының үлесі 11 пайызды құрайды (2010 жылғы деректер бойынша). "ҚазМұнайГаз" мұнай және табиғи газды өндірумен, тасымалдаумен және өңдеумен айналысады. Компания қызметінің негізгі бағыты барлау және зерттеу жұмыстары, мұнай, газ және газ конденсаттары кен орындарын пайдалану, мұнай және табиғи газды өндіру және тасымалдау; мұнай және газды бастапқы өңдеу, көмірсутекті шикізаттары мен өңдеу өнімдерін сату болып табылады. Мұнайды тасымалдау секторында "ҚазМұнайГаздың" еншілес компаниясы "ҚазТрансОйл" Өзен – Атырау (Қазақстан) – Самара (Ресей) мұнай құбырын басқарады. Бұл бөліктегі қызметі Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен реттеледі. Газды тасымалдауға қатысты магистральды құбырлар бойынша табиғи газдың негізгі тасымалдаушысы "ҚазМұнайГаздың" еншілес компаниясы "Интергаз Орталық Азия" компаниясы болып табылады. Ол ішкі тасымалдарды, халықаралық транзитті және тасымалдаудың экспорттық қызметтерін қамтамасыз етеді. Отандық тұтынушыларға ұсынылатын тасымалдау қызметтері Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен реттеледі. Экспорттық бағдарлар мен құбырлар бойынша табиғи газды транзиттеу тарифтері мемлекет тарапынан реттелуге жатпайды.

121. Қазақстанның өкілі меншігіндегі мемлекеттің қатысу үлесі 50% немесе одан артық болатын бірқатар компаниялар 100% мемлекеттің қатысуымен АҚ нысанында

құрылған "Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры" ұлттық басқару холдингінің портфеліне енгізілгенін түсіндіріп өтті. Қор ұлттық компаниялардағы корпоративті басқаруды жақсарту және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатында құрылған болатын. Тәуелсіз иелену, компанияларға, сондай-ақ, коммерциялық кәсіпорындар түрінде әрекет жасауға және өз пайдасын табуға мүмкіндік берді. Қордың жалғыз құрылтайшысы және акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады, ол Қорды акционердің өкілеттіктерін жүзеге асыру және Директорлар кеңесіндегі өкілдіктері арқылы басқарады. Қазақстанның лауазымы бойынша Премьер-Министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады. Қор өз компанияларымен акционердің құзіреттерін және олардың Директорлар кеңесіндегі өкілдіктерін жүзеге асыру жолымен өзара әрекет етеді.

122. Топ мүшесінің Үкіметтің рөлі туралы бұдан әрі түсіндіру туралы сұрағына Қазақстанның өкілі "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Заңының (бұдан әрі – "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Заң) 7-бабына сәйкес, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының жалғыз акционері ретіндегі Үкіметтің айрықша құзіреті келесі түрде баяндалғанын мәлімдеді:

1) Қор жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекіту немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

2) Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

3) Қордың даму стратегиясын бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

4) Қорды ерікті түрде қайтадан құру немесе жою туралы шешім қабылдау;

5) Қордың жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қордың орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;

6) Қордың директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Қордың жалғыз акционері айқындайтын компания акцияларын сату, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімді басқаруға беру;

8) Қордың жалғыз акционері айқындайтын еншілес компанияларды жою және қайта құру туралы шешім қабылдау;

9) Қордың басқарма төрағасын тағайындау және лауазымынан мерзімінен бұрын босату;

10) Есепті қаржылық жыл ішіндегі таза пайданы бөлу, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қордың бір қарапайым акциясына есептегенде дивидендтер мөлшерін бекіту;

11) Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңымен қарастырылған жағдайлар орын алғанда, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

12) Қордың дивидендтік саясатын анықтау;

13) Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімін жүзеге асыру мақсатында бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылатын, Қордың тобына кіретін ұйым акцияларының бағасына, сапасына, құрылымына қатысты Қордың директорлар кеңесінің шешімін бекіту;

14) банктер акцияларын сатып алу және сату, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімді басқаруға беру;

15) корпоративті басқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекіту ;

16) "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Заңға және (немесе) Қор жарғысына сәйкес өзге мәселелер.

123. Қазақстанның өкілі Директорлар кеңесіне сайлау "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның және "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Заңның негізінде жүзеге асырылатынын мәлімдеді. "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның 35-бабына сәйкес Үкімет жалғыз акционер ретінде Директорлар кеңесі мүшелерін тағайындайтын айрықша құзіретке ие. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Заңның 8-бабына сәйкес Директорлар кеңесі жалғыз акционер сайлайтын Төраға мен мүшелерден тұрады. Директорлар кеңесі Үкімет мүшелерінен, Қордың басқарма төрағасынан, тәуелсіз директорлардан және өзге тұлғалардан құралады. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қор жарғысымен анықталады, бірақ тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесінің сандық құрамының бестен екі бөлігінен кем болмауы қажет. Тәуелсіз директорларды сайлау өлшемшарттары мен рәсімдері, "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның 1-бабында және Тәуелсіз директорларды таңдау ережелерінде белгіленеді. Оның ішінде, тәуелсіз директор:

- осы АҚ аффилиирленген тұлғасы, және өзі сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы АҚ аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға;

- өзі сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғаларының-ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныштылықпен байланысты;

- мемлекеттік қызметкер;

- өзі сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде, осы акционерлік қоғамның органдарының отырыстарында акционерлердің өкілі; және

- өзі сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде, осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған болмауы қажет.

124. Қор компанияларының стратегиялық шешімдері олардың ұзақ мерзімді құнының артуы және активтерін тиімді басқару болашағы тұрғысынан қабылданады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың күнделікті қызметіне араласпайды. Үкімет "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының құрамындағы компанияның міндеттемелері үшін жауапты емес және оның мүлкін пайдалануға құзіретті емес. "

Самұрық-Қазына" құрамындағы компаниялар "мемлекеттік кәсіпорындар" болып табылмайды және мемлекеттің қатысуы бар компаниялар болып табылмайды, өйткені олардың акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі емес, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры болып табылады.

125. Қазақстанның өкілі Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі ұсынған деректер негізінде "Самұрық-Қазынаның" Қазақстанның ЖІӨ-дегі үлесі 2011 жылы 7,2% және 2012 жылы 5,3% құрағанын мәлімдеді. Қазақстанның Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес ЖІӨ-де басқа ұлттық басқарушы холдингтің немесе ұлттық холдингтердің және олардың құрамындағы компаниялардың жиынтық үлесі 0,5%-дан кем үлесті құрайды. Топ мүшесі керісінше, 2013 жылғы қазанда Fitch Ratings мемлекеттің "Самұрық-Қазынадағы" 100% үлесін және оның Қазақстан экономикасы үшін стратегиялық маңызын атап өткенін және "Самұрық-Қазынаның" және оның 405 еншілес компанияларының шоғырландырылған активтері елдің ЖІӨ-нің 50%-на барабар екенін мәлімдеді. Fitch, оның инвестицияларының жылына ЖІӨ-нің 7-10% құрайтынын, және Қазақстанның салық түсімдерінің жалпы көлемінің 27% құрайтынын, және жалпы жұмыспен қамтудың 6% да осы ұлттық холдингтік компанияның үлесіне тиесілі екенін қоса айтты. Бұған жауап ретінде Қазақстанның өкілі әдіснамалық тұрғыда "Самұрық-Қазынаның" шоғырландырылған активтері Қазақстанның ЖІӨ-мен салыстырыла алмайтынын атап өтті, өйткені ЖІӨ белгілі бір мерзім ішінде елдің ішінде өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтердің жалпы құны болып табылады. 2012 жылы ЖІӨ-нің жартысынан астамы, яғни 52,5% көрсетілген қызметтердің үлесінде, ал тауарлар өндірісіне тек 41,4% ғана тиесілі. Қызметтер көрсету саласында "Самұрық-Қазынаның" еншілес компаниялары негізінен көлік қызметтеріне және байланыс қызметтеріне тартылған. Көлік және қойма қызметтерінің үлесі ЖІӨ-нің 7,5% құрайды, ал ақпараттық және телекоммуникациялық қызметтердің үлесі ЖІӨ-нің 2,6% құрайды. Қос секторда да қызметтер ұсынатын компаниялар басқа жеке меншік компаниялармен бәсекелестік ортада жұмыс жасайды. Мұнай және газ өндірісінің үлесі ЖІӨ-де 14,7% құрайды. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес мұнай-газ өндірісі бойынша "Самұрық-Қазынаның" еншілес компаниясы "ҚазМұнайГаздың" үлесі 2012 жылы ЖІӨ-де 2,24% құрады.

126. Топ мүшелерінің бірінің сұрағына жауап ретінде Қазақстанның өкілі ұлттық компанияларды, ұлттық холдингтерді немесе ұлттық басқарушы холдингтерді және олардың компанияларын жекешелендіру, жоғарыда аталған компаниялардың акцияларын иеліктен шығару жолымен жүргізілгенін мәлімдеді. Мұндай компаниялардың акцияларын иеліктен шығару үшін құқықтық негіз "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңы болып табылады. "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның 53-бабының 2.15-тармағына сәйкес "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының еншілес және аффилиирленген компанияларының 10% немесе одан да артық акцияларын

иеліктен шығару туралы шешім Қордың Директорлар кеңесінің құзіретіне кіреді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі өзгерістерімен "2014-2016 жылдарға арналған жекешелендірудің Кешенді жоспарын бекіту туралы", 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 қаулысына сәйкес Үкімет ұлттық компанияларға, ұлттық холдингтерге, ұлттық басқарушы холдингтерге және ұлттық компанияларға бәсекелестік ортаға берілулері қажет еншілес және аффилиирленген компаниялардың тізімін бекітуді ұсынады. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының 106 компаниясы сауда-саттық арқылы бірінші кезекте иеліктен шығарылуға және төрт компаниясы "Халықтық IPO" рәсіміне жатады. Қазіргі уақытта "Самұрық-Қазынаның" компанияларының бірі "ҚазТрансОйл" "Халықтық IPO" нысанында, яғни жеке сатып алу үшін 10% (бір акцияны шегере отырып) ұсыныла отырып, 2012 жылғы желтоқсанда жартылай жекешелендіруге шығарылды. Жақын уақытта, "Самұрық-Қазына" осыған ұқсас "Электр желілерін басқару бойынша Қазақстандық компанияның" (KEGOC) 10%-ын (бір акцияны шегере отырып) биржаға 2014 жылғы қарашада шығару жоспарлары туралы жариялады. "Самұрық-Энергоны", "ҚазАтомПромды", және "Қазақстан Теміржолын" биржада ішінара орналастыру (яғни 10%-дан кем акциялар) кейінірек онжылдық ішінде күтілуде. Жекешелендіруге жататын компаниялар мұнай және газ, көлік, энергетика, телекоммуникация, қызмет көрсету және оқыту салаларында жұмыс жасайды.

127. Мұнай өндіру, телекоммуникация, тау-кен өндірісі, темір жол секторларында, электр энергиясын беру, қорғаныс индустриясы салаларында жұмыс жасайтын негізгі ұлттық компаниялардан тұратын Қор портфолиосының үлкен бөлігі келесілерді қамтиды: "ҚазМұнайГаз" АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, "Қазақстан теміржолы" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Қазпошта" АҚ, "Самұрық-Энерго", "ҚазАтомПром" ұлттық атом компаниясы", "Қазақстан Инжиниринг", "Эйр Астана", "Самұрық-Қазына Фармация". "Самұрық-Қазынаның" басқа холдингтері қаржы секторы, тасымалдау және химиялық өнеркәсіп сияқты салалардағы компанияларды қамтиды. "Самұрық-Қазынаның" компанияларының көп бөлігі 98-тармақта көрсетілген объектілерді басқаратындықтан, "стратегиялық объектілер" ретінде жіктеледі. Табиғи монополиялар саласында ұлттық компаниялар ұсынатын қызметтер, "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заңға сәйкес реттеледі (толық ақпарат алу үшін Жұмыс тобының осы Баяндамасының "Баға белгілеу саясаты" бөлімін қараңыз).

128. "Қазақтелеком" ұлттық компаниясы" АҚ Қазақстан Республикасымен шектесетін мемлекеттер операторларының желілері арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін трафикті тасымалдау қызметтерін ұсынатын, белгіленген байланыс операторы болып табылады. "Қазпошта" ұлттық компаниясы" АҚ мерзімді баспасөз басылымдарын жеткізу, тарату және жіберу қызметтерін; елді мекендердегі кассалық операциялар бойынша қызметтерді; Қазақстан Республикасының географиялық шекараларында тапсырыс бойынша жіберілетін хаттарды пошта арқылы

жіберу бойынша қызметтерді қоса алғанда, пошта байланысының жалпыға қолжетімді қызметтерін көрсетеді. "Қазақстан теміржолы" ұлттық компаниясы" АҚ магистральдық темір жол желісі қызметтерін, ішкі және импорттық және экспорттық бағыттар бойынша жүктерді тасымалдау қызметтерін, және жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтерді көрсетеді. "KEGOC" ұлттық компаниясы" АҚ ұлттық электр желілері бойынша электр энергиясын беру бойынша қызметтерді, техникалық диспетчерлендіру; электр қуаттылықтарын реттеу және қорларын құру; электр энергиясын тұтынуды-өндіруді теңгерімдеуді ұйымдастыру қызметтерін көрсетеді.

129. "Самұрық-Энерго" АҚ өз қызметтерін келесі салаларда жүзеге асырады: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын беру және бөлу; көмір өндіру; энергетикалық объектілердің құрылысын қайта өңдеу, кеңейту және салу. "ҚазАтомПром" ұлттық компаниясы" АҚ келесі қызметтерді жүзеге асырады: геологиялық барлау, уран өндіру, ядролық отын циклі өнімдерін өндіру; реакторлардың, ядролық электр станциялары құрылыстарын салу; түсті металлургия және конструкциялық материалдар өндірісі. "Қазақстан Инжиниринг" ұлттық компаниясы" АҚ қорғаныс және құқық қорғау мақсаттарына арналған тауарлар мен қызметтерді өндіру саласындағы кәсіпорындарды басқарушы холдингтік компания болып табылады. "Эйр Астана" АҚ халықаралық және ішкі бағыттар бойынша қызметтер көрсететін әуе компаниясы болып табылады. "Самұрық-Қазына Фармация" ЖШС тұрғындарға кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсетудің үкіметтік бағдарламасы шеңберінде дәрі-дәрмек құралдарының біртұтас дистрибьюторы болып табылады.

130. Қазақстанның өкілі 2011 жылы Үкіметтің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі №1027 қаулысымен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының еншілес және аффилиирленген компаниялары акцияларын қор нарығында сату туралы бағдарламаның", яғни "Халықтық IPO" мақұлданғаны туралы мәлімдеді. Осыдан кейін "Самұрық-Қазына" "ҚазТрансОйл" АҚ акцияларының миноритарлық үлесін қор нарығына орналастыру бағдарламасын бекітті. Топ мүшесі "ҚазТрансОйлды" сипаттауды, сатуға авторландырылған акциялар пайызы және сатылған акциялар саны, бұл сатылымдардың басқарушылық бақылауға ықпалы туралы ақпаратты сұрады. Қазақстанның өкілі "ҚазТрансОйл" шикі мұнай мен мұнай өнімдерін магистральды құбырлар бойынша тасымалдайтын "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясының еншілес компаниясы болып табылады деп жауап берді. "ҚазТрансОйлдың" акциялары Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының зейнетақы қорларына ұсынылды. Қазақстан Республикасының азаматтары акцияларға ие бола отырып, акционерлердің жалпы жиналыстарында дауыс беру арқылы компанияны басқаруға қатысу мүмкіндігіне ие болады және компанияның таза пайдасынан төленетін дивидендтерді алу құқығына ие болады. Жалпы, "ҚазТрансОйлдың" жарияланған қарапайым акцияларының көлеміне шаққанда 10 пайыз

шегерілген бір акциясы қор нарығында орналастырылды және осы акциялардың шамамен 80% Қазақстанның 34 000-нан астам азаматтарына сатылды.

131. "Самұрық-Қазына" өзінің еншілес компанияларын "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңға сәйкес басқарады. Қордың және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50 және одан да артық пайызын Қор тікелей немесе жанама иелік еткен ұйымдардың тауарлары мен қызметтерін сатып алу, 2012 жылғы 26 мамырдағы Қордың Директорлар кеңесі бекіткен Сатып алу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады. Топ мүшесінің "Самұрық-Қазынаның" сатып алуларындағы жергілікті қамту туралы талаптар 2012 жылғы мамырдағы Сатып алу қағидасына енгізілді ме деген сұрағына Қазақстанның өкілі жергілікті қамту туралы бастапқы талаптар алдыңғы 2009 жылғы 13 ақпандағы "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Заңға сәйкес "Самұрық-Қазынаның" 2009 жылғы 18 қарашадағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Сатып алу қағидасына енгізілгені туралы жауап берді. Қолданыстағы Сатып алу қағидасы "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" жаңа Заңға сәйкес бекітіледі. Жергілікті қамту туралы талаптар "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының Сатып алу қағидасына 2008-2009 жылдардағы бүкіләлемдік қаржылық дағдарыстың мемлекеттің экономикалық өсіміне теріс ықпалдарын еңсеруге арналған үкіметтік күш салулардың бір бөлігі ретінде енгізілген болатын. Оның ішінде, жергілікті қамту туралы талаптар Қазақстан Республикасының 27 моноқалаларындағы әлеуметтік және экономикалық жағдайларды тұрақтандыруға және бұл қалалардағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қоса алғанда, кәсіпкерлік қызметтердің негізін құраған кәсіпорындардағы жұмыс орындарын сақтап қалуға бағытталған болатын. Сатып алу қағидасы Қордың акцияларды иеленудегі үлесі (қатысу үлесі) 50%-дан кем болатын компанияларға қолданылмайды. Тендер тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін қолданылатын негізгі тәсіл болып табылады. Сатып алу қағидасында өтінімдерді бағалау өлшемшарттары айтылады және жергілікті өндірілген тауарлар мен қызметтер үшін жиынтығында 20 пайызға дейін бағаны шартты төмендетуді көздейді.

132. Жергілікті қамту туралы талаптар мөлшерлері мен мерзімдері бойынша сатып алу келісімшарттарында қалай құрылымданғанын сипаттап беру туралы сұраққа Қазақстанның өкілі "Самұрық-Қазына" және оның компанияларының жасасатын сатып алуға арналған келісімшарттарында өнім берушінің өзінің баға ұсынымында көрсетілген жергілікті қамту туралы ережелер болуы тиіс екендігін түсіндіріп өтті. "Самұрық-Қазына" және оның компаниялары шартты жеңілдіктер жүйесін қолдану нәтижесінде, тендерлік құжаттаманың техникалық талаптарына сәйкестігі жағдайында шартты бағаны алатын өнім берушімен келісімшартқа қол қояды. Осылайша, тендердің нәтижелеріне бірнеше факторлар ықпал етеді: техникалық талаптарға сәйкестік, тауар немесе қызметке ұсынылатын баға және тауар мен қызметтегі Қазақстандық қамтудың үлесі.

133. Топ мүшесі, сондай-ақ коммерциялық қызметпен қандай компаниялардың айналысатындарын және Үкімет үшін қызметтерін жүзеге асыратын компаниялардан аражігін бөліп түсіндіруді сұрады. Қазақстанның өкілі "Қазақстан Инжиниринг" АҚ қоспағанда "Самұрық-Қазынаның" барлық компаниялары өз қызметтерін коммерциялық салада жүзеге асырады деп жауап берді. "Қазақстан Инжиниринг" АҚ коммерциялық салада машина жасау өнімдерін және инжинирингтік қызметтерді өндірумен бірге, ұлттық қорғаныс мақсаттарына арналған тауарлар өндіреді. "СҚ Фармация" ЖШС тұрғындарды мемлекет кепілдендірген тегін медициналық қызметпен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ауруханалар мен емханаларға таратылатын дәрі-дәрмек құралдары мен медициналық жабдықтарды және материалдарды сатып алуларды жүзеге асырады. Сондай-ақ, ол 2013 жылғы 25 мамырдағы Үкіметтің № 516 Қаулысына сәйкес "СҚ Фармация" ЖШС-дағы 100% қатысу құқығының пакеті "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорынан мемлекеттік меншікке берілгендігін айта кетті.

134. Жұмыс тобының кейбір мүшелері егер заңдық тұрғыдан болмаса, іс жүзінде Қазақстанның көптеген кәсіпорындары айрықша немесе арнайы артықшылықтарды пайдаланатынын атап кетті. Жұмыс тобының осы мүшелері Қазақстаннан 1994 жылғы ГАТТ-тың XVII бабының ережелеріне сәйкес дайындалған хабарламалар жобасын ұсынуды сұрады және Қазақстаннан коммерциялық негіздегісін қоса алғанда, коммерциялық қызметпен айналысатын мемлекеттік компаниялар, оның ішінде мемлекеттің қатысуы бар АҚ/ЖШС ДСҰ талаптарына сәйкес әрекет ететіні туралы міндеттеме сұрады. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстанның кейбіреулері экспорттық/импорттық операцияларға қатысатын, мемлекет бақылайтын бірқатар кәсіпорындарды қамтыған 6000-ге жуық мемлекеттік кәсіпорындардың және олардың меншігіндегі мемлекеттің қатысуы бар АҚ-лар мен ЖШС-лардың жұмыс жасайтынын мойындағанын атап өтті және осы кәсіпорындардың бірқатары, оның ішінде мемлекеттің қатысуы бар АҚ-лар мен ЖШС-лар, олардың "республикалық бюджеттен қаржыландырылатынына немесе қаржыландырылмайтынына" немесе монополиялар ретінде әрекет ететініне қарамастан, 1994 жылғы ГАТТ-тың XVII бабында баяндалған өлшемшарттарға сәйкес мемлекеттік сауда кәсіпорындары ретінде жіктелетін болады ма деп сұрады. Жұмыс тобының осы мүшесі 1994 жылғы ГАТТ-тың XVII бабының негізгі ережелері, оларды хабарлауды қажет ететін ерекше немесе айрықша артықшылығы жоқ, меншігінде мемлекеттің қатысуы бар АҚ және ЖШС сияқты мемлекет бақылайтын кәсіпорындарға қолданылуы мүмкін екендігін және осы ережелердің міндеттемелері "импорт немесе экспортты қамтитын" барлық сатып алулар мен сатуларға қолданылатынын атап өтті. Жұмыс тобының осы мүшесі Қазақстанға мемлекеттік сауда кәсіпорындарының қайта қарастырылған хабарламасын ұсыну туралы сұрау салу берді.

135. Қазақстанның өкілі бюджеттік қаражатты пайдалана отырып импорттық және экспорттық операцияларға тартылған "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингінің еншілес кәсіпорындары болып табылатын бар-жоғы үш компания бар, олар: "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы, "ҚазАгроӨнім" АҚ (бұрын "Мал Өнімдері Корпорациясы" деп аталған) және "ҚазАгроФинанс" деп жауап берді. Соған қарамастан, Қазақстанның өкілі осы кәсіпорындардың 1994 жылғы ГАТТ-тың XVII бабын түсіндіру туралы уағдаластықтың хабарлама міндеттемелеріне енбейтінін тұжырымдады, өйткені олар тауарлар импортына немесе экспортына қатысты айрықша да немесе арнайы да құқықтарды пайдаланбайды.

136. "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы мемлекеттік астық ресурстары арқылы астықтың мемлекеттік қорларын қолдау және жаңарту жолымен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған болатын. "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" Үкіметтің агенті ретінде мемлекеттік астық ресурстарын (мемлекеттік астық қорлары және сатуға жататын ресурстардан тұратын), сондай-ақ нарықтық интервенцияларға арналған қорларды сатып алу, сақтау және тасымалдау бойынша бюджеттік бағдарламаны іске асырудың айрықша құқығына ие. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік астық ресурстары үшін сатып алуларды реттейтін қағидаларды бекітеді және жыл сайын мұндай сатып алулардың көлемдері мен бағаларын белгілейді. Үкімет "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" арқылы шетел мемлекеттеріне азық-түлік көмегі ретінде мемлекеттік ресурстарды пайдалану құқығына ие. "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" жеке сауда жасаушылармен бәсекелестік жағдайында және нарықтағы бағаларды ескере отырып, сыртқы сауда операцияларын жүргізеді. "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" сатып алуларының үлесі Қазақстан Республикасында өндірілген астықтың жалпы көлемінің 16,8 пайызын құрайды. Топ мүшесінің сұрағына жауап ретінде Қазақстанның өкілі жергілікті қамту туралы талаптарының 2009 жылғы 24 қарашадағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Азық-түлік келісімшарт корпорациясының" тауарлар мен қызметтерді сатып алу қағидасымен белгіленгені туралы мәлімдеді. Соның ішінде, Қағиданың 30-тармағы тендер тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алулардағы отандық өндіріс тауарлары мен қызметтері үшін 20%-ға дейінгі шартты баға жеңілдіктерін көздейді.

137. "ҚазАгроӨнім" АҚ отандық мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау мақсатында 2001 жылы құрылған болатын. Компания (i) малды, шикізаттар мен мал шаруашылығы өнімдерін ішкі нарықта және экспорттау үшін сатып алуға, сақтауға, қайтадан өңдеуге және сатуға; (ii) одан әрі өңдеу және сату үшін ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін импорттауға; және (iii), компания қажеттіліктері және сату үшін ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу мен сақтау үшін мамандандырылған көлікті, технологиялық жабдықтарды сатып алуға (оның ішінде импорттауға) қатысады. Компания бәсекелестік ортада жеке

компаниялармен қатар, импорттық-экспорттық операцияларды жүргізеді және оның Қазақстанның ет өндірісінің жалпы көлеміндегі үлесі 1 пайыздан артпайды. Нақты сұраққа жауап ретінде Қазақстанның өкілі "ҚазАгроӨнім" тауарлар мен қызметтерді сатып алуларды 2011 жылғы 18 сәуірдегі Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген Сатып алу қағидасына сәйкес жүзеге асырады деп жауап берді. Сатып алу қағидасы 4000 АЕК-тен асатын сатып алуларда сатып алудың міндетті әдісі болып табылатын тендерлік сатып алулар кезінде жергілікті өндіріс тауарлары мен қызметтеріне 20%-ға дейінгі шартты жиынтық жеңілдіктерін қолдануды көздейді. Ол сондай-ақ, 2007 жылдан бастап ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу мен сақтауға арналған мамандандырылған көліктер және технологиялық жабдықтарды сатып алулардың жүргізілмегенін қоса айтты. Осылайша, сатып алулардың мұндай түрлеріне жергілікті қамту туралы талаптар қолданылмаған.

138. "ҚазАгроҚаржы" АҚ қаржылық лизингтік жүйелері шеңберінде қаржылық қызметтерді және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын ұсыну жолымен бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған ауыл шаруашылығы секторын құру жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында құрылған болатын. "ҚазАгроҚаржы" ауыл шаруашылығы техникасын ішкі және халықаралық нарықтарда одан әрі фермерлерге жалға беру мақсатында сатып алады. Сыртқы экономикалық қызмет саласында "ҚазАгроҚаржы" ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын және малды импорттаумен айналысады, және осы салада монополияға немесе кез-келген басқа айрықша құқықтарға немесе артықшылықтарға ие емес. Үкімет осы компания сатып алатын ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының бағасын, мөлшерін және түрін реттемейді. Мұндай шешімдердің барлығын "ҚазАгроҚаржы" қолжетімді қаржы ресурстарына және ауыл шаруашылығы өндірушілерінен, олардың "ҚазАгроҚаржыдан" лизинг алуды жоспарлап, жабдықтарының түрлерін көрсеткен өтінімдеріне сәйкес қабылдайды. Үкімет мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын лизингтік жүйелер мен басқа да қаржылық бағдарламалардың пайыздық мөлшерлемелерін ғана анықтайды және басқа көздерден қаржыландырылатын қаржыландыру қызметі бойынша пайыздық мөлшерлемелерді реттемейді. Қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстанның өкілі "ҚазАгроҚаржы" тауарлар мен қызметтерді сатып алуды 2001 жылғы 4 сәуірде Директорлар кеңесі шешімімен бекітілген Сатып алу қағидасына сәйкес жүзеге асырады деп жауап берді. Сатып алу қағидасы тендерлік сатып алулар кезінде жергілікті өндіріс тауарлары мен қызметтеріне 20%-ға дейінгі шартты баға жеңілдіктерін қолдануды көздейді. Бұған қарамастан, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын одан әрі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге лизингке беру үшін сатып алу фермерлерден түскен өтінімдер негізінде жүзеге асырылады. Осылайша, тендерлік сатып алуларда көзделген шартты баға жеңілдіктері одан әрі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге лизингке беруге арналған ауыл шаруашылығы техникалары мен

жабдықтарын сатып алуларға қолданылмайды. Ол сондай-ақ, Инвестициялар мен даму министрлігі ұсынған деректерге сәйкес, оның пікірінше, "ҚазАгроӨнім" және "ҚазАгроҚаржы" сатып алуларындағы жергілікті қамтудың үлесі болмашы екенін қоса айтты. Мысалы, 2012 жылы "ҚазАгроӨнім" 24,5 млн. теңгеге тауар сатып алды, оның ішінде жергілікті қамтудың үлесі 2,5 млн.-ға жуық теңгені немесе 10% құрады. 2012 жылы "ҚазАгроҚаржы" АҚ 48,6 млрд. теңгенің тауарларын сатып алды, оның ішінде жергілікті қамтудың үлесі тек 2 млрд. теңгені немесе 4,2% ғана құрады.

139. Қаржылық ұйымдар мен даму институттарын басқару жүйесін оңтайландыру жолымен экономиканың өсуіне және әртараптандырылуына, инвестицияларды тартуға және кластерлерді дамытуға жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығымен "Бәйтерек" ұлттық басқару холдингі құрылған болатын. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының келесі еншілес компаниялары "Бәйтерек" ҰБХ-ға берілді: "Қазақстанның даму банкі" АҚ, "Қазына Капитал Менеджмент" АҚ, "КазЭкспортГарант" экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы" АҚ, "Қазақстанның Инвестициялық Қоры" АҚ, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ. "Бәйтерек" портфолиосы сонымен қатар, төмендегідей бұрын мемлекеттік органдардың бақылауында болған АҚ-ларды қамтиды: "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік" АҚ (бұрын Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің басқаруында болған), "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ипотекалық ұйымы" АҚ, "Қазақстандық ипотекалық кредиттерді кепілдендіру қоры" АҚ (бұрын Өңірлік даму министрлігінің басқаруында болған), "Стресті активтер қоры" АҚ (бұрын Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің басқаруында болған).

140. Жұмыс тобы мүшесінің тауарларды импорттау және экспорттау саласындағы мемлекеттік монополияны құру туралы сұрағына Қазақстанның өкілі Қазақстан қазіргі уақытта тек бекіре тұқымдас балықтар уылдырығын және бекіре тұқымдастардың басқа өнімдерін экспорттауды қоспағанда, тауарларды импорттау және экспорттау саласындағы мемлекеттік монополияны құруды қолдамайды және көздемейді деп жауап берді. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі № 539-ІІ Заңның 11-1-бабына сәйкес бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын және бекіре тұқымдастардың басқа өнімдерін экспорттау, сондай-ақ, бекіре тұқымдас балықтарды аулау және оларды сатып алу және өңдеу бойынша қызметтер мемлекеттік монополия саласына берілген. 2011 жылы Үкімет қазіргі уақытта реконструкциялық жұмыстар жүргізіліп жатқан "Орал-Атырау" бекіре балығын өсіру зауыты" мемлекеттік монополиясын құрды. 1994 жылғы ГАТТ-тың XVII бабын түсіндіру туралы Уағдаластықта көзделгендей, Қазақстан кәсіпорынды хабарлауды жоспарлайды.

141. Топ мүшесінің сұрағына жауап ретінде Қазақстанның өкілі 20 пайыздық шартты баға жеңілдіктері нысанындағы жергілікті қамту туралы талаптар ұлттық

басқару холдингтерінің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ мемлекеттің қатысу үлесі 50 және одан артық пайызды болатын басқа акционерлік қоғамдар мен жауапкершіліктері шектеулі серіктестіктердің сатып алуларында қолданылатынын көрсетті. Топ мүшесінің сұрағына жауап ретінде Қазақстанның өкілі жоғарыдағы 109-дан 114-ке дейінгі тармақтарда және "Мемлекеттік сатып алулар бойынша" тараудың 939-тармағында сипатталған компаниялар, осы Баяндаманың "Саудамен байланысты инвестициялық шаралар" тарауында сипатталғандардан басқалары, тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыруға ниеті болған кезде жергілікті қамту бойынша ережелерді сақтаулары тиіс Қазақстандағы жалғыз компаниялар болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда келесідей мемлекет бақылайтын компаниялар бар:

- Үш ұлттық басқарушы холдингтер ("Самұрық-Қазына", "ҚазАгро", және "Бәйтерек");

- Екі ұлттық холдинг ("Зерде" және "Парасат");

- 33 ұлттық компания (оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтер құрамындағы 10 компания);

- 944 мемлекеттік органдардың басқаруындағы акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер.

142. Қазақстанның өкілі Қазақстанда коммерциялық салада жұмыс жасайтын, ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер және акцияларының 50 және одан астам пайызын ұлттық басқарушы холдингтер мен ұлттық холдингтер иеленетін кез келген АҚ-ларды қоса алғанда, қызметі пайда түсірумен байланысты мемлекетке тиесілі және мемлекет басқаратын кәсіпорындардың бар екенін растады. Ол, сондай-ақ Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, мұндай кәсіпорындар коммерциялық қызметті жүзеге асыру кезінде халықаралық сауда шеңберінде үкімет қажеттіліктері үшін арналмаған сатып алуларды және сатуларды ДСҰ келісімінде қолданылатын ережелерге сәйкес келетіндей жүзеге асыратынын растады. Ол, соның ішінде, мұндай кәсіпорындар бағаны, сапаны, қолжетімділікті, өтімділікті және тасымалдауды қоса алғанда, коммерциялық негізді басшылыққа отырып, сатып алулар мен сатуларды жасайтынын, сондай-ақ ДСҰ-ның басқа мүшелерінің кәсіпорындарына әдеттегі іскерлік тәжірибесіне сәйкес мұндай сатып алулар мен сатуларға бәсекелестікпен қатысуға тиісті мүмкіндіктерді ұсынатынын растады. Ол, сондай-ақ қызметтер саласындағы Қазақстанның міндеттемелері шеңберінде, ДСҰ-ның Қызметтер бойынша айрықша міндеттемелер тізбесіндегі айтылған шектеулерді, Қазақстанның Қызметтер саудасы жөніндегі Бас келісім бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қоса алғанда, ДСҰ келісімі қамтитын Қазақстанның реттеу сипатындағы шараларын қоса алғанда, баға белгілеу және міндеттемелер, құқықтар мен міндеттер, және осындай міндеттемелерге, құқықтарға мен міндеттерге сәйкес шаралар үшін зиянсыз болу қағидатын қоса алғанда, Қазақстан

осындай кәсіпорындардың қызметі осы тармақта анықталған ережелерге сәйкес жүзеге асатынына кепілдік беретінін растады. Бұдан әрі ол, осы міндеттемелер 896 и 897-тармақтарында баяндалған "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" № 291-IV Заң шеңберінде жасалған инвестициялық келісімшарттар үшін өтпелі кезеңді, және Қазақстанның Мемлекеттік сатып алу туралы ДСҰ келісіміне қосылуы жөніндегі келіссөздерге қатысуын немесе осы келіссөздермен қамтылатын ұйымдар бойынша ұсынысты қозғамайтынын растады. Ол, сондай-ақ ДСҰ-ға кіргеннен кейін Қазақстан 1994 жылғы тарифтер мен сауда бойынша ДСҰ Бас келісімінің XVII бабын түсіндіру туралы уағдаластыққа жататын кәсіпорындарға қатысты хабарламалар жіберетінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

- Баға белгілеу саясаты

143. Қазақстанның өкілі Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде табиғи монополияларды реттеу саясаты үшін құқықтық негіз ЕАЭО туралы шарттың XIX "Табиғи монополиялар" тарауы (78-бап) және "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы" №20 Қосымшасы болып табылатынын мәлімдеді. Осы ережелер ЕАЭО туралы шарт 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енгенде, күшін жоғалтқан 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді алмастырды. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО туралы шарттың XIX тарауы мен №20 Қосымшасы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін реттеудің негізгі қағидаттары мен қағидаларын айқындайды. ЕАЭО туралы шарт тұтынушылар мен табиғи монополиялардың мүдделерінің арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге, табиғи монополиялардың тиімді қызмет етуі мен дамуына жәрдемдесуге, осы саладағы ұлттық заңнамаларды үйлестіруге жұмыс істейді. Соның ішінде, ЕАЭО туралы шарттың №20 Қосымшасы ЕАЭО-ның бір мүше мемлекетінің табиғи монополиялары ұсынатын қызметтерге, техникалық мүмкіндіктер қолжетімді болған жағдайда, ЕАЭО-ның басқа мүше мемлекеттерінің тұтынушыларына кемсітпейтін қолжетімділік ұсынады. Тарифтерді реттеу табиғи монополиялар ұсынатын қызметтерге жататын шығыстарды бөліп есептеу қағидатына негізделді. Тарифтерді реттеу барысында келесі өлшемшарттар ескерілді: (i) реттелетін қызметпен байланысты экономикалық негізделген шығындарды қалпына келтіру; (ii) экономикалық негізделген пайда алу; (iii) экономикалық тиімділікті ынталандыру; және (iv) табиғи монополиялар көрсететін қызметтердің сапасы мен сенімділігін ескере отырып тарифтерді қалыптастыру.

144. ЕАЭО туралы шарттың №19 Қосымшасының VII Бөліміне сәйкес бағаларды реттеу, айрықша жағдайларда табиғи монополиялар жағдайындағы емес тауарлар нарығына, оларға, соның ішінде, төтенше жағдайлар және табиғи апаттар, ұлттық қауіпсіздік мүдделері жатады, және әлеуметтік маңызды өнімдердің жекелеген түрлеріне енгізілуі мүмкін.

145. Еуразиялық Экономикалық Комиссия (бұдан әрі – Комиссия немесе ЕЭК) ЕАЭО-ның мүше мемлекетінің сұрауы бойынша реттелетін бағаларды жою қажеттілігі туралы шешім қабылдауы мүмкін. Комиссияның шешімі мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына сәйкес іске асырылады. Бұған қарамастан, бұл күзірет қызметтер көрсетуге, табиғи монополиялар, мемлекеттік сатып алулар және интервенциялар секторына, сондай-ақ келесі тауарларға қолданылмайды: (i) табиғи газ; (ii) тұрмыстық қажеттіліктерге арналған сұйытылған газ; (iii) электр және жылу энергиясы; (iv) арақ, ликер және күштілігі 28%-дан артық алкогольді өнімдер (ең төмен баға); (v) тамақ шикізатынан алынған этил спирті (минималды баға); (vi) қатты отын және жылытуға арналған отын; (vii) атом энергиясы циклі өндірісі; (viii) тұрмыстық қажеттіліктерге арналған керосин; (ix) мұнай өнімдері; (x) фармацевтикалық тауарлар және (xi) темекі өнімдері.

146. Қазақстанның өкілі "Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заңында (бұдан әрі – "Табиғи монополиялар туралы" Заңы) табиғи монополиялар мен реттелетін нарық субъектілерінің баға белгілеуін қоса алғанда, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласындағы мемлекеттік реттеудің құқықтық шеңберлері белгіленген деп мәлімдеді. "Табиғи монополиялар туралы" Заң тұтынушылардың, табиғи монополия субъектілерінің және реттелетін нарықтардың мүдделерін қорғауға, сондай-ақ тұтынушылар мүдделері мен табиғи монополиялар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге бағытталған. Табиғи монополия өндірістік процестің және қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) жеткізудің технологиялық сипаттамаларымен байланысты, белгілі бір қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрін ұсыну бойынша бәсекелестік орта құру экономикалық жағынан мүмкін емес немесе ақтамайтын нарықта ғана болады деп пайымдалады. Мемлекеттік реттеу (i) тарифтік мөлшерлемелерді (баға, сыйақы мөлшерлемелері); (ii) тарифтерді бағалауды; (iii) уақытша өтемдік тарифтерді; (iv) уақытша төмендету коэффициенттерін; (v) бағаларды қалыптастырудың ерекше тәртібін; (vi) реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістердің, шығындардың және қолданған активтердің бөлек есебін жүргізуді; және (vii) есепке алу саясатын үйлестіруді құру жолымен жүзеге асырылады. "Табиғи монополиялар туралы" Заңның әрекеті Қазақстандағы шетелдік, сонымен қатар отандық заңды тұлғаларға (олардың филиалдары мен өкілдіктеріне), жеке кәсіпкерлерге, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғаларға қолданылады. Бірақ "Табиғи монополиялар туралы" Заңның ережелері олардың жеке қажеттіліктері үшін пайдаланылатын, кәсіпорындардың құрылысын салу және пайдаланумен байланысты және табиғи монополиялар ретінде жіктелетін қызмет түрлерімен айналысатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға қатысты болмайды. Өкіл "Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету Ережесі" (

бұдан әрі – Тарифтер бойынша ереже) Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 19 наурыздағы № 91-НҚ бұйрығымен бекітілгенін қоса айтты. "Табиғи монополиялар туралы" Заңға және Тарифтер бойынша қағидаға сәйкес тарифтердің шекті деңгейлері, сондай-ақ тарифтік ставкалардың кез келген өзгерістері көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын жабуы және тиімді қызмет атқару үшін қажетті таза пайданы алуды ескеруі қажет. Бұдан өзге, осындай бақылау тұрғындарға және басқа да коммерциялық емес тұтынушыларға ұсынылатын белгілі бір тауарлардың (мысалы, энергия ресурстары) бағаларын реттейді, сондай-ақ жергілікті әлеуметтік саясат пайымдарына негізделеді. Табиғи монополиялар түрінде мемлекет реттейтін қызметтер тізімі осы Баяндаманың 4-қосымшасында берілген.

147. Реттелетін нарыққа қатысушы өндіріс пен маркетингтің құнын, түсетін пайданың мөлшерін негізге ала отырып, тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті деңгейін белгілейді. Бағалардың шекті деңгейін уәкілетті орган баға сараптамасы нәтижелері негізінде негізделген деңгей ретінде бекітуге тиіс. Реттелетін нарыққа қатысушы бағалардың шекті деңгейі шеңберінде өндірілетін (сатылатын) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын төмендетуге және көтеруге құқығы бар.

148. Ол Үкіметтің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1005 қаулысымен "Қазақстан Республикасындағы тарифтік саясаты жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама" бекітілгенін қоса мәлімдеді. Бағдарлама жаңартуға арналған инвестицияларды және активтерді технологиялық жетілдіруді, сапаны жақсарту мен инфрақұрылымдық секторлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыратын табиғи монополиялар саласында реттеудің тиімді теңестірілген жүйесін құруға бағытталған, Ол сонымен қатар, заңнаманың табиғи монополиялар басымдыққа ие секторларда шетелдік және жергілікті кәсіпорындардың бәсекелестігіне кедергі келтірмейтінін атап өтті. Нақты қойылған сұраққа жауап ретінде ол "табиғи монополияның" заңды термин екенін растады.

149. Қазақстанның өкілі барлық табиғи монополиялардың Ұлттық Экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) бекітетін талаптар мен қолданылатын бағалардың/тарифтердің стандартты тізілімінің субъектісі болып табылатынын атап өтті. Өтініштерді қарау барысында Комитет басқа ұқсас кәсіпорындардың операцияларын ескере отырып, ұсынылып отырған бағаны көтерудің қаржылық, ал қажет болған жағдайда, техникалық бағалауын жүргізеді. Комитет бекіткен тарифтер, реттеліп көрсетілетін қызметтер ұсыну үшін қажетті шығындарды өтеуге және компания қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті пайданың тиісті деңгейіне ие болуды назарда ұстауға тиіс. Қарау нәтижесіне байланысты Комитет жария тыңдауларда талқыланатын (консультациялар процесі) алдын-ала шешім тұжырымдайды. Комитет тарифтердің ең жоғары шектерін бекітуге арналған табиғи монополиялардың өтінімдерін қарау кезінде

жария тыңдаулар ұйымдастыруға тиіс. Жария тыңдауларға заң шығару билігінің жергілікті атқарушы органдарының мүшелері, мемлекеттік органдар өкілдері, тұтынушылар және олардың қоғамдық бірлестіктері, тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ өтінім беруші (табиғи монополия) қатысады. Тиісті ақпарат (мысалы, Комитеттің шешімдері) мерзімді түрде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып тұрады және <http://www.kremzk.gov.kz/eng/> сайтында қол жетімді. Табиғи монополиялар тізілімін ұсыну туралы өтінішке өкіл [http://www.kremzk.gov.kz/eng/ menu2/registry/resp_razd/](http://www.kremzk.gov.kz/eng/menu2/registry/resp_razd/) веб-сайтына сілтеме жасады.

150. Өкіл бұдан әрі, Үкіметтің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы

-№1279 шешімімен бекітілген "2008-2010 жылдарға арналған табиғи монополиялар салаларындағы тарифтік саясатты жетілдіру жөніндегі шаралар кешенінің" қабылдануы Үкіметтің табиғи монополиялардың ұзақ мерзімді қызметін қамтамасыз етудегі іс-қимылын көрсеткенін атап өтті. Шаралар прогрессивті әдістерді енгізуді қоса алғанда, нормативтік-құқықтық базаны және тарифтерді белгілеу әдістемесін жетілдіруге бағытталғанын тілге тиек етті.

151. Қазақстанның өкілі, электр энергиясын, табиғи газды және газ конденсатын, сондай-ақ энергияның басқа да түрлерін өндіру, табиғи монополиялар ретінде реттелмейтінін атап өтті. Өкіл сонымен қатар, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңымен табиғи монополиялар пайдаланатын көмір, газ, мазут, дизель отыны және электр энергиясын қамтитын " стратегиялық тауарлар" ұғымы енгізілгенін атап өтті. Заңның ережелерінде табиғи монополия (тұтынушы) жекелеген нарықтарда жеткізілімнің тапшылығы жағдайларын қоспағанда, стратегиялық тауарларды тікелей өндірушіден немесе тікелей импорттаушылардан алуға тиіс екені көзделген. Осы талап, отынның құны өндірушіден табиғи монополияға (тұтынушыға) жеткенге дейін жабдықтау жүйесіндегі делдалдардың санының көптігінен табиғи монополия шығындарының 70 пайызына жеткендігі салдарынан енгізілген болатын. Сұрақтарға жауап бере отырып, өкіл " стратегиялық объект" ұғымы "стратегиялық тауар" ұғымымен байланысты емес екенін атап өтті. Стратегиялық объект ұғымы Қазақстан экономикасының ұлттық тұтастығын қорғау үшін маңызды белгілі бір инфрақұрылымдық активтерді реттеу үшін пайдаланылады, ал стратегиялық тауар ұғымы табиғи монополиялар тарифтерін реттеу үшін пайдаланылады.

152. Мүшенің энергия ресурстарының бағаларына, әсіресе газдың бағасына қатысты сұрағына жауап ретінде, Қазақстанның өкілі "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Энергетика министрлігінің ұсынысы негізінде ішкі нарықта тауарлық және сұйытылған мұнай газын көтерме сатудағы шекті бағаларын белгілейді деп мәлімдеді. "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" № 272-І Заңға сәйкес тиісті

нарықтағы үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері белгілейтін газдың бөлшек бағасын Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие компаниялар Комитетке тиісті негіздейтін құжаттармен бірге газға деген бағаның болжамды көтерілуі туралы хабарламасын ұсынады. Ұсынылған баға Комитет осы Баяндаманың 147-тармағында сипатталған реттелетін нарықтардағы бағаның белгіленуін реттейтін № 272-І Заңның 7-2-бабына сәйкес жүргізілетін баға сараптамасы нәтижелері негізінде бекітілуге жатады. Мұнай өнімдерінің бөлшек бағалары "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі № 463-IV Заңына сәйкес реттеледі. Комитет Энергетика министрлігімен келісе отырып, Үкіметтің 2012 жылғы 2 наурыздағы № 287 қаулысында бекітілген рәсімдерге сәйкес мұнай өнімдеріне ең жоғары бөлшек бағаны бекітеді. Реттелетін мұнай өнімдерінің тізімі, Үкіметтің 2012 жылғы 2 наурыздағы № 286 қаулысымен бекітілген мұнай өнімдерінің мынадай түрлерінен тұрады: Аи-80 маркалы, Аи-92 және Аи-93 маркалы бензиндері, жазғы және маусымаралық дизель отыны. Аталған шаралар үй шаруашылықтары үшін коммуналдық қызметтерге деген бағалардың әділетсіз көтерудің алдын-алу үшін және ішкі нарықтағы мұнай өнімдері мен газ бағаларын тұрақтандыру, атап айтқанда, елдегі жоғары инфляцияны тоқтату үшін енгізілген болатын. Ол Үкіметтің әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бөлшек бағаларды тұрақтандыруға бағытталған әлеуметтік саясаттың бір бөлігі ретінде мұнай өнімдері мен газдың бағаларын үй шаруашылықтары үшін реттейтінін айтып өтті.

153. Үкіметтің тауарларға қатысты бағаларды бақылауды қолдану құзіретіне ие болуы және мұндай бақылаудың болуы-болмауы туралы сұраққа Қазақстанның өкілі "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік баға саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға, сонымен қатар тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды белгілеуге құқылы деп жауап берді. Қазіргі таңда Қазақстанның Үкіметі тауарлардың мынадай түрлеріне бөлшек бағаларды белгілейді: (i) арақ, ерекше арақ және басқа да күшті спирттік ішімдіктерге ең төмен бөлшек бағаларды ("Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі № 429-І ҚР Заңы, 2011 жылғы ақпанда енгізілген түзетулерімен "Алкоголь өніміне ең төменгі бағалар белгілеу туралы" Үкіметтің 1999 жылғы 23 қазандағы №1592 қаулысы); (ii) ұзындығы 45-тен 85 мм. дейінгі сигареттердің ең төмен бөлшек бағасы, ұзындығы 87.1-ден 160 мм. дейінгі фильтрлі сигареттердің ең төмен бөлшек бағасы ("Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 12 маусымдағы №439 ҚР Заңы және "Фильтрлі сигареттерге ең төмен бөлшек баға белгілеу туралы" Үкіметтің 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 260 қаулысы); (iii) мұнай өнімдерінің ең жоғары бөлшек бағасы ("Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін

өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі №463-IV Заңы), (iv) ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын көтерме сатудың шекті бағалары ("Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңы және "Ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын көтерме саудада сатудың шекті бағасын бекіту туралы" Үкіметтің 2012 жылғы 8 қазандағы № 1272 қаулысы). Бағаларды белгілеу тек ішкі саудаға ғана қолданылады әрі өндірілген отандық және импортталған тауарларға қатысты кемсітушілік болмайды. Бұл шаралар тұрғындардың денсаулығын қорғау және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі саясат шеңберінде енгізілген.

154. Қазақстанның өкілі Электр энергиясын беру қызметін ұсынуға қатысты Үкіметтің 2004 жылғы 18 ақпандағы № 190 қаулысымен "Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы тұжырымдамасының" қабылданғанын атап өтті. Өкіл "Электр энергетикасы туралы" №588-II Заңның 2004 жылғы 9 шілдеде қабылданғанын қоса мәлімдеді. Осы Заңның ережелеріне сәйкес электр энергиясын беру қызметтері (электр энергиясының бөлшек нарығында) бәсекелес нарыққа өтті, мұнда электр энергиясын жеткізушілер түпкі тұтынушылар үшін тарифтерді нарықтық қағидаттар негізінде белгілейді. Үстем (монополиялық) позицияға ие электр энергиясын жеткізуші компаниялар Комитетте тіркеледі. Басқа жаңалықтар бөлшек тұтынушыларға электр энергиясын сату үшін оны орталықтандырылған конкурстар өткізу арқылы сатып алуды; жылу желілерін электр станцияларынан бөлу; және ұлттық деңгейдегі электр станциялары мен өңірлік электр энергиясын өндірушілер арасында бәсекелестікті ынталандыру мақсатында электр энергиясын беру үшін тең жағдайлар жасауды қамтиды. Электр энергиясын өңіраралық желілермен беру және тарату ("KEGOC" ұлттық компаниясы арқылы) табиғи монополиялар саласындағы қызметтер ретінде қарастырылады және осыған байланысты мемлекеттің баға белгілеуіне жатады. Электр энергиясын беру қызметтеріне арналған тарифтерді белгілеу әдістемесіне тарифтік мөлшерлемелердің электр энергиясын жеткізу қашықтығынан тікелей тәуелділігін жою мақсатында түзетулер енгізілді. Бұның орнына энергия тапшылығы мен желінің өткізу қабілеті коэффициенті енгізілді. Өкіл жаңа заңның ережелерінде электр энергиясының көтерме нарығына жеңілдетілген қолжетімділік көзделгенін атап өтті.

155. Жұмыс тобы мүшесі Қазақстанның өкіліне табиғи газды реттеу режиміне қатысты Қазақстандағы шетелдік компаниялар қазақстандық компаниялар сияқты нақ сондай тарифтер алатыны-алмайтыны жөнінде және ішкі тұтынушылар үшін белгіленген бағалар экспорттық бағалармен бірдей бола ма деген сұрақ қойды. Оған қоса, мүше Қазақстаннан энергия өнімдерінің (атап айтқанда, мұнай және газ) бағалары кем дегенде мұндай өнімдерді өндіруге, шығаруға, тасымалдауға және маркетингіне жұмсалатын барлық шығыстарды жабатыны, сонымен қатар тіркелген шығыстарға арналған тиісті шығындарды және инфрақұрылымды ұстау мен жақсартуды, және

қазіргі бар немесе жоспарланған жаңа учаскелерді барлау мен өндіруді қоса алғанда, осы өнімдермен байланысты және болашақта болатындармен расталған, осы тіркелген және күрделі инвестицияларды өтеуге жеткілікті, расталған пайда маржасы туралы куәландыруды сұрады.

156. Бұған жауап ретінде Қазақстанның өкілі қазіргі таңда газға бағаны, атап айтқанда сұйытылған мұнай газына көтерме ішкі бағаларды (152 және 153-тармақтарында көрсетілгендей) және мұнай өнімдеріне бөлшек ішкі бағалары мен тиісті нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің газға бөлшек бағаларын (152-тармақта көрсетілгендей) Үкімет реттейтінін айтып өтті. Бұл шектеулерді қоспағанда, Қазақстанда өндірілген және Қазақстаннан экспортталатын газ және шикі мұнай нарықтық бағалар бойынша сатылады. Газды ішкі тұтыну үшін құбыржол арқылы және шикі мұнайды магистральдық құбыржол арқылы тасымалдау табиғи монополиялар ретінде реттелуге жатады. Газ бен мұнайды тасымалдау тарифтері "күн қосу негізделген пайда" қағидатына негізделеді. Экспортталатын газды құбыржол арқылы тасымалдау тарифтерін Үкімет реттемейді.

157. Жұмыс тобының бірқатар мүшелері мұнайды реттеу тәртібіне қатысты, мұнай (және газ) құбыржол көлігі саласындағы табиғи монополиялар және табиғи монополиялар белгілеген мұнай құбырына қол жеткізу тәртібі туралы қосымша ақпаратты сұрады. Жұмыс тобының мүшелері құбыржолдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қандай өлшемшарттар пайдаланылатыны және қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты Үкімет тарапынан қандай да бір нұсқамалар берілгені туралы сұрақтар қойылды.

158. Қазақстанның өкілі табиғи монополиялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) тең қолжетімділікті қамтамасыз ету тәртібі "Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржол арқылы тасымалдау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізуге тең жағдайлар беру ережесінде" (Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 19 қаңтардағы №107 бұйрығы) қамтылған деп жауап берді. Қазіргі таңда қазақстандық мұнай үш мұнай құбыры, атап айтқанда (i) "ҚазТрансОйл" АҚ-ға тиесілі "Өзен – Атырау (Қазақстан) – Самара (Ресей)", (ii) Каспий Құбыр Арнасы Консорциумына тиесілі "Теңіз-Новороссийск", (iii) "Қазақстан-Қытай Құбырына" тиесілі "Кеңқияқ-Алашанькоу" құбырлары арқылы тасымалданады. "Өзен – Атырау– Самара" құбыры арқылы тасымалданатын мұнай экспортының көлемі оның өткізу қабілетімен айқындалады және Ресей мен Қазақстанның арасындағы жыл сайынғы үкіметаралық шартқа негізделген.

159. Энергетика министрлігі "Өзен – Атырау– Самара" құбыржолы арқылы шикі мұнайды экспортқа тасымалдауға арналған қазіргі бар квоталарды шикі мұнай өндіретін қазақстандық компаниялар арасында Қазақстандағы магистральдық құбыржолдың қолжетімді тасымалдау қуатына және Ресей Федерациясы ұсынатын

тасымалдау қуатына қарай олардың өндірісі көлеміне пропорционалды бөледі. Өндірушілер беретін өтініштерде өндіріс көлемдері және шикі мұнайды тасымалдау бағыты көрсетілуі тиіс. Квота көлемі келісілгеннен кейін экспорттаушы магистральдық құбыржолдың операторы – "ҚазТрансОйлмен" мұнай тасымалдауға арналған шарт жасасуы қажет. Ресей Федерациясымен жылдық квоталар көлемін талқылау кезінде Қазақстанның Үкіметі барлық қазақстандық компаниялардың мұнай тасымалдауының болжамды қажеттіліктерін назарға алады. Осылайша, қазіргі таңда, мұнай тасымалдауға арналған барлық сұраныстар орындалған, және квота жетіспеушілігі жоқ. Осылайша, квоталар кемсітпеушілік негізінде, Қазақстанда мұнай өндіретін ішкі, сонымен қатар шетелдік компаниялар арасында бөлінеді.

160. Жұмыс тобының мүшесі Үкімет қолданатын шаралардың нәтижесі болып табылатын, іс жүзінде кез-келген секторда ресми қосарланған баға саясаты және баға белгілеудің қосарланған режимі бар-жоғы туралы сұрақ қойды. Оған жауап ретінде Қазақстанның өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасында қосарланған баға саясаты көзделмегенін мәлімдеді. Алуан түрлі бағытқа тауар тасымалдауда тарифтердің әртүрлі болуы табиғи монополиялардың өз қызметтерін көрсету барысында шеккен шығындарындағы айырмашылықтармен түсіндіріледі. "Табиғи монополиялар туралы" Заңға сәйкес табиғи монополияларға тарифтерді белгілеу кезінде Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті тұлға шеккен барлық шығыстарды және оператордың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізделген пайдасын назарға алады.

161. Жұмыс тобының кейбір мүшелері құбыржол арқылы мұнайды тасымалдауға арналған тарифтік мөлшерлемелер априорі ішкі тұтыныс және экспорт үшін бірдей болып табылғанымен, ішкі тұтыныс үшін төмендететін коэффициентті (дисконттау коэффициенті) қолдану экспортқа арналған мұнайды тасымалдаудың көтермеленген де-факто мөлшерлемесіне әкеледі. Жұмыс тобының мүшелері 1994 жылғы ГАТТ ХІ бабында басқа Мүшенің аумағына арналған кез келген өнімге тыйым салу немесе экспортын шектеу, немесе экспортқа сату үшін "өзге де шаралардың" қолданыла алмайтыны көзделген. Жұмыс тобының мүшелері Қазақстаннан экспортқа арналған мұнайға қолданылатын кемсітетін баға белгілеудің күшін жою ол ДСҰ-ға енгенге дейін күтілетінін мәлімдеді.

162. Қазақстанның өкілі, Қазақстан 2010 жылы отандық мұнай өңдеу зауыттарына шикі мұнайды тасымалдау кезінде төмендетуші коэффициентті қолдану практикасын тоқтатқандығын айтып өтті. Оның орнына шикі мұнайды магистральдық құбыржол арқылы экспортқа және ішкі межелі пункттерге тасымалдауға арналған тарифтер нақты шығыстар, негізделген пайда, құбыржолдардың физикалық қуаттылығы негізінде бөлек есептеледі. Мұндай тәсіл реттеліп көрсетілетін қызметтерде кірістер, шығыстар және

іске қосылған активтерді есепке алу барысында ашықтықты қамтамасыз ету, табиғи монополиялар көрсететін реттелетін қызметтерге тарифтерді бағалауды әзірлеу және тарифтерді есептеу үшін таңдалып алынған болатын.

163. Жұмыс тобының кейбір мүшелері, Қазақстанда қолданылатын мұнайды тасымалдауға арналған әртүрлі тарифтер Транзит еркіндігі туралы 1994 жылғы ГАТТ Ү бабының ережелеріне қайшы келетінін де атап өтті. Қазақстан өкілі жауап ретінде Қазақстанда транзиттік маршруттарға кемсітушілікті көзқарастың жоқ екенін мәлімдеді. 2004 жылдан бастап мұнайды Қазақстан арқылы Қытай Халық Республикасына Ресей Федерациясынан транзиттеу Қазақстандағы жалғыз шикі мұнайдың транзиттік құбыржолымен Омск–Павлодар–Атасу құбыржолы арқылы жүзеге асырылады. Транзиттік тарифтер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы 2002 жылғы 7 шілдедегі Шикі мұнай транзиті туралы келісіммен реттеледі, келісімде 2009 жылғы қарашада енгізілген өзгерістер ескерілуге тиіс.

164. Қазақстанның өкілі, 2004 жылы басталған теміржол көлігін қайта құрылымдау жөніндегі реформалар салдарынан табиғи монополиялардың қысқарғанын ескерер болсақ, теміржол көрсетілетін қызметтері нарығы саласында көрсетілетін қызметтерді монополияландыруды қамту – мемлекеттік реттеу субъектісі болып табылады. Бүгінгі таңда, реформалар нәтижесінде, магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтері ғана табиғи монополиялар ретінде мемлекет тарапынан реттеледі. Теміржолмен тасымалдауға арналған әртүрлі тарифтер, арақашықтаққа, жылжымалы состав (вагондар) үлгісіне, жүкке және межелі пунктке негізделі отырып бегіленген. Оның пікірі бойынша, мұндай сараланған тарифтерді қолдану ДСҰ талаптарына қайшы келмейді. Өкіл 2006 және 2013 жылдар аралығындағы кезеңде теміржол секторын қайта құрылымдау кезінде Үкімет магистральдық теміржол көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерді біртіндеп біріздендіруді жүргізгенін және ішкі маршруттар мен импорттық маршруттарға арналған тарифтерді қолданудағы айырмашылықтарды біртіндеп азайтып жатқанын атап өтті. Бірінші саты кезінде, 2006 жылы құрылыс материалдарын, қара және түсті металдарды және метал сынықтарын тасымалдауға арналған тарифтер біріздендірілген болатын. Екінші саты кезінде, 2010 жылы шикі мұнай мен көмір тасымалдауға арналған тарифтер біріздендірілген болатын. Үшінші саты кезінде, 2011 жылы, тарифтерді біріздендіру түсті кендерге, темір кеніне, спиртке және алкогольдік сусындарға қатысты жалғастырылған болатын. Тарифтерді біріздендіру 2012 жылы төртінші сатыда, барлық қалған тауарларға, оның ішінде химиялық және минералдық тыңайтқыштарға, химикаттар мен содаға, мұнай өнімдері мен астыққа қатысты аяқталды.

165. Жұмыс тобының бір мүшесі, қазақстандық биліктің табиғи монополиялар ретінде қызмет түрлерін сыныптауда, өте ауқымды ерікті шектерге ие екендігін атап өтті және Жұмыс тобының бұл мүшесі, телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер

мен пошталық көрсетілетін қызметтерді табиғи монополиялар деп санамайтынын атап өтті. Жұмыс тобының басқа мүшесі, Қазақстанның табиғи монополиялар үстемдікке ие нарықтарда бәсекелестіктің қалайша орын алатынын түсіндіріп беруін сұрады.

166. Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып Қазақстанның өкілі, экономиканың негізгі секторларындағы жүргізіліп жатқан реформаларда сипатталғандай, Үкімет бәсекелестікке ықпал ету және табиғи монополиялар тізбесін қысқарту үшін ырықтандыру бағдарламасын орындайтынын қайтадан қайталады. Оның ішінде, Үкімет реттеліп көрсетілетін пошта қызметтері түрлерін қысқартты. Тізім бастапқыда сегіз пошта қызметтері түрлерінен тұрған, алайда кейіннен тек жалпыға қол жетімді пошта байланысы қызметтеріне (ашықхаттар, хаттар, сауқаттар және бандерольдер) дейін қысқартылды. Телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтерге қатысты, өкіл табиғи монополиялар ретінде мемлекет тарапынан ретелетін қызметтер саласы қысқартылғанын, және қазіргі таңда тек төмендегі аталған қызметтерді қамтитынын атап өтті: (i) технологиялық тұрғыдан мүмкін болмауы не экономикалық нысаналы болмауы себебінен бәсекелес байланыс операторы болмауы шартымен, телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер; және (ii) телекоммуникациялық жалғанымдарға технологиялық тұрғыдан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды жалдау және пайдалану. Бұдан бөлек, жалғау жөніндегі оператор көрсететін қызметтер (бірыңғай телекоммуникация желісі көрсететін қызметтерге қосымша) және телефондық рұқсатнама қызметтері бұрынғыдай реттелетін болады және табиғи монополиялар тізілімінен тек бәсекелестік орта құрылғаннан кейін ғана алынап тасталынатын болады.

167. Жұмыс тобының бірқатар мүшелері, халықаралық саудада және/немесе ел ішіндегі бөлуде монополиялық позицияны алатын кәсіпорындарды 1994 жылғы ГАТТ-тың XVII бабын түсіндіру жөніндегі уағдаластыққа сәйкес хабардар ету қажет екенін мәлімдеді және Қазақстан өзінің "табиғи" монополиялары туралы хабардар етуге ниетті ме деп сұрады. Жұмыс тобының мүшесі, Қазақстандағы мемлекеттік табиғи монополиялардың көлік компаниялары ретінде тең қол жетімділікті қамтамасыз етпейтіндігі және ауқымды айрықша артықшылықтарды пайдаланатыны туралы жеткілікті дәлелдердің бар екендігі жөнінде айтып өтті.

168. Қазақстан өкілі, Қазақстанда табиғи монополиялардың меншік нысаны мен түріне қарамастан, барлық өнім берушілер мен операторлар үшін тең кемсітушіліксіз (ашық) қол жетімділікті беретін тасымалдаушылар ретінде әрекет ететіні туралы жауап берді. Бұған қатысты, Қазақстанның өкілі, көлік нарығының барлық қатысушылары үшін теміржол көлігі көрсететін қызметтеріне кемсітушіліксіз қол жетімділік қағидатын белгілейтін, "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы № 266 Заңының 2 бабын көрсетті. Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 8 қарашадағы №401-І бұйрығымен бекітілген, "Тасымалдаушылардың магистралдық теміржол желісін қызметіне кемсітушіліксіз қол жеткізу қағидалары" 2012 жылғы 3

қазанда өз күшін жойды. Оның пікірінше, табиғи монополияларға ешқандай айрықша құқықтар немесе ерекше артықшылықтар берілген жоқ және тиісінше, табиғи монополиялар 1994 жылғы ГАТТ-тың XVII бабын түсіндіру жөніндегі Уағдаластықтың хабардар ету талаптарына жатпайтын болып табылады.

169. Жұмыс Тобының мүшесі Қазақстанның, ДСҰ-ға кіргеннен кейін, Қазақстан Үкіметі бағаларды реттеу барысында, Қазақстандағы мемлекеттік кәсіпорындар мен табиғи монополиялар, өз тауарларын өнеркәсіптік тұтынушыларға беруге қатысты өз шығыстарын (оның ішінде негізделген пайданы қосып) өзінің әдеттегі қызметі шеңберінде қамтамасыз ететінін растауын сұрады. Сонымен қатар, Қазақстан тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты бағалық бақылауды қолдану ДСҰ міндеттемелеріне сәйкес, оның ішінде 1994 жылғы ГАТТ-тың III:9 бабына сәйкес жүргізілетін болатынын және бағалық бақылаудың отандық өнеркәсіптер салаларын және көрсетілетін қызметтерді берушілерді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қолданылмайтынын растауларын сұрады.

170. Қазақстан өкілі, ДСҰ-ға кірген күннен бастап Қазақстан осы Баяндаманың 4-қосымшасындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттеуді жүзеге асыратынын және ДСҰ келісіміне сәйкес келетіндей етіп болашақта енгізілетін не болашақта қайта қолдануға болатын кез-келген осындай шараларды қолданатынын растады. Одан әрі ол, тауарлардың бағасын бақылау жөніндегі шаралар, 1994 жылғы Сауда және тарифтер жөніндегі бас келісімнің III:9 бабында қарастырылғандай, экспорттаушы мүшелердің мүдделерін ескеретінін растады. Бағаларды бақылау жөніндегі шаралар тауарларды отандық өндіруді қорғауды ұсыну мақсатында немесе Қазақстанның көрсетілетін қызметтер жөніндегі міндеттемелеріне нұқсан келтіріп қолданылады. Қазақстанның өкілі сонымен қатар, осы Баяндаманың 4-қосымшасындағы мемлекеттік бағаны реттеуге жататын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер тізбесінің түбегейлі болып табылатынын және Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, бағаны реттеуге жататын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіндегі кез-келген өзгерістері туралы хабарламаларды "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская Правда" газеттерінде жариялайтынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

– Бәсекелестік саласындағы саясат

171. Қазақстанның өкілі, ЕАЭО шеңберіндегі бәсекелестік саласындағы саясатқа арналған құқықтық негіз - ЕАЭО туралы шарттың "Бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары" (74-77-баптар) XVIII Бөлімі мен "Бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамасы" №19 Қосымшасы болып табылатынын мәлімдеді. Осы қағидалар 2015 жылғы 1 қаңтарда ЕАЭО туралы шарт күшіне енген кезде күшін жойған 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді алмастырды. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап, ЕАЭО туралы шарттың XVIII Бөлімі мен №19 Қосымшасы тараптар

аумақтарында бәсекелестікке қарсы әрекеттердің, сондай-ақ трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс ықпал етуі мүмкін әрекеттердің алдын алуды қамтамасыз ететін бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидаларын дамытуға бағытталған.

172. Еуразиялық Экономикалық Комиссия (бұдан әрі – ЕЭК немесе Комиссия), егер мұндай бұзушылықтар трансшекаралық нарықтағы бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болса, алдын-алу мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына сәйкес орындалатын трансшекаралық қаржы нарықтарындағы бәсекелестікке әсер ететін бұзушылықтарды қоспағанда, мүше мемлекеттердің нарық субъектілері, жеке тұлғалар және коммерциялық емес ұйымдарының бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі күзіретке ие болады.

173. Комиссияның мынадай құзыреті бар:

(i) Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылық белгілерінің болуы туралы өтініштерді (материалдарды) шолу және қажетті тергеп-тексерулерді жүргізу;

(ii) Мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының, мүше мемлекеттердің экономикалық операторларының (нарық субъектілері), мүше мемлекеттер органдарының, жеке тұлғалардың өтініш жасауы негізінде немесе өзінің бастамасы бойынша трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы іске бастамашы болу және қарау;

(iii) Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарды тоқтатуға; бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың салдарларын жоюға; бәсекелестікті қамтамасыз етуге; трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікті орнатуға кедергі келтіруі мүмкін және (немесе) бәсекелестікті шектеуге, жоюға және бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуына алып келуі мүмкін әрекеттердің алдын-алуға бағытталған әрекеттерге қатысты, экономикалық операторлар (нарық субъектілері) үшін міндетті болып табылатын, оның ішінде экономикалық операторлар (нарық субъектілері) үшін айыппұл санкцияларын қолдану туралы тұжырым жасау және шешімдер қабылдау;

(iv) Мүше мемлекеттердің құзыретті органдарынан, жергілікті атқарушы органдардан, олардың функцияларын жүзеге асыратын басқа да органдардан немесе ұйымдарынан, заңды және жеке тұлғалардан трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау құзыретін орындау үшін қажет ақпаратты, оның ішінде құпия ақпаратты сұрату; және

(v) ЕАЭО туралы шарттың XVIII бөлімімен және №19 Қосымшасымен белгіленген, бәсекелестіктің стандартты қағидаларын жүзеге асыру үшін қажетті басқа функциялар.

174. Бұдан әрі ол, Қазақстанның монополияға қарсы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әзірленгенін және басқалармен қатар

Азаматтық Кодекстің, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекстің және 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген, соңғы түзетулері 2013 жылғы 6 наурыздағы № 81-V Заңмен енгізілген, "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі № 173 Заңы алмастырған, "Бәсекелестік туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы №112-IV Заңның (бұдан әрі - "Бәсекелестік туралы" заң) және "Жосықсыз бәсекелестік туралы" 2008 жылғы 9 маусымдағы № 232-I Заңның негізгі ережелерін қамтитыны туралы мәлімдеді.

175. "Бәсекелестік туралы" Заңның негізгі мақсаты еркін бәсекелестікті қорғау және кәсіпкерлік пен инвестициялық қызметтер және бизнестің өсуі үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Аталған мақсатқа: (i) монополиялық қызметтің алдын алу; (ii) жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу; (iii) салаларды монополиясыздандыру; (iv) адал және еркін бәсекелестікті дамыту; және (v) тұтынушылардың мүдделерін қорғау арқылы қол жеткізіледі. "Бәсекелестік туралы" Заң тікелей қолданылады және заңға тәуелді актілерге сілтеме жасамайды.

176. Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитеті (осы бөлімде бұдан әрі: Комитет) бәсекелестікті дамытуға және монополиялық қызметті шектеуге бағытталған ұлттық саясатты жүзеге асыруға жауап береді. Комитеттің негізгі функциялары (i) еркін бәсекелестікті дамытуға ықпал ету; (ii) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуының алдын алу, анықтау және тергеп тексеру; (iii) экономикалық шоғырлануды бақылау; және (iv) бәсекелестікке кедергі келтіретін нарыққа қатысушыларды монополиясыздандыру. Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және монополиялық қызметті шектеу Ұлттық экономика министрлігінің негізгі функцияларының бірі болып табылады.

177. Монополиясыздандыру шеңберінде қабылданатын шаралар туралы сұраққа, Қазақстан өкілі нарықтың салаларын монополиясыздандыру туралы шешімді Үкімет, Комитет жүргізетін тауарлық нарықтарға талдау нәтижелері бойынша қабылдайды. Осылайша, 2011 жылы Комитет трафикті қосу және өткізу бойынша (бұдан әрі – интерконнект) телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер нарығына талдау жүргізді. Талдау нәтижелері бойынша Үкімет интерконнект қызметтерін табиғи монополиялар саласынан шығару және бәсекелестік ортаға ауыстыру туралы шешім қабылдады. Бұдан бөлек, экономика салаларын монополиясыздандыру шеңберінде, "Бәсекелестік туралы" Заңда мемлекеттік кәсіпорындар және заңды тұлғалар мен акцияларының (үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі олармен үлестес тұлғалар тиісті тауарлық нарықта өзінің қызметін одан әрі жалғастыру үшін Комитеттен оң қорытынды алуға міндеттейтін нормалар көзделген. 2011 жылы мұндай кәсіпорындардың 3% бәсекелік ортаға берілді (оның ішінде, қонақ үйлер мен моншалар кешендерін күтіп ұстау, автомобильдер паркін күтіп ұстау, құрылыс және т.б. сияқты салалардағы кәсіпорындар).

178. Бірігу жөніндегі мәмілелерді бақылауды реттеуге қатысты сұраққа Қазақстан өкілі, экономикалық шоғырлануды бақылаумен байланысты мәселелерді реттейтін "Бәсекелестік туралы" Заңның 50-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, бірігу жөніндегі мәмілелер экономикалық шоғырлану ұғымына кіреді. "Бәсекелестік туралы" Заңның 49-57 баптары экономикалық шоғырлануды бақылау мәселелерін реттейді. Комитет бірігу жөніндегі мәмілелерге (әрекеттерге) келісім беру рәсімі арқылы экономикалық шоғырлануға бақылау жүргізеді. Экономикалық шоғырлану ретінде танылатын, Қазақстанда олар туралы хабарлау қажет, бірігу жөніндегі мәмілелер үшін ағымдағы шекті мән жөніндегі жекелеген сұраққа, Қазақстан өкілі: экономикалық шоғырлану ретінде танылатын мәмілелерді жүзеге асыру үшін Комитеттің келісуі мынадай жағдайларда талап етіледі деп жауап берді: (i) нарық субъектісінің бірігуі немесе қосылуы; (ii) егер бұрын осы тұлға (тұлғалар тобы) нарық субъектісінің акцияларын (қатысу үлестерін) ұстамаған болса немесе оның бөлігі бұрын 25%-дан кем болған жағдайда, тұлғаның (тұлғалар тобының) нарық субъектісінің 25 пайыздан астам дауыс беретін акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуы және (iii) егер мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің баланстық құны негізгі өндірістік құралдардың және материалдық емес активтердің баланстық құнының 10%-дан астамын құраса, нарық субъектісінің негізгі өндірістік активтерін және (немесе) материалдық емес активтерін нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) меншікке сатып алуы, оның ішінде жарғылық капиталды төлеуі. Қаржы ұйымдарының қатысуымен экономикалық шоғырлануға қатысуға келісім беру, қаржы ұйымы активтерінің құны не меншікті капиталының шамасы Комитет Қазақстанның Ұлттық Банкімен (қаржы ұйымдары үшін) бірге белгілеген мөлшерден астам болған жағдайда жүзеге асырылады. Нарық субъектілері Комитетке экономикалық шоғырланудың мынадай жағдайларында хабарлаулары қажет: (i) өзі кәсіпкерлік қызметті жүргізген кезде нарықтың басқа субъектісіне оның орындауы міндетті нұсқаулар беруге не оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін (оның ішінде, сенімгерлік басқару туралы шарт және бірлескен қызмет туралы шарт негізінде) нарық субъектісінің құқықтарды сатып алуы; және (ii) сол бір жеке тұлғалардың екі және одан да көп нарық субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне, байқаушы кеңестеріне немесе басқарудың басқа да органдарына, аталған жеке тұлғалардың осы субъектілерде кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындау жағдайында қатысуы. "Бәсекелестік туралы" Заңның 50-бабының 3-тармағына сәйкес, егер қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілерінің (тұлғалар тобының) немесе сатып алушының (тұлғалар тобының), сондай-ақ дауыс беру құқығы бар акциялары (қатысу үлестері) сатып алынатын нарық субъектісі активтерінің жиынтық баланстық құны немесе олардың соңғы қаржы жылында сатылған тауарларының жиынтық көлемі – он миллион айлық есептік көрсеткіштен асып кетсе немесе мәмілеге қатысушы тұлғалардың бірі тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие

нарық субъектісі болып табылатын жағдайларда, жоғарыда көрсетілген келісім мен хабарлама талап етіледі. Комитеттің келісімі экономикалық шоғырлану болып қарастырылмайтын мынадай жағдайларды жүзеге асыру үшін талап етілмейді: (i) егер бұл сатып алу оларды кейіннен қайта сату мақсатында, көрсетілген ұйымның нарық субъектісінің басқару органдарында дауыс беруге қатыспауы шартымен жүзеге асырылатын болса, нарық субъектісінің акцияларын (қатысу үлестерін) қаржылық ұйымдардың сатып алуы; (ii) егер бұл сатып алу оларды кейіннен қайта сату мақсатында, көрсетілген қаржы ұйымдары мұндай мүлікті өз мақсаттары үшін табыс табу мақсатында пайдаланбауы шартымен жүзеге асырылатын болса, борышкердің міндеттемелерін толығымен немесе оның бір бөлігін тоқтату мақсатында нарықтың басқа субъектісінің мүлкін, негізгі өндірістік құралдарын және/немесе материалдық емес активтерін қаржы ұйымдарының өз меншігіне алуы; (iii) оңалтуды немесе банкроттық басқарушыны, уақытша әкімшілікті (уақытша әкімшіні) тағайындаған жағдайда; және (iv) бір тұлғалар тобының ішіндегі экономикалық шоғырлану жағдайында.

179. Бірігу мәмілелеріне тыйым салуды тексеру рәсімдері туралы сұраққа, Қазақстан өкілі "Бәсекелестік туралы" Заңға сәйкес, жалпы қағидалар бойынша бәсекелестіктің шектелуіне алып келетін барлық мәмілелерге тыйым салынады деп жауап берді.

180. Комитеттің келісімі экономикалық шоғырлануға қатысушылар бәсекелестікке теріс ықпалды жоятын немесе азайтатын белгілі бір талаптар мен міндеттемелерді орындаған жағдайда берілуі мүмкін. Мысалы, экономикалық шоғырлану мынаған:

- бәсекелестікті шектеуге;
- тұтынушылармен келісілген шарттық талаптардың бұзылуына;
- көрсетілетін қызметтерді тоқтатуға;
- ұсынылатын қызметтер сапасының төмендеуіне;

- Инвестициялар және даму министрлігімен жасалған инвестициялық келісімшарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауына;

- өндірісті немесе сатуды негізсіз төмендетуге әкеп соқтырмауға тиіс.

181. Мұндай шарттар мүлікті басқару, пайдалану немесе оған билік ету бойынша шектеулерді қамтуы мүмкін. Комитет өз бастамасы бойынша немесе мүдделі тұлғаның өтініші бойынша мынадай:

- қабылданғаннан кейін үш жыл ішінде одан бас тарту үшін негіз беретін мән-жайлар анықталған;

- ол заңсыз шешім қабылдауға әкеп соқтырған көрінеу анық емес ақпарат негізінде қабылданған;

- талаптар мен қабылданған міндеттемелер орындалмаған жағдайларда өзінің экономикалық шоғырлану жөніндегі шешімін өзгерте алады.

182. Қазақстан өкілі "Бәсекелестік туралы" Заңда монополиялық қызметтің үш түрі: (i) "бәсекелестікке қарсы келісімдер"; (ii) "бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер"; (iii) үстем не монополиялық жағдайды теріс пайдалану бөліп көрсетілген деп қосты. Қазақстан өкілі нарықтың бәсекелес және бәсекелес емес қатысушылары арасындағы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттер, сондай-ақ мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдар немесе мемлекеттік органдар мен нарыққа қатысушылар арасындағы келісімдер бәсекелестікті шектейтін немесе заңды және жеке тұлғалардың құқықтарын бұзатын болса, оның ішінде келісіп белгіленген бағаларды немесе тауарларды сатып алу мен сатудың басқа да шарттарын белгілеу және/немесе ұстап тұру, жекелеген сатушылармен (өнім берушілермен) немесе сатып алушылармен келісімшарттар жасасудан негізсіз бас тарту және нарықтың басқа субъектілерімен жасалған мәні бірдей келісімшарттарға кемсітуші шаралар қолдану жолымен бәсекелестікті шектейтін немесе заңды және жеке тұлғалардың құқықтарын бұзатын болса, оларға тыйым салынатынын атап өтті. Одан әрі ол "Бәсекелестік туралы" Заңда "бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер" мен "бәсекелестікке қарсы келісімдер" арасында айырма бар екенін түсіндірді. Нарыққа қатысушылар арасында бәсекелестікке қарсы келісімдер, мысалы, өнімді бірдей бағамен немесе белгілі бір аумақтың ішінде сату жөнінде келісім жасасу бойынша әдейі жасалатын жазбаша келісім бәсекелестікке қарсы келісімдер мен бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер арасындағы айырмашылық болып табылады.

183. Қазақстан өкілі "Бәсекелестік туралы" Заңда "тұлғалар тобы" деген термин нақтыланатынын атап өтті. Тұлғалар тобының үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалануы нарыққа жекелеген қатысушының теріс пайдалануы ретінде қаралады. Транзакциялар тұлғалардың бір тобының шеңберінде жүзеге асырылған жағдайларда нарыққа қатысушылар экономикалық шоғырлануға мақұлдау алуға міндетті емес. "Бәсекелестік туралы" Заңда да үстем және монополиялық жағдайдың жаңа анықтамалары қамтылған. Егер тиісті тауар нарығындағы нарық субъектісі (субъектілері) нарықты бақылауға мүмкіндік алса, мұндай нарық субъектісінің (субъектілерінің) жағдайы үстем немесе монополиялық жағдай болып танылады. Нарық субъектісінің тиісті нарықтағы үлесі 35 пайыз немесе одан көп болса, ол үстем жағдайға ие болып саналады. Мынадай: (i) егер нарыққа қатысушылардың үшеуінің осы тауар нарығындағы жиынтық үлесі 50 пайызға тең немесе одан артық болса; немесе (ii) егер нарыққа негізгі қатысушылардың төртеуінің осы тауар нарығындағы жиынтық үлесі 70 пайызға тең немесе одан артық болса, нарыққа бірнеше қатысушы үстем жағдайға ие болып саналады. Мынадай: (i) егер осы қаржылық көрсетілетін қызметтер нарығындағы екі қаржы ұйымының жиынтық үлесі 50 пайызға тең немесе одан артық болса; немесе (ii) егер осы қаржылық көрсетілетін қызметтер нарығындағы үш қаржы ұйымының жиынтық үлесі 70 пайызға тең немесе одан артық болса, қаржы ұйымы үстем жағдайға ие болып саналады. Көрсетілетін қаржылық қызметтер нарығын

қоса алғанда, нарықтағы үлесі 15 пайыздан кем компанияға үстем жағдайға ие компанияның анықтамасы қолданылмайды. Тиісті тауар нарығында жүз пайыз үстем үлесі бар табиғи монополиялар, мемлекеттік монополиялар және нарық субъектілері монополиялық жағдайға ие компаниялар (нарық субъектілері) болып саналады.

184. Үстем немесе монополиялық жағдай және монополиялық қызмет ұғымдарының арасындағы айырманы түсіндіріп беру туралы сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі үстем немесе монополиялық жағдай ұғымына қарағанда монополиялық қызмет ұғымы кеңірек екенін түсіндіріп берді. Монополиялық қызмет нарық субъектісінің қызметі немесе іс-әрекеттері болып табылады, ал үстем немесе монополиялық жағдай нарық субъектісінің нарықтағы үлесімен анықталатын сипаттамасы болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 4-тармағына сәйкес монополиялық қызмет заңмен реттеледі. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері "Бәсекелестік туралы" Заңда белгіленген шектеулерді сақтауға тиіс. Тиісінше, монополиялық қызмет шектеледі, бірақ оған тыйым салынбайды. "Бәсекелестік туралы" Заңмен шектелген монополиялық қызмет түрлері 182-тармақта сипатталған.

185. Қойылған ерекше сұраққа Қазақстан өкілі үстем немесе монополиялық жағдайдың өзі монополияға қарсы заңнаманы бұзу болып саналмайтынын көрсетті. "Бәсекелестік туралы" Заңның 13-бабында үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың тыйым салынған түрлері көрсетілген:

- монополиялық жоғары/төмен немесе монополисониялық төмен бағаларды белгілеу, ұстап тұру;

- нарық субъектілерімен немесе тұтынушылармен жасалған мәні бірдей келісімдерге объективті түрде ақтамайтын себептермен әртүрлі бағаларды не әртүрлі шарттарды қолдану;

- тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) таратуға аумақтық белгісі, сатып алушылар тобы, сатып алу шарттары бойынша, сондай-ақ саны, бағасы бойынша шектеулер белгілеу;

- нарық субъектісіне немесе тұтынушыға өз мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүріне сай осы келісімдердің нысанасына қатысы жоқ қосымша міндеттемелер қабылдату жолымен келісім жасасуға шарт қою не оны күштеп таңу;

- тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру (немесе өткізу) мүмкіндігі болған кезде жекелеген сатып алушылармен шарт жасасудан немесе тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден негізсіз бас тарту. Бұл сұрау жасалған күннен бастап 30 күн бойы осындай шарт жасасудан жалтаруды да камтиды;

- бәсекелестер өндірген не өткізетін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу кезінде шектеулер қабылдау арқылы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге шарт қою;

- өндіру немесе өнім беру мүмкіндігі болған кезде тұтынушылардың сұраныстары немесе тапсырыстары бар тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру және/немесе беру көлемін негізсіз қысқарту немесе өндіруді және/немесе өнім беруді тоқтату;

- егер тауардың бағасын көтеру тауарды алып қоюдың нәтижесі болып табылса, тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) айналымнан алып қою;

- контрагентке шарттың нысанасына жатпайтын, экономикалық немесе технологиялық тұрғыдан негізделмеген шарт талаптарын күштеп таңу;

- нарықтың басқа субъектілеріне тауар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығына кіруге немесе шығуға кедергілер жасау; және

- бір ғана тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) әртүрлі бағаларды (тарифтерді) экономикалық, технологиялық тұрғыдан немесе өзге де түрде негізсіз белгілеу, кемсітушілік жағдайлар жасау.

Бұған қосымша, қазақстандық заңнамада үстем немесе монополиялық жағдай үшін соншалықты жауаптылық көзделмеген, теріс пайдалану және бәсекелестікті шектеуге бағытталған іс-әрекеттер ғана жауаптылыққа әкеп соқтырады.

186. Мүшенің үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарыққа қатысушыларды айқындау кезінде ескерілетін экономикалық көрсеткіштерге қатысты сұрағына жауап ретінде Қазақстан өкілі Монополияға қарсы агенттік төрағасының 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 8-НҚ бұйрығымен бекітілген "Тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйіне талдау және бағалау жүргізу әдістемесіне", сондай-ақ Монополияға қарсы агенттік төрағасының 2009 жылғы 19 ақпандағы № 57-НҚ бұйрығымен бекітілген "Қаржы қызметтері нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйіне талдау және бағалау жүргізу әдістемесіне" сәйкес Комитет тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізеді деп атап өтті. Талдау нәтижелері нарықтағы бәсекелестіктің даму бейнесін көрсетеді және үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін айқындайды. Талдау әдістемесі: (i) тауарды немесе өзара алмастырылатын тауарларды айқындау, (ii) тауар нарығының географиялық шекараларын айқындау, (iii) уақыт аралығын айқындау, (iv) нарық құрылымын айқындау, сондай-ақ (v) тауар нарығының көлемін және нарық субъектілерінің үлестерін есептеу, (vii) тауар нарығына кіру кедергілерін айқындау сияқты кезеңдерді қамтиды. Аталған факторлар негізінде Комитет бәсекелес ортаның жай-күйі бойынша тұжырымдар дайындайды.

187. "Бәсекелестік туралы" Заң мыналарды: (i) тауар таңбалары мен орамаларды заңсыз пайдалануды; (ii) басқа өндірушінің тауарларын заңсыз пайдалануды; (iii) тауар дизайнын көшіріп алуды; (iv) нарық субъектісінің беделін түсіруді; (v) көрінеу жалған, жосықсыз және дәйексіз жарнаманы; (vi) мәжбүрлі ассортиментпен тауарларды сатуды; (vii) сатушыға (өнім берушіге) бойкот жасауға шақыруды; (viii) сатып алушының (өнім берушінің) беделін түсіруге шақыруды; (ix) нарық субъектісін бәсекелеспен шартты

бұзуға шақыруды; (x) сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылықты; (xi) сатып алушының қызметкерін сатып алушылықты; (xii) коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалануды; (xiii) тұтынушыға тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізуді; (xiv) нарық субъектісінің өзі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруын қамтитын жосықсыз бәсекелестік түрлерінің тізімін кеңейтті.

188. Мемлекет мынадай: (i) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін немесе қоғамның мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмаған; (ii) мемлекеттік меншіктегі стратегиялық объектілер пайдаланылған; және (iii) бәсекелестік жоқ немесе жеткілікті дамымаған жерлерде тауарлардың мемлекеттік өндірісін қоғам қажет еткен жағдайларда кәсіпкерлік қызметке қатыса алады. Соңғы жағдайда мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі Комитетпен бірлесіп реттеледі. Мемлекет кәсіпкерлік қызметке мынадай түрдегі кәсіпорындар: (a) мемлекеттік кәсіпорын немесе (б) акцияларының қатысу (үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға және онымен үлестес тұлғалар түрінде қатыса алады. Мемлекеттік кәсіпорындар өз қызметін "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңның 134-бабында көрсетілген салаларда ғана жүзеге асыра алады (осы Баяндаманың 3(F) қосымшасы). Егер мұндай кәсіпорындарды құру Қазақстанның заңдарында тікелей көрсетілмесе, жоғарыда көрсетілген (iii) тармақта көрсетілген жағдайда Комитеттің келісімі талап етіледі. Егер мемлекеттің мемлекеттік кәсіпорын немесе заңды тұлға құруы бәсекелестік жоқ немесе ол жеткілікті дамымаған нарықтағы бәсекелестікті шектеуге әкеп соқтыратын болса, Комитет мұндай құрудан бас тартуы мүмкін. Дегенмен, егер мемлекеттік кәсіпорын немесе заңды тұлға бәсекелестікке теріс ықпалды жою немесе азайту бойынша белгілі бір міндеттемелерді қабылдайтын болса, Комитет өзінің келісімін беруі мүмкін.

189. "Бәсекелестік туралы" Заңда мемлекеттің тауарларды өндіруге және/немесе сатуға, сатып алуға немесе пайдалануға айрықша құқығы ретінде "мемлекеттік монополия" термині де енгізілді. Мемлекеттің тауарларды бәсекелес нарықта өткізу конституциялық құрылыс, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын немесе адамдардың денсаулығын қорғау үшін теріс ықпал етуі мүмкін салаларда ғана мемлекеттік монополия белгілеу арқылы бәсекелестікті шектеуге құқығы бар. Қазақстан өкілі мемлекеттік монополия заңмен ғана белгіленеді деп қосты. Мемлекеттік монополиялар Үкіметтің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша мемлекеттік кәсіпорындар нысанында ғана құрылуы мүмкін. Арнайы қойылған сұраққа жауап ретінде ол "мемлекеттік монополия" ұғымы "табиғи монополия" ұғымынан өзгеше екенін айтып өтті.

190. Мемлекеттік монополия қызметі "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы № 85-II, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі № 456-I, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі № 422-I, "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі № 331-II, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының патент заңы" туралы 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-I заңдармен, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II Жер кодексімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі № 477-II Орман кодексімен айқындалған. Комитет мемлекеттік монополиялардың қызметін реттеу және мониторингтеу үшін жауапты болады. Қазіргі уақытта мемлекеттік монополиялар гидрометеорологиялық мониторингті және қоршаған орта жай-күйінің мониторингін, жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жоюды, мемлекеттік қорғалуға тиіс объектілерді күзетуді; Қазақстан Республикасының жеке басты куәландыратын құжаттарын шығаруды, білім беру сапасын бақылауды және т. б. қоса алғанда, белгілі бір көрсетілетін қызметтерді ұсынады. Қазақстан заңнамасында мемлекеттік монополия салаларын қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындар әрекет ететін салаларда жекеше сектордың қатысуына тыйым салынбайды. Ол "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік монополия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 10 шілдедегі № 34-V Заңда белгілі бір секторларға жекеше кәсіпорындарды тарта отырып, мемлекеттік монополия салаларын қысқарту көзделетінін түсіндірді. Аталған заңға сәйкес бәсекелес нарыққа берілетін қызмет мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым өсіруші және селекциялық-генетикалық объектілерді аттестаттау мен есепке алуды, коммуналдық қалдықтарды көмуді, қалдықтар полигондарын құру мен пайдалануды және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеуді қамтиды.

191. Мемлекеттік монополиялар үшін алынатын салаларды айқындау туралы сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі кәсіпкерлік қызметке қатысатын мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің саласына қарағанда, мемлекеттік монополиялар қызметінің саласы тар деп жауап берді. Мемлекеттік монополия түрлері заңнамалық актілермен айқындалып, олардың қызметінің түрлері мен салалары нақты белгіленеді. Мемлекеттік монополия субъектілеріне:

- мемлекеттік монополия саласына жатпайтын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруге;
- акцияларды (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иеленуге, сондай-ақ заңды тұлғалардың қызметіне өзге түрде қатысуға;
- мемлекеттік монополиямен байланысты құқықтарды басқа біреулерге беруге;

- өндірілетін немесе сатылатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген бағалардан басқа бағаларды белгілеуге тыйым салынады.

192. Комитет: (i) үкіметтік органдардан түскен файлдар/құжаттар; (ii) жеке немесе заңды тұлғалардан түскен өтініштер; (iii) Комитеттің монополияға қарсы заңнаманың бұзылуын анықтауы, (iv) БАҚ-тың Комитетке өтініші және (v) бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпарат сияқты монополияға қарсы заңнаманың бұзылуы жөнінде ақпарат алғаннан кейін тергеуге бастама жасайды. Комитет өзінің құзыреті шегінде монополияға қарсы заңнаманың бұзылуын тергейді және тергеу нәтижелері бойынша шешім қабылдайды. Тергеу оны жүргізу туралы бұйрық ресімделген күннен бастап екі ай ішінде жүргізілуі мүмкін. Бұл мерзімді екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуға болады.

193. Қазақстан өкілі Комитет тергеу нәтижелерін негізге ала отырып, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды деп қосты: (i) "Бәсекелестік туралы" Заңда негізделген жағдайларда тергеуді тоқтата тұру; (ii) әкімшілік іс жүргізуді бастау; (iii) монополияға қарсы заңнаманы бұзуды тоқтату жөнінде нұсқау қабылдау; не (iv) құқық қорғау органдарының қылмыстық жауапқа тартуы.

194. Ол мүшелерді "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодекстің 147-бабында монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін мынадай санкциялар: дара кәсіпкерлер үшін 150 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК), шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін монополиялық қызметтен түскен кірістің 5 пайызы, басқа субъектілер үшін монополиялық қызметтен түскен кірістің 10 пайызы мөлшерінде айыппұл көзделгені жөнінде хабардар етті. Қылмыстық кодексте (196-бап) елеулі зиян келтірілген іс-әрекеттер үшін 500-ден 1000 АЕК-ке дейінгі айыппұлдарды немесе екі жылға дейінгі түзеу жұмыстарын, бас бостандығынан айыруды немесе түрмеге қамауды қоса алғанда, қылмыстық жауаптылық айқындалған. Қайталап жасалған бұзушылықтар немесе (ұйымдастырылған) топтар немесе ресми тұлғалар жасаған іс-әрекеттер үшін санкциялар 1000-нан 2000 АЕК-ке дейінгі мөлшердегі айыппұлдардан, немесе кінәлі деп танылған тұлғаның бестен жеті айға дейінгі жалақысының немесе басқа табысының баламасынан, немесе үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдық позицияларды атқару немесе белгілі бір қызметке қатысу құқығынан мүлкін тәркілей отырып бес жылға дейінгі мерзімге ықтимал айырудан тұрады. Күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқытып жасалған немесе үшінші тараптың мүлкіне нұқсан келтіруге немесе зиян келтіру қаупіне әкеп соқтыруы мүмкін қылмыстар ықтимал мүлкін тәркілеу ықтималдығымен үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады.

195. Қазақстан өкілі "Бәсекелестік туралы" Заңның 9, 10 және 11-бөлімдерінде монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық айқындалған және Комитет қабылдайтын нұсқамалар мен шешімдерді қабылдау, олардың айналысы және оларды

орындау бойынша рәсімдер белгіленген деп қосты. Комитеттің бәсекелестікті қорғауға және монополиялық қызметті шектеуге қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарауға, "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексте айқындалған әкімшілік санкцияларды қолдануға және өзінің нұсқамалары мен шешімдерін мәжбүрлеп орындату үшін сотқа жүгінуге құқығы бар. № 112-IV Заң нарықтағы үстем жағдайға ие субъектілер монополиялық жағдайды қайталап теріс пайдаланған жағдайда Үкіметтің тіркелген бағаларды енгізуін қамтамасыз етпейді. Егер үстем және монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі (i) "бәсекеге қарсы келісімдер"; (ii) "бәсекеге қарсы келісілген іс-әрекеттер" және (iii) үстем не монополиялық жағдайды теріс пайдалану бойынша № 112-IV Заңның ережелерін күнтізбелік бір жыл ішінде екі мәрте бұзса; және бәсекелестікті шектейтін іс-әрекеттерді қолдануды жалғастырса, Комитеттің нарық субъектісін бірнеше заңды тұлғаға бөлу немесе нарық субъектісінің құрамынан бір немесе бірнеше заңды тұлғаны бөлу мақсатында сотқа жүгінуге құқығы бар. Комитеттің нұсқамалары мен шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дау айтуға болады. Комитеттің аумақтық органдарының нұсқамаларына тиісті ұйымға талап-арыз/өтініш тапсырылған кезінен бастап үш ай ішінде Комитетке немесе тікелей соттарға дау айтуға болады.

III. САЯСАТТЫ ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТЕТПІ

– Биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот тармақтарының құзыреттері

196. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы унитарлық мемлекет болып табылады деп атап өтті. Құзыреттер заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары арасында бөлінген. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Парламенті заңнамалық функцияларды жүзеге асыратын жоғары өкілді орган болып табылады. Үкімет атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне жетекшілік етуді жүзеге асырады. Сот билігін сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және өзге де нысандары арқылы Жоғарғы сот, жергілікті және басқа да соттар жүзеге асырады.

197. Қазақстан Республикасының Президенті құпия дауыс беру арқылы жалпыға ортақ, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде бес жыл мерзімге сайланады. Президент Үкімет мүшелерін (Премьер-Министрді, Сыртқы істер, Қорғаныс, Ішкі істер және Әділет министрлері мен мемлекеттік комитеттердің басшыларын қоса алғанда), дипломатиялық миссиялардың басшыларын, Қарулы Күштердің жоғары офицерлерін, Конституциялық Соттың төрағасы мен екі мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетінің төрағасы мен екі мүшесін, Сенаттың 15 депутатын, жергілікті және басқа

да соттардың төрағасы мен судьяларын, Бас прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын, Мемлекеттік хатшыны, Ұлттық Банк төрағасы мен әкімдерді тағайындайды және кері шақырып алады.

198. Президент өзінің қарауына Сенат (Парламенттің жоғарғы палатасы) ұсынған заңдарды бір ай ішінде бекітеді не заңдарды бір ай ішінде қайта қарау үшін түсініктермен бірге Парламентке қайтарады. Бұл мерзімнің сақталмауы Президенттің қарсы пікірлерінің қабылданғанын білдіреді және заң Президент ұсынған редакцияда қабылданады. Егер Парламент палаталардың әрқайсысы депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен бұрын қабылданған шешімді растаса, заң Парламент ұсынған редакцияда қабылданады. Егер Парламент Президенттің қарсы пікірін еңсере алмаса, заң Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады. Президенттің заң жобаларын Парламент қарауының басымдығын, сондай-ақ енгізілген күнінен бастап бір ай ішінде қарауды білдіретін заң жобасын қарауды шұғыл деп жариялауға құқығы бар. Мұндай талап орындалмаған жағдайда Республика Президенті Парламент жаңа заңды қабылдағанға дейін қолданылатын Жарлық шығаруға құқылы. Егер заңның өзінде немесе тиісті қаулыда заңның күшіне енуінің басқа шарттары көрсетілмесе, заңдар алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап 10 күн өткен соң күшіне енеді. Парламент өзінің заңнамалық құзыреттерін бір жылға дейінгі мерзімге Президентке бере алады, ал Президент белгілі бір мән-жайларда Парламентті таратуға құқылы. Президент ұлттық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды, жарлықтар шығарады, сондай-ақ заң күші бар жарлықтар шығара алады.

199. Парламент Мәжіліс деп аталатын төменгі палатадан және Сенат деп аталатын жоғары палатадан тұратын екі палаталы заң шығарушы орган болып табылады. Парламент конституциялық заңдардың, заңдардың, Парламент қаулыларының, Сенат пен Мәжілістің жекелеген қаулыларының қабылдануы және Президенттің бастамасы бойынша конституциялық өзгерістердің қабылдануы үшін жауаптылықта болады. Парламент мемлекеттік бюджетті қабылдай алады және өзгерте алады, сондай-ақ ұлттық референдумға бастама көтере алады. Жекелеген отырыстарда Мәжіліс, одан соң Сенат халықаралық келісімдерді ратификациялайды және мемлекеттік қарыздар мен экономикалық көмектердің басқа да түрлері бойынша шешімдер қабылдайды. Сенаттың, атап айтқанда, Президенттің бастамасы бойынша Жоғарғы соттың Төрағасы мен судьяларын сайлайтын және жұмыстан босататын айрықша заңды құзыры бар. Мәжілістің, атап айтқанда, заңдардың жобаларын қарауға қабылдайтын және кезекті Президенттік сайлау туралы жариялайтын айрықша заңды құзыры бар.

200. Үкіметті Премьер-Министр қалыптастырады және бақылайды. Үкімет Президент пен Парламентке есеп береді. Үкімет заңдардың жобаларын Мәжіліске ұсынады және қабылданғаннан кейін олардың іске асырылуы үшін жауапты болады. Үкімет қаулылар мен өкімдер нысанында заңға тәуелді актілер шығарады. Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдар басшыларының заңға тәуелді актілерінің

қолданысының күшін Президент жоя алады. Егер жекелеген жағдайларда Үкіметтің құзыретін Президент тоқтатпаған жағдайда, Президенттің құзыретімен бірге аяқталады.

201. Қазақстан өкілі ұлттық әлеуметтік-экономикалық саясатқа басшылық ету үшін жауаптылық Үкіметке жүктелетінін атап өтті. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және сауда саясатын Ұлттық экономика министрлігі әзірлейді және үйлестіреді. Инвестициялар және даму министрлігі индустриялық және инвестициялық саясатты әзірлеу үшін жауапты негізгі мемлекеттік орган болып табылады.

202. Қазақстан өкілі Қазақстандағы мемлекеттік билік орталық деңгейде де, өңірлік деңгейде де жүзеге асырылатынын атап өтті. Жергілікті мемлекеттік билікті Мәслихаттар деп аталатын өкілді органдар және Әкімдіктер деп аталатын атқарушы органдар жүзеге асырады. Әкімдіктер – бұл жергілікті атқарушы органдар. Оларды (i) жергілікті атқарушы органдарға жетекшілік ететін; (ii) тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін; және (iii) орталық мемлекеттік органдардың барлық аумақтық органдарының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Әкімдер – Президент пен Үкіметтің өкілдері басқарады. Әкімдер жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын да атқарады және өздері басшылық ететін аумақтағы әлеуметтік және экономикалық даму үшін жауаптылықты көтереді. Бұдан әрі ол үкіметтің жергілікті жерлерде (i) өңірдегі экономикалық қатынастарды реттеу үшін ішінара дербестігі; (ii) өңірлік (жергілікті) әкімшілік жүйесі; (iii) шаруашылық қызметті дамыту үшін шара қолдану бойынша өкілеттігі; (iv) концессиялық келісімшарттар жасасуға құқығы; (v) жергілікті бюджетті мониторингтеуге өкілеттігі және (vi) сыртқы сауда мәселелерін үйлестіру міндеттемесі бар екенін атап өтті.

203. Жоғарыдағы бөлімнің (vi) тармағына қатысты Жұмыс тобының мүшелері Қазақстан өкілінен, жергілікті әкімшілік органдардың Үкімет атынан сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру міндеттерін иелену мүмкіндігі және сыртқы сауда қызметіне қатысты жобаларды ыңғайлау кезінде Үкіметпен кеңесу керектігі жайлы түсіндіруді сұраған болатын. Оған Қазақстандық өкіл, жергілікті билік органдарының сыртқы сауда мәселесіне қатысты ынта білдіруге заңды тұрғыда құқы жоқтығын және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабына сәйкес тек қана Президент, немесе Парламент мүшелері мен Үкіметтің ғана заң шығару құқығы бар деп жауап берді. Жергілікті билік органдары Үкіметке заңнаманы жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын ұсынуға құқылы, ал Үкімет өз кезегінде келіп түскен ұсыныстар негізінде нормативтік құқықтық акт жобасына бастамашылық ету құқығына ие. Жергілікті органдар, Үкіметтің атынан сыртқы сауда қызметін жетілдіру құзыретін иеленбейді. Алайда олар мемлекет (Президент, Үкімет және Парламент) белгілеген инвестициялық және қаржылық, ішкі, сыртқы ұлттық саясатты ұстануы тиіс.

204. ДСҰ қағидаларын жүзеге асыру мәселесіне орай орталық Үкімет пен жергілікті (аумақтық) билік органдары арасындағы қарым-қатынас жайлы Қазақстан өкілі: " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңның 4-бабына сәйкес, мәслихаттар мен әкімдіктер халықаралық келісімдермен бекітілген қазақстандық халықаралық міндеттемелермен немесе ұлттық саясатпен сәйкес келмейтін шешімдерді қабылдауға құқылы емес. Атап айтқанда, жергілікті билік органдары ел аумағындағы еркін тауар айналымы мен көрсетілетін қызметтерге қиындық тудыратын салық салу және ережелерді енгізу сияқты мәселелерге өз еркімен шара қолдана алмайды. Халықаралық келісімдер шеңберінде негізделген (ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелерді қоса алғанда) Қазақстандық міндеттемелерді жою жөніндегі Әкімдер мен Мәслихаттың шешімінің күшін Президент, Үкімет, Әкім ғана жоя алады, сондай-ақ сот рәсімі арқылы жарамсыз деп танылуы мүмкін. Сонымен қатар Бас прокуратура заңдардың және өзге де заңнамалық актілердің нақты және біркелкі қолданылуына үнемі бақылауды жүзеге асырады -деп түсінік берді.

205. Сот билігі үш деңгейлі біртұтас сот жүйесі азаматтық, қылмыстық және өзге де заңнамалар шеңберінде жүзеге асырылады. Жоғарғы сот азаматтық, қылмыстық және өзге де істер үшін жоғары орган болып табылады. Ол сот тәжірибесіне қатысты мәселелерге түсіндірмелер ұсынып және заңнама аясында жалпы сот жүргізуге құқы бар соттардың құзырына бақылау жасаумен айналысады. Жоғарғы сот кімнің шешімі қабылданған сәттен бастап заңды күшіне енетін жағдайда сот алқабии (бірінші инстанциядағы сот) ретінде де әрекет етуі мүмкін. Облыстық және аудандық соттар талап-арызды алған сәттен бастап екі айлық мерзімде жүзеге асуға тиісті істерді қарайтын алғашқы инстанциядағы соттар болып табылады. Аталмыш кезең азаматтық істің санатына байланысты өзгеруі мүмкін. Заңдардың немесе заңға сәйкес актілердің конституциялығы таласқа түскен жағдайда даулайтын Конституциялық Кеңесте қаралады.

206. Бұдан әрі, ол "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2001 жылдың 30 қаңтарындағы №155-II Кодекс ұйымдар мен азаматтардың, жеке тұлғалардың еркіндігі мен құқықтарын, заңды мүддесін қорғап, әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмау мақсатына ие екенін түсіндірді. Кодекс мемлекеттік билік белгілеген рәсімнің орындалуы және қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіптің бұзылмауы, қоршаған орта мен тұрғындардың денсаулығы, санитарлық жағдайға байланысты эпидемиологиялық жайлылығы мәселелерін қарастырады. Істерді сотта немесе өкілетті органда қарау 15 күн ішінде жүргізіледі (бір айға созу мүмкіндігімен). Соттың немесе уәкілетті органның қаулысын қайта қарауға арналған сұраныс соттың шешімі күшіне енген сәттен бастап бір жыл ішінде жүзеге асырылуы мүмкін; Өтініштің түсуі осы тұрғыдағы қаулыны орындалуын тоқтатады. Бас прокурор немесе оның орынбасарлары Жоғары сотқа заңды күші бар әкімшілік құқық бұзушылық туралы шешімнің заңдылығын және заңды дәлелдігін тексеруді өтінуі әбден мүмкін. Жоғарғы сот облыстық және аудандық соттар шығарған қаулыларды да қайта қарауға толық мүдделі.

207. Жұмыс тобының кейбір мүшелері ДСҰ кіргеннен кейін ДСҰ Келісімі қазақстандық ұлттық заң шығару мәселелеріне басымдық жасамай ма, және алдағы уақытта ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелер мен ережелер заңдық негізде қалай бекітілетіні туралы сұрады. Жауап ретінде Қазақстан өкілі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан жағынан бекітілген халықаралық келісімдер ұлттық заң шығару мәселелеріне шығару мәселелеріне басымдық көрсететіні рас, және қазіргі ереже де Қазақстан республикасының ДСҰ кіру туралы хаттамасының шарттарында да қолданылады. Бекітілген халықаралық келісімдер халықаралық келісім күшіне енгенге дейін заң қабылдануы тиіс жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданысқа ие. ДСҰ келісімі күшіне енуі үшін Қазақстанға заң қабылдау қажет екені туралы өтінішке жауап ретінде Қазақстан өкілі мына жағдайда ғана заң қабылдауды қажет ететіндігін айтып өтті. Ол қолданыстағы (i) заңнамасы ДСҰ келісіміне сәйкес келмеген жағдайда және ДСҰ келісіміне сай өзгертілуі тиіс болғанда немесе ДСҰ келісімінің мазмұнындағы (ii) мәселесі қолданылып жүрген заңмен реттелмесе. Қазақстан өзінің заңдық үйлесімділігін Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіру туралы хаттамасының міндеттеріне сай қамтамасыз етеді. Үкіметаралық келісімдер рәсімінің талабына сай Қазақстанның ДСҰ-ға кіруін бекіту туралы заң жобасы Әділет министрлігінде ұсынылып, сонан соң үкіметтік келісім үшін Премьер-Министр кабинетіне жөнелтіліп, соңында екі палатаның қарауына Парламентке жіберіледі. Ағымдағы жоспарға сәйкес заң жобасы 2015 жылдың бірінші жартысында қабылдануы тиіс. Сондай-ақ, Қазақстанның халықаралық келісімдері мен Қазақстан Республикасының хаттамасында көрсетілген міндеттемелер негізінде ДСҰ-ға мүшелікке өту аясында ешқандай қайшылықтар туындауы мүмкін емес деп атап көрсетілді.

208. Сондай-ақ, Қазақстан өкілі ДСҰ келісімінің ережелері барлық өңірлерді қоса алғанда, салықты, тарифті реттеудің аса маңызды тәртіптері бекітілген, шекаралық сауда жүйесімен қамтылған, ерекше және қосалқы экономикалық аймақтар аумағында бірдей қолданылатынын түсіндірді. ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес, кез келген жеке және заңды тұлға Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына немесе ЕАЭО құзыретті органдарына, Қазақстан Республикасында ДСҰ келісімді ережелерінің бірізді қолданылуы немесе қолданылмауы туралы мәліметтерді дереу хабарлау құқығына ие екенін де шегелеп айтты. Мұндай келеңсіздіктер туралы мағлұмат тез арада тиісті мемлекеттік органдардың құлағына жетіп, құқықтары мен мүдделеріне залал келтірілген тараптың сотқа жүгіну қажеттілігінсіз хабарланатын болады. Егер де әркелкі қолдану немесе қолданбау фактісі анықталатын болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары немесе ЕАЭО өкілетті органдары Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне және заңдарына сәйкес мәселені оңтайлы шешу шараларын қабылдайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына немесе ЕАЭО құзыретті органдарына хабар берген жеке немесе заңды

тұлғаға қолданылған шаралар және шешімдер туралы жазбаша түрде хабарланатын болады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді де ескерусіз қалдырған жоқ.

209. Қазақстан өкілі, ДСҰ-ның келісімімен реттелетін мәселелерге орай, Қазақстан Республикасы ДСҰ-ның 1994 жылғы сауда және тариф жөніндегі Бас келісімінің Х:3(b) бабы мен ДСҰ-ның зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша келісімі ережесінің талабына сай және ДСҰ-ның сауда қызметі жөніндегі Бас келісімімен шектеліп қалмастан ДСҰ-ның міндеттемелеріне сәйкес тиісті ережелерді қайта қарауға құқылы міндетін қосты деді. Жұмыс тобы бұл міндеттемелерді де қаперіне алатын болды.

- Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы Еуразиялық экономикалық одақтың құқықтық негіздері

(а) Еуразиялық экономикалық одақтың құрудың құқықтық негіздері

210. Қазақстан өкілі 2014 жылдың 29 мамырында Қазақстан Республикасы (Қазақстан), Ресей Федерациясы (Ресей) және Беларусь Республикасы (Белорусь) Еуразиялық экономикалық Одақ туралы шартты (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) жасасқаны туралы хабардар етті. ЕАЭО туралы Келісім шартты ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық келісімдер және келісімде көзделгеніндей жеке тұлғалар мен экономиканың келісілген немесе үйлестірілген саяси секторындағы капиталының, қызмет түрлерінің, тауардың еркін айналымын қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық экономикалық Одақты (бұдан әрі - ЕАЭО) құрды. ЕАЭО халықаралық құқық субъектілігі бар өңірлік экономикалық ықпалдастырудың халықаралық ұйымы ретінде құрылған болатын. ЕАЭО туралы шарт "Еуразиялық экономикалық одақ туралы" шарттың күшіне енуіне байланысты Бірыңғай экономикалық кеңістік пен Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде жасалған халықаралық келісім шарттардың әрекет етуін тоқтату туралы хаттаманың" № 33 қосымшасында көзделген халықаралық келісімдерді өзімен алмастыруға жол ашып, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО туралы шарт күшіне енген сәттен бастап бұл келісімдер пәрменін жоғалтатын болады.

211. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың 7-бабына сәйкес, ЕАЭО мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ЕАЭО халықаралық қызметтерді жүзеге асыруға құқылы екендігін ұғындырды. ЕАЭО мұндай қызмет шеңберінде мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен және халықаралық ықпалдастыру бірлестіктермен халықаралық ынтымақтастықты дербес жүзеге асыруға немесе мүше мемлекеттермен бірлесіп өзінің құзырына жататын мәселелер бойынша олармен халықаралық шарттар жасасуға құқығы бар. ЕАЭО халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен белгіленеді. ЕАЭО үшінші тараппен халықаралық шарттар жасасу мәселелері ЕАЭО шеңберінде халықаралық шарт негізінде айқындалады.

(b) Еуразиялық экономикалық одақтың құрылымы және сауда саласындағы құзыреті

212. Қазақстан өкілі ЕАЭО шеңберінде халықаралық келісімдерді және ЕАЭО туралы шартты жүзеге асыруға мынадай органдар жауапты екендігін түсіндірді:

- Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңес;
- Еуразиялық үкіметаралық кеңес;
- Еуразиялық экономикалық комиссия (Кеңес пен Алқалардан тұрады); және
- Еуразиялық экономикалық одақ соты (бұдан әрі – ЕАЭО Соты)

(с) Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңес

213. Қазақстан өкілі Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңес (бұдан әрі – Жоғары кеңес) ЕАЭО жоғары органы болып табылатынын ұғындырып, ол ЕАЭО туралы шартқа сәйкес мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

- ЕАЭО-ның келешегін қалыптастыру және дамыту, мақсатқа жету бағытын айқындап, ЕАЭО көздеген мақсатын жүзеге асыруға байланысты шешім қабылдайды;

- Еуразиялық Экономикалық Комиссия (бұдан әрі – ЕЭК немесе Комиссия) құрамын бекітіп, Комиссия Алқасы мүшелері арасында міндеттерді реттеп және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдерді қабылдайды;

- Еуразиялық экономикалық комиссия төрағасын тағайындайды және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

- Комиссияның рәсімдерін бекітеді;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірінің ұсынысы бойынша Үкіметаралық кеңестің немесе Комиссияның шешімдерін қайта қарайды;

- Мүше мемлекеттердің ұсынуы бойынша ЕАЭО Сотының судьяларын тағайындайды;

- ЕАЭО Сотына сауалдармен жүгінеді;

- ЕАЭО бюджетін, -ЕАЭО бюджеті туралы ережені және -ЕАЭО бюджетінің атқарылуы туралы есепті жүргізеді;

- Үкіметаралық Еуразиялық Кеңестің немесе Комиссияның ұсынысы бойынша шешім қабылдау кезінде пәтуаға қол жеткізілмеген мәселелерді қарайды;

- ЕАЭО жаңа мүшелерді қабылдау тәртібін қабылдайды;

- бақылаушы немесе ЕАЭО-ға кіру мәртебесін беру немесе жою туралы шешім қабылдайды;

- ЕАЭО халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібін бекітеді;

- ЕАЭО атынан үшінші тараппен келіссөздер, оның ішінде олармен ЕАЭО халықаралық шарттарын жасасу және келіссөз жүргізу құқығын беру туралы, сондай-ақ ЕАЭО өзі үшін үшінші тараппен халықаралық шарттың міндеттілігіне келісім білдіруі, халықаралық шартты тоқтата тұруы немесе одан шығуы туралы шешім шығарады;

- ЕАЭО келісіміндегі және халықаралық шарттарда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес пәтуалық нұсқаулар мен шешімдер қабылдайды.

214. Жоғары Еуразиялық Экономикалық Кеңестің отырысы мемлекет басшыларының деңгейінде өткізіледі. Мемлекет басшыларының кездесулері жылына кемінде 1 рет болады.

(d) Еуразиялық Үкіметаралық кеңес

215. Еуразиялық Үкіметаралық Кеңес (бұдан әрі – Үкіметаралық кеңес) ЕАЭО мүше мемлекеттер Үкіметтерінің басшыларынан тұратын ЕАЭО органы болып табылады. Үкіметаралық кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай, кемінде жылына екі рет өткізіледі.

216. Үкіметаралық кеңес мынадай негізгі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- ЕАЭО туралы келісім шарттың орындалуын бақылауға және жүзеге асуын қадағалап, ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттарды және Жоғары кеңес шешімдерінің өміршеңдігін қамтамасыз етеді;

- Комиссия Кеңесінің ұсынысы бойынша мәселелерді реттеп, Комиссия кеңесінде шешімін қабылдау кезінде пәтуаға қол жеткізілмеген мәселелерді қарайды;

- Комиссияға тапсырмалар береді;

- Жоғары Кеңеске Кеңес және Комиссия Алқасы мүшелерінің кандидатураларын ұсынады;

- ЕАЭО бюджетінің жобасын мақұлдап, ЕАЭО бюджеті туралы ережені және ЕАЭО бюджетінің атқарылуы туралы есепті қарастырады;

- ЕАЭО-ның кез келген мүше мемлекетінің ұсынысы бойынша Комиссия қабылдаған шешімдердің күшін жоюға немесе өзгерту енгізуге қатысты мәселелерді қарап, тиісті шешімге қол жеткізілмеген жағдайда Жоғары Кеңестің қарауына ұсына алады;

- Кеңестің немесе Комиссия Алқасы шешімдерінің қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды;

- ЕАЭО-ның Шартында және ЕАЭО-ның шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өзге өкілеттіктерді де жүзеге асырады.

Еуразиялық Үкіметаралық кеңестің шешімдері және өкімдері пәтуаға келумен қабылданады.

(e) Еуразиялық экономикалық комиссия

217. Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – ЕЭК немесе Комиссия) ЕАЭО тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы болып табылады. Комиссия 2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы келісім шартқа сәйкес құрылған және өз өкілеттіктерін ЕАЭО туралы шарт негізінде жүзеге асырады.

218. Комиссия өзінің қызметін ЕАЭО туралы шартта көзделген, Жоғары Еуразиялық Экономикалық Кеңестің шешімдерімен және ЕАЭО шарттық– құқықтық базасын құрайтын халықаралық келісім шарттарында бекітілген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

219. Комиссия Кеңестен және Алқадан тұрады. Кеңеске Премьер-Министрдің орынбасары деңгейінде ЕАЭО мүше мемлекеттердің әрқайсысынан бір өкілден кіреді. Кеңес шешімдері пәтуаға келу арқылы қабылданады және Алқаның кез келген шешімдерін өзгертуге немесе жоққа шығаруға құқылы. Алқа өкілдері тепе-теңдік қағидасы негізінде ЕАЭО мүше мемлекеттің бір өкілінен құралады. Алқа шешімді (Алқа мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің дауысымен) көпшіліктің басым дауысымен немесе пәтуаласу арқылы қабылдайды. Алқаның барлық мәселелері мен шешімдері дауыс беру арқылы жүзеге асады.

220. Кеңес пен Алқаның өкілеттіктері "ЕАЭО комиссиясы туралы" ережеде және оған қоса берілген № 1 қосымшада айқындалған.

(f) Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі

221. Еуразиялық Экономикалық комиссияның Кеңесі (бұдан әрі – Комиссия Кеңесі немесе ЕЭК Кеңесі) ЕАЭО біріктіру процестеріне жалпылама жетекшілік жасап, Комиссияның қызметіне сай мынадай өкілеттіктер мен міндеттерді жүзеге асырады:

- ЕАЭО нормативті-құқықтық базасын жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

- ЕАЭО ықпалдастыру шеңберінің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды Жоғары Кеңестің бекітуіне ұсынады;

- Комиссия Алқасы қабылдаған Комиссияның шешімдерін қайта қарау немесе өзгерістер енгізу туралы мәселелерді қарайды;

- ЕАЭО шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттардың орындалуын қадағалау және мониторинг туралы мәселелерін қарайды;

- Комиссияның жұмысын ұйымдастыру міндеттерін жүзеге асырады;

- Комиссия Алқасына тапсырмалар береді;

- Негізгі және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

(g) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы

222. Еуразиялық Экономикалық Комиссияның Алқасы (бұдан әрі – Комиссия Алқасы немесе ЕЭК Алқасы) Комиссияның атқарушы органы болып табылады. Комиссияның Алқасы мынадай міндеттер мен өкілеттіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді:

- Ықпалдастырудың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және өңдеуді қосқанда, ЕАЭО алдағы даму жүйесіне сай ЕАЭО мүше мемлекеттерден түскен ұсыныстарды жинап әрі өндіруді іске асырады;

- шешімдері және өкімдер, ұсынымдар қабылдайды;

- Комиссия Кеңесі қабылдаған шешімдерді және Үкіметаралық Кеңес пен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес қабылдаған шешімдер мен өкімдерді орындайды;

- ЕАЭО шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттардың орындалуына қадағалап және мониторинг жасауды жүзеге асырып, Комиссияның

шешімдерін орындап және оларды имплементациялау қажеттілігі туралы мүше мемлекеттерге хабарлайды;

- өзінің жұмысы туралы Комиссияның кеңесінде есеп береді;

- ЕАЭО қалыптасуына және жұмыс жасауына, дамуына қатысты мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

- Мүше мемлекеттердің Комиссияға келіп түскен ұсыныстарына қатысты сараптамалық қорытындыларды дайындайды;

- ЕАЭО сотын қосқанда, сооттық инстанцияларда Комиссияның мүддесін білдіруді қамтамасыз етеді;

- өзінің өкілеттігі шегінде ЕАЭО мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен қарым-қатынас жасауды жүзеге асырады;

- Комиссияға келіп түскен сұрау салуларды қарайды;

- Комиссия Кеңесімен қабылданған Комиссияның шешімдерін және халықаралық келісім шарттардың жобаларын, сондай-ақ Комиссияның өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құжаттарды әзірлейді;

- Комиссия Кеңесінің, Үкіметаралық кеңестің Жоғары Кеңестің және көмекші органдардың отырыстарын өткізуді қамтамасыз етеді;

- Комиссия Алқасының жанынан консультациялық органдар құрады; және

- Комиссияның жұмысын ұйымдастыру міндеттерін жүзеге асырады.

223. Жұмыс тобының бір мүшесі "халықаралық келісімдерді қорытындылау жөніндегі келіссөздерді жүргізуге Еуразиялық Экономикалық Комиссияның өкілеттігі бар ма және бар болса, оған кім қол қоюға өкілетті" - деп Қазақстан өкіліне сауал қойды. ЕАЭО туралы шартқа сәйкес, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес ЕАЭО үшін үшінші тараппен халықаралық келісімдердің міндеттілігіне байланысты халықаралық келісімдер жүргізу өкілеттілігін бөліп беру және ойын нақты білдіру туралы шешім қабылдап, осы тұрғыдағы келісімдерден шығу не тоқтату мәселесін де қарастыра алады. Мұндай өкілеттіліктен қалыс қалмау жайы әр келісім негізінде жеке-жеке қабылданады.

224. ЕЭК Алқасына есепті ретінде құрылған сауда жүйесіндегі әкімшілік өкілетті органдар, комитеттер және комиссиялар ветеринариялық, санитариялық, фитосанитариялық шараларда, саудадағы техникалық кедергілер мен басқа да жүйелерде Қазақстанның уәкілетті органдарымен өзара қарым-қатынас жасауы қандай әдістермен жүзеге асырылатынын түсіндіруді сұрады. Бұл сауалға Қазақстандық өкіл, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары фитосанитариялық және санитарлық, ветеринарлық, техникалық реттеу жүйелеріндегі шараларға байланысты сол кездегі Кеден Одағының келісімі, одан әрі ЕАЭО келісімі туралы ЕАЭО келісіміне орай бекітілген арнайы тетіктер мен тиісті ережелерге сай жобаны әзірлеуге белсене қатысты деп түсініктеме берді. Атап айтқанда, ветеринариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, техникалық кедергілер жөніндегі Консультативтік

комитеті, ЕАЭО қатысушы-мемлекеттердің өкілдіктері арасында кеңес беруді жүргізу үшін алаңдарды ұсынатын арнайы Консультативтік орган болып табылады. Консультативтік комитет шеңберінде Қазақстанның тиісті мемлекеттік органдары ЕАЭО заңдылық актілеріне сараптама жүргізіп, техникалық регламентті қоса алғанда, фитосанитариялық және санитарлық, техникалық реттеу саласына қатысты жобалар тәртібі ұсыныстарын жүзеге асыруға қатысады.

225. Атап айтқанда, қарастырылған тәртіпке сәйкес, ЕАЭО техникалық регламенті ЕАЭО мүше мемлекеттерінің шешімімен әзірленеді. Техникалық регламенттің жобасын әзірлеуге жауапты мүше мемлекет техникалық регламенттің жобасын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органды анықтайды. Мемлекеттік орган ЕАЭО мүше мемлекеттердің құзыретті органдарынан келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, техникалық регламенттің жобасын дайындайды.

226. Жалпы ТБТ мен СФС шараларына қатысты ЕАЭО-ның нормативтік-құқықтық актілерінің барлығы Комиссия қабылдағанға дейін тиісті ұлттық органдарда қаралып, мақұлдануы тиіс.

227. Өзге салаларға қатысты, ЕАЭО туралы шарттың "Еуразиялық Экономикалық Комиссия туралы ережесінің" № 1 қосымшасының 44-тармағына сәйкес Алқа консультативтік органдарды құруға құқылы. Қазіргі таңда мынадай консультативтік комитеттер құрылған:

- Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитет;
- Көлік және инфрақұрылым жөніндегі консультативтік комитет;
- Сауда жөніндегі консультативтік комитет;
- Техникалық реттеу, ветеринариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі консультативтік комитет;
- Салық саясаты және әкімшілендіру жөніндегі консультативтік комитет;
- Кедендік реттеу жөніндегі консультативтік комитет;
- Электр энергетикасы жөніндегі консультативтік комитет;
- Мұнай және газ жөніндегі консультативтік комитет;
- Өнеркәсіп жөніндегі консультативтік комитет;
- Ауыл шаруашылығы секторы жөніндегі консультативтік комитет;
- Статистика жөніндегі консультативтік комитет;
- Макроэкономикалық саясат жөніндегі консультативтік комитет;
- Көші-қон саясаты жөніндегі консультативтік комитет;
- Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі консультативтік комитет;
- Зияткерлік меншік жөніндегі консультативтік комитет.

Консультативтік комитеттер Алқа үшін ұсыныстар дайындайды, келісімдер мен қағидалардың жобалары бойынша ұсыныстар әзірлейді. Консультативтік комитеттер ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекеттің мемлекеттік органдарының өкілдерінен және тәуелсіз сарапшылардан тұрады. Әрбір комитеттің төрағасы мен хатшысы ЕЭК

өкілдері болып табылады. Осылайша, мүше мемлекеттер өздерінің өкілдері арқылы ЕЭК-тің шешімдер қабылдау процесіне қатысады.

228. ЕАЭО шеңберінде "мемлекеттік сатып алуды" жүзеге асырудың бірыңғай режимі ЕЭК шеңберінде қолданыла ма деген сұраққа Қазақстан өкілі "БЭК-тің Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу туралы келісімі шеңберінде басқа да мүше мемлекеттер 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап өзара түсіністік негізінде мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысқан кезде ұлттық режимді ұсынуға кепілдік берілген. Осы режим ЕАЭО туралы шарттың "Мемлекеттік сатып алу" деген XXII бөліміне және "Сатып алуды реттеудің тәртібі туралы хаттама" деген № 25 қосымшасына сәйкес өз қолданысын сақтайды деп жауап берді.

229. ЕЭК-тің "қызмет көрсетулермен өзара сауда және инвестициялар" саласындағы құзыретіне қатысты, Қазақстан өкілі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында қызмет көрсетулермен сауда және инвестициялар ЕАЭО туралы шарттың "Қызмет көрсетулермен сауда, құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру" деген XV бөлімімен және "Қызмет көрсетулермен сауда, құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттама" деген № 16 қосымшасымен реттеледі. Осы ережелердің негізгі мақсаты – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында қызмет көрсетулермен сауданы ырықтандыруға жағдай жасау, ЕАЭО шеңберінде қызмет көрсетулермен өзара сауданың ортақ қағидаттары мен қағидаларын құру және қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру болып табылады. Бұл ережелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасындағы қызмет көрсетулермен сауданы және инвестицияларды реттемейді және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында немесе үшінші елдермен қызмет көрсетулерді және инвестицияларды реттеу жөніндегі құзыретті ЕЭК-ке бермейді деп жауап берді.

230. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан өкілінен шекаралық бақылаудан басқа, зияткерлік меншік саласында ЕЭК-тің қандай құзыреті бар екенін түсіндіріп беруді сұрады. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шартқа сәйкес ЕЭК-тің ЕАЭО туралы шарт ережелерінің орындалуын жалпы бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері бар. ЕАЭО туралы шарт авторлық құқықтарды, тауар таңбаларын және патенттерді реттеудің жалпы қағидаттарын ЕАЭО шеңберінде айқындайды. Бүгінгі таңда ЕЭК-ке шекаралық бақылауды қоспағанда, зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі қандай да бір өкілеттіктер берілмеген деп жауап берді.

231. ЕЭК-тің еңбек көші-қоны саласындағы, сондай-ақ қаржылық нарықтар саласындағы (банк саласы, сақтандыру саласы, валюталық нарық, құнды қағаздар нарығы) құзыретін түсіндіру туралы сауалға жауап ретінде Қазақстан өкілі тиісті ережелерді ЕАЭО туралы шарттың "Еңбек көші қоны" деген XXVI бөлімінен табуға болады. ЕАЭО туралы шарт ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын еңбеккерлердің еңбек қызметіне және оларды әлеуметтік қорғауға (медициналық қызмет көрсету және әлеуметтік сақтандыру) қатысты рәсімдерді реттейді.

ЕЭК ЕАЭО туралы шарттың ережелерін имплементациялауды жалпы бақылауға жауапты болып табылады. Көші-қон саясаты жөніндегі консультативтік комитет ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматтарын жұмыспен қамту бөлігінде унификацияланған құқықтық режимді құру жөніндегі ұсыныстарды дайындау және бірыңғай көші-қон саясатын жүзеге асыру үшін құқықтық базаны қалыптастыру мақсатында құрылды деп жауап берді.

232. ЕЭК-тің "қаржылық нарықтарды (банк саласы, сақтандыру саласы, валюталық нарық, құнды қағаздар нарығы)" реттеу бөлігіндегі құзыретіне қатысты Қазақстан өкілі тиісті ережелерді ЕАЭО туралы шарттың "Валюталық саясат" деген XIV бөлімінен және "Келісілген валюталық саясатты жүргізуге бағытталған шаралар туралы" деген № 15 қосымшасынан табуға болады. ЕАЭО туралы шартқа сәйкес Комиссияға ЕАЭО-ның фискалдық және валюталық саясаты саласында шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктер берілмеген. Осы саладағы саясатқа қатысты шешімдерді ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет ұлттық деңгейде қабылдайды. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер айырбастау бағамына қатысты үйлестірілген саясатты ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері басшыларынан тұратын жеке органды құру арқылы жүзеге асыратын боламыз деп уағдаласты. ЕАЭО туралы шарттың 103-бабында мұндай органның 2025 жылы құрылатындығы көзделген деп жауап берді.

(h) ЕАЭО органдарының шешімдер қабылдауы

233. ЕАЭО туралы шарттың 18-бабына және "Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің" № 1 қосымшасының 13-тармағына сәйкес Комиссия өз өкілеттіктері шегінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер үшін міндетті болатын шешімдер, өкімдер мен ұсынымдар қабылдайды. Комиссияның шешімі ЕЭК Кеңесі мен ЕЭК Алқасының шешімдерінен тұрады және ЕАЭО-ның шарттық-құқықтық базасына кіреді және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумақтарында тікелей қолданылуға жатады. Комиссияның шешімдерін, өкімдері мен ұсынымдарын Комиссия Кеңесі және Комиссия Алқасы өз өкілеттіктері шегінде қабылдайды.

234. ЕАЭО туралы шартқа "Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің" № 1 қосымшасының 30-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің немесе Комиссия Кеңесі мүшесінің Комиссия Алқасы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Комиссия Алқасына оның күшін жою немесе оны өзгерту туралы ұсыныс енгізуге құқығы бар.

235. Комиссия Алқасының материалдарын алғаннан кейін Комиссия Кеңесі күнтізбелік 10 күн ішінде шешім қабылдайды. Комиссия Алқасы қабылдаған шешіммен келіспейтін мүше мемлекет Үкіметі басшысының қолымен Жоғары Кеңестің Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оны өзгерту туралы ұсынысы жазылған хат жібере алады. Шешімі оны Үкіметаралық Кеңес және/немесе Жоғары Кеңес қараған күнге дейін күшіне енбейді.

(i) Еуразиялық Экономикалық Одақтың Соты

236. Қазақстан өкілі мүшелерге Еуразиялық Экономикалық Одақ Сотының Статуты (бұдан әрі – ЕАЭО Соты) ережелері ЕАЭО туралы шартқа № 2 қосымшада қамтылғанын мәлімдеді. ЕАЭО Сотын құруға қосымша ретінде Соттың Статуты Соттың өкілеттіктерін және қолданылатын рәсімдерді көздейді. Ол Статут ережелеріне сәйкес Соттың:

- ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттардың, ЕАЭО-мен үшінші елдер арасындағы халықаралық шарттардың және ЕАЭО органдары қабылдайтын шешімдердің қолданылуын және интерпретациялануын қамтамасыз ететінін;

- ЕАЭО туралы шартты, ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) ЕАЭО органдарының шешімдерін іске асыру жөніндегі мәселелер бойынша туындайтын дауларды қарастыратынын; және

- ЕАЭО шеңберінде қолданылатын халықаралық шарттардың ережелерін түсіндіруді жүзеге асыратынын айтты.

237. ЕАЭО-ның жұмыс істеуіне байланысты ЕАЭО-ның Соты ЕАЭО туралы шартты, ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) ЕАЭО органдарының шешімдерін іске асыруға қатысты дауларды:

1) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің:

- ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің ЕАЭО туралы шартқа сәйкестігі туралы;

- ЕАЭО туралы шартқа мүше басқа мемлекеттің ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) ЕАЭО органдарының шешімдерін, сондай-ақ көрсетілген халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сақтауы туралы;

- Комиссия шешімінің және оның жекелеген ережелерінің ЕАЭО туралы шартқа, ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) ЕАЭО органдарының шешімдеріне сәйкестігі туралы;

- Комиссияның іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы өтініші бойынша;

2) шаруашылық жүргізуші субъектінің:

- Комиссия шешімінің және (немесе) оның шаруашылық жүргізуші субъектінің өзге де экономикалық қызмет саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын жекелеген ережелерінің ЕАЭО туралы шартқа және (немесе) ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкестігі туралы;

- Комиссияның ЕАЭО туралы шарттың және (немесе) ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттардың шеңберінде шаруашылық жүргізуші субъектінің экономикалық қызмет саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы өтініші бойынша қарайды.

238. Қазақстан өкілі, егер ЕАЭО-ға мүше мемлекет немесе Комиссия 3 ай ішінде даулы мәселені шешпесе, онда дауды қарау туралы өтініш ЕАЭО-ның Сотына

жолдануы мүмкін екенін түсіндірді. Бұл ретте, даулы мәселе Тараптардың келісімі бойынша осы кезең өткенге дейін ЕАЭО-ның Сотына жіберілуі мүмкін екенін айтты.

239. Қазақстан өкілі ЕАЭО Сотының құзыреті ЕАЭО туралы шарттың "Соттың юрисдикциясы" деген IV бөлімінің және "Еуразиялық Экономикалық Одақ Сотының статуты" деген № 2 қосымшаның ережелеріне сәйкес қана айқындалатынын атап көрсетті. ЕАЭО-ның Сотына ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің міндеттемелеріне қатысты өз пікірін білдіру құзыреті берілмеген, сондай-ақ Сот мұндай міндеттемелердің орындалуын шектей алмайды. Сонымен қоса, ол Соттың құзыреті ЕАЭО-ның құқықтық базасының бір бөлігі болып табылатын халықаралық келісіммен тура белгіленген жағдайда ғана кеңейтілуі немесе шектелуі мүмкін екенін атап өтті. "Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы" 2011 жылғы 19 мамырдағы шарт осындай келісім болып табылады. Көрсетілген шарт ЕАЭО-ның құқықтық базасының бір бөлігі болып табылатындықтан, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің, Жоғары Кеңестің немесе Комиссияның Шарт бойынша ЕАЭО-ның құқықтық базасының бір бөлігі болып табылатын осындай құқықтар мен міндеттемелерді бұзуын ЕАЭО-ға мүше мемлекет Соттың Статутына сәйкес ЕАЭО Сотында даулай алады. Сонымен қатар, шаруашылық жүргізуші субъектілер ЕАЭО Сотына жоғарыда көрсетілген Шарт ережелерінің бұзылуы туралы да мәлімдей алады.

240. Қазақстан өкілі ЕАЭО Сотының Статутына сәйкес Сотқа ЕАЭО туралы шарттың, ЕАЭО шеңберінде халықаралық шарттардың ережелерін және ЕАЭО органдарының шешімдерін түсіндіру өкілеттіктері де берілгенін айтты. Осындай түсіндірулер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің немесе ЕАЭО органының сұрау салуы бойынша консультативтік қорытынды нысанында беріледі, бұл мүше мемлекетті оларға өзінің бірлескен түсіндіруін беруден айырмайды.

241. ЕАЭО-ның Сотына жүгіне алатын тұлғалар тобына байланысты Қазақстан өкілі ЕАЭО мәселелеріне қатысты істер бойынша Сот:

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтініштері бойынша істерді қарайтынын түсіндірді.

242. ЕАЭО туралы шартқа сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің және үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілері:

- егер осындай шешімдер шаруашылық жүргізуші субъектінің ЕАЭО туралы шартта және (немесе) ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғаса, Комиссияның экономикалық қызмет саласындағы шешімдерін даулау; және

- егер осындай әрекеттер шаруашылық жүргізуші субъектінің ЕАЭО туралы шартта және (немесе) ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген құқықтары мен

заңды мүдделерін тікелей қозғаса, Комиссияның экономикалық қызмет саласындағы әрекеттерін және (немесе) әрекетсіздіктерін даулау мақсатында ЕАЭО Сотына өтініш беруге құқылы.

243. ЕЭК актілерін немесе олардың жекелеген ережелерін не ЕЭК әрекеттерін және (немесе) әрекетсіздіктерін даулауға олардың осы халықаралық шарттармен берілген кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға әкеп соқтырған ЕАЭО шеңберінде жасалған халықаралық шарттарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады. Сонымен қоса, ол мәні де және негіздері де дәл сондай бұрын қаралған іс бойынша Соттың күшіне енген шешімі бар болса, өтініштің қарауға қабылданбайтынын айтты. Соттың шешімі қайтадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін.

244. Бұдан әрі Қазақстан өкілі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ЕАЭО Сотының шеңберінде апелляциялық палата құрғанын атап көрсетті. Іс бойынша тарап Сот Алқасының шешіміне қатысты Соттың Апелляциялық палатасына шағымдануға құқылы. Соттың Апелляциялық палатасының құрамына шешімі бойынша шағым жасалған істі қарауға қатыспаған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден судьялар кіреді. Апелляциялық палатаның шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

245. Қазақстан өкілі ЕАЭО органдарының шешімдерін, ЕАЭО шеңберіндегі шарттардың ережелерін, сондай-ақ ЕАЭО-ға байланысты мәселелерді іске асыру жөніндегі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы экономикалық сипаттағы дауларға қатысты Соттың шешімдері Тараптар үшін міндетті болып табылатынын айтты. Сот Алқасының шешімі, егер оған іс бойынша тараптар Соттың апелляциялық палатасына шағымданбаса, шығарылған күнінен бастап күнтізбелік 15 күннен кейін күшіне енеді. Апелляциялық палатаның шешімі шығарылған күнінен бастап күшіне енеді. Соттың шешімі ол белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда ЕАЭО-ға мүше мемлекет тараптарының кез келгені осы мәселе бойынша шешім қабылдау үшін Жоғары Кеңеске жүгіне алады. Жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъекті үшін ЕЭК Сот шешімін орындамаған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъект оны орындау жөніндегі шараларды қабылдау туралы өтінішхатпен Сотқа жүгінуге құқылы. Сот шаруашылық жүргізуші субъектіден өтінішхат келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде осы мәселе бойынша шешім қабылдауы үшін Жоғары Кеңеске жүгінуге міндетті.

(j) Транспаренттілік

246. Қазақстан өкілі қандай да бір шараны енгізу, өзгерту немесе оның күшін жою жөніндегі ұсыныстарды ЕАЭО-ға мүше мүдделі мемлекеттің өз ұлттық заңнамасына сәйкес әзірлейтінін айтты. Мұндай мүше мемлекет қолданыстағы ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен мүдделі тараптармен ұсыныс бойынша консультациялар өткізеді. Сондай-ақ, ол жұмыс тобының мүшелерін, егер мұндай ұсыныстар Қазақстан

Республикасының қарауына басқа мүше мемлекеттер тарапынан жіберілсе, олар Қазақстан Республикасының ұсыныстары сияқты, дәл сондай тәртіппен дереу қоғамдық консультациялар өткізудің нысанасына айналатынын хабардар етті. ЕАЭО туралы шартқа "Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттама" деген № 7 қосымшаға сәйкес мүше мемлекеттердің сыртқы сауда қызметіне қатысушылар Комиссияға үшінші елдермен тауар саудасына қатысты тарифтік емес шараларды енгізуге, қолдануға немесе олардың күшін жоюға байланысты ұсыныстар мен ескертулер ұсына алады. Сонымен қоса, мүдделі тұлғалар консультацияларға қатыса алады және Комиссия айқындайтын рәсім мен нысанға сәйкес оның нәтижелері туралы хабардар етілуі мүмкін.

247. Қазақстан өкілі ЕАЭО органдарының шешімдерін ЕАЭО-ның ресми сайтында жариялау күні болып осы шешімді ресми жариялау күнінің танылатынын айтты. Әдетте, Комиссия шешімдерінің ұсынымдардан өзгешелігі сонда – олар ЕАЭО сайтында ресми жарияланған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді. Комиссияның шешімдері қабылданған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде www.eurasiancommission.org веб-сайтында орналастырылады.

248. Мүшелер транспаренттілік мәселесіне, сондай-ақ қағидалар мен басқа да актілерді бекітетіндерін қоса алғанда, ЕАЭО-ның халықаралық шарттары да, Комиссияның шешімдері де ДСҰ мүшелеріне және ДСҰ-ға мүше мүдделі тұлғаларға консультацияларға қатысу және ЕЭК-тің тікелей пікір білдіру құқықтарын бермейтініне өз алаңдаушылықтарын білдірді. Бұл мән-жай ЕАЭО-ның халықаралық келісімдерінің және рәсімдердің ДСҰ талаптарына сәйкес келуіне қатысты алаңдаушылық туғызып отырғанын айтты. Осы мүшелер Қазақстан Республикасына шешімдерді немесе басқа да реттеу шараларын қоса алғанда, ұсыныс жасауға немесе құқықтық актілер қабылдауға ЕЭК жауапты болып табылатын жағдайларда осы Баяндаманың "Транспаренттілік" деген бөлімінде жазылған өз міндеттемелерін орындауға қатысты ниеттерін түсіндіріп беру өтінішімен жүгінді.

249. ЕЭК-тің транспаренттілігі мен қол жетімділігіне байланысты мүшелер айтқан алаңдаушылыққа қатысты Қазақстан өкілі оларға ДСҰ мүшелерінің өз ұсыныстарын тікелей ЕЭК-ке ұсынуына кедергілер жоқ екенін хабарлады. Ол Қазақстан Республикасы барлық мүше елдердің Қазақстан ЕЭК-ке ұсынатын ұсыныстарға қатысты пікірлерін оң қабылдайтынын атап көрсетті.

250. Қазақстан өкілі КО Комиссиясының "Сыртқы сауданы реттеу шаралары бойынша Кеден одағының Комиссиясына ұсыныстар енгізу регламенті туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 308 Шешіміне осы Баяндаманың "Транспаренттілік" деген бөлімінің 1141-тармағында көзделген, ЕАЭО-ның ұсынылып отырған құқықтық актілерінің жобаларын алдын ала жариялау тетігін олар қабылданғанға дейін енгізу, сондай-ақ, мүшелер мен мүдделі тұлғаларға құқықтық актінің жобасын қарау кезінде ЕАЭО-ның осындай ойларды ескеруге уәкілетті құзырлы органына өз ойларын беру

үшін ақылға қонымды мерзім беру мақсатында өзгерістер енгізілгенін растады. Сонымен бірге, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап бұл тетікке сәйкес осы Баяндаманың "Транспаренттілік" деген бөлімінің 1146-тармағында көзделген ЕАЭО-ның құқықтық актілерінің бір де бірі ДСҰ Келісімінің ережелеріне сәйкес жарияланғанға дейін заңды күшіне енбейді. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

(к) ЕАЭО-ның құқықтық режимі шеңберінде ДСҰ міндеттемелерін орындау

251. Қазақстан Республикасының өкілі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің "Кеден одағының көпжақты сауда жүйесі шеңберінде жұмыс істеуі туралы" 2011 жылғы 19 мамырдағы шартты (бұдан әрі – Көпжақты сауда жүйесі туралы шарт) жасасқанын айтты. Осы мемлекетаралық келісім "2007 жылғы 6 қазандағы КО-ның құқықтық базасын құрайтын халықаралық келісімдердің күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу қағидалары туралы" Хаттаманың ережелеріне сәйкес күшіне еніп, ЕАЭО туралы шарттың шеңберінде өз қолданысын жалғастыруда. Көпжақты сауда жүйесі туралы шартқа сәйкес ЕАЭО-ға мүше кез келген мемлекет ДСҰ-ға кірген кезден бастап ДСҰ Келісімінің ережелері Қосылу туралы хаттамада айқындалғандай, ЕАЭО-ның құқықтық базасының шеңберінде мүше мемлекеттер ЕАЭО-ның уәкілетті органдарына берген реттеу мәселелерімен, сондай-ақ ЕАЭО-ның құқықтық базасын құрайтын халықаралық келісімдермен реттелетін құқықтық қатынастармен байланысты оның ДСҰ-ға кіру шарттарының бір бөлігі ретінде мүше мемлекет қабылдаған міндеттемелерді қоса алғанда ЕАЭО-ның құқықтық базасының ажырамас бөлігіне айналады. Осылайша, осы ережелер бірыңғай міндеттемелердің бір бөлігіне және өз кезегінде ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекеттің бірыңғай міндеттемесінің бір бөлігі болып табылатын ЕАЭО-ның халықаралық келісімдеріне айналады. Көпжақты жүйе туралы шартқа сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО шеңберінде халықаралық келісімді дайындау кезінде шарттің немесе келісімнің ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекеттің ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелеріне қайшы келмейтініне кепілдік беруге міндетті. Осы сияқты, ЕАЭО-ның органдары ЕАЭО актілерін қабылдау және қолдану кезінде актілер осы міндеттемелерге сәйкес келуге тиіс. Бұдан әрі Қазақстан Республикасының өкілі мүше мемлекеттердің ДСҰ Келісімнен туындайтын құқықтары мен міндеттерінің әрбір мүше мемлекет өзінің ДСҰ-ға кіру шарттарының бір бөлігі ретінде қабылдаған және ЕАЭО-ның құқықтық жүйесінің бір бөлігіне айналған міндеттемелерін қоса алғанда, әрбір мүше мемлекеттің Қосылу туралы хаттамасында айқындалғандай, ЕАЭО-ның сотын немесе мүше мемлекеттің халықаралық келісімін қоса алғанда, ЕАЭО органдарының шешімі бойынша күшін жоюға немесе шектеуге жатпайтынын түсіндірді. ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекет ДСҰ мүшесі болған жағдайда осы мүше мемлекеттің құқықтары мен міндеттері ДСҰ Келісіміне сәйкес ЕАЭО-ның құқықтық жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады. Ол кеден одақтарын құру мен олардың жұмыс істеуін реттейтін ДСҰ ережелерінің де қолданылатынын деп түсіндірді. Ол ДСҰ-ның

мүшесі болып табылмайтын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің жекелеген жағдайларда ДСҰ Келісімінің ережелерінен ауытқи алатынын атап өтті. Бірақ мүше мемлекет ДСҰ мүшесіне айналғанда ДСҰ Келісімінің ережелерінен кез келген ауытқу Тараптың ДСҰ-ға кіру шарттарында айқындалғандай, жеке дара қаралады және шешіледі. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер әрбір мүше мемлекеттің кіру туралы хаттамасында айқындалғандай, оларды ДСҰ Келісіміне сәйкес келтіру мақсатында ЕАЭО құқықтық жүйесін және ЕАЭО органдарының шешімдерін бейімдеу үшін шаралар қабылдауға міндетті. Мұндай шаралар қабылданбайынша, ЕАЭО-ның басқа да келісімдері және ЕАЭО органдарының шешімдері, егер олар ДСҰ Келісімімен үйлескен жағдайда ғана қолданылатын болады. Осылайша, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құқықтары мен міндеттері ДСҰ Келісіміне сәйкес ЕАЭО-ның бұрынғы және келешектегі келісімдері және ЕАЭО органдарының шешімдері алдында басымдыққа ие болады.

252. Қазақстан Республикасының өкілі Көпжақты жүйе туралы шарттың ЕАЭО-ның келісімі және ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекеттің ұлттық құқықтық жүйесінің бір бөлігі болып табылатынын түсіндірді. Осыған байланысты, ұлттық соттар ЕАЭО туралы шарттың ережелерін қолдануға тиіс. Сондай-ақ, ол Көпжақты жүйе туралы келісімнің ДСҰ-ға кіру шарттарының бір бөлігі ретінде және ЕАЭО-ның құқықтық базасының бөлігіне айналған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің әрқайсысы қабылдаған міндеттемелерге қатысты ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің, Жоғары Кеңестің және ЕЭК-тің міндеттемелерін айқындап бергенін растады. Осылайша, мұндай міндеттемелерді ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің, Жоғары Кеңестің және ЕЭК-тің бұзуын ЕАЭО-ға мүше мемлекет немесе Еуразиялық Экономикалық Комиссия ЕАЭО-ның Сотында даулай алады. Сонымен қатар, Соттың Статуты ережелерінде және Сотқа жүгіну туралы 2010 жылғы 9 қазандағы келісімде айтылғандай, экономикалық қызмет субъектілері Көпжақты жүйе туралы шарт ережелерінің бұзылуын ЕАЭО сотында дәлелдей алады.

– Сыртқы саудадағы саясатты қалыптастыруға және іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар; Апелляция беру құқығы

253. Қазақстан Республикасының өкілі Жұмыс тобының мүшелерін ЕАЭО Сотының және Қазақстан Республикасының ұлттық сот жүйесінің тәуелсіз екендігі жайлы хабардар етті. ЕАЭО Сотының Статуты Қазақстан Республикасының жоғары сот органына жекелеген халықаралық келісімдерді түсіндіру бойынша қорытынды алу үшін ЕАЭО Сотына жүгіну өкілеттіктерін береді. Дегенмен, ЕАЭО Соты ұлттық сот жүйесінің апелляциялық органы болып табылмайды. Қазақстан Республикасының өкілі соттың Статутына сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық Жоғарғы Соты ЕАЭО-ның сотынан ЕАЭО-ның құқықтық актілерін жүзеге асыруға қатысты консультативтік қорытындыларды сұрай алатынын атап көрсетті. Кейіннен, ұлттық Жоғарғы Сот осы қорытындыны барлық ұлттық төменгі соттар назарға алуға тиіс нормативтік қарарында жазып көрсете алады.

254. Қазақстан Республикасының өкілі мемлекет басшылары деңгейіндегі ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық кеңесінің (ЕурАзЭҚ) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 16 шешімімен КО-ның немесе ЕАЭО-ның Жоғары органының Сараптамалық Кеңесі 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап құрылғанын және Сараптамалық Кеңестің жұмысы бойынша ережелер қабылданғанын атап өтті. Мемлекетаралық кеңестің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы № 69 шешімімен Сараптамалық Кеңестің мүшелері таайындалды. Экономикалық қызмет субъектілері ЕАЭО-ның құқықтық жүйесінің бір бөлігі болып табылатын халықаралық келісімге ЕЭК шешімінің сәйкестігі туралы қорытындыны алу үшін Сараптамалық Кеңеске жүгіне алады. Егер Сараптамалық Кеңес өтінішті қабылдаса, осы мәселені зерттеу үшін және ЕЭК шешімінің ЕАЭО-ның құқықтық базасына сәйкестігі туралы қорытындыны шығару үшін Келісім комиссиясы ұйымдастырылады және, егер ЕЭК шешімі оған сәйкес келмесе, ол ЕЭК шешімін қайта қарау үшін ұсынымдар береді. ЕЭК Сараптамалық Кеңестің қорытындысы және осы қорытындыны ЕЭК-тің қарау нәтижелері жөнінде Жоғары Кеңесті хабардар етуге міндетті.

255. Жұмыс тобының кейбір мүшелері ДСҰ мәселелері бойынша әкімшілік шешімдерге шағым жасаудың әкімшілік және соттық арналары туралы, атап айтқанда, импорттаушылар мен экспорттаушылар (i) әкімшілік арналар шегінде ДСҰ-ға қатысы бар кеден органдары шешімдеріне және өзге де шешімдерге; және (ii) 1994 жылғы Тарифтер және сауда бойынша Бас келісімнің X бабында айқындалғандай, соттағы немесе басқа да "тәуелсіз соттағы" әкімшілік қаулыларға қалайша шағымдана алады деген сұрақ қойды.

256. Қазақстан Республикасының өкілі Қазақстан 2010 жылғы 1 шілдеде күшіне енген 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты қолданады деп жауап берді. Кеден одағы Кеден кодексінің 9-бабына сәйкес кез келген тұлға кеден органдары шығарған шешімдерге, кеден органдарының және олардың қызметкерлерінің әрекетіне және/немесе әрекетсіздігіне шағымдануға құқылы. Сонымен қатар, мұндай тұлғалар кеден органы немесе оның ресми тұлғасы шешім шығарған елдің ұлттық заңнамасына сәйкес апелляция беруге тиіс. Яғни, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 -III Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар тиісті кеден органының немесе ресми тұлғаның әрекеті немесе шешімі туралы ақпаратты жеке немесе заңды тұлға алған кезден бастап 3 айдан кешіктірмей, кеден органдары шығарған шешімдерге және кедендік ресми тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты жоғары тұрған органға шағымдануға құқылы. Егер жауапты қызметкер болмаса немесе өтініш беруші шешіммен келіспесе, өтініш беруші Қазақстанның 1999 жылғы 13 шілдедегі № 411-I Азаматтық іс жүргізу кодексіне (бұдан әрі – Азаматтық іс жүргізу кодексі) сәйкес сотқа жүгіне алады. Азаматтық іс жүргізу кодексінің 278-бабы әкімшілік апелляцияны, сондай-ақ ерекше өндірістерді қоса

алғанда, апелляция үшін бірыңғай сот рәсімін айқындайды. Азаматтық іс жүргізу кодексінің 280-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғаны туралы ол өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арызбен жүгінуге құқылы. Сонымен қоса, осындай жағдайларда, егер жеке және заңды тұлғалар үш ай мерзім ішінде сотқа арыз бере алмаса, бұл арызды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Арызды үш ай ішінде бермеудің себептері шағымды қарау кезінде тергеп-тексерілуге тиіс және ол шағымды қараудан бас тартуға негіз бола алады. Аудандық, облыстық және басқа да жергілікті соттардың бірінші инстанцияда қабылданған сот шешімдерін қайта қарау апелляция/инспекциялау рәсімі бойынша жүзеге асырылады. Жоғары тұрған органдарға бұған дейін жүгіну соттарда тура апелляция жасау үшін міндетті алғышарт болып табылмайды. Өздерінің соттарға қатысуына не қатыспауына қарамастан, Бас, облыстық, аудандық прокурорлар және оларға теңестірілген мемлекеттік айыптаушылар және олардың орынбасарлары заңды күшіне әлі енбеген сот шешімдеріне (Жоғарғы Соттың шешімдерін қоспағанда) шағымдануға құқылы. Іс тараптары және өзге де жәбірленуші тараптар осындай шешімдерге шағымдана алады. Апелляциялар бұзушылық жасалған кезден бастап бір ай ішінде берілуге тиіс және бірінші инстанциядағы сот арызды алған кезден бастап бір айдан кешіктірілмей тыңдалуға тиіс. Апелляциялық сот шағым бойынша жаңа фактілер табуы мүмкін және ерекше себептермен бірінші инстанциядағы сотта ұсынылмаған жаңа дәлелдемелерді тергеп-тексере алады. Күшіне еніп қойған сот шешімдері, қаулылары, декреттері және бұйрықтары сот қадағалауы рәсіміне сәйкес Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген (мысалы, жаңа фактілердің ашылуы) негіздерде бір жыл ішінде қайта қаралуы және оларға шағым жасалуы мүмкін. Белгілі бір істерге қатысты Жоғарғы Соттың бақылаушы кеңесі шығарған шешімдердің қайта қаралуы және Жоғарғы Соттың бақылаушы кеңесі істі екінші мәрте қайта қарауы ықтимал.

257. Техникалық реттеу саласындағы апелляциялар мен шағымдарға қатысты, СФС мәселелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының өкілі ЕАЭО шеңберінде СФС мәселелерін қоса алғанда, техникалық реттеудің бірыңғай жүйесі бар екенін және осылайша, ЕАЭО-ның белгілі бір қағидаларын және ЕАЭО шараларын қоса алғанда, ЕАЭО-ның тиісті келісімдерінде, ЕЭК-тің шешімдерінде көзделген апелляциялар бойынша ЕАЭО Сотының юрисдикциясы бар екенін түсіндірді. Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының СФС мәселелерін қоса алғанда, техникалық реттеумен байланысты шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қатысты ол соттың шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті органдарының кез келген шешімдеріне тәуелсіз сот жүйесі арқылы апелляция беру үшін және құқықтарын қалпына келтіру бойынша қажетті әрекеттерді жүзеге асыруды қамтасыз ету үшін заңды шаралар бар екенін түсіндірді.

IV. ТАУАРЛАР САУДАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

– Импорт және экспорт бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін тіркеу талаптары

258. Қазақстан өкілі барлық ұлттық және шетелдік жеке және заңды тұлғалардың Қазақстанда сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға құқықтары және осындай құқықтарды кез келген болғызбау немесе шектеу ЕАЭО туралы шартта (бұдан әрі - ЕАЭО туралы шарт), Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – ЕЭК немесе Комиссия) шешімдерінде, ЕАЭО-ның басқа да заңнамалық актілерінде және ұлттық заңнамада белгіленеді деді. Жалпы, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы 269-ХІІ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 2-бабында (Жалпы бөлім) тауарлар, қызмет көрсетулер және ақша Қазақстан аумағында еркін қозғалыста болады делінген және Қазақстан Республикасының "Кеден ісі туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы № 296-ІV кодексі (бұдан әрі - Қазақстанның Кеден кодексі) осы тақырыпты егжей-тегжейлі түсіндіреді. Сондай-ақ, ол 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО туралы шарттың күшіне енуі нәтижесінде тауарларды елге (елден) әкелуге (әкетуге) қатысты негізгі талаптар ЕАЭО туралы шарттың "Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттама" деген 7-қосымшасына негізделетінін және ол Кеден одағының (КО) мынадай Келісімдерінің ережелерін ауыстырғанын атап көрсетті: 2008 жылғы 25 қаңтардағы Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісім, 2009 жылғы 9 маусымдағы Үшінші елдерге қатысты бірыңғай кеден аумағында тауарлардың сыртқы саудасын қозғайтын шараларды енгізу және қолдану тәртібі туралы келісім, сондай-ақ, 2009 жылғы 9 шілдедегі Тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау қағидалары туралы келісім. Бұл Келісімдер ЕАЭО туралы шарт 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгенде өз қолданыстарын тоқтатады. Ал мынадай Шешімдер өз қолданыстарын жалғастыруда: КО Комиссиясының "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағында бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы №132 шешімі (бұдан әрі – № 132 шешім) және Комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімі (бұдан әрі – № 134 Алқа шешімі). Этил спирті және алкоголь өнімдері, шифрлау қасиеті бар тауарлар (криптографиялық тауарлар), сондай-ақ дәрілік заттар және фармацевтикалық субстанциялар сияқты жекелеген тауарларды әкелуге арналған рәсімдер №132 Шешіммен бекітілген және № 134 Алқа шешімімен қайта бекітілген Ережелерде белгіленеді. Қазақстандағы импорттық және экспорттық режимге қатысты осы Баяндаманың жекелеген бөлімдері ЕАЭО туралы шарттың ережелеріне, Комиссия шешімдеріне және әкелуді немесе әкетуді автоматтық емес лицензиялауға арналған талапты және/немесе автоматтық лицензиялауды (рұқсат беруді) қоса алғанда, ЕАЭО-ның басқа да заңнамалық құжаттарына сипаттама береді. Қазақстан өкілі 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО туралы шарттың № 7 қосымшасына, осы Шешімдерге және Ережелерге сәйкес ЕАЭО-ға мүше әрбір

мемлекеттің уәкілетті органы әкелуге немесе әкетуге автоматтық емес лицензиялар беру және/немесе автоматтық лицензиялау (рұқсат беру), сондай-ақ қызмет түріне лицензиялар беру үшін жауапты болатынын түсіндірді.

259. Қазақстан өкілі декларанттар (импорттаушылар/экспорттаушылар) немесе осындай мақсаттар үшін тіркелген олардың өкілдері ғана тауарды әкелумен және әкетумен байланысты кедендік әрекеттерді ұсынуы (кедендік құжаттарды ұсыну, кедендік құны мен шығару елін мәлімдеу, кедендік баждарды және салықтарды төлеу, тауарлар шығаруды қамтамасыз ету, апелляция жасау құқықтары және басқалар) мүмкін екенін айтты. Декларанттардың (импорттаушылардың/экспорттаушылардың) талаптары мен құқықтары "Кеден одағының Кеден кодексі туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы шартпен (бұдан әрі – КО Кеден кодексі) реттеледі. Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 284-бабына, КО Кеден кодексінің 186-бабына сәйкес декларант ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің импорт немесе экспорт (немесе тапсырыс бойынша) туралы шарты бар не әкелінетін немесе әкетілетін тауарларды иеленетін жеке немесе заңды тұлғасы болуға тиіс. Қазақстанда заңды тұлға ретінде тіркелу жөнінде тұлғаға немесе ұйымға қойылатын талаптар "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді статистикалық есепке алу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңда (бұдан әрі - № 2198 Заң), "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57-III Заңда (бұдан әрі – № 57-III Заң), 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде (бұдан әрі – Бюджет кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексте (бұдан әрі – Салық кодексі) ұсынылған.

260. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстан аумағынан тысқары жерлерде болатын заңды және жеке тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар әкелу кезінде декларант (тауарларды импорттаушы) ретінде болу мүмкіндігіне қатысты алаңдаушылық білдірді. Әсіресе, олар Қазақстан жүйесі мұндай тұлғаларға декларант ретінде болуға, сондай-ақ, тауарлар әкелумен байланысты барлық кедендік ресмиліктерден өтуге жауапты болып қалуға мүмкіндік бермейтінін айтты. Жұмыс тобының мүшелері осындай құқықтарды қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылданатынын түсіндіруді сұрады.

261. Қазақстан өкілі КО Кеден кодексінің 186-194-баптары ЕАЭО-ның кедендік аумағына тауарлар әкелетін тұлғаларға қойылатын талаптарды және кедендік баждар мен алымдар төлеуді қоса алғанда, барлық қажетті кедендік рәсімдерді ұсыну талаптарын белгілейтінін түсіндірді. КО Кеден кодексінің 186-бабында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің тіркелген заңды тұлғасы ғана декларант ретінде бола алатындығы айтылған. Яғни, Қазақстанның заңды тұлғасы ретінде тіркелген шетелдік компанияның

құрылымдық бөлімшесі декларант бола алады. Дегенмен, шетелдік тұлғаға жеке қажеттіліктері үшін тауарларды әкелу үшін Қазақстанның заңды тұлғасы ретінде тіркелудің қажеті жоқ.

262. Қазақстан өкілі әкелу мен әкетуді қоса алғанда, коммерциялық қызмет үшін жеке және заңды тұлғаны тіркеу туралы қойылатын талаптар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасының айрықша нысанасы болып табылатынын және бұл жағдайды өзгерту көзделіп отырмағанын түсіндірді. Ол Қазақстанда тіркелу туралы талаптың кеден заңнамасын, оның ішінде Қазақстан аумағына тауарларды шартты түрде шығару және кедендік өткізу бекеттері мен кедендік ресімдеу орындарында жеделдетілген кедендік рәсімдерді жүргізуге мүмкіндік беретін кейіннен бақылау туралы оның ережелерін тиісті түрде іске асыруды қамтамасыз ету үшін қажет екенін атап көрсетті.

263. Тіркеу бойынша қойылатын талаптарға қатысты, Қазақстан өкілі № 2198 Заңның 3-бабына сәйкес өздерінің құрылу мақсатына, қызмет түрі мен сипатына қарамастан, Қазақстанда құрылған барлық заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуге жататынын мәлімдеді. Мемлекеттік тіркеу мынадай мақсаттар үшін: (i) заңды тұлғаның, филиалдар мен өкілдіктердің құрылу, қайта ұйымдастырылу және қызметін тоқтату фактісін куәландыру және оларды есепке алу үшін; (ii) заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімін және филиалдар мен өкілдіктер тізілімін жүргізу үшін; (iii) ұлттық заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстанда тіркелген заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) тарату үшін жүзеге асырылатынын айтты.

264. № 2198 Заңның 9-бабына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерін, сондай-ақ өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып өтініш берілген күннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал мемлекеттік қайта тіркеу – үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Өз қызметін үлгілік емес жарғының негізінде жүзеге асыратын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса бере отырып өтініш берілген күннен кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. № 2198 Заңның 6-бабына сәйкес заңды тұлға тіркелу үшін мынадай құжаттарды: (i) нысан бойынша өтінішті; (ii) құрылтай құжаттарын; (iii) алымды төлегенін растайтын құжатты; (iv) заңды тұлғаның немесе оның агентінің орналасқан жерін куәландыратын құжатты; және (v) табыстау актісін немесе бөлу балансын, қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кредиторларды осындай қайта ұйымдастырылу туралы хабардар еткенін растайтын құжатты үш данада ұсынуға тиіс. Арнайы қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі былай деп түсіндірді: № 2198 Заңның 6-бабына сәйкес мынадай құжаттардың біреуі заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат болып табылады: (i) жалдау шартының

нотариалдық түрде куәландырылған көшірмесі; (ii) сатып алу-сату шартының нотариалдық түрде куәландырылған көшірмесі; (iii) жеке меншік құқығын растайтын өзге де құжат. Егер де үй-жайдың иесі жеке тұлға болса, онда жеке тұлғаның үй-жайды заңды тұлғаның орналасқан жері ретінде бергені туралы нотариалдық түрде куәландырылған келісім ұсынылады. Одан әрі ол "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді статистикалық есепке алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 60-V Заңға сәйкес акционерлік қоғамдарды қоспағанда, барлық коммерциялық заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу бір жұмыс күні ішінде жүргізілетінін атап көрсетті. Сондай-ақ, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу үшін акционерлік қоғамдарды қоспағандағы жарғы және заңды тұлғаның (офистің) немесе оның агентінің орналасқан жерін растайтын құжаттар талап етілмейтінін айтты.

265. Егер халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбеген болса, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаларды тіркеу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа мыналар ұсынылуға тиіс: (i) құрылтайшының – шетелдік заңды тұлғаның шетелдік мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариалдық түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріне аудармасы бар заңдастырылған құжат ; және (ii) құрылтайшының – шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын, нотариалдық түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріне аудармасы бар құжат (яғни, паспорт, куәліктер, тұруға ықтиярхат алу үшін берілген рұқсат). Мұндай талаптар шетелдік қатысуы бар барлық заңды тұлғаларға біркелкі қолданылады және шынайы кемсітушілікті білдірмейді.

266. Құрылтай құжаттарының Заңға сәйкес келмеуі және заңды тұлғаны құрудың заңда белгіленген тәртібін бұзу заңды тұлғаны тіркеуден бас тартудың жалғыз себебі болуы мүмкін. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартудың негіздері № 2198 Заңның 11-бабында тізбеленген. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден немесе қайта тіркеуден бас тартудың нақты негіздері қамтылған уәжді бас тарту өтініш берушіге өтінішті берген күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша түрде беріледі және оған сот тәртібімен шағымдануға болады.

267. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 18 наурыздағы № 537 Заңға сәйкес заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері тіркеу туралы куәліктерді бір терезе қағидаты бойынша алуы мүмкін. Оларға мемлекеттік тіркеу туралы; салық органдарында салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы; статистика органдарында мемлекеттік статистикалық тіркелімге енгізілгені туралы куәліктер жатады. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік шектелмеген мерзімге беріледі және бірыңғай тіркеу Қазақстанның бүкіл аумағында танылады.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік мемлекеттік қайта тіркеу немесе орналасқан жері өзгерген кезде ғана ауыстырылуға жатады. Алымдардың шарттары мен мөлшерлемелерін қоса алғанда, заңды тұлғалардың әртүрлі құқықтық нысандарын тіркеу кезінде қолданылатын талаптары бар кесте осы Баяндаманың 5 (А) қосымшасында ұсынылған.

268. Жұмыс тобының кейбір мүшелері қайта тіркелуге және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алуға қатысты талаптардың адвалорлық қағидат бойынша әзірленгеніне және шетелдік компаниялар мен ұйымдар үшін қосымша ауыртпалық болып табылатынына алаңдаушылық білдірді. Олар Қазақстандағы өзінің жеке мұқтаждықтарын қоспағанда, коммерциялық тіркеудің тауар әкелу мен әкету талабы болып табылатынын ескере отырып, ДСҰ-ға кіргенге дейін Қазақстан тіркеу төлемдерін 1994 жылғы ГАТТ VIII бабының талаптарына сәйкес келтіретінін растауды сұрады. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 28 қазандағы № 135 бұйрығымен бекітілген " Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымдардың мөлшерлемелерін есептеу әдістемесіне" сәйкес шағын бизнес субъектілерін қоса алғанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымдар мөлшерлемелерін есептеу көрсетілетін қызметтердің құнына негізделеді деп жауап берді. Дәл осындай әдістеме тауарларды әкелу немесе әкету үшін қажетті қызмет түрдерімен белгіленген лицензиялау үшін алынатын алымдар мөлшерлемелерін есептеу кезінде де қолданылады. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымдар мөлшерлемелері Салық кодексінде белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) мөлшері негізінде есептеледі. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін тіркеу алымы 2 АЕК (2014 жылы шамамен ~20 АҚШ доллары), басқа заңды тұлғалар үшін – 6.5 АЕК (2014 жылы шамамен ~65 АҚШ доллары). Мұндай айырмашылық жұмсалатын ресурстар мен шығындардың әртүрлі деңгейде болуына негізделген. Шағын бизнесті тіркеу үшін талап етілетін құжаттардың аз болуына байланысты шағын бизнес ұсынған құжаттарды талдау үшін аз уақыт және аз ресурстар қажет болады. Яғни, көрсетілетін қызметтер құны басқа заңды тұлғаларды тіркеу құнынан аз болады. Тіркеу алымдарының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бірдей болады. Алымдар мөлшерлемелерін есептеу әдістемелері осы Баяндаманың 5 (В) қосымшасында ұсынылған.

269. Жұмыс тобының бір мүшесі шағын бизнес субъектілерін және басқа заңды тұлғаларды тіркеу ұзақтығындағы елеулі айырмашылықты атап көрсетті және барлық шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін тіркеудің біркелкі мерзімін белгілеу мақсатында Қазақстанның одан әрі өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастырып жатқанына ризашылығын білдірді. Жауап ретінде Қазақстан өкілі шағын кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу үшін оңайлатылған рәсім көзделіп отырғанын және соның нәтижесінде тіркеу үшін алынатын алымдардың мерзімі мен мөлшерлемелері

азаятынын мәлімдеді. Тіркеудің осындай оңайлатылған рәсімі өз қызметін үлгілік жарғының негізінде жүзеге асыратын субъектілердің құрылтай құжаттарына заңдық сараптама жүргізу қажеттілігінің жоқтығымен түсіндірілетінін айтты. Ол өз Үкіметінің бүгінгі таңға дейін осы рәсімдерге қатысты шағымдар мен қарсылықтар алмағанын да атап өтті. Мұндай преференциалдық режим Үкіметтің кедейшілік деңгейін азайту және қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жою жөніндегі мейлінше ауқымды стратегиялық міндеттерді шешуге, орта класты нығайтуға бағытталған стратегиялық бағдарламаның бір бөлігі және басқа елдерде қолданылатын, шағын бизнесті қалыптастыру мен дамытудағы арнайы көмекті қамтамасыз ететін саясат болып табылады. Оның пікірінше, осы шаралар барлық отандық және шетелдік субъектілерге кемсітпеушілік негізде қолданылады және осылайша, ДСҰ нормаларына қайшы келмейді. Сондай-ақ, ол "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді статистикалық есепке алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 60-V Заңға сәйкес акционерлік қоғамдарды қоспағанда, барлық коммерциялық заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу бір жұмыс күні ішінде жүргізілетінін тағы да бір айтып өтті.

270. Жұмыс тобы мүшелерінің біреуі қойған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі "уәкілетті экономикалық оператор" деген ұғымның ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің кедендік баждар мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі талаптарды, сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру тарихын, орындалмаған міндеттің немесе кеден органдары алдында борышының жоқтығын, жүгінген күнге дейінгі бір жыл ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтарының болмауын, тауарлар есебі жүйесінің болуын, сондай-ақ, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің, нақ осы жағдайда - Қазақстанның заңды тұлға соларға сәйкес құрылған басқа да қажетті талаптарды сақтауын қоса алғанда, КО Кеден кодексінің 39-бабында және Қазақстанның Кеден кодексінің 6-тарауында белгіленген талаптарға жауап беретін заңды тұлғасын білдіретінін түсіндірді. КО Кеден кодексінің 41-бабына және Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 65-бабына сәйкес уәкілетті экономикалық оператордың оңайлатылған және жеделдетілген кедендік рәсімдерге, оның ішінде транзиттелетін тауарларға қатысты құқығы бар. Уәкілетті экономикалық оператордың мәртебесі және оңайлатылған рәсімдерге қол жеткізу осы мәртебені берген ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумақтарында қолданылады. Сондай-ақ, Қазақстан өкілі уәкілетті экономикалық оператор, егер оның оңайлатылған рәсімдер қолданылатын осындай тауарларға қатысты декларант ретінде болуға құқығы бар болса, сол тауарларға ғана қатысты оңайлатылған рәсімдерді пайдалана алатынын атап көрсетті.

271. Жұмыс тобының бір мүшесі Қазақстан өкіліне компанияның немесе кәсіпорынның Қазақстанда тіркелуі басқа ТМД елдерімен преференциалдық сауданы жүзеге асыру үшін "резидент" мәртебесін алуды білдіре ме деген сұрақ қойды. Жұмыс

тобының бұл мүшесі "резидент" мәртебесі мен тіркеу кезінде алынатын Қазақстандағы заңды мәртебе арасындағы нақты айырмашылықты айқындап беруді сұрады. Қазақстан өкілі, егер ратификацияланған халықаралық шартта "резидент" термині осындай шарттың мақсаттары үшін айқындалмаған болса, "резидент" мәртебесі Бюджет кодексінің, № 57-III Заңның және Салық кодексінің ережелерімен реттеледі деп жауап берді. Көрсетілген заңнамалық актілерге сәйкес компаниялар, егер олар Қазақстанда салық төлеуші ретінде тіркелген болса, ТМД елдерін қоса алғанда, еркін сауда аймақтары туралы келісімдер бойынша преференциалдық режимді пайдалана алатынын айтты.

272. Жұмыс тобының жекелеген мүшелері тауарлар саудасы құқығына, "тіркеу талаптарына" немесе "қызметті лицензиялауға" қатысты заңдар мен қағидалар қажеттігіне қарағанда мейлінше ауырпалықты болмауға тиіс және осылайша, 1994 жылғы ГАТТ XI:1 бабында көзделген сандық шектеулерді қолдануға жалпы тыйым салуды бұза отырып импортты шектемеуге, сондай-ақ, 1994 жылғы ГАТТ III:4 бабының ережелерін бұза отырып импортталатын тауарларды кемсітпеуге тиіс екенін атап көрсетті. Сонымен қоса, тауарларды импорттау құқығы үшін алынатын төлемдер мен алымдар 1994 жылғы ГАТТ VIII:1(a) бабында және VIII:4(c) бабында көзделгендей, көрсетілген қызметтер құнынан аспауға тиіс, ал импортталатын тауарлар саудасына құқық үшін ішкі салықтар мен өзге де ішкі алымдар 1994 жылғы ГАТТ III: 2-бабы талап ететіндей, осы сияқты отандық тауарлармен салыстыру бойынша кемсітушілікке әкеп соқтырмауға тиіс екенін айтты.

273. Сондай-ақ, жұмыс тобының мүшелері шетелдік заңды тұлғаның Қазақстаннан "тауарларды импорттаушы және экспорттаушы" бола алатынын және шетелдік импорттаушы және экспорттаушы Қазақстанда жеке қатысуы арқылы шетелдік тұлғамен импорттық/экспорттық келісімшарттарға заңды түрде қол қоя алатынын растауды сұрады. Қазақстан өкілі шетелдік заңды тұлғалар тауарларды импорттаушы және экспорттаушы бола алады және өздерінің коммерциялық қатысуын Қазақстанның заңды тұлғасы ретінде тіркеген мұндай импорттаушылар мен экспорттаушылар шетелдік тұлғалармен импорттық/экспорттық келісімшарттарға қол қоя алады, сондай-ақ, тауарларды әкелу және әкету мақсатында декларант ретінде бола алады деп жауап берді.

274. Мүшелердің одан әрі қойған сұрақтарына Қазақстан өкілі ДСҰ-ның басқа мүшелерімен тауар саудасын қозғайтын шараларға қатысты Үкімет орындалуы ауыртпалық түсірмейтін транспарентті және болжамды талаптарды тіркеу мен қолданудың жеделдетілген тәртібін сақтау саясатын жалғастыратын болады деп мәлімдеді. Ол Қазақстанның тіркеу талаптарын заңды тұлғалардың импорттық және экспорттық операцияларға қатысу мүмкіндіктерін шектеу мақсатында қолданбайтынын және Қазақстанда бір рет тіркелген заңды тұлғалар осы Баяндамада сипатталғандай, тауарлар әкелуді және әкетуді жүзеге асыра алатынын қоса айтты. Қазақстан өкілі

заңды тұлға ретінде тіркеу жөніндегі талаптар мен рәсімдерді Қазақстанның қажеттігіне қарағанда оларды мейлінше ауырпалықты ете отырып қиындатпайтынын және тіркеуге қатысты сұратулар мақұлданған кезде отандық және шетелдік өтініш берушілер арасында айырмашылық жасамайтынын, сондай-ақ, транспаренттілік бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, ДСҰ Келісімінің қолданыстағы басқа да ережелеріне сәйкес әрекет ететінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

– (а) Этил спирті және алкоголь өнімдері

275. Кейбір мүшелер алкоголь өнімдерін сату жөніндегі қызметті лицензиялаудың қолданыстағы жүйесінің шектеу салдарларына байланысты алаңдаушылықтарын білдірді. Олар ағымдағы заңнама және Қазақстанның осы саладағы заңналасын өзгерту ниеті туралы ақпараттарды сұрады. Әсіресе, бұл мүшелер алкоголь өнімдерін әкелу құқығы үшін осы қызмет түріне арналған лицензияға белгіленген мөлшерлемелер туралы ақпаратты және алкоголь өнімдеріне мемлекеттік монополияны белгілеу жөніндегі жоспарлар туралы ақпаратты сұрады.

276. Қазақстан өкілі "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214-III Заңға (бұдан әрі - Лицензиялау туралы заң) түзетулер енгізетін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат ету жүйесін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 15 шілдедегі № 461-IV Заңға сәйкес этил спирті мен алкоголь өнімдері үшін импорттық лицензия алудың шарты болған, этил спирті мен алкоголь өнімдерін әкелу үшін осы қызмет түріне арналған лицензия бойынша талап 2012 жылғы 30 қаңтардан бастап күшін жойғанын айтты. Дегенмен, ол Қазақстанға этил спирті мен алкоголь өнімдерін импорттаушыларға осы Баяндаманың "Импортқа арналған ішкі салықтарды қолдану" деген бөлімінде сипатталғандай, этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру, өткізу немесе сақтау үшін осы қызмет түріне арналған лицензия және акциздік төлемдерді төлеу мақсатында акциздік маркаларды алу мен пайдалануға арналған лицензия талап етілетінін атап өтті.

277. Осыған қоса, КО Комиссиясының "Этил спирті мен алкоголь өнімдеріне қатысты тарифтік емес реттеу саласында Кеден одағының нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2011 жылғы 16 тамыздағы № 747 шешіміне сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің біреуі ДСҰ-ға кірген кезден бастап этил спирті мен алкоголь өнімдерін автоматты емес түрде лицензиялау жөніндегі талап күшін жойып, автоматты түрде лицензиялау рәсімімен ауыстырылатын болады. Нәтижесінде, мынадай заңнаманы: "Этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру мен олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі № 429-І Заңды (Этил спирті мен алкоголь өнімдерін реттеу туралы заң) қоса алғанда, осы тауарлар үшін автоматты түрде емес импорттық лицензиялауды талап ететін ұлттық заңнама өзгертілетін болады. Этил спирті мен алкоголь өнімдерін импорттық лицензиялауды

импорттық және экспорттық лицензиялауға жататын тауарлар тізбесінен алып тастау мақсатында "Тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы № 578 қаулысымен бекітілген "Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспорты мен импортын, сондай-ақ жекелеген тауарлардың импортын автоматты түрде лицензиялау кезіндегі қызметті лицензиялау қағидасы, лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары және экспорты мен импорты лицензиялануға тиіс тауарлардың тізбесі Қазақстан Үкіметінің 2012 жылғы 17 қазандағы № 1320 қаулысымен өзгертілді.

278. Мүшенің қойған сұрағына жауап ретінде Қазақстан өкілі "Алкоголь өнімін оны өндіру аумағында сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, этил спиртіні өндіру, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Үкіметінің 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 57 қаулысына сәйкес өтініш берушінің алкоголь өнімін сақтау мен өткізу үшін арнайы үй-жайларды біліктілік талаптарына сәйкес иеленуі немесе жалға алуы жөніндегі талап алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада өткізуге арналған лицензияны алу үшін шарт болып табылады. Мұндай жағдайда өтініш беруші сатып алу немесе жалдау шартының көшірмесін қоса беруге тиіс.

279. Жұмыс тобының мүшесі құрамында қосындыланған алкоголь бар тағамдық емес өнімдерді, яғни косметиканы, иіс суды, жуғыш заттарды, бояуларды, бояғыштарды және тағы басқаларын импорттаушыға "алкоголь өнімін өндіруге", "алкоголь өнімін сақтауға, көтерме және бөлшек саудада өткізуге" және "этил спирті мен алкоголь өнімін импорттауға" арналған лицензияны алу талап етіле ме деп сұрады. Қазақстан өкілі "алкоголь өнімін өндіру", "алкоголь өнімін сақтау, көтерме және бөлшек саудада өткізу" деген анықтамалар ("Лицензиялау туралы" заңның 36-бабында белгіленген) құрамында қосындыланған алкоголь бар тағамдық емес өнімдерді, яғни косметиканы, иіс суды, жуғыш заттарды, бояуларды, бояғыштарды және тағы басқаларын қамтымайды деп жауап берді. Этил спирті мен алкоголь өнімдерін реттеу туралы заңға сәйкес "алкоголь өнімі" деген анықтама Қазақстан заңнамасына сәйкес медициналық мақсаттар үшін тіркелгендерін қоспағанда, тағамдық шикізаттан және құрамында алкоголь бар өнімдерден алынатын этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5 пайыздан асатын құрамында алкоголь бар тамақ өнімі деп берілген. Этил спирті мен алкоголь өнімдерін реттеу туралы заң және ЕАЭО-ның заңнамалық актілері құрамында қосындыланған алкоголь бар тағамдық емес өнімдерді, яғни косметиканы, иіс суды, жуғыш заттарды, бояуларды, бояғыштарды және тағы басқаларын әкелуді реттемейді.

- Дәрілік заттар

280. Жұмыс тобының мүшесі "фармацевтикалық қызметті ұсыну: медициналық препараттарды өндіру, дайындау, көтерме және бөлшек саудада өткізу" қызметі түріне

арналған лицензиялау туралы талап тауарларды Қазақстанда өткізу құқығынсыз әкелу жөніндегі әрекеттерді қамти ма деп сұрады. Қазақстан өкілі ветеринарияда қолданылатын дәрілік заттарды қоса алғанда, дәрілік заттарға қатысты қызмет түрлеріне арналған лицензиялау мұндай қызметтің адам денсаулығы мен жануарлар тіршілігіне зиян келтіруі ықтимал болғандықтан дәрілік заттарды өндіру мен өткізу үшін талап етіледі деп жауап берді. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Кодекстің 80-бабына сәйкес дәрілік заттарды Қазақстанда заңды тұлға ретінде тіркелген шетелдік компанияларды қоса алғанда, мынадай қазақстандық заңды тұлғалар:

- дәрілік заттарды өндіруге арналған лицензиялары бар өндіруші ұйымдар;
- дәрілік заттарды көтерме саудада өткізуге арналған лицензиялары бар кәсіпорындар;
- дәрілік заттарды әзірлеу және мемлекеттік тіркеу үшін ғылыми-зерттеу ұйымдары, зертханалар;
- клиникалық зерттеулер жүргізу, мемлекеттік тіркеу, көрмелерге қатысу үшін шетелдік өндірушілер немесе олардың уәкілетті өкілдіктері;
- медициналық қызметті жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау ұйымдары әкелуі мүмкін.

Ветеринарияда қолданылатын дәрілік заттарды қоса алғанда, дәрілік заттарды импорттық лицензиялауға қатысты анағұрлым толық ақпарат осы Баяндаманың А "Импорттық реттеу" деген бөлімінің (б) "Импорттық лицензиялау" деген кіші бөлімінің "Тауарлар саудасы саласындағы саясат" деген IV тарауында келтірілген.

- Шифрлау құралдарын және арнайы техникалық құралдарды қамтитын тауарларды қоса алғанда, криптографиялық қасиеттері бар өнімдер

281. Кейбір мүшелер Қазақстанның шифрлау құралдарын қамтитын тауарларды өндіру немесе өткізу үшін пайдалануға арналған қызмет түріне лицензия талап ететінін және шифрлау құралдарын қамтитын белгілі бір тауарларды лицензиялау үшін өтініш берушіде осы қызмет түріне лицензиясының болуын талап ететінін атап көрсетті. Жұмыс тобы мүшесінің пікірінше, шифрлау құралдарын қамтитын тауарларды әкелудің немесе әкетудің шарттары ретіндегі қызмет түріне арналған лицензия туралы Қазақстан қойып отырған талаптар өткізудің орнына әкелу және әкету құқығына басы артық кедергіні құрайды. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан оның импорттық лицензиялау режимін ДСҰ талаптарына қалай сәйкес келтірмек екенін сұрады. Сондай-ақ, жұмыс тобының мүшелері импорттық лицензияны алудың шарты ретінде қызмет түріне арналған лицензияның болу талабы, яғни мұндай тауарларды қарапайым түрде әкелу оларды әкелуге қойылатын жөнсіз шектеу ретінде қолданылмайтынын қамтамасыз етуді сұрады.

282. Жауап ретінде Қазақстан өкілі "өткізу" деген анықтаманың "әкелу" деген анықтаманы қамтымайтынын түсіндірді. Лицензиялау туралы заңға сәйкес шифрлау

құралдарын қамтитын тауарларды әзірлеу мен өткізу Қазақстанда лицензияланған қызмет түрлері болып табылады. Осылайша, шифрлау құралдарын қамтитын тауарларды өткізуге арналған қызмет түріне берілетін лицензия тауарларды әкелу үшін талап етіледі.

283. Қазақстан өкілі импорттық лицензиялау бойынша талап етілетін тауарлардың сезімталдығы туралы ескертті және ДСҰ-ның көптеген мүшелері шифрлау құралдарын қамтитын тауарлар саудасын реттеп отыратынын мәлімдеді. Ол лицензиялау жүйесі импортты кемсітушілікке бағытталмағанын қоса айтты. Сондай-ақ, ол № 134 Алқа Шешімімен мақұлданған "Шифрлау құралдарын Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы" Ережеге (бұдан әрі – Шифрлау құралдары туралы ереже) сәйкес және осы Баяндаманың А "Импорттық реттеу" деген бөлімінің (б) "Импорттық лицензиялау" деген кіші бөлімінің "Тауарлар саудасы саласындағы саясат" деген IV тарауында сипатталғандай, шифрлау құралдарын қамтитын көптеген тауарларға енді импорттық лицензия талап етілмейтінін және осының нәтижесінде, оларды әкелу үшін қызмет түріне арналған лицензияның талап етілмейтінін атап көрсетті.

284. Жеке қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі жұмыс тобының мүшелеріне шифрлау құралдарын қамтитын тауарларды әзірлеу мен өткізуге арналған лицензияны алу үшін Қазақстанның заңды тұлғасы ретінде тіркелген шетелдік компанияны қоса алғанда, компанияның жоғары техникалық білімі бар бір сарапшысы болуға тиіс екенін хабарлады. Бұл сарапшылар Қазақстан азаматтары да, шетелдік азаматтар да болуы мүмкін.

285. Жұмыс тобының мүшесі Лицензиялау туралы заңның 18-бабының " мемлекеттік құпияларды қорғау үшін техникалық құралдарды жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсетуді" қоса алғанда, "мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау " және "ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу мен өткізу (өзге де ілгерілетуді қоса алғанда)" қызмет түріне арналған лицензияны талап ететінін айтты. Жұмыс тобының осы мүшесі бұл әрекеттер коммерциялық тұрғыдан қолжетімді электрондық жабдықтарды, мемлекеттік құпияларды қорғауға қарағанда, басқа мақсаттар үшін пайдаланылатын криптографиялық технологиялары бар бағдарламаларды, яғни компьютерлерді, электрондық карточкаларды, ұялы телефондарды және басқаларын әкелуді, көтерме және бөлшек саудада өткізуді, жалға алуды немесе электрондық жабдықтарды, мемлекеттік құпияларды қорғауға қарағанда, басқа мақсаттар үшін пайдаланылатын криптографиялық технологиялары бар бағдарламаларға сервистік қызмет көрсету және кейіннен қызмет көрсете отырып оларды жөндеуді қамти ма деп сұрады. Жауап ретінде Қазақстан өкілі "мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау" деген қызмет түріне арналған лицензияны алуға қойылатын талаптың "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау мен

қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 10 шілдедегі № 36-V Заңмен күші жойылғанын атап көрсетті. Қазақстан өкілі ЕАЭО-ның шеңберінде, Шифрлау құралдары туралы ереженің 11-тармағына сәйкес "жаппай тұтыну тауарларын" қоса алғанда, шифрлау құралдарын қамтитын белгілі бір тауарларды әкелудің бір реттік нотификациялауға жататынын атап өтті, яғни, импорттық лицензия да, қызмет түріне арналған лицензия да талап етілмейді. Тауарларға қызмет көрсету және оларды жөндеу лицензиялауға жатпайды. Дегенмен, шифрлау құралдарын қамтитын тауарларды Қазақстан аумағында көтерме саудада және бөлшек саудада өткізу үшін отандық тауарлар үшін де, әкелінетін тауарлар үшін де қызмет түріне арналған лицензия талап етіледі.

286. Арнайы техникалық құралдарды импорттауға арналған лицензияны алу үшін №134 Алқа Шешімімен мақұлданған "Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы" Ережеде айқындалғандай, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияны ұсыну қажет. Мынадай: (i) арнайы техникалық құралдарды әзірлеу мен дайындау; (ii) арнайы техникалық құралдарды жөндеу мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия арнайы техникалық құралдар (импортталған немесе отандық өндірістен шыққан) Қазақстан аумағында жедел-іздістіру қызметі субъектілеріне берілген жағдайда қажет болады. Лицензияны алу үшін мұндай компаниялардың негізін қалаушыларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына қол жеткізу рұқсаттары болуға тиіс.

287. Жеке қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі Қазақстанда өндірілген арнайы техникалық құралдар әкелінген арнайы техникалық құралдар сияқты Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде келісілу рәсімінен өтуге тиіс екенін айтты. Қызметті жүзеге асыруға берілетін лицензия "әзірлеу мен дайындау" және "жөндеу мен өткізу" үшін ғана талап етіледі. Ол "өткізу" термині жекелеген әрекет ретінде импортты қамтымайтынын, бірақ арнайы техникалық құралдарды импорттаушыда осы тауарлардың сезімталдығына байланысты қызмет түріне арналған лицензиялар түрлерінің біреуі болуға тиіс екенін растады. Бұған дейін, қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия 45 күн ішінде беріліп келді. Дегенмен, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 15 шілдедегі № 461-IV Заңға сәйкес қызмет түріне арналған лицензияны беру кезеңі 15 күнге дейін қысқартылды. Лицензиялауға жататын қызмет түрлері осы Баяндаманың 6-қосымшасының соңғы бағанында тізбеленген.

- Қорытынды

288. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кірген күннен бастап Қазақстан не ЕАЭО-ның құзырлы органы қабылдаған, тауарлардың импорты мен экспортына әсер ететін барлық заңдарды, қағидаларды және басқа да шараларды қолдану ДСҰ-ның Импорттық лицензиялау рәсімдері бойынша келісімін және ДСҰ-ның 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімінің I, III, VIII және XI баптарын қоса алғанда, ДСҰ Келісімінің тиісті ережелеріне сай болатынын растады. Ол ДСҰ-ға кіргеннен кейін Қазақстан ЕАЭО туралы шартқа, ЕАЭО-ның құқықтық құралдарына, Комиссия шешімдеріне не қазақстандық заңнамаға сәйкес импортталатын тауарларды декларациялауға арналған құқығы бар тұлғаға импорттау үшін берілетін лицензияны және/немесе қызмет түріне арналған лицензияны кеден органдарына ұсынбай-ақ, алкоголь өнімдерін, дәрілік заттарды және шифрлау құралдарын қамтитын тауарларды импорттауға байланысты тиісті кедендік баждарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге рұқсат етуді қамтамасыз ететінін және осы тауарларды импорттауға арналған тиісті лицензиясы және/немесе қызмет түріне арналған лицензиясы бар тұлға олардың Қазақстан Республикасы аумағында еркін айналымы мақсатында кедендік рәсімдеу пункті аумағынан әкете алатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

А. ИМПОРТТЫҚ РЕТТЕУ

- Қарапайым кедендік баждар

289. Қазақстан өкілі 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО туралы шарттың "Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі" деген 42-бабы және "Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттама" деген 6-қосымшасы Қазақстанда кедендік тарифті қолдану үшін құқықтық негіз болып табылатынын түсіндірді. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі (БКТ) ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің "Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы № 18 шешімімен (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің № 18 шешімі) белгіленген. ЕАЭО туралы шарттың 42-бабына сәйкес КО БКТ-ның негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар: (i) тауарларды ЕАЭО-ның кедендік аумағына әкелудің тауарлық құрылымын ұтымды ету; (ii) тауарларды ЕАЭО-ның кедендік аумағынан әкетудің және оған әкелудің ұтымды арақатынасын ұстап тұру; (iii) ЕАЭО-да тауарлар өндіру мен тұтыну құрылымындағы ілгерінді өзгерістер үшін жағдайлар жасау; (iv) ЕАЭО-ның әлемдік экономикаға тиімді интеграциялануы жағдайларын қамтамасыз ету, және (v) Одақ экономикасының салаларын қолдау болып табылады.

290. ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің № 18 шешіміне сәйкес кедендік баждар мөлшерлемелерін Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – ЕЭК немесе Комиссия) белгілейді. Сонымен қатар, дамушы және нашар дамыған елдерге тарифтік преференциялар беру қағидалары 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағының

бірыңғай тарифтік преференциялар жүйесі туралы хаттамада (бұдан әрі – Тарифтік преференциялар бойынша хаттама) көзделген.

291. ЕАЭО туралы шартқа сәйкес Комиссия БКТ-ның мөлшерлемелері бойынша шешімдерді ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы келіссөздердің нәтижелері негізінде қабылдайды. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерін біржақты тәртіппен өзгертуге құқығы болмайды. Қазақстан өкілі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер қолданатын тарифтік жеңілдіктер осы Баяндаманың "Тарифтік жеңілдіктер" және "Саудамен байланысты инвестициялық шаралар" деген бөлімдерінде сипатталғанын айтты.

292. Қазақстан өкілі БКТ-ның мөлшерлемелері бойынша шешімдерді Комиссия, әдетте, олар бойынша шешім консенсуспен қабылдануы қажет сезімтал тауарларды (осы Баяндаманың 7-қосымшасында тізбеленген 5 012 тарифтік желілерді) қоспағанда, мамандырылған дауыс көпшілігінің үштен екісімен қабылдайтынын қоса айтты. Шешімді консенсуспен қабылдау ЕАЭО-ның құқықтық базасын құрайтын келісімдерде көзделген өзге де жағдайларда талап етілуі мүмкін. Ол БКТ-ға өзгерістерді және Қазақстан немесе ЕАЭО-ға мүше басқа да мемлекеттер ұсынатын тарифтік емес шараларды қоса алғанда, ЕЭК-тің құзырына берілген сауда саясаты бойынша Қазақстанның ұстанымын сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық комиссиясы қарап, мақұлдайтынын қоса айтты.

293. Жұмыс тобы мүшесінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісімнің 1-бабынан БКТ мақсатын "Кеден одағының экономикасын шетелдік бәсекелестіктің қолайсыз әсерінен қорғау" ретінде белгілейтін ережені алып тастау туралы сауалына жауап ретінде Қазақстан өкілі бұл ереже ЕАЭО туралы шартқа инкорпорацияланбаған және, тиісінше, ол 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылмайды деп жауап берді.

294. Қазақстан Республикасының өкілі 2004 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан таңбалық номенклатураны 2002 жылғы Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесінің (2002 ҮЖ) қайта қаралған нұсқасына негізделген 10 таңбалық номенклатураға ауыстырғанын атап көрсетті. Кейін, Үкіметтің "Кедендік тариф және Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасы туралы" 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1317 қаулысымен кедендік әкелу баждарының жаңа мөлшерлемелері белгіленіп, олар 2010 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылды. 2002 – 2007 ҮЖ сәйкестік кестесін қоса алғанда, 2007 ҮЖ нұсқасындағы Кедендік тарифтер тізбесін ұсыну жөніндегі сауалға жауап ретінде Қазақстан өкілі БКТ мөлшерлемелері Комиссияның ресми сайтында (<http://www.eurasiancommission.org/en/act/trade/catr/Pages/default.aspx>) жарияланғанын айтты. 2002-2007 ҮЖ сәйкестік кестесі ДСҰ Хатшылығына бөлек жіберілді.

295. Қазақстан өкілі 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап БКТ-ның қолданылатын мөлшерлемелері 2003 жылғы 11 маусымдағы ЕурАзЭҚ-тың сыртқы сауда қызметінің бірыңғай номенклатурасы туралы келісімде көрсетілгендей, 2007 ҮЖ номенклатурасына негізделген Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасында белгіленгенін қоса айтты. "Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасының және Кеден одағының бірыңғай кедендік тарифінің жаңа редакциясы туралы" 2011 жылғы 18 қарашадағы КО № 850 Комиссия Шешіміне сәйкес 2012 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан 2012 ҮЖ номенклатурасына негізделген БКТ мөлшерлемелерін қолдануда. ДСҰ-ның тарифтер бойынша келіссөздері Қазақстан келіссөздерді жүргізу басталған кезде пайдаланған номенклатураны көрсете отырып, 2002 ҮЖ номенклатурасының негізінде жүргізілді. Тауарлар нарығына қол жеткізу жөніндегі екіжақты келіссөздердің нәтижелерін негізге ала отырып, ДСҰ Хатшылығы Тарифтік құқық берулер мен міндеттемелердің шоғырландырылған тізбесінің жобасымен жұмысты аяқтап, оны 2007 ҮЖ номенклатурасына ауыстырды.

296. Қазақстан Республикасының өкілі бүгінгі таңда БКТ 11 170 тарифтік желіден тұратынын мәлімдеді. Көптеген тарифтік желілерге (9208 желі) қатысты адвалорлық мөлшерлемелер, ал 216 тарифтік позиция бойынша – ерекше мөлшерлемелер қолданылады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер оған қатысты тарифтік квоталар қолданатын етті: сиыр етін, шошқа етін және құс етін қоса алғанда, бірқатар тауарларды қоспағанда, адвалорлық мөлшерлемелердің 0-ден 30% -ға дейінгі диапазоны бар, онда ішкі квоталық мөлшерлемелер 0-ден 25% деңгейінде, квотадан тыс мөлшерлемелер – 50-ден 80%-ға дейін белгіленген. Ерекше мөлшерлемелер белгіленген тарифтік позициялар алманы, шоколадты, сыраны және күшті алкоголь ішімдіктерін қамтиды.

297. Қазақстан өкілі БКТ-ның қалған 1 746 тарифтік жүйесі аралас мөлшерлемелерге жататынын айтты. Ол аралас мөлшерлемелер баламалы мөлшерлемелерді білдіретінін, онда бір мөлшерleme – адвалорлық мөлшерleme, ал екіншісі – мөлшерlemenің ең төменгі деңгейі болып табылатын ерекше мөлшерleme, мысалы 5%, бірақ килограммына €1-дан кем емес екенін түсіндірді. Адвалорлық мөлшерleme де, ерекше мөлшерleme де тауарлардың кедендік құнына байланысты ғана қолданылатынын айтты. Қойылған сұраққа жауап ретінде ол аралас мөлшерлемелердің мыналарға: тірі шошқаларға, етке, балықтың кейбір түрлеріне, ферменттелген немесе ашытылған сүтке, қаймаққа, іріткіге, сары майға, ірімшікке, құс жұмыртқаларына, гүлдерге, қызанаққа, қиярға, бананға, цитрустарға, кофе мен шайға, күрішке, үгітілген ашытқыға және крахмалға, консервіленген жемістерге, өсімдік майларына, шұжықтарға және өзге де ет өнімдеріне, шырындарға, шай мен кофе сығындыларына, ашытқыларға, басқа жерде атауы аталмаған дайын өнімдерге (мысалы, 2106 позиция), суға және этил спиртіне, жануарлар азығына, шылым мен темекіге, натрий сульфидіне, резорцинге және оның тұздарына, малеинді ангидридке, ағартқыштарға және сабынға, декстринге

және модификацияланған крахмалдарға, пластмассаларға және олардан жасалған бұйымдарға, резина шиналарға, иленген тері мен былғары бұйымдарына, қағаз бен картоннан жасалған бұйымдарға, мата емес материалдарға, кілемдер мен тоқыма еден төсеніштеріне, төсеніші бар маталарға, маталарға, аяқ киімдерге, бас киімдерге, жасанды гүлдерге, керамикалық бұйымдарға, бижутерияға, алюминийге және одан жасалған бұйымдарға, қалайыға және одан жасалған бұйымдарға, киім-кешектерге, тұрмыстық электроникаға, машиналарға, сағаттарға және жиһазға қолданылатынын атап көрсетті.

298. Қазақстан өкілі аралас мөлшерлемелер бойынша баждар салуға жатпайтын тауарлар үшін Қазақстан не ЕАЭО-ның құзырлы органдары орташа кедендік құн базасында есептелген әрбір тарифтік желі үшін баждың ерекше бөлігінің адвалорлық эквивалентінің баждың Қазақстан Республикасының Тізбесіндегі тиісті тарифтік желі үшін белгіленген адвалорлық бөлігінен аспауын сақтауды мына ережелерге сәйкес қамтамасыз етілетінін растады:

(i) Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзырлы органдары баждың қолданыстағы ерекше мөлшерлемесінің қолданыстағы баждың адвалорлық бөлігінің деңгейінен аспауын қамтамасыз ету үшін оны азайту қажеттілігін жыл сайын айқындайды;

(ii) есептеулер Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен кейінгі күнтізбелік бірінші жылдан бастап әрбір күнтізбелік жыл өткенге дейін 2 ай қалғанда жүзеге асырылады;

(iii) соңғы 5 жылдық репрезентативтік кезеңдегі деректерді таңдау жолымен және одан ең жоғары және ең төмен сауда көрсеткіштері бар жылдардағы деректерді алып тастай отырып 3 жылдық кезеңнен алынған есептеу деректері;

(iv) Қазақстан солармен кеден одағында немесе еркін сауда туралы келісімде тұратын елдермен және аумақтармен сауда бойынша деректер есептеулерден алып тасталады;

(v) Деректер ДСҰ-ның Интеграцияланған Деректер Қорына (ИДҚ) берілетін Қазақстан Республикасының ресми кедендік статистикасынан іріктеліп алынады (мұндай деректер қолжетімді болмаған жағдайларды қоспағанда). Деректер қолжетімді болмағанда, ИДҚ немесе COMTRADE деректері пайдаланылады.

Қазақстан тарифтік желілер негізіндегі осындай есептеулердің нәтижелері жөнінде мүше елдерді хабардар етіп отырады және егер, мұндай нәтиже баждың ерекше бөлігін азайту қажеттілігін көрсетсе, ондай азайту есептеулер жүргізілген жылдан кейінгі жылғы 1 қаңтардан бастап жүргізіліп, автоматты түрде күшіне енетін болады. Ешбір жағдайда қолданыстағы баж (адвалорлық немесе ерекше нысандағы және Қазақстан не ЕАЭО-ның уәкілетті органдары белгілеген) аралас баждың байланысты мөлшерлемесінен аспайды. Егер жыл сайынғы қайта есептеуге негізделген азайтудан және мән-жайлардың өзгеруінен кейін баждың ерекше бөлігі баждың адвалорлық

бөлігінен елеулі түрде төмен болып қалса, Қазақстан баждың нысанын осы тарифтік желі үшін байланысты деңгейге сәйкес келетін таза адвалорлық деңгейге біржолата өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

299. Қазақстан өкілі Жұмыс тобының мүшелерін шығарылған жері белгісіз тауарлар импортына қатысты БҚР-дың екі еселенген мөлшерлемесі бойынша кедендік баждарды қолдануға рұқсат беретін ереженің "Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 8 қаңтардағы № 211-III Заңмен күші жойылғаны жайында хабардар етті. Яғни, мұндай импортқа қатысты БҚР-дың кәдімгі мөлшерлемесі қолданылады. Одан әрі ол ЕАЭО туралы шарттың "Дамушы елдерден және (немесе) нашар дамыған елдерде шығарылатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар" деген 36-бабына және Тарифтік преференциялар туралы хаттамаға сәйкес Қазақстан дамушы және нашар дамыған елдер үшін ЕАЭО-ның бірыңғай тарифтік преференция жүйесін (ЕАЭО БПЖ жүйесі) қолданады. ЕАЭО БПЖ жүйесін пайдаланатын дамушы (осы Баяндаманың 8-қосымшасы) және нашар дамыған елдердің тізбелері (осы Баяндаманың 9-қосымшасы), сондай-ақ ЕАЭО БПЖ жүйесінің қолданысына түсетін, дамушы елдерде және нашар дамыған елдерде шығарылған және солардан әкелінетін тауарлар тізбесі (осы Баяндаманың 10-қосымшасы) ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің № 18 Шешімімен бекітіліп, КО Комиссиясының "Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 Шешімімен (бұдан әрі – КО Комиссиясының № 130 Шешімі) қабылданған. ЕАЭО БПЖ жүйесіне сәйкес осы Баяндаманың 10-қосымшасында көрсетілген және дамушы елдерде шығарылған тауарларға қолданылатын кедендік әкелу баждары БҚР-дың кедендік баж мөлшерлемесінің 75 пайызы деңгейінде, ал нашар дамыған елдерде шығарылатын тауарлар үшін – 0% деңгейінде белгіленеді.

300. Жұмыс тобы мүшесі қойған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі ЕАЭО БПЖ жүйесінің қолданысына түсетін, дамушы елдерде және нашар дамыған елдерде шығарылған тауарлар үшін тарифтік преференциялардың, егер тауарлар сол елде осы елдің резидентінен сатып алынған жағдайда берілетін болатынын түсіндірді. Мұндай тауарлар ЕАЭО аумағына тікелей не транзиттеу жағдайында осындай тауарларды сол үшінші елдерде еркін айналымға орналастырмай, үшінші елдер арқылы транзитпен жеткізілуге тиіс. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Дамушы және нашар дамыған елдерде шығарылған тауарлардың шыққан жерін айқындау қағидалары туралы келісімге Қосымшада көзделгендей, егер тауарлар көрмеден немесе жәрмеңкеден сатып алынған болса да, тауар шығарылған елден сатып алынған болып есептеледі.

301. Жұмыс тобының мүшелері қойған сауалдарға жауап ретінде Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кіргеннен кейін дамушы және нашар дамыған елдер үшін БПЖ жүйесін Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзырлы органдары ДСҰ Келісімінің тиісті ережелеріне сәйкес қолданатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

302. Жұмыс тобының кейбір мүшелері КО Комиссиясының № 130 Шешімінің 2 және 7-тармақтары әкелу баждарын кемсітушілік тәртіппен не үшінші елдерге қатысты немесе инвестициялық жобалар үшін баж төлеуден босатылатын жекелеген импортқа қатысты қолдануға мүмкіндік беретініне өз алаңдаушылықтарын білдірді. Қазақстан өкілі, егер өңірлік сауда келісімдерімен немесе ЕАЭО БПЖ схемасымен өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан барлық әкелу баждарын тарифтік сауда және ынтымақтастық туралы келісімдердің негізінде үшінші елдерге қатысты кемсітпеушілік негізде қолданатынын растады. Инвестициялық жобалар шеңберінде БКТ-дан алып қоюлар осы Баяндаманың тиісінше "Инвестициялық режим", "Тарифтік жеңілдіктер", "Саудамен байланысты инвестициялық шаралар" деген бөлімдерінде сипатталған.

303. Жұмыс тобы мүшелерінің сауалдарына жауап ретінде Қазақстан өкілі Қазақстан ДСҰ-ға мүше болған кезде Қазақстанның Ақпараттық технологиялар туралы келісімге (ИТА) қосылуына мүмкіндік беруді тексеру үшін Қазақстанның ИТА рәсімдеріне сәйкес тексеру үшін ИТА Комитетіне ИТА үшін тізбені ұсынатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

304. Қазақстан Жұмыс тобының мүшелерімен тауарлар нарығына қол жеткізу жөніндегі екіжақты келіссөздер өткізді. Осы келіссөздердің нәтижелері WT/ACC/SPEC/KAZ/10/Rev.3 құжатта ДСҰ Хатшылығы 2012 жылғы 26 қыркүйекте таратқан Тауарлар бойынша құқық берулер мен міндеттемелердің шоғырландырылған тізбесі жобасында сипатталған. Қазақстан ЕАЭО-ға қатысушы болғаннан кейін Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстан БКТ-ға сәйкес қолданатын баж мөлшерлемелерінің тауарлар нарығына қол жеткізу жөніндегі екіжақты келіссөздер барысында келісілген нәтижелерден өзгеше екенін атап көрсетті. Қазақстанда БКТ-дан шектеулі алып қоюлар бар екенін ескере отырып, Жұмыс тобының осы мүшелері Қазақстан тауарлар нарығына қол жеткізу жөніндегі екіжақты келіссөздер барысында келісілген баж мөлшерлемелерін қолданбайды деген алаңдаушылықтарын білдірді.

305. Оған жауап ретінде Қазақстан өкілі Қазақстан солармен тауарлар нарығына қол жеткізу жөніндегі екіжақты хаттамалар жасасқан ДСҰ-ға мүше елдермен келіссөздердің нәтижесінде, ДСҰ-ға кіргеннен кейін:

(а) ДСҰ-ға мүше елдермен екіжақты келіссөздерде келісілген түпкілікті байланысты баж мөлшерлемесі бойынша Ресей Федерациясының Қосылу туралы хаттамасында белгіленген оның түпкілікті байланысты баж мөлшерлемесінен төмен болатын тауарлар бойынша Қазақстан өзінің түпкілікті байланысты баж мөлшерлемесін анағұрлым төмен деңгейде байланыстыратынын;

(б) Ресей Федерациясының Қосылу туралы хаттамасында белгіленген оның түпкілікті байланысты баж мөлшерлемесі баждар бойынша Қазақстан жүргізген екіжақты келіссөздерде келісілген Қазақстанның түпкілікті байланысты баж

мөлшерлемесінен төмен болатын тауарлар бойынша Қазақстан өзінің тиісті түпкілікті байланысты баж мөлшерлемесін Ресей Федерациясының анағұрлым төмен түпкілікті байланысты баж мөлшерлемесі деңгейінде байланыстыратынын;

(в) (б) тармақшасында айқындалған тауарлар бойынша Қазақстан Ресей Федерациясының Қосылу туралы хаттамасында көзделген кезең-кезеңмен төмендетуді көрсету үшін өзінің байланысты деңгейлерін сәйкес келтіретінін; және,

(г) Ресей Федерациясының Қосылу туралы хаттамасында белгіленген оның қолданыстағы байланысты баж мөлшерлемесі Қазақстанмен баждар бойынша екіжақты келіссөздерде келісілген бастапқы немесе ағымдағы байланысты баж мөлшерлемесінен төмен болатын тауарлар бойынша Қазақстан өзінің тиісті бастапқы немесе қолданыстағы баж мөлшерлемесін имплементациялаудың әрбір кезеңінде Ресей Федерациясының анағұрлым төмен қолданыстағы деңгейімен байланыстыратынын растады.

(а-г) тармақшаларында қабылданған нарыққа қол жеткізу жөніндегі екіжақты келіссөздердің нәтижелері мен міндеттемелер CLXXII нөмірімен Тауарлар бойынша құқық берулер мен міндеттемелер тізбесінде қамтылған және Қосылу туралы хаттамаға 1-қосымшаны (бұдан әрі – "Қосылу жөніндегі тізбе") құрайды.

306. Қазақстан БКТ шеңберінде қолданатын баждардың кейбір жағдайларда Қосылу жөніндегі тізбеде қамтылғаннан жоғары болып табылу фактісін атап көрсете отырып, Жұмыс тобының мүшелері Қазақстан ДСҰ-ға да, ЕАЭО-ға мүшеліктен туындайтын өз міндеттемелерін орындауды қалайша қамтамасыз ететін болады деп сұрады.

307. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кіргеннен кейін Қазақстан Қосылу жөніндегі тізбеде қамтылған міндеттемелерді толық көлемде, атап айтқанда, 308-311 тармақтарға сәйкес уағдаласылған және келісілген, түзетілген баж мөлшерлемелері Қазақстанның модификацияланған тізбесімен байланысты болмайынша және ЕАЭО-ға имплементацияланғанша, солар бойынша ЕАЭО-ның баж мөлшерлемелері Қосылу жөніндегі тізбеге сәйкес емес тарифтік желілерге қатысты ЕАЭО БКТ-дан алып қоюларды сақтауды қоса алғанда, ЕАЭО-ның тиісті инструменттері арқылы орындайтынын растады. ЕАЭО түзетілген баж мөлшерлемелерін қолданбаған жағдайда, Қосылу жөніндегі тізбеде қамтылған міндеттемелер басымдыққа ие болады. Сондай-ақ, ол 305-тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген, ЕАЭО аумағына Қазақстанға импорттау үшін әкелінетін тауарларды қоса алғандағы барлық тауарларға қатысты импортқа тыйым салуларға және шектеулер қоюға қарамастан, 1994 жылғы ГАТТ V бабын қоса алғанда, ДСҰ Келісімінде көзделгендей, транзиттеу қағидалары қолданылатынын және оларды ЕАЭО-ның жекелеген мүшесі өз аумағында қолдана алатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

308. Қазақстан өкілі, сондай-ақ, келесіні растады, тауарлар үшін Қосылу бойынша тізбеде көрсетілген 305 тармақтың (а) тармақшасымен көзделген кедендік тарифтің барлық қорытынды мөлшерлемелерін іске асыру күнінен бастап үш жыл алты айдан

бұрын емес, Қазақстан Қолжетімділік тізбесін олардың Қолжетімділік туралы хаттамасында көрсетілгендей Ресей Федерациясы кедендік тарифтердің қорытынды мөлшерлемелерімен сәйкестендіруге талпынатын болады, демек, Қазақстанмен нарықтық тауарларға қолжетімділіктің екі жақты хаттамасына қол қойған ДСҰ мүшелерімен келіссөздер бастайтын болады, мұндай сәйкестік Қазақстанға ықпал ететін болады, яғни, келіссөздерді бастау құқығын иеленген, не болмаса келіссөздер жүргізуді бастаған мерзімге дейін жеткізілімге деген түбегейлі немесе негізделген мүддесі болғандар, не болмаса 2008-2013 жылдар ішінде тарифтік позиция үшін кем дегенде 175 000 долларға Қазақстанға жыл сайынғы орташа көлемді импорт жасаушылар (бұдан әрі – "Мүдделі мүшелер"). Бұл мақсат үшін келіссөздердің басталуынан 6 ай бұрын Қазақстан ДСҰ мүшелерін келіссөздерге қатысуға өзінің ниеті туралы хабардар етуі тиіс және Қазақстанмен тауарлар нарығына қолжетімділіктің екі жақты хаттамаларын жасасқан, Қол қойған мүшелерді сол келіссөздерді жүргізу үшін тиісті ақпаратпен қамтамасыз етеді, ол мыналарды қамтуы тиіс: баж мөлшерлемелері жөніндегі тиісті кодтары және ақпараттары бар, өзгертілуге жататын тарифтік жүйе тізбесі, сондай-ақ статистика қолданылатын соңғы үш жыл ішіндегі шыққан елі бойынша енгізілген тауарлардың импорттау статистикасы. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

309. 308-тармақта көрсетілген келіссөздер, 305-тармақтың (а) тармақшасының қолданысына жататын, тауарларға баж мөлшерлемесінің ұлғаюын қамтитын болады. 308-тармақта сөз болып отырған келіссөздер, 305-тармақтың (б) тармақшасының қолданысына жататын тауарларға баж мөлшерлемесінің көтерілуін қамтымайды. Келіссөздердің нысаны болатын тауарларға қатысты Қазақстан өкілі қазақстандық баждың әкелу мөлшерлемесімен байланысты ұлғаюға жататын бірде-бір тарифтік позиция алып тасталмайтынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

310. 308-тармақта көрсетілген келіссөздер, осындай келіссөздер басталғаннан бастап үш жыл бойы өтемақылық түзету бойынша өзара тиімді шешімге қол жеткізу мақсатында ізгі ниет түрінде жүргізілуі тиіс. Өтемақылық түзету бойынша келіссөздер нақты басым тариф позициясы бойынша формалық ұстаным мен талаптар қамтуы мүмкін. Әр мүдделі мүшеге қатысты өтемақы құндылығы неғұрлым қолайлы режим кезінде Қазақстанға жыл сайынғы орта көлемді импорт үшін төленуге тиесілі баждар сомасы мен үш жылдық есептік кезең ішінде пайда болған деректер негізінде, келіссөздердің басынан бастап қолжетімді болған, Ресей Федерациясы кедендік тарифтердің соңғы байланыстырылған мөлшерлемелер негізінде есептелген және Қазақстандағы кедендік тарифтің соңғы байланыстырылған мөлшерлемесі негізінде шығарылған сол бір ғана сауда қызметі бойынша төленуге тиесілі баждар ауқымы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалуы тиіс. Осы келіссөздер барысында есептік кезең ішінде саудаға ықпал еткен және де ЕАЭО-да пайда болатын кез келген санитариялық және фитосанитариялық талаптар, не болмаса ерекше міндеттемелер

ескерілетін болады. Егер тиімді өтемақылық түзету келіссөздерге арналған уақыт ішінде келісілмесе, іс ДСҰ-ның Бас кеңесіне жолдануы тиіс. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

311. Қазақстанның өкілі, кеден одағында Тізбе нәтижелерін теңестіру ретінде, ол ДСҰ-ға мүше болған ЕАЭО-ның барлық мүшелерін осы келіссөздерге қосылуға және баждарды өтемақылық түзету бойынша келіссөздерге қатысуын қамтамасыз етуге күш салатынын растады. Ол сондай-ақ, Ресей Федерациясы өкілінің, ЕАЭО мүшесі болып табылатын Ресей Федерациясы кеден одағы үшін қолданылатын ДСҰ міндеттемелерінің сақталуымен өтемақы реттеуіне қатысатыны туралы бірнеше рет мәлімдегенін айтты. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

312. Қазақстанның өкілі ЕАЭО тәртібіне сәйкес Қазақстанның қосылуы жөніндегі жұмыс тобының Баяндамасының 251 және 252-тармақтарында сипатталған және Ресей Федерациясының ДСҰ-ға Кіруі бойынша Жұмыс тобы баяндамасының 185 және 186-тармақтарында сипатталған ЕАЭО мүшесі қабылдаған ДСҰ міндеттемелері ЕАЭО-ның құқықтық құрылымы болып табылатынын растады. Ресей Федерациясының өкілі осы Баяндаманың 311 және 312-тармақтарында көрсетілген Қазақстан өкілінің мәлімдемелерін қолдады.

313. Келіссөз нәтижелерін көрсету мақсатында, БКТ пен қосылу жөніндегі тізбе өзгертілетін болады. 309-тармаққа сәйкес келіссөздерге жататын тауарларға қатысты Қазақстан 1994 жылғы ГАТТ-тың XXIV: 6 немесе XXVIII баптарына жүгінбейтінін және өзінің кіру күнінен бастап және реттелген тарифтік мөлшерлемелер мүдделі мүшелермен талқыланып, уағдаласуы және келісілуіне дейін, Қазақстанның түрлендірілген тізбесінде байланыстырылуына дейін және ЕАЭО-да жүзеге асырылуына дейін Қосылу бойынша тізбесінде қамтылған міндеттемелерді қолдануды жалғастыратынын растады. Егер ЕАЭО келісілген тарифті ұстанбаған жағдайда, Қосылу жөніндегі тізбеде қамтылған міндеттемелердің басымдық мәні болуы тиіс. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

Өзге баждар және алымдар

314. Жұмыс тобы мүшесінің бірі Қазақстанға ДСҰ кірген күннен бастап нөлдік деңгейде осындай алымдар үшін соңғы байлауды белгілей отырып, ГАТТ 1994 жылғы II:1 (b) бабына сәйкес ұсынылған тауарлар бойынша қандай да бір өзге баждар мен алымдарды қоспайды деген міндеттемені қабылдау өтінішімен жүгінді.

315. Қазақстан өкілі импортқа салынатын баждар ЕАЭО туралы шарттың 42-бабына және "Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттама" 6-қосымшаға сәйкес "Кеден одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесінің ЕурАзЭҚ-тың "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының кеден одағының бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы № 18 шешіміне және "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының кеден

одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" КО Комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 шешіміне сәйкес қолданылады. Аталған ережелер осы Баяндаманың "Қарапайым кедендік баждар" атты тарауында сипатталғандай, Комиссияға ЕАЭО мүше мемлекеттердің, оның ішінде Қазақстанның кедендік әкелім баждарын белгілеу және өзгерту өкілеттіктерін берді. Өзге де баждар мен алымдарды қолдануға рұқсат етілмейді. Осылайша ол Қазақстан ГАТТ 1994 жылғы II: 1(b) бабының мағынасында кез келген импортқа арналан өзге баждар мен алымдарды қолданбайтынын растады.

316. Айтылған мәлімдемеге сәйкес, Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстанға тауарлар бойынша мідеттемелер мен табыстаулар Тізімінде барлық өзге баждар мен алымдарды нөлдік деңгейде байлау өтінішімен және ДСҰ міндеттемелеріне сәйкес өзге де баждар мен алымдарды қолданбау міндеттемесін қабылдау өтінішімен жүгінді.

317. Қазақстан өкілі Тауарлар бойынша жол берулер мен міндеттемелер тізімінде барлық мөлшерлемелерді шектегенін растады. Ол, Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін 1994 жылғы ГАТТ-тың II:1(b) бабының мағынасында кез келген импортқа арналан өзге баждар мен алымдарды қолданбайтынын да растады және ол осындай баждар мен алымдарды барлық тауарлар бойынша нөлдік деңгейде байлайтынын растады. Осы міндеттемелер 1994 жылғы ГАТТ-қа қоса берілетін Қазақстан Республикасының жол берулер мен міндеттемелер Тізіміне енгізілетін болады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

Тарифтік жеңілдіктер

318. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап, ЕАЭО әкелінетін тауарларға тарифтік жеңілдіктер беру үшін ЕАЭО туралы шарттың "Тарифтік жеңілдіктер" 43-бабының және ЕАЭО туралы шарттың "Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттама" 6-қосымшаның II бөлігінің құқықтық негіз болатынын айтты. ЕАЭО туралы шарттың 6-қосымшасының II бөлігі тарифтік жеңілдіктердің бірыңғай тізімі үшін құқықтық негізді қамтамасыз етеді. ЕАЭО туралы шарттың 45-бабы Бірыңғай экономикалық комиссияға бірыңғай тізім белгілеуге уәкілдік береді. ЕАЭО тарифтік жеңілдіктері қолданылатын ЕАЭО бірыңғай тауарлар тізіміне қатысты барынша толық ережелер Мемлекетаралық Кеңестің 2009 жылғы 27 қарашадағы № 18 шешімінде және 2009 жылғы 27 қарашадағы КТС № 331 шешімімен (бұдан әрі – КО Комиссиясының № 331 шешімі) қамтылған. 2010 жылғы 18 маусымдағы КТС шешімімен кеден баждарынан толығымен босатылған уақытша әкелім баждарының тізімі бекітілген. ЕАЭО туралы шарт және тиісті шешімдер инвестицияларды тарту үшін өзге де жеңілдіктерді, дамушы және кішігірм дамушы елдер үшін тарифтік преференцияларды (аталған баяндаманың "Субсидиялауды қосқанда, өнеркәсіпті қолдау саласындағы саясат" және "Сауда саласындағы инвестициялық шаралар" атты тарауларды толығымен мазмұндалған), тарифтік квоталарды (бұдан әрі аталған баяндаманың "Тарифтік квоталар" атты тарауында сипатталған) көздейді. 2015 жылдың 1-ші қаңтарында күшін жоятын, 2008 жылғы 12 желтоқсандағы КО бірыңғай кедендік

тариф мөлшерлемелерінен (бұдан әрі – КО БКТ алып тастау туралы хаттама) бөлек кедендік әкелім баждарының мөлшерлемелері жағдайында қолдану тәртібі мен шарттары туралы Хаттамамен көзделген ЕАЭО мүше мемлекеттер үшін БКТ мөлшерлемелерінен ерекше мөлшерлемелерді қолдану.

319. Қазақстан өкілі 2010 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанмен тарифтік жеңілдіктерді ұсыну Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі № 401-ІІ Кеден кодексімен, сондай-ақ "Кедендік баждар мен салықтар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкелінетін және кедендік баждар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі № 668 қаулысымен (бұдан әрі – № 668 Үкімет қаулысы) және "Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кеден режимі қолданылатын лизинг заттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 тамыздағы № 1092 қаулысымен (бұдан әрі – №1092 Үкімет қаулысы) реттелді. Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 30-бабымен Кедендік баждарды салудан (i) дипломатиялық импорт, және (ii) 5 жылға дейінгі мерзімге инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін тауарларды көздеді. Индустрия және даму министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті кедендік баждардан босатумен қоса алғанда, инвестициялық преференцияларды ұсыну үшін жауапты болды.

320. ЕАЭО туралы шарттың 6-қосымшаның ІІ бөлігіне сәйкес және Кеден одағы Кеден кодексінің тиісті ережелеріне сәйкес ЕАЭО кедендік аумағына әкелінетін мынадай тауарларға қатысты тарифтік жеңілдіктер ұсынуға рұқсат етіледі: (i) кедендік заңнамамен белгіленген тиісті кедендік режим шеңберінде кедендік бақылаумен әкелінетін тауарлар; (ii) осы капиталды қалыптастыру үшін құрылтай құжаттарымен белгіленген, мерзім шегінде шетелдік құрылтайшының жарғылық капиталы ретінде әкелінетін тауарлар; (iii) зерттеу және ғарыштық кеңістікті пайдалану саласындағы, сондай-ақ ғарыштық аппараттарды іске қосу бойынша қызметтер туралы келісім саласында ЕАЭО мемлекеті тараптарының халықаралық ынтымақтастығы шегінде әкелінетін тауарлар. "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Кеден одағының "Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы Кеден одағы Комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 шешіміне" түзетулер енгізу туралы " КО Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 727 шешімімен кедендік баждардан босатылатын жоғарыда көрсетілген тауарлардың тізімі бекітілді.

321. Қазақстан өкілі кедендік заңнамамен белгіленген тиісті кедендік режим шеңберінде кедендік әкелім бажынан босатылуы мүмкін екені атап өтті, мысалы, КО Кедендік кодексі. КО Кедендік кодексінің 80-бабы кедендік баждар төленбейтін жағдайларды көздейді, бұл жағдайлар мыналарды қамтиды: (i) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасымен немесе Кеден одағы Кеден Кодексімен көзделген; (ii) егер кедендік баж төленіп қойса немесе төленетін кедендік баждың сомасы баламалы 5

евродан аспайтын болса; (iii) осындай босатулар ұсынылатын шарттарды орындау кезінде, сондай-ақ әрекет ету кезеңінде тауарлар мұндай кедендік баждарды төлеуден босатылған жағдайда; (iv) мұндай төлемерді көздемейтін тауарларды кедендік рәсімдерге орналастырған жағдайда; (v) тауарларды бір тұлға бір шот бойынша әкелген кезде олардың жалпы кедендік құны баламалы 200 еуродан аспайтын болса; (vi) тасымалдаудың қалыпты жағдайында (тасымалдауда) және (немесе) сақтауда немесе апат салдарынан немесе жеңе алмайтын күш салдарынан (қайтарымыз жоғалту) тауар кеденнен өткенше жойылған жағдайда; (vii) тауарлар – осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ЕАЭО қатысушы мемлекеттің меншігіне айналғанда; және (viii) тауарлар кедендік рәсімдеуден өтпеген жағдайда.

322. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың 6-қосымшасы және КО Кеден кодексінің мүше мемлекеттердің бірыңғай кедендік аумағына үшінші елдерден әкелу кезінде кедендік әкелім бажынан мыналар босатылатынын көздейді: (1) жүктерді, багаж бен жолаушыларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдары және оларды қамтамасыз ететін басқа тауарлар; (2) мүше мемлекеттер кемелерінің, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңды және жеке тұлғалары жалға алған кемелерінің теңіз кәсіпшілігі өнімдері; (3) үшінші мемлекеттер дипломаттарының ресми немесе жеке қолданысы үшін әкелінген тауарлары; (4) мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес валюта және бағалы қағаздар; (5) гуманитарлық көмек ретінде немесе авария, апат және табиғи зілзала салдарларын жою үшін әкелінетін тауарлар; (6) көмек (техникалық көмекті қоса) ретінде және үшінші елдер мен халықаралық ұйымдардан әкелінетін қайырылымдылық тауарлар; (7) баждан босатуды көздейтін кедендік режим шеңберінде әкелінетін тауарлар; (8) кедендік заңнамаға сәйкес жеке тұлғалар әкелетін тауарлар; (9) олардың заңнамаларымен көзделген жағдайларда қатысушы-мемлекеттердің меншігіне айналуға жататын тауарлар. Тарифтік жеңілдіктер ЕАЭО туралы шарттарда белгіленген, үшінші елдермен жасалған Одақтың халықаралық шарттарымен және Комиссия актісімен берілуі мүмкін.

323. ЕАЭО туралы шарттың 6-қосымшасында көзделмеген тарифтік жеңілдіктер консенсус негізінде Комиссияның шешімі бойынша қолданылуы мүмкін. КО Комиссиясының № 130 шешімімен ЕАЭО туралы шарттың 6-қосымшасында көзделгендерден бөлек, ЕАЭО-ға қатысушы-мемлекеттерде қолданылатын тарифтік жеңілдіктердің тізімі бекітілген.

324. ЕАЭО туралы шартпен және ЕврАзЭҚ Мемлекетаралық кеңес комиссиясының №18 шешімімен ЕАЭО БКТ енгізу бойынша өкілеттіктер ұсынылды, оның ішінде жеңілдіктер қолданылатын немесе одан тауарларды алып тастайтын тізімдерге тауарларды қосу өкілеттігі ұсынылды. Комиссияның шешімі "сезімтал тауарлар" тізіміне енгізілген тауарларға арналған кедендік баждар деңгейінің өзгеруіне қатысты болған жағдайда немесе тарифтік жеңілдіктерді ұсыну туралы шешімдер қабылданған жағдайда шешімдер консенсуспен қабылданады.

325. Әрі қарай ол былай хабарлады, яғни КО БКТ алып тастау туралы Хаттамасының 2-бабына сәйкес, егер мұндай шараны қатысушы-мемлекеттің экономика саласын дамыту үшін қажетті болып табылса, Комиссия БКТ ең жоғарғы мөлшерлемесін енгізу шешімін қабылдайды. БКТ-ң бұдан төменгі мөлшерлемесі мынадай жағдайларда қолданылады; (i) қатысушы мемлекетте тауардың қатты жетіспеушілігі болса; (ii) мұндай шара қатысушы мемлекет тұрғындарының маңызды әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет деп тапса; (iii) мұндай шара ЕАЭО осыған ұқсас тауары есебінен немесе үшінші елдердің дәстүрлі импортынан маңызды деңгейде тәуелді өндірісті дамыту қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті шарт деп табылған жағдайларда қолданылады. КО БКТ алып тастау туралы Бірыңғай кедендік тарифтің алып қоюлар туралы хаттамамен белгіленген рәсімдерге сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда хаттамасының 4-бабына сәйкес қатысушы мемлекеттердің бірімен ең жоғары немесе ең төменгі мөлшерлемені қолдану мерзімі алты айдан аспауы тиіс.

326. Жұмыс тобының мүшесі үшінші елдер үшін БКТ осындай алып тастауларды ұсыну тәртібі бар ма, жоқ па, осыған қызығушылығын білдірді. Қазақстан өкілі ЕЭК егер мұндай шара дәлелді болса, және өзге қатысушы –елдер БКТ мөлшерлемесін өзгертуден бас тартатын болса, ең жоғары немесе ең төменгі мөлшерлемені қолдану туралы шешімді қабылдайды деп жауап берді. Ол "ереше жағдайларда" қолданылатын КО БКТ мұндай алып тастаулар БҚР негізінде қолданылуы тиіс және ДСҰ кіру кезінде мүше мемлекеттермен келісілген кедендік әкелім бажының мөлшерлемесінен аса жоғары болмауы тиіс. Осыған орай, Қазақстан үшінші елдер үшін осындай алып тастауларды ұсыну негіздері жоқ деп санайды.

327. КО Комиссиясының №130 шешімі бастапқыдан 409 тарифтік позицияларды қосты, оларға қатысты Қазақстан 5 жылға дейінгі әр түрлі өтпелі кезеңде ЕАЭО БКТ мөлшерлемелерінен бөлек кедендік әкелім баждарының мөлшерлемелерін қолданады. Салдарынан кейбір тауарлар үшін өтпелі кезең әлдеқашан аяқталды, ал 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап ресейлік-қазақстандық шекарада кедендік бекеттердің жойылуымен және бірыңғай кедендік аумақты құрумен байланысты шекара арқылы тауарлардың қозғалыс мониторингімен байланысты қиындықтарды ескере отырып, аталған тізім қайта қаралады және 72 тарифтік позицияларға дейін қысқартылды (Баяндаманың 11-ші қосымшасын қараңыз). Аталған алып тастаулар 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшін жояды.

328. Сондай-ақ, ол КО № 130 шешіміне сәйкес, кедендік әкелім баждарынан босата отырып, 2010-2019 жылдар кезеңіне (СЭҚ ТН 1701 11) Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік өңдеу үшін шикі құрақ қантын әкелуге рұқсат етіледі. Өнеркәсіптік өңдеу үшін шикі құрақ қантын әкелу Қазақстан Республикасы уәкілетті органының (Ұлттық экономика министрлігі) рұқсатын алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Аталған рұқсат шикі құрақ қантын әкелуді мақсатты тағайындауды

қамтиды. Шикі құрақ қанты және одан алынған ақ қант өзге мүше мемлекеттердің аумағына шығарыла алмайды. "Қазақстан Республикасының аумағына қант және шикі қант әкелудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 146 қаулысымен "Қазақстан Республикасының аумағына шикі қант әкелудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің және 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 34 қаулысымен кедендік әкелім бажы төленбейтін құрақ қанттың көлемі бекітілді және осы квота бөлінген қантты өндіруші кәсіпорындардың тізімі де бекітілді.

329. Қазақстан өкілі егер мүше мемлекеттердің бірі тарифтік жеңілдіктердің жекелеген бенефициарын белгілейтін болса, онда осы мүше мемлекет ЕЭК оларды заңсыз пайдаланудың және өзге мүше мемлекеттердің аумағында еркін шығару айналымының алдын алу мақсатында, әкелінген тауарларлы пайдалануды бақылау тетігі бойынша өзінің ұсыныстарын беруі тиіс. Аталған жеңілдік Еуразиялық экономикалық комиссия бекіткеннен кейін ұсынылады.

330. Жұмыс тобының мүшесі № 668 және 1092 қаулылары туралы сұрады. Соның ішінде, қай тауарлар Үкіметтің № 668 және 1092 қаулыларының әрекет ету аясына түсетінін және өзге уақытша тауарларға арналған үш пайыздық ай сайынғы төлемнің шарттары қандай екендігін түсіндіруді сұрады: яғни бұл жалпы тарифтік деңгейдің үш пайыздық ұпайы немесе жиналатын баждардың 3%, егер әдетте төленетін баждың көлемінде жалпы төлем көлемі. Жұмыс тобының осы мүшесі аталған ереже " транзиттегі саудаға" тарайтынын не тараймайтынын, немесе "уақытша әкелім" кедендік транзит тәртібінен бөлек кедендік режим болып табылады ма, осыны ұғындыруды сұрады. Қазақстан өкілі Үкіметтің № 668 және № 1092 қаулылары күші жойылған деп жауап берді.

331. Әрі қарай Қазақстанға уақытша әкелінетін тауарлар (яғни кейіннен шақырылуға жататын), кедендік баждар мен салықтардан толық немесе ішінара төлеуден босатуға жатады. Кедендік баждар мен салықтарды төлеуден толық босатылған уақытша әкелінген тауарлардың тізімі КО Комиссиясының № 331 шешімімен бекітілген: (i) контейнерлер және өзге де көп пайдаланылатын ыдыстар; (ii) сыртқы сауда мен халықаралық ынтымақтастыққа атсалысу мақсатында әкелінетін тауарлар; (iii) ғылым, мәдениет, кинематография, спорт, және туризм саласында қолдану мақсатында уақытша әкелінетін тауарлар; (iv) гуманитарлық көмек көрсету үшін уақытша әкелінетін тауарлар; (v) өзге де тауарлар. Сонымен қатар КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 331 шешімімен кедендік баждарды төлеуден толық босатылған тауарлардың тізімі бекітілді. Ал өзге уақытша әкелінетін тауарлар КО Кедендік кодексінің 282-бабына сәйкес кедендік баждарды, салықтарды төлеуден ішінара шартты түрде босату кезінде мұндай тауарларды ЕАЭО кедендік аумағында болуының, тауарларды ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылғанда төленуге жататындай кедендік баждардың, салықтардың

сомасынан 3 % төленеді. Тауарларды уақытша әкелу мерзімін кеден органы мұндай әкелудің мақсаты мен жағдайларына негізделе отырып, тауарларды уақытша әкелудің кедендік рәсімімен орналастырған күнінен бастап 2 жылдан аспауы тиіс. Өтініш берушінің жазбаша өтініші бойынша тауарларды уақытша әкелу мерзімі 2 жылға аса мерзім шегінде ұзартуы мүмкін. Уақытша әкелу кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар өзгеріссіз жай-күйінде қалуға тиіс. Төленуге жататын төлемдердің жалпы сомасы әдеттегі тәртіпте төленетін сомадан аспауға тиіс. Ол "Уақытша тауарларды әкелу" кедендік рәсіміне қатысты ережелер "тауарлар транзиті" кедендік рәсіміне қолданылмайтынын қосып айтты.

332. Қазақстан өкілі КО Комиссиясының № 130 және № 331 шешімдеріне сәйкес азаматтық авиатехникаларды әкелуге арналған тарифтік жеңілдіктер ұсынылады деп атап өтті (нақтырақ ақпарат үшін, "Тауар саудасы саласындағы саясат" IV бөлімін, "Тауар саудасына әсер ететін ішкі саясат" C тарауын, "Азаматтық авиация саласындағы сауда" кіші тарауын қараңыздар).

333. Қазақстан өкілі аталған тарауда көрсетілмеген өзге де тарифтік жеңілдіктерді, сондай-ақ аталған Баяндаманың тиісті тарауларындағы өзге де тарифтік жеңілдіктерді Қазақстан қолданбайды деп хабарлады.

Тарифтік квоталар

334. Жұмыс тобының жекелеген мүшелері тарифтік квоталарды (ТК) енгізу, ДСҰ кіретін елдің мақсаты болып табылуы тиіс сауданы ырықтандыруға қатысты жолда бір қадам артқа жүруге әкеп соқтырады деп өз пікірлерін білдірді және олардың пікірінше қарапайым тарифті қолдану орынды болып табылады, себебі нарыққа тауардың аса сапалы және тұрақты салыстырмалы сапаларын және бағаларын ұсынатын жабдықтаушыларды іріктеуде мүмкіндік береді. Олар тарифтік квоталарды белгілеуге және импорттаушылар арасында квоталарды бөлу ережелерін анықтауға жауапты қолданыстағы билік органдары туралы ақпараттарды, сондай-ақ Қазақстанда және ЕАЭО қолданылатын лицензиялаумен байланысты кез келген рәсімдер туралы ақпараттарды сұрады.

335. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың "Тарифтік квоталардың" 44-бабы және "Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттама" 6-қосымшаның III бөлігі Қазақстанды қоса алғанда, ЕАЭО мүше мемлекеттерде тарифтік квоталарды енгізу үшін жалпы құқықтық шеңберді белгілейтінін айтты. Ұлттық заңнама "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі №544-II Заңды (бұдан әрі – № 544-II Заң) және ЕАЭО қабылдаған өзге де құқықтық актілерін қамтиды.

336. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың 6-қосымшасының I бөлігі 2-тармағына сәйкес, тарифтік квота үшінші елдерден шығарылатын ауылшаруашылық тауарларының жекелеген түрлерін ЕАЭО кедендік аумағына әкелуді реттеудің белгілі бір кезең ішінде белгіленген шарасы деп ұсынды. Мұндай шара белгіленген көлем (заттай немесе құндық мәніндегі) шегінде және осы көлемнен артық әкелінетін

тауарларға қатысты ЕАЭО ТК кедендік әкелу баждарының сараланған мөлшерлемелерін қолдануды көздейтін шарасы. Көрсетілген бапқа сәйкес, квота көлемі шегінде әкелінетін тауарлардың көлемі БКТ тиісті мөлшерлемелерімен салынады. 2010 жыл мен 2012 жылдары КО Комиссиясы жыл сайынғы негізде тарифтік квоталарда олардың ұсыныстары негізінде мүше мемлекеттер арасында бөлді. 2012 жылдың 1 ақпанынан бастап мүше мемлекеттер бұл өкілеттіктерді Еуразиялық экономикалық комиссияға өткізді.

337. КО Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 865 шешімімен тарифтік квоталары белгіленген өнімдердің тізімі бекітілді (ет, шошқа және құс еті), тарифтік квоталар бөлінген және ЕАЭО әр бір тараптарынан аталған тауарларды әкелуге қатысты 2012 жылға арналған тарифтік квоталардың көлемі белгіленген. "Еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемін бөлудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № 269 қаулысымен жеткізушілер арасында тарифтік квота көлемдерін бөлу ережелері бекітілді. Қазақстан 2010 жылға дейін импортқа қатысты қандай да бір тарифтерді қолданбады.

338. ЕАЭО туралы Келісімшарттың 6-қосымшасының III бөлігі 7 және 8-тармақтарына сәйкес, сыртқы сауда қызметіне (жеткізушілер) қатысушылар арасында тарифтік квотаның көлемін бөлу әдісі олардың тарифтік квота алуға қатысты тең құқығына және меншік нысанының, тіркеу орнының немесе нарықтағы жағдайының белгілері бойынша кемсітпеуге негізделеді. Комиссия ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты тарифтік квотаны белгілеу туралы шешім қабылдаған кезде мынадай шарттар сақталуы тиіс: (i) тарифтік квотаны белгілі бір мерзімге белгілеу; (ii) егер тарифтік квота көлемін үшінші елдер арасында бөлу туралы шешім қабылданған жағдайда, барлық мүдделі үшінші елдерді оларға бөлінген тарифтік квотаның көлемі жөнінде хабардар ету; (iii) тарифтік квотаны белгілеу, оның қолданылу мерзімі мен көлемі, оның ішінде үшінші елдерге бөлінген тарифтік квотаның көлемі, сондай-ақ тарифтік квота көлемі шегінде әкелінетін тауарларға қатысты қолданылатын кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері туралы ақпаратты жариялау.

339. ЕАЭО туралы шарттың 6-қосымшасының III бөлігі 5 және 6-тармақтарына сәйкес, ЕАЭО кедендік аумағына әкелінетін тарифтік квотаның көлемін Еуразия экономикалық комиссиясы белгілейді және тарифтік квотаның көлемі мұндай тауарды ЕАЭО кедендік аумағында тұтыну көлемі мен ұқсас тауарды ЕАЭО кедендік аумағында өндіру көлемі арасындағы айырмадан аспауы тиіс. Егер ЕАЭО кедендік аумағында ұқсас тауарды өндіру көлемі осындай тауарды ЕАЭО кедендік аумағында тұтыну көлеміне тең немесе одан асып кететін болса, тарифтік квотаны белгілеуге жол берілмейді. Бұл ретте, егер бір мүше мемлекет үшін ұқсас тауарды өндіру көлемі

осындай тауарды тұтыну көлеміне тең немесе одан асып кететін болса, онда мұндай айырма ЕАЭО кедендік аумағы үшін тарифтік квотаның көлемін есептеу кезінде назарға алынбауы мүмкін.

340. Қазақстан Республикасының өкілі тарифтік квоталар қолданылатын тауарларға қатысты тауарларды кедендік ресімдеу сыртқы экономикалық қызметке қатысушы өзінің тарифтік квотасын алған ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағында жүргізіледі деп түсіндірді. Тауар уәкілетті органмен – Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігімен берілген түпнұсқалы лицензиямен ілесіп отыруы тиіс. Осыған орай, ол лицензиялау туралы ереже ЕАЭО туралы шарттың "Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың" 7-қосымшасында қамтылғанын атап өтті. Лицензияны 15 күн ішінде ресімдеу үшін мынадай құжаттар мен мәліметтерді береді: (i) лицензия беру туралы өтініш; (ii), өтініштің электрондық көшірмесі; (iii) сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесі; (iv), салық органында тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі; (v) лицензиялық жинақты төлегенін растайтын құжат. Лицензияны алу үшін көрсетілген құжаттар топтамасы Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігіне ұсынылуы тиіс. Лицензиялар олар берілген күнтізбелік күннің соңына дейін өз күшінде қалады.

341. ЕЭК сондай-ақ, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер қолданылатын тарифтік квоталар олардың ұлттық заңнамасына сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің Үкіметтерімен реттелуі тиіс деп белгіледі. Қазақстанда тарифтік квоталар № 544-II Заңымен және Үкіметтің № 269 қаулысымен реттеледі. Үкіметтің 2011 жылғы 24 наурыздағы № 269 қаулысымен тарифтік квоталардың көлемдерін әкелушілер арасында бөлу қағидалары бекітілген, ол "тарихи бөлу" қағидасы бойынша – алдыңғы жылға тепе-тең келетін импорттың көлемінде бөлуді көздейді. Ол Үкіметтің № 269 қаулысы сондай-ақ мынадай анықтамаларды қамтиды деп мәлімдеді:

(а) тарифтік квота көлемі – оған қатысты кедендік әкелу баждарының квотаішілік мөлшерлемелері қолданылатын, Қазақстан Үкіметі жыл сайын айқындайтын тауарлар көлемі;

(б) сыртқы экономика қызметіне қатысушылар (жеткізушілер)–мынадай өлшемдерге сәйкес, алдыңғы кезеңде сиыр, шошқа және құс етін әкелуді жүзеге асырған заңды немесе жеке тұлғалар: (i) жеткізуші – елдерден әкелу; (ii) тарифтік квота белгіленген жылдың алдындағы жыл бойы 25 кг-нан кем емес көлемде; (iii) тарифтік квоталар белгіленген жылдың алдындағы жыл бойы әкелу.

(в) осының алдындағы кезең – тарифтік квота белгіленетін жылдың алдындағы екі жылдық кезең.

(г) жеткізуші елдер – ЕАЭО қатысушы елдер еркін сауда туралы келісім жасаспаған не сиыр, шошқа және құс етіне қатысты еркін сауда режимінен алып қою қолданылатын елдер.

(д) жеткізушінің әкелу көлемі – сыртқы сауда статистикасының деректері бойынша анықталған, жеткізуші елдерден әкелінген сиыр, шошқа және құс етінің нақты көлемі.

342. Кейбір мүшелер ЕАЭО шеңберінде Қазақстанмен қолданылатын тарифтік квота тәртібіне қатысты алаңдауын білдірді, яғни ол нарықтың жаңа қатысушылары үшін квота шеңберінде ешқандайда үлестерді қамтымайды. Демек, жаңа импорттаушы тауары квоталалық мөлшерлемеден тыс бажды төлеу арқылы жеткізуге мәжбүр, бұл нарықты шектеуге алып келеді. Осылайша, келесі жылдары осы импорттаушы квоталарды бөлген кезде шамалы ғана мөлшердегі үлеске үміт арта алады, себебі аталған үлестер алдыңғы жыл үшін импорт көлеміне ғана негізделген. Олардың пікірінше, бұл нарықтың жеткілікті икемділігін қамтамасыз етпейді. Бұл жұмыс тобының мүшелері ТК-ды тарихи өнім берушілер арасында ғана бөлу қиындық тудыруы мүмкін екенін атап өтті, себебі кейбір өнім берушілер нарық қатысушылары болып табылмайды.

343. Қазақстан өкілі "Еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемін бөлудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 1189 қаулысымен жаңа өнім берушілер үшін тарифтік квоталарды бөлудің тетіктерін белгілейтінін айтып өтті. Қаулыға сәйкес, жаңа өнім берушілер арасында тарифтік квоталар көлемдерін бөлу әкелуге жаңа өнім берушілердің лицензия алуға өтініштер беруінің кезектілігі тәртібімен жүзеге асырылады. Жаңа өнім берушілер үшін көзделген тарифтік квоталар көлемдерін сарқылғанға дейін әкелуге лицензияны сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган береді. Ол Лицензия алу үшін өтінім берілген тауардың көлемі жаңа өнім берушілер үшін бекітілген тарифтік квотаның жалпы көлемінің 15 %-ынан аспауы тиіс деп атап өтті.

344. "Экономикалық тиімді мөлшерлер" бойынша ереже туралы сұраққа Қазақстан өкілі алдыңғы екі жылға импорттың жалпы көлемінен тарихи өнім берушілердің үлестерін есептеу кезінде 25 килограмнан асатын өнім берудің барлық есептері алынатынын айтты. Осылайша, тарифтік квоталар тарихи өнім берушілер арасында математикалық негізде есептелген үлестерге тепе-тең бөлінеді. Өнім беруші жыл сайын Үкіметпен белгіленетін ішкі квоталық көлем шегінде оның жылдық көлемінен аспайтын ішкі квоталық көлемді ұсына алады. Сондықтан оның пікірінше Үкіметтің № 269 қаулысымен белгіленген ТК бөлу тетігі Импорттық лицензиялау бойынша ДСҰ келісімнің ережелеріне толығымен сәйкес келеді.

345. Қазақстан Республикасының өкілі Үкіметтің № 269 қаулысымен бекітілген қағидаларға сәйкес, сиыр, шошқа және құс етін әкелу үшін тарифтік квоталарды бөлу көлемі 2 сатыға бөлінеді деп мәлімдеді. 1-саты: жыл сайын 31 желтоқсанға дейін айқындалған тарифтік квоталар көлемінің 25 пайызы бөлу бойынша тұжырыммен есептелінетін тарифтік квота белгілеуден 25 пайыз. 2-саты жылсайын 1 сәуірге дейін, 1-саты шеңберінде бөліген тарифтік квота көлемдерін шегере отырып, белгіленген

тарифтік квота көлемінен 100% мөлшерде тарифтік квоталар қолданылады, алайда тарифтік квоталар көлемі мөлшердегі тұжырымға сәйкес бөлінеді. Жас және мұздатылған сиыр еті үшін ТК (СЭҚ ТН 0201) "бірінші келгенге бірінші қызмет көрсетіледі" қағидатына негізделеді. Жеткізушілер арасында ТК көлемін бөлуде қолданылған формула осы Баяндаманың 12-қосымшасында келтірілген.

346. Қазақстан Республикасының өкілі тарифтік квоталардың көлемі жыл сайын белгіленеді деп атап өтті. Ол КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 қарашадағы № 505 және 2011 жылғы 18 желтоқсандағы № 865 шешімдерімен сиыр, шошқа және құс етіне қатысты тарифтік квоталар белгіленді деп мәлімдеді, сондай-ақ 2011 жыл мен 2012 жылдар үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер үшін ТК көлемі бекітілді. Қазақстан үшін белгіленген ТК-ның көлемі 2010 және 2011 жылдары бірдей болды. Қазақстан үшін сиыр мен шошқа етіне қатысты тарифтік квоталар көлемі ұлғайтылды. 2012 жылғы 20 қарашадағы "Бірыңғай экономикалық кеңістік пен Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында осы тауарларды әкелу үшін тарифтік квоталар көлемі туралы, сондай-ақ 2013 жылға арналған тарифтік квоталар көлеміне қатысты тауарлардың Тізімі туралы" ЕЭК № 229 шешімімен сүт сығындысына қатысты тарифтік квоталар белгіленді және 2013 жылға арналан тарифтік квоталардың көлемдері белгіленді. "Бірыңғай экономикалық кеңістік пен Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында осы тауарларды әкелу үшін тарифтік квоталар көлемі туралы, сондай-ақ 2014 жылға арналған тарифтік квоталар көлеміне қатысты тауарлардың Тізімі туралы" ЕЭК-тің 2013 жылғы 29 қазандағы № 242 шешімімен 2014 жылға арналған тарифтік квоталар көлемі белгіленді. 2010-2014 жылдар арналған тарифтік квоталар көлемі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – 2010-2014 жылдарға арналған тарифтік квоталар көлемі

СЭҚ Коды	ТН	Тауардың атауы	2010-2013 жж. арналған тарифтік квоталар көлемі, мың тонна				
			2010	2011	2012	2013	2014
0201		Жас немесе мұздатылған сиыр еті	0,02	0,02	0,02	15,4	0,02
0202		Мұздатылған сиыр еті	10,0	10,0	13,9		15,3
0203		Шошқа еті					
0203 29 550 2		Шошқа етінен жасалған тримминг	7,4	7,4	9,4	9,7	9,7
0203 29 900 2							
0207		Құс еті	110,0	110,0	110,0	110,0	110,0

347. Жұмыс тобының кейбір мүшелері 2012 жылға арналған тарифтік квоталардың көлемдерін бөлуге қатысты кідіртулер бойынша және кідіртулердің саудаға бөгер жасайтынына алаңдаушылықтарын білдірді. Сондай-ақ жұмыс тобының осы мүшесі аталған салалардың дереккөздері квоталанатын көлемдерді бөлетін қаулыға әлі қол

қойылмағанан атап өтті. Ол қаулыға қашан қол қоятынын және бұл сұрақ жақын арада шешілетінін сұрады. Әрі қарай ол аталған кідіртуге қатысты келешекте мұндай кідіртулердің болмауын растауды өтінді. Қазақстан өкілі 2012 жылға арналған тарифтік квоталардың көлемдерін бөлу туралы Үкіметтің № 1085 қаулысына 2012 жылдың 24 тамызында қол қойылды деп мәлімдеді. Кідіртулер кедендік статистика мәліметтерінің нақтылығы проблемеларымен байланысты болды. Сонымен бірге, ол "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V Заңына сәйкес шешім қабылдау билігінің елеулі бөлігі Үкіметтен орталық және жергілікті атқару органдарына берілгенін айтты. Осылайша, заң тауарлардың кейбір түрлерінің импорты мен экспорты бойынша тарифтік квоталарды орнату билігінің сауда әрекеттерін реттеу міндетін жоғарыда аталған органға берді және сол орган тарифтік квоталардың бөлетін әдістер мен рәсімдерді, олардың көлемі мен қолданылуын анықтайды. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігі квота шеңберінде сиыр еті, шошқа еті және құс етін импорттауға лицензия беретін уәкілетті орган екенін мәлімдеді. Тарифтік квоталарды бөлу мерзімдерін азайтқан қаулы Ұлттық экономика министрлігімен қабылданды. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігіне тоқсан сайын әкелінген сиыр, шошқа және құс етінің көлемдері туралы есепті ұсынады. Баяндаманың 341, 343, 344, 345 және 346-тармақтарында көрсетілгендей, тарифтік квоталарды бөлу рәсімдері мен механизмі бұрынғы қалпында қалады.

348. Жұмыс тобының мүшесі құс етінен жасалған өнімдерге арналған тарифтік квота енгізу бойынша алаңдаушылығын білдірді және ДСҰ-на кіру кезінде жаңа сауда шектеулерін енгізу қосылу туралы келіссөздерді жүргізу кезінде сауда шектеулерін қолданбаудың жалпы қағидасына қарама-қайшы болып келетінін айтты. Қазақстан Республикасының өкілі құс етінің өндірісі елді мекен тұрғындарын мыңдаған жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін Қазақстанның ауыл шаруашылық саласының маңызды буыны болып табылады деп жауап берді. Осылайша, Қазақстанға құс етіне арналған тарифтік квоталары бөлу құқығын өзінде қалдыру аса маңызды. Ол Қазақстан барлық шешімдерді барынша қолайлы әзірлеу үшін Жұмыс тобының мүшелерімен тығыз ынтымақтастықта екенін айтты.

349. Жұмыс тобы мүшесі қойған сұраққа Қазақстан Республикасының өкілі қазақстандық тауарлар бойынша жол берулер мен міндеттемелер Кестенің бірінші бөлігіндегі I-B тарауындағы тарифтік квоталары белгілеу тетігі сиыр, шошқа және құс етіне қатысты мынадай тарифтік квота өлшемдерін қамтиды деп түсіндірді: ішкі квоталық тарифтік мөлшерлеме қолданылуы мүмкін тауарлардың саны және ішкі квоталық мөлшерлеме баждары. Қазақстан өкілі Қазақстан қазіргі таңда елдік қағида

бойына ТРК бөлмейді деп мәлімдеді. Осылайша, тарифтік квота өнім берушілер – Қазақстан резиденттері арасында алдыңғы кезеңде әкелінген тауарларға тепе-тең келетін тарихи қағида бойынша бөледі. Осыған орай, Қазақстан қазіргі таңда қайта бөлу тетігінің қажеттілігі жоқ және мұндай тетік жоқ деп санайды.

350. Жұмыс тобының мүшесі импорттық лицензиялау бойынша ДСҰ келісімі лицензиялау арқылы тарифтік квоталарды әкімшілендіру кезінде квоталарды бөлу мынадай тәсілмен, яғни жаңа импорттаушылардың квотаға қатысты қол жетімділік мүмкіндігін көздейтінін, сондай-ақ лицензияларды коммерциялық пайдалы шарттарды беру мүмкіндіктерін көздейтінін атап өтті. Жұмыс тобының бұл мүшесі Қазақстанға оны елдік қағида бойынша бөлген жағдайда пайдаланылмаған квоталарды қайта бөлу ережелерін көздеу қажет екенін мәлімдеді. Бұл мүше Қазақстанға бөлу елдік қағида бойынша бөлінген жағдайда, ТК толығымен кәдеге жаратуды қамтамасыз ететін пайдаланылмаған квоталарды қайта бөлу ережелерін көздейтін және бөлінген көлемдердің коммерциялық пайдалы болып табылатындай етіп қамтамасыз ететін нарыққа жаңа қатысушылар үшін ТРК қатысты рұқсат етілген қол жетімділік тетіктерін көздеу қажет деп қосып айтты.

351. Қазақтан өкілі, ЕАЭО-ның уәкілетті органдары немесе Қазақстанның мемлекеттік билігі органдарымен қолданылуына тәуелсіз 1994 жылғы ГАТТ және басқа ДСҰ-ның тиісті келісімдеріне, соның ішінде Импорттық лицензиялау рәсімдері бойынша келісімдерге және Ауыл шаруашылығы бойынша келісімге сәйкес Қазақстанның ДСҰ-ға кіргеннен кейін Қазақстанда импорттық тарифтік квоталар тәртібі қолданылатынын растады. Бұдан әрі, ол тарифтік квоталарды қолдану кезінде Қазақстан жаңа қатысушылар үшін тарифтік квоталарға қатысты қол жетімділік мүмкіндіктерін және Ауыл шаруашылығы бойынша келісімнің 2-бабында көзделгендей , ауыл шаруашылығы тауарларына арналған Тарифтік квоталарды әкімшілендіру бойынша ережелер туралы келісімнің 5-тармағымен көзделгендей коммерциялық пайдалы сандарда тарифтік квоталарды бөлуді қамтамасыз ететінін растады. Егер Қазақстан елдік квота бойынша тарифтік квоталарды бөлуді көздейтін болса, онда ол ДСҰ-ның мүшелерімен тарифтік квоталарды толығымен бөлуді қамтамасыз ететін заманауи және транспарентті бөлу тетігін қамтамасыз етеді. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

Көрсетілген қызметтерге алымдар мен төлемдер

352. Қазақстан өкілі Жұмыс тобының мүшелеріне КО Кеден кодексінің 72-бабына сәйкес, кедендік алымдарды қолдану ЕАЭО мүше мемлекеттердің заңнамаларымен реттелетінін мәлімдеді. Қазақстанда қазіргі таңда баждар мен алымдар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 296-IV кодексімен (бұдан әрі - ҚР Кеден кодексі) және "Кеден органдары алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 24 қаулысымен реттеледі. "

Кеден органдары алатын кеден алымдарының, алымдар мен төлемдердің мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі № 669 қаулысы күшін жойған.

353. Әрі қарай 2010 жылдың 1-ші шілдесінде күшіне енген ҚР Кеден кодексінің қабылдағанға дейін кедендік алымдар (i) кедендік ресімдеу; (ii) тауарларды кедендік алып жүру; және (iii) кедендік қойма қызметтері үшін алынды. Сондай-ақ алымдар тауардың кедендік құнын және шығу елін анықтау әдістемесіне, санатына қатысты шығарылған алдын ала шешімдер үшін де алынды. ҚР Кеден кодексінің 116-шы бабына сәйкес (i) тауарларды кедендік декларациялау үшін; (ii) тауарды кедендік алып жүру үшін; және (iii) алдын ала жасалған шешім үшін төленетін ақы жатады.

354. ҚР Кеден кодексі кедендік құннан алынатын 0.2% алымның күшін жойды. Қазіргі таңда "Кеден органдары алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 24 қаулысына сәйкес, қашықтыққа байланысты тауарларды кедендік алып жүру үшін алынатын алымдардың мөлшерлемелерін және еуромен саналатын кедендік декларациялау үшін алынатын алымдардың тіркелген мөлшерлемелерін белгілейтін кедендік ресімдеу және тауарларды кедендік алып жүру үшін алынатын алымдардың мөлшерлемелері қолданылады. Оның пікірінше, мөлшерлемелердің мөлшері көрсетілген қызметтердің құнына негізделеді және тиісінше, 1994 жылғы ГАТТ VIII бабына сәйкес келеді. Бюджетке төленген тауарларды кедендік декларациялау, кедендік алып жүру, алдын ала жасалған шешім үшін алым төлеушіге қайтарылуға жатпайды.

355. Қазақстанда тауарларды кедендік ресімдеу (және көлік құралдарын) (i) кедендік декларациялауды тіркеуді; (ii) тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын бақылауды; (iii) кедендік режимге сәйкес орындарға орналастыру шарттарын сақтауды (кедендік транзит, кедендік қойма және т.б.); (iv) кедендік төлемдерді төлеу және алуды; (v) кедендік құнын анықтауды; (vi) кедендік тексеру мен кедендік сараптама жүргізу мақсатында тауарлардың санаттарын анықтауды қамтиды. ҚР Кеден кодексінің 115-бабының 3-тармағына сәйкес, кедендік алымдардың мөлшері кедендік алымдар белгіленген іс-әрекеттерді жасағаны үшін кеден органдарының шамамен алынған шығындарының құнынан аспауға тиіс. Кедендік декларациялау үшін алынатын алым мөлшерлемесі кедендік декларациялаудың негізгі парағына 60 еуро мөлшерінде алым белгіленген және бір топтағы тауарларды бір мезетте декларациялаған жағдайда әр бір қосылған парақ үшін-25 еуро алым белгіленген. ҚР Кеден кодексінің 120-бабына сәйкес тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алым кедендік декларацияны бергенге дейін немесе сонымен бір мезгілде төленеді. Алдын ала шығарылған шешім үшін алынатын және кеден органымен шығарған елін анықтау үшін алынатын мөлшерлеме 70 еуро мөлшерінде белгіленген және көрсетілген шешімді бергенге дейін төленеді. Арнайы қойылған сұраққа Қазақстан өкілі Қазақстан түрі мен тауарды

тазарту орнына, тасымалдау уақыты мен әдістемелеріне мқарамастан белгіленген мөлшерлемелерді қолданады деп мәлімдеді.

356. Жұмыс тобының мүшесі қойған сұраққа Қазақстан өкілі кедендік алып жүру үшін алынатын кедендік алым ғана қашықтыққа байланысты алынады деп жауап берді. ҚР Кеден кодексінің 322-бабына сәйкес, кедендік транзит кедендік рәсімінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден органдарының лауазымды адамдары не өзге де ұйымдар жүзеге асыратын, тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес тасымалдайтын көлік құралдарын алып жүру "кедендік алып жүру" болып табылады. Кеден органдары: (i) қатерлерді басқару жүйесі негізінде айқындалатын; (ii) кедендік баждар, салықтар төлеудің қамтамасыз етілуі ұсынылмаған не оның қамтамасыз етілуі жеткіліксіз болған; (iii) кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде тасымалдаушы міндеттерін бірнеше рет орындамаған; және (iv) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген жағдайда кедендік алып жүру туралы шешім қабылдауға құқылы.

357. Кеден органдары кедендік алып жүру туралы шешім қабылдаған кезден бастап оны 24 сағаттан кешіктірмей ұйымдастырады. Кедендік алып жүру үшін алынатын кедендік алымдар жөнелту бекетімен тағайындау орнына дейінгі ара қашықтыққа байланысты есептеледі (50 км арақашықтыққа дейін 11 еуродан 2,000 км жоғары ара қашықтаққа 878 еуро). Кедендік алып жүру үшін алынатын кедендік алымдарды есептеу әдістемесі осы Баяндаманың 13-Қосымшасында келтірілген және кеден қызметі қызметкерлерінің іс сапар шығындары, жанар-жағар май материалдарына кеткен шығындарды және көлік құралдарының өтемпұлдар шығындарын қамтиды, ол кеден органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді қамтымайды. Бірнеше көлік құралдарымен тасымалданатын тауарларды кедендік алып жүру кезінде кедендік алымның сомасы көлік құралдарының санына тепе-тең түрде бөлінеді. Кедендік алып жүру үшін алынатын кедендік алымдар кедендік алып жүруді ұйымдастыру басталғанға дейін кедендік алып жүру туралы шешімді қабылдағаннан кейін төленеді.

358. Кедендік алымдарды салудан: (i) жолаушыларды және жүктерді тұрақты халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдары, сондай-ақ жол жүру кезінде қажетті басқа мүлік; (ii) теңіз кәсіпшілігін жүргізетін Қазақстан теңіз кемелерінің немесе қазақстандық тұлғалар жалдаған (жалға алған) теңіз кемелерінің өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін ЕАЭО кедендік аумағынан тыс жерге әкетілетін материалдық-техникалық жабдықтау заттары, керек-жарақтар, отын, азық-түлік және басқа мүлік, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін кәсіпшілік өнімдері; (iii) ұлттық және шетел валютасының банкноттары мен монеталары (мәдени-тарихи құндылық болып табылатын банкноттар мен монеталардан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздар; (iv) (акцизделетін тауарларды қоспағанда), гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін басқа тауарлар; (v) акцизделетін тауарларды

қоспағанда, (әдейі медициналық мақсатқа арналған жеңіл автокөліктерді қоспағанда) қайырымдылық көмек ретінде әкелінетін басқа тауарлар; (vi) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша белгілерін жасау үшін әкелетін шикізат; (vii) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің, консулдық мекемелердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің жеке пайдалануы үшін әкелінетін және әкетілетін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес алым салудан босатылатын тауарлар; (viii) мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік ресіміне мәлімделген тауарлар; (ix) мемлекеттердің, мемлекет үкіметтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған халықаралық ұйымдардың желісі арқылы берілген гранттардың қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар босатылады.

359. Қазақстан өкілі Қазақстан осы Баяндаманың 353-тармағында және 13-қосымшасында көрсетілгендерді қоса алғанда, тауардың ипорты және экспортына байланысты бекітілген көрсетілген қызметтер үшін кез алымдар мен төлемдерді немесе болашақта 1994 жылғы тарифтер және сауда бойынша бас ДСҰ Бас келісімінің VIII және X баптарын атап айтқанда, ДСҰ келісімінің тиісті ережелеріне сәйкес енгізілгендерді қолданылуын қамтамасыз ететінін растады. Бұдан әрі, ол ДСҰ-ға кірген күннен кейін осындай кез келген алымдар мен төлемдердің қолдану тәртібі және мөлшеріне қатысты барлық заңдар және ережелер жарияланатынын растады. Бұдан әрі, мүдделі мүшенің жазбаша сұрауын алған кезде, Қазақстан нақты алымдар немесе төлемдерден алған кірістері және тиісті қызметті көрсетуге шығыстар туралы ақпаратты аталған мүшеге береді. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

Импортқа қатысты ішкі салықтарды қолдану

360. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО мүше мемлекеттер арасында импортқа (және экспортқа) жанама салық салуды реттеудің заңнамалық негізі ЕАЭО туралы шартпен анықталатынын атап өтті: "Салық және салық салу" XVII тарау (71-72 баптар) және "Тауарлар экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі мен олардың төленуін бақылау тетігі туралы хаттама" 18-қосымша (бұдан әрі – Хаттама). 2009 жылғы 11 желтоқсандағы қол қойылған Кеден одағында жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсетуде тауарларды импорттау мен экспорттау кезінде жанама салықтарды салу қағидалары туралы келісімге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы Хаттамамен енгізілген түзетулері бар (бұдан әрі – импорттау мен экспорттау кезінде жанама салықтарды салу туралы келісім). Осы ережелер 2008 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған Кеден одағында жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде тауарларды импорттау мен экспорттау кезінде жанама салықтарды салу қағидалары туралы келісімді алмастырды. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының

аумағында жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтарды салу туралы Хаттама; және ЕАЭО туралы шарт күшіне енген жағдайда 2015 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап әрекет етуін тоқтататын Кеден Одағына экспорттау және импорттау кезінде оларды төлегені үшін бақылау тетігі және жанама салықтарды салу туралы Хаттама.

361. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО мүшелері арасындағы импорт акциз және қосымша құн салығымен салынады, ал импорттаушы мүшенің бюджетке жанама салықтарды (ҚҚС және акциз) төлеу және экспорт фактілерін растайтын құжаттарды экспорттаушы тараппен салық органдарына ұсыну кезінде ЕАЭО мүше мемлекеттері арасындағы экспорт акцизді төлеуден босатылатынын және (немесе) ЕАОЭ-ның экспорттаушы мүшемен нөлдік мөлшерлеме бойынша ҚҚС салынатынын ЕАЭО туралы шарттың XVII тарауы және № 18 Хаттамасы көздейді. Сондай-ақ, ЕАЭО туралы шарттың 72-бабы импортқа қолданылатын аталған жанама салықтардың мөлшерлемесі отандық тауарларға қолданылатын мөлшерлемеден аспайтынын растайды. Арнайы экономикалық аймақта және еркін қоймаларда импортқа қатысты жанама салықтарды қолдану 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден Одағының кеден аумағындағы еркін (арнайы) экономикалық аймақтар және Еркін кеден аймағының кеден рәсімі туралы келісім және 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімде, сонымен қатар, КО Кеден кодексінде бекітілген. 2010 жылдың 1 шілдесінде күшіне енген КО Кеден кодексінің 70 бабы ЕАЭО мүшенің кедендік органдары үшінші елдерден ЕАЭО-ға импорттау кезінде импортқа акцизді салықтарды және ҚҚС салатынын растайды. Импорттау кезіндегі аталған салықтар үшін деңгейлер, алымдар әдістемелері мен салық салынатын база ЕАЭО мүшелерінің ұлттық заңнамаларымен реттелетіні КО кеден кодексінің 74, 75 және 76-баптарында көзделген. Сондықтан ЕАЭО шеңберінде импорт пен экспортқа қатысты жанама салықтарды қолдауды белгілейтін Қазақстандық ұлттық заңнама 2010 жылдың 1 қаңтарына дейін әрекет етуін жалғастыратын болады.

362. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасына импортталған тауарларға қатысты (қосылған құн салығы және акцизді салықтар) ішкі салықтарды қолданудың құқықтық шеңберін белгілейтінін айтты. Жергілікті мемлекеттік органдар импорттық салықтарды ендіруге құқылы емес, себебі бұл салықтарды Үкімет Салық кодексіне өзгерістер енгізу немесе жаңа заңнамалық актілерді қабылдау арқылы енгізеді. Салық кодексі 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді және мынадай маңызды бағаттарға негізделеді: (i) экономиканың шикізаттық емес секторларына салықтық ауыртпалықтарды төмендету; (ii)) әкімшілік кедергілерді қысқарту; және (iii) салықтық әкімшілендіру тиімділігін арттыру.

Қосылған құнға салынатын салық

363. Қазақстан өкілі қосылған құнға салынатын салық мөлшерлемесі (ҚҚС) 12-пайыз деңгейінде белгіленгенін және олар Қазақстанда өндірілетін тауарларға да, импортталатын өнімдерге де оның ішінде ЕАЭО мүше мемлекеттерде өндірілетін тауарларға салынатынын айтты. Отандық өндіріс тауарларына салынатын ҚҚС салынатын салық айналымының мөлшеріне қатысты қолданылады, ал салық салынатын импорттың мөлшеріне импортталатын тауарлардың кедендік құны қосылады, сондай-ақ салықтар мен міндетті төлемдердің сомалары жатады. ДСҰ мүшенің қойған сұрағына жауап ретінде ол акциздік тауарлармен акцизді салық салынған жағдайда ҚҚС алу мақсатында салық салынатын базаға отандық тауарлар да және импортталатын тауарлар да жатқызылады деп жауап берді. Өзге де салықтар мен міндетті төлемдерді нақтылау туралы сұрағына Қазақстан өкілі былай жауап берді, яғни олар акциз салығын, импорттық баждарды және қолданылатын жерлерде тауарларды сақтағаны үшін, кедендік тазарту үшін және тауарларды алып жүру үшін алынатын кедендік алымдарды қамтиды. Қазақстан ТМД елдерін және ЕАЭО мүшелерін қосқанда, барлық сауда серіктестерінен шығатын импортқа қатысты "тағайындау елі" қағидасын қолданады. Атап айтқанда 2005 жылдың 1-ші қаңтары жағдайы бойынша барлық мұнай, газ және газды конденсаттардың импорты, шығу еліне қарамастан ҚҚС стандартты мөлшерлемесіне жатады. Салық кодексінің 242-бабына сәйкес барлық экспортталатын тауарлар ҚҚС нөлдік мөлшерлемесіне жатады. Атап айтқанда 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап қара және түті металдарға ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі салынады.

364. Ол одан әрі қарай жаңа Салық кодексінің 248-бабына сәйкес белгілі бір тауарлар айналымы (жұмыстар, қызмет көрсетулер) ҚҚС төлеуден босатылуы мүмкін деп атап көрсетті. Сатылу бойынша айналымдары ҚҚС-тан босатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) ҚҚС босатылған тауарларды жүзеге асырудан түскен айналымдар осы Баяндаманың 14 (А) қосымшасында келтірілген. Ол әрі қарай ҚҚС арнайы экономикалық аймақтарды және "Еркін қойма" кедендік тәртібінде қолдану осы Баяндаманың IV тарауы "Тауарлармен сауда саласындағы саясат", С бөлімі "Сыртқы саудаға әсер ететін ішкі саясат", (б) кіші бөлімінде "Еркін аймақтар, Арнайы экономикалық аймақтар" келтірілген.

365. Ол әрі қарай Салық кодексінің 255-бабына сәйкес мынадай тауарлар (i) ұлттық және шетелдік валюта (мәдени-тарихи құндылығы бар банкноттар мен монеталардан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздар; (ii) ЕАЭО кеден заңнамасына және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес бекітілген тауарларды бажсыз әкелу нормалары бойынша жеке тұлғалар жүзеге асыратын тауарлар; (iii) Қазақстанның Үкіметі айқындайтын режиммен акцизделетін тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарлар; (iv) акцизделетін тауарларды қоспағанда, мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша, техникалық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, қайырымдылық көмек мақсатында әкелінетін тауарлар;

(v) шет мемлекеттің Қазақстанда акредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттің консулдық мекемелерінің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдардың, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдардың, консулдық қызметшілердің жеке пайдалануы үшін әкелінетін және Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес салықтан босатылатын тауарлар; (vi) салық төлеуден босатуды белгілейтін кедендік рәсімінде ЕАЭО кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік декларациялануға жататын тауарлар: кедендік транзит, кедендік қойма, кедендік аумақта қайта өңдеу, ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу, уақытша әкелу, реимпорт, бажсыз сауда, мемлекет пайдасына бас тарту, еркін қойма, еркін кедендік аймақ; (vii) мемлекет мақұлдаған дәрілік заттар, оның ішінде дәрілік субстанциялар; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар; кез келген нысандағы дәрілік заттарды шығаруға арналған материалдар, жабдықтар және жинақтаушы материалдар, оның ішінде дәрілік субстанциялар, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар импорты қосылған құн салығынан босатылады; (viii) почта маркалары (коллекциялық маркалардан басқа); (ix) Қазақстанның Ұлттық Банкі және оның ұйымдары жүзеге асыратын, ақша белгілерін шығаруға арналған шикізат; (x) мемлекеттердің, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлар; (xi) белгілі бір шарттарды бір мезгілде орындаған жағдайда Қазақстанның Ұлттық Банкі импорттайтын алтынды қоспағанда, импорттайтын инвестициялық алтын импорты; және (xii) Қазақстанның Ұлттық Банкі импорттайтын инвестициялық алтын импорты қосылған құн салығынан босатылатынын атап өтті.

366. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан ҚҚС бірыңғай мөлшерлемесі импортталатын және отандық тауарларға қолданылатынын растауды сұрады. Атап айтқанда Қазақстан олардың кірістерінің деңгейі (төмен) негізінде кәсіпкерлер үшін және шағын бизнес үшін ҚҚС босату қолданылады ма, нақтылап түсіндіруді сұрады. Қазақстан шаруа қожалықтарынан алғашты сату кезінде отандық ауыл шаруашылық шикізаттарына қатысты ҚҚС босатуды ұсынатынын сұрады. Жұмыс тобының бұл мүшесі одан әрі былай мәлімдеді, яғни осыған ұқсас импорттық тауарлар үшін дәл осындай босатудың болмауы кезінде отандық ауыл шаруашылық өнімдерін сатуда мұндай босату 1994 жылғы ГАТТ III бабына сәйкес Қазақстан өзіне қабылдайтын міндеттемелерге қайшы келеді. Аталған мүше Қазақстан осыған ұқсас импортталған және осы секілді тауарларға қатысты кемсітпеушілік режимін қалпына келтіру үшін

ауыл шаруашылық тауарларын салық салудан босатуды жоюын немесе өзгеруін сұрады

367. Қазақстан өкілі ҚҚС импортталатын тауарларға да және отандық тауарларға да біркелкі барлығына қолданылады деп жауап берді. Қазақстан кішігірім жылдық айналымы түрінде ҚҚС төлеуші ретінде тіркелу міндетті емес (жылына 30000 АЕК кем) болып табылатын фермерлерді қосқанда, шағын бизнес үшін салық салу жүйесін оңтайландыруды сақтап қалады деп жауап берді. Ол осы бір кішігірім шек елді мекендерді күрделі салықтық әдістерді қолдану үшін шектелген техникалық мүмкіндіктеріне және кішігірім өндірушілерге қолданылатын халықаралық тәжірибе болып табылады деп атап өтті.

368. Қазақстан өкілі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер және қайта өңдеушілер мынадай салықтық режимдердің бірін қолдануы мүмкін екенін айтты: 1) фермер (шаруа) қожалықтары үшін қолданалатын режим; 2) заңды тұлғаларға – ауыл шаруашылығы өнімін, (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне қолданалатын (ауыл шаруашылығын өндірушілер) режим; 3) ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеушілер үшін қолданылатын режим.

369. Қазақстан өкілі алғашқы режиммен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және жүзеге асыру арқылы өз өнімін шығарумен айналысатын шаруа шаруашылықтары да және фермерлік шаруашылықтарда қолдана алады деп түсіндірді. Аталған режим жеке табыс салығын, жерге арналған салық және оны пайдаланғаны үшін алынатын алымдарды, мүлікке салынатын салықты, көлік саығын және қосылған құн салығын алмастырған (жер учаскесіне байланысты бағалау құнының 0,1-ден 0,5 пайызға дейін) "бірыңғай жер салығын" төлеуге негізделген. Аталған салық режимін пайдалану құқығына ие болу үшін шаруа шаруашылықтарының жеке меншік құқығында және (немесе) жерді пайдалану құқығында жер телімдері болуы тиіс. Аталған режимді пайдалануды таңдаған шаруашылықтар ҚҚС төлеуші ретінде тіркелуге міндетті емес.

370. Екінші салық режимі ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші-заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Аталған салық режимін пайдалану құқығына ие болу үшін заңды тұлғалар: 1) жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру өнімдерін өндіру, өзі өндірген аталған өнімдерді қайта өңдеу және өткізу; 2) толық тізбекті (төлді өсіруден бастап) мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының (оның ішінде, асыл тұқымды), ара шаруашылығының, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіру, сондай-ақ өзі өндірген аталған өнімдерді қайта өңдеу және өткізу. ҚҚС аталған режиміне сәйкес алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін төленген ҚҚС және тауарларды сатудан аударылған ҚҚС арасында есептелетін айырма бюджетке төленуі тиіс. Ауыл шаруашылығын өндіруші бюджетке төлеуі тиіс ҚҚС сомасы алғашқы сатып алудан кейін 70% төмендейді. Алайда алғашқы сатып алушылар

үшін, азық-түлік өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды қосқанда 12% ҚҚС қамтиды.

371. Әрі қарай Қазақстан өкілі Салық кодексінің 267-бабына сәйкес ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеушілер бюджетке төленетін ҚҚС 70% азайта алады деп атап өтті, ал алғашқы сатып алушы үшін өнімнің соңғы құны толыққанды 12% ҚҚС қамтиды. Осы жеңілдіктерді алу үшін ауыл шаруашылық қайта өңдеушілер жылдық жиынтық табысының кемінде 90 пайызын мына қызмет түрлерін жүзеге асырудан алуы тиіс: (i) ет және ет өнімін өндіруді; (ii) жемістер мен көкөністерді қайта өңдеуді және консервілеуді; (iii) өсімдіктер мен жануарлар майын өндіруді; (iv) сүтті қайта өңдеу мен ірімшік өндіруді; (v) ұн-жарма өнеркәсібі өнімін өндіруді; (vi) жануарлар үшін дайын жемшөп өндіруді; (vii) нан өндіруді; (viii) балалар тағамын және емдәмдік тағам өнімін өндіруді; (ix) крахмал-сірне өнеркәсібі өнімін өндіруді жүзеге асыру нәтижесінде алынуға жататын (алынған) табыстар қамтуы тиіс. Қазақстан өкілі көрсетілген жеңілдіктер қазіргі таңда ауыл шаруашылығы секторында әлеуметтік жағдайларды шешуге бағытталғанын атап өтті. Ол ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеушілерге өз өнімдерін жеткізіп отыратын, шамамен 97% отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер, жылдық айналымы 30 000 АЕК-ден кем ұсақ фермерлер мен шаруашылықтар болып табылатынын, яғни олар ҚҚС төлеушілер болып табылмайтынын айтты. Бұл дегеніміз аталған жеңілдік болмаған жағдайда қайта өңдеушілер ҚҚС ірі сомасын төлеуге мәжбүр болады дегенді білдіреді, себебі есептеу кезінде бюджетке төлеуге тиісті ҚҚС жатқыза салатын нақты түрдегі ҚҚС жоқ. Осылайша ҚҚС бойынша артықшылықтар ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген ұсақ фермерлерден және шаруашылықтардан алғашқы ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу нәтижесінде келтірілетін қайта өңдеушілердің шығындарын өтеуге бағытталған.

372. ДСҰ мүшелерді бірі өзінің алаңдауын білдірді, яғни айтылған сызба ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге және қайта өңдеушілерге тұтынушыларға алғашқы тауарларды сату кезінде күтілетін субсидиямен байланысты өзінің тауарына қатысты төмен бағаны белгілеуге мүмкіндік береді. Ол осы жеңілдік қолданылатын түрімен импортқа қатысты кемсітушілік шара болып табылуы мүмкін деп атап өтті. Бұл мүше Қазақстаннан осы шара неліктен сақталуы тиіс екені немесе, ондай болмаған жағдайда, ДСҰ қағидаларымен сәйкестікке келтіруі туралы қосымша ақпаратты сұрады.

373. Жауап ретінде Қазақстан өкілі шамамен Қазақстан халқының 46% ауылдық жерлерде тұрады және жұмыс істеуге қабілетті халықтың үштен бір бөлігі ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысады деп атап өтті. Бұдан басқа, шамамен 93% ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үй шаруашылықтары және фермерлік шаруашылықтар болып табылады, олар жеткілікті қаржылық және техникалық ресурстармен қамтылмаған. Осылайша, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілер үшін ҚҚС бойынша берілетін жеңілдіктер әлеуметтік проблемаларды шешуде және азық-түлік қауіпсіздігімен қамтамасыз етуде маңызды

рөлді ойнайды және ауыл шаруашылығын қолдаудың қазақстандық жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан үкіметі ДСҰ нормаларына сәйкес келетін субсидиялаудың балама сызбасын енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілер үшін ҚҚС бойынша берілетін жеңілдіктерді қайта реформалауды жоспарлайды. Осыған орай, сондай-ақ отандық тауарлар үшін қолданылатын салық режиміне қарағанда импортталған ауыл шаруашылығы өнімі үшін қолданылатын салық режимі аса қолайлы болмас үшін және ДСҰ ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді тікелей субсидиялау тетігін әзірлеу үшін ҚҚС бойынша жеңілдіктерді жою үшін Салық кодексіне өзгерістер енгізу үшін 2018 жылдың 1-ші қаңтарына дейін өтпелі кезең қажет.

Акцизді салық

374. Қазақстан өкілі акциз салынатын тауарларға салық салудың құқықтық шеңберлері Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 9-тарауында бекітілген деп атап өтті. Осы тарау акциз салуға жататын тауарлардың тізімін, сондай-ақ акцизді салықтардың мөлшерлемелерін қамтиды (осы Баяндаманың 11(В) қосымшасын қараңыз). Акцизді салықтарды бірегейлендіру туралы сұраққа (отандық тауарларға қарағанда импортталатын тауарларға қатысты аса жоғары мөлшерleme бойынша ұзақ жылдар бойы қолданылып келген), ол Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасында өндірілетін және КО мүшелерге импортталатын тауарларға арналған акциздердің мөлшерлемелері 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап үшінші елдерге импортталатын тауарларға арналған акциз мөлшерлемелерімен бірегейлендірілді деп жауап берді.

375. Жұмыс тобның мүшесі акцизді салықтарды салу мақсатында отандық және импорттық тауарлар үшін салық салу базасына қатысты барынша жеткілікті мәліметтерді ұсынуды сұрады. Сонымен қатар ол акцизді салықтарды бірегейлендіру процесі туралы ақпараттарды және қазіргі таңда қолданылатын барлық акцизді салықтардың тізімін кестесімен бірге ұсынуды сұрады. Қажеттілігіне қарай, отандық және импорттық тауарларға қатысты мөлшерлемелері әр түрді акцизді салықтарды прогрессивті түрді бірегейлендіру туралы ақпараттарды қамтитын кестені де ұсынуды сұрады. Сонымен қатар топ мүшесі қазақстандық салық режимі отандық және импорттық тауарлар үшін әр түрлі валютадағы акцизді салықтар жинағын көздейді ме деп сұрады. Егер бұл солай болса, Қазақстан қалайша кепілдік бере алады, яғни айырбастау бағамының құбылуы акцизді салықтар мөлшерлемелеріне әсер етпей ме, және бірегейлендірілген салық барлық тауарларға қатысты жергілікті валютада төленуі туралы сұрады. Сонымен Жұмыс тобының мүшесі олардың 1994 жылғы ГАТТ III бабына сәйкестендіруге кепілдік беру үшін акцизді салық режимі отандық және импорттық тауарларға арналған салықтарға қатысты әр түрлі талаптарды қамтымауы тиіс, себебі салықтарды еуромен төлеу салықтардан келіп түсетін нақты алымдарға қатысты аса қолайсыз жағдайларды тудыруы мүмкін. Жұмыс тобының кейбір мүшелері

Қазақстан өкілінен Қазақстанда акцизді салықтардан қосымша босатудың жоқтығын растауды сұрады, атап айтқанда акцизді салық кемсітпеушілік негізде барлығынан импортталатын осыған ұқсас тауарлардың барлығына қолданылатын акцизді салық туралы сұрады. Топ мүшелері Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап әртараптандырылған акцизді салықтардың күшін жоюы тиіс деп атап көрсетті, яғни ол отандық және импорттқ тауарларға қатысты барлық акцизді мөлшерлемелерді бірегейлендіреді және өзгеше тәсілмен 1994 жылғы ГАТТ I және III баптарының ережелеріне сәйкес қолдану үшін сәйкестендіреді.

376. Қазақстан өкілі жауап берді, яғни отандық тауарлардан акциздерді алу кезінде салықтық база акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндірілген, өткізілген акцизделетін тауарлардың зат түріндегі көлемі (саны) ретінде айқындалады. (Салық кодексінің 283-бабы). Импортталатын акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы импортталатын акцизделетін тауарлардың зат түріндегі көлемі, саны ретінде айқындалады. (Салық кодексінің 297-бабы). Әдетте, акциздер оларды жүзеге асыру фактісі бойынша отандық тауарларға қатысты қолданылады. Салық кодексінің 282-бабына сәйкес, акцизделетін тауарларды алушыға тиіп жөнелту (беру) күні операция жасалған күн болып табылады. Алкоголь пен темекі өнімдерін қоспағанда, отандық тауарларға қатысты акциздер есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 20-нан кешіктірілмей төленуге жатады. ЕАЭО мүше өзге мемлекеттердің аумағынан импортталған тауарларға қатысты, алкоголь және кедендік өнімдерді қоспағанда, акциздер импорттан акцизделген тауарлардың есебінен қабылдайтын келесі айдың 20-нан кешіктірілмей төленуге жатады. Алкоголь және кедендік өнімдерді қоспағанда, үшінші елдерден импортталған тауарларға қатысты акциз салығы тауарлар шекараны кесіп өткен кезде төленуі тиіс. Алкоголь (акцизді маркілер қолданылмайтын сыра мен шарап материалдарын қоспағанда) және темекі өнімдері, импорттық және отандық өнімдерге салынатын акцизді салық салық органдарынан акцизді маркілерді алғанға дейін төленуі (3 күн ішінде) тиіс.

377. Әрі қарай ол "Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы № 297-IV заңының түзетулерімен бірге, Салық кодексіне сәйкес спирттік және алкоголь сусындарына арналан акцизді салық мөлшерлемелері 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірегейлендірілді деп атап өтті. Отын мен автокөлікке арналған акцизді салық мөлшерлемелері 2009 жылға қарай бірегейлендірілді, ал темекі өнімдеріне қатысты – 2011 жылы бірегейлендірілді. Ол қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден жоғары автокөлік құралдарына акцизді салықтар салынады деп қосып айтты. Бұл бірінші кезекте экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған және импортқа қатысты кемсітушілік әсерін білдірмейді. 2009 жылдан бастап акцизді салықтар ұлттық валютада-теңгемен салынады. Ол шығу еліне қарамастан отандық тауарларға да және импортталған

тауарларға да акцизді салықтар салынады деп растады. Қазіргі таңда қолданылатын акцизді салықтардың мөлшерлемелері осы Баяндаманың 14 (В) Қосымшасында келтірілген.

378. Сондай-ақ ол атап көрсетті, Қазақстан мынадай импортталатын акцизделетін тауарларға акциздік салық қолданбайды (i) Үкіметпен бегіленген шектерде жеке тұлғалармен импортталатын акцизделген тауарлар; (ii) жол бойы бағытында және аралық аялдама пункттерінде халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын көлік құралдарын пайдалану үшін қажетті акцизделетін тауарлар; (iii) Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізгенге дейін бүлінуі салдарынан бұйымдар және материалдар ретінде пайдалануға жарамсыз болып қалған акцизделетін тауарлар; (iv) Қазақстан бір тарабы болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес акциздеу салығынан босатылған осыған ұқсас мәртебедегі кеңселерді және шет елдің дипломатиялық өкілдіктермен пайдалануы (жеке пайдалануы) үшін, импортталған тауарлар; (v) ЕАЭО кедендік шекарасын қиып өтетін тауарлар және Қазақстан Республикасының және ЕАЭО кедендік заңнамасына сәйкес, мынадай кедендік тәртіптерде орналасқан тауарлар: кедендік транзит, кедендік қойма, кеден аумағында қайта өңдеу, ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу, уақытша әкелім, қайта импорт, бажсыз сауда, мемлекет пайдасына бас тарту, еркін қойма, "еркін айналым тауарларын шғаруды" қоспағанда еркін кедендік аймақ; және (vi) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген және медицинада қолданылатын (шипамайды қоспағанда) алкогольді қамтитын өнімдер акциз төлеуден босатылады.

379. Жұмыс тобының мүшесі "бажсыз сауда" кедендік режимін ұғындыруды сұрады және неліктен ол акцизделетін тауарларға қолданылмайды, сондай-ақ осындай норманы көздейтін ЕАЭО заңнамасына және ұлттық заңнамағы қатысты сілтемені беруді сұрады. Қазақстан өкілі Қазақстанның Салық кодексінің 299-бабының 4-тармағына сәйкес, ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізілетін, ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімін қоспағанда, ЕАЭО кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген кедендік рәсімдер шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында босатылатын акцизделетін тауарлар болып табылады деп жауап берді. КО Кеден кодексінің 302-бабына сәйкес бажсыз сауда кедендік рәсімі дегеніміз – тауарлар ЕАЭО кедендік аумағынан кететін жеке тұлғаларға не шетелдік дипломатиялық өкілдіктерге, оларға теңестірілген халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне, консулдық мекемелерге, сондай-ақ дипломатиялық агенттерге, консулдық лауазымды адамдарға және олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелеріне кедендік баждар, жанама (ҚҚС және акциз) салықтар төленбестен және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан, бажсыз сауда дүкендерінде бөлшек түрде сатылатын кездегі кедендік рәсім. Осылайша аталған режимге орналастырылатын барлық тауарлар акцизді төлеуден босатылады.

380. Жұмыс тобының мүшесі акцизді салықтарды үнемі үйлестіру бойынша ЕАЭО мүше мемлекеттердің ниеттері тураы ақпараттарды ұсынуды сұрады. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шартқа сәйкес, 2015 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап ЕАЭО мүше мемлекеттер аса сезімтал тауарларға қатысты үйлестіру (жақындастыру) рәсімдерін, нысандарын және бағыттарын анықтауы тиіс деп түсіндірді. Алайда үйлестіру процесі бәсекелестік шарттарын бұзбауы тиіс және ЕАЭО мен оған мүше мемлекеттер шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің еркін қозғалуына кедергі болмауы тиіс. ЕАЭО мүше мемлекеттер арасында акцизді салықтарды үйлестіру үшін арнайы мерзім белгіленді.

381. Жұмыс тобы мүшесі Қазақстаннан акцизді салықтың мөлшерлемелерін арттыру сипаты мен ауқымы туралы ақпараттарды және ол қай күні қолданылатыны туралы ақпараттарды сұрады. Қазақстан өкілі былай түсіндірді, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 5 желтоқсандағы № 152-V Заң (бұдан әрі – № 152-V Заң) келесідей кестелерде кемсітпеушілік және жалпы негізде отандық және импорттық алкоголь және темекі өнімдеріне арналған акциздеу мөлшерлемелерін біртіндеп арттыруды көздейді.

2-кесте: Темекі бұйымдары мен алкоголь өнімдеріне арналған акциздеу мөлшерлемелері:

Түрлері	2014(тг/кг)	2015(тг/кг)	2016(тг/кг)
фильтрлі сигарет	3000	3900	5000
Фильтрсіз темекі, папиростар	3000	3900	5000
Сигариллалар	3700	4800	6225
Сигаралар	475	620	565
Темекі	3800	4900	7345

Түрлері	2014(тг/л)	2015(тг/л)	2016(тг/л)
Алкоголь өнімі	1000	1200	1600
Коньяк, импорттық коньякты спирттен жасалған бренди	250	250	250
Коньяк, отандық коньякты спирттен жасалған бренди			

382. Көлік салығын ендіру туралы Қазақстанның жоспары туралы сұраққа Қазақстан өкілі былай жауап берді, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, автомобильді көлік қозғалтқыштың көлеміне қарай көлік салығымен салық салуға жатады. Ол осы көлік салығы – акцизді салық секілді емес деп атап өтті. № 152-V Заң, жыл сайын көбейетін қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден жоғары жеңіл автомобильдер үшін салықты арттыруды көздейді. Заң 2014 жылдың 1

қаңтарынан бастап күшіне енді. Келесідей арттырылған салық мөлшерлемелері Қазақстан Республикасында шығарылған (өндірілген немесе жинақталған) және (немесе) 2013 жылдың 31 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасына импортталған автокөліктерге қатысты қолданылады.

3-кесте: Көлік салығы

№		Салық мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Қозғалтқышының көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (текше см.):	
	3 000-нан жоғары 3 200-ді қоса алғанда	35
	3 200-ден жоғары 3 500-ді қоса алғанда	46
	3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда	66
	4 000-нан жоғары 5 000-ды қоса алғанда	130
	5 000-нан жоғары	200

383. Қазақстан өкілі, ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Қазақстан, 370 және 371-тармақта сипатталған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілер үшін ҚҚС бойынша жеңілдіктерді қоспағанда, өзінің ішкі салықтарының алуын және 1994 жылғы ГАТТ-тың I және III баптарына сәйкес кемсітпеушілік түрде ҚҚС, акциздерді және өзге салықтарды қоса алғанда, олардан босатылуының жүргізетінін растады. Қазақстан Республикасы 373-тармақта көрсетілгендей, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілер үшін ҚҚС бойынша жеңілдіктерді 2018 жылдың 1-ші қаңтарына дейін ДСҰ ережелеріне сәйкес келтіреді. Ол осы кезең ішінде салықтан босатулар қолданылу саласына қатысты да, сондай-ақ деңгейіне қатысты да кеңейтілмейтінін айтты. Жұмыс тобы осы міндеттемені ескерді.

Тыйым салуды, квотаны және лицензиялау жүйесін қоса алғанда импортқа арналған санды шектеулер

384. Қазақстан өкілі атап өтті, ЕАЭО туралы шарт күшіне енуі нәтижесінде 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Қазақстанда импортқа қатысты сандық шектеулерді қолдану "Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттама" атты 7-қосымшаға негізделеді, ол КО мынадай құжаттарының ережелерін алмастырды: 2008 жылғы 25 қаңтардағы үшінші елдерге қатысты бірыңғай тарифтік емес реттеу шаралары туралы келісім, 2009 жылғы 9 маусымдағы үшінші елдерге қатысты бірыңғай кеден аумағында тауарлармен сыртқы сауда жасауды қамтитын шараларды енгізу және қолдану туралы келісім, (бұдан әрі – тарифтік емес реттеу туралы КО келісімі) 2009 жылғы 9 маусымдағы тауарлармен сыртқы сауда жасау саласында лицензиялау ережелері туралы келісім, ол 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО туралы келісім шарт күшіне енген жағдайда өзінің әрекет етуін тоқтатады. Ал мынадай

құжаттар өздерінің әрекет етуін жалғастыруда: "Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы арасында жасалған Кеден одағында бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы" ЕурАзЭЖ Мемлекетаралық кеңестің 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімі (бұдан әрі – 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешім) және "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" Еуразиялық экономикалық Комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімі (бұдан әрі – № 134 Алқа шешімі). Нәтижесінде үшінші елдерден ЕАЭО импорттауға қатысты тарифтік емес шараларды қолдану туралы шешімдер Еуразиялық экономикалық комиссиямен (ЕЭК) қабылданады. Алқаның № 134 шешімімен үшінші елдермен сауда жасауда Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттерден әкелуге немесе әкетуге қатысты шектеулер немесе тыйымдар қолданылатын тауарлардың Бірыңғай тізімі қайта бекітілді (бұдан әрі – Бірыңғай тізім), ол 2012 жылдың 16 қыркүйегінен бастап қолданылады (Бірыңғай тізімнің үшін осы Баяндаманың 6-қосымшасын қараңыз). Бұдан алдын тізім "Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы арасында жасалған Кеден одағында бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы" КО Комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 132 шешімімен бекітілген болатын. Бірыңғай тарифтік емес реттеу шаралары туралы келісімге сәйкес, осы Баяндаманың 6 қосымшасында көрсетілген тарифтік емес шаралар санлық шектеулерді, тыйымдарды, импортқа арналған лицензиялау құқықтарын, автоматты лицензиялау (рұқсаттар) немесе автоматты емес лицензиялауды қамтиды.

385. КО құрғанға дейін тарифтік емес шаралар "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544-II Заңымен реттелді, оның нормалары тарифтік емес шаралар туралы КО келісімі күшіне енгеннен кейін сәйкестендірілді. Осы заңға "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 297-IV Заңымен және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 400-IV Заңымен түзетулер енгізілді. Қазақстан өкілі ЕАЭО мүше мемлекеттер өзара сауда бойынша тарифтік емес шараларды қолданбайды деп ұғындырды.

386. Қазақстан өкілі КО құрғанға дейін Қазақстанда тарифтік емес реттеулерге жататын тауарларға қосымша ретінде мынадай тауарлардың Бірыңғай тізімі енгізілді деп атап өтті: шифрлау құрамы бар кейбір өнімдер (бұдан әрі – шифрлау құрамы бар тауарлар), биологиялық ресурстарды өндіру құрал-саймандары, гренланд итбалығының терісі. КО құрғанға дейін Қазақстанда оларға қатысты тыйымдар мен шектеулер қойылған орта және жеңіл сүзгіштер Бірыңғай тізімге енгізілмеді және әрі қарай тарифтік емес реттеуге жатпайды. Қорыта келе ол бұрын оларды Қазақстанға әкелуге

тыйым салынған есірткі заттарының және олардың прекурсорларының кейбір түрлері импорттық лицензиялауға жататынын атап өтті. Топ мүшесімен қойылған сұраққа жауап ретінде ол қазіргі таңда Қазақстан бұрын қолданған киімдерді және автомобиль шиналарын әкелуге қатысты тыйымдарды қабылдамады және ешқашанда қабылдамаған.

387. Қазақстан өкілі әрі қарай түсіндірді, яғни "Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салуларды, кейбір кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбелерін, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдерге орналастырылған тауарлармен жасалатын операцияларды жүргізуге арналған тыйым салулар мен шектеулерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі № 681 қаулысы мынадай тауарларды әкелуге тыйым салады: (i) Әр текті әскери үлгідегі қару, оның оқ-дәрілері, әскери жабдықтар мен жарылғыш заттар; (ii) Есірткі және психотроптық заттар, сондай-ақ оларды тұтынуға арналған керек-жарақтар; (iii) Мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа нұқсан келтіруге бағытталған, соғысты, терроризмді, зорлық-зомбылықты, нәсілшілдікті насихаттайтын баспа және бейнелеу материалдары, сондай-ақ порнографиялық мазмұндағы материалдар. (iv) Озонды бұзатын заттары бар тауарлар; (v) Озонды бұзатын заттары бар тауарлар "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 272 қаулысымен күшін жойды. Ол диірмендер үшін үгіттейтін шарларды және осы секілді бұйымдарды импорттауды квоталау ("Жекелеген тауарлардың әкелінуі мен әкетілуіне шектеу енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 желтоқсан № 1243 қаулысымен белгіленген) және этил спирті мен алкоголь өнімдеріне арналған шектеулер ("Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы № 1031 қаулысы) де 2003 жылдың 1-қаңтарынан бастап және 2004 жылдың 17-маусымынан бастап күшін жойды деп қосып айтты.

(a) Квотаны және тыйымдарды қосқанда, импортқа арналған санды шектеулер

388. Қазақстан өкілі 1994 жылғы ГАТТ-тың XI бабының мазмұнындағы импортқа, тыйымдар мен квоталарға қатысты сандық шектеулерді Қазақстан қолданбайды деп атап өтті, мұндай шаралар ЕАЭО шеңберінде де қолданылмайды. Қазақстан өкілі ЕАЭО шеңберінде импортқа шектеулер ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының VII тарауына сәйкес қолданылады, сондай-ақ ұлттық заңнамаға және Қазақстанның халықаралық шарттарына сәйкес қолланылады, егер бұл шаралар: (i) қоғамдық моральды немесе құқықтық тәртіпті сақтау үшін қажет; (ii) азаматтардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау үшін қажет; (iii) орны толмайтын табиғи ресурстардың таусылуын болдырмау үшін қажет және орны толмайтын табиғи ресурстарды пайдаланумен байланысты ішкі өндірісті немесе

тұтынуды шектеумен бір мезгілде жүргізілетін; (iv) мәдени құндылықтар мен мәдени мұраны қорғау үшін қолданылатын; (v) үкімет жүзеге асырған тұрақтандыру жоспарының нәтижесінде әлемдік бағаға қарағанда, неғұрлым төмен деңгейде осындай тауарлардың ішкі бағасы тұрақталатын кезеңдер ішінде ішкі өңдеу өнеркәсібінің мұндай тауарларының жеткілікті санымен қамтамасыз ету үшін мүшелердің аумақтарынан шығарылатын тауарлар экспортын шектеумен байланысты; (vi) олардың жалпы немесе жергілікті тапшылығы жағдайында, тауарларды сатып алу немесе тарату үшін қажет; (vii) халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет; (viii) қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет; (ix) кедендік заңнаманы қолдануға, қоршаған ортаны қорғауға, зияткерлік меншікті және өзге де құқықтық актілерді қорғауға қатысты; халықаралық міндеттемелерге қайшы келмейтін құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет (x) алтын немесе күміс импортына қатысты болған жағдайларда енгізілуі мүмкін.

389. Қосымша ретінде Қазақстан өкілі былайша ұғындырды, яғни ЕАЭО импорт ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының III тарауының 12-тармағына сәйкес, 1994 жылғы ГАТТ-тың XI:2 бабына сәйкес ЕАЭО әкелінетін ауыл шаруашылығы тауарлары мен биологиялық су ресурстарына қатысты, егер бұл шаралар: (i) отандық ұқсас тауар өндірісін немесе сатуды қысқарту; (ii) отандық ұқсас тауардың айтарлықтай өндірісі болмаса, импорттық тауармен тікелей алмастырыла алатын тауар өндірісін немесе сатуды қысқарту; (iii) ұқсас тауардың уақытша артығын тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық құнынан төмен бағамен осы артық тауарды беру арқылы нарықтан алып тастау; (iv) ұқсас тауардың айтарлықтай өндірісі болмаса, импорттық тауармен тікелей алмастырылуы мүмкін тауардың уақытша артығын тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық құнынан төмен бағамен осы артық тауарды беру арқылы нарықтан алып тастау қажет болса импортқа арналған сандық шектеулер енгізілуі мүмкін. Қосымша түрде әкелуді шектеу және тыйым салу ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының 12.2-тармағында көрсетілгендей, халықаралық саудада тауарларды сыныптау, сұрыптау және сату стандарттарын немесе қағидаларын қолданумен байланысты қажет болғанда шектеулер мен тыйым салулар қолданылуы мүмкін. Қазақстан өкілі "отандық тауар" термині аталмыш жағдайда ЕАЭО мүше мемлекеттің кез келген мемлекетінде өндірілген тауарды білдіреді деп ұғындырды.

390. Жұмыс тобының мүшесі 1994 жылғы ГАТТ-тың XI:2(c) бабымен көзделген ауыл шаруашылығы тауарларына қатысты қандай да бір импорттық шектеулер қолданылады ма немесе қолданылған ба деп сұрады. Жұмыс тобының бұл мүшесі ДСҰ-ға кірген сәттен бастап 1994 жылғы ГАТТ-тың XI:2(c) бабының ережелерінен басым болып келетін ауыл шаруашылығы бойынша Келісімнің 4.2-бабының ережелерін сақтау міндеттемесін қабылдау және осы бапқа қайшы келетін кез-келген шараны қабылдамау өтінішімен жүгінді. Жауап ретінде Қазақстан өкілі былай деді,

Қазақстан Қазақстанның заңнамасы бойынша да және Комиссия шешімі бойынша да 1994 жылғы ГАТТ-тың XI:2(c) бабымен көзделген импортқа арналған шектеулерді қолданбайды. Ол ауыл шаруашылығы бойынша Келісімнің 4.2-бабына сәйкес, ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының 12-тармағы ауыл шаруашылығы тауарларын әкелуге арналған шектеулер туралы ережелерді қамтымайды.

391. Әрі қарай ол ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының II тарауына сәйкес, Комиссия сыртқы қаржылық жағдайларды қорғау мен төлемдік баланстың тепе-теңдігін қолдау мақсатында импортқа арналған сандық шектеулерді және тыйымдарды белгілеуге уәкілетті деп атап өтті. Аталмыш міндеттемелерді орындау үшін Комиссия импортқа арналған санды шектеулерді енгізуге немесе ЕАЭО мүше мемлекеттердің ұсыныстры негізінде тауарларды импорттау мен экспорттаудың айрықша құқықтарын ұсынуға өкілетті. Мұндай шаралар ұлттық заңнамаға сәйкес және Қазақстан қатысушысы болып келетін халықаралық келісім шарттарға сәйкес қабылданатын болады. Қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының VII тарауында келтірілген жалпы алып тастау тізімі түпкілікті болып табылады, осындай ерекшеліктер ЕАЭО шеңберінде ешқандай да өзге құжатпен көзделмейді деп ұғындырды.

549. Қазақстан өкілі былайша ұғындырды, яғни ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының II тарауына сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО мүше мемлекеттер Комиссияға үшінші елдерден әкелетін импортқа қатысты ЕАЭО тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы шешімдерді қабылдау бойынша өзінің өкілеттіктерін берді. Тарифтік емес реттеу шараларын енгізу туралы ұсыныс ЕАЭО мүше мемлекеттердің бастамашылығымен сондай-ақ Комиссияның бастамашылығымен де ұсынылуы мүмкін. Тарифтік емес реттеу шараларын енгізу туралы шешім Комиссиямен осындай ұсынысты алған күннен бастап 30 күннен кешікпей қабылданады және жарияланған сәттен бастап 45 күннен кешіктірілмей күшіне енеді. Кез келген тарифтік емес шара үшінші елдерден шағарылатын тауарларға қатысты қолданылады және барлық елдерден әкелу үшін теңдей жағдайда қолданылады. Жұмыс тобының мүшесі қойған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шартқа енгізілетін барлық өзгерістер және ЕАЭО заңнамалық актілері (Бірыңғай тізімді қосқанда) ЕАЭО веб-сайтында (www.eurasiancommission.org) жарияланады деп қосып айтты.

550. Жұмыс тобының мүшесі қойған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі атап көрсетті, яғни ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының X тарауына сәйкес, ЕАЭО мүше мемлекеттер егер олар 388 және 389-тармақтарда аталған себептер бойынша енгізсе, біржақты тәртіппен тарифтік емес реттеу шараларын уақытша енгізе алады. Сондай-ақ ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының VIII тарауы төлемдік баланстың тепе-теңдігін қолдау және сыртқы қаржылық жағдайларды қорғау үшін біржақты режиммен тарифтік емес реттеу шараларын енгізу негіздерін көздейді.

Мұндай шаралар 6 айдан аспайтын мерзімге егізілуі тиіс. Сондай-ақ уақытша шараларды қолданбайтын ЕАЭО мүше мемлекеттер уақытша шараларды қабылдаған ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына осы тауарларды әкелуді болдырмауға бағытталған қажетті күштерін жұмсауы қажет.

551. Жұмыс тобының кейбір мүшелері ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының VII тарауының кейбір элементтері, мысалы, 6-тармақ ГАТТ-та көзделген, атап айтқанда XX және XI баптарымен көзделген негіздерден асады. Аталмыш мүшелер ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының VII тарауымен көзделген міндеттемелер ДСҰ ережелеріне сәйкес Қазақстанмен немесе ЕАЭО құзыретті органымен қолданылатын болады деген міндеттемені қабылдау өтінішімен жүгінді.

552. Сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының VII тарауының 6-тармағы 1994 жылғы ГАТТ-тың XX (j) бабына сәйкес келетінін атап өтті. Ол ҚР немесе ЕАЭО құзыретті органымен қабылданатын шаралар ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес келетін болады деп растады.

(b) Импорттық лицензиялау

553. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда лицензиялау режимі ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасымен және оның қосымшасында осы Баяндаманың 384-тамағында көрсетілген Комиссияның шешімімен, сондай-ақ ЕАЭО туралы шарттың 6-қосымшасымен (ТК) реттелетінін хабарлады. Лицензиялаудың мақсаты ЕАЭО мүше сезімтал мемлекеттердің және/немесе халықаралық қоғамдастықтың тауарларына жататын әр түрлі себепер бойынша тауарлардың импорты үшін мониторинг және бақылау жүргізу болып табылады. ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасы және Комиссияның шешімдері техникалық реттеу, санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану, сондай-ақ демпингке қарсы қорғау және өтемақы шараларын қолдану мәселелерін қамтымайды. Аталмыш мәселелер ЕАЭО туралы шарттың жекелеген ережелерімен және/немесе ұлттық заңнамамен реттеледі. Шифрлау құралдары, этил спирті және алкоголь өнімдері, дәрілік заттар және т.б. осы секілді Бірыңғай тізімге енгізілген жекелеген тауарларды әкелу тәртібі ЕАЭО ережелерімен және ұлттық заңнамамен айқындалады. ЕАЭО құзыретті органдары автоматтандырылған лицензиялау (рұқсаттар) және/немесе автоматтық емес лицензияларды орындауға бақылау жүргізуді жүзеге асырады.

554. Қазақстан өкілі Қазақстанның ұлттық заңнамасы егер ол ЕАЭО туралы шартқа және Комиссияның шешімдеріне, ЕАЭО өзге де заңнамалық актілеріне қайшы келмесе қолданылуын жалғастырады деп ұғындырды. Қазақстанның ұлттық заңнамасы мынадай салаларды қамтиды: "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214-III Қазақстан Республикасының Заңы ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 400-IV Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгертулермен және "Қазақстан Республикасының

кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 15 шілдедегі № 461-IV Қазақстан Республикасының Заңы) (бұдан әрі – Лицензиялау туралы Заң) және " Тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы", " Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортын, сондай-ақ жекелеген тауарлардың импортын автоматты түрде лицензиялау кезіндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" Үкіметтің 2008 жылғы 12 маусымдағы № 578 қаулысы, жаңа редакцияда - Үкіметтің 2012 жылғы 17 қазандағы № 1320 қаулысы (бұдан әрі – Үкіметтің № 578 қаулысы).

555. Қазақстан өкілі импортқа арналған лицензия немесе рұқсат беру лицензиатты немесе рұқсат иесін лицензияны немесе рұқсатты берген ЕАЭО мүше мемлекеттеріне белгіленген тауарларды импорттау құқығын міндеттейді; лицензия немесе рұқсат лицензиатты белгіленген тауарларды ЕАЭО мүше өзге мемлекеттерге импорттауға құқығы жоқ. Алайда ол лицензия немесе рұқсат лицензиатқа/рұқсат иесіне лицензияны немесе рұқсатты берген ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына транзит арқылы өнімдерді өткізуге рұқсат ету құқығын береді.

556. ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының IX тарауына сәйкес, сыртқы саудада тауарларды лицензиялау мынадай жағдайларда: 1) жекелеген тауарлардың экспортына немесе импортына сандық шектеулерді уақытша енгізу; 2) мемлекет қауіпсіздігіне, денсаулыққа, қоршаған ортаны қорғауға қолайсыз әсер етуі мүмкін тауарлардың жекелеген түрлерін экспорттау және (немесе) импорттау тәртібін жүзеге асыру; 3) тауарлардың жекелеген түрлерін импорттауға ерекше құқықтарды ұсыну; 4) халықаралық міндеттемелерді орындау. Лицензиялар тарифтік квоталар шеңберінде тауарларды әкелу үшін талап етіледі. Тарифтік емес шектеулердің түрлері және осы шектеулерге жататын тауарлардың тізімі Комиссиямен айқындалады. Осындай тауарлардың тізімі Баяндаманың 6-қосымшасында көрсетілген. Комиссия өзінің қалауы бойынша немесе ЕАЭО мүше мемлекеттің сұрауы бойынша бірыңғай тізімнен алып тастау немесе енгізу туралы шешімдерді қабылдауға құқылы.

557. Импорттауға арналған автоматтандырылған немесе автоматтық емес лицензияларды (рұқсаттар) алу рәсімі тауарлардың әрбір санаты үшін лицензиялау рәсімдері және импорттау кезінде лицензиялауға жататын тауарлардың бірыңғай тізімін және лицензияны алу үшін қажетті құжаттардың тізімін, рұқсаттарды және лицензиялардың нысандарын, өтініш беру нысандарын қоса алғанда ЕАЭО барлық аумағында біріздендірілген.

558. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының IX тарауына сәйкес, мемлекеттік атқарушы билік органы (бұдан әрі – құзыретті орган) автоматтық емес лицензиялардың үш түрін береді деп хабарлады: біржолғы, негізгі және ерекше, сондай-ақ автоматты түрде лицензиялау барысында рұқсаттар береді. Қазақстанда лицензияларды беруге жауапты мемлекеттік құзыретті орган лицензиялауға жататын

тауарларға қатысты берілетін лицензияның түрлеріне байланысты. Импорттық лицензияны беруге жауапты құзыретті орган аталмыш Баяндаманың 6-қосымшасында келтірілген.

559. Біржолғы лицензиялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органымен сыртқы сауда қызметіне қатысатын қатысушыларға сыртқы сауда мәмілесі негізінде беріледі, оның нысаны лицензияланатын тауар болып табылады және лицензияда белгіленген санда тауарларды экспорттауға және (немесе) импорттауға арналған құқықтарды ұсынады. Лицензия сыртқы сауда келіімшартында көрсетілген тауардың санына беріледі және оның әрекет ету күні басталған күннен бір жылға дейін қолданыста болады. Уақытша сандық шектеулер енгізілген тауарлар үшін лицензияның әрекет ету мерзімі квота беліленген күнтізбелік жылда аяқталады. Біржолғы лицензияның иелері лицензияның әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін 15 күн ішінде құзыретті органға лицензияны орындау туралы анықтаманы ұсынуға міндетті.

560. Негізгі лицензиялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті органдарымен сыртқы қызметке қатысушыларға беріледі және лицензияда белгіленген лицензияланатын тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған құқықтарды ұсынады. КО Комиссиясының "Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының кеден одағының тарифтік емес бірыңғай жүйесін қалыптастыру туралы" 2010 жылғы 27 қаңтардағы №168 шешіміне сәйкес, бұдан әрі – КО Комиссиясының № 168 шешімі) негізгі лицензия Бірыңғай тізімнің 2,9 (бағалы тастар және бағалы металдар), 2,10 (өңделмеген бағалы металдар, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтары, кен қазбалары мен бағалы металдардың концентраттары, бағалы металдарды қамтитын шикізат тауарлары), 2,25 (импорттау кезінде рұқсат ету тәртібі белгіленген тауарлар), 2,27 (импортталуы тарифтік квота шеңберінде жүзеге асырылатын тауарлар) тарауына енгізілген тауарларды импорттауға беріледі. Негізгі лицензияның әрекет ету мерзімі оның әрекет еткен күнінен бастап бір жылдан аспауы тиіс, ал уақытша сандық шектеулер енгізілген тауарлар үшін лицензияның әрекет ету мерзімі квота беліленген күнтізбелік жылда аяқталады. Негізгі лицензияның иелері құзыретті органға тоқсан сайын лицензияның орындалу барысы туралы есепті ұсынуға міндетті. Жұмыс тобының мүшесімен қойылған сұраққа Қазақстан өкілі қазіргі таңда Қазақстанда негізгі лицензиялар берілмейді деп жауап берді.

561. Ерекше лицензиялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органымен беріледі және өтінім берушіге комиссия шешімімен белгіленген мерзімге тауарлардың жекелеген түрлерін импорттауға арналған құқықтарды ұсынады. КО Комиссиясының № 168 шешіміне сәйкес, ерекше лицензия ЕАЭО мүше-мемлекеттердің тиісті заңнамасына сәйкес, Бірыңғай тізімдегі 2.26 тарауға (импорттау кезінде ерекше құқық белгіленген тауарлар) енгізілген тауарлардың жекелеген түрлерін импорттауға беріледі. Қойылған сұраққа Қазақстан өкілі Қазақстанда ерекше лицензиялар берілмеген деп жауап берді.

562. ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының қосымшаның ІІ тарауына сәйкес, импорттауға арналған лицензиялардың барлық түрлері мыналардан тұратын құжаттар топтамасын толық ұсынған күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде беріледі: лицензия беру туралы өтініш, өтініштің электрондық көшірмесі; шарттың (шартының) көшірмесі; салық органында есепке қойылғаны туралы құжаттың көшірмесі; лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға берілген лицензияның көшірмесі (егер қажет болса) өзге де құжаттар. Арнайы берілген сұраққа Қазақстан өкілі өзге де құжаттар 2009 жылғы 27 қарашадағы ЕАЭО МҮК №19 шешімімен бекітілген Алқаның №134 шешімімен қабылданған жекелеген Ережелердің мазмұнын қайталайтын болады деп жауап берді. Мысалы, озонды бұзатын заттар, қауіпті қалдықтар, өсімдіктерді қорғау заттары, арнайы техникалық тауарлар және т.б. секілді тауарлардың шектелген санына қойылатын талаптарға жататын қосымша құжаттар. Егер өтініш берушінің ұйымдық-құқықтық нысанына, тұрғылықты жеріне өзгерістер енсе немесе лицензиясы жоғалса лицензияны жаңарту қажет. Қазақстанда барлық тауарлардың импорттауға арналған лицензияны бергені үшін бірыңғай алым алынады. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, лицензияны бергені үшін алым 10 айлық есептік көрсеткішті құрайды (бұдан әрі - АЕК). 2014 жылы лицензияны бергені үшін алынатын алым 18.250 теңгені (шамамен 100 АҚШ долл) құрады.

563. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының ІІІ тарауына сәйкес, рұқсаттар КО Комиссиясының № 168 шешімімен бекітілген нысанда қандай да бір шектеулерсіз үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге беріледі деп түсіндірді және ол берілген күнтізбелік жылдың соңына дейін жарамды деп танылады. Рұқсаттарды беру үшін өзге де құжаттарды ұсыну талап етілмейді. Өтініш кедендік декларациялаудың алдында кез келген жұмыс күнінде берілуі мүмкін. Комиссия импортты бақылауға қатысты тауарлар тізімін бекітеді (Бірыңғай тізімнің 2.25 тарауы).

564. Ішкі істер министрлігі беретін есірткі заттары, психотроптық заттар және олардың прекурсорларын импорттауға арналған лицензияларды қоспағанда, импорттауға арналған автоматтандырылған лицензияларды Инвестициялар және даму министрлігі береді; лицензиялар; озонды бұзатын заттарды импорттауға арналған лицензияларды Энергетика министрлігі береді. 2011 жылғы 16 тамыздағы "Этил спирті мен алкоголь өнімдеріне қатысты тарифтік емес реттеу саласында Кеден одағының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" КО Комиссиясының № 747 шешіміне сәйкес, ЕАЭО мүше мемлекеттердің бірі ДСҰ кіруіне қарай этил спирті мен алкоголь өнімдерін автоматтық емес лицензиялау бойынша талаптар жойылатын болады және автоматты түрде лицензиялау талаптарымен алмастырылатын болады. Аталмыш сәтте импорттық лицензиялау бойынша барлық талаптар Қазақстанда 2012 жылдың 22 тамыздан бастап күшін жойған. Келешекте автоматты лицензиялауды

қолданған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті құзыретті орган болып табылады.

565. Жұмыс тобының мүшесі қойған сұраққа Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасында қолданатын заңдар импорттауға арналған лицензияны беру туралы өтініште ұсынылған құпия сипаттағы мәліметтерді сақтауды қамтамасыз етеді деп жауап берді.

566. Жұмыс тобының мүшесі өзінің қамкөңілдігін білдірді, яғни егер импорттаушылар лицензияның мерзімін ұзарту туралы өтінішті келесі жылдың 15 қаңтарынан бастап беретін болса, лицензияның әрекет ету мерзімі күнтізбелік жылдың соңында қалайша аяқталуы мүмкін, сонымен қатар лицензияны ұзарту рәсімінің салдарынан жеткізулердегі 6 апталық үзіліске әкеп соқтырады, ал отандық өндірушілер үшін импорттауға арналған лицензияны алу талап етілмейді. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасына сәйкес, лицензияларды ұзарту үшін жеке рәсімдерді көздемейді, ал мерзімін ұзартуды қалайтын лицензиат 10 АЕК сомасында лицензия үшін төленетін төлемді жүзеге асыра отырып және құжаттардың толық топтамасымен жаңа лицензия алу үшін өтініш береді деп мәлімдеді. Сонымен қатар өтініш беруші тауарлар жеткізілімінде үзілістерді болдырмас үшін қолданыстағы лицензияның мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытты жаңа лицензия алуға өтініш бере алады.

567. ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының II тарауына қосымша лицензия беруден бас тарту негіздерін белгілейді. Лицензия беруден бас тарту негіздері мыналар: (i) өтінім беруші лицензия алу үшін ұсынатын құжаттарда толық емес немесе дұрыс емес мәліметтердің болуы; (ii) ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасында көзделген талаптардың сақталмауы; (iii) лицензия беруге негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттар қолданылуының тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы; (iv) оны іске асыру үшін лицензия сұралатын шартты (шартты) орындау салдары туындауы мүмкін ЕАЭО мүше мемлекеттерінің халықаралық міндеттемелерінің бұзылуы; (v) квотаның, сондай-ақ тарифтік квотаның таусылуы (квоталанатын тауарларға лицензия ресімделген жағдайда) және (vi) Комиссиямен көзделген өзге де негіздемелер. Лицензия беруден бас тарту туралы шешім дәлелді болуы және өтінім берушіге жазбаша нысанда ұсынылуы тиіс. Қазақстан өкілі құжаттардағы болмашы қателер лицензия беруден бас тарту үшін негіз болмайтынын растады.

568. Қазақстан өкілі импорттауға арналған лицензияларды тоқтату немесе тоқтата тұру туралы шешім "Лицензияның әрекетін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы" Ережені бекіту туралы КО Комиссиясының 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 488 шешімімен белгіленген өлшемдер негізінде Қазақстанның уәкілетті органы қабылдайды. Аталмыш шешімге сәйкес Қазақстанның уәкілетті органы ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасында көзделген жағдайларда лицензияларды тоқтату немесе тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы деп мәлімдеді, оның ішінде егер заңды

тұлға ретінде тіркелген өтінім берушінің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілсе (мысалға, ұйымдық-құқықтық нысанының, атауының немесе оның орналасқан жерінің өзгеруі) немесе жеке тұлға болып табылатын өтінім берушінің төлқұжаттық деректері өзгерсе, бұл жағдайда ЕАЭО туралы шартқа № 7-қосымшада қосымшаның көздейтіні берілген лицензияның қолданылуын тоқтату және жаңа лицензияны түркеу туралы өтінішпен құзыретті органға жүгінуге міндетті. Жаңа лицензияны түркеу үшін өтінім беруші жаңа өтінішті және жоғарыда көрсетілген өзгерістерді растайтын құжаттарды қоса ұсынуы тиіс. Лицензияны жоғалтқан жағдайда, жоғалтудың себептері мен жағдайлары көрсетіле отырып, лицензияның телнұсқасын өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде береді.

569. Қазақстан өкілі тауарлардың жекелеген түрлерін импорттауға арналған лицензияны алу үшін белгілі бір қызмет түрімен айналысуға арналған лицензияны алу қажет деп ұғындырды. Лицензиялау туралы № 214-III заңмен лицензияланатын қызметтердің толық тізімі бекітілген. Қызмет түрлерін лицензиялау мынадай мақсаттарда: (i) ұлттық қауіпсіздік; (ii) мемлекеттік монополия міндетін жүзеге асыру; (iii) құқықтық тәртіпті нығайту; и (iv) қоршаған ортаны, азаматтардың жеке меншігін, өмірі мен денсаулығын, қорғау. Импорттық лицензияны алу үшін қызмет түріне арналған лицензия алуды қажет ететін тауарлар аталмыш Баяндаманың 14-қосымшасының соңғы бағанында көрсетілген.

570. Жұмыс тобының мүшесі, яғни № 214-III Заңның 4.9-бабы "Мемлекеттік органдар, дербес білім беру ұйымдары және олардың ұйымдары, оның ішінде аталған ұйымдарда білім беру бағдарламаларын енгізетін және (немесе) іске асыратын шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі кейбір қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін лицензиялау талап етілмейді" деп атап өтті. Жұмыс тобының мүшесі мемлекет меншігіндегі немесе мемлекет бақылауындағы немесе Қазақстан Үкіметінің ресми органдарымен шектелген кәсіпорындар "мемлекеттік органдар" санатына жатады ма және неліктен мұндай айырмашылықтар бар және әлеуетті лицензиаттарды осы ерекшеліктерге жатқызуды реттеу қалай жүзеге асырылатынын түсіндіруді сұрады. Сондай-ақ ол аталмыш ерекшеліктер кемсітушілік преференциалдық режимдерді көздейді ме деп сұрады. Қазақстан өкілі заң импорттауға арналған лицензияға немесе қызмет түріне арналған лицензияға қатысты отандық ұйымдар үшін кемсітушілік преференциалдық режимдерін көздемейді және аталмыш ерекшеліктер импорттаумен немесе экспорттаумен байланысты қызметтерге қатысты емес деп түсіндірді.

571. Жұмыс тобының мүшесі № 214-III Заңның 40-бабы халықаралық келісімдер (мысалы, сирек кездесетін жабайы өсімдіктер мен жануарлардың түрлерімен халықаралық сауда жасау туралы БҰҰ Конвенциясы, (CITES), Кимберлий процесі) әрекетіне жататын тауарларды әкелуді реттейді ме және "сандық шектеулерді қолданбастан Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін және отандық

тауар өндірушілердің тауарларын қорғау мақсатында" импортты лицензиялау қандай жағдайларды жүзеге асырылатынын сұрады. Қазақстан өкілі тарифтік емес шаралар туралы КО келісімне сәйкес және қазіргі ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасына сәйкес лицензиялау туралы заңға өзгерістер енгізілді деп жауап берді. Атап айтқанда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 400-IV заңымен, № 214-III Заңның 39 және 40-баптары алынып тасталды. Ал халықаралық келісімдер (мысалы, сирек кездесетін жабайы өсімдіктер мен жануарлар түрлерімен халықаралық сауда жасау туралы БҰҰ Конвенциясы, (CITES), Кимберлий процесі) әрекетіне жататын тауарлар ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасының VII тарауына сәйкес реттелуі мүмкін.

572. Осыған ұқсас Жұмыс тобының мүшесі өзінің қамқөңілдігін білдірді, яғни лицензиялау туралы заңның 40-бабымен "отандық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында" импорттауды лицензиялау көзделген. Аталмыш ереже ДСҰ ережелеріне сәйкес қабылданатын Қазақстанның міндеттемелеріне сәйкес келмейді. Жұмыс тобының мүшесі импорттауды лицензиялау режимін ДСҰ ережелеріне қалай сәйкестендіреді деп сұрады. Қазақстан өкілі № 400-IV Заңының 40-бабымен алынып тасталды деп түсіндірді. Ол ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасы қандай жағдайда ғана импорттық лицензиялау талап етілетінін еске салды.

573. Жұмыс тобының мүшелері өзінің қамқөңілдігін білдірді, яғни этил сирті және алкоголь өнімдері, дәрілік заттар, арнайы техникалық құралдар және шифрлау құралдары секілді тауарларға қатысты қолданыстағы лицензиялау талаптары импортты шектеу үшін қолданылады. Жұмыс тобының мүшелері аталмыш шектеулер қалай өзгертіледі және ДСҰ талаптарына сәйкестендіру мақсатында қалай жойылатынын ұғындыруды сұрады. Қазақстан өкілі жауап ретінде тауарларды лицензиялау негіздері 1994 жылғы ГАТТ-тың XX бабымен көзделген ерекшеліктерге сәйкес келеді деп атап өтті. Импорттық лицензиялау рәсімдері импорттық лицензиялау рәсімдері бойынша ДСҰ келісіміне сәйкестендірілген.

Этил спирті және алкоголь өнімдері

574. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап этил спирті және алкоголь өнімдерін әкелу ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасымен және 384-тармақта атап көрсетілген шешіммен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамаларымен - "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі № 429 Заңымен (бұдан әрі – № 429 Заң) және "Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, этил спиртіні өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Үкіметінің 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 57 қаулысымен реттеледі деп түсіндірді.

575. Қазақстан өкілі одан әрі қарай ұғындырды, яғни КО Комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы "Этил спирті және алкоголь өнімдеріне қатысты тарифтік емес реттеу саласында Кеден одағының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" № 747 шешімімен этил спирті мен алкоголь өнімін автоматтық емес лицензиялау (Бірыңғай тізімнің 2.18-тарауы) ЕАЭО мүше мемлекеттердің бірі ДСҰ кірген сәттен бастап жойылатын болады және оның орнына автоматты лицензиялау рәсімі енгізілетін болады, ол тиісінше құжаттардың толық топтамасын ұсыну кезінде жүзеге асырылатын болады. Одан әрі ол мен "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 15 шілдедегі № 461-IV Заңына сәйкес, этил спирті мен алкоголь өнімін импорттау лицензиясын алу ретінде қолданылған алкоголь өнімін әкелу қызметін түріне арналған лицензиялау туралы талаптарға, лицензиялау туралы Заңға енгізілген өзгерістер 2012 жылдың 30 қаңтарынан бастап күшін жоятын болады деп атап өтті. Сонымен қатар аталмыш Баяндаманың "Импорттауға арналған ішкі салықтарды қолдану" атты тарауында көрсетілген, этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру, сақтау немесе жүзеге асыру бойынша қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензия алудағы этил спирті мен алкоголь өнімін импорттаушыларға қойылатын талаптар, сондай-ақ акцизді салықты төлеу мақсатында есептік-бақылау маркілерін алуға қойылатын талаптар сақталады. Жұмыс тобының мүшесі қойған сұраққа Қазақстан өкілі № 429 Заңына этил спирті мен алкоголь өнімін импорттауды лицензиялау режиміндегі өзгерістерді бейнелейтін тиісті өзгерістер Қазақстан ДСҰ-ға кіруіне қарай енгізілетін болады деп атап өтті. Ал қосындыланған алкогольді қамтитын азық-түліктік емес өнімдерді, яғни косметика, иіс су заттары, тазалағыш заттар, бояулар және бояғыштарды және т.б. лицензиялау талабына қатысты Жұмыс тобының мүшесі қойған сұраққа Қазақстан өкілі "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстанның № 429 Заңы және ЕАЭО мен КО құқықтық актілері қосындыланған алкогольді қамтитын азық-түліктік емес өнімдерді, яғни косметика, иіс су заттары, тазалағыш заттар, бояулар және бояғыштарды реттемейді деп жауап берді.

(ii) Дәрілік заттар

576. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанға дәрілік заттар мен фармацевтикалық негіздерді (бұдан әрі - дәрілік заттар) әкелу ЕАЭО туралы шарттың № 7-қосымшасымен және 384 тарауда айтылған шешімдермен реттеледі, атап айтқанда "Дәрілік заттар мен фармацевтикалық негіздерді Кеден одағының кеден аумағына әкелу тәртібі туралы" Ережемен (бұдан әрі –Ереже) , сондай-ақ "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV кодексімен (бұдан әрі-№ 193-IV Кодекс) және "

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелу мен әкету қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 711 қаулысымен реттеледі.

577. Қазақстан өкілі Жұмыс тобына "Дәрілік заттар мен фармацевтикалық негіздерді Кеден одағының кеден аумағына әкелу тәртібі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 748 шешіміне (бұдан әрі-дәрілік заттарды әкелу туралы КО ережесі) сәйкес, 2011 жылдың 1 қазанынан бастап лицензиясыз дәрілік заттарды әкелу жүзеге асырылатынын хабарлады. Алайда дәрілік заттарды тіркеу туралы талап әрекет етеді. КО ережесіне сәйкес, ЕАЭО мүше мемлекеттер ұлттық тіркелімінде тіркелген дәрілік заттар ғана ЕАЭО аймағына әкелінуі мүмкін. Қазақстанның Ұлттық тіркелімі ұлттық заңнамамен (яғни № 193-IV Кодекске сәйкес) әкімшілендіріледі. Тіркелмеген дәрілік заттарды әкелу 425-тармақта көзделген жағдайларда тиісті қорытынды (рұқсат) болған кезде жүзеге асырылады. Топ мүшесінің бірінің қойған сұрағына Қазақстан өкілі осы Баяндамадағы "Импорттау мен экспорттау бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін қойылатын тіркеу талаптары" атты тараудың 280-тармағында сипатталғандай, дәрілік заттарды әкелу № 193-IV Кодекстің 80-бабына сәйкес келетін Қазақстанның заңды тұлғаларымен шектеледі, бұл дәрілік заттарды өндіруге немесе жүзеге асыруға арналған лицензияны алу дегенді білдіреді.

578. Жұмыс тобы мүшесінің бірі қазақстандық тіркеу тәртібі ауырпалықты және оның экспорттаушылары үшін кедергілерді тудырады деп атап өтті. Басты проблема ұзарту мақсатында әкелінген заттарды тіркеу шамамен бір жылды қамтиды, ал қазақстанда өндірілген, шығарылған дәрілік заттарды (генериков) тіркеу үшін бір ай талап етіледі. Қосымша түрде ұзарту тәртібі алғашқы тіркеудегідей дәл сондай талаптарды қамтиды. Аталмыш мүше Қазақстан дәрілік заттарды тіркеу үшін импорттау лицензиясының рәсімдерін ДСҰ талаптарына сәйкестендіруді қамтамасыз ете ме деп сұрады.

579. Жауап ретінде Қазақстан өкілі Қазақстанда дәрілік заттарды тіркеу немесе қайта тіркеуге қатысты ЕАЭО заңнамасында және ұлттық заңнамада да ешқандай кемсітушілік жоқ деп нақтылады. "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы дәрілік заттардың құжаттамаларын мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу" Үкіметтің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 351 қаулысына сәйкес, (i) мемлекеттік тіркеу 227 күннің ішінде, (ii) ал қайта тіркеу 137 күннің ішінде жүзеге асырылады. Қайта тіркеу рәсімі үшін аз ғана құжаттар керек. Арнайы қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі былай деді, яғни Қазақстанда әкелінген дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу үшін жүргізілетін рәсімдер отандық өндірушілер үшін де, әкелетіндер үшін бірдей болып келеді. Отандық және әкелінетін дәрілік заттар үшін бірдей құжаттардың тізімі талап етіледі. Қазақстан заңнамасында "оңайлатылған құжаттар тізімі" атты термин жоқ.

580. Жұмыс тобы мүшесінің атынан білдірілген қарсылыққа Қазақстан өкілі қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 710 бұйрығымен бекітілген, "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелу және әкету қағидасымен" (бұдан әрі бұл бөлімде - Қағида) талдамалық сараптама жүргізу сатыларының бірін алып тастау бөлігінде қайта тіркеу рәсімдерін оңайлату көзделген. Аталмыш норма оның қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын жарнамаламай он бес жылдан астам Қазақстанның фармацевтикалық нарығында болған дәрілік заттарға қолданылмайды. Сонымен қатар, тиісті өндірістік тәжірибе (GMP) жағдайларында өндірілген дәрілік заттардың тіркеме құжаттамалары 5 модульден тұратын жалпы техникалық құжатты нысаны бойынша әзірленеді. Мемлекеттік тіркеу кезінде барлық 5 модульді (1-5) ұсыну талап етіледі, ал дәрілік заттарды қайта тіркеу кезінде 1-3 модуль талап етіледі. Тиісінше мемлекеттік қайта тіркеу үшін аз ғана құжаттар керек. Үкіметтің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 791 қаулысымен бекітілген 2010 - 2014 жылдарға арналған Қазақстанның фармацевтикалық өнеркәсібін дамыту жөніндегі бағдарламасына сәйкес 2015 жылға дейін өндірілетін өнімнің қауіпсіздігін, сапасын және тиімділігін қамтамасыз ету кепілі ретінде Тиісті өндірістік тәжірибенің фармацевтикалық кәсіпорындар стандарттарын (GMP) ендіру көзделген. Сондай-ақ Қазақстан Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығымен бекітілген "Саламатты Қазақстан" (Здоровый Казахстан) атты денсаулықты дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен фармацевтикалық инспекциялардың халықаралық ынтымақтастық жүйесінің ұлттық инспекторатына кіру жоспарланған. Көрсетілген шаралар бойынша қол жеткізілген мақсаттар 2015 жылдан кейін Қазақстанда мемлекеттік қайта тіркеудің жалғыз рәсімін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

581. Қазақстан өкілі одан әрі мемлекеттік тізілімде қамтылған дәрілік заттар туралы ақпараттар кедендік декларацияда көрсетілуі тиіс деп атап өтті. Тіркеу сараптама негізінде оның қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын бағалау үшін, сондай-ақ дәрілік заттарды дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін жүргізілуі тиіс. Тіркелген қолданыстағы дәрілік заттардың тізімі дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың ұлттық сараптама орталығының веб-сайтында қол жетімді.

582. Қазақстанның өкілі одан ары түсіндіргендей, Қазақстанда тіркелмеген дәрі-дәрмектерді егер де олар: (i) мемлекеттік тіркеуге; (ii) оларды одан әрі өткізу құқығынсыз көрмелерді өткізуге; (iii) сирек кездесетін және (немесе) аса ауыр ауруларды жеке емдеуге; (iv) төтенше жағдайлардың салдарын алдын алуға және жоюға; (v) денсаулық сақтау ұйымдарын Қазақстан Республикасында тіркелген, аналогтары жоқ бірегей медициналық техникамен жабдықтауға; (vi) № 193-IV кодекстің 80.3-бабында көрсетілгендей, клиникалық зерттеулер мен (немесе) сынақтарды өткізу үшін арналса, Қазақстанның аумағына әкелуіне тек уәкілетті

органның (Қазақстанның Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі) рұқсатымен ғана жол беріледі. Дәрі-дәрмектер тауарларының жоғарыда аталған әрбір санаты үшін рұқсатты алуға құжаттар тізімі Үкіметтің қаулысымен бекітілді.

583. Ол ЕАЭО-ның кеден аумағына келген көлік құралдары, поезд бригадаларының жолаушылары мен экипаж мүшелерін және көлік құралдарының жүргізушілерін емдеу үшін жеке тұлғалармен, дипломатиялық корпус қызметкерлерімен немесе халықаралық ұйымдар өкілдерімен жеке пайдалануы үшін, халықаралық мәдени, спорттық шаралар мен халықаралық экспедицияларға қатысушыларды емдеу үшін коммерциялық емес мақсаттарда дәрілік заттарды (оның ішінде тіркелмегендерін қосқанда) әкелу уәкілетті мемлекеттік органның (Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі) қорытындысыз жүзеге асырылатындығын атап өтті.

584. Жұмыс тобының мүшесі қойған сұраққа Қазақстанның өкілі есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін заттар мен олардың прекурсорларын ЕАЭО кеден аумағына (Бірыңғай тізбенің 2.12-тарауы) әкелу лицензиялар негізінде жүргізіледі және Комиссия алқасының №134 шешімімен бекітілген, "КО кеден аумағы бойынша есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар мен олардың прекурсорларын әкелу, әкету және тасымалдау туралы" жеке Ережесімен реттелетіндігін растады. Осы Ережеге сәйкес заңды тұлғалардың есірткі заттарды, есуастандырғыш заттар мен олардың прекурсорларын ЕАЭО кеден аумағына әкелу Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен келісіле отырып, уәкілетті мемлекеттік органмен (Ішкі істер министрлігі) берілетін бір жолғы лицензия негізінде жүзеге асырылады. Жеке тұлғалар медициналық көрсетілімдер бойынша жеке қолдану үшін дәрі-дәрмектер түріндегі есірткі заттар мен есуастандырғыш заттардың шектелген мөлшерін әкеле алады. (i) Төтенше жағдайларда жедел жәрдем көрсетуге арналған, (ii) алғашқы жәрдем көрсету үшін теңіз (өзен) кемелерінде, халықаралық қатынастағы ұшақтарда алғашқы жәрдем дәрі қобдишаларында есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін заттар мен олардың прекурсорларын әкелу, (iii) сондай-ақ жабдық пен көлік құралының техникалық құрылғыларының қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етуге қажетті көлемдегі қорлар ретінде пайдаланылатын прекурсорларды әкелу лицензиясыз жүзеге асырылады.

(iii) Шифрлеу құралдары мен арнайы техникалық құралдары бар тауарлар қоса алғанда, криптографиялық қасиеттері бар өнімдер

585. Қазақстан өкілі түсіндіргендей, Кеден одағы және ЕАЭО шеңберінде 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап құрамында криптографиялық қасиеттері бар (осы Баяндаманың 15 (А) қосымшасында көрсетілген шифрлеу құралдары) өнімдер бар кейбір тауарларды әкелу қазіргі уақытта лицензиялануы керек және Бірыңғай тізбеге енгізілген; ақпаратты жасырын алуға арналған (осы баяндаманың 15 (В) қосымшасында көрсетілген) арнайы техникалық құралдарды әкелу Бірыңғай тізбеге енгізілді және импорттық лицензиялануы тиіс.

586. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстанның шифрлеу құралдарын әкелуге қоятын талаптарын қолданғандығы туралы ақпаратты ұсынуға өтініш білдірді. Жұмыс тобының сол мүшелері көптеген мемлекеттер бұл тауарларды әкелуді шектемейтіндігін атап өтіп, лицензиялаудың, атап айтқанда, коммерциялық мақсаттарда өткізілетін кеңінен тұтынылатын тауарларды және Ақпараттық технологиялар жөніндегі келісімнің (ИТА) қағидаларымен қамтылатын тауарларды автоматты емес лицензиялаудың қажеттілігін негіздеуді сұрады. Мүшелер мұндай лицензиялық талаптар Қазақстан қабылдаған тауарлардың кең қатарының нарыққа шығуы жөніндегі міндеттемелерін жоққа шығаруы немесе оларға жағымсыз әсер етуі мүмкіндігіне қатысты алаңдаушылықтарын білдірді. Мүшелер Қазақстан лицензиялау жөнінде белгілеп, қолданғысы келетін талаптар қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер төндіретін тауарларға қатысты ғана қолданылуы тиіс деп мәлімдеді. Мұндай жағдайларда лицензиялау рәсімдері кемсітпеушілік негізде қолданылып, ДСҰ-ның барлық талаптарына жауап беруі тиіс.

587. Қазақстанның өкілі 2010 жылғы 1 қаңтарына дейін Қазақстанға шифрлеу құралдарын әкелу "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу және өткізу (оның ішінде өзге де беру) жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы №1160 қаулысына сәйкес қызмет түріне лицензияны алған жағдайда лицензиясыз жүзеге асырылатындығын түсіндірді. Қазіргі уақытта құрамында шифрлеу құралдары бар тауарлар әкелу ЕАЭО туралы шартқа № 7-қосымшамен және осы бөлімнің 384-тармағында тізілген шешімдермен, КО-ның "Шифрлеу (криптографиялық) құралдарды Кеден одағының кеден одағына әкелу және Кеден одағының кеден аумағынан әкету тәртібі туралы" ережесімен (бұдан әрі- шифрлеу құралдары туралы ережесі) реттеледі. Одан әрі ол осы Баяндаманың 15 (С) қосымшасында белгіленгендей, "көпшілік нарық тауарлары" анықтамасын енгізу үшін "Шектеулерді қолдану туралы ережелерге өзгерістер туралы" ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 14 мамырдағы №103 шешімімен КО-ның шифрлеу құралдары туралы ережесіне өзгерістер енгізілгендігін атап өтті. ДСҰ мүшесі мәлімдегендей, Комиссия Алқасының №103 шешімімен КО-ның шифрлеу құралдары туралы ережесіне түзетулер, осы Баяндаманың 15 (С) қосымшасында анықталғандай, "көпшілік нарық тауарлары" анықтамасын тарылтады және айналымға көпшілік нарық тауарлары ретінде анықталатын тауарларға қосымша ауыртпалықтар түсіреді. Бұл да қосымша кедергілерді тудырады, олар нарыққа шығу жөніндегі Ақпараттық технологиялар туралы келісіммен қамтылатын тауарларға әсерін тигізуі мүмкін. Осы мүше келіссөздер жасасқанға дейін ондай сәйкессіздіктерді алып тастауды өтінеді. Қазақстанның өкілі алқа шешімімен "көпшілік нарық тауарлары" анықтамасын енгізу мақсатында Баяндаманың 15 (С) қосымшасында белгіленгендей ЕЭК 2013 жылғы 14 мамырдағы "Шектеулерді қолдану туралы Ережеге өзгерістер туралы" №103 шифрлау құралдары туралы Ережеге өзгерістер енгізілді.

588. Қазақстанның өкілі, құрамында шифрлеу құралдары бар тауарлардың импорттын лицензиялауға қатысты кез келген рәсімдер немесе талаптар Қазақстан Республикасымен немесе ЕАЭО құзыретті органдарымен кемсітпеушілік негізде және ДСҰ-ның тиісті келісімдерінің ережелеріне, атап айтқанда, 1994 жылғы ГАТТ-тың I және III баптарына сәйкес қолданылатындығын, шифрлеу технологияларын хабарлау, бағалау, келісу және лицензиялаумен байланысты рәсімдер транспарентті және болжанатын негізде болады және бұндай тауарларға негізсіз және ауыртпалықты талаптар бекітілмейтінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

589. Жұмыс тобының мүшелері шифрлеу құралдарының импорттын лицензиялау режиміКеден одағы құрылғанға дейінгісімен салыстырғанда анағұрлым шектелгендігіне қатысты алаңдаушылықтарын білдірді. Оған жауап ретінде Қазақстан өкілі түсіндіргендей, сауданы дамытуға септігін тигізу мақсатында Қазақстан және оның ЕАЭО бойынша серіктестері шифрленген құралдарды реттеудің аралық жүйесін әзірлеп, қолданады, оған сәйкес барлық шифрлеу құралдары 3-санатқа бөлінеді: (i) шифрлеу құралдарын әкелуге қатысты қандай да рәсімдерсіз әкелінетін құрамында шифрлеу құралдары бар жекелеген тауарлар; (ii) бір жолғы нотификация талабына жататын шифрлеу құралдары бар басқа тауарлар және (iii) әкелуге лицензия және әкелу мүмкіндігі жайлы сараптамалық қорытынды қажет болатын шифрлеу құралдары бар тауарлар санаты. Импортқа лицензия атқарушы органның техникалық зерттеуді өткізу нәтижелері бойынша берілетін ЕАЭО мүше мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігі (Қазақстанның Ұлттық Қауіпсіздік комитеті) саласындағы қорытындысы негізінде ҚР Инвестициялар және даму министрлігі береді.

590. Жұмыс тобы мүшесінің алдыңғы тармақтағы "шифрлеуге қатысты қандай да бір рәсімдерсіз" анықтамасын түсіндіру өтінішіне жауап ретінде Қазақстанның өкілі ондай рәсімдер осы Баяндаманың 15 (С) қосымшасындағы тауарлар тізбесіне қатысты жүзеге асырылатын және 435-тармақтың екінші және кейінгі сөйлемдерінде сипатталған рәсімдер, сондай-ақ әкелуі импорттық лицензиялауды және әкелу мүмкіндігі жайлы сараптамалық қорытындыны қажет ететін тауарларға қатысты 438-тармақта көрсетілген рәсімдер болып табылатындығын айтты. Одан әрі ол шифрлеуге жатпайтын, бірақ шифрлеу құралдарына қатысты қолданылатын "рәсімдерге" кедендік реттеу, техникалық реттеу, зияткерлік құқық меншіктері саласындағы заңнама талаптары және әкелінетін тауарларға немесе нарықтағы ішкі айналымға арналған тауарларға қатысты қолданылатын басқа құқықтық актілер жатуы мүмкін екендігін түсіндірді.

591. Қазақстанның өкілі, Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзыретті органы енгізген Вассенаарлық шарттарға сәйкес Қосарлы белгілеу тауарлар тізбесінің "Ақпаратты қорғау" 2-бөлімінің 5-санатына барлық ескертулерде көрсетілген ағымдағы және

болашақ жеңілдіктерді есепке алғанда шифрлау құралдары бар тауарларды әкелудің жағдайлары 2012 жылдың 1 маусымынан әрекеттегіден қаталдырақ болмайтынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

592. Осы Баяндаманың 15 (С) қосымшасында көрсетілген санаттарға жататын тауарларға қатысты, Қазақстан өкілі, 2010 жылдың 1 қаңтарына дейін әрекеттегі уақытша жүйенің шегінде кез келген шектеулер жойылатынын және Қазақстан да, ЕАЭО-ның құзыретті органдары да ешқандай жаңа шектеулер, мысалы, сарапшылық бағалау, келісу және аталған тауарлар импортына лицензиялар қабылданбайтынын және қолданылмайтынын растады. Бұдан әрі, ол, уақытша жүйенің шегінде осы Баяндаманың 15 (С) қосымшасында көрсетілген санаттарға жататын тауарлардың әкелуіне бір реттік хабарламаны беру негізінде рұқсат беріледі. Бұл талапты сақтау үшін өндіруші осы Баяндаманың 15 (D) қосымшасында көрсетілген ақпаратты қамтитын нысанның толтырылған қағаз көшірмесін береді. Бұдан басқа, Қазақстан өкілі, 29-қосымшаға кіретін және 434-тармақта көрсетілген алулар қамтыған шифрлеу құралдары бар тауарларды Қазақстанға импорттау кезінде Қазақстанның лицензиялары немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдарының лицензиялары қажет етілмейтінін растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемелерді ескерді.

593. Жұмыс тобы мүшелерінің сұрағына жауабында ол Вассенаар келісімдерінің (2 тарау, 5 санат "Ақпараттық қауіпсіздік") нысаны болып табылатын шифрлеу технологиялары бар барлық өнім "шифрлеуге қатысты қандай да бір рәсімдерсіз" әкелінетіндігін растады. Алдыңғы тармаққа сәйкес нотификациялануы тиіс тауарлар осы Баяндаманың 15(С) қосымшасында келтірілген. Жұмыс тобы мүшелерінің сұрағына берген жауабында Қазақстан өкілі Вассенаар келісімдерінің тәжірибесіне сәйкес, реттеуді жүзеге асырып жатқан мемлекет (Қазақстан), осы Баяндаманың 15(С) қосымшасында белгіленгендей, қандай тауарлар "кеңінен тұтынылатын тауарларға" жатқызылатынын орнататындығын түсіндірді. Ол нотификация нысанын толтыруға қажетті ақпарат осы Баяндаманың 15(D) қосымшасында келтірілгендігін атап өтті. Ол растағандай, егер де тауар бір жолғы нотификация негізінде әкелінген жағдайда, сол тауар оны импорттаушы кез келген тұлғалармен қайталама нотификациялаусыз әкелінеді. Нотификация негізінде әкелуге рұқсат берілген тауарлар туралы ақпарат жұртшылыққа Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және ЕАЭО веб-сайттарында қолжетімді болады.

594. Жұмыс тобының мүшесінен түскен сауалға, Қазақстанның өкілі нотификацияда ұсынылған және әзірлеушімен сондай болып белгіленген құпия сипаттағы мәліметтер құпиялығын сақтайтындығын түсіндірді. Егер де келісуші орган ұсынылған материалдардың белгіленген талаптарға сәйкестігі, оның ішінде 435-тармақта сипатталғандай, тауарды нотификациялануы тиіс тауарларға дұрыс жатқызу мәселелері бойынша өтініш берген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде әзірлеушімен немесе оның уәкілетті өкілімен байланысқа түспесе, нотификацияны растау автоматты

түрде жүргізіледі. Қазақстан Республикасында тіркелген нотификация туралы ақпарат Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми веб-сайттарына орналастырылады, мұндай ақпарат сондай-ақ ЕАЭО-ның ресми интернет-сайтында көпшілікке қолжетімді болуы тиіс. Әрбір импорттаушы немесе жүк жөнелтеуші тиісті растауға сенім арта алады. Тауар жайлы хабарлама беріліп, растау алынғаннан кейін, импорттаушыдан (жүк жөнелтушіден) тауардың ғаламтор сайтында тиісті кеден мағлұмдамасында шығатындығын ғана көрсету талап етіледі. Ол нотификация рәсімі жоғарыда аталған тауарларды әкелуге септігін тигізу үшін жүзеге асырылатындығын жән қандай да бір кідірістерге немесе қосымша келісу рәсімдеріне әкелмейтіндігін түсіндірді.

595. Қазақстанның өкілі, импорттауға лицензияны қажет ететін шифрлеу технологиялары үшін, уақытша жүйе шегінде мұндай тауарларды сарапшылық бағалау өткізіліп және келісу (қорытынды) бір рет қана берілетіндігін растады. Егер сарапшы-бағалаушыға тауарды бағалау үшін қосымша ақпарат қажет болса, өндірушіні немесе оның Қазақстан Республикасындағы уәкілетті өкіліне хабарлау керек және өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осындай ақпаратты сұрау керек. Өндірушілер бастапқы мәтінді беруге міндетті емес және өз бетімен бұндай мәтінді бермеу өтінішті қабылдауды бас тартуға әкелмейді. Тауар келісуден өткеннен кейін, сондай тауар не сондай мақсаттар үшін қолданатын баламалы шифрлеу қызметімен тауар Қазақстан Республикасының аумағына импорттық лицензиялау рәсімдері бойынша ДСҰ келісімінің 2-бабына сәйкес берілген лицензиямен әкеліне алады. Импортты лицензиялау рәсімдерін аяқтау үшін мерзім, соның ішінде, импортқа келісу және лицензияны алу үшін сарапшының бағалауын алу үшін қажетті мерзім үш айдан аспауы керек. Сарапшылық бағалау және лицензиялау алымдары транспарентті болады және көрсетілген қызметтердің құнына негізделеді. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

596. Қазақстанның өкілі, Қазақстан осы уақытша жүйенің әрекеттерімен танысу үшін мүдделі мүшелерді тартатын растады. Осы танысудың мақсаты хабарландыру, растау және шифрлеу құралдарын қолдану арқылы тауарларды лицензиялау, мүмкін болған жерде, осы Баяндаманың 434-тармағы және 15 (С) қосымшасына қамтитын тауарлардың алдағы жетілдіруі және таратылуы болып табылатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

597. Импорттауға лицензия алу үшін, ЕАЭО туралы шарттың № 7 қосымшасына Қосымшаға сәйкес ұсынылатын құжаттар пакетінен басқа, өтініш жасаушы сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шифрлеу құралдарын әкелу мүмкіндігі туралы 438-тармақта көрсетілгендей) қорытындысын ұсынады. Шифрлеу құралдары туралы ережеге сәйкес, қорытындыны алу үшін өтініш жасаушы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне келесі құжаттарды ұсынуы керек: шифрлеу құралының толық атауын және тауар үлгісінің атауы мен сериялық нөмірі, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі, шифрлеу құралына техникалық құжаттама және

шифрлеу құралының үлгілері (талап етуі бойынша) сияқты сәйкестендірілген белгілерін көрсетумен шифрлеу құралын әкелуге қорытындының берілуі туралы өтініш . Ұлттық қауіпсіздік комитеті шифрлеу құралдарының бар болуына әкелінетін тауарлардың техникалық зерттеуін жүргізеді және сараптамалық қорытындысы бар құжатты береді.

598. Қазақстанның өкілі техникалық зерттеу және импортқа және шифрлеу құралдарымен байланысты қызмет түріне лицензияны алу барысында өтінішкерден құпиялы коммерциялық ақпаратты, оның ішінде әкелінетін тауардың бастапқы бағдарламалық кодын ұсыну талап етілмейтіндігін растады. Тауар үлгісін ұсыну да міндетті болып табылмайды. Іс жүзінде көптеген жағдайларда қорытындылар ашық дереккөзден алынған тауардың толық техникалық сипаттамасының негізінде беріледі.

599. Жұмыс тобының мүшелері Қазақстанның өзгерістерге қатысты ұсынған ақпаратын қолдайды, бірақ бұл жүйе бұрынғы әрекет еткенге қарағанда анағұрлым шектеуші екендігін атап көрсетеді. Олар Қазақстан шифрлеу құралдарын әкелуге қойылатын талаптар шифрлеу құралдары жоқ тауарларға қойылмайтындығын қалайша қамтамасыз ете алатындығына қатысты алаңдаушылығын білдірді. Олардың пікірінше, шифрлеу құралдары жоқ тауарларға шифрлеу құралдарына қатысты талаптар мен рәсімдер қойылмауы керек. Сонымен бірге, Қазақстан тек қана нотификациялануы тиіс шифрлеу құралдарын әкелген кезде қызмет түріне лицензияны алу туралы талапты қоймауы тиіс.

600. Қазақстанның өкілі, шифрлеу құралдары жоқ тауарларға шифрлеу және басқа формальдылықтар бойынша қандай да бір талаптар таралмайтынын растады. Сондай-ақ , ол, шифрлеуге байланысты талаптар және формальдылықтардың әрекетіне жатпайтын тауарларды әкелу үшін шарт ретінде қызмет түріне лицензиялар талап етілмейді және тауарларға хабарлау бойынша талаптар ғана таралады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

601. Сұраққа жауап бере отырып, Қазақстанның өкілі арнайы техникалық құралдарды (бұдан әрі – АТҚ) әкелу (Бірыңғай тізбенің 2.17 тарауы) ЕАЭО туралы шарттың № 7- қосымшасымен және осы бөлімнің 384-тармағында тізілген шешімдермен, атап айтқанда, "Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды Кеден одағының кеден аумағына әкелу және Кеден одағының кеден аумағынан әкету тәртібі туралы" ережемен реттелетіндігін түсіндірді. Лицензиялануы тиіс АТҚ тізбесі осы Баяндаманың 15 (В) қосымшасында келтірілген. АТҚ лицензиялануын реттейтін ЕАЭО-ң заң құралдары ұлттық заңнамадан басым түседі. АТҚ дыбыстық, бейне және басқа ақпаратты тек қана жасырын алу үшін әзірленген, арнайы конструктивтік немесе бағдарламалық ерекшеліктері бар арнайы бағдарламалық жасақтау және техникалық бұйымдар, сондай-ақ ақпараттың жайылып кетуінің техникалық арналарын іздеу құралдары ретінде анықталады. Жұмыс тобының мүшесі қойған сұрағына берген жауабында Қазақстанның өкілі АТҚ ақпаратты

криптографиялық қорғау құралдарынан пайдалану мақсатымен ерекшеленетінін түсіндірді. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары құпия ақпаратты қорғауға арналған болса, АТҚ жедел іздестіру шаралары үшін ақпаратты жасырын алуға арналған техникалық құралдар болып табылады. Ол ашық пайдалануға арналған, бірақ түрлену, мақсатына сай пайдаланбау нәтижесінде ақпаратты жасырын алу үшін пайдаланылуы мүмкін құралдар, мысалы, диктофондар мен бақылау камералары, АТҚ-ға жатпайтынын растады.

602. Қазақстанның өкілі растағандай, ДСҰ-на кірген күннен бастап үлестемелер, тыйымдар, рұқсаттар, алдын ала мақұлдау талаптары, лицензиялау жөніндегі талаптар және ДСҰ келісімдерінің ережелеріне сәйкес ақталына алмайтын, балама әсер ететін басқа да талаптар немесе шектеулер жойылып, Қазақстанмен де, ЕАЭО-ның құзыретті органдарымен де қайтадан енгізіліп, қолданылмайтын болады. ДСҰ-на кірген күннен бастап кез келген мұндай талаптар немесе импортқа деген шектеулер, Қазақстан Республикасымен немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдарымен қолданылатындығына қарамастан, ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес келетін болады. Ол Қазақстан Республикасы импорттық лицензиялауының әкімшілік рәсімдері және қолданылуы кірген күннен бастап ДСҰ келісімдерінің, оның ішінде Импорттық лицензиялау рәсімдері бойынша келісімнің барлық тиісті ережелеріне сәйкес келетіндігін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

Кедендік құн

603. Қазақстанның өкілі кедендік құн саласындағы Қазақстанның қағидаттары мен рәсімдеріне қатысты негізгі ережелер 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісімде (бұдан әрі – КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімі), Кеден одағының 2009 жылғы 27 қарашасында қабылданған Кеден кодесінде (бұдан әрі – КО Кеден кодексі) және "Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 296-IV кодексі (бұдан әрі – ҚР Кеден кодексі) бар екендігін хабарлады. КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімі және КО Кеден кодексі Қазақстанда 2010 жылғы 1 шілдесінде күшіне енді. Бұл заң құжаттары 2015 жылдың 1 қаңтарынан кейін әрекет етуін жалғастырады. 2010 жылғы 1 шілдесіне дейін Қазақстанда кедендік тазалау мен бақылау, соның ішінде кедендік құн, ұлттық заңнамаға, негізінен күшін жойған 2003 жылғы 5 сәуірдегі № 401-II Қазақстанның Кеден Кодексіне сәйкес жүргізілді. КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімі ұлттық заңнамада іске асырылуы тиіс салаларды белгілейді. Басқа жағдайларда КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімі тікелей заң сияқты қолданылады. "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы №155- II кодекс ережелері мен кедендік құнға қатысты "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңы (бұдан әрі – № 221-III Заң) 2010 жылғы 1 шілдесінен кейін қолданылуын жалғастырып келеді.

604. Қазақстан өкілі растағандай, КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 1.3 бабында көрсетілгендей, КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің қатысты ережелері мен ұлттық заңнамасы 1994 жылғы Тарифтер мен сауда туралы бас келісімнің (бұдан әрі – ДСҰ-ның кедендік құн жөніндегі келісімі) VII бабын қолдану жөніндегі келісімнің ережелеріне негізделеді және, оның пікірінше, КО-ның кедендік құн туралы келісімі Кедендік құн жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелерін толық қамтып көрсету үшін жасалады. Кедендік құнды айқындаудың барлық алты әдісі Кедендік құн жөніндегі ДСҰ келісімнің 1,2,3,5,6,7 және 8-баптарының ережелеріне, сонымен бірге түсініктеме ескертулердің көптеген ережелеріне негізделеді. Қалған түсініктеме ескертулер ЕАЭО-ның құқықтық ережелеріне енгізілген. Кедендік құн жөніндегі ДСҰ келісімнің 9-13 және 16-баптарының ережелері де Қазақстанның және Кеден одағының заңнамасында көрініс тапқан. Ол ерекше атап өткендей, КО Кеден кодексінің 2-бабына сәйкес "әкелудің кедендік аймағы" термині, Кедендік құн жөніндегі ДСҰ келісімнің 15.2-бабында айқындалғандай, ЕАЭО-ның кеден аумағы, сондай-ақ ерекше экономикалық аймақтар және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құрлықтық қайраңдары, жасанды аралдар, қондырғылар, құрылыстар және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ерекше заңдық құзыры бар басқа объектілер болып табылады. КО-ның Кедендік құн жөніндегі келісімінің 3-бабы кеден аумағында "шығарылған" тауарларға (ұқсас және біртекті тауарларды қосқанда), Кедендік бағалау жөніндегі ДСҰ келісімнің 15.1-бабымен анықталғандай, алынған, өсірілген, дайындалған (оның ішінде тауарларды құрастыру, жинау немесе бөлшектеу жолымен) тауарлар жататындығын айтады. Ол КО кедендік құн жөніндегі келісімнің 3-бабында пайдаланылатын термин, яғни бұл тауарлар "бірдей және біртектес тауарларды қоса алғанда, оларды дайындау экономикалық қызметтің тиісті түріне" жататын тауарлар Кедендік бағалау ДСҰ келісімінің 15.3-бабында белгіленген "нақ сол санаттағы немесе түрдегі тауарлар" терминінің мағынасына негізделетінін хабарлады. Одан кейін ол Кедендік құн жөніндегі ДСҰ келісімнің 15-бабында сипатталған бірдей және біртектес тауарлар, өзара байланысты адамдар сияқты терминдер және олардың анықтамасын КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 3-бабынан табуға болатындығын айтты.

605. Қазақстан өкілі мәлімдегендей, ЕАЭО-ның кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құны "КО-ның кеден аумағы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын декларациялау тәртібі туралы" 2008 жылғы 12 желтоқсандағы келісімде, КО Кедендік кодексінің 65-бабында және 27-тарауында көрсетілгендей, кеден декларациясын берген кезде декларантпен айқындалады. "КО-ның кеден аумағы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын декларациялау тәртібі туралы" 2008 жылғы 12 желтоқсандағы келісім өзінің әрекет етуін 2015 жылдың 1 қаңтарынан кейін тоқтатады. Әкелінетін тауарлардың кедендік құны келесі ақпаратты көрсетумен декларацияланады: (i) тауарлардың кедендік құнын анықтау әдісі, (ii) тауарлардың кедендік құны, (iii) тауарлардың кедендік құнымен байланысты және сол ақпаратты

растайтын мәміленің талаптары мен жағдайлары және (iv) осы ақпаратты растайтын құжаттар. Ол әкелінетін тауарлардың кедендік құны нақты айқындалған жүйелі тәртіпте қолданылатын 6 әдіске сәйкес анықталатындығын атап өтті: (i) әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша; (ii) бірдей тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша; (iii) біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша ; (iv) құнды шегеру әдісі; (v) құнды қосу әдісі; (vi) резерв әдісі, КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 4 және 6-9 және 10-баптарында көрсетілгендей. Әкелінетін тауарлардың кедендік құны "Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың негізі барынша мүмкін болатын дәрежеде сол тауарлармен жасалатын мәміленің құны болуы қажет..." және "ЕАЭО-ның кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құны олармен жасалған мәміленің құны, яғни олардың ЕАЭО кеден аумағына сату кезінде осы тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төленуге тиіс баға болып табылатындығын ..." белгілейтін КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 2 және 4-баптарында көрсетілгендей, басым дәрежеде тауарлармен жасалған мәміленің құнына негізделуі тиіс. Тауарлардың кедендік құны және оның айқындауға қатысты ақпарат нақты, сан жүзінде анықталатын және құжат жүзінде расталған ақпаратқа негізделеді. Тауарлардың кедендік құнын айқындау рәсімі әмбебап, тауарларды жеткізу көздеріне (келген елі, тауарлар түрі, әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле қатысушылары және т.б.) тәуелсіз болып табылады.

606. Қазақстанның өкілі мәлімдегендей, әкелінетін тауарлармен жасалатын баға бойынша айқындау әдісі ЕАЭО-ның кедендік аумағына импортқа сату кезінде бұл тауарлар үшін іс жүзінде төленген және төленуі тиіс бағаның негізінде айқындалады және кедендік құнды айқындаудың барлық қалған әдістерінен басым түседі. Одан кейін ол Кедендік бағалау жөніндегі ДСҰ келісінде бар кедендік құнды айқындау әдістері, мәміле құны жөніндегі әдісті қоспағанда, КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 6-10-баптарында көрініс табатындығын атап өтті. Содан кейін ол КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 10-бабы және Қазақстанның Кеден кодексінің 107-бабы резерв әдісін пайдалануды ескеретіндігін түсіндірді. Егер де кедендік құн КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 4, 6-9-баптарының ережелеріне (Қазақстанның Кеден кодексінің 101-106 баптары) сәйкес айқындалмаса, кедендік құн КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімінің қағидаттары мен ережелерімен үйлесетін әдістерді пайдалану арқылы айқындалады.

607. Резерв әдісі бойынша пайдаланылатын тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістері Қазақстанның Кеден кодексінің 101-106-баптарында сипатталынып, КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 4 және 6-10-баптарының ережелеріне, сондай-ақ Кедендік құн жөніндегі ДСҰ келісімінің 7-бабына сәйкес келеді. Тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін резерв әдісін қолдану КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 10-бабында сипатталады және басқа әдістермен бірдей болып табылады; дегенмен де оларды қолдану кезінде икемділікке жол беріледі. Мысалы:

- бағаланатын тауардың кедендік құнын айқындау бағаланатын (әкелінетін) тауарларды өндіру елінде емес өндірілген бірдей немесе біртектес тауарлармен жасалатын мәміленің бағасына негізделуі мүмкін;

- бағаланатын тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде бірдей және біртектес тауарлармен жасалатын мәміленің бағасын пайдалану бірдей немесе біртектес тауарлар сондай немесе тиісті уақыт кезеңі ішінде, әдетте 90 күнге дейін экспортталынуы тиіс деген КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 6 және 7-баптарының және ҚР Кеден кодексінің 103 және 104-баптарының талабынан орынды ауытқуды ескереді;

- КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 8 және 9-баптарының және ҚР Кеден кодексінің 105 және 106-баптарының ережелеріне сәйкес айқындалған бірдей және біртектес тауарлардың кедендік құнын айқындау кедендік құнды айқындау кезінде қолданылуы мүмкін; және

- шегеру әдісі арқылы кедендік құнды айқындаған кезде КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 8-баптың 3-тармағымен және Қазақстанның Кеден кодексінің 105-бабының 8-тармағымен белгіленген 90 күнге қатысты талаптан ауытқуына жол беріледі (ДСҰ-ның кедендік бағалау жөніндегі келісімнің 7.3(с)-бабына берілетін түсініктеме ескертулерге сәйкес).

608. Сонымен бірге резерв әдісін пайдаланған кезде тауарлардың кедендік құны: (i) ЕАЭО-ның кеден аумағында өндірілген ЕАЭО-ның ішкі нарығындағы тауардың бағасы; (ii) екі балама құнның ішінен ең жоғарысын кеден мақсаттары үшін қабылдауды ескеретін жүйе; (iii) әкету елінің ішкі нарығындағы тауардың бағасы; (iv) қосу әдісінде бірдей немесе біртекті тауарлар үшін айқындалған есеп айырысу құнына енгізілген шығыстардан басқа шығыстар; (v) оларды әкету елдерінен үшінші елдерге жеткізілетін тауарлардың бағасы; (vi) ең төменгі кедендік құн; (vii) ерікті немесе жасырын құн негізінде айқындалмауы тиіс.

609. Қазақстанның өкілі одан кейін Жұмыс тобының мүшелеріне хабарлағандай, КО Кеден кодексінің 68 және 69-баптарына сәйкес, кеден органдары тауарлардың кедендік құны жайлы мәліметтер анық еместігін немесе мәлімделген мәліметтердің тиісті түрде расталмағандығын көрсететін белгілерді анықтаған жағдайда кеден органы қосымша тексеруді, соның ішінде құжаттар мен (немесе) тауарларды тексеруді жүргізеді. Тауарларды шығаруға кеден баждары мен салықтарын төлеу кепілдігін берген кезде рұқсат беріледі. КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 1.2-бабына және Қазақстан Кеден кодексінің 113-бабына сәйкес, бұл төлемдерге (i) әкелім кеден бажы; (ii) әкетілім кеден бажы; (iii) тауарларды Қазақстан аумағына әкелген кезде алынатын қосылған құн салығы; (iv) тауарлардың Қазақстанның кеден аумағына әкелген кезде алынатын акциздер; (v) кедендік баждар (тауарларды кедендік декларациялау, кедендік сүйемелдеу немесе алдын ала шешім үшін баж салығын жинау) кіреді. Мәлімделген ақпаратты растау үшін декларант кеден органымен сұралатын қосымша құжаттарды, мәліметтер мен түсініктемелерді ұсынады. Одан кейін ол

декларанттың таңдаған тауарлардың кедендік құнын айқындау әдісін пайдаланудың заңдылығын және кеден органына ұсынған құжаттар мен мәліметтердің анықтығын дәлелдеуге құқығы бар екенін қосты. Егер де кеден органы декларантқа мәміле құнын қабылдаудан бас тартса, декларантқа басқа әдісті пайдалана отырып, тауарлардың кедендік құнын анықтауға мүмкіндік беріледі. Бұл жағдайда кеден органы мен декларант тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін қолданылатын әдіске қатысты консультация берулер өткізеді. Атап айтқанда, кедендік құнды айқындаған кезде кедер органы әдістерді белгіленген тәртіпте пайдаланады, бұл КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 2-бабымен расталған. Ол сонымен бірге қазіргі таңда Қазақстанның заңнамасы алдын ала шешімді, яғни кедендік құнды мерзімінен бұрын айқындауды қолдануды ескермейтіндігін атап өтті. Тауарлардың кедендік құны декларантпен айқындалып, тауарларға кеден декларациясын берген кезде кеден органына тапсырылады.

610. Қазақстанның өкілі кедендік құнды айқындау үшін валюта айырбастау қажет жерде, егер де КО-ның Кеден кодексімен және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің халықаралық шартымен басқасы белгіленбесе, кеден органымен кеден декларациясын тіркеу күніне белгіленген ресми валюта бағамы қолданылатынын қоса айтты. КО-ның Кеден кодексінің 78-бабына сәйкес кеден баждары мен салықтарын есептеу және кедендік құнды айқындау үшін ЕАЭО-ға тиісті мүше мемлекеттің кеден органы ЕАЭО-ға мүше сол мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес келетін айырбас бағамын қолданады. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Заңының 56-бабына сәйкес Қазақстанның Ұлттық Банк теңгеге қатысты шетел валюталарының ресми бағамын белгілейді және жариялайды. Осындай ақпаратқа Қазақстанның Ұлттық Банкінің веб-сайтында қол жетімді болады (www.nationalbank.kz).

611. Қазақстан өкілі мәлімдегендей, КО Кеден кодексінің 64-бабына сәйкес әкетілетін тауарлардың кеден құнын айқындау ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады. Қазақстанда бұл сұрақ Қазақстан Кеден кодексінің 98-бабымен реттеледі.

612. Жұмыс тобы мүшелерінің бірі Қазақстаннан белгілі бір әкелінетін тауарларға ең төменгі бағаларды белгілейтін анықтама кітаптарды қолдануға мүмкіндік бермейтін заңнаманы өзгертуді талап етті. Қазақстанның өкілі оған тауарлардың кеден құнын айқындау үшін анықтама кітаптарды қолдану Қазақстан Кеден кодексінде, КО Кеден кодексінде және КО-ның кедендік құн туралы келісімінде жоқ деп жауап берді.

613. Кеден шараларын заңды бағалаудың қолданыстағы рәсімдері туралы сұраққа Қазақстанның өкілі 2001 жылғы 30 қаңтарында "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" №155-II кодексі қабылданғандығын айтты. Бұл Кодекс кеден құнын, сондай-ақ кеден алымдары мен салықтарын төлеуден қасақана жалтару кіретін жағдайларды айқындауға қатысты даулар бойынша рәсімдерді анықтайды. Әкімшілік

бұзушылықтармен және жазаны тағайындаумен айналысатын уәкілетті органдар осы Кодекске сәйкес тағайындалады.

614. Апелляция беру құқығына қатысты ол КО Кеден кодексінің 9-бабы мен ҚР Кеден кодексінің 17-бабы апелляция беру құқығын ескеретіндігін және кез келген тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген рәсімдерге және уақыт шектеріне сәйкес кеден органы қабылдаған шешімдерге, кеден органдары немесе олардың ресми тұлғаларының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсы апелляция бере алатындығын мәлімдеді. Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III Заңының 12-бабына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ субъектінің шешімдеріне шағым бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге беріледі. Жоғары тұрған лауазымды тұлға немесе субъект болмаған жағдайда, не болмаса арыз беруші қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда арыз тікелей сотқа беріледі. Бұл қағидат 1999 жылғы 13 шілдедегі № 411-І Қазақстанның Азаматтық іс жүргізу кодексінің 278-бабымен расталады. Бұл жағдайда ондай істер Қазақстанның Азаматтық іс жүргізу кодексінің 174-бабанда белгіленгендей, бір айға дейінгі мерзім қаралып, шешіледі. Осылайша, импорттаушы жоғары тұрған кеден органына немесе сотқа апелляция бере алады. Импорттаушының апелляция инстанциясын таңдауына байланысты айыппұл қолданылмайды.

615. Құпиялылық жөніндегі талаптар (ДСҰ-ң кедендік бағалау жөніндегі келісімінің 10-бабы) КО Кеден кодексінің 8-бабында көрсетіледі. Осы бапқа сәйкес, кеден органдарының ЕАЭО кеден заңнамасына және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес алынған кез келген ақпаратты ондай органдар тек қана кедендік мақсаттарда, соның ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу және жол бермеу үшін пайдаланады. Кеден органдары, олардың лауазымды тұлғалары, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізген басқа да тұлғалар мемлекеттік құпиялардан, коммерциялық, банкілік, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын ақпаратты, КО Кеден кодексімен және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, жария етуге, кеден органдары лауазымды адамдарының жеке мақсаттарына пайдалануына, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Қазақстанның Кеден кодексінің 16-бабына сәйкес, кеден органдарымен ЕАЭО заңды құралдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат тек қана кедендік мақсаттарда пайдаланылып, ондай ақпарат, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңнаманы және заң рәсімдерін орындау мақсатында қажет болған жағдайларды қоспағанда, ашылмайды немесе тіпті басқа мемлекеттік органдарға болсын беріле алмайды.

616. Ашықтық пен есептілікке қойылатын талаптарға қатысты Қазақстан өкілі КО Кеден кодексінің 10-бабы ЕАЭО кеден заңнамасы бойынша ЕАЭО-ның реттеуші

заңнама актілерін ресми және өзге де баспасөз басылымдарында жариялау жолымен, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, олар туралы ақпаратты таратудың өзге тәсілдері арқылы таратуды көздейтінін хабарлады. Еуразиялық экономикалық комиссия және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кеден органдары ЕАЭО кеден заңнамасы жөніндегі ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді, Ғаламтор желісіндегі ресми сайттарда – www.eurasiancommission.org, www.e.customs.kz. жариялауды қоса алғанда ескереді. Тиісті ақпарат сондай-ақ түрлі өткізу пунктерінде; әуежайларда, темір жол бекеттерінде, терминалдар мен теңіз кемежайларында; халықаралық трафикті әуе және теңіз кемелерінде; кедендік бақылау аймақтарында таратылады. Қазақстанның Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті кедендік заңнама жөніндегі ақпаратты және сыртқы сауда статистикасын www.e.customs.kz электрондық сайта, сондай-ақ "Официальная Газета", "Заң", "Кеден" және "Таможенный бюллетень" басылымдарында қамтамасыз етеді және орындалуы міндетті барлық құжаттар Мемлекеттік кіріс комитетінің ресми сайтында жарияланады. КО Кеден кодексінің 11-бабына сәйкес кеден органдары кеден заңнамасының ережелері және кеден органдарының құзыретін енетін өзге де мәселелер бойынша жеке немесе жазбаша түрде түсініктемелер ("консультациялар") береді. Үшінші тұлғаның жазбаша сұрау салуы бойынша кеден органдары жазбаша ақпаратты қысқа мерзімде, бірақ ЕАЭО-ға мүше тиісті мемлекеттің заңнамасында белгіленген мерзімнен кешіктірмей ұсынуға міндетті. "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III Заңның 8-бабына сәйкес өзге мемлекеттік органдардан немесе тұлғалардан ақпарат алу талап етілмейтін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау күнтізбелік 15 күнді құрайды және өзге де мемлекеттік органдардан және тұлғалардан ақпаратты алумен қарастыру мерзімі күнтізбелік 30 күнді құрайды. Қарау мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ күнтізбелік 30 күннен аспауы тиіс.

617. Қазақстан өкілі КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 11-бабына сәйкес егер бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде осы кедендік құнға қатысты шешімді кейінге қалдыру қажеттілігі туындаса, тауарларды декларациялайтын адам оларға ЕАЭО заңнамасына сәйкес осындай тауарларға салынатын кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз ететін, жеткілікті кепілдікті оларға қажеттілік болған жағдайда ұсынған кезде бағаланатын (әкелінетін) тауарларды алуға құқығы болуы тиіс екендігін мәлімдеді. Кепілдік (кепілгерлік) туралы ережелер КО Кеден кодексінің 12 тарауында және Қазақстанның Кеден кодексінің 16 тарауында қамтылған. Кеден органдары тауарлардың шартты шығаруын жүзеге асыруға кеден органдарымен бағалар туралы қол жетімді ақпараттың негізінде ұсынған кедендік құнына сәйкес кедендік алымдар кепілдендірілгенге дейін құқылы болады. Кепілдіктер: 1) қолма-қол ақша; 2) банк кепілдіктері; 3) кепілгерлік; 4) мүлік кепілдігі; 5) сақтандыру шарты түрінде болуы мүмкін. Төлеуші кеден алымдары мен салықтарын қамтамасыз ету әдісін таңдауға құқылы. Қазақстанның Кеден кодексінің 113-бабына

сәйкес бұл төлемдерге әкелім кеден бажы; әкетілім кеден бажы; тауарларды Қазақстан аумағына әкелген кезде алынатын қосылған құн салығы; тауарлардың Қазақстанның кеден аумағына әкелген кезде алынатын акциздер (тауарларды кедендік декларациялау, кедендік сүйемелдеу немесе алдын ала шешім үшін баж салығын жинау) кіреді. 2011 жылы кепілдікті қамтамасыз етумен еркін айналысқа шығарылған сауданың үлесі 0,2 % құрайды. Кепілдік мерзімі декларанттың кеден органы алдындағы міндеттерін орындауға жеткілікті болуы тиіс. Қазақстанның Кеден кодексінің 156-бабына сәйкес депозит декларант кеден органы алдындағы барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін 10 күннің ішінде қайтарылады. Өтініш декларант міндеттемелерін орындағаннан кейін 5 жыл ішінде қабылданады. Одан кейін ол кеден төлемдері мен салықтарын төлеу кепілдіктері КО Кеден кодексінде және, Қазақстанның Кеден кодексін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық кеден актілерінде көрсетілген белгілі бір жағдайларда талап етілетінін қосты. Әсіресе, келесі:

- кеден транзиті рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау;
- тауарларды кеден аумағынан тыс тауарды қайта өңдеудің кеден рәсіміне орналастырған кезде;
- тауарларды шартты шығару; және
- егер де ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің халықаралық шартымен ескерілсе, кеден төлемдер мен салықтарды төлеу уақытын өзгерту жағдайлары.

618. Жұмыс тобының мүшелері өзара байланысты адамдарды түсіндіруге қатысты алаңдатушылықтарын білдірді және бұл туралы сондай жағдайларда талап етілетін КО-ның кеден құны жөніндегі келісімнің 4.4-бабына сәйкес, әкелінетін тауарлар белгілі бір баға деңгейіне сәйкес болуы тиіс екендігін атап өтті. Бұл талап Кедендік бағалау жөніндегі ДСҰ келісімнің 1.2 (а) және (в) бабына берілген түсініктеме ескертулерге де, Кедендік құн жөніндегі келісімнің 4.3-бабына да сәйкес келмейді.

619. Қазақстанның өкілі КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 4.3- бабы сәйкес , сатушы мен сатып алушы арасындағы өзара байланыс қолайлы емес мәміленің құнын тану үшін негіз болып табылмайды деп жауап берді. Бұл жағдайда сатумен бірге жүретін жағдайларға талдау жасалуға тиіс. Егер сатушы мен сатып алушы өзара байланысты адамдар болса және бұл ретте тауарларды декларациялаушы тұлға ұсынған немесе кеден органы өзге тәсілімен алған ақпараттың негізінде сатушы мен сатып алушының өзара байланысы әкелетін тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын бағаға ықпал етсе, онда кеден органы осы белгілер туралы тауарларды декларациялаушы тұлғаға жазбаша нысанда хабарлайды. Декларант бағаға сатушы мен сатып алушының өзара байланысы ықпалының жоқ екендігін дәлелдеуі тиіс. Одан кейін ол, өзара байланысты адамдардың арасында сату кезінде жасалатын мәміленің құны, егер декларант ондай құн сол және оған тиісті уақыт кезеңінде мынадай тексеру шамаларының біріне жақын екендігін дәлелдесе, қабылданатынын атап өтті:

- сатушымен өзара байланысты емес болып табылатын адамдар Қазақстанға әкету үшін мұндай тауарларды сатып алушыларға сатқан кездегі бірдей немесе біртектес тауарлармен жасалатын мәміле құны;

- КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 8-бабына сәйкес айқындалған бірдей немесе біртектес тауарлармен жасалатын мәміленің кедендік құны; немесе

- КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 9-бабына сәйкес айқындалған бірдей немесе біртектес тауарлардың кедендік құны.

620. Қазақстан өкілі мәлімдегендей, КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 4.3 және 4.4-баптары 2012 жылдың 23 сәуірінде қол қойғаннан бастап уақытша қолданылатын және "2008 жылғы 25 қаңтардағы "Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 21 маусымындағы №109 Заңымен ратификацияланған Кедендік құн жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамамен (бұдан әрі – Хаттама) өзгертілді. Ол одан әрі Жоғары Еуразиялық Экономикалық қоғамдастықтың 2014 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағы кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауардың кедендік құны туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттаманың күшіне енуі туралы № 86 шешіміне сәйкес Хаттама 2014 жылғы 10 қазанда күшіне енді. Хаттамаға сәйкес декларант мәміле құнын қабылдауды белгілеудің екі түрлі әдісін көрсетуге мүмкіндік алды: сатумен бірге жүретін жағдайларды зерттеу және жасалған мәміле құны ертеректе кеден органымен қабылданған "тексеру шамаларына" жақын екендігіне қатысты декларанттың дәлелі.

621. Қазақстан өкілі КО-ның 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден Одағының кеден аумағына әкелетін тауарларлардың кедендік құнын анықтау туралы КО келісімінің 4.3 және 4.4-баптары 1994 жылғы ГАТТ-тың VII бабын қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес келуін қаматамсыз ету үшін Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін өзгертілетіндігін растады. Декларант мәміле құнын қабылдауды белгілеудің екі түрлі әдісін көрсетуге мүмкіндік алады: сатумен бірге жүретін жағдайларды зерттеу және жасалған мәміле құны ертеректе кеден органымен қабылданған "тексеру шамаларына" жақын екендігіне қатысты декларанттың дәлелі. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

622. Сондай-ақ мүшелер КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімдерінде де, КО Хаттамаларында да және ұлттық заңнама актілерінде де "Деректерді өңдеу үшін бағдарламалық жасақтаманы тасымалдаушыларды бағалау туралы" ақпарат тасымалдаушының құныны негізделуі керектігін айтатын Кедендік құн жөніндегі техникалық комитеттің № 4.1 шешімінің 2-бабын қабылдау туралы ереже және "Импортталатын тауарлардың кедендік құнында пайыздық мөлшерлемелерді қолдану туралы" № 3.1 шешім жоқ екендігіне қатысты алаңдаушылықтарын білдірді. Сонымен бірге мүшелер Қазақстан ұлттық заңнамада түсініктеме ескертулерді толыққанды

көрсетпенгендігін атап өтті. Мүшелер бұл мәселелер ЕАЭО және Қазақстанның заңнамасында қалайша көрініс табатындығы жайлы ақпаратқа сұрау салды.

623. Қазақстан өкілі КО-ның кедендік құн жөніндегі келісімнің 4.7-бабы пайыздық мөлшерлемелердің сомасы кедендік құнға кірмейтіндігін көрсететін Кедендік құн жөніндегі техникалық комитеттің "Импортталатын тауарлардың кедендік құнында пайыздық мөлшерлемелерді қолдану туралы" №3.1 шешімнің ережесін қамтып көрсететіндігін түсіндірді. Ол Кедендік құн жөніндегі техникалық комитеттің "Деректерді өңдеу үшін бағдарламалық жасақтаманы тасымалдаушыларды бағалау туралы" №4.1 шешімі 2 бабының ережелері Қазақстан Кеден кодексі 101-бабының 8-тармағында қамтылып көрсетілетіндігін қосты.

624. I қосымшаға берілетін түсініктеме ескертулер Кедендік бағалау жөніндегі ДСҰ келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатынын айтатын 1994 жылғы ГАТТ-тың VII бабын қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 14-бабына қатысты, Қазақстан өкілі түсініктеме ескертулердің басым бөлігінің ережелері Кеден Одағының кеден аумағына әкелетін тауарларлардың кедендік құнын анықтау туралы КО-ның келісінде қамтылғандығын және 1994 жылғы ГАТТ-тың VII бабын қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің басқа ережелерімен бірге "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 296-IV Кеден кодексіне және Кеден Одағының 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден кодексі туралы шартқа енгізілгендігін растады. Қалған түсініктеме ескертулер Еуразиялық экономикалық комиссияның, КО Комиссиясының мирасқоры, шешімдері арқылы немесе Қазақстанның ұлттық заңнамасына Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін енгізілетін болады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

625. Мүшелер түсініктеме ескертулердің ЕАЭО және Қазақстанның заңнамасында жүзеге асырылу үдерісі туралы одан кейінгі ақпаратқа сұрау салды. Қазақстан өкілі 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағының кедендік аймағына әкелінетін тауарлардың құнын айқындау туралы Келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама кедендік бағалау туралы ДСҰ келісіміне сәйкес келтіруге бағытталған деп жауап берді. Түсініктеме ескертулердің кейбір ережелері мысалдар болып табылады және заңнамалық нормаларға жатпайды, яғни олар КО-ның кедендік құн жөніндегі келісіміне енгізілген жоқ. Мысалы: тауарлардың кедендік құнын айқындаудың шегеру әдісі туралы 5-бапқа берілген түсініктеме ескертулердің мысалдары; бірдей тауарлардың кедендік құнын айқындау әдісі үшін 2-бапқа берілген түсініктемесе ескертулердің мысалдары және т.б. Осылайша, Комиссия ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен бірлесе отырып, Түсініктеме ескертулердің жетіспейтін ережелерін қамтыған құжаттарды әзірледі. Ондай құжаттар Комиссия шешімдерімен қабылданды. Атап айтқанда, Комиссия Алқасының шешімі ескертулердің жетіспейтін ережелерін қамтыған: Кедендік бағалау жөніндегі ДСҰ келісімнің 2 және 3-бабына берілетін Түсініктеме ескертулердің көрнекі мысалдары бар (i) 2012 жылғы 30 қазандағы "Тауарлардың кедендік құнын бірдей тауарлармен

жасалған мәміленің құны бойынша (2 әдіс) және (ii) біртектес тауарлармен жасалған мәміленің құны бойынша (3 әдіс) айқындау әдістерін қолдану ережелерін"; (iii) 2012 жылдың 13 қарашасында "Тауарлардың кедендік құнын айқындаған кезде шегеру әдісін (4 әдіс) қолдану ережелерін"; 2012 жылдың 12 желтоқсанында "Тауарлардың кедендік құнын айқындаған кезде қосу әдісін (5 әдіс) қолдану ережелерін";(iv) 2012 жылдың 20 желтоқсанында "Тауарлардың кедендік құнын әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміленің құны бойынша (1 әдіс) айқындау әдісін қолдану ережелерін" мақұлдады.

626. Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап Қазақстан тауарлардың кедендік құнын айқындау саласында заңдарды, нормаларды және тәжірибені ДСҰ келісіміне, оның ішінде 1994 жылғы тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімінің I бабына және 1994 жылғы ГАТТ-тың VII бабын қолдану жөніндегі келісімге сәйкес қолданатындығын растады. Осыған байланысты кедендік құнды бағалау кезде Қазақстан анықтама бағалары немесе тиянақталған бағалау схемасы сияқты ең төмен құнның ешбір түрлерін пайдаланбайтын болады. Оған қоса Қазақстан, егер де кеден органдары жасалған мәміленің нақты кедендік құнын немесе талас тудыратын ұсынылған құнды айқындай алмаса, онда тауарға салынуы мүмкін кеден баждарын төлеудің ең жоғарғы сомасындағы жеткілікті кепілдікпен ішкі тұтыну үшін шығарылатын болады. Одан әрі, ол әкелінетін тауарлардың құнын анықтайтын кезде, Қазақстан ДСҰ комитетінің "Деректерді өңдеу бойынша құралдар үшін бағдарламалық жасақтаманы қамтитын ақпарат тасымалдаушылардың кедендік құнын бағалау туралы" 4.1 шешімінің 2-тармағының және "Әкелінетін тауарлардың кедендік құнындағы пайыздық төлемдерді есептеу туралы" 3.1 шешімінің қағидаларын қолданылатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

Тауарлардың шығу тегін айқындау ережелері

627. Қазақстан өкілі 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан тауарлардың шығарылған елін айқындау ережелерін 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағы Кеден кодексінің (бұдан әрі – КО Кеден кодексі) 7-тарауына сәйкес қолданып келе жатқандығын хабарлады. Тауарлардың шығарылу ережелерінің преференциялық емес тәртібі және оларды қолдану Тауарлардың шығарылған елін айқындаудың ережелерін (бұдан әрі – КО Шығарылу ережелері) қоса алғанда, 2008 жылғы 25 қаңтардағы Тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережелері туралы келісімнің (бұдан әрі – КО шығарылу ережелері туралы келісім) ережелерімен белгіленеді. Өзірленген келісімдер тауарлардың шығарылған елін айқындаудың преференциялық емес ережелерін қолдануға және үйлестіруге қатысты Дүниежүзілік кеден ұйымының және ДСҰ-ның жұмыстарына жақындатылған. Тауарлардың шығарылған елін айқындаудың қағидастары халықаралық тәжірибеге негізделіп, 2009 жылы қолданысқа енгізілген жаңартылған Киото Конвенциясының ұсынымдарын іске асырады. КО Кеден кодексінің 58-бабының 3-тармағы тауарлардың шығарылған елін анықтау халықаралық

шарттарына сәйкес, қатысушылары тауарлардың шығарылған елін анықтау рәсімдерін айқындайтын, ЕАЭО-ға мүше болып табылатын мемлекеттердің айқындайтынын айтады. Одан ары ол дамушы және аз дамыған елдерден шығарылған және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер қолданатын преференциялар жүйесіне құқығы бар тауарлардың шығарылған елін айқындау Тауарлардың дамушы және аз дамыған елдерден шығарылғанын айқындау туралы ережелерді (бұдан әрі – КО-ның дамушы және аз дамыған елдерге арналған ережелері) қоса алғанда, 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тауарлардың дамушы және аз дамыған елдерден шығарылғанын айқындау туралы келісіммен (бұдан әрі – КО-ның тауарлардың дамушы және аз дамыған елдерден шығарылғанын айқындау ережесі туралы келісім) реттелетінін мәлімдеді. Тауарлардың шығарылған елін айқындау үшін кеден рәсімдері 2003 жылғы 5 сәуірдегі № 401-II Қазақстанның Кеден Кодексінде көрсетілген кеден рәсімдерінің орнын басқан КО Кеден кодексінде көзделеді және мұндай рәсімдер енді қолданылмайды. Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережелері бойынша қосымша ережелер 2003 жылғы 5 сәуірдегі № 401-II Қазақстанның Кеден Кодексінің орнын басқан 2010 жылғы 30 маусымдағы № 296-IV "Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы" кеден кодексінің 10- тарауында бар. Ол тауарлардың шығарылған елін айқындау кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеудің шараларын қолдану тауарлардың шығарылған еліне тәуелді болған барлық жағдайларда жүргізілетіндігін атап өтті.

628. Қазақстан өкілі КО Кеден кодексінің 58-бабына сәйкес, тауарлардың шығарылған елі ЕАЭО кеден актілерімен белгіленген өлшемдерге сәйкес тауарлар толық өндірілген немесе жеткілікті түрде қайта өңдеуге ұшыраған ел болып табылатынын атап өтті. Преференциялық емес тауарлар үшін жеткілікті түрде қайта өңдеудің негізгі өлшемі, КО-ның шығарылу ережелері туралы келісімнің КО шығарылу ережелерінің 4-тармағында белгіленгендей, алғашқы төрт санның біреуінің болсын тарифтік жіктемесінің өзгеруіне негізделеді. КО шығарылу ережелерінің 2-тармағы толықтай елде өндіріле алатын тауар түрлерінің жабық тізімін қамтамасыз етеді. Осы ережелердің 5-тармағына белгілі бір елден шығатын тауарды тану үшін орындау жеткіліксіз болатын операциялардың көрнекі тізімі кіреді. Жеткілікті қайта өңдеудің өзге өлшемдерін, КО шығарылу ережелерінің 6-тармағында белгіленгендей, тек КО Комиссиясы ғана белгілейді.

472. Арнайы сұраққа берген жауабында Қазақстан өкілі КО Кеден кодексінің 348-бабында сілтеме бар тауарлық номенклатура ДСҰ-ның Шығару қағидалары жөніндегі келісімінің 2(a) (i) бабында белгіленген тарифтік номенклатураның бөлікшелеріне және бөлімдеріне сәйкес келетіндігін растап, Қазақстан 2012 жылғы Тауарларды сипаттау және кодтаудың үйлестірілген жүйесін қабылдағанын қосты. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарларды жіктеу, КО Комиссиясының 2009 жылдың 27 қарашасында №130 шешімімен бекітілген КО Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы бойынша жүзеге асырылады. КО Сыртқы

экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы 2012 жылғы Тауарларды сипаттау және кодтаудың үйлестірілген жүйесіне де сәйкес келтірілген.

473. Мүшелер Қазақстанға әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындау ережелерінің қолданылуын, сондай-ақ бұл саладағы ұлттық заңнаманы реттейтін КО келісімдері, КО шешімдері, КО Кеден кодексінің ережелері және ЕАЭО құқықтық актілері туралы бұдан кейінгі ақпаратты сұратты. Олар Қазақстандағы тауарлардың шығарылған елін айқындау ережелері ДСҰ-ның Шығару қағидалары жөніндегі келісімінің ережелеріне, сонымен бірге тауарлардың шығарылған елін айқындаудың преференциялық және преференциялық емес ережелері қандай шараларды белгілейтіндігі туралы ақпаратқа сәйкес келуіне кепілдіктер беруді сұрады. Жұмыс тобының мүшелері тауарлардың шығарылған елін анықтау мүмкін болмаған жағдайда Қазақстанның НҚТ бойынша қосарлы кеден бажын өндіріп алу бойынша талабы шамадан тыс болып табылатындықтан, Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін аз ғана елдерден шығарылатын тауарлар НҚТ мөлшерлемелері бойынша бағаланбайтынын ескере отырып, мұндай талапты жоюға сұрау салды, Олар Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап НҚТ қағидаты қолданылатын барлық елдермен тауарларды НҚТ мөлшерлемелері бойынша бағалайтындығы туралы Қазақстаннан міндеттемелер сұраған болатын. Сонымен қатар олар Қазақстаннан тауарлардың шығарылған елі нақты белгілене алмау жағдайын түсіндіруді сұрады. Одан кейін олар тауарды кеден рәсіміне орнатқаннан және НҚТ-ның қосарлы мөлшерлемелері бойынша кеден баждарын төлегеннен кейін, кедендік ресімдеу кезінде шығарылу сертификатын немесе басқа құжаттарды ұсынған кезде, артық төленген кеден баждары қайтарылады ма деп сұрады.

474. Қазақстан өкілі КО Кеден кодексінің 58-бабына сәйкес, егер де тауарлар толықтай сол елде өндірілсе немесе КО Шығарылу ережелерінде және КО Комиссиясының шешімінде белгіленген өлшемдерге сәйкес айтарлықтай өзгерсе, олар белгілі бір елде шығарылған болып танылады деп жауап берді. Одан ары КО Кеден кодексінің 59-бабы шығарылған ел шығарылу сертификатымен немесе тауардың шығарылу декларациясымен расталатындығын белгілейді. Осы кодекстің 60-бабы тауарлардың шығарылуы туралы декларация онда тауарлардың шығарылған елін анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтер көрсетілген кезде тауарларды шығаруға байланысты дайындаушы, сатушы немесе жөнелтуші жасаған тауарлардың шығарылған елі туралы мәлімдемені білдіретінін белгілейді. Осындай декларация ретінде тауарларға қатысы бар коммерциялық немесе кез келген басқа да құжаттар пайдаланылады. КО Кеден кодексінің 61-бабына сәйкес, тауардың шығарылуы туралы сертификат - тауарлар шығарылған ел туралы нақты куәландыратын және егер әкету сертификаты тауарлардың шығарылған елінен алынған мәліметтер негізінде берілсе,

аталған елдің уәкілетті органы немесе ұйымы немесе әкету елі берген құжат. Шығарылу сертификаты кеден рәсімдерінен өткен кезде басқа құжаттармен қатар тауарларды кедендік декларациялау кезінде ұсынылады.

475. Қазақстанның өкілі көрсеткендей, КО Кеден кодексінің 61-бабының 4-тармағына сәйкес, егер тауардың шығарылуы туралы сертификат ЕАЭО-ның кедендік заңнамасында оны ресімдеуге және (немесе) толтыруға қойылатын талаптар бұзыла отырып ресімделген болса, кеден органы мұндай сертификатты тарифтік преференцияларды ұсыну үшін негіз ретінде қарастырудан бас тарту туралы шешімді дербес қабылдайды. КО Кеден кодексінің 61-бабының 5-тармағына сәйкес, кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органының тауардың шығарылуы туралы сертификатты берген уәкілетті органдарына немесе ұйымдарына қосымша құжаттар немесе нақтылайтын мәліметтер беру туралы өтінішпен жүгінуге құқығы бар. Мұндай өтініш тауарларды кедендік рәсімге орналастырған кезде, олардың шығарылуы туралы мәлімделген мәліметтердің негізінде тауарларды шығаруға кедергі келтірмейді.

476. Қазақстан өкілі тауардың шығарылуы туралы сертификатта шығарған ел туралы көрсетілуі; мәлімдеушінің тауардың тиісті шығарылу өлшеміне сәйкестікті қанағаттандыратындығы туралы жазбаша куәгерлігі; сертификатты берген әкету елінің құзырлы органының сертификатта ұсынылған мәліметтер шындыққа сәйкес келетіндігі туралы жазбаша куәлігі болуы керектігін атап өтті. Преференциялық емес режим кезінде тауардың шығарылған елі туралы сертификатты ұсыну міндетті болып табылмайды. Бұған тарифтік емес реттеудің кеден баждары, салықтары және (немесе) шаралары мөлшерлемелерінің қолданылуына әсер ететін тауарлардың шығарылған елі туралы мәлімделген мәліметтер нақты болып табылмайтындығының белгілері табылған, дұрыс емес болған және егер бұл Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген жағдайлар жатпайды. Тиісті түрде ресімделген сертификатты немесе тауардың шығарылған елі туралы мәліметтерді ұсынбау, КО Кеден кодексінің 62-бабы 2-тармағында көзделген (мысалы, кеден органы ЕАЭО кедендік заңнамасына немесе ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес, ЕАЭО кеден аумағына әкелуге немесе оның аумағы арқылы транзитке тыйым салынған ел болып табылатын белгілері анықталған) жағдайларды қоспағанда, КО кеден аумағына тауарларды шығарудан бас тартуға негіз болып табыла алмайды. Егер де тауарлар дұрыс толтырылған шығарылу туралы сертификатты ұсынусыз әкелінсе, ондай тауарларға қатысты НКТ баждары мөлшерлемелері қолданылатын болады.

477. Қазақстанның өкілі өндірістік немесе көліктік жағдайларға байланысты тауарларды бір партиямен жеткізудің мүмкінсіздігінен бөлшектенген немесе жиналмаған түрде, бірнеше партиямен жеткізілетін тауарлардың шығарылған елін айқындау кезінде, сондай-ақ қателесу салдарынан партиялары бөлініп кеткен тауарлар КО Шығарылу ережелерінің 8 және 9-тармақтары тауардың шығарылған елін айқындауда септігін тигізу үшін арнайы ережелерді белгілейтінін түсіндірді (мысалы

көрсетілген тауарлар импорттаушының қалауы бойынша бір партия ретінде есептелінуі мүмкін).

478. Ол одан кейін КО Кеден кодексінің 62-бабына сәйкес, ЕАЭО кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде, егер Қазақстан (немесе ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттер) кедендік заңнамасына және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес осы тауарлар шығарылған елге тарифтік преференциялар беретін жағдайда, тауарлардың шығарылған елін растайтын құжат ұсынылатынын мәлімдеді. Ол кезде шығарылу туралы сертификат (дамушы және аз дамыған елдерден шыққан тауарлардың шығарылу ережелерге 1-қосымшаға бекітілген "А" - құжат: ТМД елдері үшін - ST-1 құжат) талап етіледі. Тауарлар толықтай дамушы және аз дамыған елдердегі шыққан жағдайда солай танылады және тарифтік артықшылықтар жүйесіне кіретін болып саналады. Ол Тауарлардың дамушы және аз дамыған елдерден шығарылғанын айқындау ережесінің 1-қосымшасы 3-бөліміне сәйкес, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер тауар тарифтік артықшылық режимі қолданылатын дамушы немесе аз дамыған елде өңдеуге немесе қайта өңдеуге ұшыраған және осы процесте пайдаланылған, тарифтік артықшылық режимі қолданылмайтын басқа да елдерден шығарылған тауарлардың құны немесе шыққан жері белгісіз тауар құны тарифтік артықшылық режимі қолданылатын дамушы немесе аз дамыған ел экспорттайтын тауар құнының 50%-ынан аспауына негізделетін тарифтік преференцияларға құқығы бар елдер үшін жеткілікті қайта өңдеу өлшемдерін қолдану рәсімдерін белгілей алатынын қосып айтты. Ол сонымен қатар дамушы немесе аз дамыған елдерден шығарылу ережесінің IV бөлігі преференция режимін қолданған кезде тауарларды тікелей сатып алу және тікелей жеткізу ережелерін қолдану жағдайларын көздейтінін атап өтті. Дамушы немесе аз дамыған елдерден шығарылу ережесінің 8-бөліміне сәйкес, сертификаттың немесе онда берілген мәліметтердің, сондай-ақ тауардың шығарылуы туралы мәліметтердің мінсіздігіне қатысты дәлелді күмән пайда болған жағдайда кеден органдары қосымша немесе нақтылайтын мәліметтерді сұратып, дамушы немесе аз дамыған елдердің құзыретті органдарына жүгіне алады.

479. ЕАЭО шегінде және Қазақстан мен ТМД-ға қатысушы басқа мемлекеттер арасындағы еркін сауда аймағында айналымдағы тауарлар бойынша Қазақстан өкілі Қазақстанның ТМД Үкіметтері басшылары мақұлдаған 2009 жылғы 20 қарашадағы "ТМД-ғы тауарлардың шығарылу ережелері туралы" келісімнің тауарлардың шығарылу ережелері мен 1996 жылғы 12 сәуірдегі "Жалпы преференция жүйесінің шеңберінде тарифтік преференция беру кезінде дамушы елдердің тауарларының шығу тегін айқындау ережелері туралы" келісімді қолданатынын түсіндірді. Бұл ережелер тауарлардың шығарылу елін айқындауға арналған халықаралық тәжірибеге сәйкес әзірленген болатын. Тікелей сатып алудың қосымша өлшемдері экспорттаушы ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде 2011 жылғы 18 қазанда қол қойған Еркін сауда аймағы

туралы келісімге (бұдан әрі – ТМД 2011 жылғы Еркін сауда аймағы келісім) қатысушы мемлекеттерде заңды түрде құрылу талабымен бірдей пайдаланылады (1996 жылғы 18 қазандағы ТМД үкіметтері басшылары кеңесінің шешімінде негізгі құжат реінде көрсетілген). Қазіргі уақытта ЕАЭО, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық немесе ТМД шеңберінде тауарлардың шығарылу елін айқындаудың басқа тәртіптері жоқ. ТМД-ға мүше емес елдермен басқа сауда шарттары үшін тауарлардың преференциялық режимдеріне арналған шығарылу ережелері осы шарттарда бар.

480. Жұмыс тобының мүшелері экспорттаушы преференциялық кеден баждарын алу үшін ТМД-ға мүше мемлекеттерде заңды құрылуы тиіс деген талапқа қатысты нақтылауды сұрап, бұл талапты қанағаттандыруға корпоративтік тіркеу жеткілікті ме немесе басқа да критерийлер де қанағаттандырылуы тиіс пе деп сұрады. Оған Қазақстан өкілі ТМД-ның 2011 жылғы Еркін сауда аймағы туралы келісімінде заңды құрылуға қатысты тіркелуден басқа өлшемдер жоқ екендігін айтты. Тіркеуге қоса, преференциялық тарифті алу үшін тауарлар тікелей ТМД-ға мүше мемлекеттерден жеткізілуі тиіс, яғни үшінші елдер арқылы кедендік бақылаумен тауарлар транзитін қоспағанда, "ТМД-ғы тауарлардың шығарылу ережелері туралы" келісімнің 5.1-бабына сәйкес ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағынан әкетілмейтін тауарлар ғана, ТМД еркін сауда аймағы туралы келісім шеңберіндегі преференциялық режимге сәйкес преференциялық режимді ала алады.

481. Жұмыс тобының кейбір мүшелері сонымен қатар ЕАЭО заңнамасындағы "егер тауарлардың шығарылу елін айқындау үшін оларды бөлу қажет болса, тауарлардың шығарылу елі ретінде елдер тобы не елдердің кеден одақтары не елдің өңірі немесе бір бөлігі қарастырылуы мүмкін" дегенге байланысты түсініктемелер беруді сұрады. Олар ДСҰ келісімінде мұндай ереже жоқ екендігін атап өтіп, қандай жағдайларды тауардың шығарылуы өңірге немесе елдің бір бөлігіне қатысты болатындығына қатысты түсініктемелерді сұрады. Бұл мүшелер Қазақстаннан мұндай ережелер ДСҰ келісіміне толықтай сәйкес қолданылатындығы туралы міндеттемелерді талап етті. Оған Қазақстанның өкілі КО Кеден кодексі 58-бабының 1-тармағы тауарлардың шығарылу елі ретінде елдер тобы не елдердің кеден одақтары, сондай-ақ, елдер тобында нақты елді белгілеу қиын болса, елдің өңірі немесе бір бөлігі қарастырылуы мүмкін екендігі айтылатынын растады. Осы міндеттерге сүйене отырып, тауарлардың шығарылған елін анықтау мақсатында, тиісті елдер тобы не елдердің кеден одақтары, не елдің өңірі немесе бір бөлігі тауарлардың шығарылған елі ретінде қарастырылуы мүмкін. Ол егер тауардың шығарылу елін айқындау қажет болған жағдайда ғана өңір немесе елдің бір бөлігі тауардың шығарылу елі ретінде қарастырылатынын атап өтті және қазіргі таңда ондай мүмкіндік тек қана қорғаудың сауда шаралары үшін қолданылғанын атап көрсетті.

482. Жұмыс тобының бір мүшесі сауда басталғанға дейін тауардың шығарылуын айқындау ережесі ДСҰ-ның шығарылу ережелері туралы келісімі 1-қосымшасының 2 (

h) бабында және 3 (d) тармағында бар екендігін атап өтті. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін келісімнің сол және басқа аспектілерін (мысалы, апелляция құқығы) іске асыруы тиіс екендігін атап өтті. Оған жауабында Қазақстанның өкілі ЕАЭО мүше мемлекеттер тауарлардың шығарылу елін айқындауға қатысты КО Кеден кодексінің 58-бабында көрсетілгендей, ұлттық заңнамада көзделген тәртіпте алдын ала шешімдерді қабылдай алатындығын атап өтті. Осылайша, ҚР Кеден кодексінің 91-бабына сәйкес, кеден органдары тауарлардың шығарылған елін айқындауға қатысты алдын ала шешімдер қабылдай алады. Егер де арыз беруші тауар туралы қажетті ақпаратты ұсынса, кеден органдары тауардың шығарылған елі туралы алдын ала шешімді қабылдайды. Тауардың шығарылған елін айқындауға қатысты алдын ала шешімдер ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 8 қыркүйектегі "Тауарларды жіктеу туралы шешімдер нысандарын бекіту туралы, тауарды жинақталмаған түрінде жіктеу туралы және преференциялық және преференциялық емес режимдерді қолданған кезде тауардың шығарылған елін айқындау туралы алдын ала шешім қабылдау туралы" № 912 қаулысымен бекітілген нысан бойынша қабылданады. Ол сонымен қатар қабылдау тәртібі және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау комитеті төрағасының "Алдын ала шешімді қабылдау ережелері мен нысанды бекіту туралы" 2003 жылғы 15 мамырдағы № 210 бұйрығының 2003 жылғы 1 шілдеден бастап күші жойылғандығын атап көрсетті.

483. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап Тауарлардың шығарылу елін айқындау ережелері бойынша шаралар олар Қазақстанның немесе ЕАЭО құзыретті органдарының қабылдаған, қабылдамағанына қарамастан, Қазақстанда Шығу қағидалары жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес қабылданатынын және осы келісімге II Қосымшаның аралық ережелері, соның ішінде транспаренттілік, шағымдану құқығы, Тауарлардың шығарылу елін айқындау ережелері бойынша ДСҰ комитетіндегі хабарламалар туралы қағида көрініс табатынын растады. Ол, сонымен бірге, Шығу қағидалары жөніндегі ДСҰ келісімнің II қосымшасының 2 (h) бабы мен 3(d) тармағының талаптарына сәйкес, тауарлардың шығарылу елін айқындаудың преференциялық және преференциялық емес ережелерін қолдану кезінде, Қазақстанның кеден органдары экспорттаушыдан, импорттаушыдан немесе барлық қажетті элементтері берілген жағдайда оған қажетті негіздемесі бар басқа тұлғадан тиісті сұрау алғаннан кейін 150 күннен кешіктірмей әкелінетін тауарлар үшін тауардың шығарылу еліне қатысты қорытынды шығаратынын растады. Шығу қағидалары жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес кез келген тауардың шығарылу елін анықтау бойынша сұрау осы тауардың саудасы басталмай тұрып та қабылдана алады, және мұндай анықтау 3 жыл ішінде, егер олар сәйкес жасалған деректер мен шарттар, оның ішінде шығу тегін анықтау ережелері салыстырмалы болса

, қабылдана алады. Одан кейін ол шығарылуы анықталмаған тауарларды әкелген кезде қосарлы кеден мөлшерлемесін қолдану тәжірибесі жойылғандығын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді қаперлеріне алды.

Басқа кедендік формальдылықтар

484. Жұмыс тобының кейбір мүшелері валюталық бақылау мақсатында тіркеу және лицензиялау жөніндегі талаптарға қоса импортқа жасалған мәміле төлқұжатын алу туралы талап қосарлаушы шара және сауда үшін қажетсіз болып табылатындығын атап өтті. Сондай-ақ олар мәміле төлқұжаттарын пайдалану 1994 жылғы ГАТТ ХІ және ХV баптарының ережелерін бұзатын жалпы лицензиялау және валюталық бақылау үшін орынсыз нысан болып табылады деген пікір білдірді. Жұмыс тобының мүшелері қазақстандық тарапқа ДСҰ-ға кіргенге дейін мәміле төлқұжатын жою талабын қойды.

485. Қазақстан өкілі 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі (бұдан әрі – КО Кеден кодексі) немесе ЕАЭО заңнамалық актілері мәміле төлқұжаты бойынша талаптарды реттемейтінін атап өтті. Бұл мәселе ЕАЭО мүше мемлекеттердің құзыретінде қалып отыр. Одан кейін ол саудадағы әкімшілік кедергілерді төмендетудің нәтижесінде 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57-III Заңына түзетулер енгізіліп, мәміле төлқұжаты "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 530-IV Заңмен жойылғандығын атап өтті. Мәміле төлқұжаты 50 000 АҚШ долларынан асатын келісімшарттарды есептік тіркеуге ауыстырылған. Экспорттаушы немесе импорттаушы келісімшарт бойынша ақшаны төлеуден бұрын және (немесе) Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тауарларды өткізуден бұрын шетелдік сауда келісімшартын тіркеуі тиіс. Ол үшін экспорттаушы немесе импорттаушы банкке тек қана өтінішті және келісімшартты немесе оның көшірмесін ұсынуы тиіс. Бір жұмыс күнінің ішінде банк келісімшартты тіркейді және тіркеу нөмірін береді. Шетелдік сауда келісімшартының тіркеу рәсімі ақпаратты статистикалық жинау және шетелдік келісімшарт бойынша төлем мониторингі үшін ғана қажет.

486. Жұмыс тобының кейбір мүшелері кеден құжаттары пакетінің құрамында әкелуге немесе әкетуге декларациялардың электрондық көшірмелерін беру туралы қолданыстағы талапқа, сондай-ақ декларациялардың электрондық көшірмелерін беруге айрықша лицензияны "Акцепт Корпорация"-ға беруге қатысты алаңдаушылығын білдірді. Импорттаушы мен экспорттаушының электрондық көшірмені алуға шығынданатыны, сонымен қатар оған қоса тауарларды әкелуге декларацияның қағаз көшірмесін ұсыну қажеттігі алаңдаушылық туғызды.

487. Қазақстан өкілі шекарадағы бақылауды қамтамасыз ету үшін қазіргі уақытта Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйе (БААЖ) енгізілуде деп жауап берді. Бастапқыда, Үкімет декларациялаудың электрондық жүйесін енгізді. Оған қоса қағаз кеден декларациясын қолдану жалғауда. Қазіргі уақытта Қазақстанның бірқатар

облыстарында бағдарламалық өнімді тестілік пайдалану жүріп жатыр. Содан кейін бағдарламалық өнім Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын болады. ҚР бүкіл аумағында пайдалана бастау уақыты жүйені пилоттық аумақтарда енгізудің нәтижелеріне байланысты. БААЖ шеңберінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету туралы сұраққа ол Қаржы министрінің Мемлекеттік кіріс комитеті өз жүйесінде ақпараттық қауіпсіздікті жүзеге асыру үшін стандартты бағдарламалық жасақтаманы қолданады деп жауап берді. Ол "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы №292-IV ҚР Кеден кодексінің 16-бабына сәйкес, кеден органдары, олардың лауазымды тұлғалары, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратқа қол жеткізген басқа тұлғалар мемлекеттік құпиялардан, коммерциялық, банктік, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын ақпаратты, (осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды) қоспағанда, жария етуге, жеке мақсаттарына пайдалануына, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

488. Тауарларды уақытша сақтау қоймаларында сақтау режимін қайта қарау нәтижелері туралы сұраққа берген жауабында Қазақстан өкілі тауарларды уақытша сақтау рәсімі Қазақстан Кеден кодексінің 30-тарауымен (259-270- баптар) регламенттелгендігін түсіндірді. 260-бапқа сәйкес, тауарларды уақытша сақтау рәсімі уақытша сақтау қоймаларында ғана емес, көлік құралдарында, жеке тауарларды сақтау қоймаларында, арнайы бөлінген және жабдықталған бөлмелерде және ашық алаңдарда да жүзеге асырылады. Сонымен қатар Қазақстан Кеден кодексінің 265-бабына сәйкес тұлғаның жазбаша өтінішімен және кеден баждары мен төлемдерін төлеу кепілдіктері берілгенде әкелінетін тауарлар алушының меншігіндегі немесе оның өзіне тиесілі немесе жалға алу құқығы негізінде пайдаланып жатқан аумағында орналасқан жағдайда, тауарлар уәкілетті емес қоймаларында, автомобиль көлік құралдарында уақытша сақталына алады. Қазақстан Кеден кодексінің 259-бабы 2- тармағына сәйкес тауарларды уақытша сақтау құбыр, көлік жолы және электр беру желілері арқылы өткізілетін тауарларға қатысты қолданылмайды.

489. Мамандандырылған кеден бекеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер туралы сұраққа жауап бере отырып, Қазақстан өкілі ҚР Кеден кодексінің 248-бабына сәйкес, тауарларды рәсімдеу тауарлар кедендік рәсімдеуге орналастырылған жерлерінде жүзеге асырылады деп мәлімдеді. Сондай ережелер ЕАЭО шеңберінде де бар. КО Кеден кодексінің 156- бабына сәйкес тауарды кеден рәсіміне орналастыруға қатысты кеден операциялары жұмыс уақыты кезінде кеден бекеттерінде жүреді. ҚР Кеден кодексінің 248-бабы Қазақстанның Үкіметіне тауарлардың белгілі бір санаты үшін мамандандырылған кеден бекеттерін белгілеу құқығын береді. Еуразиялық экономикалық қауымдастық алқасының 2012 жылғы 26 тамыздағы №134 шешімімен мақұлданған "Үшінші елдермен саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі Кеден одағына мүше мемлекеттер әкелуге немесе әкетуге тыйым салулар

немесе шектеулер қолданатын Тауарлардың бірыңғай тізбесінің" 2.9 және 2.10-тармақтарының ережелеріне сәйкес, мемлекеттік бақылау Кимберлий үдерісінің Сертификаттау жүйесінің талаптарына сәйкес табиғи алмастар экспортына орнатылуы тиіс, сондай-ақ келесі тауарлар санатының экспорты мен импортына бақылау жүзеге асырылуы тиіс: табиғи алмастар (ТН 7102 21 000 0); өңделмеген асыл тастар (ТН 7106, 7108, 7110); асыл тастар концентраттары мен кендері (ТН ВЭД 2616); асыл металдар сынықтары мен қалдықтары (ТН ВЭД 7112).

Жөнелту алдындағы инспекция

490. Қазақстан өкілі қазіргі уақытта Қазақстанда жөнелту алдындағы инспекция жүйесі жоқ екендігін мәлімдеді. Жөнелту алдындағы инспекция 1996-1999 жылдар аралығында "Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекция жүйесін енгізу туралы" Үкіметтің 1995 жылғы 4 қазандағы № 1301 қаулысына сәйкес қолданылды. Үкіметтің №1301 қаулысына сәйкес, тауарлардың жөнелту алдындағы инспекциясын "Societe Generale de Surveillance S.A." компаниясы жүзеге асырды. Қазақстан Республикасындағы жөнелту алдындағы инспекция схемасы ТМД елдерінен әкелінетін (i) тауарларды; құны 3000 АҚШ долларынан аспайтын (ii) тауарларды; стратегиялық мақсаттағы (iii), қосарлы мақсаттағы (iv) және баспа өнімі (v) тауарларын қоспағанда, барлық импортты қамтыды. Үкіметтің 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1778 қаулысымен Үкіметтің № 1301 қаулысының күші жойылды.

491. Сондай-ақ ол 2001-2005 жылдар аралығында әкелінетін тауарлардың кедендік құнының тәуелсіз сараптамасы "ICS Inspection and Control Service Kazakhstan" жеке меншік компаниясы жүзеге асырғандығын атап өтті. Бұл жүйе, тауарларды сұрыптағаннан кейін 30 күннің ішінде жүргізілгендіктен, жөнелту алдындағы инспекция болған жоқ. Тәуелсіз сараптама құрамына стратегиялық мақсаттағы тауарлар және дәрілік заттар кірген, Тәуелсіз сараптамаға жатпайтын тауарлар тізбесіне енген тауарларды қоспағанда, барлық әкелінетін тауарларға қатысты қолданылды. Қазіргі уақытта мұндай жүйе жоқ.

492. Қазақстан өкілі қазіргі уақытта әкелінетін тауарларға қатысты жөнелту алдындағы инспекцияны қайтадан енгізу жоспарда жоқ екендігін, бірақ Қазақстан Үкіметі өз қарауына қарай қажет болған жағдайда, бұл тәжірибені қолдану құқығын сақтап отырғандығын атап өтті. Жөнелту алдындағы инспекция белгілеу бойынша өкілеттіктер ЕАЭО құқық құралдарында бар. ЕАЭО туралы шартқа "Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеудің шаралары туралы хаттама" №7-қосымшаның VII бөлімі 2008 жылғы 25 қаңтардағы Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісімнің тиісті ережелерін алмастырды. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО ережелері халықаралық келісімдерге қайшы келмейтін ұлттық заңнаманы орындау мақсатында шараларды қолдану сияқты ұлттық мүдделер негізінде реттеудің тарифтік емес шараларын қолдану мүмкіндігін береді. ЕАЭО

туралы шартқа №7 қосымшаның II бөлімі 2009 жылдың 9 маусымындағы КО келісімінің қол қойылған үшінші елдерге қатысты бірыңғай кедендік аумақта тауарлардың сыртқы саудасын қозғайтын шараларды енгізу және қолдану тәртібі туралы тиісті ережелерін алмастырды. ЕАЭО-ның бұл ережелері Комиссияға ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұсынысымен үшінші елдерге қатысты тауарлармен саудаға әсер ететін экономикалық емес шараларды енгізуге уәкілеттік береді. ЕАЭО туралы шартқа №7 қосымшаның X бөліміне сәйкес, Қазақстан жөнелту алдындағы инспекцияны енгізу туралы ұсынысты енгізе алады. Комиссия ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің ұсынысын қабылдамаған жағдайда, шаралар біржақты тәртіпте, бірақ ЕАЭО туралы шартқа №7 қосымшаның X бөлімінде белгіленгендей, 6 айдан аспайтын мерзімге енгізіле алады.

493. Қазақстан өкілі, ДСҰ-ға кіру күнінен бастап, егер болашақта Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзыретті органы жөнелту алдындағы инспекцияны енгізсе, аталған шаралар, Жөнелту алдындағы инспекция бойынша ДСҰ келісімін қоса алғанда, ДСҰ-ның келісімдерінің талаптарына сәйкес, сонымен қатар, 1994 жылғы ГАТТ-тың VII бабын қолдану жөніндегі ДСҰ-ның келісімдері, атап айтқанда, ДСҰ-ның талаптарының дәлелдігі және транспаренттілігінен, әсіресе, 1994 жылғы тарифтер және сауда бойынша ДСҰ бас келісімінің X бабын және 1994 жылғы ГАТТ-тың VII бабын қолдану бойынша келісімінен және алынған ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, қатал түрде жүзеге асырылатынын растады. Бұдан басқа, Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдары жөнелту алдындағы инспекцияны жүргізу үшін алымдар және төлемдердің 1994 жылғы ГАТТ-тың VIII бабы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі керек, сондай-ақ, Жөнелту алдындағы инспекция бойынша ДСҰ келісімінің 2.21-бабында көзделген мемлекеттік органдардағы шағым беру механизмін жүзеге асыруын және бұндай схема Қазақстан аумағында тауарларды экспорттаушылар немесе импорттаушылар үшін ақталмайтын және қосымша ауыртпалық болмайтынын қамтамасыз етуі керек. Бұдан әрі, ол осындай кез келген схемалардың ұзақтығы үш жылмен шектелетінін және егер бұндай шешімдер, егер олар деректер мен қорытындыларға негізделсе, импорттаушылар мен экспорттаушылар Қазақстанның мемлекеттік органдары немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдарының шешімдеріне әкімшілік тәртіпте шағым берудің бөлігі ретінде жөнелту алдындағы инспекцияның, органдардың анықтаған дәлелдеріне және қорытындыларына дауласу құқықтарынан айырмайтынын айтты. Жұмыс тобы аталған міндеттемелерді қаперлеріне алды.

Демпингке қарсы, өтемақы және арнайы қорғау шаралары

494. Қазақстан Республикасының өкілі демпингке қарсы, өтемақы және арнайы қорғау шараларын қолдану келесі құқықтық актілермен реттелетінін атап өтті: (i) "Сыртқы сауда саясаты" IX бөлімінің 48-50-баптары және ЕАЭО туралы шартқа, "Үшінші мемлекеттерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақылық шараларын қолдану туралы хаттамаға" №8 қосымша; (ii) "Кеден одағының бірыңғай

кеден аумағында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдануының кейбір мәселелері туралы" ЕЭК Алқа комиссиясының 2012 жылғы 7 наурыздағы №1 шешімі (бұдан әрі - ЕЭК Алқасының №1 шешімі); сондай-ақ келесі ұлттық заңнамамен: "Демпингке қарсы шаралар туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі № 421-1 Заң (бұдан әрі – "Демпингке қарсы шаралар туралы" заң); "Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі № 441-1 Заң (бұдан әрі – "Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы" заң), "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне субсидиялар, өтемақы шаралары және демпингке қарсы шаралар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 114-III Заңы; "Тауарлар импорты кезінде ішкі нарықты қорғау шаралары туралы" 1998 жылдың 28 желтоқсанындағы № 337-1 Заң (бұдан әрі – "Қорғау шаралары туралы" заң), "Тауарлар импорты кезінде ішкі нарықты қорғау шаралары туралы" 2005 жылғы 16 маусымдағы № 53-III заңының редакциясында және "Арнайы қорғау, өтемақы және демпингке қарсы шараларды енгізудің алдында тексерістерді өткізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жыл 9 қыркүйектегі № 1374 қаулысы (бұдан әрі – Үкіметтің №1374 қаулысы). Ол Қазақстан "Тауарлар импорты кезінде ішкі нарықты қорғау шаралары туралы" Заңын, "Демпингке қарсы шаралар туралы" Заңын және "Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы" заңды ЕАЭО туралы келісіміне және ДСҰ-ның тиісті келісімдеріне сәйкес келтіру мақсатында қайта қарау барысында екенін растады. ЕАЭО туралы шарттың ережелері Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы 2008 жылғы 25 қаңтардағы келісімді (бұдан әрі – Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы келісім) және "Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын енгізу алдындағы тергеу мақсаттары үшін тергеу жүргізетін органға мәліметтерді, оның ішінде құпия ақпаратты қамтитын мәліметтерді беру тәртібі туралы" 2010 жылғы 19 қарашадағы хаттаманы алмастырды, олар 2015 жылдың 1 қаңтарында ЕАЭО туралы шарт қолданысқа енгеннен кейін қолданыстан шығарылды

495. Қазақстан Республикасының өкілі Кеден одағы болған кезде (2010-2014) Кеден одағында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын бірегейлендіру шеңберінде, 2010 жылдың 19 қарашасындағы "Өтпелі кезеңде үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы" қосымша келісіммен (бұдан әрі – Өтпелі кезеңнің келісімі) көзделген өтпелі ережелер қолданылғанын атап өтті. Өтпелі кезең біткеннен кейін, ұлттық заңдар мен ережелердің қағидалары Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы келісімге қайшы келмейтін дәрежеде қолданылды. Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы келісім

қолданысқа енгізілген күнге жүргізілетін тергеулер, ұлттық заңнама сол келісімнің ережелеріне қайшы келмейтіндей дәрежеде жаңа ережелерге және ұлттық заңнамаға сәйкес жалғасты. Осылайша, егер отандық сала келісіммен көзделген Кеден одағы саласының өлшеміне сәйкес келсе тергеу жалғасты, өзге жағдайларда тергеу тоқтатылды. Қазақстан өкілі қазіргі уақытта Қазақстан мен ЕАЭО-да қолданылатын сауда шаралары бойынша қосымша ақпаратты осы Баяндамаға 16-қосымшада ұсынды.

496. Қазақстан Республикасының өкілі ЕЭК Алқасының №1 шешіміне сәйкес 2012 жылдың 17 сәуірінен бастап Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаменті (бұдан әрі – Департамент немесе тергеу жүргізуші орган) Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында жаңа арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын өткізуге уәкілетті екендігін хабарлады. Бұл уәкілеттік ЕАЭО туралы шартта да көзделген.

(а) Өтпелі режим

497. Өтпелі кезең келісімімен 2010 жылдың 19 қарашасында қолданыста болған барлық арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары Кеден одағының отандық саласының өлшеміне сәйкестігін айқындау мақсатында ұлттық уәкілетті органның қайта қарауына жатқызатындығы көзделді. Егер де ұлттық шараны қолдануға өтініш берген отандық өндіруші Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы келісіммен көзделген Кеден одағының отандық саласы өлшеміне сәйкес келсе, ондай шара КО Комиссиясының шешімімен бастапқыда белгіленген мерзімге Кеден Одағының кеден аумағына таратылуы мүмкін. Егер де отандық саланың өлшеміне сәйкес келмеген жағдайда, шара ұлттық деңгейде қолданыла берді. Қазақстан өкілі арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларды қолданудың алдындағы ұлттық тергеулер Өтпелі кезең келісіміне қол қою күніне дейін аяқталған, бірақ шаралар қабылданбаған жағдайда, ол шаралар ұлттық уәкілетті органның шешімімен ұлттық деңгейде қолданылып, Өтпелі кезең келісімінің ережелеріне сәйкес қайта қарауға жатқызылатынын қосып айтты. Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларды қолданудың алдындағы тергеулер Өтпелі кезең келісіміне қол қою күніне дейін аяқталмаған жағдайда, шаралар Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы келісім келісімге сәйкес қолданылды. Өтпелі кезең келісімімен көзделген өтпелі кезең барысында Қазақстан Республикасының ұлттық уәкілетті органы басталған тергеулерді жалғастырып, Кеден одағы отандық саласының сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасында жаңа тергеулерді жүргізді. Алайда, сауда шараларын енгізу, ұзарту немесе жою бойынша барлық шешімдерді Комиссия КО-ның тергеу жүргізген Үкіметінің ұсыныстары негізінде қабылдайды.

498. Жұмыс тобы мүшесінің "өтпелі кезең" мәртебесіне қатысты сұрағына жауабында Қазақстан өкілі "өтпелі кезең" термині Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында қолданыстағы ұлттық шараларды қайта қарау үшін қажетті кезеңді

білдіретінін айтты. 2012 жылдың 1 тамызында аяқталған өтпелі кезең, сондай-ақ, КО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық үкіметтеріне тергеулерді жүргізуге және сауда шараларын енгізуге уәкілеттіліктерді ұлттық органдардан – ұлтүстілік орган – Еуразиялық Экономикалық Комиссияға тапсыруға мүмкіндік берді.

499. Комиссияның 2012 жылғы 16 наурыздағы № 44 шешіміне сәйкес, сол уақыттағы барлық ағымдағы тергеулер 2012 жылдың 31 шілдесіне дейін Департаментке тапсырылды. Осылайша, 2012 жылдың 1 тамызынан бастап Департамент КО бірыңғай кеден аумағында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы тергеулерін өткізетін жалғыз уәкілетті орган болып табылады. Бұл уәкілеттілік ЕАЭО туралы шартта да көзделген.

- (b) ЕАЭО туралы шартқа сәйкес белгіленген режим

500. Қазақстан Республикасының өкілі ЕАЭО туралы шарттың IX бөлімінің ережелері ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің – Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының үшінші елдерге қатысты сауда шараларын қолдану қағидаттарын көздейтінін мәлімдеді. Оның пікірінше, ЕАЭО туралы шарт ережелері ДСҰ келісімінің қағидаттарына сәйкес келеді.

501. ЕАЭО туралы шарттың IX тарауы 48-бабына сәйкес, ЕАЭО мүше мемлекеттердегі бірыңғай сауда шараларына қатысты барлық шешімдерді Комиссия қабылдайды. Комиссия шешімдері үшінші елдерден импортқа қатысты ЕАЭО кеден аумағында ЕАЭО-ға барлық мүше мемлекеттермен ұжымды түрде қолданылатын болады.

502. ЕАЭО туралы шартқа №8 қосымшаға сәйкес, (i) демпингке қарсы тергеу демпингтік импорт және сондай импорттың салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың, залал тигізу қаупінің немесе дамуының баяндауына дәлелдер болған кезде басталуы мүмкін; (ii) арнайы қорғау шарасын енгізудің алдындағы тергеу отандық өндіріске қатысты абсолютті немесе салыстырмалы қатынаста сондай ұлғайған көлемдерде және ұқсас немесе тікелей бәсекеге түсетін тауарды өндіретін мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залал тигізетін немесе тигізу қаупі бар жағдайларда ЕАЭО аумағында тауар импортының бар болуы туралы дәлелді ұсынған жағдайда басталуы мүмкін, және (iii) өтемақы шарасын енгізудің алдындағы тергеу айрықша субсидияның және ЕАЭО кедендік аумағына субсидияланған импорттың бар болуы салдарынан мүше мемлекеттердің экономикасы саласына материалдық залалдың орын алуын дәлелдеген жағдайда басталуы мүмкін.

503. ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаға сәйкес мүше мемлекеттер экономикасының саласы келесідей: (i) ұқсас тауарды барлық өндірушілер – демпингке қарсы және өтемақылық тергеудің мақсаттары үшін; (ii) ұқсас тауарды өндірушілер немесе тікелей бәсекелес тауарларды барлық өндірушілер – арнайы қорғайтын тергеу мақсаты үшін; немесе (iii) ұқсас тауарларды өндірушілер - демпингке қарсы және

өтемақы тергеулері, және ұқсас тауар және тікелей бәсекелес тауарларды өндірушілер – үлесі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі жалпы өндіріс көлемінің 25%-нан төмен емес үлесті құрайтын қорғаушы тергеулер мақсатында айқындалады. Бұл кезде тиісті импорт ЕАЭО барлық кеден аумағына импорттық ағын ретінде қарастырылады.

504. Жұмыс тобының мүшесі ұлттық заңнамаға сәйкес тергеудің басталу рәсіміне қатысты сұрақ қойды. Қазақстан Республикасының өкілі ЕАЭО кеден аумағындағы барлық тергеулер ЕАЭО-ң құқықтық базасына сәйкес басталады және жүргізіледі деп мәлімдеді. Сондай-ақ, Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаға сәйкес, демпингке қарсы және өтемақылық тергеудің басталуы туралы өтініш, егер де ол жалпы көлемі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі өтінішке қатысты өз пікірін (қолдау немесе келіспеушілігін) білдірген ЕАЭО мүше мемлекеттердегі ұқсас тауарды өндірушілердің өндіріс көлемінде жиынтық көлемі 50 пайыздан астамын құрайтын өндірушілердің қолдауына ие болған жағдайда, "мүше мемлекеттер экономикасы саласының атынан" берілген болып есептелетінін атап өтті. Бұл кезде өтінішті қолдайтындарын білдірген ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі ұқсас тауарды өндірушілер өндірісінің үлесі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттеріндегі ұқсас тауарды өндірудің жалпы көлемінің 25 пайызынан кем болмауы тиіс. Өтінішті қолдаған ЕАЭО мүше мемлекеттеріндегі ұқсас тауарды өндірушілер өндірісінің үлесі ЕАЭО мүше мемлекеттеріндегі ұқсас тауарды өндірудің жалпы көлемінің 25 пайызынан кем болмаған жағдайда, "мүше мемлекеттер экономикасы саласының атынан" өтініш берілді деп саналады.

505. Жұмыс тобының мүшесі отандық өндірушілер берген арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті қабылдау немесе бас тарту мерзімдері туралы сұрақ қойды. Атап айтқанда, Жұмыс тобының мүшесі уәкілетті орган тергеудің басталуы туралы шешімді өтініш берген күннен бастап 45 күннің ішінде қабылдап, хабарламаны ресми БАҚ-да жариялауға міндетті ме, деген сұрақ қойды. Сондай-ақ ол өтініште қажетті ақпарат болмаған және тергеуді бастамау туралы шешім қабылданған жағдайда, уәкілетті орган өтініш иесі өтініш берген күннен бастап 10 күн ішінде хабардар етуі тиіс пе деп сұрады. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың №8 қосымшасына сәйкес, тергеу жүргізуші орган, арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті тіркеген күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде өтініште көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын зерттейді деп жауап берді. Ондай мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ жалпы алғанда күнтізбелік 60 күннен аспауы керек. Егер де өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды толық ұсынбаса, өтініштен бас тартылады. Бұл ретте 30 күндік мерзімге тергеудің басталуы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлау рәсімі мен ресми жарияланымдар кірмейді. Өтініштен бас тартқан жағдайда, тергеуді жүргізуші орган өтініш беруші ондай шешімді қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде бас тартудың себептері жайлы өтініш иесін хабардар етеді. Егер де тергеудің басталуы туралы шешім қабылданса, тексеру

жүргізуші орган экспорттаушы шетел мемлекетінің уәкілетті органын және басқа мүдделі тараптарды хабардар етіп, ондай шешімді қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде хабарландырудың Комиссияның ресми сайтында жариялануын қамтамасыз етеді.

506. Жұмыс тобының мүшесі мүдделі тараптарды хабардар ету үшін 30 күндік мерзім уәкілетті органның тергеуді бастау туралы шешім қабылдаған күнінен басталады ма деп сұрады. Сонымен бірге, ол бұл мерзімнің тергеудің басталуы туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға арналған 45 күндік мерзімге қатысы бар ма, деп сұрады. Оған берген жауабында Қазақстан Республикасының өкілі ЕАЭО туралы шартқа №8 қосымшаға сәйкес, мүдделі тараптар тергеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде хабардар етілетінін атап өтті. Тергеу жүргізуші орган, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі мүдделі тұлғаларға хабарлап, барлық мүдделі тұлғаларды тарту мақсатында тергеудің басталуы туралы жариялайды. Бұл кезеңнің тергеу жүргізуші органның өтінішті бастау немесе бас тарту туралы 30 күндік қарау мерзіміне қатысы жоқ. Тергеу жүргізетін орган, Комиссияның ресми сайтында тергеудің басталуы туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде мүдделі тараптарға хабарлап, тергеудің басталуы туралы хабарламаны Комиссияның ресми сайтында жариялайды.

507. Бұдан әрі Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан Республикасының "Демпингке қарсы шаралар туралы" Заңы мен "Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы" Заңында 1994 ГАТТ VI бабын қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 6.8-бабына сәйкес (бұдан әрі – Демпингке қарсы келісім), белгіленген мерзімде қажетті ақпаратты беруден бас тартқан немесе тергеудің жүргізілуіне айтарлықтай кедергі келтіретін мүдделі тұлғаға қатысты уәкілетті орган қандай әрекет қолданатынын көздемейтіндігін атап өтті. Сонымен қатар, Жұмыс тобының мүшесі ДСҰ-ның демпингке қарсы келісімінің II қосымшасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қалай көрініс тапқандығын түсіндіруді сұрады.

508. Оған берген жауабында Қазақстан Республикасының өкілі "Демпингке қарсы шаралар туралы" заңға және "Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы" заңға сәйкес, егер мүдделі тұлға белгіленген мерзімде қажетті ақпаратты ұсынбаса немесе тергеудің жүргізілуіне өзгеше кедергі келтірсе, уәкілетті орган өзінде бар ақпарат негізінде тергеуді жүргізе алатындығын атап өтті. ЕАЭО туралы шартқа №8 қосымша сондай-ақ, мүдделі тұлға тергеу жүргізуші органға қажетті ақпаратқа қол жеткізуге бас тартса, оны белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе тергеудің жүргізілуін өзгеше қиындатқан жағдайда, ондай мүдделі тұлға ынтымақтастыққа түспейтін болып танылып, тергеу жүргізетін орган алдын ала немесе ақырғы қорытындыны өзінде бар ақпараттың негізінде жасайтындығын көздейді. Демпингке қарсы келісімнің II қосымшасына қатысты, бұл ереже ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаның, тергеу барысында деректерді жинау сипатталатын 239-243-тармақтарында қамтылған. ЕАЭО

туралы шартқа №8-қосымшаның 239-тармағы тергеудің басталуы туралы шешім қабылданғаннан кейін КО-да тергеу жүргізуші орган белгілі бір мүдделі тұлғаларға олар жауап беруі тиіс сұрақтар тізбесін жібереді. Тергеу барысында, тергеуші орган мүдделі тұлғалардан келіп түскен ақпараттың нақтылығы мен анықтығына көзін жеткізеді.

509. Нақты сұраққа берген жауабында Қазақстан өкілі тергеу барысында тергеу жүргізуші орган мүдделі тараптардан қосымша ақпаратқа сұрау салуға құқығы бар екенін түсіндірді. Сұрау салу мүдделі тараптардың өкілдеріне жіберілген немесе тапсырылған күннен бастап күнтізбелік жеті күн өткеннен кейін сұрау салу алынған болып есептеледі. Ол ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаға сәйкес, жауаптар тергеу жүргізуші органға сұрау салу алынғаннан кейін күнтізбелік 30 күннің ішінде берілуі тиіс қосып айтып өтті. Егер де жауаптар бұл мерзім өткеннен кейін берілген жағдайда, тергеу жүргізуші органның ол ақпаратты қарастырмауға құқығы бар.

510. Жұмыс тобы мүшесінің сауда шаралары бойынша тергеулерде құпия ақпараттың қорғалуын көздейтін заңдық негіздемені ұсынуға қатысты сұрау салуына берген жауабында, Қазақстан өкілі мүдделі тараптардың тергеуші органға беретін құпия ақпараты Еуразиялық Экономикалық Комиссияның ішкі ережелерімен және ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаның 254-258-тармақтарымен қорғалатынын мәлімдеді. Атап айтқанда, ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаның 258-тармағы құпия ақпарат оны ұсынған мүдделі тараптың рұқсатынсыз ашылмайтындығын көздейді. Құпия ақпаратты ұсынатын мүдделі тұлғалар оған қоса ақпараттың құпия емес нұсқасын ұсынуы керек. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың №8- қосымшасының 258-тармағына сәйкес, тергеу жүргізуші органның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерден айырылып, Комиссия бекіткен тәртіпте жауапқа тартылуы мүмкін екендігін растады.

511. Жұмыс тобының басқа мүшесі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген құпия ақпарат жариялануы мүмкін жағдайларды сипаттауды сұрады. Қазақстан өкілі ондай жағдайлар Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық Кодексінде сипатталған деп жауап берді. Қылмыстық тергеу жүргізіп жатқан тиісті құзырлы органның құпия ақпаратты беру туралы сұрау салуынан оның құпиялылығын сақтау қажеттілігіне сілтеме жасап, бас тартуға болмайды. Алдын ала қылмыстық тергеу нәтижелері, соның ішінде коммерциялық құпия да құпия сипатқа ие. Коммерциялық құпиясы бар дәлелдер мүдделі тұлғалардың өтінішімен жабық сот процесінде қарала алады. Сот процесінен кейін коммерциялық немесе басқа құпиялары бар процестік құжаттар іспен бірге сақталады.

512. Жұмыс тобының мүшесі "Демпингке қарсы шаралар туралы" заңмен демпингке қарсы шараның ретроbelсенділігі, ұзақтылығы және қайта қарауы, кеңес берулер және дауларды шешу туралы ережелер көзделген бе деп сұрады. Оған берген

жауабында Қазақстан Республикасының өкілі ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаның 104 және 105-тармақтары ДСҰ келісімінің 10.2 және 10.6-баптарымен көзделген жағдайларда, демпингке қарсы шаралардың ретробелсенділігін қолдануды көздейтіндігін атап өтті. ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаның 104-тармағына сәйкес, демпингке қарсы баж кеден рәсімдеріне орналасқан тауарларға қатысты, егер тергеу нәтижелері бойынша келесі: 1) ертеркте залал келтірген демипинг импорты орын алса немесе импорттаушы экспорттаушының тауарды қалыпты құнынан төмен бағамен жеткізетінін және ондай импорт мүше мемлекеттердің экономика саласына залал келтіруі мүмкін екендігін білсе немесе білуі керек болғандығы; 2) ұзақтылығы мен көлемдерін, сондай-ақ басқа мән-жайларды (соның ішінде импортталатын тауардың қоймадағы қоры тез өсуін) ескергенде, демпингке қарсы бажды енгізуден қалпына келтірудің нәтижесін айтарлықтай төмендетуі мүмкін салыстырмалы қысқа уақыт кезеңінде анағұрлым өскен демпинг импортымен залал келтірілгендігі анықталса, алдын ала демпингке қарсы баж енгізілген күнге дейін 90 күннен кешіктірілмей демпингке қарсы бажды төлеу қолданыла алады. Демпингке қарсы шаралардың ұзақтылығы мен қайта қарауына қатысты ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшаның 107-тармағы демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімі демпинг тигізген залалды жоюға қажетті мерзімнен аспауын көздейді. Бұл кезең сонымен қатар оны енгізгеннен немесе қайта қарағаннан бастап бес жылдан аса алмайды. Егер де демпингке қарсы шара отандық өндірушілерге келтірілген залалды жоймаса, демпингке қарсы бажды қолдану ұзартыла алады. ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымша демпингке қарсы шараны қайта қарау рәсімі демпингке қарсы баждың қолданылуы тоқтатылғанға дейін 6 ай мерзімнен кешіктірілмей берілген, мүдделі тараптардың өтініші негізінде және тергеу жүргізуші органның жеке бастамасымен жүргізілетіндігін көздейді.

513. Кеңес берулер туралы сұраққа берген жауабында Қазақстанның өкілі " Демпингке қарсы шаралар туралы" заңның 29-бабымен және ЕАЭО туралы шартқа №8 қосымшаның 215-тармағымен белгіленгендей, демпингке қарсы тергеу барысында барлық мүдделі тұлғаларға өз мүдделерін қорғауға мүмкіндік берілетінін мәлімдеді. Осы мақсатта және мүдделі тұлғалардың сұрау салуымен, тергеу жүргізуші орган қарама-қайшы мүдделері бар тұлғаларға тергеу құжаттамасын талқылауға және тергеудің барысын бұзбайтын мерзім барысында қосымша ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді. Тергеу жүргізуші орган тиісті тәртіпте барлық мүдделі тұлғаларға, олар іс бойынша дәлелдер дайындау үшін тергеу жүргізетін орган пайдаланатын құпия емес мәліметтермен танысуға мүмкіндік береді.

514. Дауларды шешуге қатысты Қазақстан өкілі КО Комиссия шешімдері мен әрекеттеріне апелляция рәсімдерін реттейтін ережелер Еуразиялық экономикалық одақтың Сот Жарғысында көзделгенін түсіндірді. Атап айтқанда, Жарғының 39-тармағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың, соның ішінде шетелдік шаруашылық жүргізуші субъектілердің ЕАЭО мүше

мемлекеттерде ЕАЭО Сотына жүгінуге және КО Комиссиясының шешімдерімен келіспеу және дауласу құқығын көздейді. Жарғыға сәйкес, отандық және шетелдік шаруашылық жүргізуші субъектілердің Сотқа жүгінуі, сондай-ақ құқық рәсімдерінің ерекшеліктері Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Жарғысымен айқындалады.

515. Жұмыс тобының мүшесі тергеу басталғанға дейінгі консультацияларға қатысты олар Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы келісімнің 4-бөлімінде ДСҰ-ның Субсидиялар мен өтемақы шаралары бойынша келісімінің (бұдан әрі – СӨШ) 13-бабында көрініс табады ма, тапса қалай көзделгенін түсіндіруді сұрады. Оған ҚР өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО туралы шартқа №8- қосымшаның 225-тармағымен кеңес берулерді өткізу көзделген деп жауап берді. Атап айтқанда, тергеу басталғанға дейін тергеу жүргізуші орган шет елдердің мүдделі тараптарына жағдайдың басын ашу және өзара қолайы шешімге қол жеткізу мақсатында кеңес берулерге қатысуға шақыру жібереді. Тергеу барысында шет елдерге тергеу жүргізуші органмен консультациялар өткізуге рұқсат беріледі. Консультациялар тергеудің басталуына және алдын ала немесе ақырғы өтемақы шараларын қолдануға кедергі келтірмеу керек.

516. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шартқа № 8-қосымшаның 90-тармағына сәйкес, тергеу жүргізуші орган тергеу объектісі болып табылатын тауар экспорттаушыдан тауар бағаларын қайта қарау немесе тауардың ЕАЭО аумағына оның қалыпты құнынан төмен бағамен экспорттауды тоқтату туралы баға міндеттемелерін жазбаша түрде алған жағдайда, егер ондай экспорттаушының міндеттемелері ЕАЭО мүше мемлекеттерінде аффинирленген тұлғалардың қолдауына ие болса және тергеу жүргізуші орган ондай міндеттемелерді қабылдау демпингті импортпен келтірілген залалды жояды деген қорытындыға келіп, оларды мақұлдау туралы шешімді қабылдаса, тергеу жүргізуші орган демпингке қарсы баждарды енгізусіз тергеуді тоқтата тұра немесе толықтай тоқтата алады. Осылайша, экспорттаушылар екі жолдың біреуін таңдай алады: демпингке қарсы баждарды төлеу және ЕАЭО кедендік аумағына тауарларды әкелуді жалғастыру; немесе, демпингтен келген залалды жоятын бағалық міндеттемелерді қабылдайды. Баға міндеттемелері міндетті болып табылмайды. Тергеу жүргізуші орган демпингтік маржадан жоғары болып табылатын баға міндеттемелерін қабылдауды талап етуге құқығы жоқ. Егер ондай өсу ЕАЭО мүше мемлекеттер экономикасының саласына келтірген залалды жоюға жеткілікті болса, тауар бағасының өсуі демпинг маржасынан жоғары бола алады. Субсидияланатын тауарларға қатысты тергеу (i) шетелдік экспорттаушы мемлекеттен субсидиялауды тоқтату немесе азайту немесе субсидиялау салдарынан ЕАЭО мүше мемлекеттерінің экономикасы саласына келтірген залалын жою бойынша шараларды қолдану туралы; (ii) қарастырылып жатқан тауарларды экспорттаушыдан ЕАЭО мүше мемлекеттер экономикасы саласына

келтірілген залалды жоюға мүмкіндік беретін сол тауарларға деген бағалардың ұлғаюы туралы міндеттемелерді жазбаша түрде алғаннан кейін тергеу жүргізуші орган өтемақы баждарын енгізусіз тоқтата немесе толық тоқтата алады.

517. Қазақстан өкілі түсіндіргендей, демпингке қарсы және өтемақы баждарын есептеген кезде баждың көлемі отандық салаға келтірілген залалды жоюға жеткілікті болуы керек; демпингке қарсы баж есептелген демпинг маржасынан жоғары бола алмайды, ал өтемақы бажы шетелдік экспорттаушы мемлекеттің тауар бірлігіне қатысты есептелген субсидия көлемінен жоғары бола алмайды. Егер де арнайы қорғау шарасы импортқа арналған квотаны белгілеу арқылы қолданылса, ондай импорттық квотаның көлемі, саладағы елеулі залалды жою үшін импорттық квотаның аз көлемін анықтау қажеттілігі жағдайларынан басқа, статистикалық ақпаратына қолжетімді тергеуді өткізуге өтініш берілген күнге дейінгі үш жылдың ішінде тергеу объектісі (сандық немесе құндық мәнінде) болып табылатын тауар импортының орташа жылдық көлемінен төмен бола алмайды.

518. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан Республикасының "Демпингке қарсы шаралар туралы" заңы ДСҰ-ның демпингке қарсы келісімнің 6.10.2-бабында көзделгендей, уәкілетті орган мүдделі тараптардың қарастырылуын "орынды жауапкерлер санына" дейін шектегендіктен, міндетті жауапкер ретінде таңдалмаған компания үшін жеке демпингке қарсы мөлшерлемені есептеуді көздемейтіндігін атап өтті. Қазақстан өкілі бұл жағдайдың "Демпингке қарсы шаралар туралы" заңда көзделмегенін атап өтті. Алайда бұл жағдай ЕАЭО туралы шартқа №8-қосымшада көзделген. ЕАЭО туралы шартқа №8 қосымшаның 50-тармағына сәйкес, егер де компания міндетті жауапкер ретінде таңдалмаған жағдайда, жеке демпингтік маржаны айқындау үшін таңдалмаған, бірақ белгіленген мерзімде қажетті мәліметтерді ұсынған шетелдік экспорттаушылар немесе шетелдік өндірушілерге қатысты есептелген демпинг маржасының көлемі жеке демпинг маржасын айқындау үшін таңдалған демпинг импортының нысаны болып табылатын шетелдік тауар өндірушілер немесе шетелдік экспорттаушыларға қатысты айқындалған орташа өлшенген демпинг маржасының көлемінен аспауы керек. Жоғарыда аталып өткендей, ұлттық заңнама мен ЕАЭО туралы шарт арасында қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда, ЕАЭО туралы шарт ережелері басым болады.

519. Жұмыс тобының мүшесі үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы келісімнің 10-бабының 11-тармағы және 16-бабының ң-тармағы "барлық басқа" мөлшерлемелер мен баждар тергеу барысында белгіленген ең жоғары демпинг маржасы негізінде айқындалатынын көздейтінін атап өтті. Осыған байланысты, мүше Қазақстан өкілінен неліктен Кеден Одағы анағұрлым бейтарап (мысалы, барлық қатысушы тараптар үшін орташа өлшенген маржаны пайдалану сияқты) тәсілге қарағанда "барлық басқалар" үшін бажды белгілеуде қолайсыз қорытындыларды пайдалануға (яғни, ең жоғарғы демпинг маржасы)

негізделетіні туралы сұрады. Сонымен қатар ол Қазақстан өкілін ондай әдіснаманы қолдану 1994 ГАТТ VI бабын қолдану бойынша келісімнің 9.4-бабына қалайша сәйкес келетінін түсіндіруді сұрады.

520. Қазақстан өкілі, егер құзырлы орган мүдделі тарап тергеу барысында ынтымақтастықтан бас тартатындығын анықтаса, құзырлы орган қолайсыз қорытындылар негізінде шешім қабылдауға құқылы деп жауап берді. Құзырлы орган сонымен бірге демпинг маржасын барлық тараптар үшін орташа өлшенген маржаның көлемін қоса алғанда, онда бар кез келген басқа ақпараттың негізінде айқындай алады. Бұл ережелер ЕАЭО туралы шартқа №8 қосымшаның 51 және 212-тармақтарында қамтылып көрсетілген.

521. Қазақстан өкілі, егер де мүдделі тарап тергеу барысында ынтымақтастық танытқан жағдайда, бірақ жеке демпинг маржасын айқындауға таңдалмаса, оған қатысты 1994 жылғы ГАТТ-тың VI бабын қолдану бойынша келісімнің 9.4-бабына сәйкес демпингке қарсы баж қолданылатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені қаперлеріне алды.

522. Қазақстанның өкілі тергеу жүргізуші орган демпингтік маржа ең төменгі мүмкін мөлшерлемеден аз немесе оған тең екендігін (яғни, екі пайыз) анықтаса немесе демпингтік импорттың көлемі шамалы екендігін анықтаған жағдайларда, демпингке қарсы тергеу тоқтатылады деп мәлімдеді. ЕАЭО кедендік аумағына келетін импорттың жалпы көлеміндегі әрқайсысының жеке үлесі тергеу нысаны болып табылатын тауар импортының жалпы көлемінен 3 пайыздан кемін құраған жағдайда, белгілі бір шетелдік экспорттаушы мемлекеттен демпингтік импорттың көлемі, егер де ол ЕАЭО кедендік аумағына ұқсас тауар импортының жалпы көлемінен 3 пайыздан төмен құраса және барлығын қосқанда ЕАЭО кедендік аумағына ұқсас тауар импортының 7% артық болмаса шамалы болып есептеледі. Оның пікірінше бұл ереже Демпингке қарсы келісімнің 5.8-бабына сәйкес келеді.

523. Қазақстан өкілі ДСҰ-ның демпингке қарсы келісімнің ережелеріне сәйкес, "Демпингке қарсы шаралар туралы" заңға өзгерістер енгізілгенін түсіндірді. "Қалыпты баға" термині "қалыпты құн" терминіне ауыстырылды және сауданың қалыпты барысы ұғымы ДСҰ-ның демпингке қарсы келісіміне сәйкес өзгертілді. ДСҰ-ның демпингке қарсы келісіміне сәйкес, ең төменгі демпинг маржасы 5%-дан 2%-ға дейін төмендеді. Ашықтық пен құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган бір мүдделі тарап ұсынған, құпия ақпараттарды қоспағанда, жазбаша дәлелдерді басқа мүдделі тараптар үшін шұғыл түрде қолжетімді етуі керек.

524. Қазақстан өкілі "Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы" заңға өзгерістер енгізілді және "отандық өндірушілер", "ұқсас тауар" және "айрықша субсидия" терминдерінің жаңа анықтамалары енгізілгенін атап өтті. Оның пікірінше, Заң ережелері рұқсат етілген субсидияларға қатысты ДСҰ-ның Субсидиялар және өтем шаралары туралы келісімінің 8-бабының ережелеріне сәйкес келтірілді. Субсидиялар

және өтемақы шаралары туралы келісімнің 13-бабында көзделгендей, тергеу жүргізілгенге дейін өзара тиімді шешімге жетуге бағытталған консультациялар өткізу бойынша ережелер жаңа түзетулермен енгізілді. Тергеу барысында, шетел мемлекеттеріне ондай консультациялар өткізуді жалғастыру мүмкіндігі беріледі. Нақты сұраққа берген жауабында өкіл "пайда" ұғымы "Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы" заңның 1-бабының 16-тармағында бар екендігін айтты. Бұл Заңдағы субсидиялардың анықтамасы ДСҰ-ның Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы келісімнің 1-бабында көзделген анықтамаға сәйкес келеді.

525. "Қорғау шаралы туралы" заңына бірқатар маңызды өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, заңға пайдаланылатын басты терминдердің – мысалы, отандық сала, елеулі залал және елеулі залал келтіру қаупі анықтамалары ДСҰ-ның Қорғау шаралары бойынша ДСҰ-келісімінің анықтамаларына сәйкес өзгертілді. Алдын ала қорғау шараларын енгізу рәсімі, атап айтқанда, депозиттерді қайтару рәсімі де түзетілді. Барлық мүдделі тараптарға дәлелдер ұсынуға және өз пікірін білдіруге мүмкіндік берілетін болады. Сондай-ақ, бірінші жыл қолданылғаннан кейін арнайы қорғау шараларын біртіндеп ырықтандыруды көздейтін ереже қосылды. Қазақстан өкілі сауда шаралары бойынша ұлттық заңнама ережелері ЕАЭО туралы шартқа қайшы келмейтін дәрежеде қолданылатынын атап өтті.

526. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан Республикасының кейбір тауарларға қатысты арнайы қорғау шараларын қолдануына қатысты алаңдаушылығын білдіріп, ондай шараларды қолдану Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы "Ішкі нарықты тауарлар импортынан қорғау шаралары туралы" № 337-І қолданыстағы Заңына, 1999 жылғы 2 сәуірдегі өзгерістермен 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағы туралы келісімнің 13а бабына және ДСҰ-ның Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісімінің ережелеріне қайшы келеді деп есептейді. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қыркүйектегі "Кондитерлік өнімдердің кейбір түрлерін әкелуге қатысты қорғау шараларын енгізу туралы" № 1055 қаулысы Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап қолданыстан шығарылатындығын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені қаперлеріне алды.

527. Қазақстан Республикасының өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, ДСҰ-ның 1994 жылғы ГАТТ-тың VI бабын орындау бойынша келісім және ДСҰ-ның Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы келісімінің, сонымен бірге, ДСҰ-ның Арнайы қорғау шаралары туралы келісімінің ережелеріне толық сәйкестілік Қазақстанның құзыретті органдары тарапынан да, ЕАЭО-ның уәкілетті құрылымдарымен қамтамасыз ететінін растады. Сонымен қатар, ол Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін өзінің аумағында қолданылатын барлық тиісті заңдар мен ережелерді сол келісімдердің ережелеріне сәйкес хабарлап, іске асыратындығын растады. Ол ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Қазақстанда демпингке қарсы, өтемақы және ДСҰ-ның Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісімінің талаптарын Қазақстанның құзыретті

органдары да, ЕАЭО-ның құзыретті органдары да сақтайтынын растады. Одан кейін ол, ДСҰ-ға кірген күннен кейін Қазақстанның құзыретті органдары немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдары қабылдаған қолданысқа енгізілетін сауда қорғанысының кез келген шаралары, сондай-ақ сауда қорғанысы шараларына қатысты ДСҰ-ға кіргенге дейін енгізілген кез келген рәсімдер, сондай-ақ олардан шығатын сауда қорғанысы шаралары толықтай ДСҰ-ның тиісті келісіміне сәйкес келетіндігін растады. Сонымен қатар, Қазақстан өкілі ДСҰ келісінде белгіленгендей, барлық мүдделі тараптар Қазақстанның ДСҰ-ға кірген күнге қолданылатын немесе тергеулер немесе кіргенге дейін басталған қайта қараулардың негізінде болашақта қабылданған сауда қорғанысы шараларына қатысты барлық құпия емес ақпаратқа қол жеткізе алатындығын айқындады. Қазақстан өкілі, сондай-ақ, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен кейін барлық мүдделі тараптар, олардың пікірінше, ДСҰ-ның жоғарыда келтірілген келісімдеріне сәйкес келмейтін сол шаралардың ерекшеліктерін көрсетумен, кірген күнге қолданылатын немесе тергеулер немесе Қазақстанның ДСҰ-ға кіргенге дейін басталған қайта қараулардың негізінде болашақта қабылданатын сауда қорғанысы шараларын қайта қарау туралы сұрау салулармен жүгіне алатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді қаперлеріне алды.

В. ЭКСПОРТТЫ РЕТТЕУ

- Ұсынылатын қызметтер үшін алынатын кедендік баждар, алымдар және экспортта ішкі салықтарды қолдану

528. Қазақстан өкілі экспорттық баждың "Кедендік баж мөлшерлемелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 маусымдағы № 520 қаулысына сәйкес алынатынын атап өтті. Осы қаулыға сәйкес экспорттық баждар қалдықтар мен кара және түсті метал сынықтары, жүн және үй жануарларының терісі, мұнай өнімдері сияқты шикізат тауарларына қолданылады. Аталған тауарларға экспорттық баж мөлшерлемелері 10%-дан (таралмаған жүн) 30% (мыс қалдықтары мен сынықтары) дейін өзгеріп отырады. Үкімет мақұлдағаннан кейін экспорттық баждар жарияланады және ресми жарияланғаннан кейін 30 күннен соң күшіне еруге тиіс. Қазіргі кезде Қазақстанда қолданылатын экспорттық баждар осы Баяндаманың 17 (А) қосымшасында келтірілген.

529. Ол Кеден Одағының құрылуы шеңберінде мүше мемлекеттердің "Үшінші елдерге қатысты кедендік әкету баждары туралы" 2008 жылғы 28 қаңтардағы келісімді (бұдан әрі - Әкету баждары туралы КО келісімі) әзірлегенін атап өтті және бұл мүше мемлекеттер Келісім заңды күшіне енген кезден бастап экспорттық баждарды мүшелерден үшінші елдерге экспортталаты тауарларға қолданғанда әкету баждары туралы КО келісімінің ережелерінің негізі болуына келіскенін, сонымен қатар, күшіне енбеген атқарушы маңызды уағдаластықтар жасалғанын қосып айтты. Сонымен бірге әкету баждары туралы КО келісімі КО шеңберінде экспорттық баждарды қолданудың жалпы шарттарын белгілейтін негіздемелік келісім болып табылады, ол экспорттық

баждардың құрама мөлшерлемелерін белгілемейді. Алайда, ол экспорттық баждарды бірыңғай реттеуді және олардың бірыңғай мөлшерлемесін көздемейді. Осылайша, 2010 жылы 1 қаңтарда КО құрылғаннан бастап экспорттық баждар ұлттық деңгейде реттелетін нысана болып табылады. Әкету баждары туралы КО келісімінің 1 бабы күшіне енген күннен бастап 60 күн ішінде мүше мемлекеттерді экспорттық баж салынатын тауарлардың жиынтық тізбесін (бұдан әрі – Тауарлардың жиынтық тізбесі) жасауға міндеттейді. Тиісінше, әрбір мүше мемлекет өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес белгіленген баждардың мөлшерлемелерін көрсетумен экспорттық баж қолданылатын тауарлардың тізімін әзірлеу процесінде болады. Әзірленгеннен кейін бұл тізім ЕЭК-ға жіберіледі. ЕЭК мүше мемлекеттер берген ақпаратқа сәйкес тауарлардың құрама тізімін жасайды. Тауарларға әкету баждары туралы КО келісімінің 3-бабына сәйкес осы тауарға қатысты экспорттық баждар қолданылатын мүше мемлекеттердің бірінде шығарылған тауар экспорттық бажды қолданбайтын төменгі мөлшерлемелерді қолданатын үшінші ел аумағына шығарылғанда онда мүше мемлекет экспорттық баждар: (i) тауар өндірілген елдегі қолданылатын және (ii) қолданылатын тауарлардың жиынтық тізбесіне енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.

530. Осы саладағы бірыңғай саясатты бұдан әрі дамытуға қатысты ЕАЭО-ға әрбір мүше мемлекеттің қабылдаған ДСҰ-ның міндеттемесі бірыңғай экспорттық баждарды белгілеуде жоғары маңызы бар екенін Жұмыс тобы мүшелері атап өтті. Қазақстанның өкілі осы баяндаманың "Саясатты тұжырымдау және жүзеге асыру тетігі" III тарауының 251 және 252-тармақтарында және Ресей Федерациясы жұмыс тобы баяндамасының "Саясатты тұжырымдау және жүзеге асыру тетігі" III тарауының 185 және 186-тармақтарында ұсынылған ЕАЭО режимі шеңберінде ЕАЭО мүше мемлекет қабылдаған ДСҰ міндеттемелері ЕАЭО-ның құқықтық базасының бөлігіне айналатынын растады. Ресей Федерациясының өкілі Қазақстан өкілінің осы мәлімдемесін қолдады.

531. Қазақстан өкілі экспорттық баждарды Қазақстан БҚР принциптері негізінде қолданатынын атап өтті. Алайда, ЕурАзЭҚ мүше елдері арасындағы еркін сауда аймағы шеңберінде, сондай-ақ Молдоваға экспортталатын тауарлардан басқа ТМД-ның барлық басқа да қатысушы елдерімен қолданылатын екі жақты келісімге сәйкес экспорттық тауарлар экспорттық кедендік баж салығынан босатылады. Сонымен бірге ТМД-ның қатысушы елдерімен (Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы мен Украина) қол қойылған 2011 жылы 18 қазандағы еркін сауда аймағы туралы көп жақты келісімдерге сәйкес, Қазақстан ЕАЭО-ға мүше елдерінен басқа келісім тараптарына қатысты кейбір тауарлардың экспортына баждарды қолдану құқығын өзіне қалдырып отыр. Жаңа келісім күшіне енген мезеттен бастап Қазақстанның ТМД-ның қатысушы елдерімен ЕСА бойынша екі жақты келісімдерді алмастырады (толық ақпарат алу үшін осы баяндаманың "Сауда келісімдері" тарауын қараңыз). Бұдан әрі ол Үкіметтің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 738 қаулысымен

қабылданған Қазақстан Үкіметі мен Еуропалық Одақтың арасындағы Құрамдас номенклатурасы келісімне сәйкес 7204 позицияда классифицияланған қалдықтар мен қара металл сынықтарына қатысты кедендік баждың, алымдардың мөлшерін және оған ұқсас шараларды шектеулердің күшін жойды (2-бап 3-тармақ).

532. Жұмыс тобының кейбір мүшелері, сірә, шетелдік тауарларды отандық тауарларға алмастыру немесе сауданы бұрмалайтын басқа да мақсаттар үшін экспорттық баж енгізілген болуы керек деп атап өтті. Жұмыс тобының бұл мүшелері экспорттық баждың қолданылуы тиімсіз және 1994 жылғы ГАТТ II және XXIII баптарының ережелеріне қайшы деп ойлайды. Жұмыс тобының кейбір мүшелері өздерінің көзқарасы бойынша, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге қатысты экспорттық бажды дискриминациялық жеңілдікпен қолдану тәжірибесі 1994 жылғы ГАТТ I бабының ережелеріне қайшы деп мәлімдеді. Одан басқа, Жұмыс тобының бір мүшесі қара металл сынықтарына кедендік баж қазіргі нарықта мұндай шектеулерді қолданбайтын елдерге қысым көрсетеді деген алаңдаушылығын білдірді. Және де ол Қазақстанның ЕО-ға қара металл экспортына қатысты БҚР режимінің жоқтығын және бұл тәжірибенің ДСҰ-ға кіргенге дейін жойылуы керектігін атап өтті. Соңында Жұмыс тобының бұл өкілі ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекет жағдайы сияқты ЕАЭО-ға экспорт кезінде экспорттық бажды төлеуден неге босатылатынын түсіндіруді сұрады. Қазақстанның ТМД-ның өзге де елдерімен еркін сауда аймағы туралы келісімі бар екенін ескере отырып, жеңілдік берілген сауда серіктестер арасында баж бен алымдарды жоюға қатысты дискриминациялау шарасы 1994 жылғы ГАТТ XXIV бабына сай келмеуіне байланысты салдарлары болады.

533. Қазақстан өкілі экспорттық кедендік баж шектеулі тауарлар тізіміне ең бастысы қазыналық, реттеушілік және экологиялық мақсатта енгізілді және де осылайша 1994 жылғы ГАТТ ережелеріне қайшы келмейді деп жауап берді. Ол экспорттық баж салынатын тауарлар тізімін тарылту бойынша Үкіметтің қадам жасауға кіріскенін қосып айтты. Осы мақсатта алюминий мен бериллий лигатурасына (ТН 7601 20 100 0) экспорттық баж жойылды.

534. Сонымен қатар Қазақстан қара металл сынықтарына (ТН 7604) экспорттық бажды төмендетуді жоспарлауда. Қазақстан өкілі 7204 тобына жататын қара металл қалдықтары мен сынықтарына экспорттық баж мөлшерлемелерін төмендету екі жақты келіссөздің нәтижесі екенін атап өтті. Жұмыс тобының бір мүшесі Қазақстанның ДСҰ-ға кіру мәнмәтінінде жоғарыда аталған тауарларға экспорттық баждарды төмендету бойынша екі жақты келіссөздерге қатысуға Қазақстанның шақыртуын қабыл алғанын айтып өтті. Аталған келіссөздің нәтижесі осы баяндаманың 17 (В) қосымшасында келтірілген, Жұмыс тобы мүшесінің пікірінше бұл нәтижелер Қазақстанның ДСҰ-ға кіру шеңберінде жеңілдіктер мен міндеттемелер тізімінің теңгерімді бөлігі болып табылады. Егер Қазақстан ақырында экспорттық бажды белгіленген деңгейден жоғары көтеретін бола, ол Қазақстанның ДСҰ-ға кіру

шеңберінде екіжақты және көп жақты келіссөздермен белгіленген жол беру теңгерімін бұзатынын Жұмыс тобының мүшесі атап өтті және бұл мүше жол беру теңгерімін өзгерту үшін тиісінше шара қолдануға құқылы болады. Басқа мүшелер де ДСҰ келісімі шеңберіндегі экспорттық баждардың мәртебесі мен заңдылығына залал келтірмеуге тиіс екендігін мәлімдеді.

535. ТМД-ға қатысушы елдерге қатысты Қазақстан өкілі экспорттық бажды қолдануға қатысты ЕСА-дан ТМД қатысушы елдері бойынша алып тастау 1994 жылғы ГАТТ XXIV бабына сәйкес жүргізілетінін айтты. Атап айтқанда, Қазақстаннан ТМД-ға қатысушы елдерге экспорттық баж төлеуге жатқызылатын экспорт көлемі ТМД елдеріне экспортталатын жалпы тауарлар көлемінің 1 пайызынан төмен. Бұдан әрі Қазақстан өкілі ЕСА қатысушылары арасындағы барлық саудаға баж негізінен жойылғандықтан Қазақстанның ЕСА келісімдеріне қатысуы XXIV:8(b) бабына сәйкес деп атап өтті. Еуропалық одаққа қара металл сынықтарын экспорттауға қатысты Қазақстан өкілі болаттан жасалған кейбір бұйымдардың саудасы туралы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақтың арасындағы екі жақты келісім орнына басқа келісім жасалмастан, 2006 жылы 31 желтоқсанда күшін жойды және сол уақытта аталған келісімге сәйкес артықшылықтар режимін беру тоқтатылғанын атап өтті.

536. Ішкі немесе халықаралық саудада бұрмалауға әкелмеу үшін Қазақстанның тауарлар экспортына кедендік бажды қандай жолмен қолданатынын түсіндіру туралы сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі экспорттық баждың Қазақстанда фискальды мағынада маңызды роль атқара беретінін атап көрсетті. Ол экспорттық баждың экспортталатын тауарлардың (яғни мұнай, мұнай өнімдері, түсті металдар) шет елде сатып алынатын бағасына әсер етпейтінін атап өтті. Осылайша, Қазақстан экспорттық бажды ол ішкі немесе халықаралық сауданың бұрмалануына әкеліп соқпайтындай қолданатыны түсіндірілді.

537. Жұмыс тобының кейбір мүшелері мұнай операцияларына жаңа салықтық режимді сипаттап беруге өтініш білдірді. Одан басқа Жұмыс тобының бір мүшесі шикі мұнайға экспорттық бажды қайта қарау мақсатында, оның әлемдік бағасының қалай құрылатыны туралы қосымша ақпарат беруді сұрады.

538. Қазақстан өкілі шикі мұнай экспортынан мемлекеттік бюджетке түсімді өсіру мақсатында Қазақстан мұнай операцияларына жаңа салық салу режимін енгізгенін айтты. Мұнай операцияларына жаңа салық салу режимі үкімет пен жер қойнауын пайдаланушылар арасында 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған Өнімдерді бөлу туралы келісімдерден (ӨБК) басқа барлық келісімшарттық міндеттемелерге қатысты қолданылады. ӨБК шеңберінде жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу ӨБК-да белгіленген шарттар бойынша және ӨБК қол қойылған күні қолданыста болған салықтық заңнама ережелеріне сәйкес жүргізіледі. ӨБК шарты нақты бекітіледі және

заңнаманың келесі өзгерістерінде де тараптардың келісімінсіз өзгертіле алмайды (толығырақ ақпаратты "Экономикалық саясат" II тарауының "Ақша-кредит және салық-бюджеттік саясаты" бөлімінде қараңыз).

539. Жаңа салық режимі шеңберінде қызмет ететін жеке және заңды тұлғалар (жер қойнауын пайдаланушылар) жай салық төлеушілерге қатысты салықтарды, сондай-ақ экспортталатын шикі мұнай мен газ конденсатына рента салығын, үстеме табыс салығын, пайдалы қазбаларды өндіруге салықты, корпоративтік табыс салығы мен бонустарды қоса алғанда ерекше салықтарды төлейді. Рента салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 303-бабына (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес белгіленген. Ол шикі мұнай, газ конденсаты экспортының нақты физикалық көлемі мен әлемдік (нарықтық) бағасы негізінде белгіленетін экспортталатын мұнай мен газ конденсатының құны негізінде есептеледі. Шикі мұнайдың нарықтық (әлемдік) бағасы күнделікті бағаны түзетудің орташа арифметикалық шамасы және тиісті шетел валютасына айырбастағандағы KZT (теңге) орташа арифметикалық бағамының туындысы ретінде анықталады. Атап айтқанда, баға түзетілуі "Platts Crude Oil Marketwire" немесе "Argus Crude" дереккөздерінде жарияланған салық кезеңіндегі Brent Dtd немесе Urals Med шикі мұнайдың әрбір стандартты сортының шетел валютасындағы шикі мұнайдың баға түзілімі рента салығын есептеу үшін пайдаланылады. Рента салығының мөлшерлемелері баррель үшін 20 АҚШ долл. (нарықтық баға) кезінде 0% бастап баррель үшін 20 АҚШ долл. жоғары әлемдік баға кезінде 32%-ға дейін өзгереді. Рента салығы шикі мұнай мен газ конденсатын экспорттайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады. Экспортқа рента салығы жер қойнауын пайдаланушылардың артық кірістерін алып қоюға бағытталған.

540. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кірген уақыттан бастап Қазақстан тауарлары бойынша Шегінулер және міндеттемелер ізбесінің V бөлімінде көзделген мөлшерлеме бойынша өзінің шегінулер және міндеттемелеріне сәйкес орындайтынын растады. Тиісінше, осы Тізбенің V бөлімінде көрсетілген тауарлар тізбенің осы бөлімінде көзделген мерзімдерге, шарттарға және ескертулерге сәйкес осы құжатта қарастырылған әкету бажынан асатын баждардан босатылатынын растады. Қазақстан өкілі, сонымен бірге, Қазақстанның осы тауарларға әкету баждарына барабар әсер ететін өзге шаралар қолданбайтынын растады. Ол ДСҰ-ға кірген уақыттан бастап Қазақстан ДСҰ келісіміне сәйкес, сондай-ақ 1994 жылғы ГАТТ-тың I бабына сәйкес әкету баждарын қолданатынын растады. Тиісінше, экспортқа және оған байланысты салынатын қандай да болмасын әкету баждары мен алымдарға қатысты Қазақстан ұсынатын қандай елге болмасын арналған барлық тауарларға бар басымдықтар, қолайлылық, артықшылық немесе босату ДСҰ-ның басқа мүшелеріне арналған ұқсас тауарларға қатысты сөзсіз және кешіктірмей ұсынылуы тиіс. Қазақстан өкілі алдағы уақыта 530-тармақта

көзделгендей, экспорттық баждар саласында ЕАЭО-ның бірыңғай саясаты құрылған жағдайда, Қазақстан Тауарлар бойынша Шегінулер мен міндеттемелер тізбесінің V бөлігінде көрсетілгендей экспорттық баждар бойынша және Тізбенің осы бөлігінде белгіленген мерзімдерге, талаптар мен ескертпелерге сәйкес ДСҰ міндеттемелерін толық көлемінде орындайтынын растады. Атап айтқанда, Қазақстан Тауарлар бойынша Шегінулер және міндеттемелер тізбесінің V бөлігінің (б) тарауында, егер ЕАЭО-ның құзыретті органдары осы тарифтік ұстанымға арналған экспорт баждарын біріздендіру туралы шешім қабылдаса, Қазақстан мөлшерлемелерін Ресей Федерациясының анағұрлым төмен мөлшерлемелерімен сәйкестендіруді көздейді. Қазақстан біріздендіруге дейін Қазақстан тауарлары бойынша Шегінулер және міндеттемелер тізбесінің V бөлігінің (б) тарауында көрсетілген міндеттемелерге ғана байланысты болады. Қазақстан өкілі Қазақстан ақпарат жарияланған күннен бастап және басқа да жағдайларда осындай өзгерістер күшіне енетін күннен 30 күн бұрын барлық тиісті ақпараттарды ұсына отырып балаламалық әсері бар экспорттық баждар мен шаралардағы барлық өзгерістер туралы ДСҰ-ны хабардар ететінін растады. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кіргеннен бастап Қазақстан ДСҰ келісімімен және 1994 жылғы тарифтер мен сауда бойынша бас ДСҰ келісіміне және Импортты лицензиялау рәсімдері бойынша ДСҰ келісіміне сәйкес кедендік әкету баждарының мөлшерлемесін (тарифтік квоталар) реттейтінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

- Тыйым салулар мен квоталарды қоса алғанда, экспортқа қойылатын сандық шектеулер

541. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО-тан үшінші елдерге экспортталатын тауарларға экспорттық шектеулерді қолдану үшін құқықтық негізді ЕАЭО туралы шартқа 7-қосымша "Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттама" құрайтынын атап өтті, ол мына Келісімдерді алмастырды: 2008 жылғы 25 қаңтардағы (i) "Тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы; (ii) 2009 жылғы 9 маусымдағы Үшінші елдерге қатысты бірыңғай кедендік аумақта тауарлардың сыртқы саудасын қозғайтын шараларды енгізу мен қолдану тәртібі туралы"; және (iii) 2009 жылғы 9 маусымдағы Тауарлардың сыртқы саудасы саласында лицензиялау тәртібі туралы. ЕАЭО туралы шарттың 7-қосымшасына сәйкес ЕАЭО мүше мемлекеттерден үшінші елдерге экспортталатын тауарларға қатысты тарифтік емес шараларды қолдану бойынша шешімдерді Комиссия қабылдайтын болады. "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағындағы бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы №132 шешімді алмастырған "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілер туралы" Комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы №134 шешімімен Комиссия "Үшінші елдермен сауда кезінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден Одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне және әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесі" (бұдан әрі –

Бірыңғай тізбе) бекітілді. Бірыңғай тізбе бастапқыда 2010 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді. Экспорттық тыйым салуға жататын тауарлардың ішінде мыналар бар: (i) Қазақстан Республикасының саяси немесе экономикалық мүддесіне, оның мемлекеттік қауіпсіздігіне, азаматтардың денсаулығы мен адамгершілігіне зиян келтіруі мүмкін баспа ақпараты немесе аудио-бейне және өзге де құрылғылардағы ақпарат; (ii) ағаш, макулатура, картон мен қағаз қалдықтары, және (iii) табелдік және азаматтық қару, оның негізгі бөліктері мен оқтары. Қазақстан өкілі мыналарды қоса айтты, ЕАЭО туралы шартқа №7 қосымшаның III және VII бөлімдеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес КО аумағына экспортталатын тауарларға тарифтік емес шаралар енгізілуі мүмкін, егер олар: (i) ішкі нарықта маңызды болып табылатын азық-түлік немесе өзге де тауарлардың ішкі нарықта жетіспеушілігі жағдайының алдын-алу не азайту үшін қажет; (ii) қоғамдық мораль мен құқықтық тәртіпті ұстап тұру үшін қажет; (iii) азаматтардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі немесе денсаулығын қорғау үшін қажет болса; (iv) алтын немесе күміс экспортына жатқызылса; (v) мәдени құндылықтар мен мәдени мұраларды қорғауда қолданылса; (vi) орны толмайтын табиғи ресурстардың бітуінің алдын алу үшін қажет және орны толмайтын табиғи ресурстарды қолданумен байланысты ішкі өнеркәсіпті немесе тұтынуды бір уақытта шектеумен жүргізілсе; (vii) үкіметтің тұрақтандыру жоспарын іске асыру нәтижесінде осындай материалдарға ішкі бағаны әлемдік бағаға қарағанда ең төмен деңгейде ұстап тұрған кезде кезеңдер аралығында ішкі өңдейтін өнеркәсіпті осындай материалдармен жеткілікті қамтамасыз ету үшін отандық материалдарды шектеумен байланысты; (viii) тауарлардың жалпы немесе жергілікті тапшылығында оларды алу немесе бөлу үшін қажет; және (ix) кедендік заңнаманы, қоршаған ортаны қорғау, зияткерлік меншікті қорғау, және өзге де құқықтық актілерді қолдануға қатысты құқықтық актілердің халықаралық міндеттемелеріне қайшы келмейтін ұстанымдарды қамтамасыз ету үшін қажет; және (xii) егер ол халықаралық саудадағы классификация стандарттары немесе қағидаларына, тауарларды сорттау мен сатуға қолданумен байланысты қажет болса.

542. Одан кейін ол ЕАЭО туралы шартқа 7-қосымшаның VIII бөліміне сәйкес Комиссия сыртқы қаржылық жағдайды қорғау және төлем балансының тепе-теңдігін ұстап тұру мақсатында жеке тауарлар экспортына тыйымдар мен сандық шектеулер енгізуге құқылы екенін айтты. Осы мақсаттарда Комиссия ЕАЭО мүше мемлекеті ұсынысы негізінде экспортқа сандық шектеулер енгізуге немесе жеке тауар түрлері экспортына ерекше лицензиялар беруге құқылы.

543. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО туралы шарттың 7-қосымшасының II тарауына сәйкес ЕАЭО мүше мемлекеттердің жекелеген тауарларды әкетуге қатысты тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы шешім қабылдау өкілеттігі ЕАЭО-тан Комиссияға берілетінін қоса айтты. ЕАЭО мүше мемлекеттің бастамасымен де, Комиссия бастамасымен де тарифтік емес реттеу шараларын енгізу

туралы ұсыныс берілуі мүмкін. Комиссия тарифтік емес шара енгізу туралы шешімді ұсыныс берілген күннен бастап 30 күннен кешіктірмей қабылдайды. Шешім қабылданған жағдайда олар жарияланған күнінен бастап 45 күннен кешіктірілмей күшіне енеді. Мұндай тарифтік емес шаралары үшінші елдерге арналған тауарларға қатысты қабылданады және экспортқа теңестіріліп барлық елдерге қолданылады.

544. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың 7-қосымшасының X бөліміне сәйкес ЕАЭО мүше мемлекеттер, егер біржақты тәртіппен тарифтік емес реттеудің уақытша шаралары 541-542 тармақтарда көрсетілген себептер бойынша енгізілсе, оларды енгізе алады. Одан басқа ЕАЭО туралы Шарттың 7-қосымшасының X бөліміне сәйкес ЕАЭО мүше мемлекеттердің әрқайсысы экспортқа тарифтік емес шараларды енгізуді Комиссиядан сұрай алады. Егер Комиссия ЕАЭО мүше мемлекетінің ұсынысын қабылдамаған жағдайда онда мүше мемлекет ЕАЭО туралы шарттың 7-Қосымшасының VII және VIII бөлімдерінде көзделген мұндай шараларды біржақты тәртіппен енгізу туралы шешім қабылдай алады. Осы ережелер шеңберінде біржақты шаралар 6 айдан аспайтын мерзімге енгізілуі мүмкін. Бұл ретте тарифтік емес шараларды қолданбайтын ЕАЭО мүше мемлекеттер бұл шараларды қолданатын ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағынан үшінші елдерге бұл тауарлардың әкетілуін болдырмауға бағытталған қажетті шаралар қолданады. Бұл шараларды қолданбайтын ЕАЭО мүше мемлекеттер тиісті аумақтың уәкілетті органы берген лицензиясыз және/немесе рұқсатсыз бұл тауарлардың әкетілуіне жол бермейді.

545. Қазақстан өкілі Қазақстанның тарифтік емес реттеу шараларына жататын ортақ тауарлар тізіміне кірген ағаш материалдары, кесілген ағаш материалдары, ағаштан жасалған өзге де бұйымдар, қалпына келтірілетін қағаз, картондар, макулатура мен қалдықтарды әкетуіне шектеулер қолданатынын атап өтті. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан ғана немесе ЕАЭО барлық мүше мемлекеттерінен де ағаш материалдары мен кесілген ағаш материалдарын әкетуіне шектеулер қолданылатынын Қазақстаннан растауды сұрады. Қазақстан өкілі ағаштарды әкетуіне тыйымдар тек Қазақстанмен қолданылатынын растады. Бұл шара "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда" (ЕҚТА) ағаштарды кесуге тыйыммен бірге қолданылады. ЕҚТА – ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылық болып табылатын ерекше назардағы географиялық аумақтарды білдіреді, сондықтан бұл аумақтарға ерекше қорғалатын режим қолданылады ("Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі №175-III Заңы). Көрсетілген шектеулер орманы аз аумақты ескере отырып экологиялық теңгерімді сақтау, ағаштарды заңсыз кесумен байланысты ұрлық жасау көлемін азайту мақсатында енгізілген. Қазақстан өкілі бұл шектеулерді ТСБК (тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім) XX-бабының (b) және (g) тармақтарына сәйкес енгізілген деген пікірде, олар жөнсіз немесе қисынсыз кемсітушілік сипатта емес және халықаралық сауданы шектемейді. Экспорттық шектеулерге жататын тауарлар осы Баяндаманың 6-қосымшасында келтірілген.

546. Қазақстан өкілі, Қазақстан бидай немесе кез-келген басқа аграрлық өнімдерге сандық немесе өзге де шектеулер қолданбайтынын қоса айтты.

547. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстанның 2008 жылдың қыркүйегінен бастап майлы дақылдар мен бидай тұқымына экспорттық шектеулерді қолданғанын атап өтті. Жұмыс тобының бұл мүшесі осындай шектеулер қазіргі уақытта да қолданылады ма екендігіне және Қазақстан өкілінен оларды қолдануға негіздеме келтіруді сұрады. Қазақстан өкілі ішкі нарықтағы бидайдан жасалған өнімдердің өткір тапшылығына байланысты, 2008 жылы Қазақстан Үкіметі бидайдың кейбір түрлерінің экспортына шектеу енгізгенін айтты. Атап айтқанда, Үкімет 2008 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қолданылған "Бидайға экспорттық шектеулер туралы" 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 343 және 2008 жылғы 28 тамыздағы № 777 қаулыны қабылдады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 қазандағы "2003 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің №681 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 930 қаулысымен май дақылдарына 2009 жылдың 1 сәуіріне дейін қолданылатын экспорттық шектеулерді қабылдады. Алайда, 2009 жылғы ақпанда май дақылдары тұқымының экспортына тыйымдар алып тасталды. 2001 жылдың қазанында Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі нарықтағы тапшылықты және бағаның өсуін болдырмау үшін "Май дақылдары, өсімдік майы мен қарақұмық тұқымдарының экспортына шектеулер туралы" №1042 қаулыны қабылдады. Бұл қаулы 2011 жылдың 18 сәуіріне дейін күшінде болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық өнімдеріне экспорттық шектеулер қолданылмайды. Бұдан басқа, Қазақстан бидайдың экспортына қолданылатын қандай да бір санкциялар/рұқсаттар/лицензиялар талап етпейдіндігін де атап өтті.

548. Қазақстан өкілі Қазақстан аумағынан мұнай өнімдерінің экспортына уақытша тыйымдарға қатысты бір мүшесінің сұрағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 27 маусымындағы №713 қаулысы жеңіл дистилляттардың (СЭҚ ТН 2710 12), керосиннің (СЭҚ ТН 2710 19 210 0 - 2710 19 250 0), дизель отынының (СЭҚ ТН 2710 19 420 0 - 2710 19 480 0, СЭҚ ТН 2710 20 110 0 - 2710 20 190 0) және басқа мұнай өнімдерінің (СЭҚ ТН 2710 20 900 0) кейбір түрлеріне, мұнай еріткіштері (СЭҚ ТН 2710 12 210 0-2710 12 250 0) мен тұрмыстық сұйық отыннан басқалардың экспортына уақытша тыйым салды деп жауап берді. Ол уақытша тыйымдардың ішкі нарыққа қажетті тауарлардың тапшылығы жағдайын болдырмау үшін енгізілді, себебі отандық мұнай өңдеуші зауыттардың мұнай өнімдеріне ішкі қажеттілікті толық қанағаттандыру үшін жеткілікті әлеуеті жоқ. Қазіргі уақытта Қазақстан елдегі тұтынатын мұнай өнімдерінің 50%-нан астамын импорттайды. 2018 жылға дейін өзінің нарығында мұнай өнімдерінің өткір жетіспеушілігін жою мақсатында "2014-2018 жылдарға мұнай және газ секторын дамыту бойынша кешенді жоспарды бекіту туралы" Үкіметтің №567

қаулысына сәйкес, Қазақстан мұнай өңдейтін зауыттарды жаңғырта бастады. Оның ойынша Қазақстанмен қолданылатын уақытша шаралар 1994 жылғы ГАТТ XI бабының 2(a) тармағына толық сәйкес келеді.

549. Жұмыс тобының мүшесі тауарларға экспорттық тыйымдар мен мөлшерлік шектеулер, егер олар ақталмаған болса 1994 жылғы ТСБК шеңберінде тыйым салынғанын атап өтті. Қазақстанның ДСҰ-ға кіргеннен бастап Қазақстанның экспорттық шектеулерді қолдану тәжірибесі 1994 жылғы ТСБК XI-бабымен қоса ДСҰ-ның нормаларына сәйкес болатыны туралы міндеттемені қабылдауды сұрады.

550. Қазақстан өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен бастап 1994 жылғы ТСБК XI-бабына және "Ауылшаруашылығы туралы" ДСҰ келісімінің 12-бабына сәйкес экспорттық шектеулерді қолданады, сондай-ақ экспорттық шектеулер саласындағы ұлттық заңнаманы 1994 жылғы ТСБК XI бабы нормаларына сәйкес келтіреді деп жауап берді. Одан кейін ол ЕАЭО туралы шарттың 7-қосымшасының 15-тармағы ауылшаруашылығы бойынша келісімнің 12-бабы ережелерін қайталап көрсететіндігін атап өтті. Үкімет алюминий мен никельдің қалдықтары және қоқыстарының экспортына тыйымдарды жоюды көздейтін 2004 жылғы 27 желтоқсандағы №1404 қаулысы қабылданғанын қоса айтты.

551. Жұмыс тобының кейбір мүшелері бұдан бұрын экспорттық бағаның ең төменгі деңгейі жойылғанға қарамастан мемлекеттік органдардың бұрынғысынша ұқсас нәтижелермен жүйені қолданып жүргенін атап өтті. Қазақстан өкілі Үкіметтің 1997 жылғы 19 шілдедегі № 994 қаулысымен тауар биржасында келісімшарттарды тіркеу туралы талап жойылды және Қазақстанда астыққа ең төменгі бағаға қатысты ешқандайда талаптар жоқ және жалпы Қазақстан экспорттық бағаның ең төменгі деңгейін белгілемейді деді.

- Экспорттық лицензиялау

552. Қазақстан өкілі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап импорт секілді Қазақстан Республикасындағы экспорттық лицензиялаудың құқықтық негізін ЕАЭО туралы шарттың 7-қосымшасы атқарады, ол келесі келісімдердің: (i) 2008 жылғы 25 қаңтардағы тарифтік емес ортақ шаралар туралы келісім; (ii) 2009 жылғы 9 маусымдағы үшінші елдерге қатысты ортақ кедендік аумақта тауарлардың сыртқы саудасын қозғайтын шараларды енгізу мен қолдану тәртібі туралы келісім; және (iii) 2009 жылғы 9 шілдедегі тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау ережелері туралы келісімнің орнын алмастырды. "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы № 132 шешімді алмастырған "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілер туралы" Комиссия алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы №134 шешімімен "Үшінші мемлекеттермен сауда кезінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден Одағына мүше мемлекеттердің әкелу және әкетуге тыйым салынған немесе шектеуіне жататын тауарлардың бірыңғай

тізбесін" (бұдан әрі – Бірыңғай тізбе) бекітті. Бірыңғай тізбе 2010 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді (осы Баяндаманың 6-қосымшасы). Қазақстан өкілі осы Баяндаманың 6-қосымшасы толық болып табылатынын және қазіргі уақытта лицензия талаптарына жататын өзге экспорттың жоқ екенін растады.

553. Экспорттық лицензиялауға жататын тауарлар арасында: (i) қауіпті қалдықтар; (ii) минералогия мен палеонтология бойынша коллекциялық материалдар; (iii) жабайы өсетін минеральды шикізат (өсімдіктер, өсімдіктер бөлігі, тұқымдары, жемістері); (iv) жабайы аңдар мен кейбір жабайы өсетін өсімдіктер; (v) ЕАЭО мүше мемлекеттерінің қызыл кітабына енгізілген жабайы аңдар мен жабайы өсетін өсімдіктер мен олардың бөліктері және (немесе) дериваттардың сирек және құрып кету қаупі бар түрлері; (vi) бағалы металдар мен тастар; (vii) өңделмеген бағалы металдар, бағалы метал сынықтары мен қалдықтары, бағалы металл кендері мен концентраттары және құрамында бағалы металлы бар шикізат тауарлар; (viii) минеральды шикізат түрлері; (ix) есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары; (x) есірткі заттары мен психотроптық заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттар; (xi) ақпаратты құпия алуға арналған арнайы техникалық құралдар; (xii) шифрлайтын (криптографиялық) құралдар; (xiii) мәдени құндылықтар, ұлттық мұрағат қорының құжаттары, мұрағаттық құжаттардың түпнұсқалары; (xiv) адамның ағзалары мен тіндері, қаны мен оның компоненттері; және (xv) қызметтік және азматтық қару, оның негізгі (құрама) бөліктері мен оған оқтары бар. Қазіргі уақытта автоматты лицензиялауға жататын тауарлар Қазақстанда жоқ. Осы Баяндаманың 6-қосымшасында тізбектелген "экспорттық лицензиялау" белгісі бар барлық тауарлар автоматтық емес лицензиялауға жатады.

554. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың 7-қосымшасының IX тарауына сәйкес Инвестициялар және даму министрлігі (Қазақстанда лицензия беруге жауапты министрлік) үш типті лицензия береді: біржолғы, негізгі және айрықша. Біржолғы лицензия экспорттық лицензиялауға жататын тауарларға қатысты сыртқы сауда мәмілелері негізінде беріледі. Негізгі лицензия Комиссия шешімі негізінде беріледі. Лицензияның бұл екі типі тауардың жеке түрлерінің экспортына құқық беретін, көлемі бойынша лицензиялауға жататын лицензияда белгіленген және бір жылға қолданылады, көлемдік шектеулер енгізілген тауарларға қатысты лицензияның қолданылу мерзімі келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында аяқталады. Айрықша лицензия тауардың жеке түрлері экспортына ерекше құқық береді. Экспорттық лицензиялауға жататын тауарлар және олардың иелері Комиссиямен бекітіледі. Бүгінгі күнге дейін Қазақстан айрықша лицензия берген жоқ.

555. Біржолғы лицензияны – әскери мақсаттағы әскери өнімдер экспортына лицензияны, жаппай қырып-жою қаруын жасауда қолданылатын тауарларды, осы қаруларды тасымалдау құралдары мен басқа да қорғаныс өнімдерін қоспағанда Инвестициялар және даму министрлігі береді. Лицензия өтінім беруші ұсынған мына

құжаттар негізінде: (i) лицензия беру туралы өтініш, (ii) өтініштің электронды көшірмесі, (iii) сыртқы сауда келісімшартының көшірмесі, (iv) салық органында есепке тұрғаны туралы құжат көшірмесі, (v) лицензиялайтын қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия көшірмесі, егер ол қолданылатын болса, (vi) және өзге де құжаттар, егер олар Комиссия шешімімен анықталып, осының негізінде тауарға лицензиялау жүргізілген жағдайда беріледі.

556. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың 7-қосымшасына толықтырумен қоса және Комиссия шешімімен Қазақстандағы экспортты лицензиялау Қазақстан Республикасының жөніндегі ұлттық заңнамасымен, оның ішінде "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214 Заңымен реттеліп келе жатқандығын атап өтті.

557. Жұмыс тобының мүшесі лицензия беру рәсіміне және лицензия беруге байланысты алынатын алымға қатысты көбірек ақпарат сұрады. Қазақстан өкілі жауап ретінде импорттық лицензия беру мен алу тәртібі экспорттық лицензия беру мен алу рәсіміне сәйкес деп мәлімдеді (толығырақ ақпарат үшін осы Баяндаманың "Тауарлармен саудаға әсер ететін саясат" атты IV-тарауының "Импортқа шектеулер, мөлшерлік тыйымдар, квоталар және лицензиялар жүйесі" (А) тармағын қоса алғанда "Импорты лицензиялау" тармақшасын қараңыз). Лицензиялау алымдарына келсек, кез келген тауарға импорттық және экспорттық лицензия беру мөлшерлемесінің көлемі бірдей. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының № 99-IV кодексіне сәйкес (бұдан әрі – Салық кодексі) лицензиялаудың алым мөлшерлемесі 10 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) тең. 2014 жылғы тауарлар импорты/экспортына лицензиялау алым мөлшерлемесі 18520 теңгені (шамамен 100 USD), лицензияны қайта рәсімдеу алым мөлшерлемесі 1 852 теңгені (шамамен 10 USD) құрайды.

558. Қазақстан өкілі елден фауналар мен флораның кейбір түрлерін әкету "Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның" I, II және III-қосымшаларына енгізілген, Қазақстандағы CITES беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылатынын атап өтті.

559. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, квота, тыйымдар, рұқсаттар, алдын-ала мақұлданатын талаптар, лицензиялау туралы талаптар (осы Баяндаманың 6-қосымшасында келтірілген талаптарды қосқанда), ішкі нарыққа жеткізілімнің талаптары және ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес ақтала алмайтын бірдей маңызы бар шаралар сияқты экспортқа мөлшерлік шектеулер немесе экспорт үшін тауарлар сатуына шектеулер жойылатынын, енгізілмейтінін, Қазақстан да, ЕАЭО-ның құзыретті органдары да қайта қабылдайтынын немесе қабылдамайтынын растады. Осыдан соң Қазақстан өкілі, Қазақстан немесе ЕАЭО-ның уәкілетті органдары жүзеге асыратын экспортқа уақытша тыйым немесе басқа да экспорт шектеулерін енгізудің айрықша құқығын ДСҰ-ға кірген күннен бастап ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес қолданылатынын растады. Сондай-ақ, Қазақстан 1994 жылғы Тарифтер мен

сауда жөніндегі бас келісімнің ХХ(i)-бабының ережелерін пайдаланатын жағдайда, Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзыретті органы қолданатын олардың жеткілікті ұлттық өңдеуші өнеркәсіп санын қамтамасыз ету мақсатында отандық материалдар экспортына кез келген шектеулер экспортты ұлғайту немесе осындай ұлттық өнеркәсіпті қорғау үшін қолданылматынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені мәліметке алды.

С. СЫРТҚЫ САУДАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ІШКІ САЯСАТ

- Субсидияларды қоса алғандағы өнеркәсіптік саясат

560. Қазақстан өкілі 2015 жылғы 1 қаңтардағы ЕАЭО туралы шарттың "Өнеркәсіптік субсидиялар" 93-бабы және "Өнеркәсіптік субсидия берудің ортақ ережелері туралы хаттаманың" №28 қосымшасы ЕАЭО шегінде өнеркәсіптік субсидиялар берудің негізгі қағидаларын белгілейді деп мәлімдеді. Бұл ережелер 2010 жылғы 9 желтоқсанда қол қойылған және Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде 2012 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген және 2015 жылдың 1 қаңтарында ЕАЭО туралы шарт күшіне енгенде күшін жоғалтатын Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы өнеркәсіптік субсидиялар берудің ортақ ережелері туралы келісімнің орнын алмастырды. 93-бап пен 28-қосымша ЕАЭО аясында сауда кедергілері болмаған жағдайда әрекет ететін компаниялар үшін тең бәсекелестік жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған. ЕАЭО туралы шартқа 93-бап пен 28-қосымша субсидиялар мен өтемақы шаралары бойынша ДСҰ келісімінің негізгі қағида-тарары енгізілген және ерекше субсидияны нотификациялау рәсімдері, мониторинг, дауларды шешу мен ұлттық уәкілетті органдармен тергеу жүргізу көзделген. 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО мүше мемлекеттері Еуразиялық Экономикалық Комиссиядан (бұдан әрі – ЕЭК немесе Комиссия) олардың ерекше субсидияларын келісу туралы сұрау сала алады. Басқа мүше мемлекеттер Комиссиямен келісілген субсидияларға дау айта алмайды. Ол субсидия беру бюджеттік, салықтық, кедендік және инвестициялау заңнамаларымен реттелетінін қоса айтты. Қазақстан экономикасының өнеркәсіптік секторын мемлекеттік қолдау республикалық (орталық) бюджет есебінен жүргізіледі. Жұмыс тобы мүшелерінің өңірлік субсидиялар беруді реттейтін мақсаттар, критерийлер мен нұсқаулар туралы және жергілікті органдармен олардың қолданылуы туралы сұраққа жауабында Қазақстан өкілі 2004 жылғы 24 сәуірдегі № 548 Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексіне сәйкес жергілікті инфрақұрылымды құру, мектептерді басқару және тауарлар өндірісімен байланысты емес мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу сияқты мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру мақсатында Республикалық және облыстық бюджетпен бекітілген сомма шегінде жоғары тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджетке берілетін ресми трансферттер облыстық субвенциялар болып табылатынын айтып түсіндірді.

561. Қазақстан өкілі өнеркәсіптік саланы мемлекеттік қолдау негізінен экономиканың басым секторларына, өнеркәсіптің инновациялық салаларын дамытуға, шағын және орташа бизнесі қолдауға және өңірлерді дамытуға инвестиция тартуға

бағытталғанын атап өтті. Мемлекеттік қолдаудың негізгі құралдарына: (i) импортта салықтық және кедендік баждан босату түріндегі инвестициялық жеңілдіктер; (ii) мемлекеттік заттай гранттар; (iii) стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін жерге және мүлікке салықтық жеңілдіктер түрінде; (iv) коммерциялық кредит пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау және кредитті жартылай кепілдендіру; (v) жеңілдік шарттарымен лизинг беру; (vi) өндірістік инфрақұрылымды дамыту; (vii) әлеуметтік және экономикалық осал өңірлерде стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға өнеркәсіпті жеңілдіктер; (viii) бизнесті сервистік қолдау; (xi) салық төлеу мерзімін кейінге қалдыру; және (x) инновациялық гранттар кіреді.

562. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан мұнай-химиялық секторды инвестициялайтын салаларға берілетін, сонымен қатар ақпараттық технологияларды зерттеу мен дамыту саласында, арнайы экономикалық аймақтарда (АЭА) жұмыс жасайтын компанияларға ерекше салықтық режим бойынша корпоративті табыс салығына қатысты жеңілдіктер бойынша толығырақ ақпарат беруді сұрады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексі (бұдан әрі – Салық кодексі) бойынша инвестициялық және өнеркәсіптік қызметке берілетін жеңілдіктер бойынша көбірек ақпарат сұрады. Қазақстан өкілі мұнай-химиялық сектордағы салалар үшін жеңілдетілген салықтық режим өңдеуші өнеркәсіпті дамыту жолымен ұлттық экономиканың әртараптануына мүмкіндік жасайды деп жауап берді. Ол бұрын компания кірісінің 90% Қазақстанда алынған мұнай мен газды өңдеуде алынған өнімдерді сатудан түскен жағдайда ғана корпоративті тбыс салығына қатысты жеңілдіктер режимі мұнай-химиялық сектордағы компанияларға берілгенін растады. Алайда, бұл ереже "Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар туралы" 2005 жылғы 22 қарашадағы 89-III Заңымен алып тасталды. АЭА тіркелген компанияларды салықтық және кедендік баждан босату осы Баяндаманың IV тарауы "Тауарлармен сауда саласындағы саясат", (С) бөлімі "Сыртқы саудаға әсер ететін ішкі саясат", "Еркін аймақтар, Арнайы экономикалық аймақтар" тармақшаларында да қарастырылатынын атап өтті.

563. Қазақстан Эксимбанкінің жеңілдік кредиттеріне, яғни субсидияланған пайыздық мөлшерлемесі бар кредиттерге қатысты Жұмыс тобының кейбір мүшелері бұл кредиттердің экспорт немесе импорт алмастыруға тәуелділігі жағдайымен байланысты олар субсидиялар мен өтемақы шаралары туралы келісімнің 3.1-бабына (бұдан әрі – СӨШ) сәйкес тыйым салынған субсидияны көрсетуі мүмкін деген ерекше алаңдаушылығын білдірді. Сонымен қатар Қазақстаннан Эксимбанкпен қамтамасыз етілген қаржыландыру Субсидиялар мен өтемақы шаралары туралы келісімнің I қосымшасының (j) және (k) тармағында анықталған ережелерге сәйкес келетінін

растауды сұрады. Бұған Қазақстан өкілі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорт-импорт банкінің құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 шілдедегі №1815 Жарлығына сәйкес Эксимбанктің негізгі міндеті үкіметтік кепілмен халықаралық нарықта капиталды алып пайдалану және ел ішінде кредит беру болып табылабынын айтты. Эксимбанк экономиканың басым секторларындағы барлық кәсіпорындарға ортақ шарттар мен ережелерді қолданды. Атап айтқанда, Эксимбанктан отандық компаниялар (i) ауылшаруашылығы жабдықтары мен қант қызылшасын өндіруге арналған машиналар импортына; (ii) құрылыс жобалары мен құрылыс материалдарын өндіруші құрылғылар импортына; (iii) минералды тыңайтқыштар импортына; (iv) электр желісі компаниялары мен сорғырлар шығаратын электр станциялары құрылысына; және (v) тамақ өнімдерін өндіруге алған кредиттер. Эксимбанк үш/бес-жылдық инвестициялық жобаларды алты пайыздан төмен пайыздық мөлшерлемен және екі жылдан үш жылға дейін жеңілдік берумен қаржыландырды. Ол кредитпен қамтамасыз ету экспортты жүзеге асыру немесе импорттың орнын алмастыру талаптарына тәуелді болмағанын растады. 2004 жылдан бастап Эксимбанк жекешелендірілді және Үкіметтің атынан операциялар жүргізбейді және қарыздар бойынша үкіметтік кепілдіктер алмайтын болды. Қазір банк Қазақстанның кез-келген коммерциялық банкі сияқты қаржы қызметтері нарығында жалпы банктік қызметтер көрсетеді.

564. Түсті металдар мен алтынды өндіру мен экспортын қолдау үшін Қазақстан даму банкімен берілетін жеңілдік кредиттері бойынша Қазақстан өкілі жасаған мәлімдемеге қатысты Жұмыс тобының кейбір мүшелері осы банкімен берілетін қаржыландырудың ерекшелігі (мысалы, экспортқа жеңілдік) туралы қосымша ақпарат сұрады. Олар Даму банкімен қамтамасыз етілетін қаржыландыру ДСҰ келісімінің I қосымшасы (k) тармағында белгіленген субсидиялар мен өтемақы шаралары туралы ережелерге сәйкестігін растауды сұрады. Қазақстан өкілі Даму банкінің экспорттық операцияларды қаржыландыру шарттары "Қазақстанның даму банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі №178-II Заңымен (бұдан әрі – Даму банкі туралы заң) реттелетінін айтты. Ол Қазақстан даму банкі қаржылық қызметтерді ұсынғанда, коммерциялық шарттармен отандық және халықаралық коммерциялық нарықта алынған қаражатты пайдаланатынын мәлімдеді. Оның үстіне "Даму банкі туралы" заңның 12-бабына сәйкес берілетін кредитке сыйақы мөлшерлемесі Банктің алынған қаражат пен пайдалану шығындарының орташа құнына негізделеді. Осылайша, заң бойынша Банк оның қарыздары мен кредитке сыйақы мөлшерлемесін субсидиялай алмайды. Оның ойынша экспорттық кредитті қосқандағы банк кредиті 3.1-бапта және ДСҰ СӨШ келісімінің I-қосымшасында көрсетілген мағынада экспорттық субсидия ретінде қарастырылмайтынын ол мәлімдеді.

565. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстанның теміржол тасымалы тарифтеріне төмендету коэффициенті (дисконттар) жүйесін қолдануы экспорттық бағытта

тасымалдау үшін ғана берілетін күкірт қышқылы мен темір кені өндірушілері үшін тарифтердің төмендеуіне әкеліп соғатынын атап өтті. Жұмыс тобының осы мүшесі бұл жеңілдіктердің экспорт шарттарымен шектелгендіктен (егер бұл заңнаманың ерекше мақсаты болып табылмаса да) олар ДСҰ СӨШ келісімінің 3.1-бабына сәйкес тыйым салынған экспорттық субсидиялар болуы мүмкін деп мәлімдеді. Жұмыс тобының осы мүшесі бұл бағдарламаны ДСҰ ережелеріне қалай сәйкес келтіретінін түсіндіруді сұрады. Қазақстан өкілі мұнайды тазарту процесі нәтижесінде алынатын жанама өнім болып табылатын және отандық нарықта сұранысқа ие емес күкірт қышқылы мен темір кенінің теміржол тасымалы тарифтерін төмендету коэффициенті (дисконттар) жүйесін қолдану отандық өндірушілердің экспортын қолдауға бағытталмағанын айтты. Төмендету коэффициенті Қазақстанның экологиясына ықтимал жағымсыз әсері проблемасын шешу мақсатында күкірт қышқылын экспорттық бағытта тасымалдауда қолданған еді. 2003 жылдан бастап күкірт қышқылын тасымалдауда төмендету коэффициенті қолданылған жоқ. Темір кенін тасымалдауда төмендету коэффициентін қолдану теміржол бойынша темір кенін тасымалдаудың жоғары көлемімен байланысты критерийлерге негізделді. Қазақстан өкілі 2004 жылдың 22 ақпанынан 31 желтоқсанына дейін экспорттық бағыттарда темір кені тасымалына уақытша төмендету 0,25 коэффициенті қолданылғанын. Сол кезден бастап Қазақстаннан темір кені өнімдерінің тасымалы бойынша төмендету коэффициенті (дисконттар) қолданылған жоқ.

566. 2004 жылы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының м.а. 2004 жылғы 8 қыркүйектегі № 375-ОД бұйрығына сәйкес "Магистральды теміржол бойынша тасымалдау тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентін белгілеуді және тоқтатуды реттейтін ережелер" қабылданғанын қоса айтты. Осы жаңа ережелер табиғи монополия сияқты айқындалатын магистральды теміржол желісі қызметтеріне ғана қатысты болды. Уақытша төмендету коэффициенті мына шарттардың біреуіне сәйкес келгенде: (i) мәлімделген айналым жоғары немесе өткен жылғы тәріздес кезеңдегі нақты айналым сияқты болды; (ii) магистральды теміржол желісі учаскелерін пайдаланудың еркін/төменгі коэффициентпен пайдалану мүмкіндігі болды; (iii) өнеркәсіптік өндірістің ілеспе тауарлары қоршаған ортаға зиян келтіреді; (iv) концессия шарты бойынша теміржол көлігі объектілерімен магистральды теміржол желісі және теміржол жолдарының реттеуші қызметтеріне қолжетімділікті тең тарифтік шарттармен қамтамасыз ету; және (v) жолаушылар тасымалы әлеуметтік маңызды болғанда белгіленеді. Белгілі бір тауарлардың теміржол тасымалы үшін төмендету коэффициенті белгіленгеннен кейін олар осы жүктерді тасымалдайтын барлық компанияларға (жүк жіберушілерге) таралады және барлық ішкі, импорттық экспорттық бағыттарда жарамды. Қазақстан өкілі магистральды теміржол қызметтері тарифтеріне төмендету коэффициентін қолдану үшін падаланылған критерийлер де-юре мен де-фактоға, экспорт көрсеткіштеріне немесе отандық тауарларды импорттың орнына пайдалануға тәуелді емес деп мәлімдеді. Оның ойынша, негізінен

бұл шаралар ДСҰ СӨШ келісімінің 3-бабында және 1994 жылғы ТСБК XIV-бабында көрсетілген мағынадағы тыйым салынған субсидияны беру сияқты қарастырылмауы керек. Ол теміржол тарифтерінің осы Баяндаманың "Бағаны белгілеу саясаты" тарауында сипатталғанын атап өтті.

567. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстанның сары фосфор, фосфоритті ұн және фосфатты тыңайтқыштардың экспорттаушыларына қатысты салықтық жеңілдіктер беретінін және бұл салықтық жеңілдіктер экспортқа тәуелді екеніне алаңдаушылық білдірді және ДСҰ СӨШ келісімінің 3-бабына сәйкес тыйым салынғанын атап өтті. Қазақстан өкілі бұған ТОО "Қазфосфат" ЖШС экономиканың ерекше секторында басым қызметті іске асырғандықтан, 1999-2000 жылдары жасасқан инвестициялық келісімшарттарға сәйкес корпоративті табыс салығына 2008 жылдың 31 тамызына дейін 50 пайыз, мүлік салығына және жер салығына 2007 жылға дейін 50 пайыз инвестициялық жеңілдіктер алғанын айтты. 2008 жылдан бастап мұндай жеңілдіктер берілмейді. Ол көрсетілген салықтық жеңілдіктерге қолданылатын нақты және заңды түрдегі критерийлердің экспорт көрсеткіштерімен немесе импорт орнына отандық өнімдердің жеңілдікпен қолданылуына байланысты еместігін, керісінше ұлттық экономиканың әртараптануы үшін стратегиялық маңыздылығына орайластырылғанын мәлімдеді.

568. "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қорғау туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы №75-І Заңына сәйкес салықтан босатылғанын атап өткен Жұмыс тобының кейбір мүшелерінің алаңдаушылығына, Қазақстан өкілі "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қорғау туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы № 75-І Заңы, сонымен қатар 1994 жылғы 27 желтоқсандағы "Шетел инвестициялары туралы" 266-ІІІ Заңы "Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы №373 Заңымен күші жойылғандығын айтты. Ол "Инвестициялар туралы" заңның қабылдануына дейін берілген салық жеңілдіктерінің уәкілетті орган мен инвесторлар арасындағы қол қойылған келісімшарттардың мерзімі аяқталғанға дейін (яғни, қалған келісімшарттар үшін 2009 жылғы бас кезіне дейін) күшінде болғанын растады. Ол жаңа Заңда инвестициялық жеңілдіктер алу үшін инвестицияның ең төменгі көлеміне қатысты талаптардың жоқ екенін қоса айтты. Ол "Инвестициялар туралы" заңға сәйкес берілетін инвестициялық жеңілдіктер бойынша толық ақпарат осы Баяндаманың "Инвестициялық режим" тарауында бар екенін айтты.

569. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстаннан ДСҰ СӨШ келісімінің 25-бабына сәйкес хабарлануы тиіс субсидиялар туралы толық ақпарат беруді сұрады. Атап айтқанда, алдыңғы тармақтарда сипатталғаннан өзге Қазақстанда өнеркәсіптік жеңілдіктерге және өзіндік ерекше субсидияларға жататын әкімшілік бағдарламалар бар ма деп сұрады. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 1958 жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі" 2010-2014 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламада қарастырылған салықтық жеңілдіктер, гранттар, ғылыми-зерттеулік және тәжірибелік-конструкторлық қаржыландыру және Даму банкі мен екінші деңгейлі банктер арқылы ұлттық экономиканы әртараптандыруға бағытталған басым секторларды жеңілдікпен несиелендіруді қосқанда кейбір инвестициялық және өнеркәсіптік жеңілдіктердің бар екенін айтты. Атап айтқанда, 2012 жылғы 9 қаңтардағы №543-IV "Индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Заңы индустриалды-инновациялық жобаларды, яғни технология трансфертін, жаңа және жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар мен қызметтерге бағытталған жобаларды мемлекеттік қолдау шараларын айқындап берді.

570. Жұмыс тобының бір мүшесі "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі" 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кейбір салалық жобалар, атап айтқанда, "қазақстандық машина құрылысы өнімдерінің экспортын ілгерілету үшін қаржылай ынталандыру" жоспарында экспорттық субсидия элементтері бар. Жұмыс тобының мүшесі егер бағдарлама шеңберінде бұл субсидиялар экспортқа тәуелді болған жағдайда олар ДСҰ СӨШ келісімінің 3-бабына сәйкес тыйым салынуы мүмкін деген пікірін айтты. Жұмыс тобының мүшесі ДСҰ-ға кіргенге дейін осы бағдарламаны ДСҰ СӨШ келісіміне қалай сәйкес келтіретінін түсіндіруді сұрады.

571. Қазақстан Республикасының өкілі "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі" 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама негіздемелік құжат болып табылады, ол Қазақстанның 2010-2014 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық дамуының негізгі мақсаттары мен бағыттарын белгілейді деп жауап берді. Бағдарлама дамудың басым секторларын, секторлардың әрқайсысы үшін мақсаттар мен көрсеткіштерін белгілейді және қойылған мақсаттар мен көрсеткіштерге жету үшін қолданылатын құралдарды қарастырады. Мемлекеттік бағдарламада белгіленген мақсаттарды іске асыруға бағытталған нақты тетіктер бөлек құқықтық актілерде және "Бизнестің жол картасы-2020", "Өнімділік-2020" бағдарламасы, Қазақстанға 2010-2014 жылдары инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі бағдарлама секілді бағдарламаларда жазылып кеткен. Осыған байланысты "қазақстандық машина құрылысы өнімдерінің экспортын ілгерілету үшін қаржылай ынталандыру" – бұл жалпы мақсат, оған жету қажет, бірақ бұл субсидияның нақты тетігі емес. Аталған жағдайда қаржылай ынталандыру, Қазақстандағы машина жасау өнімінің өндірушілеріне өзінің өндірісін кеңейтуге және өз өнімінің сапасын жақсартуға жол беретінін білдіреді, ол оларға өз өнімін тек ішкі нарықта өткізуге ғана емес, сондай-ақ экспорттауға мүмкіндік береді. Машина жасау өнімдерін субсидиялаудың нақты схемасы "Бизнестің жол картасы-2020", "Өнімділік-2020" деген сияқты бағдарламалардың шеңберінде, арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) және "еркін

қойма" тәртібінің жеңілдіктерінде қарастырылған болатын. Бұл бағдарламаларда тыйым салынған экспорттық субсидиялар қарастырылмаған.

572. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы өнеркәсіптің жаңа өңдеуші секторларының дамуына және бар өнеркәсіпті жаңғыртуға бағытталған. Бағдарлама коммерциялық қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және ішінара кепілдік беруді, индустриалдық инфрақұрылымының дамуын, бизнесті сервистік қолдау нысанында мемлекеттік қолдауды көздейді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысымен бекітілген "Өнімділік - 2020" бағдарламасы экономиканың басым секторларында еңбек өнімділігінің ұлғайту арқылы өнеркәсіптік кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтуға бағытталған. Аталған бағдарламамен қарастырылған негізгі тетіктер, кешенді инвестициялық жобаларды әзірлеу және сараптама жасауда жұмсалған шығындардың жартысын орнын толтыруды көздеген инновациялық гранттарды, қаржылық лизингті, заманауи басқаруды және өндірістік технологияларды енгізуге арналған гранттарды қосады. Бұл бағдарламада экономиканың өңдеуші секторларында инвестициялық жобаларды іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын шаруашылық жүргізуші субъектілер мен кәсіпкерлер қатыса алады.

573. Аталған бағдарламаларды іске асыру үшін Қазақстан арнайы даму институттары мен қорларды құрды, олар Қазақстандық инвестициялық қоры, Ұлттық инновациялық қоры, "Даму" кәсіпкерліктің дамыту қоры. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ СӨШ келісімінің 25-бабына сәйкес барлық субсидиялар туралы ақпаратты Жұмыс тобына нотификация түрінде бергендігін атап өтті.

574. Жұмыс тобының мүшесі "Өнімділік-2020" бағдарламасына сәйкес, ретінде экономиканың басым секторларында әрекет етеін және басқалармен қоса "экспортқа бағдарланған" бағытта қызметті жүзеге асыратын өндірушілер Бағдарламаның қатысушылары бола алатындығын айтты. Егер бұл ынталандырулар экспортпен байланысты болса, ДСҰ СӨШ келісімінің 3-бабына сәйкес рұқсат етілмеген болып табылады.

575. Қазақстан Республикасының өкілі "Өнімділік-2020" бағдарламасының шеңберінде келесі критерийлерге:

- Бағдарламаның 1-қосымшасында тізбектелген экономиканың басым секторларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жоспарлайтын және (немесе) жүзеге асыратын;

- Бағдарламаның 2-қосымшасында тізбектелген тауарлардың өндірісін, машиналарды және жабдықтауды орнату және жөндеу бойынша қызметтерді көрсету саласында инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын кәсіпкерлерді қоспағанда, жүзеге асыруды жоспарлайтын және (немесе) жүзеге асыратын;

- қаржылай-орнықты (банктердің алдында және банк филиалының алдында барлық міндеттемелер түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы және салық берешегінің жоқтығы және т.б.);

- келесі көрсеткіштерді қарастыратын, инвестициялық жобасының кешенді жоспары бар:

1. инвестициялық жобаның қаржылай өтемділігі;
2. еңбек өнімділігінің жоғарылауы;
3. өнімі бәсеке қабілетті кәсіпкерлер субсидияларды ала алады деп жауап берді.

576. Қазақстан өкілі "Өнімділік-2020" бағдарламасы шеңберіндегі критерийлер жергілікті қамту немесе экспорт талаптарын қоспайтындығын атап өтті. Осылайша, бағдарламаның шеңберінде ұсынылатын субсидиялар рұқсат етілмеген субсидиялар санатына жатпайды.

577. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстанды экспортты ынталандыруға бағытталған бағдарламалар, сауданы қаржыландыру және сақтандыру, сондай-ақ экспортты сервистік қолдау бойынша көбірек ақпарат беруді сұрады. Жұмыс тобының мүшесі сауданы қаржыландыру және экспортты сақтандыру шарттары осы тектес қолдау үшін халықаралық нормалармен сәйкес келе ме деген сұрақ қойды.

578. Қазақстан өкілі Үкіметтің 2012 жылғы 2 тамыздағы "Отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша экспорттаушылар шығындарының бір бөлігін өтеу қағидасын, сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша экспорттаушылардың шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлар тізбесін бекіту және экспорттаушылардың шығындарын өтеу жолымен отандық өнімді сыртқы нарықтарға шығару бойынша мемлекеттік қолдау көрсетудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы" №1017 қаулысы (Үкіметтің №1017 қаулысы) олардың тауарлары мен қызметтерін шетелде ілгерілету үшін, индустриалдық-инновациялық қызметке қарастырған, компаниялармен келтірілген шығындардың ішінара өтеуін қарастырады (50% дейін) деп түсіндірді. Келесі шығындар ішінара өтеле алатын болады: шетелде өнімді және сауда белгілерін тіркеу және мамандарды оқыту, шетел өкілеттіктерін қамту, шетелдік көрмелерге қатысу, жарнамаға шығындар, маркетингтік зерттеулер. Субсидия қазақстандық тауарларды шетелде ілгерілетуге бағытталған. Сонымен қатар, ол компаниялар үшін олардың белгілі бір мөлшердегі өнімін сыртқа шығару үшін талаптарды қарастырмайды. Осылайша, субсидияны алу шарттары экспорт көрсеткіштерінен байланысты емес және сәйкесінше субсидия ДСҰ СӨШ келісімінің 3-бабына сәйкес рұқсат етілмеген субсидиялар санатына жатқызылмайды.

579. Экспорттаушылардың сервистік қолдауына қатысты, Қазақстан Республикасының өкілі, ол өзіне бар және әлеуетті сыртқы сауда қызметінің шағын және орта бизнестің қолдауына бағытталған қызметтерді қосатынын түсіндірді. Бұл қызметтер өзіне маркетингтік және талдамалы көмекті, сұраныс бойынша шетелдік

нарықтарда мәліметті ұсынуды, қазақстандық өндірушілердің сауда белгілерін ілгерілету бойынша таныстырылымды ұйымдастыруды және т.б. қосады. Оның пікірі бойынша, сервистік қолдау рұқсат етілмеген субсидия ретінде қарастырылмайды, себебі аталған схема өзімен экспорт көрсеткіштерімен байланыстырылған өнеркәсіптің салаларына немесе кәсіпорындарына Үкіметтің айқындалған қаржылай жәрдемін көрсетпейді.

580. Экспорттық операцияларды қаржыландырудың мемлекеттік қолдауы " Экспорттық-кредиттік сақтандыру компаниясы "ҚазЭкспоГарант" АҚ арқылы ұсынылады және өзіне келесі элементтерді: 1) шетелдік импорттаушылармен экспорттық келісімшарттарды жүзеге асыру барысында туындаған коммерциялық және саяси тәуекелдерге қарсы экспорттық кредиттерді сақтандыру; 2) экспорттықтан кейінгі қаржыландыруды ұсынуды (экспорттық кредиттерді) қосады деп атап өтті. Бұл қаржылық құралдар ресми қолдайтын экспорттық кредиттер бойынша ЭЫДҰ уағдаластығын қоса отыра, халықаралық тәжірибе негізінде ұсынылады. Демек, олар ережелерге және субсидиялар мен өтемақы шаралары бойынша ДСҰ келісімінің нормаларына сәйкес келеді.

581. Жұмыс тобының мүшесі сондай-ақ "Қазақстан Республикасына инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама" туралы көбірек мәліметті, аталған бағдарламаның шеңберінде экспортты ынталандыруға бағытталған бағдарламаларға ерекше назар аудара отыра субсидияларды алу үшін компанияларға арналған критерийлер туралы мәліметті беруді сұрады. Жұмыс тобының мүшесі Бағдарлама мақсаттарының бірі "экспорттаушыларды қаржылай қолдау" болып табылатындығына алаңдаушылығын білдірді және 2015 жылға дейін жетуге тиіс болатын мақсатты көрсеткішінің арасында мыналарды: (1) АЭА ұлғайып жатқан өндірісі экспортын ең кем дегенде 50% қамтамасыз ету және (2) өңделген өнімнің экспортын ең кем дегенде 40% ұлғайту. Сондай-ақ, экспорттаушыларды қаржылай қолдау шараларының осы немесе өзге де қазақстандық даму бағдарламаларының ешқайсысы экспорттың нәтижесі түріндегі субсидияларды алушылардың белгілі бір мақсаттарға жетуін қамтамасыз етуге бағытталмағаны туралы растама беруін сұрады.

582. Қазақстан өкілі жауап ретінде Үкіметтің 2010 жылғы 30 қазанда №1145 Қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасына инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламада" қарастырылған инвестиция мен экспортты дамытуға бағытталған көптеген шаралар ДСҰ СӨШ келісімінде қарастырылған айқындамасына сәйкес субсидияны болып табылмайтынын түсіндірді. Осы шаралар өзіне мыналарды: (i) Үкіметтің бизнес ахуалды жақсарту бойынша іс-шараларының тиімділігін бағалау бойынша шараларды; (ii) кеден және шекаралық қызмет істерін жақсартуды; (iii) Қазақстан аумағында шетелдік жұмыс күшінің келу шарттарын жетілдіру; (iv) кейбір

мемлекеттік органдардың инвесторлармен жұмысына мониторинг жасау; (v) құқықтық актілерлі әзірлеу; (vi) экспорттаушыларды сервистік қолдау (17-тармақта көрсетілген); (vii) шетелде сауда миссиясы мен жәрмеңкені ұйымдастыру; (viii) қазақстандық өндірушілер мен олардың өнімі туралы кітаптар мен кітапшаларды шығаруды қосады. Бағдарламада "экспорттаушыларды қаржылай қолдау" деп 580-бапта сипатталғандай "ҚазЭкспоГарант" Экспорттық-кредиттік сақтандыру компаниясы арқылы экспорттық операциялардың қаржыландырудың мемлекеттік қолдауы түсінілетінін атап өтті. 2015 жылға дейін жетуге тиіс болатын "АЭА ұлғайып жатқан өндірісінің ең кем дегенде 50% қамтамасыз ету" және "өңделген өнімнің экспортын ең кем дегенде 40% ұлғайту" деген мақсатты индикаторлар экспорттық субсидияларды білдірмейді. Олар бағдарламаны жүзеге асырудың жалпы мақсаттары болып табылады және сәйкесінше белгілі бір субсидияларды ұсыну шарттары ретінде пайдаланылмайды. Ол, АЭА құрудың негізгі мақсаты – бұл жоғары қосылған құнымен өнім өндіруді дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру. Осыған байланысты, АЭА шеңберінде ұсынылатын мемлекеттік қолдау экспорттың нәтижелерімен байланыстырылған өндірісті ынталандыруға және инвестицияларды тартуға бағытталған салық және кедендік жеңілдіктерді қосады. АЭА шеңберінде қолданылатын жеңілдіктер толық сипаттамасы осы Баяндаманың "Тауарларды сатуға әсер ететін саясат" тарауында, "Сыртқы саудаға әсер ететін ішкі саясат" (С) бөлімінде, "Еркін аймақтар, арнайы экономикалық аймақтар" тармақшасында ұсынылған. Қазақстанның даму бағдарламаларында, дәлірек айтқанда "Қазақстан Республикасына инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламада" қарастырылған преференциялар экспорттың нәтижелерімен байланысты емес және сәйкесінше рұқсат етілмеген субсидиялар ретінде қарастырылмайтынын Қазақстан өкілі растады.

583. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстандағы субсидиялаудың екі бағдарламасы – "Бизнестің жол картасы-2020" және Үкіметтің №1047 қаулысына қатысты алаңдаушылығын білдірді. Оның пікірінше осы бағдарламалардың белгілі бір аспектілері ДСҰ СӨШ келісіміне сәйкес рұқсат етілмеген экспорттық субсидиялар болып табылады. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан тәрпынан өз заңнамасын қарастыруды және келіссөздер аяқталғанға дейін оған мүмкін болатын рұқсат етілмеген субсидиялауды болдырмау үшін өзгерістер енгізуді сұрады. Қазақстан өкілі ДСҰ СӨШ келісіміне сәйкес субсидиялауды өз бағдарламаларын сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Үкіметі осы екі заңнамалық актілерге өзгерістерді енгізу бойынша жұмыс жасалып жатқандығын түсіндірді. Атап айтқанда, экспортты ілгерілетуге байланысты мақсатты көрсеткіштер және экспорттың нәтижелері туралы мәселелер "Бизнестің жол картасы-2020" Бағдарламасынан алып тасталатынын айтты. Үкіметтің №1017 қаулысының күші жойылатын болады. Аталған өзгерістер Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіру қарсаңында енгізілетін болады.

584. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан ДСҰ-ға кіру қарсаңында импорттық тауарлардың орнына экспортпен немесе отандық тауарларды пайдалану нәтижелерімен байланысты барлық үкіметтік деңгейлерде ДСҰ СӨШ келісімінің 3-бабында көрсетілген бүкіл тыйым салынған субсидияларды және 1994 жылғы Тарифтер мен сауда бойынша Бас келісімінің XVI-бабында көрсетілген барлық рұқсат етілмеген субсидиялардың күшін жоятыны туралы растауын сұрады. Сондай-ақ, Қазақстаннан ДСҰ СӨШ келісіміне сәйкес барлық үкіметтік деңгейлерде ДСҰ-ға кіргеннен кейін қабылданған немесе бар субсидиялар бойынша кез келген бағдарламаларды реттейтінін растауын сұрады. Жұмыс тобының осы мүшесі Қазақстаннан ДСҰ СӨШ туралы келісімінің 25-бабына сәйкес субсидиялар туралы хабарлама жобасын, мұндай хабарламасыз "Субсидияны қоса алғандағы өнеркәсіптік саясат" тармақшасы бойынша пікірталасты тоқтатуға байланысты кейін қиындықтар туындауы мүмкін екендігі туралы ескерте отырып, қарастыру үшін ұсынғанын айтты.

585. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кіргеннен кейін, Жұмыс тобының баяндамасында қарастырған жағдайларды қоспағанда Қазақстан өзінің аумағында Субсидиялар және өтемақы шаралары бойынша келісімнің 3.1-бабының реттеуіне жататын субсидиялаудың барлық бағдарламаларын, экспорттаушы компаниялар үшін даму бағдарламаларын қоса алғанда алып тастайтынын немесе осы бағдарламалар кез келген ұсынылған субсидия экспортының нәтижелерімен немесе импорттық тауарлардың орнына отандық тауарларды пайдаланумен заң жүзінде немесе іс жүзінде байланыспайтындай өзгертетінін растады. Сондай-ақ, Қазақстан аумағының шеңберінде ДСҰ-ға кіргеннен кейін кез келген бар немесе енгізілген субсидиялау бағдарламасы Субсидиялар және өтемақы шаралары бойынша ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес жүргізілетінін растады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы субсидиялар туралы хабарлама осы Баяндаманың 4-кестесінде қарастырылғандай, Қазақстанның қосылуы туралы хаттаманың күшіне ену кезінде Субсидиялар және өтемақылық шаралары туралы келісімінің 25-бабына сәйкес дайындалған Субсидиялар және өтемақылық шаралары туралы Комитетіне субсидиялар туралы хаттаманы ұсынады. Қазақстан СӨШ ДСҰ келісімінің 27 және 28-баптарын қолданбайтынын растады. Жұмыс тобы осы міндетемелерді ескерді.

- Саудадағы техникалық кедергілер, стандарттар мен сертификаттау

(а) Заңнамалық база

586. Қазақстан өкілі техникалық реттеу, стандарттау және бағалау жүйесін сәйкестендіру бойынша елдің заңнамалық базасы 2010 жылдың 1 қаңтарына дейін ұлттық заңнамамен реттелгендігі туралы хабарлады. Осы уақытта, Кеден одағының (КО) халықаралық келісімдері, КО өзге құқықтық құжаттары да қолданыла бастады. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап КО құқықтық құжаттары ЕАЭО техникалық регламенттері болып табылатын КО техникалық құжаттарын енгізе отыра, ЕАЭО заңнамалық базасына енгізілді. Аталған заңнамалық база ЕАЭО мүше мемлекеттердің

аумақтарында айналымда болатын белгілі бір тауарлар, қабылданған техникалық регламенттерге, сондай-ақ техникалық регламенттер ретінде белгіленген санитариялық және фитосанитариялық (СФС) талаптарға сәйкес келуі туралы талап етеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы аумақтарында тауарлармен сауда (импорт және ішкі нарықта айналымды қоса отырып), егер тауарлар осы талаптарға сәйкес келмейтін болса шектелетін немесе рұқсат етілмейтін. ЕАЭО мүше мемлекеттері техникалық реттеу саласындағы реттеу жүйесін және өзінің саясатын келісуге және ЕАЭО шеңберінде аталған салада ынтымақтастықты кеңейтуге келісім жасаған. Аталған келісімнің мақсаты ЕАЭО мүше мемлекеттері аумақтарында ЕАЭО жалпы техникалық регламенттері арқылы техникалық реттеу саласында тауарлардың ауысып айналу қатынасында бірыңғай талаптарын қамтамасыз ету болып табылады. Аталған техникалық регламенттер тікелей Қазақстанның аумағында қолданылады және бөлек ұлттық заңнама талап етілмеді. ЕАЭО туралы шарттың және ЕАЭО және Жұмыс тобының өзге құқықтық құжаттарының ережелері саудадағы техникалық кедергілері (бұдан әрі – СТК Келісімі) бойынша келісімінде негізделген және техникалық регламенттер адамдар өмірі және (немесе) денсаулығын, мүлікті, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі және (немесе) денсаулығын қорғау мақсатында тұтынушыларды адастыруы мүмкін іс-әрекеттерді тоқтату үшін, сондай-ақ шикізатты үнемдеу мен энергетикалық тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылады. Қазақстанның өкілі ЕАЭО-ның шеңберінде қабылданған және қолданылатын техникалық регламенттер өзге мақсаттарда қолданылмайтынын атап өтті.

587. Қазақстан өкілі бірыңғай саясатты жүргізудің құқықтық негізі "Техникалық реттеу" X тарауы және ЕАЭО туралы шарттың № 9-11 қосымшалары (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) болып табылатынын мәлімдеді. Аталған ережелер 2010 жылғы 18 қазандағы Ресей Федерациясында, Қазақстан Республикасында және Беларусь Республикасында техникалық реттеудің бірыңғай қағидаттары мен ережелері туралы келісімін; және 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының кеден аймақтарында сәйкес келудің міндетті түрдегі бағалауына (растауына) жататын өнімді айналымы туралы келісімді, ЕАЭО туралы шарт 2015 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енген кезінен ауыстырып, қолданылмайтын болды. 2012 жылғы 20 маусымдағы Еуразиялық экономикалық комиссиясы Одағының № 48 шешімімен бекітілген (бұдан әрі – ЕЭК Кеңесінің № 48 шешімі) Кеден одағының техникалық регламентіне өзгерістерді енгізу және алып тастау, қабылдау, әзірлеу тәртібі туралы ереже қолданыста қала береді. 2015 жылдың 1 қаңтарынан ЕАЭО туралы шарттың аталған ережелері және ЕЭК шешімі Қазақстанда келесі салаларда қолданылатын бірыңғай саясатының негізгі құралдарын белгілейді:

- техникалық реттеу саласындағы ұлттық заңнаманы үйлестіру;
- техникалық реттеуге жататын өнімге міндетті талаптарды белгілейтін ЕАЭО техникалық регламенттерін әзірлеу және қабылдау;

- ЕАЭО-ға әрбір мүше мемлекеттің аумағында техникалық регламенттерді әзірлеудің бірыңғай рәсімін жүзеге асыру;

- стандарттарды үйлестіру және техникалық регламенттерді әзірлеу үшін негіз ретінде тиісті халықаралық стандарттарды қолдану;

- сәйкестікті бағалаудың бірыңғай нысандарын және қағидаларын қолдану;

- сынақтан өткізу мен сертификаттау мен сәйкес келтіруді міндетті растау процесіне қатысушыны қоса алғанда өндіріспен, қондырғымен, қалыпқа келтірумен, пайдаланумен (қолданумен), сақтаумен, алып жүрумен (тасымалдаумен), өткізумен және өнімді кәдеге жаратумен байланысты процестерді сәйкестікке бағалаудан өткізу (сәйкестігін растау);

- сәйкестікке міндетті растау процесіне қатысушы сынақ зертханалары (орталықтары) бойынша сертификаттау (сәйкестігін растау) жөніндегі органдарды аккредиттеу; сондай-ақ

- өлшемдер бірлігі саласындағы келісілген саясат.

588. Ол ЕАЭО туралы шарттың "Еуразиялық экономикалық одағының шеңберінде техникалық реттеу туралы хаттама" № 9 Қосымшасының 7-тармағы ЕАЭО шеңберінде сәйкес келудің міндетті түрдегі бағалауына жататын өнімнің бірыңғай тізімін әзірлеуді қарастыратынын, осыған байланысты ЕАЭО техникалық регламенттерін қабылдауға дейін өтпелі мерзімнің ішінде бірыңғай нысаны бойынша сәйкес келтіру бағасы туралы декларацияны тіркеу және сертификаттап ресімдеу мүмкін. Бірыңғай тізім "Кеден одағындағы техникалық реттеу туралы" КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 319 шешімімен бекітілген (бұдан әрі – КО Комиссиясының № 319 шешімі), "КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 319 Шешімімен бекітілен, КО шеңберінде бірыңғай құжаттарын берумен сәйкес келудің (сәйкестікті растаудың) міндетті түрдегі бағалауына жататын өнімнің Бірыңғай тізімінің жаңа редакциясы туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешімімен ауыстырылған (бұдан әрі – КО Комиссиясының № 620 шешімімен бекітілен бірыңғай тізбе). Бірыңғай тізбе мыналарға қатысты ЕАЭО мүше мемлекеттерінде мынадай өнімдерді: (i) ұқсас міндетті түрдегі талаптарды белгілейді; (ii) сәйкес келтіру бағасының ұқсас схемаларын қолданады; (iii) өлшеу мен байқаудың ұқсас немесе салыстыруға келетін әдістерін қолдануды қамтиды. Бастапқыда, КО Комиссиясының № 620 шешімімен бекітілген өнімнің Бірыңғай тізіміне 1-ші түсіндірме жазбасының 2-тармағына сәйкес ЕАЭО бірыңғай нысаны бойынша сәйкес келтіру туралы декларация, ЕАЭО аумағының шегінен тыс жерде тұрған шетелдік өндірушілердің тауарларына рәсімделе алмайтын. Дегенмен, КО Комиссиясының № 620 шешімі әдеттегідей мұндай тауарлар үшін ЕАЭО бірыңғай нысанының негізінде сәйкес келтіру сертификатын ресімдеу мүмкіндігін қарастырады. Қазақстанда, Қазақстан Республкасынан тыс

жерде өндірілген тауарлар үшін сәйкес келтіру декларациясы "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қазандағы № 603 Заңына сәйкес ресімделе алады (бұдан әрі – "Техникалық реттеу туралы" заң).

589. Жұмыс тобының кейбір мүшелері ЕАЭО аумақтарының шеңберінде орналасқан шетелдік өндірушілер, ЕАЭО аумағында орналасқан өндірушілерге карағанда КО Комиссиясының № 620 шешіміне сәйкес ЕАЭО бірыңғай нысанымен негізделген сәйкес келтіру туралы декларацияны таңдау бойынша мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндігі бар екендігі туралы алаңдаушылығын білдірді. Олардың пікірінше, аталған жағдай өзімен кемсітушілікті көрсетеді, ол СТК келісіміне қайшы келеді. Осы аталған мүшелер Қазақстанның ДСҰ-ға кіру кезінде аталған кемсітушілік режимін жоятыны туралы міндеттеме қабылдауын сұрады.

590. Қазақстан өкілі, СТК бойынша ДСҰ келісіміне және атап айтқанда осы Келісімнің 2.1-бабына сәйкес келтіру мақсатымен, кемсітушілік режим "КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 319 шешімімен бекітілген бірыңғай құжаттарды берумен Кеден одағы шеңберінде сәйкестікті міндетті бағалауға (растауға) жататын өнімнің Бірыңғай тізімінің жаңа редакциясы туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешіміне өзгерістерді енгізу арқылы ЕАЭО аумағынан тыс орналасқан шетел өндірушілеріне ЕАЭО бірыңғай нысаны бойынша декларацияны қолдану арқылы ЕАЭО аумағында импортталатын өнімдерге сәйкес ресімдеу бойынша мүмкіндіктермен қамтамасыз ету мақсатында жойылғанын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені ескерді.

591. Қазақстан өкілі ЕАЭО аймағының шегінде орналасқан шетелдік өндірушілер үшін ЕАЭО аймағына импортталған тауарлар үшін сәйкес келтіру сертификатын ЕАЭО бірыңғай нысанының негізінде, сәйкес келтіру декларациясын пайдалану арқылы ресімдеу мүмкіндігін қарастыратын КО Комиссиясының № 620 шешіміндегі өзгерістер, шетелдік өндірушілерге ЕАЭО мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес сәйкес келтіру декларациясын рәсімдеу мүмкіндігіне ықпал етпейді (Қазақстанда "Техникалық реттеу туралы" заңына сәйкес). Қазіргі уақытта КО Комиссиясының № 620 шешіміне сәйкес өнім Қазақстанда немесе ЕАЭО айналымында болатынына байланысты, өтінім берушінің таңдауы бойынша ЕАЭО аймағының шегінде орналасқан шетелдік өндірушілермен өндірілген тауарлардың сәйкес келуі, ЕАЭО бірыңғай нысанының негізінде сәйкес келтіру декларациясы және ЕАЭО мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес сәйкес келтіру декларациясы арқылы ресімделе алады.

592. Қазақстан өкілі 2010 жылғы 18 маусымдағы № 319 КО Комиссиясының шешімі , сондай-ақ сынақ зертханаларының және сертификаттау бойынша органдардың бірыңғай тізбесіне сәйкес келуді және сынақ зертханаларды растау бойынша органдарды қосу өлшемдерін анықтайды (бұдан әрі – Бірыңғай тізілім) және КО Комиссиясының № 620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізілімін және ұлттық уәкілетті

органдармен бірыңғай тізбені қалыптастыру және жүргізу режимін белгілейтінін түсіндірді. КО Комиссиясының № 319 шешімімен, сондай-ақ Комиссиясының № 620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбеде аталып кеткен тауарларды кіргізу туралы Ережені белгілейді. Қазіргі уақытта ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 шешімімен жаңа "Кеден одағының кеден аймағына Кеден одағының шеңберінде міндетті талаптары белгіленетін өнімін (тауарлардың) әкелу тәртібі туралы Ереже" қабылданған (бұдан әрі - өнімді әкелу тәртібі туралы Ереже). ЕАЭО туралы шартқа "Сәйкес келтіру белгісі бойынша органдарды аккредиттеу бойынша жұмыстардың нәтижелерін тану туралы хаттама" атты № 11 Қосымша, 2009 жылдың 11 желтоқсанынан бастап сәйкес келтіру бағасы бойынша (растау) жұмыстарды жүзеге асыратын сынақ зертханалар және сертификаттау (сәйкес келтіру (растау) бағасы) бойынша органдардың өзара аккредиттеуін тану туралы келісім ауыстырған, аккредиттеуді өзара тану бойынша ЕАЭО бірыңғай жүйесінің қағидаттарын, ЕАЭО мүше мемлекеттердің аккредиттеу бойынша органдардың өкілеттіктерін, сондай-ақ өзара танудың аталған жүйесін ЕАЭО бірыңғай техникалық регламенттерін ЕАЭО мүше мемлекеттерімен қабылдауы және қолдануымен біртіндеп ауыстыруын күту барысында аккредиттеудің жалпы қағидаттарын қарастырады.

593. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан ЕАЭО аймағына өнімді әкелуді реттейтін ереже туралы толық мәлімет бергенін сұрады. Қазақстан кілі "Өнімді әкелу тәртібі туралы" ереже өнімді әкелудің бірыңғай режимін белгілейтінін түсіндірді, ол мыналарға: (i) Өнімнің бірыңғай тізбесі, оның қатынасында КО Комиссиясының КО Комиссиясының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 526 шешімімен бекітілен, Кеден одағының шеңберінде міндетті түрдегі талаптар белгіленеді (бұдан әрі – КО Комиссиясының № 526 шешімімен бекітілген Өнімнің бірыңғай тізбесі); (ii) КО Комиссиясының № 620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесі; (iii) өнімдер тізімдері, олардың қатынасында кеден декларациясының кеден органына жіберілуі сәйкес келуінің міндетті түрдегі талаптарды растайтын құжатты ұсынумен қоса берілуі тиіс. Өнімді әкелу тәртібі туралы Ережеде КО Комиссиясының № 319 шешімімен бекітілен қолданылатын Ереженің ережелері аса толық сипатталады. Өнімді әкелу тәртібі туралы ереже, кеден рәсімдердің тізімін қарастырады, олардың кезінде кеден органдар өнімнің (тауарлардың) міндетті түрдегі талаптарына сәйкес келуін растайтын немесе осындай құжаттар туралы мәліметтер (кері импорт, бос қоймалар, бос кеден аймақтары, уақытша кіргізу, ішкі пайдалану үшін шығару). Оған қоса, "Өнімді әкелу тәртібі туралы" ереже өнімнің (тауардың) санатын анықтайды, олар үшін өнімнің (тауарлардың) міндетті түрдегі талаптарына сәйкес келуін растайтын немесе осындай құжаттар туралы мәліметтерді көрсеткен талап етілмейді. Аталған санаттар, мысалы, пайдалануда болған тауарларды, сондай-ақ жеке пайдалану үшін немесе ғылыми зерттеулерді жүргізу мақсатында шектеулі мөлшерде әкелінген тауарларды қосады.

594. Жұмыс тобының мүшесі КО Комиссиясының № 620 шешімімен бекітілген Бірыңғай шешімінің және КО Комиссиясының № 526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесінің арасында айырмашылығын түсіндіруді сұрады. Қазақстан өкілі, КО Комиссиясының №620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесі, ЕАЭО тиісті техникалық регламенттерін қабылдауға дейін КО аймағында тауарлардың еркін ілгерілетуін қамтамасыз ету үшін уақытша қабылданған болатын. Тізім, ЕАЭО мүше мемлекеттері осы тауарларға қатысты:

- міндетті ұқсас талаптарды белгілейді;
- сәйкес келтіру бағасының ұқсас схемаларын пайдаланады;
- тестілеудің және өлшеудің салыстырмалы және ұқсас әдістерін пайдаланатын өнімдерді қосады.

595. КО Комиссиясының №620 шешімімен бекітілген, Бірыңғай тізбенің Түсіндірме жазбасына сәйкес, осы тізімге енгізілген өнім үшін өтінім берушінің таңдауы бойынша сәйкес келтіру сертификаттары, немесе ЕАЭО бірыңғай нысаны бойынша сәйкес келтіруі туралы декларацияның немесе ЕАЭО мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес ресімделген сәйкес келтіру туралы декларацияның немесе сәйкес келтіру сертификаттары бойынша ресімделеді. КО Комиссиясының №620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбеге енгізілген өнім, ЕАЭО мүше мемлекеттерінің біреуінде сәйкес келтіру бағасының рәсімін өткен болса, ЕАЭО барлық аймағы бойынша еркін қозғала алады және мыналарға:

- ЕАЭО бірыңғай нысаны бойынша сәйкес келтіру туралы декларациялары және сәйкес келтіру сертификаттары берілген;
- Сертификаттау бойынша орган ЕАЭО сынақ зертханаларының және сертификаттау бойынша органдардың бірыңғай тізбесіне енгізілген;
- Сынақ зертханалары ЕАЭО сынақ зертханаларының және сертификаттау органдарының Бірыңғай тізбесіне енгізілген шарттарға сәйкес келеді.

Сонымен қатар КО Комиссиясының № 620 шешіміне сәйкес ЕЭК Алқасының 2014 жылғы 13 мамырдағы № 69 шешімімен енгізілген өзгерістермен өтінім берушілер ЕАЭО бірыңғай нысаны бойынша сәйкес келуін растау құжаттар мен немесе ЕАЭО мүше мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес ресімделген сәйкес келуін растау құжаттардың арасында таңдау мүмкіндігі бар екендігі туралы түсіндірді. Алайда, сәйкес келтіру бағасының нысаны ол анық тауар үшін ресімделе алады, яғни ол не сертификат не сәйкес келтіру декларация болады ма, бұл КО Комиссиясының № 620 шешімімен (бұдан әрі – Бірыңғай тізбес) бекітілген бірыңғай тізбесінде белгіленген және ол өтінім берушінің таңдауы бойынша емес. Атап айтқанда, Бірыңғай тізбеде әрбір өнімі үшін сәйкес келтіру бағасының рәсімдерінің нысаны қандай екендігін анықтайтын сілтеме бар: (i) сертификат; (ii) үшінші жақтың қатысу кезінде алынған дәлілде негізделген сәйкес келтіру туралы декларация; (iii) өтінім берушінің жеке дәлелдерінде негізделген сәйкес келтіру декларациясы. Сәйкес келудің бағалау нысаны

әрбір өнім үшін адамның өміріне және денсаулығы үшін келтіретін тәуекел деңгейінде негізделген.

596. КО Комиссиясының № 620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбеге қосылмаған өнім, сәйкес келудің (сәйкестікті растау) ЕАЭО мүше мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес міндетті түрде бағалауынан өтеді. Осыған байланысты ЕАЭО техникалық регламенттері қабылданған өнім КО Комиссиясының №620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесінен жойылады. КО Комиссиясының №526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбес тауарлар тобын қосады, олардың қатынасында ЕАЭО техникалық регламенттері әзірленуі тиіс болатындығын атап өтті. КО Комиссиясының №526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесіне енгізілген өнім үшін олардың қатынасында әлі де ЕАЭО тиісті техникалық регламенттері қабылданбаған, ЕАЭО мүше мемлекеттері ұлттық техникалық регламенттерді пайдаланбайды. Алайда, ЕАЭО мүше мемлекеттері КО Комиссиясының №526 шешімімен бекітілген, Бірыңғай тізбесіне енгізілмеген өнімнің қатынасында ұлттық техникалық регламенттерді қолданыла алмайды.

597. Қазақстан өкілі сондай-ақ, ЕАЭО туралы шартының 52-бабының 1-тармағына сәйкес ЕАЭО техникалық регламенттері КО Комиссиясының № 526 шешімімен қабылданған өнімнің Бірыңғай тізбесіне енгізілген өнімнің қатынасында әзірлене алады. Аталған тізім өнімнің 61-тобын қосады, оның ішінде: (i) машиналар мен жабдықтар; (ii) төмен вольтті жабдықтар; (iii) жоғары вольттік жабдықтар; (iv) газ тәрізді жанармайда жұмыс жасайтын аппараттар; (v) артық қысыммен жұмыс жасайтын жабдық; (vi) ауыл шаруашылық техникасы; (vii) жеңіл өнеркәсіп өнімі; (viii) ойыншықтар; (ix) темекі өнімі; (x) жиһаз өнімі; (xi) ыдыс пен орама; (xii) жануарлар үшін жемшөп; (xiii) жеке қорғаудың құрал-жабдықтары; (xiv) синтетикалық жұғыш жабдықтары; (xv) ас өнімі; (xvi) көмір және оны өндеу өнімдері және т.б. Аталған тізім жаңа қатерлерді табу кезінде Еуразиялық экономикалық Комиссиясының шешімімен кеңейтіле алады. Осылай, КО Комиссиясының № 526 шешімімен қабылданған Бірыңғай тізбес ЕЭК Кеңесінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 102 шешімімен өзгертілген. Атап айтқанда, КО Комиссиясының № 526 шешімімен қабылданған Бірыңғай тізбесіне тауарлардың алты тобы қосылған: (i) жанармай ретінде пайдалану үшін төмендетілген көмірсутек газдар; (ii) адамның терісімен байланысатын материалдар; (iii) азаматтық қорғаныс және табиғи және техногендік зілзалалардан қорғауға арналған өнімдер; (iv) пайдалану мен тасымалдау үшін дайындалған мұнай; (v) пайдалану мен тасымалдау үшін дайындалған жанатын табиғи газ; (vi) сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдау үшін магистральдік құбыр. Өнімнің бір тобы – жанармайдың балалмалы түрлері – КО Комиссиясының № 526 шешімімен қабылданған Бірыңғай тізбесінен жойылған болатын. Осылайша, қазіргі уақытта, Бірыңғай тізбесі 66 тауар тобын қосады. ЕАЭО тиісті техникалық регламенттері қабылданған емес болатын, сондықтан да № 526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесіне енгізілген өнім техникалық ұлттық

регламенттер пайдаланылады деп түсіндірді. ЕАЭО мемлекет мүшелері ұлттық деңгейде № 526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесіне енгізілмеген өніміне міндетті түрдегі талаптарды сақтай алмайды. № 526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесі 18 қосымшасында ұсынылған. Бірыңғай тізімге енгізілген бастапқыдағы өнімнің 61 топтарынан 47, ЕАЭО техникалық регламенттерін қабылдау және әзірлеу үшін өнімнің басым топтары сияқты анықталған. ЕАЭО бірінші кезектегі техникалық регламенттердің әзірлеу кестесі "Кеден одағының бірінші кезектегі техникалық регламенттерді әзірлеу кестесі туралы" КО Комиссиясының 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 492 шешімімен бекітілген болатын (бұдан әрі – КО Комиссиясының № 492 шешімі). 2012 жылдың соңына КО комиссиясының № 492 шешімімен қарастырылған ЕАЭО техникалық регламенттерінің 47 ішінен, 31 техникалық регламенті қабылданған (47 техникалық регламенттерінің ішінен). Сол уақытта әлі де әзірленбеген 16 техникалық регламент ЕЭК Кеңесінің 2012 жылғы 23 қазандағы №103 шешімімен (бұдан әрі – ЕЭК Кеңесінің №103 шешімі) бекітілген Кеден одағының 2012-2013 жылдарына арналған техникалық регламенттерін әзірлеуінің жаңа Жоспарына енгізілген болатын. Жаңа жоспар 29 техникалық регламенттердің әзірлеуін қарастырады. Қазақстан 7 техникалық регламенттерін әзірлеуіне жауапты. 2014 жылдың мамыр айына ЕАЭО 34 техникалық регламенттері қабылданған және 26 техникалық регламенттер күшіне енген. Қалған 8 техникалық регламенттер 2015 жылдың 15 ақпанына кеш емес мерзімде күшіне енеді.

598. Жұмыс тобының мүшесі КО Комиссиясының №526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбесіне өнімнің 61 тобын енгізу үшін қандай өлшемдер пайдаланғанын қызығушылық білдірді. Қазақстан өкілі ЕАЭО міндетті түрдегі талаптар белгіленген өнімнің Бірыңғай тізбесі, бизнестің өкілдерін және мүдделі тұлғаларды, сондай-ақ ЕЭК ұсынысын қоса отыра ЕАЭО мүше мемлекеттерінен ұсыныстарының негізінде қалыптасады деп жауап береді. Бастапқыда, өнімнің Бірыңғай тізбесін әзірлеу кезінде Кеден одағының шеңберінде міндетті түрдегі талаптар белгіленген болатын, оның негізіне сәйкес келудің міндетті түрдегі бағасына жататын ЕАЭО мүше мемлекеттердің өнімінің ұлттық тізімдері алынған болатын. Тізімге енгізу үшін өнімді анықтау мақсатында, ЕАЭО мүше мемлекеттері аталған өнім адамдардың өмірі және/немесе денсаулығы, қоршаған орта, сондай-ақ жануарлардың және өсімдіктердің өмірі және денсаулығы үшін көрсететін тәуекелді (ықимал қауіпті) бағалаудан өткізеді. Өнімнің жаңа топтары жаңа тәуекелді анықтаған жағдайында аталған тізімге енгізіле алады. Өнімнің Бірыңғай тізбесінің жобасын қалыптастыру кезінде көбінесе өзара қойылатын өнімге бейімделеді. ЕАЭО мүше мемлекеттері ұсынысының негізінде Еуразиялық экономикалық Комиссиясының Аккредиттеу және техникалық реттеу департаментімен әзірлеген Бірыңғай тізмінің Жобасы мүше мемлекеттерге келісуге бағытталады. Жоба ЕАЭО мүше мемлекеттерімен мақұлданғаннан кейін, Бірыңғай тізбенің жобасы техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды

пайдалану бойынша Консультациялық комитетінің отырысында қарастырылады. ЕЭК Комиссиясымен кейін мақұлданған жағдайында, тізім жобасы ЕЭК Алқасымен қарастыруға және одан кейін ЕЭК Кеңесімен бекітуге шығарылады. Бірыңғай тізбеге өзгерістерді енгізу (Бірыңғай тізбесінен/тізімге енгізу және алу), оны қабылдаудың тәртібіне ұқсас тәртіпте жүзеге асырылады.

599. ЕАЭО техникалық регламенттерінің күшіне енгізілген кезінен бастап тікелей әсері етеді және ЕАЭО мүше мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген тиісті ұлттық талаптары одан әрі аталған мүше мемлекеттердің аумақтарында пайдаланбайды. Аталған ережелерді жүзеге асыру мақсатында өнімдер үшін ұлттық техникалық регламенттер олардың қатынасында тиісті техникалық регламенттер қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жойылған болатын. ЕАЭО мүше мемлекеттері ЕАЭО техникалық регламенттерінде қарастырылған қосымша талаптарды белгілеусіз, сондай-ақ сәйкес келтіру бағасының қосымша рәсімдерін өткізусіз, ЕАЭО техникалық регламенттеріне сәйкес келетін өнімнің айналымында шығаруды қамтамасыз етеді. ЕАЭО техникалық регламенттеріне сәйкес бағалау нәтижелерін салыстыратындықты қамтамасыз ету мақсатында, ЕАЭО мүше мемлекеттері өлшемдерінің бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған келісілген саясатты өткізеді. 2014 жылдың мамырына Еуразиялық экономикалық комиссиясы бірінші кезектегі 34 техникалық регламентті қабылдаған, олар өндірушілер, импорттаушылар, экспорттаушылар оны пайдалануға дейін жаңа техникалық регламенттермен таныса алатын өтпелі кезен өткен соң 2015 жылдың 15 ақпанынан кеш емес мерзімде күшіне енеді. Осы уақытқа, ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағында қолданылатын барлық қалған ұлттық міндетті түрдегі техникалық талаптар ЕАЭО техникалық регламенттерімен ауыстырылатын болады немесе күшін жоғалтады.

600. Қазақстанда аккредиттеу, сертификаттау, стандарттау және техникалық реттеу саласында қатынастарды реттейтін ұлттық заңнамалық база "Стандарттау туралы" 1999 жылдың 16 шілдедегі № 433-1 Заңын және "Сертификаттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі № 434-1 Заңын ауыстырған "Техникалық реттеу туралы" заңымен негізделеді. Оның пікірінше, жаңа заңда Саудадағы техникалық кедергі бойынша ДСҰ келісімінің негізгі қағидаттары ескерілген, соның ішінде ұлттық режим, транспаренттілік стандарттар мен ұлттық техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде халықаралық стандарттарының ережелерінің пайдаланылуы басым. Аталған заң аккредиттеу және сәйкес келуді растау бойынша рәсімдерді, стандарттарды, техникалық регламенттерді әзірлеу үшін негізі болып табылады; қоғамның мүдделерін қорғау және мемлекеттік араласу теңгерімін қамтамасыз етеді. Заңның негізгі мақсаттары: (i) міндетті түрдегі техникалық регламенттерін қолдану арқылы өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; (ii) ерікті стандарттарын пайдалану арқылы өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауы болып табылады. Заң сондай-ақ ратификацияланған халықаралық келісімшарттар ұлттық заңнаманың үстінен басымдылығы бар екендігін қамтамасыз етеді. Аталған

саладағы қолданыстағы заңнамасы СӨШ бойынша келісімінің ережелеріне және "Техникалық реттеу туралы" заңына сәйкес келтіріледі. Осыған байланысты "Қазақстан Республикасының техникалық реттеу сұрақтары бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы" 2006 жылғы 29 желтоқсандағы №209 заңымен 33 заңнамалық актілерге өзгерістер енгізілген болатын. Бұдан басқа, төрт жаңа заң – "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі №306-III, "Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 302-III, "Машиналар мен жабдықтау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 305-III, "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 301-III заңдары қабылданды. Аккредиттеу саласында қазіргі уақытта "Сәйкес келуін бағалау саласында аккредиттеу туралы" 2008 жылдың 5 шілдесінде № 61-IV Заңы және "Сәйкес келуін бағалау саласында аккредиттеу сұрақтары бойынша кейбір заңнамалық актілерге толықтырулар мен өзгерістерді енгізу туралы" 2008 жылдың 5 шілдесінде № 62-IV Заңы қабылданды. Аталған заңдар халықаралық стандарттармен аккредиттеу бойынша, Аккредиттеу бойынша халықаралық форумның (IAF) және Зертханаларды аккредитациялау бойынша халықаралық кооперация (ILAC) стандарттарын қоса отыра, талаптарды аккредиттеу және үйлестіру саласында заңнамалық базаны құруға бағытталған. Оның пікірінше, техникалық реттеу саласындағы ұлттық заңнаманың ережелері саудада кедергілерді тудыра алмайды.

601. Қазақстан өкілі КО режимін 2010 жылдың 1 қаңтарынан құрылуымен, сондай-ақ ЕАЭО туралы шарттың 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енуімен техникалық реттеу саласында ЕАЭО және КО саясатын жүзеге асыратын КО және ЕАЭО құқықтық құжаттары Қазақстанда сәйкес келуін бағалау жүйесінің және стандарттардың, техникалық реттеудің жалпы құқықтық негізі ретінде "Техникалық реттеу туралы" заңын айтарлықтай деңгейде ауыстырды. Дегенмен, "Техникалық реттеу туралы" заңының кейбір ережелері КО және ЕАЭО тиісті құқықтық құжаттарына, оның ішінде КО Комиссиясының шешімдеріне қайшы келмеу бөлімінде күшінде сақталады. Қазақстанда стандарттардың қолдануы мен әзірлеуі, сәйкес келуінің бағасы, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, метрологиялық қадағалау мен жауапкершілік әдеттегідей келесі мәселелерге байланысты ЕАЭО режимінің шеңберінде ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын болады:

- СТК бойынша ДСҰ келісімнің (әзірлеу, қабылдау) және ұйымдардың стандарттарының мәнінде ұлттық стандарттар;

- Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бақылау мен қадағалау (тексеру);

- өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ету;

- техникалық регламенттерінің бұзылуы және өнімді ішкі нарықтан шығару;

- сәйкес келтіру декларациясының және сәйкес келтіру сертификаттарының, оның ішінде сертификаттар мен декларациялардың Бірыңғай тізбесінің ұлттық бөлімінің жүйелерін даму және қолдаудың ұлттық аспектілерін қарау;

- сертификаттау және ЕАЭО сынақ зерттеулері (орталықтары), оның ішінде сертификаттау және сынақ зерттеулер бойынша органдардың Бірыңғай тізбесінің ұлттық бөлімінің және аккредиттеу бойынша органдардың жүйесін даму мен қолдаудың ұлттық аспектілерін қарау;

- сәйкес келудің ерікті түрдегі бағасы;

- сәйкес келудің міндеті түрдегі бағалау саласында өтінім берушінің құқығы мен міндеттері;

- Үкіметтің техникалық реттеу саласындағы рәсімдер, ережелер және шығармашылығының үйлестіруі;

- Аталған мәселелерді ЕАЭО табыстау туралы шешімді қабылдауға дейін тиісті шараларын және техникалық регламенттерін бұзған жағдайында жауапкершілігін анықтау тәртібі;

- Қажетті айқындығын қамтамасыз ету;

- Техникалық реттеу саласындағы қаржыландыру.

602. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан 2010 жылдың 1 қаңтарынан кейінгі Қазақстанда заңнамалық актілердің өзге мәртебелері туралы айтып беруін сұрады. Қазақстан өкілі техникалық реттеу саласындағы ұлттық заңнама Кеден одағының заңнамасына 2015 жылдың 1 қаңтарынан кейін сәйкес келтіріледі деп атап өтті. Атап айтқанда, 2012 жылдың 10 шілдесіндегі Кеден Одағының заңнамасымен үйлестіру мақсатында "Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және метрология мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған. Заңмен Қазақстан Республикасының жиырма екі заңына және сегіз кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Заң, ЕАЭО техникалық регламенттерін әзірлеуіне және ЕАЭО ЕЭК техникалық регламенттерін қабылдау бойынша өкілеттіктерін тапсыруына байланысты техникалық регламенттерін қабылдау бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін алып тастады. Қазақстанның Үкіметі енді ЕАЭО техникалық регламентінің жобасын оның ЕЭК қабылдауының алдында тек қарастырады және құптайды. Заң сондай-ақ ЕАЭО заңнамасымен техникалық реттеу саласында терминдердің үйлесімін қарастырады. Атап айтқанда, "техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі", "техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің тізімі", "ерікті сертификаттау", "бірыңғай мемлекеттік қор", "сәйкес келуін растау саласында құжаттар", "стандарт", "сынақ зертханасы", "ұйымның стандарты" атты терминдер енгізілген және өзгертілген болатын. Оған қоса, заңмен "Техникалық реттеу туралы" Заңға жаңа ережелерді енгізген, олар ұлттық заңнамасын халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіруіне бағытталған ДСҰ-ға кіру барысының жүрісінде қабылданған міндеттерін

көрсетеді. Атап айтқанда, Ақпарат орталығы туралы жаңа бабы СӨШ бойынша келісіміне сәйкес хабарлама мен сұрау салу бойынша ақпараттық орталықты құру туралы міндетті көрсетеді. Заңның жаңа редакциядағы 24-бабы шет елдердің нормативтік құжаттарының, ұсыныстары мен басшылықтарын, халықаралық және өңірлік стандарттарының қолдануын қарастырады. Бұдан басқа, барлық қабылданған стандарттар туралы мәліметті қамтитын, нормативтік-техникалық құжаттар және техникалық-экономикалық мәліметтің жіктеушілері нормативті-техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қоры туралы жаңа бабымен "Техникалық реттеу туралы" Заңына № 31-IV заңымен енгізілген болатын. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап техникалық реттеу саласындағы КО өкілеттіктері ЕАЭО берілді.

(b) Ұйымдар

603. ЕАЭО туралы шарттың X тармағы мен 9-11 қосымшасы техникалық реттеу аясында өкілеттіліктің ауқымды көлемін ұлттық деңгейден ЕАЭО деңгейіне тапсыру қарастырылады. Атап айтқанда, аталған шартқа сәйкес, ЕАЭО әр мүше мемлекеті Комиссия өніміне міндетті талаптарды қою туралы мүмкіндіктерін қарастырады, яғни бұл салада өз еркімен міндеттемелер қоюға тыйым салынған. ЕАЭО техникалық регламентімен белгіленгеннен басқа, ешбір мүше мемлекет ұлттық деңгейде өздерінің қосымша талаптарын қоя алмайды.

604. 2012 жылдың 2 ақпанынан, 2011 жылғы 18 қарашада Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарт (бұдан әрі – Комиссия немесе ЕЭК) күшіне енгеннен бастап, КО Комиссиясының өкілеттілігі ЕЭК-ға берілді. 2012 жылдың 18 қарашасындағы ЕЭК туралы шартқа сәйкес, техникалық реттеу жөніндегі өкілеттіктер ықпалдастық үдерісі жалпы реттеу жүргізетін ЕЭК Кеңесі және ЕЭК орындаушы органы бола тұра әрі қарай ықпалдастық жағдайында ұсыныстар жасайтын ЕЭК Алқасының арасында бөлінген. ЕЭК Кеңесі келесі функцияларды атқарады:

- ЕЭК аясында міндетті талаптар қойылатын бірыңғай өнім тізімін бекіту және оны жүргізу тәртібі;
- ЕАЭО техникалық регламенттерді жасау жобасын бекіту;
- ЕАЭО техникалық регламенттерді қабылдау, өзгертулерді енгізу және жою;
- Сәйкестікке баға беру (бекіту) құжаттары бойынша бірыңғай нұсқаны бекіту (ЕАЭО техникалық регламентіне сәйкестік декларациясы, ЕАЭО техникалық регламентіне сәйкестік сертификаты);
- ЕАЭО техникалық регламентін жасау, бекіту, өзгерістер енгізу және жою режимін бекіту;
- ЕАЭО мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімдерді Бірыңғай белгіге айналдыруды бекіту;
- ЕАЭО мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімдерді Бірыңғай белгіге айналдыру туралы нұсқаулықты және оны пайдалану жолдарын бекіту.

ЕЭК Кеңесі шешімдерді консенсус жолымен қабылдайды. ЕЭК Алқасы дауыстың айқын басым көпшілігімен мыналарды бекітеді:

- халықаралық және өңірлік стандарттар тізімі, олар жоқ жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың, осыларды пайдаланған жағдайда ЕАЭО техникалық регламентінің талабы ерікті түрде қамтамасыз етіледі;

- халықаралық және өңірлік стандарттар тізімін, олар жоқ жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың құрылу тәртібі, осыларды пайдаланған жағдайда ЕАЭО техникалық регламентінің талабы ерікті түрде қамтамасыз етіледі;

- Сәйкестік бағаның (құптаудың) типті схемалары;

- ЕАЭО аясында міндетті талаптар қойылатын, ЕАЭО өнімдерінің кедендік аумаққа енгізілу тәртібі туралы нұсқаулық.

605. ЕЭК Алқасы ЕЭК Одағының шешімдерін жүзеге асыруға жауапты. Техникалық реттеу аясында оның жұмысы Техникалық реттеу және аккредитация департаментімен қамсыздандырылады. Оның үстіне, ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 7 наурыздағы № 11 шешімімен техникалық реттеу, санитариялық, мал дәрігерлік және фитосанитариялық шаралар бойынша Кеңесу Комитеті (бұдан әрі – Кеңесу Комитеті) құрылды. Кеңесу Комитеті ЕАЭО мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының келісілген жағдайларының негізінде техникалық реттеу, санитариялық, малдәрігерлік және фитосанитариялық шараларды қолдану аясындағы ЕЭК Алқасына ұсыныстар жасауды қамтамасыз ететін кеңесші орган болып табылады. Кеңесші комитет жанында кіші комитеттер құрылады, оның ішінде стандарттау және өлшеу бірлігін қамтамасыз ететін кіші комитет.

606. Қазақстан өкілі 2012 жылғы 1 маусымдағы КО Комиссиясын Еуразиялық экономикалық комиссиямен алмастыру Қазақстанның заңнамалық қорындағы техникалық реттеу аясында өзгерістерге әкелген жоқ деп сұраққа нақты жауап берді. ЕЭК құрылғаны Комиссия құрамында және шешім қабылдау үрдісінде өзгерістер ала келді.

607. Қазақстан өкілі техникалық реттеу жобасы ішкі жұмыстарға сәйкес халықаралық келісімдер мен шешімдерде қарастырылғандай, мүше мемлекеттерде үйлестіру үшін уәкілетті ұлттық органдармен ЕАЭО органдарына техникалық реттеу аясына тағайындалған болып көрсетіледі деп жауап берді. ЕАЭО аясында транспаренттікті қамтамасыз ету және координациялау қызметі КО Кеңесу комитетімен атқарылады, ол техникалық регламенттың жобаларын ЕАЭО мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алады, мәтіннің жобасын жасауды келістіреді және ЕАЭО мүше мемлекеттердің органдарының арасында пайда болған дауларды шешеді. Кеңесу комитеті Еуразиялық экономикалық комиссияның қолдауымен техникалық регламенттің жобасын әрі қарай көпшіліктің талқылауы мен ұсыныстарына

таратады және Еуразиялық экономикалық комиссияға ұсыныстарды қабылдауға жібермес бұрын техникалық регламенттің жобасы бойынша ұсыныстар мен сараптаманы дайындайды.

608. Ұлттық деңгейде Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу мен метрология комитеті (бұдан әрі – Комитет) техникалық реттеу аясында уәкілетті орган болып табылады. Оның уәкілеті "Техникалық реттеу туралы" Заңның 7-бабында анықталып өзгелер арасында мына: (i) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін жасауға қатысу, (ii) техникалық реттеу аясында мемлекеттік саясатты тарату, (iii) техникалық реттеу аясында мемлекеттік органдар, жеке меншік немесе заңды тұлғалардың жұмысын салааралық координациялау, (iv) Қазақстан Республикасын стандарттау, сәйкестік бағасы және аккредитациялау бойынша аймақтық және халықаралық мекемелерде көрсету, (v) техникалық регламенттердің талабын орындаудағы мемлекеттік бақылау бойынша жұмыстарын ұйымдастыру және біріктіру, (vi) ұлттық стандарттарды іске қосу, жою, өзгертулер енгізу, тіркеу, верификациялау, бекіту, жасау жұмыстарын анықтау, (vii) сәйкестік сертификатының және сәйкестік декларацияларының ұлттық нысанын орнату мәселелерін қамтиды. Комитеттің үш ведомствалық ұжымы бар: Метрология институты, Стандарттау және сертификаттау институты және Ұлттық аккредитациялау орталығы. Метрология институты ұлттық институт болып табылады, оның негізгі мақсаты халықаралық талапқа сай өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ету үшін метрология аясында нормативтік құжаттардың техникалық (эталондық) қорды одан әрі жақсарту. Стандарттау және сертификаттау институты өнімнің, көрсетілетін қызмет пен жұмыстардың сапасын мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында техникалық реттеу саласында нормативтік-құқықтық базаны халықаралық талапқа сай үйлесімді ету, әзірлеу мен жетілдіруді мақсатында құрылған. Ұлттық орталық "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредитациялау туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңға сәйкес өз қызметін атқаратын аккредитация бойынша ұлттық орган болып табылады.

(с) Техникалық регламенттер, халықаралық және ұлттық стандарттар мен сәйкестікті бағалау рәсімдері

- (i) Техникалық регламенттер

609. ЕАЭО-ның техникалық регламенттері адамдардың өмірін немесе денсаулығын, малдардың және өсімдіктердің тіршілігін немесе денсаулығын, мүлікті, және қошаған ортаны энергетикалық тиімділік пен ресурсты үнемдеуді қамтамасыз ету; және тұтынушыларды шатастыруы мүмкін (ЕАЭО туралы шарттың 52-бабының 1-тармағы) тәжірибенің алдын алу мақсатында ғана ЕАЭО қабылданады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО-ның техникалық регламенттерін өзге мақсаттарда қабылдай алмайды. ЕАЭО-ның техникалық регламенттері өнімге және өнімді өндірумен байланысты процестерге: әзірлеу, өндіру, монтаждау, техникалық қызмет көрсету, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне, сондай-ақ

сәйкестікті бағалау нысандары мен схемаларын анықтау қағидаларын белгілейді, сонымен бірге терминологияға, орамға, таңбалауға қойылатын талаптарды және санитариялық талаптар мен рәсімдерді, сондай-ақ жалпы сипатқа ие ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық талаптарды қамтуы мүмкін. ЕАЭО-ның техникалық регламенттері Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың (ЕурАзЭҚ) Мемлекетаралық кеңесінің 2006 жылғы 21 қазандағы № 321 шешімімен бекітілген үлгілік құрылым бойынша ұсынымдарға сәйкес әзірленуі тиіс, техникалық регламенттер ЕурАзЭҚ органдары арқылы әзірленбесе де, ол ұсынымдар осы күнге дейін қолданысты, өйткені ЕАЭО шеңберінде техникалық регламенттердің моделдік құрылымы бойынша ұсынымдар қабылданбады. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шартқа № 9 Қосымшаның 3-тармағы мұндай құжаттар болмаған немесе ЕАЭО-ның техникалық регламенттерінің мақсаттарына, оның ішінде климаттық және географиялық факторлар не технологиялық және басқа да ерекшеліктер салдарынан сәйкес келмеген жағдайларды қоспағанда, ЕАЭО-ның техникалық регламенттерін әзірлеу үшін негіз ретінде тиісті халықаралық стандарттар және басқа құжаттар (мысалы, қағидалар, директивалар мен ұсынымдар, не халықаралық стандарттау жөніндегі ұйымдар қабылдаған басқа да құжаттар) қолданылатынын белгілейді деп растады. Мүше мемлекеттер аумағында техникалық регламенттерді әзірлеу, қабылдау, өзгерту және оның күшін жою туралы ережені белгілейтін "Кеден одағы комиссиясының техникалық реттеу саласындағы нормативтік актілері туралы" Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 527 шешімі ЕЭК Кеңесінің №48 шешімімен бекітілген жаңа Ережемен алмастырылды. Жаңа Ереже жария талқылау рәсімін, жария талқылау кезінде ұсынылған ұсыныстар мен ескертпелерді ескере отырып, техникалық регламенттің жобасын дайындауды қоса алғанда, техникалық регламенттер жобасын әзірлеу бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі ережелерді белгілейді. Бұдан кейін ол, ЕурАзЭҚ бүгінгі күні ЕАЭО-ның техникалық реттеуінде ешқандай функцияларды атқармайтынын атап өтті. ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерін әзірлеу "Кеден одағының техникалық реттеу жүйесінің негізінде ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою туралы" ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің 2011 жылғы 19 қазандағы № 575 шешімімен тоқтатылды. Қазіргі кезде тек қана ЕАЭО-ның техникалық регламенттері әзірленуде.

610. Қазақстан Республикасының өкілі ЕАЭО-ның техникалық регламенттері ЕЭК Кеңесінің №48 шешіміне сәйкес Техникалық регламенттерді әзірлеу жоспарына сәйкес әзірленді деп түсінктеме берді. Аталған жоспар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен келісілген, ЕАЭО-ға немесе ЕЭК-ке мүше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде қалыптастырылады және ЕЭК Кеңесімен бекітіледі. Техникалық регламенттерді әзірлеу жоспарында техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеуге жауапты ЕАЭО-ға мүше мемлекет (немесе Комиссия) анықталады. Техникалық регламент

жобасын әзірлеуге жауапты мүше мемлекетті техникалық регламент жобасын әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган (бұдан әрі – техникалық регламент жобасын әзірлеуші) анықтайды. ЕАЭО-ға барлық мүше мемлекеттер техникалық регламент жобасын әзірлеуге қатысатын мемлекеттік органдарды анықтайды. Мемлекеттік орган техникалық регламент әзірленетін саладағы аталған органның тиісті құзыреті назарға алына отырып анықталады. Қазақстанда Техникалық реттеу және метрология комитеті "ЕАЭО-ның техникалық регламенттерін әзірлеуді мемлекеттік органдарға бекіту туралы" құжаттың жобасын әзірледі. Аталған құжаттың жобасы мемлекеттік органдарға келісуге жіберіледі, содан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 маусымдағы № 558 қаулысымен құрылған Техникалық реттеу және метрология мәселелері жөніндегі комиссияның хаттамасымен бекітіледі. Бүгінгі күні Қазақстан ЕАЭО-ның тоғыз техникалық регламенттерін әзірледі, онда мынадай мемлекеттік органдар техникалық регламентті әзірлеушілер ретінде тағайындалды:

- Астық қауіпсіздігі туралы – Ауыл шаруашылығы министрлігі;
- Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы – Ауыл шаруашылығы министрлігі;
- Лифтілердің қауіпсіздігі туралы – Ішкі істер министрлігі;
- Жарылғыш заттар мен солардың негізіндегі бұйымдардың қауіпсіздігі туралы – Ішкі істер министрлігі;
- Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы – Ішкі істер министрлігі;
- Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы - Энергетика министрлігі;
- Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігі туралы – Инвестициялар және даму министрлігі;
- Мамандандырылған тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің, оның ішінде диеталық емдік және диеталық профилактикалық тағамдардың қауіпсіздігі туралы – Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі; және
- Тамақ қоспаларының, хош иістендіргіштер мен технологиялық қосалқы құралдардың қауіпсіздігі туралы – Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі

611. Техникалық регламент жобасын әзірлеуші ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ұсыныстарына негізделген бірінші жобаны дайындап, техникалық регламент жобасын әзірлеу бойынша жұмыс тобын құруда. Жұмыс тобының құрамына стандарттау, өнеркәсіп жөніндегі органдар және бизнес-қауымдастық өкілдері кіреді. Техникалық регламент жобасын әзірлеуші ЕЭК-ке және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді Жұмыс тобының құрылғаны және оның құрылымы туралы хабардар етеді.

612. Нақты қойылған сұраққа Қазақстанның өкілі былай деп жауап берді: ЕАЭО-ның ресми рәсіміне сәйкес ЕАЭО-ғы мүше мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары техникалық регламенттер жобасын және оларды әзірлеу бойынша тиісті материалдарды ұсына алады, бірақ, олар ЕАЭО-ның техникалық регламенті жобасының ресми әзірлеушісі ретінде қатыса алмайды. "Техникалық реттеу туралы" Заңның 25-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар жұмыс тобына қатыса алады және техникалық регламент жобасын әзірлеуге жауапты ұлттық органға техникалық регламент жобасы бойынша өздерінің ұсыныстарын, өздерінің техникалық регламенттерін ұсына алады. Бұдан басқа, жеке және заңды тұлғалар Техникалық реттеу комитетіне техникалық реттеу саласындағы техникалық регламенттерді және стандарттарды, нормативтік актілер жобасын әзірлеу, өзгертулер енгізу, күшін жою бойынша өздерінің ұсыныстарын бере алады. Оларды қарағаннан кейін Техникалық реттеу комитеті ЕЭК-ға Қазақстан атынан консолидандырылған ұсыныстардың шоғырландырылған нұсқасын жібереді.

613. Техникалық регламент жобасын әзірлеуші техникалық регламент жобасының бірінші редакциясын әзірлеуді аяқтағаннан кейін ЕЭК-қа жобаны, түсіндірме жазбаны және техникалық регламент жобасын әзірлеу туралы хабарламаны (электрондық түрде және қағаз жеткізгіште) жібереді. Техникалық регламент жобасына түсіндірме жазбада мыналар:

- техникалық регламентті қабылдаудың мақсаттары;
- техникалық реттеу нысанының құрылымы мен жалпы сипаттамасы;
 - кәсіпкерлік және өзге қызмет субъектілерінің негізгі топтары, мүдделері техникалық регламентпен қозғалатын өзге мүдделі тұлғалар;
 - халықаралық, өңірлік және ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесі, басқа құжаттардың талаптары (ережелер, директивалар мен ұсынымдар және халықаралық ұйымдармен қабылданған басқа да құжаттар), ал олар болмаған жағдайда – өңірлік құжаттар (регламенттер, директивалар, шешімдер, ережелер және басқа құжаттар), ұлттық техникалық регламенттер негізінде әзірленген техникалық регламент жобасының тізбесі;
 - оларды еншізудің қысқаша негіздемесі бар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумақтарында қолданылатын халықаралық ережелерден, өңірлік стандарттардан немесе міндетті талаптардан өзгеше талаптар;
- техникалық регламент жобасының өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету саласындағы талаптарға сәйкестігі туралы ақпарат;
 - техникалық регламентті көздеген талаптарды енгізудің болжалды мерзімі көрсетіледі.

Техникалық регламент жобасын әзірлеу туралы хабарлама белгіленген нысанға сәйкес жасалады және келесі мәліметтерді қамтуы қажет:

- жобаны әзірлеуге жауапты мүше мемлекет;

- жобаны әзірдеуге жауапты ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы (техникалық регламентті әзірлеуші);

- техникалық регламент атауының жобасы;
- техникалық реттеу объектісі;
- техникалық регламентті әзірлеу мақсаты;
- техникалық регламентті әзірлеу негіздемесі;
- жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды ұсыну үшін поштаның мекен-жайы, телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық адрес;

- жария талқылауды аяқтаудың болжалды күні (жобаға ескертпелер мен ұсыныстарды ұсынудың соңғы күні).

ЕЭК осы құжаттарды мүше мемлекеттерге аталған материалдарды алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде жібереді.

614. ЕЭК техникалық регламент жобасының бірінші редакциясы мен оған құжаттар жиынтығын Консультативтік комитеттің отырысында қарауды қамтамасыз етеді. Консультативтік комитет қарау нәтижесі бойынша Хаттамамен рәсімделетін техникалық регламент жобасын жарияталқылаудың болу мүмкіндігін, басталу күні мен мерзімі туралы шешім қабылдайды. Қажет болған жағдайда техникалық регламент жобасын әзірлеуші Консультативтік комитет белгілеген мерзімі ішінде техникалық регламент жобасын және оған құжаттар жиынтығын пысықтауды жүзеге асырады.

615. Техникалық регламент жобасы бойынша хабарлама Комиссияның ресми (<http://www.eurasiancommission.org/en/act/techreg/deptexreg/tr/Pages/projectsPublic.aspx>), Техникалық реттеу мен метрология комитетінің (<http://www.memst.kz/en/discussion/discTRTS/index.php>), СТК және СФС жөніндегі Ақпараттық орталықтың веб-сайтында (<http://wto.memst.kz/en/information/distrts/index.php>), және "СТК мен СФС бойынша ақпараттық орталықтың жаршысы" ресми басылымында жарияланады. Ақпараттық орталық ДСҰ-ны халықаралық саудаға ықпалын тигізетін, техникалық регламент жобасы туралы, ол жария талқылау үшін жарияланып жатқан кезде хабардар етіп отырады. Бұл екі тетік арқылы түсініктемелерді алу процесін үндестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан өкілінің айтуы бойынша, ДСҰ хабарлармасында белгіленген орындау мерзімі жария талқылау кезеңінен асып кеткен жағдайда, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ДСҰ мүшелерінен алған түсініктемелерді қарауды жалғастыра береді.

616. Техникалық регламент жобасын жария талқылау мерзімі (әзірлеу туралы хабарлама жарияланған кезден бастап жария талқылау уақыты аяқталғаны туралы хабарлама жариялағаннан кезге дейін) 60 күнтізбелік күннен кем болмауы керек. ЕЭК-тің ресми веб-сайтында техникалық регламенттің жобасын жария талқылау аяқталғаны туралы хабарлама орналастырылған күн жария талқылау аяқталған күн болып табылады. ЕЭК жария талқылау барысында мүдделі тараптардан алынған ұсыныстар мен пікірлерді ресімдеп, оларды техникалық регламент жобасын әзірлеушіге жібереді.

617. Техникалық регламент жобасын әзірлеуші Комиссиядан пікірлер жиынтығын алған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде жария талқылау кезінде алынған пікірлер мен ұсыныстарды назарға ала отырып, техникалық регламент жобасын және онымен байланысты құжаттарды пысықтайды. Техникалық регламенттің пысықталған жобасын, Жұмыс тобы отырысының хаттамасын, сондай-ақ пікірлер жиынтығын ЕЭК-ке жіберіледі. ЕЭК техникалық регламент жобасын тиісті құжаттармен мемлекетішілік келісулерді жүргізу үшін мүше мемлекеттерге жібереді және Комиссияның ресми веб-сайтына орналастырады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер техникалық регламент жобасын мемлекетішілік келісімдердің нәтижесі бойынша Консультативтік комитетке жіберіледі, ол оны ЕЭК Алқасына бекіту үшін ұсынады. Техникалық регламент жобасы мен тиісті құжаттарды, сондай-ақ келіссөздер арқылы реттелмеген келіспеушіліктерді ЕЭК Алқасы қарайды. Қараудан кейін ЕЭК Алқасы техникалық регламент жобасын тиісті құжаттарды қоса не ЕЭК Кеңесіне бекітуге не техникалық регламент жобасын әзірлеушіге пысықтау үшін жібереді. ЕЭК Кеңесі өз отырысында техникалық регламент жобасының соңғы редакциясын қабылдайды.

618. ЕЭК Кеңесінің техникалық регламентті қабылдау туралы шешімі, ЕЭК Алақсының техникалық регламент жобасын бекіту туралы шешімі және ЕЭК Алқасының техникалық регламенттің күшіне ену тәртібі туралы шешімі ЕЭК-тың ресми сайтында орналастырылады. Техникалық регламент бойынша тізілімді жүргізуді ЕЭК жүзеге асырады. СТК және СФС бойынша Қазақстанның ақпараттық орталығы СТК жөніндегі ДСҰ келісімінің 10-бабында көзделгендей, ДСҰ мүшелеріне сұрау салуы бойынша техникалық регламенттің көшірмесін жібере алады.

619. Мүшенің "Техникалық реттеу туралы" Заңның техникалық регламент жобасын әзірлеушілердің функционалдық міндеттерін анықтауда қандай рөл атқаратындығын түсіндіру жөніндегі сауалына, Қазақстан өкілі, "Техникалық реттеу туралы" Заң техникалық регламенттерді әзірлеудің жалпы ережелерін қамтитындығын айтты. Заңға сәйкес міндетті қағидалар мен нормаларды әзірлеуге уәкілетті мемлекеттік органдар, техникалық регламенттерді әзірлеу, өзгерістер енгізу немесе күшін жою бойынша ұсыныстар дайындайды, мүдделі тараптардың ұсыныстарын назарға алады, және Техникалық реттеу комитетіне жібереді. Заң техникалық регламент жобасын әзірлеушілерге мынадай функционалдық міндеттерді белгілейді:

- техникалық регламенттер жобасын әзірлеу бастаған кезден бастап бір айдан кешіктірмей ресми басылымдарда немесе қоғамдық ақпараттық жүйелерде техникалық регламенттер жобасын әзірлеу, техникалық регламенттерге өзгерістер енгізу және/немесе олардың күшін жою туралы, техникалық регламенттерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы хабарламаны жариялау қажет;

- техникалық регламент жобалары бойынша жария талқылауды ұйымдастыру;
- алынған түсініктемелерді ескере отырып, техникалық регламенттерді қайта қарау;

- техникалық регламенттерді құзыретті органның ресми басылымдарында және оның қоғамдық ақпараттық жүйелерінде жариялау;

- мүдделі тараптардың талабы бойынша жария талқылау кезінде алынған түсініктемелерге жауап беру.

620. Қазақстан Республикасының өкілі, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО-ның техникалық регламенттері белігленген талаптардан басқа, ұлттық деңгейде қосымша міндетті талаптарды қоя алмайтынын түсіндірді. Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстанда ұлттық техникалық регламенттер әзірленбейді. "Техникалық реттеу туралы" Заңның ережелері ЕАЭО туралы шарттың ережелеріне және Комиссия шешіміне қайшы келмейтін дәрежеде ғана қолданылады. Заңда өнімге: (i) адамдардың өмірі мен денсаулын, қоршаған ортаны, ұлттық қауіпсіздікті қоғауды қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ тұтынушыларды өнімнің қауіпсіздігіне қатысты жаңылыстыруға әкеп соғатын іс-әрекеттердің алдын алуға; және (ii) өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған процестерге міндетті талаптар көзделген. Техникалық регламенттер өнімге және процестерге міндетті талаптарды белгілейді, мұндай талаптардың толық тізбесін қамтиды және тікелей әрекет ету мәртебесіне ие болады. Осы талаптар өнімнің шығарылған мемлекеті немесе жасалған жеріне қарамастан, бірдей жағдайларда және тең шамада қолданылады. Техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде негіз ретінде халықаралық және аймақтық стандарттар қолданылады. Сонымен қатар, техникалық регламенттер саудадағы техникалық кедергілерді жоюға және өнімнің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

621. Жұмыс тобы мүшесінің қазақстандық заңдарды міндетті талаптар ретінде белгілі бір "қағидалар жиынтығына" сілтеме жасайды ма деген сұрағына, Қазақстан өкілі Қазақстанның ұлттық заңнамасында "қағида жиынтығына" сілтеме жоқ деп жауап берді.

622. Нақты қойылған сұраққа Қазақстан өкілі, Қазақстанда телекоммуникация және атомдық энергия саласындағы техникалық талаптар "Техникалық реттей туралы" Заңмен реттелетінін айтты. Тыныс-тіршілік өніміне/немесе процестеріне міндетті талаптар келесі ұлттық техникалық регламенттерде белгіленген:

- Атом энергиясы саласында: "Атом станцияларының атомдық және радиациялық қауіпсіздігі" Үкіметтің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 683 қаулысымен бекітілген; "Ядролық қондырғыларда зерттеудің атомдық және радиациялық қауіпсіздігі" Үкіметтің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 684 қаулысымен бекітілген; "Атомдық және радиациялық қауіпсіздік" Үкіметтің 2010 жылғы 30 шілдедегі № 768 қаулысымен бекітілген.

Телекоммуникация саласында: "Қауіпсіздіктің жалпы талаптары, жедел іздестіру іс-шаралары өткізу кезінде телекоммуникациялық жабдыққа қойылатын функционалдық және техникалық талаптар" Үкіметтің 2010 жылғы 6 тамыздағы № 805 қаулысымен бекітілген.

(ii) 2004 жылғы 9 қарашадағы Техникалық реттеу туралы № 603-II Заңда көзделмеген техникалық талаптар

623. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстанда "Техникалық реттеу туралы" Заңмен реттелмейтін міндетті техникалық талаптар туралы, сондай-ақ аталған саладағы Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰкелісімінің талаптары қалай қолданылып жатқаны туралы толық ақпарат беруді сұрады. Бұл сұраққа Қазақстан өкілі, азаматтық авиация саласындағы қауіпсіздік талаптары "Техникалық реттеу туралы" Заңмен реттелмейді және азаматтық авиация саласындағы ұлттық заңнамамен реттеледі деп жауап берді. Қазақстан 1992 жылдан бастап Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (бұдан әрі – ИКАО) және Азаматтық авиация және әуе кеңістігін пайдалану туралы ТМД мемлекетаралық келісімінің (МСГ) қатысушысы болып табылады. Осыған орай, Қазақстан өзінің ұшу жарамдығы және сертификаттау процесі талаптарын қоса алғанда, азаматтық әуе кемелерін сертификаттау бойынша талаптарын ИКАО және МСГ халықаралық талаптарына негіздеді. ИКАО халықаралық стандарттарына сәйкес Қазақстан "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңын әзірледі. Аталған Заңның 16-бабы мен 5-тарауы азаматтық авиация саласындағы сертификаттау бойынша негізгі мақсаттар мен талаптарды қамтиды. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау әуе кемелерінің, әуеайлақтардың және авиатехниканың қызмет ету мерзімінің сәйкестігін (ұшу жарамдығын сертификаттау, азаматтық әуе кемесінің түрін сертификаттау, азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттау), әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растауды қамтиды. Сертификаттауды азаматтық авиация саласындағы құзыретті орган – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті жүзеге асырады.

624. Азаматтық әуе кемелері ұшуға жарамды болуға және "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығының нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 шілдедегі № 859 қаулысымен бекітілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін ұшуға жарамдылықты растайтын қолданыстағы сертификат болған жағдайда пайдалануға жіберілуі тиіс. Шет мемлекеттер берген азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы туралы сертификаттары Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрінің м.а. 2011 жылғы 3 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген, Азаматтық әуе кемесінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификаттарын тану қағидасына сәйкес танылады.

625. Қазақстан өкілі, 2009 жылғы 9 қарашада № 603 "Техникалық реттеу туралы" (2013 жылғы 3 желтоқсандағы соңғы өзгерістермен) Заңда және басқа ұлттық заңнамада, тиісті келісімдерде және КО-ның басқа актілерінде, ЕАЭО туралы шартта, Комиссия

тиісті шешімдерінде және ЕАЭО-ның басқа құқықтық құжаттарында көзделгендей техникалық регламент ретінде қолданылатын талаптарды қоса алғанда, Қазақстанның аумағында тауарларға қойылатын барлық техникалық талаптар Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰкелісіміне сәйкес "техникалық регламенттер" деген анықтамаға сай келетін дәрежеде Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰкелісімінің қағидаттарына, әсіресе транспаренттілікке, болжамдылыққа және саудадағы артық кедергілерді жасаудың алдын алуға қатысты қағидаттарға сәйкес болатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

- (iii) Ерікті ұлттық және халықаралық стандарттар

626. Стандарттарға қатысты ол, "Техникалық реттеу туралы" Заңға сәйкес стандарттар өнімнің немесе қызмет көрсетудің шығарылған жеріне қарамастан тең шаамада ерікті негізде қолданылатынын атап өтті. Сонымен қатар, әртүрлі стандарттарды қолдану қарастырылған (халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарды қоса алғанда), халықаралық стандарттардың өзге стандарттар алдында басымдылығы бар. Ұлттық стандарттарды әзірлеу кезінде мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімсіз немесе қолайсыз болып табылатын жағдайларды қоспағанда, негіз ретінде халықаралық стандарттар мен шет мемлекеттер стандарттары қолданылады. Ұлттық стандарттар Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартына СТ РК 1.2 – 2008 "Ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды және ұйым стандарттарын әзірлеу тәртібі" және ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі орынбасарының 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 40 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік стандарттарды техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптама жасау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу ережелеріне сәйкес қайта қаралады және күші жойылады. Қазақстан өкілі техникалық реттеу комитеті технологиялық реттеу, метрология және сәйкестікті бағалау саласындағы жұмысты ұйымдастыруда және мен стандарттарды бекітуге жауапты жалғыз уәкілетті мемлекеттік орган болып табылатынын атап өтті.

627. ҚР 1.2-2008 ұлттық стандартына сәйкес ұлттық стандарттармен қойылатын талаптар мыналарға: 1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижеслеріне; 2) патенттік зерттеулерге, 3) халықаралық, өңірлік немесе ұлттық стандарттардың ережелеріне және шет мемлекеттер ережелеріне және/немесе, 4) отандық және шетелдік ғылым, техника және технологиялардың соңғы жетістіктері туралы өзге ресми ақпаратқа негізделуі тиіс. Ұлттық стандарттар стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді қоса алғанда, құзырына енетін органдардың жоспары Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларымен техникалық реттеу саласында құзыретті орган бекіткен мемлекеттік стандарттау жоспарына және құзыретін стандарттау жөніндегі объектілер кіретін органдардың

жоспарына сәйкес әзірленуі мүмкін. Ұлттық стандарттар жоспардан тыс әзірленуі мүмкін. Бұл жағдайда, қайталануды болдырмау үшін ұлттық стандарттарды әзірлеу туралы ақпарат техникалық реттеу саласындағы құзыретті органға ұсынылуы тиіс.

628. Ұлттық стандарттар мемлекеттік органдардың, өндірушілердің және өнімді тұтынушылардың, мемлекеттік емес ұйымдардың және басқа да мүдделі тараптардың сұрауы бойынша әзірленуі мүмкін. Құзыретті орган ұлттық стандартты әзірлеушімен ұлттық стандартты әзірлеу туралы келісімшарт жасасады. Әзірленіп жатқан ұлттық стандарттар туралы ақпарат техникалық реттеу саласындағы құзыретті органның ресми веб-сайтында орналастырылуы керек. Ұлттық стандартты әзірлеуші ұлттық стандарттың бірінші редакциясын әзірлейтін жұмыс тобын құрады. Ұлттық стандарт жобасы мен түсіндірме жазба техникалық реттеу саласындағы құзыретті органның ресми веб-сайтында орналастырылады және мүдделі тараптарға қарау және түсініктемелер беру үшін жіберіледі. Мүдделі тараптардың қарау мерзімі 60 күнтізбелік күнді құрайды. Әзірлеуші мүдделі тараптардан келіп түскен ұсыныстар мен пікірлерді ескере отырып, ұлттық стандарттың түпкілікті редакциясын дайындайды. Әзірлеуші стандарттың жобасын мақұлдайды және оны техникалық жүйелеу саласындағы құзыретті органға бекітуге жібереді.

- (iv) Қазақстанның міндетті ұлттық стандарттарының күшін жою

629. Кейбір мүшелер ДСҰ-ның ережелеріне сәйкес келмейтін міндетті ұлттық стандарттарды жою туралы ақпаратты беруді сұрады. Жұмыс тобының мүшелері мұндай стандарттарды жою бойынша нақты жоспардың бар-жоғына қызығушылық танытты.

630. "Техникалық реттеу туралы" Заңға сәйкес белгілі бір өнімге техникалық регламент күшіне енбеген жағдайда, сәйкестікті растау мақсатында өндірушілер техникалық реттеу мақсаттарына сай келетін халықаралық, өңірлік (мемлекетаралық) немесе ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды пайдалана алады, деп жауап берді Қазақстан өкілі. Бұл жағдайда өндіруші таңдап алған стандартқа сәйкестік аталған өндірушіге міндетті болып табылады. Тиісті техникалық регламентті қабылдаған сәттен бастап, таңдап алынған стандарт ерікті түрде қолданыла алады. Қайшы келетін ережелерді қамтитын стандарттар техникалық регламентке сәйкестікті растау мақсатында пайдаланылмайды және жарамсыз болып табылады.

631. Кейбір мүшелердің Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін өзінің техникалық реттеу және стандарттар жүйесін ДСҰ талаптарына сәйкестендіруі туралы сауалына, Қазақстан өкілі, ДСҰ-ға енгеннен кейін тиісті халықаралық стандарттар не олардың тиісті бөліктері, Саудадағы техникалық кедергілер туралы келісімде қарастырылғандай, заңды мақсатқа жету үшін жарамсыз не тиімсіз болған жағдайларды қоспағанда, техникалық регламентті әзірлеу үшін қолданылатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені ескерді.

632. Жұмыс тобының бір мүшесі ұсынылған міндеттемені қолдады және СТК бойынша ДСҰ келісімінің талаптарына сәйкес келмейтін, кез келген стандарттар, техникалық регламенттерді немесе сәйкестікті бағалау процесін өзгеру немесе күшін жою жөніндегі міндеттемені көрсетуі тиіс деген өзінің пікірін ортаға салды. Аталған мүше, егер ДСҰ-ға сәйкес келмейтін міндетті стандарттардың бәрі күшін жоймаса, Қазақстан осы міндеттемені қалай орындайтыны туралы, сондай-ақ осы міндетті стандарттар ерікті болатындығы туралы қосымша ақпарат беруді өтінді.

633. Осы сауалға Қазақстан өкілі, Қазақстан ЕАЭО-ға басқа мүше мемлекеттермен бірге ДСҰ ережелеріне сәйкес келмейтін міндетті стандарттарды алмастыратын техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша жұмыстарды белсенді түрде жүргізіп жатыр деп жауап берді. Сонымен, міндетті талаптарды қамтитын қазіргі қолданыстағы стандарттар КО Комиссиясының № 492 шешімімен және ЕЭК Кеңесінің № 103 шешімімен көзделген техникалық регламенттерді қабылдау кестесі және жұмыс жоспары негізінде ЕАЭО техникалық регламенттерін үндестіру процесінде ЕАЭО техникалық регламенттерімен алмастырылады. Оларды ЕАЭО-ның техникалық регламенттеріне алмастырғанға дейін міндетті талаптарды қамтитын стандарттар: адамның өмірі мен денсаулығын қорғауды; қоршаған ортаны және жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігі мен денсаулығын сақтауды, ұлттық қауіпсіздік ережелерін; тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін тәжірибенің алдын алуды; энергия тиімділікті (барлық көрсетілген мақсаттар "Техникалық реттеу туралы" Заңда көзделген) қамтамасыз ететін дәрежеде жұмыс жасайды. Сонымен қатар, Үкімет мұндай ұлттық стандарттарды СТК бойынша ДСҰ келісіміне 1-қосымшадағы аталған терминнің анықтамасына сәйкес "техникалық регламенттер" ретінде қарастырады. Сонымен қатар, ол, ДСҰ талаптарына қайшы келетін ұлттық стандарттар оларды халықаралық стандарттармен үндестіру мақсатында қайта қарастырылады деп мәлімдеді. Бүгінгі күні Қазақстанның ұлттық (мемлекеттік) стандарттарының жалпы саны 4 627 құрайды, оның ішінде 3 323 халықаралық стандарттармен үндестірілген. Осылайша, ұлттық стандарттардың 72 % халықаралық стандарттармен үндестірілген. Сонымен қатар, "Техникалық реттеу туралы" Заңның 4-бабының 5-тармақшасы халықаралық стандарттардың басымды қолдануды бекітеді.

634. Қазақстан Республикасының өкілі, қазіргі кезде Қазақстанда қолданылып жатқан және міндетті талаптарды қамтитын барлық стандарттарды ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес қолданылатынын растады. Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес болмаған жағдайда, осындай стандарттар 2012 жылғы 20 маусымдағы ЕЭК Кеңесінің № 48 шешімімен бекітілген "Кеден одағы техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу және олардың күшін жою тәртібі туралы ережеге" және де ұлттық заңнамада көзделген тәртіпке сәйкес өзгертілетін болады. Мүдделі тараптар мен мүшелердің Саудадағы техникалық кедергілер

жөніндегі ДСҰкелісіміне осындай міндетті талаптардың сәйкестігіне қатысты кез келген алаңдаушылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында және ЕАЭО-ның техникалық регламенттерінде белгіленген тетіктер мен рәсімдер аясында тиісті және тиімді түрде қаралатын болады. Ол, осы рәсімдер ұсынатын мүмкіндіктер туралы ақпарат мүдделі тараптар мен мүшелерге, оның ішінде СТК және СФС бойынша Ақпараттық орталықта қолжетімді болатындығын қоса айтты. Сондай-ақ ол, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап хабарламаға қатысты талаптарды қоса алғанда, Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰкелісімінің барлық талаптарын орындайтынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

- (v) Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеуді қоса алғанда, сәйкестікті бағалау рәсімдері

635. Аккредиттеу ЕАЭО-ның сертификаттау жөніндегі органдарының және сынау зертханаларының бірыңғай тізіліміне енгізілген сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарға (бұдан әрі – Біртұтас тізілім), Қазақстан аумағында және ЕАЭО-ның негізгі басқа аумақтарда қабылданатын, өзінің аккредиттеу шегіндегі сәйкестікті бағалау жөніндегі құжаттарды беруге құқық береді. ЕАЭО туралы шартқа № 11 қосымшаның 4-тармағы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдардың жауапкершілігін анықтайды: 1) аккредиттеу жөніндегі органдардың тізілімін, аккредиттеу жөніндегі сарапшылар тізілімін, техникалық сарапшылар тізілімін және Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады; 2) ЕАЭО-ның интеграцияланған ақпараттық жүйесіне сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген органдар тізілімінен, аккредиттеу жөніндегі сарапшылар мен техникалық сарапшылар тізілімінен, сондай-ақ шартта көзделген, аккредиттеуге қатысты өзге де ақпарат пен құжаттарды ұсынады; 3) аккредиттеу жөніндегі органдардың өкілдеріне мүше мемлекеттерде қолданылатын рәсімдердің тең мәнділігіне қол жеткізу мақсатында өзара салыстырмалы бағалауларды жүзеге асыру мүмкіндігін береді; 4) аккредиттеу жөніндегі органның осы сәйкестікті бағалау жөніндегі органға қатысты қабылаған шешімдерді қайта қарау мақсатында сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар берген апелляциялар бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды, 5) мүше мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғаларынан келіп түскен аккредиттеу жөніндегі органдардың қызметіне, сондай-ақ олар аккредиттеген сәйкестікті бағалау жөніндегі органдардың қызметіне шағымдарды қарайды және оларға қатысты шешімдер қабылдайды. жұмыстар сәйкестік баға бойынша. Бірыңғай тізілімнен басқа ЕЭК сәйкестік туралы сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай нысанын және Сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізілімін бекітеді.. ЕАЭО туралы шартқа № 11-қосымшаның 3-тармағына сәйкес аккредиттеу қағидаларын әзірлеу үшін халықаралық стандарттарды қолдануды көздейді.

636. ЕАЭО-ның техникалық регламенттері қабылданған өнімдерге қатысты ЕАЭО кедендік аумағында айналымға ЕАЭО-ның тиісті техникалық регламенттерімен белгіленген сәйкестікті бағалаудың барлық қажетті рәсімдерінен өтукең жағдайда шығарылуы мүмкін. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО-ның техникалық регламентіне сәйкес сәйкестікті бағалауды жүргізеді. Сәйкестікті бағалау тіркеу, сынау, сараптама және сәйкестікті растау нысанында өткізілуі тиіс. ЕАЭО туралы шартқа № 9 қосымшаның 5-тармағына сәйкес өнімнің ЕАЭО-ның техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестікті бағалау (растау) аккредиттелген зертханалар мен сынау орталықтарында жүргізілген сынаулар негізіндесәйкестік туралы декларация немесе бірыңғай тізілімге енгізілген сертификаттау жөніндегі орган берген декларациямен немесе сертификатпен расталады. Сәйкестік туралы декларацияны тіркеу мақсатында, келесі тұлғалар өтініш берушілер бола алады: ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды немесе жеке тұлғалар, немесе дайындаушымен жасалған келісімшарт негізінде, шетелдік өндірушінің міндетін атқаратын өндіруші/саудагер ретінде жұмыс істейтін тұлға. Ол жеткізілетін өнімнің ЕАЭО-ның техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келуін көздейді, сондай-ақ жеткізіліп отырған өнімнің ЕАЭО-ның техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келмесе жауапкершілікті белгілейді. 2011 жылғы 7 сәуірдегі "Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарын сәйкестікті бағалаудың (растауды) үлгілік схемаларын қолдану тәртібі туралы ереже туралы" КО Комиссиясының № 621 шешімі (бұдан әрі - № 621 КО Комиссиясының шешімі) ЕАЭО-ның техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестікті бағалудың үлгілік схемаларын қолданудың бірыңғай нысаны мен қағидасын белгілейді.

637. ЕАЭО туралы шартқа № 9 қосымшаның 5-тармағына сәйкес сәйкестікті бағалаумен байланысты қызмет Бірыңғай тізілімге енгізілген, сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдармен және сынау зертханаларымен жүзеге асырылуы тиіс. Бірыңғай тізілім Комиссия қабылдаған тәртіппен құрылып қалыптастырылады және жүргізіледі. Сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдар және сынау зертханалары берген нәтижелерді тану ЕАЭО туралы шартқа № 11 қосымшаға сәйкес жүргізілуі қажет. ЕАЭО-ның техникалық регламенттері күшіне енбеген өнімге қатысты сәйкестікті бағалау нәтижелері ЕАЭО туралы шартқа № 9 қосымшаның 7-тармағына сәйкес танылады.

638. Сәйкестікті бағалау мақсатында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО туралы шартқа № 9 Қосымшаның 7-тармағына сәйкес халықаралық және өңірлік стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық стандарттарды пайдалана алады. Аталған стандарттарды ерікті түрде пайдалану ЕАЭО техникалық регламенттерінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді. ЕЭК осындай стандарттардың тізбесін бекітті (бұдан әрі – Стандарттар тізбесі). Ұлттық стандарттар зерттеулер мен өлшеулер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде техникалық регламенттің талаптарын қолану

мен орындау және сәйкестікті бағалауды жүргізу үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтиды. Стандарттар тізбесіне енгізілген халықаралық, өңірлік және/немесе ұлттық стандарттарды ерікті негізде қолдану ЕАЭО техникалық регламентінің талаптарын сақтаудың қажетті шарты болып табылады. Дегенмен, Стандарттар тізбесіне енгізілген стандарттарды қолданбау, ЕАЭО-ның техникалық регламенттерінің талаптарын сақтамау ретінде қаралмайды.

639. ЕАЭО туралы шарттың 53-бабының 5-тармағына сәйкес техникалық регламенттердің талаптарын сақтамағаны, сондай-ақ сәйкестікті бағалау рәсімін бұзғаны үшін жауапкершілік әрбір мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленеді және техникалық талаптарын орындамау. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің әрқайсының ЕАЭО-ның техникалық регламенттерінің талаптарына өнімнің сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда барлық қажетті шараларды қолдануға құқылы. Мұндай шаралар оларды нарықта орналастыруға тыйым салуға бағытталған әрекетті, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес өнімді нарқытан алып қоюды және оған мүше басқа мемлекеттерді ақпараттандыруды қамтиды. Бұдан басқа, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қауіпті өнімнің ЕАЭО нарығына түспеуі үшін шұғыл шаралар қабылдауға құқылы. Мұндай шараларды қолдануға ниет білдірген ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің кез келгені осы туралы ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттерді хабардар етуі тиіс.

640. Сәйкестікті бағалауға қатысты, Қазақстан өкілі былай деп мәлімдеді: "Техникалық реттеу туралы" Заңда (i) "сәйкестікті растау" - нәтижесі объектінің техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация емесе сәйкестік сертификаты түрінде) болатын рәсім; (ii) "аккредиттеу" - аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада техникалық реттеу объектілерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды орындауға құзыреттілігін ресми танитын рәсім. Сәйкестікті растау міндетті болуы мүмкін – өнімді өндіруші қабылдаған сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген сертификаттау немесе сәйкестік туралы декларация нысанында (техникалық регламент талаптарына жататын өнім үшін); және ерікті – өндірушінің/сатушының сертификат немесе сәйкестік туралы декларация нысанында өнімнің стандарттардың, басқа құжаттардың және арнайы талаптардың (міндетті растауды қажет етпейтін өнімдер үшін) талаптарына сәйкес келетіндігін растайтын нысанда болады.

641. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.4-бабында көзделген осындай нұсқамалар, ұсынымдар немесе олардың тиісті бөліктері Қазақстан үшін тиімсіз болған жағдайларды қоспағанда, сәйкестікті бағалау рәсімдері үшін негіз ретінде қолданылатын, стандарттау жөніндегі халықаралық органдар шығарған, қолданыстағы тиісті нұсқамаларды немесе оның тиісті бөліктерін мемлекеттік органдармен

қолдануын қамтамасыз ететінін айқындады. Бұдан басқа, ол міндетті сертификаттауға жататын өнімдерге қатысты Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.1.2- бабына сәйкес ЕАЭО туралы шартта және ЕАЭО-ның басқа да құқықтық құжаттарында көзделген сәйкестікті бағалау тәртібі техникалық нормаларға немесе стандарттарға қолданылатын өнімдерге сәйкестігіне жеткілікті сенімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерден артық шектемейтінін немесе барынша қатал қолданылмайтынын растады. Ол 2011 жылғы 7 сәуірдегі КО Комиссиясының "2010 жылғы 18 маусымдағы КО Комиссиясының № 319 шешімімен бекітілген, бірыңғай құжаттарды беретін Кеден одағы шеңберіндегі сәйкестікті міндетті бағалауға (растауға) жататын өнімнің Бірыңғай тізімінің жаңа редакциясы туралы" № 620 шешімімен көзделген міндетті сертификаттауға жататын өнімдер Келісімнің 5.1.2-бабының ережелерін қоса алғанда, Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес айқындалатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

642. Жұмыс тобы мүшесінің өндіруші сертификатты қалай алатыны туралы сауалына жауап берген Қазақстан өкілі, 2008 жылғы 4 ақпандағы "Сәйкестікті растау рәсімдері туралы" Үкіметтің №90 қаулысымен бекітілген техникалық регламентте белгіленген растау сертификатын беру тәртібіне сәйкес жүргізілетінін айтты:

- өтініш беруші сәйкестікті растау жөніндегі органға сертификаттаудан өткізуге Өтінім береді;

- сәйкестікті растау жөніндегі орган өтінімді қарайды, және өзінің шешімі туралы өтініш берушіге өтінім алған кезден бастап үш күн ішінде хабар береді;

- сертификаттау рәсімін өткізу туралы шешім сертификатталатын өнімнің түрі бойынша бекітілген сертификаттау рәсімінің негізінде сертификаттаудың барлық негізгі шарттарын қамтуы керек; сонымен қатар, онда сертификаттаудың ұсынылған схемасын, қажетті техникалық құжаттардың тізбесін, параметрлер тізбесін, тексеру шарты мен сынау жүргізген аккредиттелген зертхананың/орталықтың атауын қамтуы керек;

- егер өтінім беруші сертификаттау рәсімінің шарттарымен келіссе, олар жұмысты жүргізуге келісімшарт жасасады;

- сынау құрамы мен өндіру технологиясы тұтынушыларға жеткізілетін өнімімен бірдей болатын үлгілер, конструкциялар негізінде жүргізіледі;

- сәйкестікті растау жөніндегі орган немесе аккредиттелген зертхана/орталық сәйкестікті растау жөніндегі органның немесе өтініш берушімен тағайындалған аудиторлардан тұратын комиссияның өтініші бойынша іріктемені жүзеге асырады. Үлгілердің саны, оларды іріктеу тәртібі мен сақтау ережесі сертификаттау жөніндегі нормативтік және әдістемелік құжаттарға және нақты өнімді сынау әдістемесіне сәйкес белгіленеді;

- өтініш беруші, құрылымы мен мазмұны нақты өнімнің нормативтік құжаттарында белгіленген, үлгі үшін техникалық құжаттамаларды ұсынуы керек; техникалық құжаттар, жоғарыда көрсетілген сертификаттаудың негізгі шарттарына сәйкес ұсынылуы керек;

- аккредиттелген зертхана сәйкестікті растау бойынша органға берілген үлгілерге сынау жүргізеді;

- сертификатталған сынау белігілі бір өнімге арналған әдістерге және нормативтік құжаттарда көзделген, бірақ күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімге сәйкес жүргізілуі керек;

- сәйкестікті растау жөніндегі орган өндірісті бағалаудан, сынау нәтижесін мен өнімнің сәйкестігіне қатысты басқа да құжаттарды талдаудан өткізгеннен кейін, өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды іске асырады.

643. Сәйкестік сертификатын сарапшының қорытындысы негізінде сәйкестікті растау жөніндегі орган береді. Сынау нәтижелері теріс нәтиже көрсеткен жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган бас тарту себебін көрсете отырып, шешім қабылдауға тиісті.

644. Қазақстанның өкілі әрі қарай, 2005 жылғы 20 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында өнімдердің сәйкестігін міндетті растау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 367 қаулысымен Қазақстанда міндетті сәйкестікті растауға жататын өнімнің екі тізбесін белгілегенін атап өтті, олар: (i) міндетті сертификаттауға жататын өнімдер мен қызметтер тізбесі; (ii) сәйкестігі сәйкестік туралы декларациямен растауға жататын тауарлар тізбесі. Аталған өнімдер Қазақстан нарығында айналымға ену және кіру үшін міндетті талаптар сәйкестігіне бағалаудан өтуі тиіс және сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларация қоса берлуі керек. Екі тізбенің КО Комиссиясының №620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбемен байланысына қатысты, Қазақстан өкілі Қазақстанда сәйкестіктің міндетті бағалауынан өткен өнім, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде экспорт кезінде барысында, егер бұл өнім КО Комиссиясының № 620 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбеге енген болса, ЕАЭО мүше-мемлекеттері сәйкестік сертификатын немесе сәйкестік туралы декларацияны әлі де алуы керектігін айтты. Ол ЕАЭО-тың бұл тізбесі және ұлттық тізбе жоғарыда атаған тізбелерге енгізілген өнімге ЕАЭО-ның тиісті техникалық регламенті қабылданғаннан кейін қайта қарауға жататынын айтты.

392. Қазақстанның тиісті техникалық регламенттерді қабылдағаннан кейін, артынан міндетті сертификаттауға жататын өнім тізбесін қайта қарау және оны кейіннен жою жөніндегі алдыңғы мәлімдемелеріне сілтеме жасай отырып, Жұмыс тобының бір мүшесі өнімнің кейбір санаттары әрқашан да міндетті сертификаттауды талап ететінін айтып өтті. Фармацевтикалық препараттар мен медициналық жабдықтар сияқты өнімдер сәйкестікті міндетті сертификаттауға жататыны-жатпайтыны жөніндегі сауалға Қазақстан өкілі Қазақстан қазіргі уақытта барлық өнімге сәйкестікті міндетті бағалау

талаптарын алып тастауды қарастырып отырған жоқ деп жауап берді. Жалпы алғанда, нақты өнімге деген сәйкестікті бағалау схемасы ЕАЭО-ның тиісті техникалық регламентінде жасалатын болады.

393. Қазақстан өкілі Қазақстан нарығына қол жеткізу үшін дәрілік препараттар мен медициналық жабдықтар Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жүргізетін мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс екенін мәлім етті. ЕАЭО шеңберінде КО Комиссиясының №526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбеге дәрілік препараттар енгізілмеген. Сондықтан, дәрі-дәрмектік препараттар үшін ЕАЭО-ның техникалық регламентін әзірлеу жоспарланбаған. Медициналық жабдықтар КО комиссиясының № 526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбеге енгізілген. ЕЭК Кеңесінің №103 шешіміне сәйкес "Медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" ЕАЭО-ның техникалық регламентін әзірлеуі туралы шешім Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік аумағында медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық жабдықтың) айналымын тіркеу және мониторингілеу саласындағы келісілген саясат жүргізу туралы келісімді (бұдан әрі – Медициналық бұйымдардың айналымы туралы келісім) қабылдағаннан кейін қабылданатын болады. Медициналық бұйымдардың айналымы туралы келісімнің жобасы мен Кеден одағына мүше-мемлекеттердің дәрілік заттардың айналымы саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім жобасы ЕАЭО аумағында медициналық бұйымдар мен дәрілік препараттардың орналасуын реттеу мақсатында әзірленген. Келісім жобалары медициналық бұйымдар мен дәрілік препараттарға қойылатын талаптарды бірінші кезеңде үндестіру және кейіннен екінші кезеңде біріктіру арқылы медициналық бұйымдар мен дәрілік препараттардың айналымын тіркеу мен бақылау саласындағы бірыңғай саясатты кезең-кезеңімен іске асыруды көздейді, бұл кейіннен бірыңғай нысандағы рұқсат құжаттарын қолдана отырып, медициналық бұйымдар мен дәрілік препараттарды мемлекеттік тіркеу бойынша жұмыстардың нәтижелерін өзара тануға болады.

394. Сәйкестік туралы декларация өтініш берушінің дербес жинақтаған дәлелдері негізінде немесе сәйкестікті бағалау жөніндегі ұйымның қатысуымен алынған дәлелдер негізінде әзірленуі мүмкін. Сәйкестік туралы декларация сәйкестікті бағалау жөніндегі тиісті аккредиттелген ұйымда тіркелуі тиіс және сәйкестік сертификаты сияқты Қазақстанның барлық аумағында жарамды болып табылады.

395. Өндірушінің сәйкестігі туралы декларацияны бақылау қажеттілігін мойындай отырып, Жұмыс тобының мүшесі мемлекеттік тіркеудің ресми тізілімін/талабын бекіту сауда үшін, әсіресе, импортқа қатысты шамадан тыс және тым артық шектеуге әкеп соғуы мүмкін, өйткені бұл тіркеуді қолдану негізінде отандық емес берушілер үшін анағұрлым нұқсан келтіруі мүмкін екеніне алаңдаушылық білдірді. Ол өзінің елінде ол өндіруші берушінің сәйкестігі туралы декларацияны қоса алғанда, өнімнің сипаттамасы бар барлық техникалық құжаттамаларды сақтауға міндетті екенін атап өтті. Осы

құжаттамалар мемлекеттік билік органдары үшін (негізінен нарықты қадағалау аясында) олардың талап етуі бойынша қолжетімді болуы керек. Осыған байланысты, осы топ мүшесі мына ақпараттарды: (i) берушінің сәйкестік туралы декларациясын тіркеу үшін формальдылықты орындау туралы, (ii) бар болған жағдайда, өндіруші/импорттаушы/заңды өкіл шығындарды жабатындығы-жаппайтындығы туралы, (iii) тіркеу рәсімінің ұзақтығы, (iv) бас тартуға негіздеме туралы ақпаратты ұсынуды сұрады. Бұдан басқа, топтың аталған мүшесі Қазақстан берушінің сәйкестік туралы декларациясын қабылдау үшін анағұрлым жұмсақ сауда-шектеу шарттарын қарастырады ма, жоқ па, мәселен, өндірушіге/ импорттаушыға/ заңды өкілге барлық техникалық құжаттамалар (оның ішінде декларацияны да) өкіметтің құзырына олардың талап етуі бойынша беру құқығын ұсыну, және Қазақстан бұл жағдайда шетелдік өндірушілерді отандық өндірушілермен салыстырғанда, анағұрлым қолайсыз жағдайда қалдырудың алдыни алу мәселелеріне қызығушылық танытты.

396. Қазақстан өкілі өз жауабында қазіргі уақытта ЕАЭО-ның заңнамалық базасы сәйкестік туралы декларацияны қабылдау саласындағы бірыңғай рәсімдерді көздемейтінін айтты. Осылайша, сәйкестік туралы декларациямен байланысты рәсімдер мен талаптарға қатысты ұлттық заңнама қолданылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысымен бекітілген "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентінің 4-тарауы нарыққа қатысушылары декларацияны қабылдау рәсімін бекітті. Дайындаушы (орындаушы) декларацияны өнімнің бекітілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың негізінде қабылдайды. Дайындаушы (орындаушы) декларацияны қабылдау үшін негіздеме ретінде келесі құжаттарды қолдануы мүмкін: (i) дайындаушы (орындаушы) және/немесе аккредиттелген сынау зертханасы жүргізген сынаудың және басқа бақылау сынауының хаттамалары; (ii) жинақтаушыларды сынаудың хаттамалары, бұған дейін алынған жарамды сертификаттары немесе шикізаттары, материалдары, (iii) өнімнің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына өнімнің сәйкестігін растайтын мемлекеттік бақылаудың нәтижелері; (iv) өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар (шикізатты жеткізу, дайын өнімді өндіру, монтаждау, буып-түю және таңбалау), (v) сапа менеджменті жүйесінің сертификаттарын. Осыған байланысты, сәйкестікті бағалау жөніндегі органның сәйкестік туралы декларацияны қарастыруы мен тіркеуі өндірушінің (дауындаушының) есебінен шарттық негізде жүзеге асырылады. Декларация оларға қатысты бірыңғай талаптар бекітіп, нақты өнімге немесе біртекті өнімнің тобына қатысты алынуы мүмкін. Декларация осындай өнім өндірісінің жоспарлы кезеңіне немесе өнімді сату кезеңіне, бірақ бір жылдан аспайтын кезеңге негізделіп, өнімді дайындаушы (орындаушы) белгілеген кезеңге қабылдануы мүмкін. Дайындаушы (орындаушы) қабылдаған декларация сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген органда тіркелуі керек. Сәйкестікті бағалау жөніндегі орган 3 күннен аспайтын уақыт ішінде, келесіні: (i) сәйкестігі декларациямен

расталуы мүмкін өнімдер тізбесінде осы өнім түрлерінің бар болуын; (ii) дайындаушының (өндірушінің) мұндай декларацияны қабылдауға заңдылығын; (iii) осы өнімді сәйкестікке растау үшін ұсынылған стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды көрсетудің нақтылығы әрі толымдылығын; (iv) осы өнімді өндіру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құжаттардың бар болуын ; (v) декларацияны толтырудың дұрыстығын қарайды және тексереді. Сәйкестікті бағалау жөніндегі орган қара және тексеру нәтижесі бойынша, декларацияны тіркелген декларациялар тізілімінің арнайы бөлімінде тіркейді. Тіркелген декларация дайындаушыда (өндірушіде) олардың негізінде декларацияны қабылдаған құжаттармен бірге жарамдылық мерзімі өткеннен кейін кемінде үш жыл ішінде сақталады. Осы кезеңде сәйкестікті бағалау жөніндегі орган тіркелген декларацияның және оларды растайтын құжаттардың көшірмесін сақтауға тиісті. Егер декларацияда көрсетілген нормативтік құжаттардың талаптары өзгерген, және заңды тұлға қайта құрылған жағдайда, дайындаушы (орынлаушы) жаңа декларацияны беруге және оны сәйкестікті бағалау жөніндегі органға тіркеуге ұсынуы тиіс. Шығыстарға қатысты, ол декларацияны қарау мен тіркеу бойынша жұмыстарға төленетін ақының сомасы сәйкестікті бағалау жөніндегі орган мен дайындаушы (орындаушы) арасындағы келісім негізінде анықталуға тиіс екенін мәлімдеді. Сәйкестік туралы декларацияны тіркеуден бас тарту себебіне қатысты, Қазақстан өкілі тіркеуден бас тарту тек келесі себептер бойынша болуы мүмкін екенін атап ескертті: (i) өнімнің сәйкестігі тек сертификаттау нысанында ғана расталуы мүмкін; (ii) ұсынылған материалдар тиісті техникалық регламентте немесе, егер техникалық регламент әзірленбеген болса – тиісті нормативтік құқықтық актілерде көзделген қауіпсіздік талаптарына өнімнің сәйкестігін тексеруге жеткіліксіз болса. Қорытынды сөзінде Қазақстан өкілі талаптардың отандық және шетелдік берушілерге бірдей болғанын мәлімдеді. Осылайша, тіркеу туралы талап отандық және шетелдік берушілерге тең дәрежеде қатысты қолданылады. Сондықтан заңнамада шетелдік өндірушілерді отандық өндірушілермен салыстырғанда анағұрлым қолайсыз жағдайға қалдыратын ережелер көзделмеген. Қазақстан өкілі ЕАЭО сәйкестік туралы декларацияны тіркеу рәсімін электронды тіркеуді енгізу арқылы жеңілдету процесін жүргізіп жатқанын айтты. Электронды тіркеу өндірушілерге сәйкестік туралы декларацияны Бірыңғай электронды тізілімде өтінімнің электрондық нысанын толтыру, сәйкестік туралы декларацияны электрондық қолтаңбамен және тиісті дәлелдемелермен ұсыну арқылы тіркеуге мүмкіндік береді.

650. Қазақстан өкілі, талқыланып жатқан техникалық регламентке байланысты, техникалық регламенттің талаптарына сәйкестікті белгілейтін кітетін құжаттар берушінің тиісті техникалық регламентке сәйкестік декларациясы, сынау есептері және Қазақстанның заңнамасына, ЕАЭО туралы шартқа және ЕАЭО-ның басқа құқықтық құжаттарына сәйкес басқада тиісті құжаттарға немесе Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің 6.1-бабына сәйкес Қазақстан мойындауы мүмкін

сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелері сияқты өз дәлелдерін де қамтуы мүмкін екенін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

651. Қазақстан өкілі, әрі қарай, сәйкестікті міндетті бағалаудың құнын өтініш беруші төлейтінін айтты. Бұдан басқа, сәйкестікті міндетті бағалаудың құны өтініш беруші ретінде әрекет ететін тұлғалардың шыққан мемлекетіне және /немесе жеріне қарамастан анықталуы тиіс. Ол сәйкестікті бағалау жөніндегі орган белгілеген құн өтініш беруші үшін бағаны анықтауға негіз бола алатынын растады. Соманы анықтау кезінде Қазақстан аумағында сәйкестікті бағалау жөніндегі орган қарайтын элементтер, әдетте, осы саладағы кәсіпкерлік тәжірибеге тән басқа да қарапайым төлемдермен және кірістермен қатар, еңбектің, кез келген қажетті материалдардың не жабдықтардың және сынаулардың ақысын қамтиды. Сонымен бірге, ол 2004 жылғы 9 қарашадағы "Техникалық реттеу туралы" № 603-II Заңның ережелері жалпы отандық және импорттық өнімдерге сәйкестікті бағалаудың талаптары мен рәсімдерін бірдей қолдану қағидатын білдіретінін атап кетті. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді ескерді.

652. Басқа мүшелер жеткізушінің бейімделуіне қажетті сәйкестікті бағалау рәсімінің соңғы жарияланымы мен оның күшіне енуі аралығындағы мерзімді жеткілікті анықтауын қамтамасыз ету жөніндегі реттеуші органдар міндеттемесінің жоқ екенін атап өтті. Қазақстан өкілі ЕАЭО -ның техникалық регламенттері ресми жарияланған күнінен кейін белгілі бір өтпелі кезең өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі деп жауап берді (әдетте шамамен 18 ай). Ол техникалық регламентке сәйкестік ережесінің негізінен сол техникалық регламенттің өзінде тікелей қамтылатынын түсіндірді. Бұл сәйкестікті бағалау рәсімі де оның ресми жарияланған күнінен кейін белгілі бір өтпелі кезең өткеннен кейін қолданысқа енгізілетіні білдіреді.

653. Бұдан әрі, Қазақстан өкілі техникалық регламентке сәйкестікті қамтамасыз ету талап етілген, ал техникалық регламентке сәйкестікті қамтамасыз етудің техникалық қағидалары мен әдістері (яғни техникалық регламентке сәйкес келтіру үшін қолданылуы мүмкін зерттеудің, сынаудың, өлшеудің немесе сынаманы іріктеудің әдістерін анықтайтын сәйкестікті бағалау рәсімдерінің элементтері) техникалық регламентке енгізілмеген жағдайда, мұндай қағидалар мен әдістер "Халықаралық және өңірлік стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – Кеден одағының техникалық регламенттерін сақтауды қамтамасыз ететін және сәйкестікті бағалауды (раस्ताуды) жүзеге асыруға қажетті Кеден одағына мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары тізбелерін әзірлеудің және бекітудің тәртібі туралы ереже" ЕЭК Кеңесінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы №306 шешіміне сәйкес әзірленетін мәлімдеді. Ол "Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, оларға өзгерістер енгізу және олардың күшін жою тәртібі туралы ереже" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы №48 шешіміне сәйкес оларды ЕЭК Алқасы тиісті техникалық регламенттің күшіне енуіне дейін 6 айдан кешіктірмей бекітуді көздейді, және ЕЭК Алқасының №306 шешімі мұндай қағидалар мен әдістерді

қабылдағаннан кейін ЕЭК-тың ресми веб-сайтында орналастыруды көздейтінін растады. Оның айтуынша, аталған қағидалар Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.4-бабына сәйкес стандарттау жөніндегі халықаралық органдар шығарған тиісті нұсқамаларға немесе ұсынымдарға негізделуі керек және техникалық регламенттермен сәйкес келтіру үшін қолданылуы мүмкін зерттеудің, сынаудың, өлшеудің немесе сынаманы іріктеудің әдістерін анықтайтын болады. Қағидалар Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.1.2-бабына және басқа ережелеріне сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында мүмкін болған сәйкестікті таңдау әдістерін санамалауы тиісті, сәйкестікті бағалау рәсімдері сәйкес келмеудің нәтижесінде пайда болатын тәуекелдерді ескере отырып, өнімнің техникалық регламенттерге сәйкестігіне жеткілікті сенімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерден артық шектемеуі немесе барынша қатал қолданылмауы тиіс. Ол жоғарыда аталған қағидалар ЕАЭО туралы шарттың 52-бабының 1- тармағында қамтылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті коммерциялық қызметке айтарлықтай кедергілер жасамайтын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

654. Апелляция тәртібінің бар-жоқтығы туралы нақты сұраққа, ол өтініш беруші сәйкестікті растау жөніндегі орган қабылдаған шараларға сәйкестікті растау жөніндегі ұйымның апелляциялық комиссиясына, әрі қарай - Техникалық реттеу комитетінің апелляциялық комиссиясына шағымдана алады деп жауап қайтарды; соңғысының шешіміне сотта шағым жасалуы мүмкін. Техникалық реттеу және метрология комитетінің апелляциялық комиссиясы қабылдаған шешім туралы сотқа шағым жасалуы мүмкін. ҚР СТ 3.10-2007 "Апелляцияны қарау тәртібі" ұлттық стандартына сәйкес апелляция сәйкестікті растау жөніндегі органның қабылдаған шешімі туралы хабарламаны алған күннен бастап бір ай ішінде даулы мәселелер бойынша барлық тиісті құжаттар қоса тіркеліп, еркін нысанда жазбаша түрде беріледі. Апелляциялық комиссия берілген апелляцияны 15 күн ішінде қарайды және өтініш берушіге отырыс өткізген күннен бастап 10 күн ішінде хабарлайды.

655. Ол кез келген ұлттық немесе шетелдік ұйым Қазақстан заңнамасында бекітілгенге сәйкес аккредитациядан өткен жағдайда, сәйкестікті растау жөніндегі орган немесе сынау зертханасы ретінде әрекет ете алады деп түсіндірді. Сәйкестікті растау жөніндегі орган немесе сынау зертханасы олардың аккредиттеу саласына кірмейтін қызметті жүзеге асыруға (мәселен, сәйкестік сертификатын беруге) құқығы жоқ. Шетелдік уәкілетті органдар берген сынау нәтижелері осындай шетелдік органдар Қазақстанның ұлттық аккредиттеу жүйесінде аккредиттеуден өткеннен кейін танылуы мүмкін. Қазіргі уақытта Қазақстанда шетелік ұйымның ешқайсысы сәйкестікті бағалауды жүргізу жөніндегі ұйым ретінде аккредиттелмеген.

656. Сонымен қатар, Қазақстан өкілі "Техникалық реттеу туралы" Заңның 33-бабына сәйкес шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттары, сынау хаттамалары, сәйкестік белгілері Қазақстан қол қойыған халықаралық (екіжақты немесе көпжақты)

шарттарға сәйкес танылатынын атап өтті. 2005 жылғы 22 сәуірдегі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының №119 бұйрығымен бекітілген "Шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттарын, сәйкестікті бағалаудың шетелдік жүйелерінде берілген сынау нәтижелерін, сәйкестік белгілерін және басқа да құжаттарды тану қағидасында" тану рәсіміне анықтама берілген. Қағиданың 5-тармағында шетелдік сәйкестік сертификаттары, сынау хаттамалары, сәйкестік белгілері және басқа да құжаттар құжатты берген мемлекетпен халықаралық (екіжақты немесе көпжақты) келісімдер болған жағдайда, яғни сәйкестікті растау нәтижелерін тану туралы келісім болған жағдайда танылуы тиіс деп нақтыланған. Ол ЕАЭО деңгейінде КО Комиссиясының №621 шешімі үшінші мемлекеттердің сәйкестікті растау жөніндегі органдары берген сәйкестік сертификаттарын тануды көздейтін №9 схеманы бекіткендігін айтты.

657. Қазақстан Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімін 2004 жылғы 9 қарашадағы "Техникалық реттеу туралы" № 603–II Заңның 33-бабының ұғымында халықаралық келісім немесе шарт деп есептейді ме деген сұраққа, Қазақстан өкілі өз мемлекеті Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімін заңның 33-бабының ұғымында халықаралық келісім деп санайтынын растады. Осылайша, 2004 жылғы 9 қарашадағы "Техникалық реттеу туралы" № 603–II Заңға сәйкес Қазақстан Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің негізінде және 6.1-бабына сәйкес өзара тану туралы келісімді немесе басқа келісімді жасауды талап етпей, ДСҰ мүшелері жүргізген сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелерін тани алады. Осындай нәтижелерді ЕАЭО шегінде тану 2011 жылғы 19 маусымдағы Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шартпен бекітілді. Демек, ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Қазақстан Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің 6.1-бабында көзделгендей бұл тәртіп қолданыстағы техникалық регламентке немесе стандартқа сәйкестікті Қазақстан өзінің рәсімдеріне қатысты нақ сол дәрежеде қамтамасыз ететіндігіне сенімді болса, Қазақстан, мүмкіндігінше, ДСҰ-ның басқа мүшелерінде орналасқан сәйкестікті бағалау жөніндегі органдары сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелерін тануды қамтамасыз етеді. Қазақстан өкілі, сондай-ақ Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің 6-бабында көзделгендей, осындай тануға, мысалы, Қазақстанның аккредиттеу жөніндегі ұлттық органының Зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық кооперацияға (ILAC) және Аккредиттеу жөніндегі халықаралық форумға (IAF) мүше болуы арқылы және ILAC пен IAF-тың басқа мүшелерімен аккредиттелген үшінші мемлекеттердің сәйкестікті бағалау жөніндегі органдардың адекваттылығына және техникалық құзыреттілігіне сенімділік туғызатын, ILAC Келісіміне қол қою арқылы, сонымен бірге осындай сәйкестікті бағалау жөніндегі органдардың нәтижелерін тану, Өзара тану туралы келісім жасасу және басқа да тиісті әдістерді қолдану арқылы қол жеткізуге болатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

658. Қазақстан танытын, сертификаттарды берген сәйкестікті растау жөніндегі халықаралық органдар туралы ақпаратты ұсыну өтінішіне, Қазақстан өкілі сәйкестік сертификаттары қол қойылған халықаралық келісімдер негізінде өзара танылатынын атап көрсетті. Қазіргі уақытта өзара тану туралы келісімдер ТМД мемлекеттерімен ғана жасалған (i) 1992 жылғы 13 наурыздағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясатты жүргізу туралы келісім, оған сәйкес, стандарттау мен сәйкестікті растау саласындағы мемлекеттердің заңнамаларын үйлестіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (СМК) құрылған болатын; (ii) 1992 жылғы 4 маусымдағы ТМД мемлекеттері арасындағы сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу мен өзара тану қағидаттары туралы келісім, оған сәйкес, Қазақстан ТМД мемлекеттері берген сәйкестік сертификаттарын таниды және ұлттық стандарттармен (ҚР СТ) қатар мемлекетаралық стандарттарды (МЕМСТ) қолданады. Бұдан басқа, Қазақстан ТМД мемлекеттері сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сынау зертханаларының (орталықтардың) аккредиттеу нәтижелерін өзара тану туралы келісімге қол қоюды жоспарлап отыр.

659. Бұдан басқа, 2010 жылы Ұлттық аккредиттеу орталығы (бұдан әрі – ҰАО) ІЛАС-тың тең құқылы мүшесі болды және сынау нәтижелерін тану туралы көпжақты келісімге (ІЛАС МРА). қол қойды ҰАО осы бағыттағы жұмысты жалғастыру үшін 2011 жылғы 3 ақпанда ІЛАС-пен ІЛАС МРА белгісін пайдалану жөнінде келісім жасасты. ҰАО ІЛАС МРА зертханалық белгісін пайдалану жөніндегі лицензиялық келісімге қол қойды, соның негізінде МРА зертханалық маркасын бірлесіп пайдалану жөніндегі келісімшарт жасалды. МРА маркасы сынау хаттамасын, салыстырып тексеру /калибрлеу туралы сертификатты немесе басқа құжатты беретін зертхана ҰАО-мен аккредиттелген, ІЛАС МРА-ға қол қоюшы болып табылатынын анықтайды. Бүгінгі таңда зертханалармен 62 келісімшарт жасалған. ҰАО, сондай-ақ, IAF аккредиттеу жөніндегі халықаралық форумының өңірлік ұйымы және өнім жөніндегі PAC MLA көпжақты келісіміне қол қоюшы болып табылатын "Аккредиттеу бойынша Тынық мұхиты ынтымақтастығы" (PAC) ұйымының толыққанды мүшесі. Аталған ұйымдарға мүше болу ІЛАС және PAC-тың басқа мүшелері аккредиттеген зертханаларда берілген сынаулардың мәліметтерін, инспекциялар мен калибровканы тануға негізді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, IAF-қа толыққанды мүше ретінде кіру және IAF MLA көпжақты келісіміне қосылу үшін қажетті рәсімдер аяқталды. Тиісті өтініш IAF Хатшылығына қарау үшін жолданды. Өтініш IAF Хатшылығына 2012 жылы жолданып, 2013 жылдың қазан айында IAF-тың Бас Ассамблеясында қаралды. Болашақта ҰАО жоғарыда аталған ұйымдармен басқа салалар бойынша көпжақты келісімге қосылу жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отыр.

660. Жұмыс тобының кейбір мүшелерінің Қытаймен және Түркиямен стандарттар бойынша екіжақты келісімдердің ережелері барынша қолайлық режимі негізінде іске

асатын болады ма деген сауалына, Қазақстан өкілі былай деп жауап берді: 1996 жылғы 5 шілдедегі Экспортталатын және импортталатын өнімдердің сапасын бақылау және өзара инспекциялау бойынша Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастық туралы мемлекетаралық келісім заңнама бойынша ақпарат алмасуды, сәйкестікті растау мен екі ел өнімдерін бақылау рәсімдерін көздейді. Осы Келісімнің ережелерін іске асыру үшін тараптар 2006 жылғы 17 қарашада Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бұдан басқа, 2011 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу комитеті мен Қытай Халық Республикасының Стандарттау мемлекеттік департаменті арасындағы халықаралық танылған қағидаттар негізінде тараптар арасында стандарттау саласындағы ынтымақтастықты дамытуды көздейтін Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Қазақстан Армения, Әзірбайжан, Болгария, Израиль, Катар, Литва және Түрікменстанмен стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық екіжақты келісімдерге, сонымен қатар Индустрия және сауда министрлігі мен (қазір Инвестициялар мен даму министрлігі) тиісінше Чех Республикасының, Германияның, Молдаваның, Сингапур мен Словакия Республикасының тиісті ведомстваларымен ведомстваралық келісімдерге қол қойды. Бұл екіжақты келісімдер техникалық кедергілерді жоюды, сондай-ақ стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды, соның ішінде сәйкестік сертификаттарын өзара тану арқылы зерттеу мен технологиялар саласындағы ынтымақтастықты көздейді. Ол Қазақстан ДСҰ-ның кез келген мүшесімен стандарттар туралы екіжақты келісімге қол қою мәселесі бойынша келіссөздер жүргізуге дайын екенін атап көрсетті. Ол Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін ДСҰ мүшелеріне саудадағы техникалық кедергілерді қолдануға қатысты барынша қолайлылық режимін ұсынуға ниетті екенін атап кетті.

661. Мүше Қазақстанның сәйкестікті бағалау рәсімін іс жүзінде қолдануына қатысты, атап айтқанда, ветеринариялық дәрілік заттарға қатысты өз алаңдаушылығын білдірді, бұл көп уақыт алатындықтан және шығыны көп болатындықтан, сондай-ақ СТК бойынша ДСҰ келісіміне қайшы келетіндіктен сауданы айтарлықтай бұзады. Кейбір мүшелер Қазақстанға ветеринариялық препараттарды импорттау үшін, тіпті қолданыстағы сәйкестік сертификатын алғаннан кейін де, бас ветеринариялық дәрігердің жеке рұқсатын алу жөніндегі талап туралы ақпарат ұсынуды сұрады. Қазақстан өкілі қойылған сауалға жауабында, қазіргі уақытта дәрілік заттар КО Комиссиясының №526 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізбеге енгізілмеген, демек, міндетті сәйкестікті бағалауға жатпайтынын түсіндірді. Қазақстанға бірінші рет әкелінетін дәрілік заттар Ауыл шаруашылығы министрлігінде тіркелуі тиіс. Сонымен қатар, ол Қазақстанға дәрілік заттарды әкелу үшін бас ветеринариялық дәрігердің рұқсаты талап етілетінін де атап кетті. Алайда, әкелінген дәрілік заттарды елдің ішінде тасымалдау кезінде бас ветеринариялық дәрігердің рұқсаты талап етілмейді.

662. Мүше "Техникалық реттеу туралы" Заңның ережелерін іске асыру туралы, атап айтқанда, заңнаманың шеңберінде телекоммуникациялар саласындағы міндетті талаптарды қолдану туралы толық ақпарат беруді сұрады. Қазақстан өкілі телекоммуникациялар секторы да басқа секторлар сияқты "Техникалық реттеу туралы" Заңның шеңберінде әрекет ететінін атап өтті. Тиісінше, 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" №567-II Заңға өзгертулер енгізілді, атап айтқанда, 7-бапқа (техникалық регламенттерді бекіту жөніндегі Үкіметтің құзыретін белгілейді) және 16-бапқа (телекоммуникация саласындағы сәйкестікті бағалау) енгізілді.

(с) Транспаренттілік

663. СТК бойынша ДСҰ келісінде бекітілген транспаренттілік және ақпаратты жариялау талаптарына қатысты, Қазақстан өкілі ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттер әкімшілік себептермен өздерінің жеке техникалық реттеу және санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ұлттық ақпараттық орталықтарын құрғанын мәлімдеді. Қазақстанның СТК және СФС жөніндегі біріккен анықтама пункті (Ақпараттық орталық) 2005 жылғы 11 шілдедегі "Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құру және оның жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 718 қаулысымен (бұдан әрі – Ақпараттық орталық туралы қағиданы), Техникалық реттеу комитетіне бағынысты Қазақстан Стандарттау институтының жанынан құрылған болатын. Кез келген мүдделілік танытқан тарап қажетті ақпараты алу үшін Ақпараттық орталыққа жүгіне алады. Сонымен қатар, ол Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінде Ақпараттық орталыққа санитаиярлық және фитосанитариялық шаралар туралы ақпаратты беруге жауапты құрылымдық бөлімшелер анықталғанын да қоса айтты. Ақпараттық орталық туралы қағидалардың 12-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар СТК және СФС шараларын қабылдау немесе қолдану туралы тиісті ақпаратты Ақпараттық орталыққа жолдайды. СТК және СФС жөніндегі Ақпараттық орталықтың негізгі функциялары: (i) мүдделі тараптар мен шет мемлекеттерді олардың сұрауы бойынша келесі ақпаратпен және құжаттармен қамтамасыз ету үшін ДСҰ Хатшылығымен, ДСҰ мүшелерімен және халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесуі: (а) қабылданатын немесе ұсынылатын техникалық регламенттер, стандарттар, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, оларға енгізілген өзгерістер туралы ақпараттар және құжаттардың көшірмелері, (б) сәйкестікті бағалау рәсімдері, (в) стандарттау, СФС шаралары, сәйкестікті бағалау, екіжақты және көпжақты аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар мен халықаралық келісімдерге Қазақстан Республикасының мүшелігі немесе қатысуы, (г) жобаларды, техникалық регламенттерді, СФС шараларын және стандарттарды жариялау көздері және ii) Ақпараттық орталық журналында хабарламаларды жариялау. Сонымен бірге, Қазақстан өкілі бүгінгі күні СТК мен СФС жөніндегі Ақпараттық орталықты екі жеке ақпараттық орталыққа бөлу жоспарланып отырғанын айтып өтті.

Ақпараттық орталықтың байланыс мәліметтері:

Мекен-жайы:	Астана қ., Сол жағалау, Орынбор көшесі, 11, 010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы,
Тел.:	+7 (7172) 22 66 63
Факс:	+7 (7172) 20 64 81
Электронды пошта:	enquirypoint@mail.ru
Веб-сайт:	www.wto.memst.kz/en

664. ЕАЭО-ның техникалық регламенттерін қоса алғанда, СТК мен СФС бойынша қабылданған актілер мен актілер жобалары Ақпараттық орталықтың, Техникалық реттеу комитетінің, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, жергілікті атқарушы билік органдарының веб-сайттарында, сонымен қатар, аккредиттелген қоғамдық бірлестіктердің веб-сайттарында тұрақты жарияланып отырады. Сонымен қатар, осы актілер "СТК және СФС жөніндегі Ақпараттық орталықтың хабаршысы" журналында да жарияланады.

665. Техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеу мен тексеруді құрамына мемлекеттік органдардың, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және өзге де мүдделі тараптардың өкілдері (қоғамдық бірлестіктер, ғылыми ұйымдар, кәсіпорындар мен кәсіпкерлер қауымдастығы) кіретін жұмыс тобы жүзеге асырады.

666. Жұмыс тобы мүшесінің ЕАЭО-дағы хабарлама рәсімі туралы қойған сауалына, Қазақстан өкілі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ДСҰ-ға жеке-жеке кіретіндіктен, олардың әрқайсысының хабарлама рәсімі бойынша әртүрлі міндеттемелері болатынын түсіндірді. Осылайша, Қазақстан және ДСҰ-ға мүше болып табылатын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер өз міндеттемелеріне сәйкес техникалық регламенттердің барлық жобалары туралы хабардар етіп отыруы керек. Хабарланған жобалар біркелкі болуы тиіс және түсіндірмелер үшін бірдей мерзім болуы керек. Үшінші мемлекеттерден алынған барлық түсіндірмелерді ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕЭК-ға жолдауы тиіс. ЕЭК барлық түсіндірмелерді зерттеп, оларды Комиссияның ресми сайтында жариялайды және техникалық регламенттер жобаларын әзірлеушілерге (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің тиісті құзыретті органдарына) жолдайды. Сөйтіп, ЕАЭО шеңберінде бекітілген процесс, құжаттардың жобаларына қатысты түскен түсініктемелерді қарауда қайталануды болдырмауға кепіл болады.

667. Қазақстан өкілі ЕЭК Кеңесінің № 48 шешіміне сәйкес техникалық регламент жобасын жария талқылаудың мерзімі техникалық регламент жобасын әзірлеу туралы хабарламаны Комиссияның ресми веб-сайтында орналастырған күннен бастап, кемінде 60 күнді құрауы керек екенін айқындады. "Техникалық реттеу туралы" Заң, ЕАЭО туралы шарт техникалық регламент жобасы бойынша түсініктемелер мен ұсыныстарды

бере алатын мүдделі тұлғалардың саны мен сипаттамасын анықтай алмайды немесе оларға шектеу қоя алмайды. ЕЭК Кеңесінің №48 шешіммен барлық мүдделі тұлғалардың жария талқылауларға қатысуы тікелей көзделген. Сонымен қатар, ол тиісті халықаралық келісімдер мен өзге де құқықтық актілер шетелдік адамның техникалық регламент жобасының жария талқылауына мүдделі тұлға ретінде қатысуына қандай да бір шектеу қоюды қарастырмайтынын атап кетті. ЕЭК Кеңесінің № 48 шешіміне сәйкес үшінші мемлекеттер тұлғаларын қоса алғанда, мүдделілі тұлғалар ЕЭК-қа ЕАЭО -ның техникалық регламенті жобасы бойынша өз ұсыныстары мен ескертулерін бере алады. ЕЭК Кеңесінің №48 шешімінің 9-тармағына сәйкес ЕАЭО мен үшінші мемлекеттердің мүдделі тараптарынан келіп түскен барлық ұсыныстар мен түсініктемелер, келіп түскеннен кейін ЕЭК-тің ресми сайтында жариялануы тиіс. ЕЭК барлық түсініктемелер мен ұсыныстарды жария талқылау аяқталғаннан кейін техникалық регламент жобасын әзірлеушіге (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдарына) жолдайды. Техникалық регламент жобасын әзірлеуші техникалық регламент жобасын ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, пысықтайды. Әрбір түсініктеме мен ұсыныс үшін техникалық регламент жобасын әзірлеуші оның қабылдануы туралы ақпаратты немесе қабылданбауы туралы негіздемені көрсетеді. ЕЭК олар жайлы шешім мен осы шешімдердің негіздемесін қоса алғанда, техникалық регламент жобасы бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтығын бұдан әрі қарай ЕЭК-тің ресми сайтында орналастыруды қамтамасыз етеді.

668. Мүшелердің бірі Қазақстан СТК бойынша ДСҰ келісімінен шығатын алдағы міндеттемелерді қалай шешетінін, мәселен, ЕАЭО-дағы техникалық реттеу саласындағы құзыретті ағымдағы беруді назарға ала отырып, техникалық регламент жобасы туралы хабарламаны қалай шешетінін сұрады. Оған жауап берген Қазақстан өкілі, Қазақстан ЕАЭО деңгейінде жүргізіліп жатқан барлық жұмыстарға белсенді қатысып келе жатқанын және ДСҰ мүшесі ретінде, ЕАЭО-ның техникалық регламенттері жобасы туралы хабарлама жолдау бойынша міндеттерді қоса алғанда, барлық міндеттемелерін орындай алатынын түсіндірді. Қазақстан ДСҰ-ға кірген күнінен бастап СТК және СФС бойынша Ақпараттық орталық ДСҰ Хатшылығындағы ЕАЭО техникалық регламенттері туралы хабарламаны қоса алғанда, СТК және СФС бойынша ДСҰ келісінде көзделген хабарламалар бойынша міндеттерді орындайтын болады және ДСҰ мүшелеріне олардың сұрауы бойынша ұсынылған техникалық регламенттердің көшірмелерін ұсынатын болады. Жұмыс тобы мүшесінің сауалына Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ мүшелерінен хабарланған құқықтық актілерге қатысты түсініктемелерді алған сайын, әрдайым түсініктемелерді алғандығын растап отыратын болады деп жауап берді. Бұдан басқа, ЕЭК Кеңесінің № 48 шешімімен бекітілген " Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу және олардың күшін жою туралы ережеге" сәйкес ЕАЭО-ның техникалық регламенттері жобаларын жария талқылау барысында және ЕАЭО техникалық регламенті жобасы

бойынша жария талқылаудың басталуы мен аяқталуы туралы хабарлама ЕЭК-тің ресми веб-сайтында жарияланады. Осындай ақпарат Техникалық реттеу комитетінің ресми веб-сайтында және бюллетенінде жарияланады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы СТК және СФС жөніндегі Ақпараттық орталығының веб-сайтында орналастырылады. Техникалық регламенттің бірінші жобасы әзірленгеннен кейін немесе жария талқылау аяқталғаннан кейін, техникалық регламент жобасын әзірлеуші (Қазақстанның мемлекеттік органы бекіткен) тиісті хабарламаны құрап, Қазақстан Республикасы СТК және СФС жөніндегі Ақпараттық орталығына жолдайды.

669. Стандарттарға қатысты, оларды әзірлеуді құрамына мемлекеттік органдар мен мүдделі тараптардың (қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың, бизнес-қауымдастықтар мен кәсіпкерлер қауымдастығының өкілдерін қоса алғанда) өкілдері кіретін стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер жүзеге асырады. Ұсынылған түсініктемелер стандарттар жобасын пысықтау кезінде және барлық мүдделі ұйымдар арасындағы келісімге қол жеткізу кезінде ескеріледі. Кез келген мүдделі ұйым сұрау салуды жібере алады және стандарттар жобаларын, сондай-ақ жобаға түсініктемелердің көшірмелерін ала алады. Ведомствоаралық комитет деңгейінде өткен қарау мен мақұлдаудың қорытындысы бойынша жоба мақұлдау үшін Үкіметке жолданады. Үкімет қабылдаған стандарт "Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері жинағы" ресми басылымында, республикалық газетте, уәкілетті органның ресми басылымында ("Техникалық реттеу бюллетені") жарияланады, сондай-ақ веб-сайтта (<http://www.memst.kz/tr/National%20standards.pdf>) орналастырылады. Стандарттарды әзірлеу жоспарының жобасы, барлық мүдделі тұлғаларға жобаларға түсініктеме беру мүмкіндігін ұсыну үшін Техникалық реттеу комитеті шығаратын ай сайынғы "Стандарттардың ақпараттық көрсеткіші" (САК) басылымында жарияланады. Стандарттар жобасы Комитеттің ресми басылымында жарияланады. Бұдан басқа, Комитетте екі ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорын бар: мерзімді басылымдарды ("Мемстандарт жаңалықтары", "Метрология" және "Стандарттардың ай сайынғы ақпараттық көрсеткіші") шығаратын "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" және "Қазақстан метрология институты".

670. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің әрекет етуі шеңберінде, Қазақстан аумағында Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес қолданылатын техникалық регламенттер, стандарттар мен сәйкестікті бағалау сияқты барлық заңдардың, нормалардың және басқа да шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

Санитариялық және фитосанитариялық шаралар

(а) Заңнамалық База

671. Қазақстан өкілінің мәлімдеуінше, Қазақстанда санитариялық және фитосанитариялық (СФС) режимді реттеуге арналған заңнамалық база келесінің негізінде құрылған: 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық Экономикалық Одақ туралы шарттың (бұдан әрі: ЕАЭО туралы шарт); "Кеден одағының санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық іс-шараларды пайдалану саласындағы құқықтық актілерін халықаралық стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз ету туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі №625 шешімі (КО Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 722 шешімімен және ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 7 наурыздағы №11 шешімімен енгізілген өзгерістерімен бірге); "Халықаралық стандарттарды, ұсынымдар мен нұсқауларды қолдану туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 721 шешімі; "Кеден одағының санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық іс-шараларды іске асыру саласында құқықтық актілеріне сараптама жүргізудің бірыңғай тәртібі туралы ереже туралы" ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 6 қарашадағы №212 шешімі, ол КО Комиссиясының 2011 жылғы 23 қыркүйектегі №801 шешімін алмастырды; "Санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық іс-шаралардың баламалылығы және қатерлерді бағалауды жүргізу туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы №835 шешімі (ЕЭК Алқасының 2014 жылғы 11 ақпандағы № 17 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге); "Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық іс-шараларды қолдану жөніндегі Консультативтік комитет туралы" ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 161 шешімі (ЕЭК Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы №141 шешімімен енгізілген соңғы өзгерістермен бірге) және "Еуразиялық Экономикалық Комиссияның санитариялық, фитосанитариялық карантиндік және ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды қолдану саласындағы актілерін қабылдау процесінде айқындылығын қамтамасыз ету туралы" ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 5 наурыздағы №31 шешімі (ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 13 тамыздағы №161 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге).

672. ЕАЭО шеңберінде санитариялық саясатты жүргізудің құқықтық негізі ЕАЭО туралы шарттың XI Бөлімі (56 және 57-баптар) және № 12 Қосымшасы болып табылады. Осы ережелер 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Санитариялық іс-шаралар туралы КО келісімін ауыстырды (ЕурАзЭК Мемлекетаралық Кеңесінің 2010 жылғы 21 мамырдағы № 39 шешімімен, КО Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 887 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге), 2015 жылғы 1 қаңтарда ЕАЭО туралы шарт күшіне енген сәттен бастап ол өзінің әрекетін тоқтатады. Санитариялық саясатты жүргізудің құқықтық негізі сондай-ақ 2011 жылғы 19 мамырдағы "Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық іс -шараларды іске асыру саласында 2010 жылғы 21 мамырдағы Хаттамалардың күшіне енуі туралы" ЕурАзЭК Мемлекетаралық Кеңесінің №83 шешімінде және 2010 жылғы 28 мамырдағы "Кеден одағында санитариялық іс-шараларды қолдану туралы" КО Комиссиясының №299

шешімінде көрсетілген, 2010 жылғы 17 тамыздағы КО Комиссиясының № 341, 2010 жылғы 18 қарашадағы №456, 2011 жылғы 2 наурыздағы № 571, 2011 жылғы 7 сәуірдегі №622, 2011 жылғы 18 қазандағы №№828 және 829, 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №№ 888 және 889 шешімдерімен енгізілген өзгерістермен бірге; 2012 жылғы 15 маусымдағы ЕАЭО Кеңесінің №№36 және 37, 2012 жылғы 20 шілдедегі №64, 2012 жылғы 17 желтоқсандағы №№114 және 115 шешімдерімен; 2012 жылғы 19 сәуірдегі ЕЭК Алқасының №№32, 33 және 34, 2012 жылғы 13 маусымдағы №89, 2012 жылғы 12 шілдедегі №111, 2012 жылғы 19 шілдедегі №117, 2012 жылғы 23 тамыздағы №141, 2012 жылғы 6 қарашадағы №№206 және 208, 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 6 шешімдерімен (бұдан әрі - КО Комиссиясының №299 шешімі). КО Комиссиясының № 299 шешімінің жиынтық редакциясына өзгерістермен бірге ЕЭК келесі веб-сайтында қол жеткізуге болады: <http://www.eurasiancommission.org/en/act/techreg/Pages/acts.aspx>, ол тұрақты жаңартылып отырады.

673. ЕАЭО шеңберінде ветеринариялық саясатты жүргізудің құқықтық негізі ЕАЭО туралы шарттың XI Бөлімі (56 және 58-баптары) және № 12 Қосымша болып табылады. Осы ережелер 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар туралы КО келісімін алмастырды (ЕурАзЭК Мемлекетаралық кеңесінің 2010 жылғы 21 мамырдағы № 39 шешімімен енгізілген соңғы өзгерістермен бірге), ол 2015 жылғы 1 қаңтарда ЕАЭО туралы шарт күшіне енген сәттен бастап өзінің әрекетін тоқтатты. Ветеринариялық саясатты жүргізудің құқықтық негізі сондай-ақ "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды қолдану туралы" КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы №317 шешімінде көрсетілген, КО Комиссиясының 2010 жылғы 17 тамыздағы №342, 2010 жылғы 18 қарашадағы №455, 2011 жылғы 22 маусымдағы №724, 2011 жылғы 2 наурыздағы №№569 және 570, 2011 жылғы 7 сәуірдегі №623, 2011 жылғы 15 шілдедегі №726, 2011 жылғы 23 қыркүйектегі №810, 2011 жылғы 18 қазандағы №№830 және 831, 2011 жылғы 18 қазандағы №834, 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №893 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге; ЕЭК Кеңесінің 2012 жылғы 12 қазандағы №85 және 2014 жылғы 9 қазандағы №95 шешімдерінде; ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 4 желтоқсандағы №254, 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №274, 2012 жылғы 25 желтоқсандағы №307, 2013 жылғы 10 қыркүйектегі №192, 2013 жылғы 29 қазандағы №244, 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 294, 2014 жылғы 11 ақпандағы №18, 2014 жылғы 30 қыркүйектегі №178 шешімдерінде және 2014 жылғы 9 қазандағы ЕЭК Кеңесінің №95 шешімімен (бұдан әрі - КО Комиссиясының № 317 шешімі); 2011 жылғы 7 сәуірдегі "Кеден Одағының аумағына Үшінші елдерден әкелінетін, ветеринариялық бақылауға жататын тауарларға ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысандары туралы" КО Комиссиясының № 607 шешімімен (КО Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы №832 және 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №892 шешімімен, 2012 жылғы 4 желтоқсандағы ЕЭК Алқасының № 262, 2012 жылғы 25 желтоқсандағы №308, 2013 жылғы 29 қазандағы №245, 2014

жылғы 11 ақпандағы №19 шешімімен; 2014 жылғы 9 қазандағы ЕЭК Одағының №95 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге); "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын және Кеден одағының аумағына әкелінетін тауарларды шығаруды, өңдеуді және/немесе сақтауды жүзеге асыратын кәсіпорындар мен тұлғалар тізілімін әзірлеу және жүргізу тәртібі жөнінде ереже туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі №624 шешімімен; "Ветеринариялық іс-шаралар туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 15 шілдедегі №726 шешімімен; "Ветеринариялық бақылау (қадағалау) объектілерінің инспекциясы жүйелерінің баламалылығы туралы" КО Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы №833 шешімімен; 2013 жылғы 16 мамырдағы "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың Бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарларға қатысты ветеринариялық іс-шараларды қолдануда алуға өзгерістер енгізу туралы" ЕЭК Одағының №33 шешімімен; 2014 жылғы 9 қазандағы ЕЭК Кеңесінің №94 шешімімен (бұдан әрі- ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі) көрсетілген, ол 2011 жылғы 18 қазандағы "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерді бірлескен тексерулерді және тауарлардың (өнімнің) сынамасын іріктеуді жүргізудің бірыңғай тәртібі туралы ереже туралы" КО Комиссиясының №834 шешімін алмастырды (бұдан әрі- КО Комиссиясының №834 шешімі). КО Комиссиясының №317 шешімінің Жиынтық редакциясына өзгерістермен бірге ЕЭК келесі мекенжайы бойынша қол жекізуге болады: <http://www.eurasiancommission.org/en/act/techreg/Pages/acts.aspx>, ол тұрақты жаңартылып отырады.

674. ЕАЭО шеңберінде фитосанитариялық саясатты жүргізудің құқықтық негізі ЕАЭО туралы шарттың XI Бөлімі (56 және 59-баптар) және № 12 Қосымшасы болып табылады. Осы ережелер 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Өсімдіктер карантині туралы КО келісімін алмастырды (2011 жылғы 19 мамырдағы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің №83 шешімімен енгізілген соңғы өзгерістермен бірге), 2015 жылғы 1 қаңтарда ЕАЭО туралы шарт күшіне енген сәттен бастап ол өзінің әрекетін тоқтатты. Фитосанитариялық саясатты жүргізудің құқықтық негізі, сондай-ақ, "Кеден одағында өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету туралы" КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімінде, КО Комиссиясының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 528, 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 894 шешімдерімен, ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 16 тамыздағы № 50, 2014 жылғы 24 сәуірдегі №25, 2014 жылғы 9 қазандағы №93 шешімдерімен енгізілген өзгерістермен бірге (бұдан әрі - КО Комиссиясының №318 шешімі) және "Орыс-қазақ шекарасынан бастап Кеден одағының сыртқы шекарасына дейін басқаруды тапсыруды ұйымдастыру туралы" ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің 2011 жылғы 15 наурыздағы № 76 шешімімен көрсетілген. КО Комиссиясының № 318 Жиынтық редакциясына өзгерістермен бірге ЕЭК келесі мекенжайы бойынша қол жеткізуге болады: <http://www.eurasiancommission.org/en/act/techreg/Pages/acts.aspx> Фитосанитариялық іс-шаралар.aspx, ол тұрақты жаңартылып отырады.

675. Бұдан басқа, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне талаптарды белгілеген, ЕАЭО келесі тоғыз техникалық регламенті қабылданды: (i) КО Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 11 маусымдағы №129, 2013 жылғы 25 маусымдағы №147 және 2014 жылғы 10 маусымдағы №91 шешімдерімен енгізілген өзгерістермен бірге); (ii) КО Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 881 шешімімен бекітілген, "Тамақ өнімдерін таңбалау туралы"; (iii) КО Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №882 шешімімен бекітілген, "Жемістер мен көкөністерден жасалған шырын өнімі"; (iv) КО Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №883 шешімімен бекітілген, "Май өнімдерінің қауіпсіздігі туралы"; (v) КО Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №874 шешімімен бекітілген, "Астық қауіпсіздігі туралы"; (vi) ЕЭК Кеңесінің 2012 жылғы 15 маусымдағы №34 шешімімен бекітілген, "Мамандандырылған өнімнің жеке түрлерінің, соның ішінде диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақтанудың қауіпсіздігі туралы"; (vii) ЕЭК Кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 58 шешімімен бекітілген, "Тағамдық қоспалардың, хош иістендіргіштердің және технологиялық қосалқы құралдардың қауіпсіздігі туралы"; (viii) ЕЭК Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 67 шешімімен бекітілген, "Сүт және сүт өнімінің қауіпсіздігі туралы" және (ix) ЕЭК Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 68 шешімімен бекітілген, "Ет және ет өнімінің қауіпсіздігі туралы" ЕАЭО қабылдаған техникалық регламенттер тізбесіне ЕЭК келесі сілтемесі бойынша қол жеткізуге болады: <http://www.eurasiancommission.org/en/act/techreg/deptexreg/tr/Pages/technicalreglament.aspx>. Балық және балық өніміне жататын "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламент бөлімі қазіргі уақытта қолданылмайды және тиісті секторлық техникалық регламент күшіне енгеннен кейін әрекет ете бастайды.

676. Қазақстанның Өкілі сондай-ақ, егер ұлттық заңнама ЕАЭО туралы шартқа, КО Комиссиясының шешімдеріне және ЕЭК Алқасы мен Кеңесінің шешімдеріне қарама-қайшы келмесе, өз күшінде қалатынын мәлімдеді. Ол сонымен бірге жоғарыда аталған Шартта және шешімдерде көрсетілмеген мәселелер ұлттық заңнамада қарастырылғанын түсіндірді, нақтырақ айтқанда – "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңында (бұдан әрі-"Ветеринария туралы" Заңы); "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Үкіметтің 2003 жылғы 28 сәуірдегі № 407 қаулысы, сонымен келесі бекітілді: (i) Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау туралы ереже, (ii) Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоюсыз міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу ережесі, (iii) Жеке және заңды тұлғаларға жануарлар мен адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен

шикізаттың құнын өтеу қағидалары мен шарттары, (iv) Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі, (v) Алдын алу, диагностикасы және жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі, (vi) Орны ауыстырылатын объектілерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ережесі, және (vii) Шекара және кеден пункттерінде ветеринариялық бақылау пункттерін ұйымдастыру ережесі; "Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1754 қаулысы, "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесін бекіту туралы" Үкіметтің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2331 қаулысы; "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды есепке ала отырып, объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру Ережесін бекіту туралы" Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығы (бұдан әрі- Ауыл шаруашылығы министрінің № 16-04/647 бұйрығы), ол "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Үкіметтің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 132 қаулысын (бұдан әрі - Үкіметтің №132 қаулысы) алмастырды; "Қазақстан Республикасының аумағында объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Үкіметтің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 149 қаулысы; "Мемлекеттік тіркелуге тиісті тамақ өнімдерін әкелу (импорттау) ережесін бекіту туралы" Үкіметтің 2008 жылғы 19 ақпандағы № 165 қаулысы; "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі №301-III Заңы; "Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193 - IV кодексі; "Тамақ өнімдерін өндіретін тұлғаларға тіркеу нөмірлер беру ережесін бекіту туралы" Үкіметтің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 125 қаулысы; "Халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу ережесін бекіту туралы" Үкіметтің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2267 қаулысы; "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы № 344-I Заңы (бұдан әрі- "Өсімдіктер карантині туралы" Заңы); "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі № 331 -II Заңы; "Карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбесін бекіту туралы" Үкіметтің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1295 қаулысы, Үкіметтің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі № 1351 соңғы түзетулерімен бірге, "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі ережені бекіту туралы" Үкіметтің 2009

жылғы 30 қазандағы № 1730 қаулысы; "Карантинді объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді алып қою және жою жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Үкіметтің 2011 жылғы 3 қарашадағы № 1287 қаулысы; "Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылған фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы" Үкіметтің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1674 қаулысы және "Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Үкіметтің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1396 қаулысы.

(b) Ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасын реттеуге жауапты уәкілетті органдар

(i) ЕАЭО құзыретті органдары және олардың өкілеттіктері

677. Қазақстанның өкілі Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі: ЕЭК немесе Комиссия) 2012 жылғы қаңтардан бастап КО Комиссиясының ісін жалғастырушы болғанын түсіндірді. ЕАЭО санитариялық және фитосанитариялық шаралар саласында реттеудің институционалдық негізі шеңберінде Комиссияның рөлі санитария, ветеринария және фитосанитария саласындағы тиісті құзыретті органдарды қоса алғанда, ЕАЭО-ға Мүше мемлекеттердің СФС шараларын әзірлеуі мен іске асыруын үйлестіру болып табылады. Комиссия Бірыңғай жалпы қағидаттарды әзірледі және ЕАЭО аумағында өткізілетін өнімге Бірыңғай қауіпсіздік талаптарын қабылдады. Осы қауіпсіздік талаптары ЕАЭО-да өндіріс пен сауданы реттейтін санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық және фитосанитариялық қағидаларды қамтиды.

678. ЕЭК ЕАЭО туралы шарттың 18-бабына сәйкес ЕАЭО бірыңғай тұрақты реттеуші органы ретінде құрылды. ЕЭК Кеңестен және Алқадан тұрады. Кеңестің және Алқаның құзыреттері ЕАЭО туралы шартқа № 1 Қосымшада және Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2011 жылғы 18 қарашадағы № 1 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысы туралы ережеде" айтылады. Кеңестің Алқа қабылдаған шешімдерге вето қоюға құқығы бар. Кеңестің санитариялық және фитосанитариялық шараларға қатысты мынадай өкілеттіктері болады:

- санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға, ветеринариялық және карантиндік фитосанитариялық бақылауға жататын тауарлардың бірыңғай тізбелерін қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу; және

- Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау туралы ережені, Ветеринариялық бақылау жүргізудің бірыңғай тәртібі туралы ережені, Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынақтарын іріктеудің бірыңғай жүйесі туралы ережені және Карантиндік фитосанитариялық бақылау жүргізудің бірыңғай тәртібі туралы ережені бекіту және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Алқа Бірыңғай ветеринариялық талаптар мен ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысандарын, Бірыңғай санитариялық талаптарды және бірыңғай карантиндік

фитосанитариялық талаптарды қабылдау және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қоса алғанда, қалған мәселелерге жауапты болады.

679. ЕАЭО деңгейінде СФС шаралары Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі консультативтік комитетке (бұдан әрі: Консультативтік комитет) есеп беретін жұмыс топтары шеңберінде нақты техникалық және әкімшілік сарапшыларды тарта отыра әзірленеді. Жұмыс топтары мен Консультативтік комитеттің функциялары мен өзара іс-қимылы нақты қағидалармен: Техникалық реттеу жөніндегі министрдің – ЕЭК Алқа мүшесінің 2013 жылғы 3 қазандағы шешімімен бекітілген "СФС және СТК бойынша жұмыс және сараптама топтары туралы ережемен" және ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 18 қыркүйектегі №161 шешімімен бекітілген "Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі консультативтік комитет туралы ережемен" айқындалады. ЕАЭО-ның санитариялық және фитосанитариялық шаралар туралы құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеудің қазіргі практикасы мынадай жолмен жүзеге асырылады:

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кез келгені немесе ЕЭК ЕАЭО-ның құқықтық актісінің жобасын әзірлеуге кіріседі;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекет жобаны әзірлеуге жауапты болып тағайындалады немесе ЕЭК әзірлеуші болып табылады;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өкілдерін қамтитын жұмыс тобы жобаны қарау үшін құрылады;

- Жұмыс тобының отырысында қаралған және мақұлданған құжат жобасы кейін Консультативтік комитетке жария талқылау үшін ЕАЭО ресми сайтына жариялау үшін беріледі. СФС мәтіндерінің жобаларын ЕАЭО мынадай веб-бетте жариялайды: Жария талқылауды жүргізу кезеңі екі айды құрайды; Түсіндірмелерді ЕЭК Санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық шаралар департаменті жинайды;

- Жария талқылаудан кейін барлық түсіндірмелер мен сұрақтар Жұмыс тобы шеңберінде қаралады. Алқаның 2013 жылғы 13 тамыздағы № 161 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге ЕЭК Алқасының "Еуразиялық экономикалық комиссияның санитариялық, карантиндік фитосанитариялық, ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану саласындағы актілерін қабылдау процесінде транспаренттілікті қамтамасыз ету туралы" 2013 жылғы 5 наурыздағы № 31 шешіміне сәйкес Санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық шаралар жөніндегі департамент жария талқылау аяқталғаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде түсіндірмелер мен жауаптардың жиынтық кестесін осы ескертулерді қараған ЕАЭО Жұмыс тобында жүргізілген талқылаулар негізінде құрастырады және түсіндірмелер мен жауаптардың жиынтық кестесін ЕАЭО-ның ресми сайтында жариялайды. Осы ескертулер мен

жауаптар кестесінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің СФС хабарламаларының ДСҰ шеңберінде алған түсіндірмелері ескеріледі. Құжат жобасының түпкілікті редакциясын Жұмыс тобы қарап, мақұлдайды және Консультативтік комитеттің қарауына ұсынады;

- құжат жобасы Консультативтік комитеттің отырысында қаралады. Жоба мақұлданған жағдайда, ол бекіту үшін ЕЭК Алқасының қарауына ұсынылады;

- ЕЭК Алқасы өзінің құзыретінде болған ЕАЭО құжаттарын қабылдайды немесе басқа жағдайдарда жобаларды қабылдау үшін Кеңеске ұсынылғанға дейін оларды бекітеді.

ДСҰ мүшелерінің бірінің нақты сұрағына берген жауабында Қазақстанның өкілі, қазіргі кезде белгіленген мерзімдер – 60 күннен кем емес – СФС бойынша жария талқылаулар үшін ғана құрылғанын түсіндірді. СФС құқықтық актілерін әзірлеу мен бекіту процесінің басқа сатыларының ұзақтығы ЕАЭО барлық мүше мемлекеттерінің консенсуқа жетуіне қажетті уақытқа байланысты болады.

(ii) Ұлттық құзыретті органдар

680. Қазақстанның Ветеринариялық қызметі Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі департаментінен және Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінен тұрады. Ветеринария және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі департаменті ветеринариялық қауіпсіздік саласындағы стратегиялық жоспарлауға және осы салада қағидалар мен нормаларды әзірлеуге жауап береді. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті бюджетті жасауға және ветеринариялық бақылау мен қадағалауды, оның ішінде мемлекеттік шекарада жүргізуге, эпизоотиялық әл-ауқат, сондай-ақ кәсіпорындарды ветеринариялық қадағалау жүргізуге жауапты болады. Бұдан басқа, ветеринариялық бақылаудың мемлекеттік жүйесінің құрылымына: (i) ветеринариялық бақылау пункттері; және (ii) Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық, қалалық және аудандық аумақтық бөлімшелері; (iii) ветеринариялық салаларға енетін ведомстволық бағынысты мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (Ветеринария жөніндегі Ұлттық анықтама орталығы, Республикалық эпизоотияға қарсы субъектілер, Республикалық ветеринариялық зертхана. Ветеринария саласында атқарушы функциялар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыс, қала, аудан және т.б.) жергілікті атқарушы органдарына берілді), сондай-ақ ветеринариялық іс-шараларды жүргізу үшін мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар кіреді.

681. 2014 жылғы ақпанда Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитеті (бұдан әрі: Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет) Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетін алмастырды. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқатқа байланысты мәселелерге жауапты уәкілетті орган болып табылады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитеттің функциялары "Халық денсаулығы және

денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған. Қазақстанның өкілі Ауыл шаруашылығы министрлігінің Фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы стратегиялық жоспарлауға және осы салада қағидалар мен нормаларды әзірлеуге жауап беретінін айтты. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті шекаралық бақылауды, зиянкестерден өсімдіктерді қорғау жөніндегі шараларды, ауыл шаруашылығы алқаптарын зиянкестерден және өсімдіктердің ауруларынан қорғау мониторингін қоса алғанда, бюджетті жасауға және фитосанитариялық бақылауды жүргізуге жауапты болады.

682. Осы саладағы халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға қатысты ол 1993 жылдан бастап Жануарлардың саулығын қорғау жөніндегі дүниежүзілік ұйымның мүшесі ретінде (бұдан әрі: ХЭБ) Қазақстан Жерүсті және су астындағы жануарлардың саулығы кодекстерінің және Нұсқаулықтардың ережелерін сақтайтынын хабарлады. ХЭБ Кодексін қолдану үшін Қазақстан ХЭБ құру туралы халықаралық келісімді ратификациялады (2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 109- IV Қазақстан Республикасының Заңы). Бұдан басқа, Қазақстан 2004 жылғы наурызда Еуропалық және Жерорта теңізінің Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымын құру туралы Конвенцияны және 2010 жылғы сәуірде Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөнінде халықаралық конвенцияны (бұдан әр – ӨКҚХК) ратификациялады. Сондай-ақ, ол Қазақстан 2005 жылдан бастап "Алиментариус Кодексі" Комиссиясының мүшесі болып табылатынын түсіндірді. Қорытындылай келгенде ХЭБ, ӨКҚХК және Алиментариус Кодексінің (бұдан әрі: Кодекс) халықаралық стандарттары, ұсынымдары мен нұсқаулықтары Қазақстанда қолданылатын болды.

(с) Техникалық регламенттерді әзірлеу/ СФС-ке қойылатын міндетті талаптар

683. Қазақстанның өкілі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер техникалық регламенттер шеңберінде өнімге арналған міндетті талаптарды әзірлейтінін де түсіндіріп өтті. ЕЭК оларды:

- ЕАЭО туралы шарттың 52-бабына және оған № 9 Қосымшаға; және

- ЕЭК Кеңесінің "Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу, бекіту, өзгерту және олардың күшін жою жөніндегі ереже туралы" 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешіміне (бұдан әрі: ЕЭК Кеңесінің № 48 шешімі) сәйкес қабылдауы мүмкін.

684. Қазақстанның өкілі ЕАЭО-да және Қазақстанда ағымдағы заңнамалық және атқарушы жұмыстың мақсаты ХЭБ, ӨКҚХК және Кодекстің стандарттарымен, нұсқаулықтарымен және ұсынымдарымен үйлестіруді қамтамасыз ету болып табылатынын түсіндіріп өтті. Осы жұмыс, оның пікірінше, санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану бойынша ДСҰ келісімінің (бұдан әрі: СФС бойынша ДСҰ келісімі) талаптарымен ЕЭК шеңберінде немесе елдің ішінде

іс-шаралардың қабылданғанына қарамастан, Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға кірген күннен бастап Қазақстанның СФС режимін толық сақтауын қамтамасыз етеді.

685. Ол бұған қоса, ЕАЭО шараларын және санитариялық және фитосанитариялық мәселелерді қазақстандық ұлттық реттеуді осы халықаралық ұйымдардың стандарттарымен, нұсқаулықтарымен және ұсынымдарымен үйлестіруге арналған тәсілдер ЕАЭО туралы шарттың, Комиссия шешімдерінің шеңберінде және Қазақстанның тиісті халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуы шеңберінде айқындалғанын айтып өтті. Ол КО Комиссиясының "Халықаралық стандарттарды, ұсынымдар мен нұсқаулықтарды қолдану туралы" 2011 жылғы 22 маусымдағы № 721 шешімінде: егер Комиссия немесе ұлттық органдар ветеринария немесе фитосанитария немесе санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық салада міндетті талаптарды белгілемеген жағдайда, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер тиісті ХЭБ, ӨКҚХК және Кодекс стандарттарын, ұсынымдары мен нұсқаулықтарын қолдануы қажет екенін көздейтінін ұғындырып өтті. Осыған ұқсас, егер ЕАЭО аумағында қолданылатын ЕАЭО-ның ветеринариялық, фитосанитариялық және санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық міндетті талаптары тиісті халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға қарағанда, анағұрлым қатаң болып табылса, адам өміріне немесе денсаулығына, жануарлар немесе өсімдіктерге ғылыми негізделген қатер болмаған кезде тиісті халықаралық стандарттар, нұсқаулықтар мен ұсынымдар немесе олардың бөліктері қолданылатын болады.

686. Кейбір мүшелер Қазақстаннан ЕурАзЭҚ және ЕЭК СФС Техникалық регламентін әзірлеу процестері туралы толық ақпаратты ұсынуын және ЕурАзЭҚ талаптары ЕЭК, ЕАЭО талаптарын және ұлттық талаптарды алмастырады ма дегенді сұрады.

687. Қазақстан өкілінің техникалық регламенттердің, оның ішінде СФС-пен байланысты жобалар уәкілетті ұлттық органдар оларды ұсынғанға дейін ішкі рәсімдер пайдаланыла отырып, қатысушы елдерде әзірленетіндігін мәлімдеді. Қазақстанда Ауыл шаруашылығы министрлігі немесе Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша ЕЭК жауапты органдарына келісу үшін СФС бойынша техникалық регламенттерді қарауға ұсынады, одан әрі қарау және қабылдау тиісті халықаралық келісімдерге немесе ЕАЭО шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерін әзірлеу Мемлекетаралық Кеңестің "Техникалық реттеу жүйесінің базасында ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттерінің өзара саудасындағы техникалық кедергілерді жою туралы" 2011 жылғы 19 қазандағы №575 шешіміне (бұдан әрі: ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің №575 шешімі) сәйкес ЕурАзЭҚ деңгейінде тоқтатыла тұрды. ЕАЭО техникалық регламенттерін әзірлеу рәсімдері ЕЭК Кеңесінің № 48 шешімінде белгіленген. ЕАЭО шеңберінде Консультативтік комитет ЕАЭО техникалық регламенттерін әзірлеу процесінде үйлестіру мен ашықтылық ролін орындайды. Нақтырақ айтқанда, ЕАЭО-ға

мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан техникалық регламент жобасын алады, техникалық регламент жобасына талдау мен ұсынымдарды дайындайды, жоба мәтінін әзірлеуді үйлестіреді және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің органдары арасындағы техникалық регламентке қатысты дауларды шешеді.

688. Сондай-ақ, Қазақстанның өкілі техникалық регламентті әзірлеу ЕАЭО бірінші кезектегі техникалық регламенттерін әзірлеудің тиісті графигіне енгізілген жағдайда және осындай жұмыстарды жүргізу үшін уәкілетті орган мақұлдаған кезде ЕАЭО шеңберінде кез келген отандық немесе шетелдік жеке не заңды тұлғалар немесе үкіметтік не үкіметтік емес органдар техникалық регламенттің жобасын әзірлей алатындығын түсіндірді. Үшінші елдердің мүдделі тараптары, оның ішінде шет мемлекеттер ЕЭК Кеңесінің № 48 шешімінің 8-тармағында көзделгендей, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің кез келгені ұсынған техникалық регламент жобасы бойынша өзінің ескертулерін ұсына алады.

689. Халықаралық стандарттарға, ұсынымдарға немесе нұсқаулықтарға негізделмеген техникалық регламент жобалары оларды қолдануға дейін қалайша қайта қаралатыны туралы сұраққа жауап бере отырып, ол ЕАЭО-ның қолданыстағы заңнамасы және актілері техникалық регламенттер үшін негіз ретінде халықаралық стандарттарды, ұсынымдар мен нұсқаулықтарды басым қолдануды белгілейтінін және техникалық регламенттердің әзірлеушісі (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы немесе ЕЭК) жария талқылау үшін жоба туралы өзінің хабарламасында халықаралық стандарттармен жобалардың сәйкестік дәрежесіне өзінің бағасын ұсыну қажет екендігін мәлімдеді. Техникалық регламентті әзірлеуші техникалық регламент жобасын жасаған кезде пайдаланатын стандарттарды, ұсынымдар мен нұсқаулықтарды да көрсету қажет. Қазақстан техникалық регламенттерді әзірлеуге жауапты болған кезде техникалық регламент жобасын әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган (бұдан әрі: техникалық регламент жобасын әзірлеуші) тағайындалады. Техникалық регламент жобасын әзірлеуші техникалық регламенттің бірінші жобасын дайындайды және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының ұсыныстары негізінде ЕАЭО жұмыс тобы құрылады, ол мемлекеттік органдарды білдіретін сарапшыларды, академиялық және іскер қауымдастықтарды, тұтынушылардың қауымдастығын және басқа мүдделі тараптарды қамтиды. Техникалық регламент жобасы жұмыс тобында талқыланады. ЕАЭО жұмыс тобы халықаралық стандарттарды, ұсынымдар мен нұсқаулықтарды пайдалану туралы талапты ескереді, сондай-ақ қажет болған кезде тиісті өзгерістерді ұсынады. Техникалық регламенттің бірінші жобасын аяқтағаннан кейін техникалық регламент жобасын әзірлеуші техникалық регламент жобасын, түсіндірме жазбаны және техникалық регламентті әзірлеу туралы хабарламаны ЕЭК-ге жібереді. ЕЭК техникалық регламенттер жобасының бірінші нұсқасын және тиісті құжаттарды Консультативтік комитеттің жиналысында қарауды қамтамасыз етеді. Консультативтік комитет қарағаннан кейін Хаттамамен ресімделген, техникалық

регламент жобасы бойынша жария талқылаулардың басталу күні мен кезеңі туралы шешім қабылданады. Консультативтік комитет одан әрі қарау қажет деп шешкен жағдайда, техникалық регламент жобасын әзірлеуші Консультативтік комитет белгілеген кезең ішінде техникалық регламент жобасын және тиісті құжаттарды қайта қарайды.

690. Жария талқылау ЕЭК техникалық регламент жобасын, әзірлеу туралы хабарламаны және түсіндірме жазбаны ресми сайтта жариялаған кезде басталады. Осы ақпарат ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдарының ресми сайттарында жарияланады. Мүдделі отандық пен шетелдік жеке және заңды тұлғалар (оның ішінде ЕАЭО-ға мүше еместер), оның ішінде шет мемлекеттер техникалық регламенттердің жобалары бойынша өзінің ескертулері мен ұсыныстарын ЕЭК-ге ұсына алады. Түсіндірмелерге арналған кезең ЕЭК техникалық регламентінің жобасын әзірлеу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін кемінде 60 күнді құрайды. Қазақстан жария талқылаумен қатар, СФС-ке қатысты техникалық регламенттердің жобалары туралы СФС шаралары жөнінде ДСҰ Комитетін хабардар етуге ниет білдіреді. Техникалық регламент жобасында елеулі өзгерістер болған жағдайда, жария талқылаулардың жаңа раунды өткізіледі және жаңа хабарлама ДСҰ Хатшылығына жіберіледі. ЕЭК жария талқылаулар және ДСҰ-ға хабарлама жасау рәсімі кезеңінде мүдделі тұлғалардан алған түсіндірмелер мен ұсыныстарды өңдейді және оларды техникалық регламенттер жобасын әзірлеушіге жібереді. Техникалық регламент жобасын әзірлеуші ЕЭК-тен түсіндірмелер мен ұсыныстарды алған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде жұмыс тобымен түсіндірмелер мен ұсыныстарды талқылау жүргізуді қамтамасыз етеді және қабылдау туралы немесе бас тартудың негіздемесі туралы ақпаратты қамтитын түсіндірмелердің жиынтық кестесін дайындайды және ЕЭК-ге жібереді. ЕЭК Кеңесінің №48 шешіміне сәйкес ЕЭК веб-сайтта түсіндірмелер мен жауаптардың кестесін жариялайды. Техникалық регламент жобасын әзірлеуші ЕЭК-ге шоғырландырылған түсіндірмелерді жіберген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде техникалық регламент жобасына және тиісті құжаттарға жария талқылаулар барысында келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды, әсіресе, халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқаулықтарға негізделген түсіндірмелерді ескере отырып, өзгерістер енгізеді. ЕЭК техникалық регламент жобасын және тиісті құжаттарды мемлекетішілік келісу үшін мүше мемлекеттерге жібереді және ресми сайтта жариялайды. Мүше мемлекеттердің техникалық регламент жобасын мемлекетішілік келісуі аяқталғаннан кейін техникалық регламент жобасы Консультативтік комитетке жіберіледі, ол ЕЭК Алқасына бекітуге жібереді. Техникалық регламент жобасы мен тиісті құжаттар және келіссөздерде шешімін таппаған келіспеушіліктер ЕЭК Алқасында қаралады. Қарағаннан кейін ЕЭК Алқасы техникалық регламент жобасын және тиісті құжаттарды не ЕЭК Кеңесіне, не әзірлеушіге қайта қарауға жібереді. ЕЭК Кеңесі техникалық регламенттің түпкілікті

жобасын өз отырысында қабылдайды. Қазақстанның өкілі техникалық регламентке кез келген түзетулер дәл осындай тәртіппен қабылданатынын атап өтті.

691. Қазақстанның өкілі КО-ның бірінші кезектегі техникалық регламенттерін әзірлеу графигі Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеудің 2012-2013 жылдарға арналған жоспарын бекіткен, ЕЭК Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 103 шешімімен алмастырылған КО Комиссиясының 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 492 шешімімен, сондай-ақ Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарын бекіткен (бұдан әрі осы Бөлімде: КО техникалық регламенттерін әзірлеу жоспары) ЕЭК Кеңесінің 2014 жылғы 1 қазандағы №79 шешімімен қабылданғанын түсіндіріп өтті. Осы жоспарларға сәйкес, 2014 жылғы қарашадағы жағдай бойынша тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін, тамақ өнімдерін, астық, шырын және май өнімдерін таңбалауды реттейтін СФС техникалық регламенттері 2011 жылғы желтоқсанда КО Комиссиясының шешімімен қабылданды; мамандандырылған өнімдерді, оның ішінде диеталық тамақтануды және тағамдық қоспаларды реттейтін СФС техникалық регламенттері тиісінше 2012 жылғы маусымда және шілдеде ЕЭК Кеңесінің шешімімен қабылданды; сүт және сүт өнімдерін, ет және ет өнімдерін реттейтін СФС техникалық регламенттері 2013 жылғы қазанда ЕЭК Кеңесінің шешімдерімен қабылданды; жем-шөптердің және жжем-шөп қоспаларының қауіпсіздігін реттейтін СФС техникалық регламенттері жария талқылаулар рәсімінен өтті, бұл кезде балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігі , алкогольдік сусындардың және темекі бұйымдарының қауіпсіздігі жөніндегі техникалық регламенттерді жария талқылаулар, сол сияқты мемлекетішілік келісулер секілді рәсімдер 2014 жылғы мамырда аяқталды. "Ыдыстарға құйылған ауыз судың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентті жария талқылаулар 2014 жылғы қазанда аяқталды. Бұған қосымша, КО техникалық регламенттерін әзірлеу жоспарында мынадай: құстың және құс шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі туралы және тамақ өнімдерімен байланысы бар материалдардың қауіпсіздігі туралы СФС техникалық регламенттерін әзірлеу көзделген, олар қазіргі кезде әзірлеуде жатыр.

692. Сонымен бірге, ол ЕурАзЭҚ бірінші кезектегі техникалық регламенттерін әзірлеу графигі ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің 2010 жылғы 19 қарашадағы №521 шешімімен қабылданғанын түсіндіріп өтті. Осы график астық қауіпсіздігі, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі, тамақ өнімдерін таңбалау, темекі бұйымдарының, шырын және май өнімдерінің, сүт және сүт өнімдерінің, балдың және бал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі, сондай-ақ шөлмектегі судың қауіпсіздігі жөніндегі СФС техникалық регламенттерін қамтиды. Дегенмен, қазіргі уақытта ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің 2011 жылғы 19 қазандағы №575 шешімімен ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерін әзірлеу тоқтатылды. Жұмыс тобының мүшелері ЕАЭО бірінші кезектегі техникалық регламенттерінің және ЕурАзЭҚ бірінші кезектегі техникалық регламенттерінің сәйкес келуіне қатысты түсінік беруді сұрады.

Қазақстанның өкілі ЕАЭО техникалық регламенттерін қабылдауға шоғырлану туралы шешім қабылданғанын түсіндіріп өтті, өйткені ЕАЭО техникалық регламенттерін қабылдау рәсімі тезірек өтеді. Қазақстанның өкілі одан әрі ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы қызметін тоқтату туралы" 2014 жылғы 10 қазандағы № 652 шешіміне сәйкес, техникалық регламенттерді әзірлеуді қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының қызметі 2015 жылғы 1 қатардан бастап тоқтатылды.

693. Қазақстанның өкілі 2014 жылғы қарашаға қарай Комиссия ЕАЭО жоспарланған 60 техникалық регламенттің 35-ін, оның ішінде СФС жөніндегі мәселелерге байланысты регламенттерді қабылдағанын және осы барлық техникалық регламенттер өндірушілердің, импорттаушылардың, экспорттаушылардың жаңа техникалық регламенттермен танысуы және сақтауы үшін өтпелі кезеңнен кейін күшіне енетінін түсіндірді. Техникалық регламент жарияланған күн мен оның күшіне ену күні арасындағы 6 айдан тұратын ең төмен кезең кәсіпорындарға жаңа техникалық регламенттің ережелеріне немесе техникалық регламентке енгізілген өзгерістерге сай келу мүмкіндігін беру мақсатында Техникалық регламенттерді қабылдау туралы шешімдерде белгіленген болатын. Қазіргі кезде осы қағидаларды ЕАЭО заңнамасында белгілеу мақсатында ЕЭК Кеңесінің 2015 жылғы 28 мамырда қабылданған №48 шешіміне өзгерістер талқылануда. ЕАЭО техникалық регламенттерінің күшіне енуі және және ұлттық техникалық регламенттерді алмастыруы туралы хабарлама ЕЭК веб-сайтында орналастырылады. Жұмыс тобы мүшелерінің бірінің сұрағына берген жауапта Қазақстанның өкілі қазіргі кезде жана ұлттық техникалық регламенттер әзірленбейтінін растады.

694. Қазақстанның өкілі ЕАЭО туралы шарт күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болып табылады және Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын қоспағанда, қайшылық туындаған жағдайда, Қазақстан заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің ережелерінен (олардың ЕАЭО туралы шартқа дейін немесе одан кейін қабылданғанына қарамастан) басым болады деп түсіндіріп өтті. Ол Комиссия шешімдеріне қатысты, мұндай шешімдер Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесінде құқықтық мәртебеге ие болады, бұл үкімет немесе құзыретіне Комиссияның тиісті өкілеттіктері берілген кезде мәнін реттеу кіретін атқарушы орган қабылдаған шешімдер мәртебесіне сәйкес келеді деп түсіндірді. Ол Қазақстан ЕАЭО актілерін қолданған кезде ұлттық заңның күшін жоймайтынын, бірақ оларға ЕАЭО актілерін көрсету үшін өзгерістер енгізілетінін түсіндіріп өтті. Осы үйлестіруге дейін ішкі санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жалғастырылады, өйткені олар ЕАЭО актісіне қайшы келмейді.

695. Кейбір мүшелер ветеринариялық-санитариялық салада ЕАЭО техникалық регламенттері мен ЕАЭО-ның басқа да шешімдері арасында қайталануға

алаңдаушылық білдірді. Мысалы, мүшелер КО Комиссиясының №299 шешімі мен "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламент секілді ЕАЭО Техникалық регламенттері арасында қайталау мен қайшылықтар бар екенін атап өтті. Сондай-ақ, мүшелер КО Комиссиясының №317 шешімі, нақтырақ айтқанда, ЕАЭО жалпы ветеринариялық талаптары мен "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентке 5-қосымша арасында қайталау мен қайшылықтар бар екенін атап өтті, мұнда ветеринариялық талаптар қамтылған. Мүшелер импортталатын тауарларға қандай талаптар қолданылатынын түсіндіруді сұрады. Бұдан басқа, осы мүшелер әр түрлі Техникалық регламенттер арасында, яғни "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті және астық, ет, сүт өнімдеріне және т.б. техникалық регламенттер секілді сатылас техникалық регламенттер арасында қайталануды анықтады. Мүшелер бір жағынан, етке арналған техникалық регламентте және КО Комиссиясының №299 шешімінде және екінші жағынан, "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентте тетрациклин деңгейінде алшақтықты атап өтті және "Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенттің 5-қосымшасының 43 (1)-тармағында көрсетілген деңгейлер бірінші дәрежелі болып табылатынын растауды өтінді. Олар экспорттаушылар сатылас техникалық регламенттерде барлық қолданылатын талаптарды таба ала ма деп сұрады.

696. Қазақстанның өкілі санитариялық шараларға қатысты ЕАЭО туралы шарттың 57-бабының 2-тармағына сәйкес Комиссияның №299 шешімімен қабылданған және техникалық регламенттер әзірленетін өнімдерге қолданылатын Бірыңғай санитариялық талаптар тиісті техникалық регламенттерге енгізілуі қажет екендігін атап өтті. Басқаша айтқанда, КО Комиссиясының № 299 шешімі өнімдерге барлық санитариялық талаптарды кодификациялайтын "сілтеме құжат" ретінде қалады. Алайда, техникалық регламенттер ғана күшіне енген кезден бастап бақылауға жататын тауарларға тікелей қолданылады. ЕАЭО техникалық регламенттеріндегі санитариялық талаптар КО Комиссиясының №299 шешімінің талаптарымен бірдей болуға тиіс. Санитариялық талаптар өзгертілген кезде, Бірыңғай санитариялық талаптарға өзгерістерді және тиісті техникалық регламенттерді жария талқылаулар бір мезгілде өткізіледі. Бұдан әрі ветеринариялық шараларға қатысты ол ЕАЭО туралы шарттың № 9 Қосымшасының 3-тармағына сәйкес ЕАЭО техникалық регламенттерінде жалпы сипаттағы ғана ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық талаптар қамтылуы мүмкін түсіндірді, мысалы, өнімді ветеринариялық сертификатпен қолдау жөнінде талаптар. Толықтыру ретінде, Қазақстан ЕАЭО деңгейінде ЕАЭО техникалық регламенттері мен шешімдерінің қайталануы және сәйкес келмеуі туралы мәселені көтерді. Қазіргі кезде "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" ЕАЭО техникалық регламентіне өзгерістердің екі жобасы бар. Бірінші жоба 2013 жылғы шілдеде жария талқылаудан өтті және Консультативтік комитеттің мақұлдауы үшін қаралды. Екінші жоба 2014 жылғы шілдеде жария талқылаудан өтті және оны Консультативтік комитет

қарағанға дейін Санитариялық шаралар жөніндегі жұмыс тобы талқылады. Техникалық регламенттерді әзірлеу жоспарына сәйкес екі жобаны Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін қабылдау жоспарланды. Осы өзгерістер, бәрінен бұрын, ЕАЭО құжаттарында алшақтықтарды жоюға бағытталады.

697. Ал деңгейлес және сатылас техникалық регламенттер арасында алшақтықтарға келетін болсақ, ветеринариялық шараларға қатысты ешқандай алшақтық болмағанын атап өту қажет. Бұдан басқа, "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" ЕАЭО техникалық регламентінің 1-бабының 3-тармағына сәйкес техникалық регламент талаптарын толықтыра және/немесе нақтылай отырып, тамақ өнімдерінің белгілі түрлеріне арналған міндетті талаптарды және олармен байланысты өндіру (дайындау), сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын талаптарды белгілейтін ЕАЭО техникалық регламенттерінің талаптарын ескере отырып қолданылады. Бұған қосымша, ЕАЭО-ның басқа да техникалық регламенттерінде белгіленген тамақ өнімдерінің кейбір түрлеріне талаптар және олармен байланысты өндіру (дайындау), сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын талаптар "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" деңгейлес техникалық регламент талаптарын өзгерте алмайды. "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" ЕАЭО деңгейлес техникалық регламенті тамақ өнімдерінің барлық үлгілері үшін жалпы талаптарды белгілейді, нақтырақ айтқанда:

i. Тамақ өнімдеріне және өндіру (дайындау), сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары (санитариялық-эпидемиологиялық, санитариялық-ветеринариялық талаптарды қоса алғанда);

ii. Техникалық реттеу объектілерін сәйкестендірудің жалпы қағидалары;

iii. Техникалық реттеу объектілерінің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалау (растау) нысандары мен рәсімдері.

"Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" мен "Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" ЕАЭО сатылас техникалық регламенттері тиісті өнімге нақты талаптарды белгілейді, нақтырақ айтқанда:

i. Терминологиялар;

ii. Ет және ет өнімдеріне, сүт және сүт өнімдеріне арналған, сондай-ақ өндіру (дайындау), сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын нақты қауіпсіздік талаптары, олар "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламент талаптарын толықтырады;

iii. Ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін сәйкестендірудің нақты қағидалары;

iv. Ет және сүт өнімдерін таңбалауға қойылатын нақты талаптар;

v. Сәйкестікті растау сызбалары.

698. Кейбір мүшелер ұлттық СФС шаралары мен ЕАЭО СФС шараларының бірдей болуына және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық деңгейде СФС шараларын одан әрі қолдануы бойынша алаңдаушылық білдірді. Осы мүшелер ұлттық талаптарды ЕАЭО талаптарымен үйлестіру тұрғысынан осы түзетулер міндетті емес екендігін атап өтті. Олардың пікірі бойынша, бұл СФС шараларды қолдану мен сақтауға қатысты екіұштылыққа және саудада қомақты шығыстарға әкеп соқты, СФС бойынша ДСҰ келісімінің бұзылуына да әкеп соғуы мүмкін. Бұдан басқа, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің әрқайсысында ішкі шараларды одан әрі әзірлеу мен қолдану ЕАЭО аумағында талаптар үндестігінің болмауына және саудада шығыстардың артуына әкеп соғуы мүмкін. Осы мүшелер Қазақстанда және ЕАЭО бүкіл аумағында санитариялық және фитосанитариялық шаралардың қолданылуы туралы Қазақстаннан ақпаратты сұрады. Сондай-ақ, аталған мүшелер жергілікті билік ұлттық СФС шараларды әзірлеу мен қолдануды қашан тоқтататыны туралы ақпаратты сұратты. Қазақстанның өкілі ұлттық СФС шаралар ЕАЭО-ның СФС актілерімен қайшы келген кезде қарама-қайшылық шеңберінде қолданылмайтынын растады. Ол ЕАЭО актілерімен қамтылған мәселелерге қатысты Қазақстан 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап, ұлттық шараларды ЕАЭО актілерімен үйлестіру мақсатынан басқа кезде, ұлттық СФС шараларға өзгерістер енгізуді тоқтатқанын нақтылап өтті. Осы күнге дейін өтпелі кезең 2010 жылғы 1 шілдеге дейін дайындық техникалық жұмыс басталған кезде ұлттық шараларды қолдануға мүмкіндік берді. Осы ұлттық шаралар, егер ЕАЭО актілеріне қайшы келмесе ғана қолданылады. Кейбір мүшелер ұлттық шараларды ЕАЭО актілерімен үйлестіру белгілі уақыт кезеңі ішінде жүргізілуі қажет пе және егер қажет болса, осындай жағдайда қандай кезең қолданылады дегенге қызығушылығын білдірді. Өз жауабында ол осындай үйлестіру үшін белгілі уақыт кезеңі жоқ екендігін атап түсіндірді.

699. Кейбір мүшелер Қазақстаннан ұлттық органдар мен ЕАЭО/ЕЭК органдары арасында құзыреттердің нақты аражігін ажыратып беруді сұрады. Қазақстанның өкілі ЕЭК фитосанитариялық талаптар саласын қоспағанда, өнімдерге қойылатын нақты талаптарды белгілеуге жауапты болады деп жауап берді. Бұл ветеринариялық-санитариялық бақылау мақсатында Комиссия (ЕЭК, 2012 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша) ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жатқызылуы мүмкін тауарлардың тізбесін және санитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесін жасағанын білдіреді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында, яғни ЕАЭО аумағы шегінде осы өнімді ілгерілетуді бақылаудың, сондай-ақ ЕАЭО сыртқы шекарасында бақылаудың бірыңғай процесі бар. Сонымен қатар, ЕЭК кәсіпорындарды тізіліміне енгізу үшін объектілерді тексерудің бірыңғай рәсімін *inter alia* бекітті, оның ішінде экспортқа рұқсат берілді (ЕЭК Кеңесінің 2014 жылғы 9 қазандағы №94 шешімі, ол №834 шешімді алмастырды). Бұдан басқа, осы кәсіпорындарға қолданылатын талаптарды түсіндіретін, кәсіпорындарға тексерулер

жүргізуге арналған нұсқаулықтар тиісті ішкі нормативтік құқықтық актілерді алмастырды. Фитосанитариялық шараларға келетін болсақ, Комиссия фитосанитариялық бақылауға жататын өнімдердің тізбесін белгіледі және жария талқылау процесінен өткеннен кейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер талқылайтын карантиндік организмдердің бірыңғай тізбесінің жобасын жариялады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер карантинге жатқызылған өнімге қойылатын ЕАЭО Бірыңғай фитосанитариялық талаптарын әзірлеу процесінде де болды. Осылайша, фитосанитариялық талаптарға қатысты құзырет ұлттық органдардан ЕЭК Алқасының органдарына беріледі. Алайда, карантиндік организмдердің бірыңғай тізбесі және фитосанитариялық талаптар қабылданған дейін құзырет ұлттық деңгейде ЕАЭО-ға әрбір мүше мемлекеттердің ұлттық органдарында қала береді.

700. Ұлттық органдардың реттеу жөніндегі өкілеттіктері сақталып қалатын басқа да мәселелерге қатысты, Қазақстанның өкілі ұлттық органдар ішкі нарықта өнімдерді өндіру процестеріне қатысты талаптарды және тиісті әкімшілік кодексте СФС талаптарын бұзған үшін айыппұлды белгілегенін түсіндіріп өтті. Сонымен бірге, ұлттық органдар жануарлардың ауруларын бақылау үшін стратегияларды әзірлейді; уақытша СФС шараларын, яғни импортталатын тауарлардың қауіптілігі туралы негізделген ақпарат алған жағдайда, төтенше шараларды қабылдайды; қоғамдық тамақтану қызметтері саласында кәсіпорындардың өндірістік қызметін ұйымдастыруға санитариялық талаптарды белгілейді; ұлттық санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарды ЕАЭО талаптарымен үйлестіреді; және қауіпсіздіктің санитариялық аймақтарын белгілейді (мысалы, су қауіпсіздігіне байланысты және ел ішінде ғана қолданылатын нормалар). Фитосанитариялық мәселелерге қатысты, ұлттық биліктер карантиндік организмдерді, ішкі карантиндік аймақтарды және ішкі фитосанитариялық пункттерді қадағалау мен жоюға жауапты болады.

701. Ол ЕЭК органдары мен биліктің ұлттық органдары арасында құзыреттерді осылайша бөлу ЕАЭО деңгейінде талаптарды үйлестіруге және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің осы мәселелерді шешуіне қолдау көрсетінін де түсіндірді. Құзырет осы процесс шеңберінде ЕАЭО-ға беріледі. Қазақстанның өкілі мысал ретінде, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің карантиндік және фитосанитариялық шараларын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің үйлестіру ниетіне сілтеме жасады. Осылайша, құзыреті ЕАЭО деңгейінде талаптарды үйлестіру пайда болған кезде ұлттық органдардан ЕАЭО органдарына тапсырылады.

702. Қазақстанның өкілі ұлттық заңнаманы СФС мәселелері бойынша ЕАЭО актілерімен үйлестіру процесі СФС мәселелері бойынша Комиссия/ЕЭК шешімдерін қабылдау процесімен қатар жүріп жатқанын түсіндіріп өтті. Ол ЕАЭО деңгейінде белгіленген қауіпсіздіктің санитариялық талаптары ғана ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағында қолданылуы мүмкін екендігін нақтылады. Осылайша, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер БРЕД айқындаған немесе ұлттық деңгейдегі басқа да

санитариялық талаптарды олар ЕАЭО деңгейінде болмаған кезде қабылдай алмайды. Ол ұлттық деңгейде Қазақстан ЕАЭО құқықтық базасына сәйкес келтіру мақсатында ұлттық заңнамаға түзетулер енгізгенін одан әрі нақтылап айтты. Атап айтқанда, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен шекарада ветеринариялық бақылаудың күшін жою және ЕАЭО кедендік аумағының шегінде мемлекеттік шекарада ғана осындай бақылауды сақтау және жем-шөп қоспаларын қоспағанда, жем-шөп тіркеудің күшін жою мақсатында "Ветеринария туралы" Заңға тиісінше 2010 жылғы 30 маусымда (өзгерістер 2011 жылғы 1 шілдеде күшіне енді) және 2012 жылғы 12 қаңтарда өзгерістер енгізілді. Үкіметтің № 132 қаулысын алмастыратын, импортқа рұқсаттар беру реттелетін, Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығы да ЕАЭО Бірыңғай ветеринариялық талаптарының ережелеріне сәйкес әзірленді. Импортқа рұқсаттар беру туралы талаптардың күшін жою мақсатында "Өсімдіктер карантині туралы" Заңға 2012 жылғы шілдеде өзгерістер енгізілді.

703. Кейбір мүшелер МЕМСТ немесе МУК деп аталатын бірқатар құжаттарда СФС талаптары қамтылғанын, алайда бұл құжаттар заңнамалық талаптар болып табылмайтынын атап өтті. Осы мүшелер Қазақстаннан бұл құжаттар нұсқаулықтар ретінде ғана қаралуы мүмкін екендігін және егер бұл құжаттарда белгіленген талаптар орындалмаса, саудада шектеу шараларын енгізу үшін пайдалануға болмайтынын растауды өтінді. Нақтырақ айтқанда, осы мүше мемлекеттер Қазақстаннан тамақ өнімдерінде қалдық заттарға немесе микробиологиялық деңгейлерге өндірістік өнеркәсіптердің деңгейінде дербес бақылаудың немесе ресми бақылаудың міндетті кезенділігін белгілейтін заңнамалық талаптар жоқ екендігін растауды сұрады.

704. Жауап ретінде Қазақстан Республикасының өкілі МЕМСТ міндетті құжаттар болып табылмайтынын түсіндірді. Ол МУК сақтау ішкі нұсқау болып табылады және аталған қағидаттарды сақтау мемлекеттік бақылау органдары мен мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлерін жүзеге асыратын Қазақстанның органдары үшін ғана міндетті болатынын айтты. Ол МЕМСТ және МУК құжаттары заңнамадағы және техникалық базадағы ағымдағы өзгерістер (тексерулер үшін мүмкіндіктер) ескеріле отырып, тұрақты негізде жаңартылып отыратынын атап өтті. Ол өндірістік кәсіпорындардың өз өніміндегі қалдықтарға немесе микробиологиялық деңгейге тексерулер қаншалықты жиі жүргізу немесе қалдықтарға ресми тексерулер және микробиологиялық тексерулер қаншалықты жиі жүргізу туралы ешқандай міндетті талаптар жоқ екенін растады. Ол инспектор аталған мәселелерге бақылау жоспарын белгілеу үшін ақпараттық мақсаттарда осындай тестілеу туралы құжаттарды талап етуі мүмкін екендігін атап өтті. Жекелеген мүшелер кәсіпорын міндетті емес нұсқаулықтар негізінде сәйкес келмейді деп қаралуы мүмкін дегенге алаңдаушылығын білдірді және Қазақстан ұлттық деңгейде және тағам өнімдерін өндірушілермен орындалған мониторингті мойындайтын "Жануарлардан алынатын тағам өнімдерінде ветеринариялық

препараттарды пайдаланумен байланысты Бағдарламаны пайдалана отырып, тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық реттеу бағдарламаларын жобалау және іске асыру үшін" Алиментариус кодексінің нұсқаулығын САС/GL/71-2009 қолдана алады ма дегенді сұрады. Қазақстанның өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап Кодекстің осы Нұсқаулықтарын қолданатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

705. Кейбір мүшелер техникалық регламенттерде және шектеу стандарттары бар қайталама нормативтік актілерде халықаралық ұйымдардың тиісті стандарттары, ұсынымдары мен нұсқаулықтары немесе осы стандарттарды белгілеу үшін осындай ұйымдармен ұсынылған әдіснама назарға алынбайтынын атап өтті. Оған жауап ретінде Қазақстанның өкілі осы техникалық регламенттер мен санитариялық және ветеринариялық мәселелерге байланысты қайталама нормативтік актілер халықаралық ұйымдардың тиісті стандарттарына, ұсынымдары мен нұсқаулықтарына негізделетінін мәлімдеді.

(d) Ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар саудасы

706. Қазақстанның өкілі жоғарыда атап өтілгендей, Комиссия адам денсаулығы мен жануарлар саулығын қорғау үшін құқықтық негізді қамтамасыз ететін бірқатар шешімдерді шығарғанын мәлімдеді. КО Комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімі ЕЭК Кеңесінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 95 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге (бұдан әрі: КО Комиссиясының № 317 шешімі) ЕАЭО-да ветеринариялық шаралар үшін құқықтық негізді белгілейді және 2010 жылғы 1 шілдеде күшіне енді. КО Комиссиясының №317 шешімі Ветеринариялық бақылауға жатуы ықтимал тауарлардың тізбесін белгілейді және мыналар туралы ережелерді бекітеді: (i) ЕАЭО кедендік шекарасында және ЕАЭО кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды жүргізудің бірыңғай жүйесі туралы; (ii) ветеринариялық бақылауға (қадағалау) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар сынамаларын іріктеудің бірыңғай жүйесі туралы, бұл КО Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 834 шешімімен алмастырылды; (iii) ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлар үшін бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар туралы; (iv) ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысандары туралы (ЕАЭО шеңберінде орнын ауыстыру үшін); және (v) Ветеринариялық бақылауға (қадағалау) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесі туралы. Қазақстанның өкілі ЕЭК Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалау) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай жүйесі туралы ереже туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімі (бұдан әрі: ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімі) инспекциялау жөніндегі арнайы нұсқаулықтарды қоса алғанда, тексерулер жүргізудің жаңа тәртібін бекітті және КО Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы №834 шешімімен

қабылданған тексерулер туралы алдыңғы ереженің күшін жойды. ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 6 шешімімен енгізілген соңғы өзгерістермен бірге КО Комиссиясының "Кеден одағында санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімінде (бұдан әрі: КО Комиссиясының № 299 шешімі) қамтылған, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға (қадағалау) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар бақылауға жатқызылған тауарлар үшін қалдықтардың ең жоғары рұқсат берілген деңгейлерін белгілейді.

707. Қазақстанның өкілі Бірыңғай ветеринариялық талаптардың "Жалпы ережелерінде" көрсетілгендей, Кеден одағының аумағына әкелінетін, ветеринариялық бақылауға жататын өнімге қатысты осы талаптарға қосымшада көзделген реттеу шаралары қолданылатынын одан әрі түсіндіріп өтті. Ал ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің бір аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің басқа аумағына тасымалданатын тауарларға қатысты, "Жалпы ережелерге" сәйкес олар: (i) ЕАЭО-ға мүше экспорттаушы мемлекеттің құзыретті органы берген ЕАЭО бірыңғай нысанындағы ветеринариялық сертификат бірге жүру қажет; (ii) әкелу ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің бір аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің басқа аумағына тасымалданатын Тауарларды өндірумен, өңдеумен және/немесе сақтаумен айналысатын кәсіпорындар мен тұлғалар тізіліміне енгізілген кәсіпорындардан жүзеге асырылуы қажет; (iii) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген рұқсатты талап етпейді.

708. Адам денсаулығы мен өмірін және жануарларды қорғау үшін құқықтық негізді мынадай негізгі ұлттық нормативтік құқықтық актілер құрайды: "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 20 шілдедегі № 339-II Заң (2014 жылғы 29 қыркүйектегі соңғы өзгерістермен бірге), "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 301-III Заң (2014 жылғы 9 қыркүйектегі соңғы өзгерістермен бірге), сондай-ақ мынадай заңдарды іске асыру мақсатында бекітілген, ветеринария саласындағы заңға тәуелді құқықтық актілер: Үкіметтің 2003 жылғы 28 сәуірдегі №407 қаулысы, онда мыналар бекітілді: (i) Мемлекеттік ветеринариялық және санитариялық бақылау мен қадағалау туралы ереже; (ii) Адам денсаулығына және жануарларға жоғары дәрежеде қауіп төндіретін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың міндетті түрде алып қойылуы және жойылуы немесе оларды алып қоюсыз міндетті түрде зарарсыздандыру (дезинфекциялау) және қайта өңдеу қағидалары; (iii) Адам денсаулығына және жануарларға жоғары қауіп төндіретін залалданған жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың алып қойылу және жойылу құнын заңды және жеке тұлғаларға өтеу қағидалары мен шарттары; (iv) Анықталған кезде адам денсаулығына және жануарларға жоғары қауіп төндіретін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың міндетті түрде алып қойылуы және жойылуы жүргізілетін жануарлардың анағұрлым жұқпалы ауруларының тізімі; (v) Профилактикасы, диагностикасы және жойылуы бюджет есебінен жүзеге асырылатын

жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізімі; (vi) Объектілерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезіндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау қағидалары; және (vii) Мемлекеттік шекара және кеден бекеттерінде ветеринариялық бақылау бекеттерін ұйымдастыру қағидалары ; Үкіметтің "Кейіннен сатуға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1754 қаулысы; Үкіметтің "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы" 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2331 қаулысы; Үкіметтің "Аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауға қатысты объектілердің әкетілуіне, әкелінуіне және транзитіне рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 132 қаулысы; Үкіметтің "Қазақстан Республикасының аумағында объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру) қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 149 қаулысы; Үкіметтің "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттар беру қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 22 қыркүйектегі № 1230 қаулысы.

i) Ветеринариялық сертификаттар

709. Мүшелер ветеринариялық сертификаттарды әзірлеу мен іске асыруға қатысты ЕАЭО талаптары туралы ақпаратты сұрады. Мүшелер осындай сертификаттардың халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқаулықтарға сәйкестігін қамтамасыз етуді сұрайды. Мүшелер Қазақстанмен келісілген қолданыстағы екіжақты сертификаттардың қолданылу мерзімдерінің жалғастыру туралы ақпаратты да сұратты. Олардың пікірі бойынша осы екіжақты сертификаттар алмастыратын сертификаттар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен келісілгенге дейін күшін сақтау қажет.

710. Ветеринариялық сертификаттарға қатысты Қазақстанның өкілі КО Комиссиясының "Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағының кедендік аумағына үшінші елдерден әкелетін бақылауға жатқызылған тауарларға бірыңғай ветеринариялық сертификаттардың нысандары туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешімімен КО Комиссиясының № 317 шешімімен белгіленген, ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар санаттарының әрқайсысына арналған, кез келген үшінші елден ЕАЭО аумағына әкелу үшін ЕАЭО ветеринариялық сертификаттарының 42 бірыңғай нысаны бекітілгенін мәлімдеді. Осы сертификаттар кейіннен КО Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 832 және 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №892 шешімдеріне, ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 262, 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 308, 2013 жылғы 10 қыркүйектегі № 193, 2013 жылғы 29 қазандағы № 245 және 2014 жылғы 11 ақпандағы № 19 шешімдеріне сәйкес жаңартылды. Ол КО Комиссиясының "Ветеринариялық шаралар туралы" 2011 жылғы 15 шілдедегі № 726 шешіміне сәйкес (бұдан әрі: КО

Комиссиясының № 726 шешімі) экспорттаушы елдер мен Қазақстан арасында 2010 жылғы 1 шілдеге дейін келісілген ветеринариялық сертификаттар кемінде 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін ЕАЭО аумағына әкелу үшін қолданыста болатынын растады.

711. Сонымен қатар, КО Комиссиясының "Ветеринариялық шаралар туралы" 2011 жылғы 15 шілдедегі № 726 шешімінде, егер экспорттаушы ел 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін осындай экспорттық ветеринариялық сертификат туралы келіссөздер жүргізу туралы негізделген сұрау салу жіберсе, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдары келіссөздер жүргізе алатыны және ЕАЭО-ның Бірыңғай нысанынан және ЕАЭО-ның жекелеген Бірыңғай ветеринариялық талаптарынан ерекшеленетін талаптармен ветеринариялық сертификаттарды келісе алатыны көзделеді. Шешімде, егер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы 2010 жылғы 1 шілдеге дейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірі парафирлеген ветеринариялық сертификатты келісу туралы сұрау салуды 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін алған жағдайда, екіжақты экспорттық ветеринариялық сертификаттар, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше осындай мемлекеттің уәкілетті органымен келісілген осындай сертификаттарға енгізілген кез келген кейінгі өзгерістер экспорттық сертификат ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің келісілген позицияларының негізінде ЕАЭО-ға мүше мемлекетпен келісілгенге дейін ЕАЭО-ның кедендік аумағына тиісті елден экспортты жүзеге асыру кезінде өз күшін сақтайды. 2010 жылғы 1 шілдеден 2010 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірі парафирлеген екіжақты экспорттық ветеринариялық сертификаттар, егер экспорттаушы елдің уәкілетті органы ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің келісілген позицияларының негізінде ЕАЭО-ға мүше осы мемлекетпен екіжақты экспорттық ветеринариялық сертификаттар келісілгенге дейін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органына сұрау салу жіберген жағдайда, сертификатты парафирлеген ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағында ғана тиісті тауарлардың импорты және айналысы үшін қолданыста болады. Екіжақты экспорттық ветеринариялық сертификат ЕАЭО-ның бірыңғай нысанынан және ЕАЭО-ның бірыңғай талаптарынан ерекшеленетін талаптарды қамтыған кезде мұндай сертификаттар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер анықтағандай қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Сондай-ақ, осы жаңа сертификаттар, тиісті өнімдер туралы ережелерді қоса алғанда, 2010 жылғы 1 шілдеге дейін ЕАЭО-ға мүше мемлекет пен үшінші ел арасында жасалған халықаралық шартта көзделгеннен мейлінше қолайлы шарттарды қамтуға тиіс. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

712. Мүшенің нақты сұрағына берген жауабында Қазақстанның өкілі, мүшенің сұрау салуына толықтыру ретінде, ветеринариялық бақылауға жататын тауарларға үшінші елдермен ЕАЭО ветеринариялық сертификаттары күшіне енгенге дейін Қазақстан ветеринариялық бақылауға жататын, Қазақстан аумағына әкелінетін тауарларға екіжақты ветеринариялық сертификаттар бойынша үшінші елмен келіссөздер жүргізетінін және өзара келісетінін растады. Қазақстан келіскен осындай

екіжақты сертификаттардың негізінде Қазақстан аумағына әкелінетін осындай тауарлардың ЕАЭО шегіндегі айналысы Қазақстан аумағымен шектелуі мүмкін. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

713. Ветеринариялық сертификаттарды қолдану туралы анағұрлым толық ақпаратты ұсыну туралы өтінішке ол ЕАЭО құқықтық базасы ЕАЭО ветеринариялық сертификаттарының 42 Бірыңғай нысанынан және ЕАЭО Бірыңғай талаптарының жекелеген ережелерінен ерекшеленетін ветеринариялық сертификаттар бойынша экспорттаушы елдің құзыретті органымен келіссөздер жүргізуге рұқсат беретінін хабарлады. Егер үшінші ел ЕАЭО-ға мүше мемлекетке ветеринариялық бақылауға жататын ЕАЭО тауарларының Бірыңғай тізбесіне және ЕАЭО Бірыңғай ветеринариялық талаптарына сәйкес ветеринариялық сертификат талап етілетін, алайда оған қатысты ЕАЭО сертификатының Бірыңғай нысаны және ЕАЭО Бірыңғай талаптары жоқ тауарды экспортқа шығарғысы келсе, мүдделі елдер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің келісілген позициялары негізінде екіжақты сертификаттарды келісе алады және осындай екіжақты сертификаттар КО Комиссиясының "Халықаралық стандарттарды, нұсқаулықтар мен ұсынымдарды қолдану туралы" 2011 жылғы 22 маусымдағы №721 шешімімен көзделгендей, тиісті халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға негізделеді. Егер ветеринариялық бақылауға жататын ЕАЭО тауарларының Бірыңғай тізбесіне және ЕАЭО Бірыңғай ветеринариялық талаптарына сәйкес тауарға ветеринариялық сертификат талап етілмесе немесе егер тауар ЕАЭО-ның көрсетілген Бірыңғай тізбесіне енгізілмесе, Қазақстан ветеринариялық сертификатты талап етпейді. Сонымен қатар, Қазақстанның өкілі үшінші елден ветеринариялық сертификаттар бойынша келіссөздерге бастамашылық жасауға сұрау салуды алған ЕАЭО-ға мүше мемлекет немесе ЕЭК, егер үшінші ел ЕЭК-ге сұрау салуды жіберсе, сертификаттар бойынша ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің келіссөздер позициялары бойынша келіссөздерді үйлестіруге, сондай-ақ ветеринариялық сертификаттарға қатысты ұсыныстар мен сұрау салулар бойынша үшінші елдерге кері байланысты дайындау және ұсынуға жауапты болатынын атап өтті.

714. Мүшелердің бірі Бірыңғай ветеринариялық талаптарға енгізілген соңғы өзгерістер туралы ақпаратты ұсынуын сұрап, осы талаптардың кейбір ережелері ХЭБ ұсынымдарына сәйкес келмейтінін атап өтті. Ол осы өзгерістер ХЭБ талаптарына сәйкес келтіру мақсатында енгізілгені жөнінде қызығушылық білдірді.

715. Кейбір мүшелер Комиссияның ветеринариялық сертификаттардың 40 бірыңғай нысанын және бірыңғай ветеринариялық талаптардың 38 тарауын қабылдағанынан алаңдаушылық білдірді, олар халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқаулықтарға, атап айтқанда, ХЭБ стандарттарына, ұсынымдары мен нұсқаулықтарына сәйкес келмейді. Осы мүшелер СФС бойынша ДСҰ келісімі талаптарының бұзылуына қарай, мүшелерді қоса алғанда, мүдделі тараптарға олар

қабылданғанға дейін осы шаралар бойынша өз ескертулерін ұсыну мүмкіндігі берілмегеніне алаңдаушылық білдірді. Қазақстанның өкілі ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 9 сәуірдегі №77 шешімімен енгізілген соңғы өзгерістермен бірге КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы №319 шешімімен бекітілген "Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі үйлестіру комитеті туралы ережені" алмастырған ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 18 қыркүйектегі №161 шешімімен бекітілген Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі консультативтік комитет туралы ереженің 16-тармағында ұсынылатын СФС шараларына қатысты қоғамнан түсіндірмелер алу процесі көзделетінін атап өтті. Сонымен бірге, өкіл КО Комиссиясының "Кеден одағының санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық саласындағы құқықтық актілерін халықаралық стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз ету туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі №625 шешімінің (бұдан әрі: КО Комиссиясының № 625 шешімі) 2-4 тармақтарында шаралардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қарау процесі және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін шараларға өзгерістер енгізу күшінде қалу көзделеді.

716. Қазақстанның өкілі Бірыңғай ветеринариялық талаптарға және Сертификаттардың бірыңғай нысандарына өзгерістер енгізу олардың халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқаулықтарға, атап айтқанда, ХЭБ стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қатарлас дайындалғанын растады. Ол бірыңғай ветеринариялық талаптарға және сертификаттардың бірыңғай нысандарына өзгерістер Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен кешіктірілмей бір мезгілде күшіне енетінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

717. Кейбір мүшелер Қазақстан ЕАЭО-ның кейбір бірыңғай ветеринариялық талаптарына ғана ұсынылатын өзгерістерді дайындағанын атап өтті. Осы мүшелер осы ұсынылатын түзетулер мейлінше шектеулі екеніне, ДСҰ мүшелерінің түсіндірмелерінің ескермегеніне, ғылыми қағидаттарға негізделмегеніне алаңдаушылық білдірді, бұл ерікті немесе негізсіз кемсітуге әкелуі мүмкін және ең бастысы, ЕАЭО бірыңғай ветеринариялық талаптары халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқаулықтарға, мысалы, жануарлардың ауруларына қатысты талаптар белгілеу бөлігінде сәйкес келтірілмеген, олар ХЭБ Кодексінде көрсетілмеген немесе тиісті тауар үшін ХЭБ Кодексінде сауда үшін аз шектеулі сауда шарттары келісілген кезде шыққан аумағының еркіндігін талап етеді. Мүшелер ЕАЭО бірыңғай ветеринариялық талаптарына және бірыңғай нысандарға қатысты 716-тармақтағы Қазақстан міндеттемелерін атап өтті және Қазақстан ЕАЭО-ға мүше бірінші мемлекеттің ДСҰ-ға қосылу күніне халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға, атап айтқанда ХЭБ стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті өзгерістерді қабылдамағанына және бұл өзгерістер 716-тармақта

көзделгендей, күшіне енбейтініне алаңдаушылық білдіреді. Осы мүшелер Қазақстанды елеулі күш салуды, оның ішінде 716-тармақтағы міндеттемелерді уақтылы орындауды қамтамасыз ету үшін ДСҰ мүшелерімен консультациялар жүргізу жолын ұсынды.

718. Қазақстанның өкілі ЕАЭО Бірыңғай ветеринариялық талаптарын үйлестіру Ресейдің ДСҰ-ға кіру бөлігі ретінде 2012 жылы жүргізілгенін түсіндірді. Атап айтқанда, бақыланатын өнім үлгісі бойынша жануарлар ауруларының болмау мерзімдері аймақтандыру қағидаты назарға алына отырып, азайтылды. Үйлестіру процесінің бөлігі ретінде ДСҰ-ның кейбір мүшелерімен консультациялар жүргізу нәтижесінде ЕАЭО Бірыңғай ветеринариялық талаптарының 20-дан астам тарауына өзгерістер енгізілді. Бұған қосымша, ХЭБ ұсынымдарымен одан әрі үйлестіру мақсатында Бірыңғай ветеринариялық талаптардың кейбір тарауларына өзгерістер енгізілді. Бұдан әрі Қазақстанның өкілі ЕАЭО ветеринариялық талаптарын үйлестіру үздіксіз процесс болғанын түсіндіріп өтті. Ол ЕАЭО Бірыңғай ветеринариялық талаптарында белгіленген жануарлардың ауруларына қойылатын талаптар ХЭБ ұсынымдарына сәйкес келетінін сеніммен айтты. Ол ХЭБ Жерүсті жануарларының саулығы кодексінің (бұдан әрі: ХЭБ Кодексі) 5.1.1-бабына сәйкес елде жануарлар саулығының мәртебесіне байланысты тауарлар импортының әр түрлі нұсқалары (ұсынымдары) бар екенін атап өтті. Бұдан басқа, ХЭБ Кодексі жануарлар саулығының жағдайына қарай елдер арасындағы айырмашылықтарға байланысты түрлі нұсқаларды ұсынады. ХЭБ Кодексінде көрсетілгендей: "Экспорттаушы елде, транзиттік елде/елдерде және импорттаушы елде жануарлар саулығының жағдайы саудаға қойылатын талаптар айқындалғанға дейін қаралуға тиіс. Халықаралық сауданың санитариялық аспектілерін үйлестіруді арттыру үшін ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің ветеринариялық қызметтері өзінің импорттық талаптарын ХЭБ стандарттарына негіздеуге тиіс." Ол ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО елдері қажет деп есептейтін қорғау дәрежесін назарға ала отыра, белгілі бір ауруларға қатысты ХЭБ Кодексінде ұсынылған нұсқалардың бірін таңдағанын атап өтті. Қазақстанның өкілі бұдан әрі КО Комиссиясының "Ветеринариялық шаралар туралы" 2011 жылғы 15 шілдедегі № 726 шешімі (бұдан әрі: КО Комиссиясының №726 шешімі) ЕАЭО мен экспорттаушы ел арасында екіжақты ветеринариялық сертификаттарды келісуге мүмкіндік беретінін түсіндірді, бұлар сауданы дамыту мақсатында экспорттаушы елде жануарлар саулығының түрлі мәртебелерін көрсету мақсатында Бірыңғай ветеринариялық талаптардан өзгеше талаптарды қамтуы мүмкін.

719. Кейбір мүшелер өздерінің КО Комиссиясының № 726 шешіміне сәйкес олар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен жекелеген сертификаттар бойынша келіссөздер бастағанын атап өтті. Мүшелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ғылыми негіздемені ұсынбай, ХЭБ ұсынымдары шеңберінен тыс талаптарды сұратуды жалғастыратынын және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО бірыңғай талаптарынан ерекшеленетін сертификат талаптары бойынша келіссөздер жүргізгісі келмейтін секілді екенін

мәлімдеді. Сонымен қатар, мүшелер сертификаттар бойынша келіссөздер процесі көп уақыт алатынын және әрбір келіссөз сессиясына қатысатын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің позицияларында келісімге келуге кепілдік беруге болмайтынын мәлімдеді. Бұдан басқа, осы мүшелер жекелеген сертификаттар бойынша келіссөздерге қатыспаған ЕАЭО-ға мүше мемлекет қандай негізде қорытындыға және сертификатта халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ережелер қамтылған болса да, сертификаттарды қабылдауға қарсы шыға алатыны туралы ақпаратты сұратты. Мүшелер жекелеген сертификаттар бойынша келіссөздерде тиімділіктің болмауына байланысты алаңдаушылық білдірді. Қазақстанның өкілі келіссөздер барысында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер, бұл СФС бойынша ДСҰ келісімімен көзделгендей, тәуекелді бағалау жолымен ақталған жағдайларды қоспағанда, ХЭБ ұсынымдарына сәйкес аттестацияны ұсынатыны жөнінде жауап берді. Өкіл Қазақстанның қолжетімді уақыт пен ресурстарға сүйене отырып, келіссөздерге қатысатынын және таяудағы келіссөздерде бірқатар екіжақты ветеринариялық сертификаттар парафирленгенін атап өтті.

720. Қазақстанның өкілі, егер экспорттаушы мүше ЕАЭО-ның немесе Қазақстанның СФС талаптары халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтарға немесе ұсынымдарға негізделген шаралармен қол жеткізілетін қорғаудың анағұрлым жоғары деңгейіне әкеледі деп ұйғарса, Қазақстан осындай СФС талаптары бойынша экспорттаушы мүшемен консультация жүргізуге дайын екенін және қажет болса, осындай консультациялар нәтижелері бойынша тиісті сертификатқа енгізілген талаптарға оны санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану бойынша ДСҰ келісіміне сәйкес халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтарға немесе ұсынымдарға сәйкес келтіру үшін өзгерістер енгізетінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

721. Жұмыс тобының мүшесі тірі ірі қара мал үшін қолданыстағы екіжақты сертификаттарда, сондай-ақ ЕАЭО-ның Бірыңғай ветеринариялық сертификаттарында белгіленген ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясы жөніндегі талаптар (BSE) ХЭБ стандарттарына сәйкес келмейтіні жөнінде алаңдаушылық білдірді, өйткені олар жануарларды BSE-ге зерттеуге тиісінше ұсыныс береді және BSE жұққан жануарлармен генетикалық байланыстың жоқтығын талап етеді. BSE-ге қатысты Қазақстанның өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап екіжақты сертификаттар, сол сияқты ЕАЭО-ның бірыңғай ветеринариялық сертификаттары санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану бойынша ДСҰ келісімінде көзделгендей, ХЭБ стандарттарына сәйкес келтірілетінін түсіндіре кетті. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

722. Кейбір мүшелер ветеринариялық сертификат халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқаулықтарға сәйкес, ЕАЭО актілерінің міндетті талаптары болып табылмайтын немесе ЕАЭО-ның міндетті талаптары болмаған жағдайда, мысалы,

ЕАЭО актілерінің объектілері болып табылмайтын ауруға сертификаттау болмаған жағдайда немесе сертификатта талап етілгендей, ЕАЭО шеңберінде немесе Қазақстан аумағында қадағалаудың осындай деңгейіне жатпайтын ережелерге сертификаттауды талап етпеуге тиіс екенін мәлімдеді. Егер Қазақстан немесе ЕАЭО жануарлар саулығына қойылатын талаптардың ХЭБ-те көрсетілгеннен анағұрлым қатаң болуына ниет білдірсе, Қазақстан немесе ЕАЭО тәуекелдерді бағалау негізінде, сол сияқты Қазақстан немесе ЕАЭО аумағында болуы мүмкін жануарлар ауруларына арналған Қазақстанда немесе ЕАЭО аумағында активті немесе пассивті қадағалау негізінде нақты ауру бойынша жануарлар саулығының жағдайы бойынша Қазақстанның немесе ЕАЭО-ның мәртебесі осындай қатаң талаптарды негіздейтінін көрсетуі қажет. Қазақстанның өкілі ветеринариялық сертификаттар тиісті өніммен берілмейтін/тиісті өнімге қатысы жоқ және қолданылатын міндетті талаптар мен Қазақстанның немесе ЕАЭО-ның бүкіл аумағында жүргізілген қадағалау негізіне негізделмеген ережелерді сертификаттауды талап етпейтін аурулар туралы ережелерді қамтымайтынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

723. Кейбір мүшелер тауарлардың: ЕАЭО-ға экспортқа уәкілеттік берілген кәсіпорындарды көрсете отырып, экспорттық ветеринариялық сертификаттар, сәйкестік туралы декларациялар, сәйкестік сертификаттары, импортқа рұқсаттар және мемлекеттік тіркеу арқылы тамақ өнімдерінің ұлттық қауіпсіздік шараларымен және ЕАЭО тамақ өнімдерінің қауіпсіздік шараларымен сәйкестігін растау үшін Қазақстан талап ететін шаралардың бірдей болуына қатысты алаңдаушылық білдірді. Осы мүшелер талаптарға сәйкестікті тексеру мақсатында осындай қайталанатын, көптеген және бірдей талаптардың пайдалылығына күмән келтірді. Олардың пікірі бойынша сәйкестік туралы декларацияның және сәйкестікті бағалаудың басқа нысандарының және экспорт сертификатының немесе қосымша талаптардың болуы ауыртпалық, міндетті емес болып табылады және сауданы шектейді. Мүшелер Қазақстаннан осы артықшылықты жоюды өтінді.

724. Қазақстанның өкілі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті қызметтің қайталануын болғызбау үшін Қазақстанның аумағына тауарлар импорты кезінде ветеринариялық және санитариялық мәселелерге қатысты өкілеттіктерді жүзеге асыратынын түсіндірді. Оның атап өтуінше, ветеринариялық сертификаттар ветеринариялық та, санитариялық та талаптарды қамтиды және тауарларды шекарадан алып өту үшін бір ветеринариялық-санитариялық құжат қана талап етіледі. Сондай-ақ, ол бақылауға жатқызылған тауарларды мемлекеттік тіркеу отандық, сол сияқты импорттық тауарларға қолданылатынын және өнімдердің шектелген тізбесіне ғана қатысты екенін түсіндірді. Қазіргі кезде ЕАЭО ветеринариялық сертификатты және сәйкестік туралы декларацияны талап ететін тауарларға қатысты ол ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер қазіргі уақытта әзірленіп жатқан ЕАЭО-ның техникалық регламенттеріне сәйкес, әрбір техникалық регламентте көрсетілгендей, өнімнің ЕАЭО талаптарына

сәйкестігін растайтын тек бір құжатты талап ететінін растады. Мысалы, ЕЭК Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы №67 шешімімен қабылданған "Сүт және сүт өнімдері туралы" техникалық регламентінде және ЕЭК Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы №68 шешімімен қабылданған "Ет және ет өнімдері туралы" техникалық регламентінде өңделмеген және өңделген сүт пен ет өнімдері үшін ғана ветеринариялық сертификат қажет екені көрсетіледі. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

725. Кейбір мүшелер Қазақстаннан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ХЭБ Кодексінің 5.2.3-бабының 9-тармағына сәйкес алмастыруға берілген сертификатты қабылдайтынын растауды сұрады және нормативтік құқықтық базаны ұсынуын сұрады.

726. Қазақстанның өкілі берген жауабында, Қазақстан ХЭБ Кодексінің 5.2.3-бабының 9-тармағына сәйкес алмастыруға берілген сертификаттарды тану туралы ережені енгізу мақсатында КО Комиссиясының №317 шешіміне өзгерістерге бастамашылық жасағанын айтты. Осы өзгерістер ЕЭК Кеңесінің "Кеден одағының кедендік шекарасында және Кеден одағының кедендік аумағында ветеринариялық бақылау жүргізудің бірыңғай рәсімінің ережесіне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы № 95 шешімімен қабылданды.

а. (ii) Кәсіпорындарды мақұлдау, тіркеу және тексеру

727. Қазақстанның өкілі КО Комиссиясының № 317 шешіміне сәйкес Ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар тізбесіне енізілген көптеген тауарлар мынадай үш талапқа сәйкес келуге тиіс екенін түсіндірді: (i) экспорттаушы кәсіпорын Кеден одағының кедендік аумағына әкелінген кезде ветеринариялық бақылауға жататын тауарларды өндіруді, өңдеуді және/немесе сақтауды жүзеге асыратын кәсіпорындар және тұлғалар тізіліміне (бұдан әрі: Тізілім) енгізілген болуға тиіс, (ii) тауар ветеринариялық сертификатпен бірге жүруге тиіс және (iii) импортқа рұқсат Тізілімге енгізілген кәсіпорындардың тауарларын әкелуге берілуге тиіс. Дегенмен, өкіл ЕЭК Алқасының "Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 10 желтоқсандағы №294 шешімімен (бұдан әрі: ЕЭК Алқасының №294 шешімі) енгізілген өзгерістермен КО Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы №830 шешіміне сәйкес ЕЭАО бақылау тетіктерінің қайталануын барынша азайту үшін белгілі бір тауарларға қатысты ветеринариялық бақылаудың кейбір шараларын алып тастау туралы шешім қабылдағанын атап өтті. Бұдан басқа, КО Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 831 шешімімен кейбір тауарлар ветеринариялық бақылаудан толық алынып тасталды.

728. Қазақстан Республикасының өкілі ЕЭК Алқасының №294 шешіміне сәйкес, тамаққа қолдануға арналған тірі балықтардан басқа, тірі жануарларды, жемдік астық, таза бал, азық үшін майлы дақылдардың тұқымы, жануарлар майы және май, өңделмеген сабан, еттен жасалған экстракттар және шырындар, өңделген ет және

құрамында балық бар салындысымен макарон өнімдері сияқты кейбір импортталатын тауарларды өндірушілер Тізілімге енгізілу талабынан босатылғанын атап өтті. Тізілім 739-тармақта көрсетілген веб-сайтта жарияланды.

729. Мүшелердің бірі Ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар тізбесінде кейбір белгілі бір тауарларды сақтау үшін ғылыми негіздемені талап етті. Атап айтқанда, осы мүше өсімдіктен алынатын өнімдерді енгізу туралы ақпаратты сұратты. Бұдан басқа, мүше Қазақстанға арналған өңделген сүт өнімдерін экспорттайтын кәсіпорынның атауын Тізілімге енгізу қажеттігі туралы ақпаратты сұратты. Осы мүше Қазақстанның ғылыми негіздемесі және тәуекелдерді бағалауы жоқ кез келген талаптарды алып тастауды талап етті.

730. Қазақстанның өкілі ЕЭК Кеңесінің "Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 810 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 16 мамырдағы № 33 шешіміне сәйкес (бұдан әрі: ЕЭК Кеңесінің №33 шешімі) Қазақстан Ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар тізбесінен өсімдіктен алынатын өнімдерді алып тастады деп жауап берді, бұл Қазақстан ДСҰ-ға кірген күні қолданысқа енеді. Сондай-ақ, ол бірыңғай ветеринариялық талаптарға сәйкес тәуекелі төмен бірнеше өнімдер үшін экспорттаушы елдің ресми ветеринариялық органы болып тағайындалған кәсіпорынның тіркелу атауын және/немесе нөмірін көрсетіп, импортқа рұқсат және ветеринариялық сертификат талап етілетіндігін атап өтті. Бұл талап ХЭБ Кодексіне сәйкес келеді.

731. Мүшелердің бірінің Қазақстанға және ЕАЭО өнімдерді экспорттауға құқығы бар Кәсіпорындар тізбесіне кәсіпорындарды енгізу талаптары және рәсімі туралы қосымша ақпарат алу туралы өтінішіне жауап ретінде Қазақстанның өкілі 2010 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстанда экспорттаушы елдердің кәсіпорындарын тіркеу туралы талаптың болмағанын түсіндірді. Қазақстанның өкілі 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша, КО Комиссиясының №317 шешімімен белгіленген ветеринариялық бақылауға жататын тауарлардың импортын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің рұқсаты бар және Тізілімге енгізілген кәсіпорындардан жүзеге асыруға тиіс деп түсіндірді.

732. Ветеринариялық бақылаудың бұл нысаны ЕАЭО шеңберінде жойылғанына қарамастан, тірі жануарлар және белгілі бір өнімдер үшін кәсіпорындар тізбесін ұсыну талабының болуына байланысты мүшелердің алаңдаушылығына жауап ретінде Қазақстанның өкілі әрбір тауар түрі үшін қандай ветеринариялық шаралар (импортқа рұқсат, ветеринариялық сертификаттар және/немесе Кәсіпорындар тізбесі) жеке қолданылатындығын айқындау үшін ЕЭК Алқасының №294 шешімімен Комиссияның №317 шешіміне өзгерістер енгізілгенін түсіндірді. Кейбір жағдайларда ветеринариялық бақылау нысаны өзгертілді немесе жойылды. Мысалы, кейбір өнімдер үшін ветеринариялық сертификаттардың талаптары және/немесе импортқа рұқсаттар жойылды. Осыған ұқсас, Тізілімге кәсіпорынды енгізу үшін талап жойылды немесе өзгертілді, импорт рұқсатына және/немесе ветеринариялық сертификатқа енгізілетін,

ЕАЭО аумағына экспорттауға дейін тауарлармен жұмыс істеген соңғы кәсіпорынның атауы немесе нөмірін ұсыну ғана талап етіледі. Мұндай жағдайда осындай тауарлар саудасы аудиттің оң нәтижелері негізінде тізбеге енгізілмей рұқсат етіледі.

733. ДСҰ-ның кейбір мүшелері КО Комиссиясының № 830 және № 834 шешімінің осы түсіндіруінен туындайтын елеулі сауда кедергілеріне қатысты алаңдаушылық білдірді, осының арқасында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер кейбір тауарлар бойынша өз бетімен кәсіпорындар тізілімі туралы талаптарды сақтауға тырысады, бұл КО Комиссиясының №830 шешімінің ережелеріне қайшы келеді. Атап айтқанда, кейбір мүшелер осы шешімдерді іске асыруда ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер КО Комиссиясының №830 шешімінде және ЕЭК Алқасының №294-шешімінде белгіленгендей белгілі бір тауарлар үшін тізбеге енгізуге туралы талапты жою үшін алдын ала шарт ретінде аудиттің оң нәтижелерін талап етеді. Сондай-ақ, осы мүшелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ЕАЭО-ға экспорттау үшін бекітілген кәсіпорындар тізіміне жаңа кәсіпорындарды енгізуден бас тартуына өте алаңдаулы екенін білдірді.

734. Қазақстанның өкілі ЕЭК кеңесінің №94 шешімінің 6-тармағына сәйкес шетелдік бақылау жүйесінің аудиті ветеринариялық бақылауға жататын өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер қолданатын негізгі қағидат болып табылады деп жауап берді. Оның пікірінше, ресми шетелдік бақылау жүйесінің аудиті халықаралық стандартқа негізделген және халықаралық практикаға сәйкес келеді. Ол, көптеген дамыған елдер аудитті (экспорттаушы елдің мақұлдауы) өз аумағына жануарлардан алынатын өнімдер экспортының негізгі шарты ретінде қолданады деп атап өтті. Осылайша, осы елдің аумағына жануарлардан алынатын өнімдер ресми бақылау жүйесінің аудиті негізінде мақұлданған экспорттаушы елдер тізіміне ел енгізілгенге дейін импортталмайды. Егер аудит нәтижелері қолайсыз немесе аудит жүргізілмесе, үшінші елдер кәсіпорындарын Тізілімге енгізу, қажет болғанда, әлі де басқа екі нұсқаны пайдалануға мүмкін болады: (i) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кәсіпорындарды бірлесіп тексеруі; (ii) үшінші елдердің құзыретті органдарының кепілдігі негізінде.

735. Кейбір мүшелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер, ДСҰ мүшелерін қосқанда, өздерінің сауда әріптестерін ЕЭК Алқасының № 294 шешіміне сәйкес тізілімге кәсіпорындардың енгізілуі талап етілмейтін өнімдер аудиттің оң нәтижелері болған кезде ЕАЭО-ға импортталуы мүмкін деп хабарлама жасауына алаңдаушылық білдірді. Аудитті жүргізу күрделі және ұзақ процесс болып табылатындығын назарға ала отырып, осы өнімдер саудасы тоқтап қалмау үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО-ның барлық сауда әріптестері аудиттен өткенге дейін қолданылатын уақытша схеманы қолдануға келісті. Аудит өткізілгенге дейін қолданылатын осы схема бойынша ЕЭК Алқасының №294 шешіміне сәйкес Тізілімге енгізу талап етілмейтін өнімнің аудит жүргізілгенге дейін ЕАЭО-ға импорты кәсіпорындар тізбесі негізінде жүргізілуі мүмкін. Кәсіпорындар тізбесі үшінші елдердің құзыретті органдарының

кепілдіктері немесе бірлескен тексерулер негізінде құрылуы мүмкін. Мұндай өнімдер үшін кәсіпорындар тізбесі аудит аяқталғанға дейін және тиісті үшінші елдің ресми жүйесі баламалы болып танылғанға дейін жасалуын жалғастыратын болады. Бұл мүшелер мұндай схема Қазақстанда қолданылмағанын жайында Қазақстанның куәландыруын алғысы келеді.

736. Қазақстанның өкілі ЕЭК Алқасының "Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 294 шешіміне енгізілген өзгерістермен бірге КО Комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімін орындау үшін Қазақстан осы Баяндаманың 19-қосымшасында көрсетілгендей, Қазақстан аумағына импорттау үшін кәсіпорындардың Тізілімге енгізілуін талап етпейтінін растады. Қазақстанның өкілі ЕЭК Алқасының "Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 294 шешіміне енгізілген өзгерістермен бірге КО Комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімін орындау үшін Қазақстан осы Баяндаманың 19-қосымшасында көрсетілген тауарларды Қазақстан аумағына импорттау үшін алдын ала шарт ретінде сәтті аудиттен өтуді талап етпейтінін растады. Осы Баяндаманың 19-қосымшасында көрсетілген, Қазақстан аумағына әкелінетін осындай тауарлардың ЕАЭО шегіндегі айналысы Қазақстан аумағымен шектелуі мүмкін. Қазақстанның өкілі бұдан әрі бұл шаралар Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін орындалатындығын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

737. Қазақстанның өкілі ЕЭК Кеңесінің №33 шешіміне сәйкес өсімдіктен алынатын өнімдер Ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар тізбесінен алып тасталғанын және ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 294 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге ЕЭК Алқасының № 17 шешіміне сәйкес Қазақстанға сүт өнімдерін экспорттайтын үшінші елдердің өндірушілерін Тізілімге енгізу талабы импорт рұқсатында және ветеринариялық сертификатта өндірушінің нөмірін және атауын көрсету талабымен алмастырылғанын растады.

738. Осы Баяндаманың 20-қосымшасында баяндалған тауарлар тізбесіне қатысты Қазақстанның өкілі, егер мұндай әрекеттер санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану бойынша ДСҰ келісімі ережелеріне сәйкес келсе ғана, Ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар тізбесіне тауарлар санаты қосылатынын немесе Тізбедегі тауарлар санатына қолданылатын ветеринариялық бақылау нысаны өзгертінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

739. Сондай-ақ, Қазақстанның өкілі 2010 жылғы 1 шілдеден бастап және Комиссияның веб-сайтының бірыңғай веб-интерфейсін құру жұмыстары аяқталғанға дейін ЕАЭО аумағындағы импортқа қатысты импортқа рұқсат берілген (егер тізбеге енгізілген нақты кәсіпорындар үшін өзгеше белгіленбесе), Кәсіпорындар тізілімінің үш

ұлттық бөлігі жұмыс істейтінін түсіндірді. Қазіргі уақытта кәсіпорындардың осы тізбесіне сілтеме мынадай сілтеме бойынша қолжетімді: http://www.eurasiancommission.org/en/act/techn_reg/depsanmer/vetsanmeri/Pages/Reestrorg.aspx. Қазақстанның ұлттық тізбе бөлігі мынадай сілтеме бойынша қолжетімді: Кеден одағының Ветеринариялық және санитариялық шаралар бөліміндегі <http://mgov.kz/napravleniya-razvitiya/veterinarnaya-bezopasnost/information-for-third-countries>. Кез келген тараптың кәсіпорнын Тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізу ЕАЭО-ға мүше барлық үш мемлекетпен кәсіпорынды енгізу туралы шешім келісілгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Осы шешімнің нәтижесінде осындай кәсіпорынның өнімі, егер осы шешімде өзгеше көзделмесе, ЕАЭО аумағында еркін айналысқа түсе алады. Қазақстанның өкілі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ұлттық тізбелерді біріктіретін кәсіпорындардың бірыңғай тізімі болу үшін ЕАЭО кәсіпорындары тізілімінің бірыңғай веб-интерфейсін және бірыңғай ақпарат жүйесін әзірлемекші деп түсіндірді, бірақ мұндай дерекқорды әзірлеу мерзімдерінің нақты көрсетілуі мүмкін емес.

740. Мүшелер Қазақстанда ЕАЭО құрылғанға дейін Тізілімді жүргізу жөнінде талаптың ешқашан болмағанын және осы талаптардың көпшілігі ғылыми тұрғыдан негізделмеген және тәуекелге барабар емес және саудаға ақталмаған жүктеме болады деп атап өтті және олардың пікірінше СФС бойынша ДСҰ келісім ережелерімен үйлеспейтін болып табылады. Жауап ретінде Қазақстанның өкілі өз пікірін былайша түсіндірді: кәсіпорынның тізбеде болуы туралы талап өздігінен саудаға ауыртпалық түсіре алмайды. Саудаға ауыртпалық Тізілімге кәсіпорынды енгізудің бұрыс тетігін қолдану нәтижесі болып табылуы мүмкін, мысалы, егер экспорттаушы елдің құзыретті органы және/немесе кәсіпорын жүзеге асыруға тиіс қажет әрекеттер тәуекелдер талдауында негізделмесе немесе қажет болған шамадан көп дәрежеде сауданы шектесе. ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі тәуекелді талдау нәтижелері бойынша іс-шаралар негізінде кәсіпорынды Тізбеге енгізу үшін қажет болғаннан анағұрлым еңбекті қажет ететін процесті қолдануды азайтуға мүмкіндік ұсынған кәсіпорындарды Тізілімге енгізу үшін әртүрлі тетіктерді қолдануға жол береді. Сондай-ақ, Қазақстанның өкілі белгілі бір бақылауға жатқызылған өнімдердің экспорты рұқсат етілген Тізілімге енгізу туралы талап ЕАЭО-ның ветеринариялық талаптарын сақтауды қамтамасыз ету құралы болып табылады деп түсіндірді.

741. Мүшелердің біреуінің сауалына жауап ретінде Қазақстанның өкілі КО Комиссиясының № 317 шешімінде көзделген өтпелі кезеңге сәйкес сауда Тізілім "Тізбесіне" енгізілмеген кәсіпорындардан жалғаса алады – егер мұндай "Тізбенің" болуына қойылатын талап 2010 жылғы 1 шілдеге дейін болмаса деп түсіндірді. Мұндай сауда импортқа рұқсат негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Сондай-ақ, ол КО Комиссиясының № 317 шешімімен бекітілген (КО Комиссиясының № 342, № 724 шешімдерімен және ЕЭК Кеңесінің № 95 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге) Кеден одағының кедендік шекарасында және Кеден одағының кедендік аумағында

ветеринариялық бақылау жүргізудің бірыңғай рәсімі туралы ереженің 11.3-тармағына сәйкес кәсіпорындар тізбесіне енгізу үшін өтпелі кезең бірыңғай не жалпы тізбе жасалғанға дейін сауданы жүзеге асыру үшін мынадай өнімдер үшін жасалды: жануарлардан, генетикалық материалдардан алынатын өнімдер; ара шаруашылығы өнімдері; жануарлардан алынатын шикізат (тері, жүн, құстың жүні және т.б.); жануарлардан алынатын жем-шөп қоспалары, өсімдіктен алынатын жем-шөп, желатин және аралас өнімдер және т.б. Өтпелі кезең туралы мәселені түсіндіру туралы өтінішке және жаңа кәсіпорындар үшін өтпелі кезеңнің соңғы мерзімі туралы сауалға жауап ретінде Қазақстанның өкілі өтпелі кезең үшінші елдермен тауарлар саудасын жалғастыру үшін осындай тауарларды өндіруші кәсіпорындарды Тізілімге енгізуге дейін ұсынылған деді. ЕЭК Алқасының № 294 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге КО Комиссиясының № 830 шешімі Ветеринариялық бақылау туралы ереженің 11.3-тармағында көрсетілген белгілі бір өнімдер, оның ішінде тамаққа қолдануға арналған тірі балықты қоспағанда, тірі жануарлардан; генетикалық материалдар алынатын өнімдер; ара шаруашылығы өнімі; жануарлардан алынатын шикізат (тері, жүн, құстың жүні және т.б.); жануарлардан алынатын жем-шөп қоспалары, өсімдіктен алынатын жем-шөп, аралас өнімдер үшін тізілімді жүргізу талабын жойды. Сондықтан бұл өнімдер үшін өтпелі кезең 2012 жылғы 22 тамызда, яғни КО Комиссиясының №830 шешімі күшіне енген күні аяқталды. Ветеринариялық бақылау туралы ереженің 11.3-тармағында көзделген желатин үшін өтпелі кезең, бұрынғысынша ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 294 шешімінің № 2-кестесі күшіне енгенге дейін қолданылады.

742. Сондай-ақ, Қазақстанның өкілі 2010 жылы 1 шілдеден бастап, егер кәсіпорынды тізбеге енгізу қолданыстағы ветеринариялық талаптардың бір бөлігі болып табылатын жағдайда, кәсіпорындар бақылау жүйесінің аудиті нәтижелері бойынша немесе ЕАЭО-ға мүше үш мемлекет жүргізген бірлескен тексеру нәтижелері бойынша немесе экспорттаушы ел ЕАЭО талаптарына сәйкестігіне кепілдік ұсынған кезде, ЕАЭО-ға мүше үш мемлекеттің осындай кепілдікке сүйенуге келіскен кезде, ЕАЭО-ға экспорттауға құқығы бар кәсіпорындар Тізбесіне (Тізілім) енгізілуі мүмкін деп түсіндірді. Ол, егер үшінші ел жануарлардан алынатын өнімдерді ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына ешқашан экспорттамаған болса және ЕАЭО-ға алғашқы рет экспорттауға ниетті болса, осы елдің ветеринариялық бақылау жүйесінің сенімділігін растау мақсатында осы үшінші ел ұсынған экспорттаушы кәсіпорындарды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ол Тізілімге енгізілгенге дейін тексерулері тиіс деп түсіндірді.

743. Қазақстанның өкілі мүшелерді КО Комиссиясының "Ветеринариялық бақылауға (қадағалау) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы" 2011 жылғы 18 қазандағы №834 шешімді алмастырған ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі жайында ақпарат берді және ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің 46-59-тармақтарында

сипатталған үшінші елдердің құзыретті органдарынан кепілдіктер ұсыну рәсімдерін айтарлықтай түсіндіреді. Атап айтқанда, ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі үшінші елдің құзыретті органы 46-тармаққа сәйкес үшінші елдің құзыретті органы сұранысты бағалау үшін қажет деп есептейтін ақпаратты және кәсіпорындар тізбесін қоса алғанда, нақты кәсіпорын (кәсіпорындар) өндіретін, ветеринариялық бақылауға жататын, бақылауға жатқызылған тауарлардың сәйкестігі туралы кепілдігін қабылдауға сұрау салуды ЕАЭО-ға мүше кез келген мемлекеттің уәкілетті органына жібере алатынын нақтылайды. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің сұрау салуды алған уәкілетті органы кепілдік ұсыну туралы сұрау салуды өңдеу процесін үйлестіруге және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен шешімді келісу үшін жауапты болады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы сұрау салуды алып, ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің 48-тармағында келтірілген критерийлер негізінде сұрау салуды ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде өңдейді, егер қосымша ақпарат талап етілген жағдайда, онда қарау уақыты қосымша ақпарат алынған күннен бастап 15 жұмыс күнге ұзартылады. Оң бағалау кезінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы 10 жұмыс күні ішінде шешімді дайындайды және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына келісуге жолдайды. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің келісу мерзімі алғаннан кейін 10-күннен аспайды. Белгіленген мерзімде жазбаша жауап болмаған кезде қорытынды үнсіздік бойынша келісілді деп есептелінеді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер шешіммен келіспеген кезде сұрау салуды белгіленген мерзімде алған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің шешімін бекітуден бас тарту себептерін көрсете отырып, хат жолдайды. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер шешіммен келіскен кезде сұрау салуды алған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы 10 жұмыс күні ішінде түпкілікті шешім дайындайды. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің сұрау салуды алған уәкілетті органы үшінші елдің құзыретті органына кепілдіктерді қабылдау туралы жазбаша хабарлама жолдайды. Уәкілетті орган кепілдікті қабылдау туралы түпкілікті шешім күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде кәсіпорынды Тізілімге қосады. Кепілдіктерді қабылдауға арналған сұрау салу теріс бағаланған кезде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің сұрау салуды алған уәкілетті органы үшінші елдің құзыретті органына бас тарту себептерін көрсете отырып, хабарлама жолдайды. Бас тарту себептері ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімінің 48-тармағына енгізілген критерийлерге негізделуге тиіс және осы критерийге қандай элементтің сәйкес келмейтіндігін дәл көрсетуге тиіс. Мұндай шешім үшінші елдің құзыретті органы қосымша ақпаратты ұсынғаннан кейін қаралуы мүмкін. Белгіленген тәртіппен кепілдігі қабылданған үшінші елдің құзыретті органы одан әрі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органына жаңа кәсіпорынды (кәсіпорындарды) енгізуді қоса алғанда, Тізілімге өзгерістер енгізу туралы сұрау салу жолдай алады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынылған кәсіпорындар тізбесін 10 жұмыс күні ішінде қарайды. Оң шешім кезінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы кәсіпорынды (дарды) 10 жұмыс күні

ішінде Тізілімге енгізеді және оларды ресми сайтта жариялайды. Кәсіпорынды Тізілімге енгізуден бас тарту жағдайында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы бас тарту себептерін көрсете отырып, үшінші елдің құзыретті органын хабардар етеді.

744. Кейбір мүшелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер Тізілімге енгізу үшін экспорттаушы ел ұсынған кепілдікке сүйеніп қандай негізде шешім қабылдай алады деген қызығушылық білдірді. Басқа мүше кәсіпорындарды Тізілімге енгізу үшін экспорттаушы елдер қолжетімді процестер бойынша түсінік беруді сұрады. Осы мүшенің көзқарасымен, барлық мүшелер үшін барлық нұсқалар қолжетімді ме екені түсініксіз болып қалады. Мүшелер практикада жаңа кәсіпорындарды Тізбеге енгізу ЕАЭО жұмыс істеген кезден бастап экспорттаушы елдің жазбаша кепілдіктері негізінде енді жүзеге асырылмайтындығына алаңдаушылық білдірді. Осы мүшенің көзқарасымен, Қазақстанның және ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің Тізбеге енгізу туралы өтінім берген кез келген жаңа кәсіпорынды және ресурстың жетіспеуінен Тізбеге енгізілмейтін, экспорттайтын кейбір кәсіпорындарға тексерулер жүргізу үшін ресурсы жоқ. Осы мүшенің көзқарасымен, бұл мән-жайлар саудада ақталмаған кедергілер туғызады.

745. Бұған жауап ретінде Қазақстан Республикасының өкілі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары экспорттаушы елдің құзыретті органдары осы елдің экспорттаушы кәсіпорны ЕАЭО талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді деген сенімде болуға тиіс деп мәлімдеді. Ол шет мемлекеттерге кепілдік ұсыну құқығын берудің анағұрлым егжей-тегжейлі критерийлері ЕЭК Кеңесінің №94 шешіміне енгізілгенін қосымша айтып өтті. ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі үшінші елдердің құзыретті органдарынан аумағында орналасқан кәсіпорын өндіретін өнімнің сәйкестігі туралы кепілдіктерді қабылдау үшін критерийлерді бекітеді және белгілейді. Мұндай критерийлер мыналар болып табылады:

- үшінші елдің құзыретті органының даму деңгейі;
- үшінші елдің құзыретті органына бұрын ұсынылған кепілдіктердің сақталуы;
- адамдарға, сол сияқты жануарларға тән ауруларды қоса алғанда, үшінші елдердегі жануарлардың жұқпалы аурулар қоздырғыштарының ену және таралу қатері;
- үшінші елдегі эпизоотиялық ахуал;
- ЕАЭО аумағына үшінші елдерден импортталатын, ветеринариялық бақылауға жататын тауарларды (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер жүргізетін) мониторингтік зерттеу нәтижелері (болған кезде);
- құзыретті орган жүргізетін бақылауға жатқызылған тауарлар (өнімдер) мониторингінің деректері (болған кезде). Мұндай деректердің болмауы кепілдіктерді қабылдаудан бас тартуға себеп болмайды;
- ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің №3 қосымшасына сәйкес, құзыретті органның үшінші елдердің кәсіпорындар тізіліміне енгізу үшін сұрау салынған кәсіпорынды

тексергенін (инспекция жүргізілгенін) және олардың ЕАЭО талаптарына сәйкестігін танытындығын растау;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының үшінші елдің аумағындағы кәсіпорындарға тексерулер нәтижелері (болған кезде);

- үшінші елмен сауда тәжірибесі (болған кезде); және

- Тізілімге енгізу үшін сұрау салынған кәсіпорындардың өнім түрлерімен тізбесі.

746. Үшінші елдердің кәсіпорындарын Тізілімге енгізу үшін барлық үшінші елдер үшін үш нұсқаның (аудит, кепілдік, инспекция) қолжетімділігіне қатысты Қазақстанның Өкілі, талап етілген жерде, ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің 162-тармағына сәйкес үшінші елдің кәсіпорындары төмендегі нәтижелер бойынша Тізілімге енгізілуі мүмкін деп растады:

- үшінші елдердің құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша жүргізілген ресми қадағалау жүйесінің аудит рәсімдерінен сәтті өту;

- үшінші елдің құзыретті органының кепілдік ұсыну құқығын беру туралы оң шешім алуы;

- кәсіпорынды бірлескен тексеру нәтижелері бойынша қабылданған, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органдарының оң шешімі.

Бұдан басқа, Қазақстанның өкілі үшінші елдердің кәсіпорындарын Тізілімге енгізудің барлық үш нұсқасы үшінші елдер үшін бірдей қолжетімді деп мәлімдеді.

747. Қазақстанның өкілі Қазақстан Республикасының аумағына экспорттауға құқық алу үшін экспорттаушы елдердің кәсіпорындарына Қазақстан ЕЭК Кеңесінің " Ветеринариялық бақылауға (қадағалау) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы №94 шешімінде көрсетілгендей, үш мүмкіндік беретінін және осы Баяндаманың 20-қосымшасына сәйкес қажет болған жағдайда, оның ішінде аудит жүйесі немесе бірлескен тексеру немесе үшінші елдердің құзыретті органдарының кепілдіктері негізінде Тізілімге енгізетінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

748. Кейбір мүшелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер Тізілімге енгізу үшін кепілдіктерді қабылдау үшін алдын ала шарт ретінде, тіпті Қазақстан немесе ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекет мүше мемлекеттің құзыретті органының кепілдігін бұрын қабылдаған жағдайда да, әрбір объектіні тексеруді талап етуі мүмкін деп алаңдаушылық білдірді. Осы мүшелердің пікірінше, бұл тексерулер үшінші елдің құзыретті органына сенімділікке негізделген кепілдікті қабылдау тұжырымдамасына қайшы келеді. Мүшелер Қазақстаннан осы объект үшін Мүшенің кепілдігін қабылдау үшін алдын ала шарт ретінде объектіні тексеру туралы талапты алып тастауды сұрады. Бұдан басқа, инспекцияларды сұратқанда, жиі бас тарту келеді немесе олар ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылмайды.

749. Қазақстанның өкілі ЕЭК Кеңесінің №94 шешіміне сәйкес Тізілімге енгізу үшін кепілдіктерді қабылдау үшін алдын ала шарт ретінде әрбір объектіні тексеру талабы күшін жойды деп жауап берді. Сонымен қатар, ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің 55-тармағына және 60-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, кепілдіктерді қабылдауды тексеру мақсатында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер кепілдік негізінде Тізілімге енгізілген кәсіпорындардың көрнекі бөлігін кейіннен кездейсоқ іріктеу тәсілімен тексере алады.

750. Қазақстанның өкілі ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі ЕАЭО-ға мүше үш мемлекеттің ветеринариялық бақылауға жататын, ЕАЭО-ға тауарлар экспорттауға үмітті үшінші елдер кәсіпорындарына бірлескен тексерулер жүргізуге жол беретінін түсіндірді. Тексерулер экспорттаушы елдің құзыретті органының сұрау салуы негізінде жүргізілуге тиіс. Сондай-ақ, ол ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің өкілдері өз өкілеттіктерін ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің тексерулерді жүзеге асыруға беруі мүмкін деп түсіндірді.

751. Кейбір мүшелер КО Комиссиясының №834 шешімінде айқындалғандай, ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекеттің кәсіпорынды мақұлдау процесіне байланысты алаңдаушылық білдірді. Мысалы, ЕАЭО-ға мүше бір мемлекет кәсіпорынның Тізілімге енгізілуін мақұлдауы мүмкін, алайда кәсіпорын ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттерден жауаптың болмауына байланысты Тізілімге енгізілмейді, демек, нәтижесінде Тізілімге енгізу туралы түпкілікті жауапты алу кезінде шамадан тыс кідірістер болады. Сондай-ақ мүшелер консенсус негізінде кәсіпорындарды Тізілімге енгізу үшін оларды мақұлдау және бас тарту субъективті болып табылады және ешқандай да критерийлерге негізделмейтініне алаңдаушылық білдірді. Мүшелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің және ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттер үшін (аудит жүргізбей) кәсіпорынды Тізілімге енгізуден бас тарту үшін не ақылға қонымды негіз болып табылуы мүмкін және осындай шешімді қабылдау мерзімі туралы ақпаратты сұратты. Кейбір мүшелердің пікірі бойынша бұл шешімдер ұқсас шарттарға ие мүшелерге қатысты ерікті және кемсітушілік болуы мүмкін. Процестің әртүрлі сатыларында ЕАЭО-ға мүше үш мемлекеттің арасында консенсус талабы елеулі кідірістер туғызды және көптеген жағдайларда жаңа кәсіпорындарды Тізілімге енгізуді мүмкін емес етті, осыған байланысты экспорт шарттарына сәйкес келетін, КО Комиссиясының № 834 шешімінде көрсетілгендей, ЕАЭО талаптарымен салыстырғанда мұндай кәсіпорындардың нарыққа кіруінен бас тарту. Сонымен бірге, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер Тізілімде көрсетілген кәсіпорындардың экспортын тоқата тұру туралы жеке-дара шешім қабылдай алады. Қазақстанның өкілі мүшелердің ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден жауаптың болмауына қатысты алаңдаушылығы ЕЭК Кеңесінің №94 шешімін орындаумен шешілген болатын, онда ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің осы Баяндаманың 743-тармағында көрсетілгендей, кепілдіктерді қабылдауға сұрау салуларды қарауының егжей-тегжейлі қадамдары қамтылған. Атап айтқанда, белгіленген мерзімде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органының жауабы

болмаған кезде жауап оң деп есептеледі. Сондай-ақ, ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімінің 51, 55-тармақтарына сәйкес үшінші елдердің құзыретті органдарының кепілдіктерін қабылдау бойынша теріс шешім кезінде бас тарту себептері ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімінің 48-тармағында көрсетілген критерийлерге негізделуге және осы критерийлерге сәйкес келмейтін нақты элементтер тәуекелге барабар қағидаты есепке алына отырып, көрсетілуге тиіс.

752. Жұмыс тобының мүшелері КО Комиссиясының №834 шешімін орындау тамақ өнімдері импортын және экспортын инспекциялау және сертификаттау жүйесін әзірлеу, қолдану, бағалау және аккредиттеу бойынша Кодекс нұсқаулықтарына (CAC/GL 26-1997) сәйкес келмегенге де алаңдаушылықтарын білдірді, бұл мынадай ұсынымдарды белгілейді: экспорттаушы елдегі импорттаушы елдің қызметін бағалау "бірінші кезекте, экспорттаушы елдің құзыретті органының (дарының) бақылауды жүзеге асыру және қолдау мүмкіндігін анықтау мақсатында жекелеген тауарларға немесе кәсіпорындарға қарағанда, мемлекеттік бақылау және сертификаттау жүйесінің тиімділігін бағалауға жинақталуға, сондай-ақ импорттаушы елге қажет кепілдіктерді ұсынуға тиіс". Мүшелер Қазақстаннан халықаралық стандарттарға, нұсқалуықтар мен ұсынымдарға сәйкес келтіруді сұрады.

753. Жауап ретінде Қазақстанның өкілі үшінші елдің құзыретті органдарының өтінімі бойынша ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО талаптарында көзделген, кемінде соған балама болып табылатын қорғау деңгейін үшінші елдің ресми қадағалау жүйесі қамтамасыз етуге қабілетті ма дегенді айқындау үшін жүйеге аудит жүргізуі мүмкін екендігін түсіндірді. Егер ресми қадағалау жүйесінің осы аудиті сәтті өтсе, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер аудит жүргізілген елдің кәсіпорындарын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге үшінші елдердің құзыретті органы ұсынған кәсіпорындар тізіміне сәйкес Тізілімге енгізеді. Егер үшінші елдің жүйесіне аудит жүргізілмесе немесе аяқталмаса немесе осындай аудит нәтижесінде үшінші елдің ресми қадағалау жүйелері ЕАЭО талаптарында көзделген баламалы шамада қорғау деңгейін қамтамасыз етуге қабілетсіз деп танылмаса, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер, егер осындай өнімдер үшін Тізілімге енгізу талап етілсе, үшінші елдің құзыретті органы ұсынған бірлескен инспекциялардың нәтижелері және кепілдіктер негізінде осы елдің кәсіпорындарын Тізілімге енгізу туралы уағдаласуы мүмкін. Егер осы Баяндаманың 19-қосымшасында көрсетілген өнімдер үшін кәсіпорындарды енгізу ЕЭК Алқасының "Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 294 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге КО Комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешіміне сәйкес талап етілмейтін болса, кәсіпорынның тізбеде болмауы Қазақстан аумағына осындай өнімді әкелуден бас тартуға негіз болып

табылмайды. Осы Баяндаманың 19-қосымшасында көрсетілген, Қазақстан аумағына импортталатын осындай тауарлардың ЕАЭО-да айналысы Қазақстан аумағымен шектелуі мүмкін. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

754. Ол құзыретті орган ұсынған кәсіпорындарды Тізілімге енгізуге жәрдем көрсету мақсатында ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі жүйелерді тексерулерді, объектіге шығуды және жоғарыдағы 742-тармақта жазылған әрбір жағдайларда кәсіпорындарды Тізілімге енгізуді ұйымдастыру және олар бойынша шешімдер қабылдау үшін тәртіпті де, оның ішінде мерзімдерді де белгілейтінін түсіндірді. Аудит жүргізуге өтінім, кепілдіктер ұсынуға, сондай-ақ кәсіпорындарға бірлескен тексерулер жүргізуге сұрау салулар алған ЕАЭО-ға мүше мемлекет ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің құзыретті органдарын сұрау салу туралы хабардар етеді және оларға қатысуды ұсынады. Егер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірі қатысудан бас тартса немесе белгіленген мерзімде жауап бермесе, мұндай ЕАЭО-ға мүше мемлекет қатысушы ЕАЭО-ға мүше мемлекетке немесе ЕАЭО мүше мемлекеттерге өз атынан әрекет етуге және тиісті мәселе бойынша шешім қабылдауға уәкілеттік беруге құқылы. Жүйенің аудитіне байламда, бару мақсаты тиісті тауарларды өндіру, өңдеу, тасымалдау және сақтауды жүзеге асыруға жататын үшінші елдің реттеу жүйесі шеңберінде, ЕАЭО-ға мүше мемлекет (мүше мемлекеттер) ЕАЭО талаптарында көзделген деңгейге баламалы шамада қорғау деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті деп таныған инспекциялау және сертификаттау бойынша елдің барлық заңдары, ережелері және басқа да талаптары құжаттаманы талдау сатысында тиісті түрде орындалуды қамтамасыз ету болып табылады. Егер ЕАЭО үшінші елдің уәкілетті органына өзінің аумағында орналасқан кәсіпорындарды кепілдіктер негізінде Тізілімге енгізу үшін өкілеттіктер берсе, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер үшінші елдің мемлекеттік бақылау жүйесінің жұмыс істеуін тексеру және растау үшін кәсіпорындардың көрнекі үлес пайызына бірлескен тексерулер жүргізе алады, бұл кепілдіктер ұсыну үшін негіз болып табылады. Сондай-ақ, кәсіпорынды бірлескен тексеру негізінде кәсіпорындар Тізілімге енгізілуі мүмкін.

755. Қазақстанның өкілі аудит үшінші елдің құзыретті органының ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылауға жатқызылған тауарлар (өнімдер) топтарын және бақылау объектілерінің қызмет түрлерін қоса алғанда, аудит жүргізу саласын көрсете отырып жүгінуі бойынша ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімінің 13-45-тармақтарына сәйкес жүргізілген де атап өтті. Бұл ретте алдымен құжаттамалық талдау жүргізілді. Құжаттарды талдау нәтижелері бойынша ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары тиісті тауарларға (өнімдерге) қатысты шетелдік ресми қадағалау жүйесі ЕАЭО талаптарына баламалы бола ма дегенге қатысты шешім қабылдайды. Оң шешім кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары осы үшінші елдің тиісті заңнамасын тиісінше қолдануды анықтау үшін тексерулерді жоспарлауы мүмкін. Ол үшін аудит жүргізуді сұраған, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы аудит жүргізуге сұрау салған үшінші елге жоспарланған сапардың алдында екі айдан кешіктірмей ЕАЭО-ға

мүше басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарына бұл жайында хабарлайды. Алдағы сапар туралы ақпарат алғаннан кейін екі аптаның ішінде ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің уәкілетті органдары сапарға қатысудан бас тарту немесе мұндай қатысуға келісім қамтылған жауап жібереді. Жауаптың болмауы сапарға қатысудан бас тартуды білдіреді. Аудитке қатыспаған, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сапарды жүзеге асырған уәкілетті органнан алынған нәтижелерге негізделген шешімді таниды. Құжаттамалық талдау кезеңі және көшпелі тексерулер кезеңі аяқталғаннан кейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы СФС бойынша ДСҰ келісіміне С қосымшаның ережелерін назарға ала отырып, аудит туралы алдын ала есепті дайындайды және оны ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарына жібереді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (оның ішінде аудитке қатыспағандар) алдын ала есепті алғаннан кейінгі екі ай ішінде алдын ала есепте қамтылған ақпарат және түйіндерге қатысты қосымша деректерді және түсіндірулерді жібере алады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы қосымша ақпаратты және түсіндірулерді өңдейді және қажет болған кезде алдын ала есепке өзгерістер енгізеді. Кейіннен ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы қосымша алдын ала есепті дайындайды және оны үшінші елдің құзыретті органына жібереді. Құзыретті орган осы үшінші елдің басқа да мүдделі тұлғаларымен бірге алдын ала есепті алғаннан кейінгі екі ай ішінде алдын ала есепте қамтылған ақпарат және түйіндерге қатысты қосымша деректерді және түсіндірулерді жібере алады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы алған ақпаратты бағалайды, дайындайды, жариялайды, сондай-ақ үшінші елдің құзыретті органынан алдын ала есепке комментарийлер алғаннан кейінгі екі ай ішінде Комиссияға түпкілікті есепті жібереді. Комиссия түпкілікті есепті өзінің ресми сайтында жариялайды. Аудит жүргізуге қатысқан, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) уәкілетті органы (уәкілетті органдары) дайындаған түпкілікті есепте шетелдік ресми қадағалау жүйесі ЕАЭО талаптарына сәйкес қорғау деңгейіне кемінде баламалы қорғау деңгейін қамтамасыз ете ме деген қорытынды қамтылуға тиіс. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы бұл жайында өзінің ресми сайтында жариялайды. Ақпарат жарияланғаннан кейін үшінші елдің құзыретті органы аудит жүргізуді ұйымдастырған, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органына ЕАЭО-ға бақылауға жатқызылған тауарлар, оның ішінде оларды Тізілімге енгізу үшін беруді жоспарлап отырған кәсіпорындар тізімі бар хатты жібереді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы Тізілімді жаңартады және жаңартылған Тізілімді он жұмыс күні ішінде жариялайды.

756. Қазақстанның өкілі бұдан әрі үшінші елдердің кәсіпорындарына бірлескен тексеру үшінші елдің құзыретті органының сұрау салуы бойынша не ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің 60-90-тармақтарына сәйкес жүргізілетіндігін түсіндіріп өтті. Кәсіпорынға бірлескен тексеру (инспекция) жүргізу мерзімі үшінші елдің құзыретті органымен келісілген

мерзімнен аспауға тиіс және бұл бес жұмыс күнінен аспайды. Бірлескен тексеруді жоспарлаған, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы (бұдан әрі: бастамашы), ол жүргізілгенге дейінгі үш айдан кешіктірмей үшінші елдің құзыретті органына тиісті нормалар мен талаптар бекітілген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, сондай-ақ үшінші елдің құзыретті органы және (немесе) тексерілетін кәсіпорын тексерулер жүргізу кезінде орыс тілінде немесе басқа келісілген тілде ұсынуға тиіс құжаттар тізімін жібереді. Бастамашы тексеру басталардан екі айдан кешіктірмей ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарына алдағы тексеру туралы хабарлайды. ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің уәкілетті органдары бастамашыдан алдағы тексеру туралы ақпаратты алғаннан кейінгі екі аптадан кешіктірмей, тексеруге қатысудан бас тарту немесе тексеруге қатысуға келісім қамтылған жауап жіберуі мүмкін. Мұндай жауаптың болмауы бірлескен тексеруге қатысудан бас тартуды білдіреді. Бастамашы тексеру басталардан екі айдан кешіктірмей құзыретті органға мынадай ақпарат жібереді: бірлескен тексерудің мақсаты; тексерілетін кәсіпорындар тізімі, сондай-ақ тексерілетін кәсіпорындар өндіретін, тиісті бақылауға жатқызылған тауарларды (өнімдерді) дайындауға және (немесе) бақылауға қатысқан басқа кәсіпорындар тізімі; үшінші елдің құзыретті органы және (немесе) тексерілетін кәсіпорын бірлескен тексеру жүргізу кезінде орыс тілінде немесе өзге келісілген тілде ұсынуға тиіс құжаттар тізімі. Кәсіпорынға келгеннен кейін құжаттарға талдау жүргізіледі, кейіннен тексерілетін кәсіпорынның құрылыстары және басқа да инфрақұрылым объектілеріне барып, олардың ЕАЭО талаптарына сәйкестігі баламалы қағидаты есепке алына отырып, зерттеледі; мемлекеттік және өндірістік бақылау кезінде пайдаланылатын тәсілдер және жабдықтар тексеріледі. Тексеру аяқталғаннан кейін екі айдан кешіктірмей бастамашы алдын ала есепті дайындайды және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына жібереді. Алдын ала есепте тексерулер барысында анықталған сәйкессіздіктерге қатысты нақты құқықтық негіз, сондай-ақ үшінші елдің құзыретті органы және нақты кәсіпорын үшін осындай сәйкессіздіктерді жою жөніндегі ұсынымдар қамтылады. ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің уәкілетті органдары алдын ала есептің жобасын алғаннан кейін екі аптадан кешіктірмей бастамашыға жауап жібереді. Жауаптың болмауы алдын ала есеп жобасымен келісуді білдіреді. Бастамашы тексерулерге қатысқан басқа мүше мемлекеттердің жауаптарын есепке алып, бірлескен тексеру аяқталғаннан кейінгі үш ай ішінде үшінші елдің құзыретті органына бірлескен тексеру туралы алдын ала есепті жібереді. Үшінші елдің құзыретті органы екі ай ішінде комментарийлер, анықталған кемшіліктерді жою бойынша жүзеге асырылған шаралар туралы мәліметтерді қоса алғанда, қосымша мәліметтер, сондай-ақ бастамашыға арналған түсіндірулер қамтылған жауап жібере алады. Үшінші елдің құзыретті органының жауабының болмауы алдын ала есеппен келісуді білдіреді. Құзыретті органнан жауап алғаннан кейін немесе белгіленген мерзім өткеннен кейін, егер жауап жолданбаса, бастамашы бір айдан кешіктірмей түпкілікті

есеп жобасын дайындайды және тексерулерге қатысқан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына жолдайды. ЕАЭО-ға басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары түпкілікті есеп жобасын алғаннан кейін екі аптадан кешіктірмей бастамашыға жауап жолдайды. Жауаптың болмауы алдын ала есеп жобасымен келісуді білдіреді. Бастамашы тексерулерге қатысқан ЕАЭО-ға басқа мүше мемлекеттердің жауаптарын ескере отырып, уәкілетті органдардан жауаптарды алғаннан кейін екі аптаның ішінде үшінші елдің құзыретті органына бірлескен тексерулер туралы түпкілікті есепті жолдайды. Түпкілікті есеп Тізілімге енгізілген немесе енгізілмеген әрбір тексерілген кәсіпорынға қатысты қорытындыны және кәсіпорындар Тізілімге енуі үшін қабылдауы тиіс түзету шаралары бойынша ұсынымдарды қамтуға тиіс. Бастамашы түпкілікті есепті өзінің ресми сайтында жариялайды және түпкілікті есепті дайындау аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оны үшінші елдің құзыретті органына жолдайды. Бастамашы түпкілікті есепті дайындағаннан кейін он жұмыс күннің ішінде тізілімді жаңартады және үшінші елдің құзыретті органына бұл туралы хабарлама жолдайды.

757. Қазақстанның өкілі кепілдіктерді ұсынуға рұқсат беру туралы сұрау салуға қатысты түсіндіреді, үшінші елден осындай сұрау салу алған ЕАЭО мүше мемлекеттер өз шешімін ЕАЭО-ға басқа мүше мемлекеттермен келісуге тиіс. Кепілдіктерді қабылдау үшін өлшемшарттар ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімінің 48-тармағында белгіленген. Осы өлшемшарттарға сәйкес келмеу үшінші елдің құзыретті органынан кепілдікті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады. Тұтастай алғанда, экспорттаушы кәсіпорынды бекітуге қатысты ЕАЭО-ға барлық мүше мемлекеттер арасындағы консенсус талабы – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер аумақтары арасында кедендік шекаралардың болмауына байланысты және кәсіпорындарды Тізілімге енгізу жөніндегі құзырет ұлттық деңгейде қалып отырғандығы фактісін ескерер болсақ, қажетті. Қазақстанның өкілі кәсіпорыннан экспортты тоқтата тұру туралы шешім ЕАЭО-ның талаптарына сәйкес келмеудің айқын фактілері негізінде жасалатынын да түсіндірді, ол адамдардың өмірі мен денсаулығы және/немесе жануарлар үшін айтарлықтай қауіп төндіреді. Осылайша, мұндай шешімді ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер жеке-дара қабылдауы мүмкін. Бұған қоса, экспортты тоқтата тұру уақытша шара болып табылады және кәсіпорындар түзету шараларын қабылдаған соң экспорт қайта басталуы мүмкін. Сонымен қатар, кәсіпорындарды кепілдікке қосу туралы шешім неғұрлым кешенді бағалау процесін талап етеді және осылайша, ол ЕАЭО-ға барлық мүше мемлекеттермен келісілуге тиіс.

758. Кейбір мүшелер кепілдіктер негізінде кәсіпорындарды тізбеге енгізу рәсімі кәсіпорыннан экспортты тоқтата тұру рәсіміне қарағанда ауыр болатынына, оның үстіне соңғы рәсім ЕАЭО-ға бір мүше мемлекеттің ғана шешімін талап ететін болса, бірінші рәсім ЕАЭО-ға барлық мүше мемлекеттердің келісімін талап ететіндігіне алаңдаушылық білдірді. Мүшелер мұндай тең емес қатынасты негізсіз және ДСҰ

келісімі рухына қайшы деп санайды. Бұған қоса, мүшелер кепілдіктер негізінде тізбеге енгізу тетігінде тиімділік пен болжалдылықтың болмауына байланысты, кепілдіктерді ұсыну құқығын алуға нақты уақыт шектеулерінің болмауына, кепілдіктерді қабылдаудан бас тарту негіздемелерінің жеткіліксіздігіне және осы кепілдіктердің әрекет ету саласының болмауына алаңдаушылық білдірді. Сол мүшелердің, Қазақстан өкілдерінің мәлімдемесіне қатысты, сондай-ақ КО Комиссияның № 834 шешіміне ЕАЭО түзетулер жобасына қатысты қауіпі бар. Бұл түзетулер ЕАЭО мүше мемлекеттердің бірі кәсіпорын саудасын тоқтата тұру туралы немесе белгілі өнім түріне қатысты шешімін қабылдаған кезде, ол ЕАЭО мүше мемлекеттің барлық аумағында қолданылатынын көрсетті. Бұл мүшелердің кәсіпорындарды тоқтата тұру немесе оларға қатысты уақытша шектеу қою анықталған тәуекелге байланысты еместігі немесе анықталған тәуекелге пропорционалды еместігі туралы тәжірибесі бар. Олар қабылданған шараларды негіздейтін тәуекелді бағалауды ұсынғанға дейін тоқтата тұру қабылданбайтынын және тәуекелді бағалау сұрау салу бойынша сауда әріптесіне берілетінін растауды өтінді.

759. Қазақстан өкілі КО Комиссиясының № 834 шешімін ауыстырған ЕЭК Кеңесінің № 94 шешіміне сәйкес, кепілдіктер негізінде Тізілімге үшінші елдердің кәсіпорындарын енгізу тетігіне кепілдіктерді қабылдаудан бас тарту мерзімдері мен негіздері, сондай-ақ осындай кепілдіктердің мерзімі мен саласы қосылғанын түсіндірді. Ол одан әрі, ЕАЭО қалыптастырылғанға дейін Қазақстанда үшінші елдер кәсіпорындарының тізілімі болмағанын түсіндірді. Басқа елдермен сауданы шектемеу үшін үшінші елдер кәсіпорындарының басым көпшілігі үшінші елдердің құзыретті органдары берген кепілдіктер негізінде Тізілімге енгізілген болатын. Кәсіпорындарды Тізілімге енгізу - осы кәсіпорындардан экспортталатын тауарлар ЕАЭО еркін қозғала алуы үшін және ЕАЭО барлық мүше мемлекеттерінің аумағына қол жетімді болуы үшін ЕАЭО мүше мемлекеттермен бірлесіп жүзеге асырылады. Кәсіпорындардан импортты уақытша тоқтата тұру автоматты түрде енгізілмейді. Ол үшінші елдің сұрау салуы бойынша ғана немесе экспорттаушы елдің құзыретті органдары хабардар болған және адамдардың және жануарларға айтарлықтай қауіп төндіретін қайталамас сәйкессіздік анықталған жағдайда енгізілуі мүмкін. Қазақстан мүдделі сауда әріптестері сұрау салған кезде тәуекелді бағалауға негіздеуші шараларды ұсынады. Басқа жағдайларда зертханалық мониторингті ұлғайту, ескерту сияқты, осындай кәсіпорындардан экспортты тоқтатпау үшін қосымша немесе алмастыратын шараларды қолдану сияқты арнайы талаптар секілді дәйекті шаралар қолданылады. Мұндай шешімдерді ЕАЭО талаптарын бірнеше рет бұзу негізінде ЕАЭО мүше мемлекеттер қабылдаған болатын және олар СФС жөніндегі ДСҰ келісімінің қағидаттарына және рухына қайшы келмейді. Ол одан әрі, мүдделі мүшелердің түсініктемелерін назарға ала

отырып, ЕАЭО мүше мемлекеттің бірі кәсіпорындардан импортқа шектеу салатын, ЕАЭО-ның бүкіл аумағында қолданылатын ереже ЕЭК Кеңес қабылдаған № 94 шешімінде жоқ екенін атап өтті.

760. Кейбір мүшелер, Қазақстан және ЕАЭО тарапынан кәсіпорынды Тізілімге ензигудің үш механизмін жүзеге асыру тәртібі туралы қосымша ақпаратты сұрастырған болатын. Қазақстан өкілі, қазіргі уақытта ЕАЭО кез-келген мүше-мемлекеттердің уәкілетті органы тарапынан үшінші елдерден алынған барлық кепілдердің ЕАЭО басқа мүше-мемлекеттерінің уәкілетті органы тарапынан мақұлдануы тиіс деп жауап берді. Мүшелердің кейінгі сұрақтарына жауап ретінде, Қазақстан өкілі, ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі, бақылаудағы тауарлардың ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі қағидаты үшінші елдердің ветеринариялық бақылау жүйесін тексеруді Алиментариус Кодексінің ұсыныстарына сәйкес жүргізу (аудит жүйесі) болып табылатындығын қарастырады деп түсіндірді. Осылайша, ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі, белгілі бір ел үшін оның аумағында орналасқан, жоғарыда көрсетілген 742 - тармағында айтылғандай экспортқа құқығы бар кәсіпорынды кәсіпорындар Тізіліміне ензигудің 3 тәсілін қамтамасыз етеді.

761. Қазақстан өкілі түсіндіргендей, ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімі ІІ тарауының 5-тармағында ЕАЭО талаптары былай анықталған: Бақылаудағы тауарларға деген ветеринариялық-санитариялық талаптар, ЕАЭО техникалық регламенттері, ЕАЭО Біріңғай ветеринариялық талаптары, немесе, ЕАЭО мүше-мемлекеттердің үшінші елмен бірге ветеринариялық экспорттық сертификатында келісілгендей, және " Ветеринариялық шаралар туралы" КО Комиссиясының 2011 жылдың 15 шілдесіндегі № 726 шешімінде қарастырылғандай және тауарға деген ұлттық міндеттік талаптар болып табылатын, "Халықаралық стандарттарды, ұсынымдар мен нұсқауларды қолдану туралы" КО Комиссиясының 2011 жылдың 22 маусымындағы № 721 шешімінде бекітілгендей, халықаралық стандарттар, нұсқаулар пен ұсынымдар бекітілген мағынада көрсетіледі.

762. Қазақстан өкілі ЕЭК Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы №94 шешімінде кәсіпорынды Тізілімнен тек екі жағдайда: тиісті кәсіпорынның өтінуі бойынша және үшінші елдің құзіретті органының өтінуі бойынша шығару көзделгенін растады. Кәсіпорынды тізбеден алып тастаудың орнына, ЕАЭО халықаралық стандарттарға сәйкес не тәуекелді бағалау негізінде кәсіпорыннан шығатын импортты және/немесе мониторингті күшейту үшін осы кәсіпорыннан шығатын импорт нысанасын уақытша тоқтата тұра алады. Төтенше жағдайларды қоспағанда, ХЭБ-да көзделген мағынада түсінілетін, кәсіпорыннан импортты уақытша тоқтата тұру мынадай жағдайларда ғана:

- кәсіпорынның немесе үшінші елдің құзіретті органының сұрау салуы бойынша; немесе

- үшінші елдің құзіретті органының назарына жеткізілген, ЕАЭО талаптарына қайталап бұзушылықтар не ЕАЭО мүше мемлекеттердің құзіретті органы кәсіпорынды инспекциялау және/немесе оны қайта тексеру барысында немесе кәсіпорынды мониторингілеу және оның тауарларына күшейтілген зертханалық сынақтар жүргізу нәтижесінде анықталған бұзушылықтар негізінде, егер мұндай бұзушылықтар адамның өмірі мен денсаулығына немесе жануарға айтарлықтай қауіп төндіретін болса қолданылуы мүмкін. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

763. Мүшелердің бірінің сұрағына жауап ретінде, Қазақстан өкілі мынаны растады, осы уақытқа, Ветеринариялық бақылау және қадағалаудың комитеті ЕАЭО талаптарына немесе сертификатқа енгізілген, өнімнің қауіпсіздігін қозғамайтын талаптарына айтарлықтай маңызды емесе, тексеру орнында немесе шекарадағы лабораториялық сынауда немесе Комитет құзіретіне жатпайтын сұрақтар негізінде (мысалы: ішуге жарамды суды бақылау) сәйкессіздігі негізінде кәсіпорынды шығарып тастауға құқығы жоқ.

764. Қазақстан өкілі, адамның денсаулығына немесе жануарларға елеулі қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, Қазақстанның құзіретті органы жергілікті жердегі инспекциялау нәтижелері бойынша кәсіпорындардан импортты экспорттаушы мемлекетке түзету шараларын ұсыну мүмкіндігін бергенге дейін тоқтата тұрмайтынын растады. "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі туралы" ЕЭК Кеңесінің 2014 жылғы 9 қазандағы №94 шешімінің талаптарына сәйкес, алдын ала баяндама экспорттаушы елдің құзіретті органы ескертпелерін ұсынуы үшін баяндамамен жұмыс аяқталғанға дейін жолданатын болады. Ол ЕАЭО мүше мемлекеттер кәсіпорыннан импортты тоқтата тұру туралы шешім қабылдау үшін өлшемшарттар мен негіздерді әзірлегенін де атап айтты. Ұсақ-түйек кемшіліктер кәсіпорыннан импортты тоқтата тұру үшін негіз болып табылмайды және ол мұндай шешімдерге шағым жасаудың әкімшілік рәсімдерінің бар екендігі туралы Мүшелердің есіне салды, бұған қоса сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

765. Төтенше жағдайларға келер болсақ, Қазақстан өкілі кәсіпорындардан импортты тоқтата тұру жөніндегі шешімдер мен рәсімдер Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес қолданылатынын растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

766. Қазақстан өкілі бұдан әрі Комиссияның айрықша жағдайларда ЕЭК Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы №94 шешімінде көрсетілгендей, ресми бақылау жүйесінен

елеулі жүйелік ауытқау байқау нәтижесінде кәсіпорындар тобынан немесе үшінші елдің барлық кәсіпорындарынан импортты тоқтата тұру туралы шешім қабылдай алатынын түсіндірді. Қазақстан өкілі Комиссия мұндай шешім қабылдаған кезде үшінші елдің Құзыретті органына анықталған тәуекел бойынша техникалық ақпарат пен ғылыми негіздемені ұсынуға тиіс. Үшінші елге жағдайды түзету бойынша шаралар қабылдау және оларды қабылдау үшін нақты мерзімдер ұсынылатын болады. Кез келген тоқтата тұру көрсетілген мерзім өткенге дейін жүзеге асырылатын болады. Түзету шаралары қабылданысымен, үшінші елдің құзыретті органы Комиссияға түзету шаралары туралы есеп жолдайды. Комиссия есепті бағалайды және түзету шаралары тиімді әрі жеткілікті болып табыла ма, жоқ па екендігі туралы шешім қабылдайды. Егер тоқтата тұру қолданылып жатқан болса, шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оның күші жойылады. Егер түзету шаралары қабылданбаған болса немесе Комиссияға тиімді емес болып көрінсе, кәсіпорындар тобынан немесе үшінші елдің барлық кәсіпорындарынан импортты уақытша тоқтата тұру туралы шешім қабылдануы мүмкін. Қазақстан өкілі мұндай уақытша тоқтата тұрулар адамның өміріне немесе денсаулығына төнген қатерге пропорционалды болатынын әрі Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінде көзделгендей қажетті болатын сауда-саттықты одан әрі шектемейтінін растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

767. Мүшелер ЕАЭО-ның ветеринариялық талаптарына, ЕАЭО-ға мал өнімін экспорттайтын кәсіпорындарға шикізат беретін кәсіпорындар тізіліміне кәсіпорындарды енгізу туралы жаңа міндеттемелерді енгізетін өзгерістер жобасына қатысты алаңдаушылық білдірді. Мүшелер осы түзету жобасының ЕАЭО-ға әкелуге арналған жануарлардан алынатын өнімдерді өндіруде пайдаланылатын шикізат ЕАЭО елдеріне экспортқа рұқсаты бар кәсіпорындардан ғана шығуы тиіс деп қаулы еткеніне алаңдаулы. Мүшелер мұның салдарының ұзаққа созылатынын және әкімшілік тұрғыдан жүзеге асыру ауыр екенін және қандай да бір тәуекелге пропорционалдығын негіздеудің жоқтығын атап айтты.

768. Жауап ретінде, Қазақстан өкілі, ЕАЭО аумағына өнімді беруге рұқсаты бар кәсіпорындарда өндірілген, жануарлардан алынатын шикізатты пайдалану бойынша, ЕАЭО-ға экспорттау үшін құрамында жануарлардан алынатын компоненттер бар тауарларды өндіретін үшінші елдердің кәсіпорындарына қойылатын талаптарды енгізетін, ЕАЭО ветеринариялық талаптарына өзгерістердің жобасы тәуекелді одан әрі пысықтауға және бағалауға арналғанын атап өтті. Бұл талап шараларды негіздейтін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірі ұсынған тәуекелді бағалаусыз одан әрі қаралмайтын болады.

769. Жұмыс тобының мүшелері Етті, құсты, балықты және сүт өнімдерін тексеруді жүзеге асыруға арналған нұсқаулық жобасы халықаралық стандарттарда, нұсқаулықтарда және ұсынымдарда көзделгенге қарағанда неғұрлым қатаң талаптарды

көздейтіндігіне алаңдаушылық білдірді, атап айтқанда олар тым нұсқамалық сипатта және көптеген жағдайларда, мұны ЕАЭО тұрғысынан басқа кездерде сақтау қиын болады. Кәсіпорындардың көрсетілген нұсқалған құрылымдық және функционалдық талаптарға сай келуі туралы талап практикалық тұрғыда, ЕАЭО кәсіпорындары болып табылмайтын кәсіпорындардың көпшілігінің бақылаудан өтуі үшін кедергі болып табылады. Бұған қоса, Мүшелер осы Нұсқаулық жобасының КО Комиссиясының № 726 шешіміне сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен жекелеген сертификаттарды келісудегі экспорттаушы елдердің мүмкіндігін ескермейтінін және осылайша, жекелеген талаптарға жататынын атап көрсетті. Мүшелер, егер Инспекциялау бойынша осы Нұсқаулықта белгіленген жекелеген стандарттар сақталынбаса барабарлықтың қалай танылатынын сұрады.

770. Бұған жауап ретінде, Қазақстан өкілі, Қазақстан және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕЭК Кеңесінің №94 шешімімен қабылданған 2 және 3-қосымша ретінде, етке, мал сою кәсіпорындарына, балық және сүт өнімдеріне тексеруді жүзеге асыруға арналған нұсқаулықты қамтитын, "Ветеринариялық бақылауға және үшінші елдердің ресми бақылау жүйесі аудитіне жататын кәсіпорындарға тексеру жүргізу кезінде үшінші елдерде қолданылатын ветеринариялық шаралардың барабарлығын бағалау бойынша инспекторларға арналған нұсқаулықты" және "Балықты қоса алғанда, су жануарларын өндіру және қайта өңдеу кәсіпорындарын, кемелерді инспекциялау жөніндегі басшылыққа алынатын қағидаттарды; Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарын инспекциялау жөніндегі басшылыққа алынатын қағидаттарды, Жануарларды сою пункттері мен ет өнеркәсібі кәсіпорындарын инспекциялау жөніндегі басшылыққа алынатын қағидаттарды" әзірлегенін түсіндірді. Сонымен қатар, ол қазіргі уақытта, нұсқаулық қабылданғанға дейін тексеруге өтінім алған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасы қолданылатынын түсіндірді. Қазақстан өкілі, нұсқаулықтың Алиментариус Кодексінің стандарттарына сәйкес әзірленгендігін растады.

771. Ол ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімі барабарлық қағидатын мойындайтынын түсіндірді. Атап айтқанда, инспекторларға кәсіпорындардың ЕАЭО тиісті талаптарын немесе халықаралық стандарттардың, нұсқаулықтар мен ұсынымдардың тиісті талаптарын қаншалықты бағалайтынына бағалау жүргізу тапсырылды және мұндай жағдайларда, кәсіпорындар барабарлық қағидаты негізінде ЕАЭО талаптарына сәйкес қарастырылатын болады. Бұдан әрі ол егер ЕАЭО актілерінде не ұлттық заңнаманың міндетті талаптарында халықаралық стандарттарға қарағанда неғұрлым қатаңдау талаптар белгіленетін болса, инспектор үшінші елдің құзыретті органына СФС жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес көзделгендей неғұрлым қатаңдау шараларға қатысты ғылыми негіздеме берілгенше, халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтарға және ұсынымдарға сәйкестігін бағалайтын болады. Егер кәсіпорын экспорттаушы елдің

құзыретті органынан кепілдіктер негізінде Тізілімге енгізілген болса, инспекторлар экспортты сертификаттау кезінде кепілдіктердің сақталуын тексеруге және бағалауға міндетті.

772. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күні, ЕЭК Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы №94 шешімін ЕАЭО инспекторларының орындауын қамтамасыз ету мақсатында, Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес, барабарлық қағидаттары мен халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға сәйкестігін, осы қағидаттар жоғарыда 771-тармақта сипатталғандай сәйкестігін көрсететін инспекциялау жөніндегі нақты нұсқаулық әзірленетін және қабылданатын болады. Жоғарыдағы 770-тармақта көрсетілген осы нұсқаулықтарда инспекторларға, атап айтқанда, тексеру кезінде кәсіпорынның Алиментариус Кодексінің тиісті ұсынылатын практика кодекстеріне сәйкестігін ескеру нұсқалатын болады, мәселен, САС/РСП 1-1969 – тамақ өнімдері гигиенасының ұсынылған халықаралық жалпы қағидаттары, САС/РСП 58 - 2005 - Етке арналған гигиеналық практика кодексі, САС/РСП 57-2004 – Сүт және сүт өнімдеріне арналған гигиеналық практика кодексі, САС/РСП 52-2003 – Балық және балық өнімдеріне арналған практика кодексі және басқа да тиісті халықаралық стандарттар, ұсынымдар және оларға қатысты құжаттар. Басшылыққа алынатын қағидаттар кәсіпорындарды инспекциялауға қатысты Қазақстанның бұрыннан бар ұлттық заңнамасын алмастырады және экспорттаушы кәсіпорынның ЕАЭО талаптарына сәйкестігін бағалайтын ЕАЭО инспекторларының пайдалануы үшін сілтемені білдіреді. Бұған қоса, инспекторларға ЕЭК Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексеру жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімі мен Нұсқаулықтар тұрғысында, Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінде көзделгендей барабарлық қағидатын қолдану мәселелері жөніндегі ақпарат және олар осы мәселе жөніндегі оқудан өтеді. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

773. Кейбір мүшелер КО Комиссиясының № 834 шешімі үшінші елдің ветеринариялық бақылауға жататын өнімдерін бақылау жүйесіне аудит жүргізу үшін егжей-тегжейлі және нұсқамалық жүйені белгілейтініне алаңдаушылық білдірді, ал ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен олардың тиісті кәсіпорындары үшін қойылатын талап кейбір қатынастарда, бұған қарағанда тым тәптіштемейді және қатаңдау емес. Осы мүшелер барабарлықты анықтау және қолдау мақсатында, үшінші елдер мен олардың кәсіпорындарына және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен олардың кәсіпорындарына қатысты жергілікті жерде қолданылатын көшпелі тексерулер бола ма және мәселен, олардың жиілігі және сонымен байланысты талаптардың үшінші елдер мен олардың

кәсіпорындарына қатысты да қолайлы болуы және осындай елдерге немесе кәсіпорындарға қатысты кемсітушілік көрсетпеуі қалайша қамтамасыз етілетінін сұрады.

774. Бұған жауап ретінде, Қазақстан өкілі, өзінің пікірі бойынша, КО №834 шешімін алмастырған ЕЭК Кеңесінің №94 шешімі, сондай-ақ аудит және мүше мемлекеттерге, олардың өнімдеріне немесе кәсіпорындарға қатысты қолданылатын тексерулер жүргізуге арналған рәсімдер мен талаптар ДСҰ қағидалары мен талаптарына сәйкес келетінін мәлімдеді. Бұған қоса, Қазақстан өкілі ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің ҮІІ бөлімінде ЕАЭО кәсіпорындарының Тізіліміне енгізу үшін ЕАЭО кәсіпорындарына бірлескен тексеру жүргізу көзделгенін атап айтты, бұл үшінші елдер кәсіпорындарының Тізіліміне енгізу үшін үшінші елдер кәсіпорындарына бірлескен тексеру жүргізу рәсіміне ұқсас болады. ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімінің 107-тармағына сәйкес, егер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірінің ветеринариялық бақылау объектілерін тексеру жүйесі барабар деп танылса, ЕАЭО-ға осы мүше мемлекеттің аумағында орналасқан кәсіпорынды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірлескен тексеру жүргізбестен, ЕАЭО кәсіпорындарының тізіліміне енгізеді, бұл үшінші елдің ресми қадағалау жүйесіне аудит жүргізу рәсіміне ұқсас болады. Яғни, ЕАЭО кәсіпорындарына үшінші елдердің кәсіпорындарына қолданылатын шараларға ұқсас шаралар қолданылады.

775. Кейбір мүшелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге аудитке сұрау салу берілісімен, аудит жүргізу уақыты бойынша көп ақпарат сұратты. Осы мүшелер, аудит жүйесін іске асыру ұзақ және ауыртпалықты процесс болатынына алаңдаушылық білдірді.

776. Қазақстан өкілі, бүгінгі таңда, Қазақстан аудит жүргізу үшін үшінші елдерден ешқандай сұрау салуды алмағандығы туралы жауап берді. ЕАЭО-ға басқа мүше мемлекеттеріне жөнелтілген сұрау салулар негізінде, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер 2014 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған аудит және тексерулер жоспарын әзірледі. Жоспарды жариялау ЕАЭО заңнамасында жазылмаған болатын, алайда ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер Жоспарды жариялау туралы тиісті заңнамаға түзетулер енгізуді жоспарлап отыр. Оның айтуынша, аудит мерзімдері, осындай тексерулерді жүргізу үшін үшінші елдерден алынған сұрау салулар саны мен қаржылық және адами ресурстарының болуына байланысты. Бұған қоса, ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімінде, 755-тармақта көрсетілгендей, нақты мерзімдері көрсетіліп, аудитті жүргізу рәсімдері жазылған.

777. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға енген күні Жұмыс тобының баяндамасында сипатталғандай ЕЭК Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімі Келісімнің 2.3-бабын және 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі ДСҰ Бас келісімін қоса алғанда, Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану

жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес қолданылатын болатынын растады. Атап айтқанда, ол ЕЭК Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімі - жергілікті жердегі инспекциялау талаптарына қатысты, оның ішінде өнімдерді бағалау жүйесінің барабарлығын айқындау және қолдау мақсатында, ұқсас немесе орайлас шарттар басым болған кезде, атап айтқанда, ДСҰ-ға мүше болып табылатын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен басқа мүшелер арасында осындай шарттар басым болған жағдайда, мүшелерді өз бетімен немесе негізсіз кемсітпейтінін және ЕЭК Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлар (өнімдер) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы №94 шешімі - халықаралық саудада жасырын шектеу жасайтындай болып қолданылмайтынын растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

- (iii) Импортқа рұқсат

778. Импортқа рұқсат беруге қатысты Қазақстан өкілі 2010 жылғы шілдеден бастап ЕАЭО импортына рұқсат беру режимі үшін құқықтық негіздер КО Комиссиясының № 317 шешімімен қабылданған Ветеринариялық бақылау туралы ереженің VI бөлімінде бекітілетін болады деп түсіндірді. Аталған Ереже мынадай қағидаттарды белгілейді:

- Ветеринариялық бақылауға жататын жекелеген тауарларды ЕАЭО-ға импорттың импорт үшін межелі пункт болып табылатын, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің құзыретті органы берген импортқа рұқсаты болуға тиіс, және

- Рұқсатта көрсетілген көлемдегі күнтізбелік жыл ішінде рұқсат жарамды болып табылады.

Рұқсат өндіріс орнындағы эпизоотиялық жағдай ескеріле отырып және кәсіпорын тиісті тауарларды ЕАЭО аумағына әкелуге рұқсат етілетін кәсіпорындар Тізбесінде болған жағдайда беріледі. Оның үстіне, "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды ескере отырып, тауарлардың импортына, экспортына және транзитіне рұқсат беру қағидалары" Үкіметтің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 132 қаулысымен ұлттық деңгейде белгіленген, ол Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/ 647 бұйрығымен (бұдан әрі: № 16-04/647 бұйрық) ауыстырылды.

779. Сонымен қатар ол, импортқа рұқсат тауардың кез келген көлемі үшін берілуі мүмкін екенін және сұратылған көлем рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болып табылмайтынын түсіндірді. Импортқа рұқсаттың үш функциясы бар: біріншіден, импорттаушының импорт тауарға ұлттық талаптарға, мысалы карантиндік талаптарға сәйкес келетіндей қауіпсіз қарай алуы; екіншіден, экспорттаушы елдің эпизоотиялық жағдайын назарға алу; және үшіншіден, экспорттаушы елде эпизоотиялық жағдайға бейімделген ерекше жағдайлар импортты жүзеге асыру кезінде сақталуы керек. Бірінші функция оның пікірінше, кемсітушілікті емес, өйткені операторға қойылатын қажетті

шарттар ЕАЭО аумағының шегінде ішкі сауда жасаған кезде де қойылады. Екінші функция экспорттаушы елде жануарлардың аса қауіпті аурулары тараған жағдайда импорттау, бұғаттау немесе шектеу үшін құқықтық құрал болып табылады. Үшінші функция, мәселен, эпизоотиялық жағдайы ерекше елдерден импортталатын жануарлардан алынатын жекелеген өнімді белгілі бір мекемелерде өңдеуді талап ету үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, импортқа рұқсат осындай мекемелерге жүктерін жібере алған импорттаушыларға ғана берілетін болады. Импортқа рұқсат импорттаушылар үшін логистиканы да оңтайландырады және бақылаушы органдардың қызметін үйлестіруге арналған құрал береді.

780. № 16-04/647 бұйрыққа сәйкес импортқа рұқсатты өзінің аумақтық бөлімшелерінің ұсынымы бойынша уәкілетті ветеринариялық орган (Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті) береді. Белгілі бір өңірдің Бас Мемлекеттік Ветеринариялық Инспекторы осы өңірдің эпизоотиялық және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігіне жауапты болады. Сондықтан, импорттаушылар импортқа рұқсат алу үшін импорттық тауарлар келіп түсетін жердегі тиісті өңірлік (аудан/қала) бөлімшенің уәкілетті органына тікелей жазбаша нысанда өтініш беруге тиіс. Бұл талап импорттаушыларға қолайлы болуы үшін де қолданылады. Өтініште тауарлардың өзіне тән белгілерін сипаттау, шығарылған елі мен орны (кәсіпорын), мақсаты, көлік құралының түрі, маршруты, Қазақстан шекарасындағы өткізу пункті (пункттері), өндіру немесе сақтау орнының атауы және тіркеу нөмірі көрсетілген Қазақстандағы межелі пункт көрсетілуге тиіс. Бұған қоса, № 16-04/647 бұйрық кәсіпорынның орналасқан жері, карантиндік жағдайлар, сақтауды өңдеу шарттары мен кәсіпорындардың тіркеу нөмірі, қажет болған жағдайда және/немесе экспорттаушы елдегі кәсіпорындардың атауы туралы талаптарды қосты. Өңірлік бөлімшелер тасымалдау және сақтау шарттарының ветеринариялық қағидаларға сәйкестігін тексеруге тиіс, орталық өкілетті орган өз кезегінде (i) экспорттаушы ел инфекциялық аурулардың таралуы салдарынан уақытша тыйым салуға жатты ма, жоқ па, (ii) ЕАЭО ветеринариялық және санитариялық талаптарын сақтамау болды ма, жоқ па және (iii) осындай талапты қолдану кезінде экспорттаушы кәсіпорынның Тізілімде бар-жоғын тексеруге тиіс. Егер импортталатын тауарлар қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін болса, экспортшы қажетті талаптарды орындағаннан кейін қайтадан өтініш бере алады. Уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде импортқа рұқсат беруге тиіс, бірақ ол негіздемелерін көрсете отырып, жазбаша нысанда импортқа рұқсат беруден бас тарта алады.

781. Белгілі бір мүшелер әкелуге рұқсаттан бас тартудың жалпы сипатына және осындай сәйкессіздіктерден туындаған, денсаулыққа төнген қатер қауіптілігінің қажеттілігі мен пропорционалдылығы сияқты пункттердің жоқтығына қатысты алаңдаушылық білдірді. Олар ДСҰ стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қажетті, осы Ережеге жоспарланған өзгерістерде осы пункттердің болған-болмағанын

түсіндіруді сұрайды. Қазақстан өкілі Қазақстанның № 16-04/647 бұйрықты қабылдағаны туралы ақпарат берді, онда әкелуге рұқсаттан бас тарту себептерін негіздеу бөлігінде, сәйкессіздіктен туындаған, денсаулыққа төнген қатер қауіптілігінің қажеттілігі және/немесе пропорционалдылығы сияқты элементтер қамтылған.

782. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан сәйкессіздік дегеннің нені білдіретінін және егер импорттаушы ұсынған ақпарат импортқа рұқсат беру талаптарына, мысалы сақтауға байланысты талаптарға сәйкес келмесе, рұқсат беруден бас тартылуы мүмкін бе екенін нақтылауды сұрады. Қазақстан өкілі № 16-04/647 бұйрыққа сәйкес импортқа рұқсат беруден мынадай себептер негізінде бас тартылуы мүмкін деп жауап берді: (i) ХЭБ нұсқаулықтарына, ұсынымдары мен стандарттарына және СФС жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес, расталған, оның ішінде үшінші елдердің құзыретті органдарымен байланыс арқылы расталған, экспорттаушы елдегі қолайсыз эпизоотиялық жағдайға байланысты, жекелеген елдерге (өңірлерге) қатысты шектеу енгізу; (ii) ЕЭК Кеңесінің №94 шешімін, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын немесе қолданылатын жерінде екіжақты сертификаттарда келісілген санитариялық және ветеринариялық аттестаттауды қоса алғанда, ЕАЭО құқықтық шеңберінде айқындалған, ЕАЭО-ның ветеринариялық-санитариялық талаптарының сақталмауына байланысты санитариялық және фитосанитариялық тәуекелдің жол берілмейтін деңгейі немесе (iii) осындай талапты қолдану кезінде үшінші елдер кәсіпорындарының Тізілімінде экспорттаушы кәсіпорынның болмауы; (iv) өтініште көрсетілген экспорттаушы кәсіпорынға қатысты уақытша шектеулер енгізу; (v) тауарлар арналған немесе сол арқылы транзит жүзеге асырылған Қазақстан аумағының бөлігіне шектеу шараларын енгізу. Мұндай жағдайда, егер импортталатын тауар сұрақта көрсетілген ауруды әкеле алатын болса ғана, импортқа рұқсат беруден бас тартылады. Қазақстан ЕАЭО-ға мүше мемлекет бола отырып, КО Комиссиясының №317 шешімімен бекітілген, ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды өзгерістерімен бірге сақтайды.

783. Кейбір Мүшелер Қазақстан билігі егер осы елде қолданылатын жаңа шарттар импортқа рұқсаттан бас тарту үшін негіз болып табылса, импортқа рұқсат беруге өтініштен бас тартылған кезде әрбір үміткер мен экспорттаушы елге бас тарту себептерін егжей-тегжейлі хабарлауды өтінді, Қазақстан өкілі уәкілетті органның өтінішті он жұмыс күні ішінде қарайтынын түсіндірді. Уәкілетті орган осы мерзім ішінде импортқа рұқсат береді немесе өтініш берушіге бас тартудың жазбаша түсініктемесін береді.

784. Қазақстан өкілі жекелеген өнімдерді импорттау шарттары туралы егжей-тегжейлі ақпарат импорттаушылар мен өнімдерді экспорттаушы үшінші елдер үшін Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми веб-сайтында: <http://mgov.kz/napravleniya-razvitiya/information-for-third-countries> қолжетімді болуы тиіс екендігін растады. Бұған қоса, мұндай ақпарат ЕАЭО-ның сайтында мынадай мекенжай бойынша

орналасқан: <http://www.eurasiancommission.org/en/act/techreg/Pages/acts.aspx>. Қазақстан өкілі ұлттық Ақпарат орталығының ресми сайтында осы мақсатта Қазақстан аумағына әкелуге рұқсат етілген тауарлардың тізімі, сондай-ақ Қазақстанға экспорттауға рұқсат алған елдер мен кәсіпорындардың тізбесі және импорт шарттары ағылшын тілінде жарияланатынын да растады. Егер импортқа рұқсат беруден бас тартылатын болса, Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті өтініш берушіге осындай шешім қабылданғаннан кейін он күн ішінде бас тарту себептері туралы хабардар етуге міндетті болады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

785. Жеке мүшелер Қазақстанның импортқа рұқсат беру жүйесі ХЭБ қағидаларына сәйкес болатынын, яғни жануарлардың ауруы бойынша мәселелерге қатысты ХЭБ-те танылмаған негіздер бойынша рұқсат беруден бас тартпайтындығын растауын өтінді. Бұған қоса, жүктерде рұқсат етілмеген заттардың табылуына қатысты Қазақстан СФС шараларын тек адамдардың өмірі мен денсаулығын немесе жануарларды қорғау үшін қажетті дәрежеде ғана қолдану қағидатын сақтайтын болады. Осы Мүшелердің пікірінше, тұтынушы үшін тікелей тәуекелсіз сәйкессіздікті бір рет анықтағаннан кейін импортқа рұқсат беруден бас тарту осы қағидатқа сәйкес келмейтін болады. Қазақстан өкілі импортқа рұқсат беруге өтініштерді қарау рәсімі Қазақстанның рәсімдері осы екі қағидатқа сәйкес болатынын растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

786. Жұмыс тобының мүшесі ветеринариялық бақылауға жататын өнімдердің импортына рұқсат алу процесіне қатысты өз күмәндарын білдірді. Импортқа қойылатын басқа да ветеринариялық-санитариялық талаптар тұрғысынан (мәселен, келісілген ветеринариялық сертификат), ол импортқа рұқсат алу процесін СФС жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелері бұзылған кезде саудада кедергі тудыруға әкеп соғатын керек емес талап деп бағалады. Жұмыс тобының осы мүшесі СФС жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес ел аумағы шегінде адамның өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді қорғауға арналған СФС шараларын әзірлеу кезінде қатысушылар саудадағы кедергілерді азайтудан тұратын мақсатты назарға алуы тиіс екенін, сондай-ақ осы шаралардың саудаға СФС тиісті қорғау деңгейіне қол жеткізу үшін қажет мөлшерден көп әсер етпеуі тиіс екенін атап өтті. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан шараларының СФС жөніндегі ДСҰ келісімінің міндеттемелеріне сәйкестігіне күмән келдірді.

787. Қазақстан өкілі СФС жөніндегі ДСҰ келісімі импортты ветеринариялық бақылау органдарының импортқа рұқсат алу жүйесін пайдалануға тыйым салмайды деп жауап берді. Бұдан әрі, Қазақстан өкілі экспорттаушы елдердің ветеринариялық органдары өздерінің құзыретіндегі аумақта ғана өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатындықтан, импортқа рұқсат жолдағы импортталатын өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды элемент болып табылатынын түсіндірді. Ол импортқа рұқсат экспорттаушы елдің ветеринариялық органының құзыретінің шеңберінен

шығатын мынадай ақпаратты қамтитынын атап өтті, олар: мақсаты, көлік типі, жол жүру маршруты, кесіп өтетін бақылау шекара пункттері, өндіру немесе сақтау объектілерінің атауы мен тіркеу нөмірін көрсете отырып, Қазақстандағы межелі пункт, қажет болған кезде, сондай-ақ СИТЕС қолданысына жататын тауарды әкелген жағдайда - импортқа рұқсаттың тиісті нөмірі. Осы ақпарат ветеринариялық сертификаттарда ұсынылмаған.

788. Мүшенің сұрағына жауап ретінде, Қазақстан Республикасының өкілі құжаттамада қамтылған негізгі деректерді өзгертпейтін құжаттардағы болмашы қателіктер импортқа рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болып табылмайтынын растады. Импортқа рұқсаттың күшін жою үшін осы әкімшілік рәсімді бастауға негіз болып табылатын заңдық факт -импорттаушының ЕАЭО Шешімдерінің қадағалауындағы жүкті және Қазақстанның ветеринария саласындағы заңдарын (оның ішінде, қолдан жасалған ветеринариялық ілеспе құжаттарды көрсету немесе ұсынылған құжаттарға қадағалаудағы жүктің сәйкес келмеуі анықталған) жүйелі бұзу фактілерін анықтау болып табылады. Бұдан әрі ол импортқа рұқсатты тоқтата тұру, оның күшін жою немесе оны беруден бас тарту себептері халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқамаларға әрі Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес болатынын растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

789. Бұдан әрі, Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Қазақстанда қолданылатын ветеринариялық және карантиндік бақылауға жататын тауарлардың импортына рұқсаттар беру режимі жарияланған және жалпыға қол жетімді ЕАЭО шешімдеріне, ЕАЭО-ның басқа да актілеріне және Қазақстан заңының ережелеріне сәйкес іске асырылатынын және бұл шаралар Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімдерімен сәйкес әзірленетінін және қолданылатынын растады. Қазақстан өкілі импортқа рұқсат беруге өтініш үшін талап етілетін ақпарат тиісті мақұлдау және бақылау рәсімі үшін қажетті ақпаратқа дейін шектелетінін, тауардың жеке-дара үлгісін бақылауды жүргізу, инспекциялау және мақұлдау үшін талаптардың Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің С қосымшасында көрсетілгендей негізделген және қажетті шамада шектелетінін де растады. Сонымен қатар, ол Қазақстан Үкіметі нақты белгіленген рәсімді бекітетінін және ол туралы жұртшылықты хабардар ететінін растады, белгіленген рәсімге сәйкес импортқа рұқсат беруге өтініш беруші өтінішті тоқтата тұруға, оның күшін жоюға немесе оны қабылдаудан бас тартуға шағым жасай алады, сотқа шағымдана алады, түпкілікті шешім қабылдау және рұқсат алу үшін талап етілетін кез келген одан кейінгі әрекеттер үшін себептерін түсіндіре отырып, жазбаша жауап ала алады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

790. КО Комиссиясының № 317 шешіміне сәйкес шекарада ветеринариялық инспектор (i) құжаттарға бақылау жүргізеді және (ii) әкелінетін тауарларға физикалық жете тексеру жүргізеді. Шекарада сынамаларды іріктеу егер ветеринариялық инспектор көзге көрінетін органолептикалық өзгерістерді байқаса ғана жүргізіледі. Ветеринариялық инспектор уәкілетті органның тиісті облыстық филиалына (шекарада) ветеринариялық бақылауға жататын өнімдерді тексеру нәтижелері туралы, сондай-ақ тауардың соңғы межелі пункті туралы хабарлайды. Импортталатын тауарлар сосын межелі орынға тасымалданады, бұл жерде оларға жүкті көзбен шолып қарап тексеру жүргізіледі. Қарап-тексеруден өткеннен кейін шет мемлекеттің құзыретті органы берген ветеринариялық сертификат ЕАЭО-ның ветеринариялық сертификатымен алмастырылады. Ілеспе құжаттарға "Шығаруға рұқсат етеледі" немесе "Шығаруға тыйым салынған" деген жазба жазылған мөр басылады. Осылайша, ветеринариялық бақылаудан өткен импортталатын тауарлар ЕАЭО тауарлары ретінде қаралады және соңында отандық өндірістегі тауарлар сияқты режимге жатады. Ол "Ветеринария туралы" № 339-II Заңның 17-бабының 2-тармағына сәйкес, егер жүктің иесі ветеринариялық бақылау нәтижелеріне қанағаттанбаса, ол жоғары ветеринариялық мемлекеттік органдарда немесе жергілікті атқарушы органдарда және/немесе сотта ветеринариялық инспекторлардың әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) шағым жасай алады.

791. Мүшелердің бірінің сұрағына жауап бере отырып, Қазақстан өкілі Қазақстанның және ЕАЭО заңнамасында экспортшы елдерді экспортаушы тараптардың сыртқы шекараларында ветеринариялық-санитариялық тексеру жүргізуге міндеттейтін қағида қамтылмағанын түсіндірді.

792. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан негізсіз кідіріс туғызатын рәсімдердің болмауына және импорттық өнім үшін ұқсас отандық тауарларға сияқты қолайлылығы кем емес режимді қамтамасыз етуге кепілдік беру туралы өтініш жасады. Мүшелер бақылау жүйесі екі бақылауды білдіретінін мәлімдеді айтты – алдымен шекарада, сосын кедендік бақылауда. Осыған байланысты, осы мүше Қазақстан өкілінен аталған жүйеде ақталмаған кідірістердің болмайтындығын растауын өтінді. Жұмыс тобының осы мүшесі жүк ветеринариялық сертификатпен және импортқа рұқсатпен бірге жүруі, бекітілген объектіден келуі және экспорт жүзеге асырылғанға дейін қарап-тексерілуі тиіс екенін ескере отырып, қосымша тестілеу шамадан тыс сияқты деп пікірін білдірді. Бұдан әрі осы мүше Қазақстанның шекарада тексеру жүргізу үшін және сосын кедендік қарап-тексеруден өту кезінде барлық жүктерді толық қайта тексеру үшін қойылатын талаптары СФС таоаптарына сәйкес еместігі, саудаға жүктеме салуы және ұлттық режимге сәйкес келмеуі себептері бойынша негізсіз болып табылады деп атап айтты. Жұмыс тобының басқа мүшесі Қазақстан әрбір жекелеген жүктің сынамаларын іріктеудің орнына (қолданыстағы жүйе) іріктемелі тексерулер еттігін жоспарлап отырма және оны қалайша енгізбекші деп қызығушылық білдірді.

793. Бұған жауап ретінде Қазақстан өкілі КО Комиссиясының № 317 шешімімен қабылданған Ветеринариялық бақылау ереженің 6.5-тармағына сәйкес, құжаттық, физикалық тексерулерді жүргізу іріктемелі негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылатынын мәлімдеді: он партия етке немесе балыққа бір партиядан және әрбір партиясы физикалық тексеруге ұшырайтын тірі жануарларды қоспағанда, жекелеген мемлекеттерден шығатын басқа бақылауға жататын өнімнің жиырма партиясына бір партиядан жиі емес. Шекарада физикалық тексеру жүктің қолжетімді бөлігін тексеру кезінде жүргізілуі мүмкін. Зертханалық сынақтар физикалық тексеру кезінде көзге көрінетін органолептикалық өзгерістер анықталған жағдайда ғана жүргізілуі мүмкін (3.14.3. тармақ). Қазақстан әрбір импортталатын партияға зертханалық тексерулер жүргізу қажеттілігінен бас тартты және оны үшінші елдердің экспорттайтын объектілерінің тізілімін жүргізу жүйесімен ауыстырды. Оның пікірінше, мұндай практиканы ДСҰ дамыған мүшелері кеңінен пайдаланады және ол СФС келісіміне қайшы келмейді.

- (iv) Транзитке рұқсат

794. Транзитке қатысты Қазақстан өкілі 2010 жылғы 1 шілдеден бастап транзиттік рұқсаттарды беру үшін құқықтық негіз КО Комиссиясының № 317 Шешімінде КО Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 724 Шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге, "Кеден Одағының шекарасында ветеринариялық бақылаудың бірыңғай жүйесі туралы ереже" деген YII тарауда белгіленген. ЕАЭО деңгейінде жазылған қағидаттар мыналар болып табылады:

- Транзитке рұқсат тірі жануарлар мен жануарлардан алынатын шикізаттың транзитіне қатысты ғана талап етіледі. Транзитке рұқсатты аумағында бірінші әкелу пункті тұрған ЕАЭО-ға мүше мемлекет береді;

- Өткізу пункттерінде бақылауға жататын тауарларға ветеринариялық бақылау тауарлық-көліктік жүкқұжаты және (немесе) ветеринариялық сертификат ұсынылғаннан кейін жүргізіледі;

- Құжаттарды тексеру аяқталғаннан кейін жануарларды ветеринариялық бақылау, оның ішінде ветеринариялық сертификаттарда көрсетілген нөмірлермен жануарлардың сәйкестендіру нөмірлерін (таңбасын, чиптерін, құлақтағы ендерін, мөртабандарын және т.б.) салыстыру, тасымалдау шарттарын, жануарлардың жағдайын және оларды одан әрі тасымалдау мүмкіндігін тексеру жүргізіледі;

- Бақыланатын тауарларды (жануарларды қоспағанда) транзиттеу кезінде сараптаманы мемлекеттік реттеуші органдар ғана бақылау-өткізу пунктінде немесе бақылауға жататын тауарлардың мәлімделген тауарларға сәйкессіздігі туралы ақпарат болған кезде жүзеге асырады;

- Мониторинг нәтижелері бойынша, шекаралық бақылау пунктінің қызметкері шешім қабылдайды және тауарға ілеспе құжаттар мен ветеринариялық сертификатқа № 3 қосымша нысанына сәйкес: "Транзитке рұқсат" немесе "Транзитке тыйым салынады"

деген мөртаңба басады және ЕАЭО кедендік аумағынан шығу пунктінде "Транзит аяқталды" деген мөртаңба басылып, содан кейін осы қызметкердің аты-жөні көрсетіліп, мөрмен және қолтаңбамен куәландырылады;

- Барлық қажетті деректер осы Ереженің № 9 қосымшасына сәйкес нысанға сай Транзит тізіліміне енгізілген және электрондық құжаттар жүйесіне енгізілген, сондай-ақ

- ЕАЭО аумағы бойынша бақылауға жататын тауарлардың транзитіне рұқсат алған бақылауға жататын тауарлардың иесі ЕАЭО-ның ветеринария туралы заңнамасын сақтауға тиіс.

795. № 16-04/647 бұйрыққа сәйкес транзитке рұқсат жазбаша өтініш негізінде 30 жұмыс күні ішінде мынадай ақпарат көрсетіле отырып беріледі:

- транзиттік тауарларды тасымалдайтын заңды тұлғалар үшін: атауы, өндірістік объектінің мекенжайы және тіркеу нөмірі, транзиттік тауарларды тасымалдайтын жеке тұлғалар үшін: тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), өндірістік объектінің мекенжайы және тіркеу нөмірі;

- транзиттік тауарлардың атауы;

- транзиттік тауарлардың саны және оларды өлшеу бірлігі;

- экспорттаушы немесе импорттаушы ел немесе шығарылған елі;

- көлік түрі;

- сол арқылы тауарлар өтетін Қазақстанның шекаралық пунктерінің тізімі; және

- сол арқылы тауар өтетін әкімшілік-аумақтық бірліктің бас ветеринариялық инспекторымен немесе оның орынбасарымен келісілген транзит маршруты, аялдайтын, тиеу-түсіру жүргізілетін орны, жануарларды азықтандыру орындары, жануарларды немесе тауарларды тасымалдау шарттары.

№ 16-04/647 бұйрыққа сәйкес транзитке рұқсат беруден мынадай себептер бойынша ғана бас тартылуы мүмкін: (i) жоғарыда келтірілген кез келген ақпараттың болмауы; (ii) ХЭБ басшылыққа алынатын қағидаттарына, ұсынымдары мен стандарттарына сәйкес, елдегі немесе шығарылатын өңірдегі және транзит жерлеріндегі қолайсыз эпизоотиялық жағдай және (iii) импорттаушы ел импортқа рұқсат етпейді.

796. Кейбір Мүшелер тексерілген және мөрленген түрде берілген, транзиттегі бақылауға жататын тауарлар ЕАЭО ветеринариялық талаптарына сәйкес болуы тиіс деген талапқа алаңдаушылық білдіреді. Осы Мүшелердің көзқарасы бойынша, бұл талап қауіпсіздік шарасы ретінде негізделі алмайды және үшінші елдермен сауда жасауды шектейді.

797. Қазақстан өкілі Мүшелердің транзиттегі бақылауға жататын тауарлардың ЕАЭО ветеринариялық талаптарына сәйкес болу талаптарына қатысты алаңдаушылығын атап өтті және КО Комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешіміне КО Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 724

шешімімен осы талаптың күшін жою мақсатында, ЕАЭО аумағы арқылы тасымалданатын, кедендік мөрі бар бақылауға жататын тауарларға ЕАЭО ветеринариялық талаптарының қолданылуына жатпайтындай етіп өзгерістер енгізілгенін растады. Бұған қоса, Қазақстан өкілі КО Комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімінің тиісті ережелері, әкімшілік қағидалар және Қазақстан аумағы арқылы ветеринариялық бақылауға жататын тауарлардың транзитіне қатысты басқа да шаралар ХЭБ кодексі мен Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес қолданылатынын растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

(е) Фитосанитариялық бақылауға жататын тауарлармен сауда

798. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың XI тарауы (56, 59-баптар) мен 12-қосымшасы Қазақстанда өсімдіктер карантині үшін құқықтық негіз ұсынатынын айтты. Осы ережелер тиісті халықаралық және өңірлік стандарттарға, нұсқаулықтарға және/немесе ұсынымдарға негізделген шараларға қарағанда, тиісті ғылыми негіздер негізінде карантиндік фитосанитариялық қорғаудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ететін карантиндік фитосанитариялық шаралар қолданылатын жағдайларды қоспағанда, ережелердің халықаралық және өңірлік стандарттарды, нұсқаулықтарды және/немесе ұсынымдарды ескеруі тиіс екенін көздейді. ЕАЭО өсімдіктер карантині жөніндегі шаралар КО Комиссиясының "Кеден Одағының өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімімен (2014 жылғы 9 қазандағы ЕЭК Кеңесінің № 93 шешімімен енгізілген соңғы өзгерістермен бірге) қосымша белгіленген. КО Комиссиясының № 318 шешімі мынадай құжаттарды қамтиды:

- Карантинге жататын, яғни Кеден Одағы/ЕАЭО кедендік шекарасында және Кеден Одағы/ЕАЭО кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын өнімдердің тізбесі (реттелетін тауарлар, реттелетін өнімнің реттелетін позициялары);

- Кеден Одағы/ЕАЭО кедендік шекарасында фитосанитариялық карантиндік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру туралы ереже, сондай-ақ

- Кеден Одағы/ЕАЭО кедендік аумағында фитосанитариялық карантиндік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру туралы ереже.

799. Қазақстан өкілі бұдан әрі ЕАЭО-ның бірыңғай фитосанитариялық талаптарының жоқ екенін және ұлттық деңгейде іске асырылғанын түсіндірді. Өкіл ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер үйлестіруді одан әрі жалғастыруда екенін түсіндірді. Мысалы, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер 2015 жылға дейін карантинге жататын өнімдерге қойылатын бірыңғай фитосанитариялық талаптарды кейіннен енгізе отырып, карантиндік зиянды организмдер мен аурулардың тізбесін үйлестіру мақсатында фитосанитариялық тәуекелді қарау және жүргізу процесінде. Карантиннің зиянды организмдер мен аурулардың бірыңғай тізбесінің жобасы әзірленген және 2012 жылғы

шілдеде жариялы талқылаудан өтті. Бүгінгі таңда, жоба ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің келісуінде жатыр. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер өздерінің карантиндік зиянды организмдер мен аурулар тізбесін үйлестіргенге және бірыңғай фитосанитариялық талаптарды енгізгенге дейін карантиндік зиянды организмдер мен аурулардың ұлттық тізбесі және карантинге жататын өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптар қолданылатын болады.

800. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстаннан Қазақстан Республикасының заңнамасын шын мәнінде ҚӨҚХК әзірленген халықаралық стандарттарға негізделме, жоқ па түсіндіруді сұрады. Қазақстан өкілі жауап ретінде Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині туралы заңнамасы едәуір дәрежеде СФС жөніндегі ДСҰ келісімінде көзделген ережелер мен қағидаларға, Өсімдіктерді қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға және өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі Еуропалық және Жерорта теңізі ұйымын құру жөніндегі конвенцияға негізделеді деп мәлімдеді. Мысалы, "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы № 344 –І Заңның (бұдан әрі: "Өсімдіктер карантині туралы" Заң) 13-бабында және "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Үкіметтің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1730 қаулысында № 12 "Фитосанитариялық сертификаттар жөніндегі нұсқаулық", № 23 "Инспекциялау жөніндегі нұсқаулық" және № 7 "Экспортқа сертификаттау жүйесі" сияқты ҚӨҚХК стандарттарына сәйкес, құжаттарды беру, инспекциялау және бақылау рәсімдері көзделген. Қазақстан ҚӨҚХК № 12 стандартының талаптарына сәйкес келетін фитосанитариялық сертификаттарды қабылдайды және экспорттаушы елдің ҚӨҚҰО кепілдіктеріне сүйенеді. Сонымен қатар ол зиянды организмдер мен арамшөптерге зертханалық сараптама мерзімдері - үш жұмыс күніне дейін, ал өсімдіктер ауруларына зертханалық сараптама мерзімдері – он жұмыс күніне дейін қысқартылғанын айтты. Бұған қоса, ЕАЭО шеңберінде карантинге жататын өнімнің импортына және оны әкелуге карантиндік рұқсаттың күші жойылған.

801. Қазақстан Республикасының аумағында карантинге жататын өнімдер саудасы ЕАЭО Ережесіне қосымша мынадай ұлттық заңнамамен реттеледі: "Оларға қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбесін бекіту туралы" Үкіметтің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1295 қаулысы, Үкіметтің "Карантинді объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді алып қою және жою жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" 2011 жылғы 3 қарашадағы № 1287 қаулысы, Үкіметтің "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі ережені бекіту туралы" 2009 жылғы 30 қазандағы № 1730 қаулысы, Үкіметтің "Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы" 2011 жылғы 30

желтоқсандағы № 1674 қаулысы және Үкіметтің "Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1396 қаулысы.

802. Қазақстан өкілі Фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті фитосанитариялық қауіпсіздік саласында стратегиялық жоспарлауға және осы саладағы қағидалар мен нормаларды әзірлеуге жауапты екенін атап өтті. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті фитосанитариялық карантиндік шекаралық бақылау (қадағалау), өсімдіктерді зиянкестерден қорғау, ауыл шаруашылық алқаптарын зиянкестер мен өсімдік ауруларынан қорғау шараларын қоса алғанда, бюджетті жасауға және фитосанитариялық бақылау жүргізуге жауапты. Бұған қоса, фитосанитариялық бақылауға (i) мемлекеттік карантиндік мекемелер; (ii) "Фитосанитария" мемлекеттік кәсіпорыны, (iii) облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының мемлекеттік инспекция филиалдары; (iv) облыстардың, аудандардың (немесе қалалардың), Астана мен Алматының аумақтық инспекцияларының фитосанитариялық инспекторлары және (v) өткізу пункттары мен фитосанитариялық бақылаудың ішкі бекеттері тартылады. "Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжам орталығы" мемлекеттік кәсіпорыны Қазақстан аумағында ауру ошағын анықтау мақсатында мониторинг жүргізеді. "Республикалық карантиндік зертхана" мемлекеттік кәсіпорыны карантиндік зиянкестер мен аурулардың түрлік құрамын анықтайды. "Республикалық жерсіндірілген жеміс-жидек дақылдары өсімдіктерінің питомнигі" және "Республикалық жерсіндірілген егістік дақылдары өсімдіктерінің питомнигі" мемлекеттік кәсіпорындары өсімдік тектес өнімдердің (тұқымдық және егетін материал) жасырын ауру жұқтыруын анықтау үшін жауапты. "Фитосанитария" мемлекеттік кәсіпорыны карантиндік зиянкестер мен ауруларды оқшаулауды және олардың ошақтарын жоюды жүргізеді. Қосымша сұраққа жауап ретінде, Қазақстан өкілі нақтылап айтты, аудандардың (немесе қалалардың), облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының мемлекеттік инспекция бөлімдері мыналарға жауапты: (i) аумақтың фитосанитариялық жағдайына бақылау жасауға және өсімдік карантині жөніндегі шараларға; (ii) жер учаскелерін, ауыл шаруашылығы алқаптарын, астық қоймалары мен басқа да объектілерді байқауға; (iii) фумигация шараларын ұйымдастыруды бақылауға; (iv) карантиндік инспекцияға, зертханалық сынақтар үшін сынамаларды іріктеуге, фитосанитариялық сертификаттар беруге; (v) тұлғалардың фитосанитариялық қағидаларды сақтауын бақылауға және (vi) фитосанитариялық қағидалардың бұзылғаны үшін жауапты жеке және заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік шаралар қабылдауға. Шекаралық бақылау пункттері мен ішкі фитосанитариялық бақылау пункттеріндегі инспекторлар мыналарға жауапты: (i), фитосанитариялық бақылауға жататын импортталатын және экспортталатын тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы шегінде өткізілетін тауарларды, құжаттық тексеруді қоса

алғанда, фитосанитариялық бақылауға, тексеруге, тиісінше, (ii) өсімдіктер карантині саласындағы заңнамаға сәйкес, өсімдіктер карантинінің қажетті шараларын жүргізуге жүк иелеріне өкімдер беруге және (iii) фитосанитариялық қағидалардың бұзылғаны үшін жауапты жеке және заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік шаралар қабылдауға.

803. Мүшенің сұрағына жауап ретінде, Қазақстан өкілі санитариялық немесе фитосанитариялық қорғаудың тиісті деңгейі – нақты ғылыми-негізделген тәуекелдерді болғызбауға бағытталған, өнімдерге техникалық нормаларда және Қазақстан аумағында өндірілген бақылауға жататын өнімдерге қойылатын фитосанитариялық талаптарда белгіленген, қорғаудың талап етілетін деңгейі ретінде анықталған. Қазақстан өкілі ЕАЭО келісімінде, ЕАЭО актілерінде және Қазақстан заңнамасында ЕАЭО өнімдері үшін белгіленген талаптардан асатын импортталатын өнімдер немесе отандық өнімдер үшін СФС саласында қосымша талаптар белгіленбеген және болашақта да белгіленбейді деп растады. Жұмыс тобы бұл міндетті назарға алды.

804. Халықаралық практикаға сәйкес, белгілі бір өңірлерде карантиндік организмдердің таралу жағдайы тіркелген елдерден фитосанитариялық бақылауға жататын өнімді импорттау кезінде, егер өнім № 4 ФШХС сәйкес және № 20 ФШХС 10 нормалары мен қағидастарын қолдану кезінде айқындалған, зиянкестер жоқ аймақтардан немесе зиянкестер жоқ өндіріс орындарынан немесе зиянкестер жоқ өндірістік учаскелерден келген болса және егер экспорттаушы ел экспортталатын өнімде карантиндік организмдердің болмауын қамтамасыз ететін Қазақстанның/ЕАЭО-ның заңнамасында көзделген шаралардың жүргізіліп жатқанына кепілдік берсе, өсімдіктер карантиндік бақыланатын өнімдердің импортына жол беріледі. Егер фитосанитариялық бақылау кезінде фитосанитариялық бақылауға жататын реттелетін өнімдердің карантиндік организмдерді жұқтырғаны байқалса, бұл өнімдер межелі пункттерде немесе шекарада дезинфекцияланады (зарарсыздандырылады). Егер карантинге жататын өнімдер қатерсіздендіруден өтпеген болса, олар жойылады немесе экспорттаушы елге қайтарылады. Импортталатын бақылауға жататын өнім қолданыстағы фитосанитариялық қағидалар мен ережелерге қандай да бір шамада сәйкес келмеген немесе осындай өнім Қазақстанға импорттау үшін тыйым салынған болса, олар жойылады немесе экспорттаушы елге қайтарылады. Сонымен қатар, егер импортталатын өнімнен карантиндік организмдер табылса және экспорттаушы ел тиісті шараларды қабылдамаса, Қазақстан ҚӨҚХК 7-бабының 6-тармағына сәйкес, осындай өнімдерді әкелуді шектеу немесе тыйым салу үшін кезек күттірмейтін (шұғыл) фитосанитариялық шараларды қолдану құқығын өзіне қалдырады. Қазақстан 13 ФШХС сәйкес осындай шараларды қолдану туралы тиісті мүшелерге хабар береді. Кез келген жеке немесе заңды тұлға осы мәселе бойынша Үкіметтің лауазымды адамдарының әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) шағым жасай алады.

805. Халықаралық практикаға сәйкес, белгілі бір өңірлерде карантиндік организмдердің таралу жағдайы тіркелген елдерден фитосанитариялық бақылауға

жататын өнімді импорттау кезінде, егер өнім № 4 ФШХС сәйкес және № 20 ФШХС 10 нормалары мен қағидаттарын қолдану кезінде айқындалған, зиянкестер жоқ аймақтардан немесе зиянкестер жоқ өндіріс орындарынан немесе зиянкестер жоқ өндірістік учаскелерден келген болса және егер экспорттаушы ел экспортталатын өнімде карантиндік организмдердің болмауын қамтамасыз ететін Қазақстанның/ЕАЭО-ның заңнамасында көзделген шаралардың жүргізіліп жатқанына кепілдік берсе, өсімдіктер карантиндік бақыланатын өнімдердің импортына жол беріледі. Егер фитосанитариялық бақылау кезінде фитосанитариялық бақылауға жататын реттелетін өнімдердің карантиндік организмдерді жұқтырғаны байқалса, бұл өнімдер межелі пункттерде немесе шекарада дезинфекцияланады (зарарсыздандырылады). Егер карантинге жататын өнімдер қатерсіздендіруден өтпеген болса, олар жойылады немесе экспорттаушы елге қайтарылады. Импортталатын бақылауға жататын өнім қолданыстағы фитосанитариялық қағидалар мен ережелерге қандай да бір шамада сәйкес келмеген немесе осындай өнім Қазақстанға импорттау үшін тыйым салынған болса, олар жойылады немесе экспорттаушы елге қайтарылады. Сонымен қатар, егер импортталатын өнімнен карантиндік организмдер табылса және экспорттаушы ел тиісті шараларды қабылдамаса, Қазақстан ҚӨҚХК 7-бабының 6-тармағына сәйкес, осындай өнімдерді әкелуді шектеу немесе тыйым салу үшін кезек күттірмейтін (шұғыл) фитосанитариялық шараларды қолдану құқығын өзіне қалдырады. Қазақстан 13 ФШХС сәйкес осындай шараларды қолдану туралы тиісті мүшелерге хабар береді. Кез келген жеке немесе заңды тұлға осы мәселе бойынша Үкіметтің лауазымды адамдарының әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) шағым жасай алады.

806. Мүшелердің бірі Қазақстаннан Қазақстан ФШХС № 12:2011 халықаралық стандарттарында көзделгендей ауыстырылып берілген сертификаттарды қабылдайтындығын растауын өтінді. Қазақстан өкілі жауап ретінде, Қазақстан егер экспорттаушы елдің өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұлттық органы (бұдан әрі-ӨКҚҰО) № 12 ФШХС сәйкес, мыналарды: (i) карантинге жататын өнімнің фитосанитариялық қауіпсіздігін, (ii) карантинге жататын өнімнің экспортын жүзеге асырғанға дейін экспорттаушы елдің ӨКҚҰО Қазақстан Республикасының фитосанитариялық талаптарын сақтау үшін қажетті сынамаларды іріктеуді, карантинге жататын өнімді зерттеуді және өңдеуді жүргізуді және (iii) карантинге жататын өнімді тиеген кезден бастап әкелгенге дейін карантинге жататын өнімнің тұтастығын қамтамасыз етсе және растаса, заңды фитосанитариялық сертификаттардың орнына берілген легитимді фитосанитариялық сертификаттарды танитынын мәлімдеді. Сонымен қатар, ол ЕЭК Кеңесінің 2013 жылғы 16 тамыздағы № 50 шешімімен Кеден Одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімімен бекітілген "ЕАЭО кедендік шекарасында карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) тәртібі туралы ереженің" 4.1.6-тармағына түзетулерді растағанын атап өтті, онда ауыстыру ретінде берілетін фитосанитариялық сертификат танылады.

807. Сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі "тиісті ақпарат" дегеніміз - бақылауға жататын тауарлар зиянды карантиндік организмдер жоқ аймақтарда өсірілгенін және/немесе өндірілгенін растайтын, фитосанитариялық сертификаттың "Қосымша декларация" бөлімінде берілген ақпарат, сондай-ақ Қазақстанның басқа да фитосанитариялық талаптарын сақтау туралы ақпарат.

808. Жұмыс тобы мүшелерінің бірі Қазақстан тиісті ҚӨҚХК ұсынымдарында көзделгендей, салдарларды жұмсарту бойынша белгілі бір шаралар қолданылған жағдайда, карантиндік зиянды организмдердің әсеріне ұшыраған аудандардан реттелетін тауарлардың импортына рұқсат ете ме және осындай жағдайда, Қазақстан зиянды организмдер мен тауарлардың әрбір комбинациясына қабылданған жұмсарту шараларын айқындайды ма деп сұрады. Қазақстан өкілі салдарларды жұмсарту жөніндегі шаралар қолайлы болып табылады деп жауап берді. Алайда, бүгінгі таңда, Қазақстанның нормативтік құқықтық актілері әрбір нақты жағдайда салдарларды жұмсартудың нақты қандай шаралары қолданылатынын айқындамайды. Қазақстан халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға сәйкес, экспорттаушы елдер ұсынған салдарларды жұмсарту жөніндегі шараларды ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде бағалауға әзір екенін растады.

809. Уәкілетті орган төтенше жағдайларда (аурулар тараған кезде) экспорттаушы елдің фитосанитариялық жағдайына байланысты, фитосанитариялық бақылауға жататын өнімді әкелуге алдын ала шектеу немесе тыйым салу енгізе алады. Уәкілетті орган мұндай жағдайларда, экспорттаушы елдің тиісті қызметіне өз әрекеттері туралы барлық қажетті ақпаратты беріп отыратын болады. Фитосанитариялық бақылауға жататын ауру жұқтырылған өнімнің қайталап берілгенін тіркеу кезінде тиісті тауардың импортына тыйым салу қолданылады. Ол даулы мәселелерді талқылау үшін әдеттегідей ашық екенін айтты.

810. Қазақстан өкілі кейбір жағдайларда, импорт талабы - экспорттаушы елдің ӨКҚҰО-мен ынтымақтасу кезінде экспорттаушы елде импорттаушы елдің Ұлттық өсімдікті қорғау жөніндегі ұлттық органы (ӨКҚҰО) жүргізетін аудит мынадай элементтерді қамтуы мүмкін: (i) өндіріс жүйесі; (ii) өңдеу; (iii) жеке тексеру рәсімі; (iv) фитосанитариялық басқару; (v) аккредиттеу рәсімі; (vi) талдау рәсімі; (vii) байқау. Сонымен қатар, ол № 20 ФШХС 5.1.5.1-тармағында көзделген мұндай шаралар ҚӨҚХК қағидаттары мен нормаларына сәйкес келетінін мәлімдеді. Мүше Қазақстаннан бұл Баяндаманың осы тармағында сипатталған осындай аудиттің ерекше жағдайларда және экспорттаушы елдің фитосанитариялық жүйесін тексеру мақсатында жүргізілетінін, бірақ та экспортқа жеке-дара рұқсат беру жүйесіне әкелмейтінін растауды сұрады.

811. Қазақстан өкілі оған жауап ретінде 810-тармақта сипатталған аудиттің Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілерді әкелу тәуекелін төмендетуге бағытталғанын растады. Аудит Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілердің кіру тәуекелі мен карантинге жатқызылған өнімнің

карантиндік нормалар мен қағидаларды сақтамау тәуекелі Қазақстан Республикасы үшін қолайлы болатындай қажетті көлемде жүргізілетін болады. Бұған қоса, фитосанитариялық бақылауға жататын тауарлар Қазақстанның өсімдіктер карантині жөніндегі қағидалары мен нормаларына сәйкес жабдықталған, бақылау-өткізу пункттері арқылы ғана импорттала алады. Қазақстан 810-тармақта сипатталған аудиттер ерекше жағдайларда ғана, мысалы, жаңа сауда қатынастары белгіленген немесе проблема туындаған кезде, сондай-ақ бірнеше мәрте бұзушылықтар анықталған немесе карантиндік фитосанитариялық талаптар сақталмаған жағдайда жүргізілетін болады.

812. Қазақстан өкілі тәуекелге бағалауды жүргізуді қоса алғанда, фитосанитариялық шараларды қабылдау кезінде Қазақстанның мемлекеттік органдары ҚӨҚХК мен Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінде көрсетілген тиісті халықаралық практика мен ережелерге сүйетінін мәлімдеді. Ол Қазақстан ДСҰ-ға енген күнен бастап, егер Қазақстанның фитосанитариялық талаптары тиісті халықаралық стандарттарға, ұсынымдарға немесе нұсқаулықтарға негізделген шаралар арқылы қол жеткізілгенге қарағанда, қорғаудың неғұрлым жоғары деңгейіне әкелетін болса, Қазақстан өзінің фитосанитариялық талаптарын Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес қолданатынын растады. Сонымен қатар, ол Қазақстан органдары, егер қажет болса, даулы шараларға қатысты экспорттаушы мүшелермен консультация жүргізетінін растады. Бұған қоса, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, егер Қазақстанда қолданылатын фитосанитариялық талаптар тиісті халықаралық стандарттарға, ұсынымдарға немесе нұсқаулықтарға негізделген шаралар арқылы қол жеткізілгенге қарағанда, қорғаудың неғұрлым жоғары деңгейіне әкелетін болса, Қазақстан екіжақты негізде, Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.8-бабына сәйкес экспорттаушы мүшеден сұрау салуды алғаннан кейін тәуекелді тиісті бағалауды қоса алғанда, осындай фитосанитариялық шаралардың себептерін түсіндіруді ұсынатын болады.

813. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі № 331-II Заңға сәйкес, пестицидтер Қазақстанның ғылыми-зерттеу (және басқа) ұйымдары жүргізген тіркеу және өндірістік сынақтардан өткізілуі тиіс; сынақтардың оң нәтижесін алған жағдайда, кейінгі тіркеуден өтуге тиіс. Сынақ Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық бөлімшелерінің бақылауымен, "Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Үкіметтің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1396 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеуді, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы қағидаларға" сәйкес жүргізілуге тиіс. Тіркеу сынақтары (i) пестицидтердің биологиялық тиімділігін айқындау және (ii) Қазақстанның топырақты-климаттық

жағдайына және ауыл шаруашылық дақылдарына арналған өндірістік мақсаттарда ұсынылатын мөлшерлері мен оларды пайдалану әдістерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Өндірістік сынақтар тіркеу сынақтарында әзірленген ұсынымдар бойынша әзірленген далалық сынақтарды білдіреді. Тіркеу және өндірістік сынақтарды екі-үш жылда жүргізу талап етіледі. Энергетика министрлігі мен Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті адамның денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау мақсатында тіркеуге жататын пестицидтерді тексереді. Қазақстан Республикасында қолдануға тиым салынған, Ықтимал қауіпті химиялық заттар тізіліміне енгізілген пестицидтер тіркелмейді.

(f) Адам денсаулығын қорғау

814. Қазақстан өкілі КО Комиссиясының №299 шешімімен ЕЭК Кеңесінің 2012 жылғы 15 маусымдағы №36 шешімімен енгізілген соңғы өзгерістермен бірге "Кеден одағының кедендік шекарасында және кедендік аймақтарында санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізібесі" (бұдан әрі: Бірыңғай тізім) (I бөлім) құрылғанын және тиісті тауарлар үшін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі талаптары белгіленгенін айтты. ЕАЭО аумағында өндірілетін не халық арасында тарату, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында пайдалану, азаматтық құрылысты дамыту, адамның тікелей қатысуымен өткізу үшін не жеке және үй жағдайында пайдалану үшін ЕАЭО-ның кедендік аумағына әкелінетін өнім КО Комиссиясының №299 шешіміне және тиісті техникалық регламенттерге сәйкес келуге тиіс. Сонымен қатар, ол қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін белгілі бір тауарлар тобының тиісті техникалық регламентте, Комиссия шешімдерінде және ұлттық заңнамада көзделгендей, мемлекеттік тіркеу куәлігімен расталуға тиіс екенін түсіндірді. Кедендік ресімдеу кезінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік ұсынылуға тиіс тауарлар тиісті техникалық реттеуде немесе Комиссия бекіткен мемлекеттік тіркеуге жататын өнімдер тізбесінде көрсетілген.

815. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына байланысты мәселелер үшін жауапты уәкілетті орган болып табылады. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет бірыңғай жүйе болып табылады, ол мыналардан: (i) уәкілетті орган мен оның шекаралық және аумақтық бөлімшелерінен; және (ii) санитариялық-эпидемиологиялық қызметтен ("Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жасаудың және мониторингілеудің ғылыми-практикалық орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны) тұрады. Адамның денсаулығына әсер етуі ықтимал заттарды/процестерді өндіруге, импорттауға, олардың айналымына, оларды пайдалануға және жоюға байланысты нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту кезінде мемлекеттік органдар оларды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келіседі.

816. ЕАЭО ережелеріне қосымша ретінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ұлттық заңнама мынадай актілерден тұрады: "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Қазақстан Республикасының Кодексі, "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 301 Заң, Үкіметтің "Тамақ өнімдерін өндіретін тұлғаларға тіркеу нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2008 жылғы 11 ақпандағы № 125 қаулысы, Үкіметтің "Халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2267 Қаулысы.

817. Мүшелер бірлескен тексерулер барысында ЕАЭО инспекторларының экспортталатын өнімнің әрбір түрі үшін, оның ішінде өңделмеген немесе өңделген өнімдер үшін ЕАЭО-ға экспорттағанға дейін әрбір кәсіпорыннан жүйелі тестілеу нәтижелерін сұратқанына алаңдаушылық білдірді. Қазақстан ұлттық деңгейде және тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорын деңгейінде жүргізілген мониторингті тану туралы мәселе, экспорттаушы елдің барабар шарасы ретінде экспорттаушы елдің ұлттық бақылау жүйесін тексеру барысында қаралатын болады деп жауап берді. ЕЭК Кеңесінің №94 шешіміне сәйкес ұлттық мониторингілеу бағдарламалары үшінші елдердің кепілдіктерін бағалау кезінде ескеріледі. Бұған қоса, ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің 66-тармағына сәйкес ұлттық мониторингілеу бағдарламалары экспорттаушы кәсіпорындар орнында тексеру кезінде ескеріледі. Мүшелердің нақты өтінуіне жауап ретінде Өкіл ЕАЭО нормалары мен ұлттық ережелерде экспортталатын өнімнің барлық түрінің әрбір партиясына жүйелі тестілеу жүргізу туралы талап қамтылмағанын түсіндірді. ЕЭК Кеңесінің №94 шешімінің 74-тармағында инспектор үшінші елдің кәсіпорнына келген соң, басқалармен қатар, өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, Тәуекелдер мен сыни бақылау нүктесін талдау (ХАССП) сияқты ресми бақылаудың және өндірістік бақылаудың бар-жоғын бағалауға тиіс екені белгіленген. Мұндай жағдайда, ресми бақылаудың бар-жоғын талдау – экспорттаушы елдің құзыретті органдарының көшпелі инспекциялары (осындай тексерулердің жиілі болуының тәуекеліне, инспекциялау өлшемшарттарына, инспекциялау нәтижелері мен есептеріне негізделген) немесе объектілерді мемлекеттік тіркеу сияқты, экспорттаушы елдің құзыретті органдары тарапынан кәсіпорынның бақылауға жататын-жатпайтынын инспекторлардың тексеретінін білдіреді. Қазақстан өкілі өзінің өнімді бағалауын азық-түлік операторларының қабылдағанын растады. Сонымен қатар, ол ЕАЭО инспекторлары ЕАЭО талаптарына сәйкестігіне ресми зертханаларда тестілеуді сұратпайтынын растады.

818. Кейбір мүшелер КО Комиссиясының Шешіміне сәйкес, Бірыңғай Тізбенің екінші бөлігіне енгізілген белгілі бір тауарлар тобына ғана қолданылатын мемлекеттік

тіркеу рәсімі КО Комиссиясының №299 шешімімен бекітілгенін атап өтті. Мүшелер ішкі әрежелер әлі күнге дейін қолданыла ма деген ақпаратты сұратты және егер қолданылатын болса, өнімнің ЕАЭО аумағында немесе Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет өткізілетінін айқындау үшін қандай критерийлер пайдаланылады деді.

819. Бұл сауалға жауап ретінде Қазақстан өкілі, егер КО Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы №299 шешіміне қайшы келмейтін болса, ұлттық құқықтық актілердің қолданылатынын түсіндірді. Ұлттық заңнамадағы мұндай ережелер құзыретті органды айқындауға, ұйымдар мен сарапшылардың мемлекеттік тіркеу рәсіміне қатысу тәртібіне, мемлекеттік тіркеуден бас тарту апелляциясының және Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер тізілімінің ұлттық бөлігін енгізу тәртібіне байланысты болып келеді. Мемлекеттік тіркеуге жататын өнім тиісті техникалық регламентте немесе КО Комиссиясының №299 шешімінде көрсетілген. Осылайша, тиісті техникалық регламентте немесе КО Комиссиясының №299 шешімінде көрсетілген өнім ғана мемлекеттік тіркеуге жатады. Қазақстан өкілі мемлекеттік тіркеу рәсімі мыналарға қатысты қолданылатынын түсіндірді:

- егер тиісті техникалық регламентте көзделген болса; немесе;

- КО Комиссиясының №299 шешімімен белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тауарлардың бірыңғай тізімінің II бөлімінің 1-ден бастап 11-ге дейінгі тармақтарында санамаланған тауарлардың белгілі бір тобына (оларға: минералды су, бөтелкедегі, контейнерлерге оралған ауыз су, сергіткіш сусындар, балаларға арналған тамақ өнімдерін, жүкті және бала емізетін әйелдерге арналған тамақ өнімдерін қоса алғанда, арнайы тағамдық өнімдер, емдәмдік өнімдер, тағамға биологиялық белсенді қоспалар, тағамға биологиялық белсенді қоспаларды өндіруге арналған шикізат; ГМО-дан алынған тағам өнімдері, ГМО; тағамдық қоспалар, хош иістендіргіштер, техникалық заттар, оның ішінде ферменттер, сондай-ақ тамақ өнімдеріне байланысты материалдар жатады);

- егер тауарлар Санитариялық бақылауға жататын тауарлардың бірыңғай тізбесінің II бөлігіндегі кестеде көрсетілген тауар кодтарымен реттелетін болса ғана (КО Комиссиясының №299 шешімі) және

- егер тауарлар ЕАЭО аумағында бірінші рет өндірілген немесе мемлекеттік тіркеусіз ЕАЭО аумағына бірінші рет импортталған болса немесе егер ЕАЭО талаптарын енгізу үшін жаңа мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру қажет болған жағдайларда.

820. Қазақстан өкілі мемлекеттік тіркеу туралы қажет пе, жоқ па айқындау мақсатында қабылданған осы үш кумулятивтік критерийдің тиісті техникалық регламентте немесе Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тауарлардың бірыңғай тізбесінің II бөлігі 11-тармағының соңғы абзацында көрсетілгенін айтты. Мемлекеттік тіркеуге жататын келесі тауарлар: егер тиісті техникалық регламентте

көзделген болса немесе Тауарлардың бірыңғай тізбесінің 1-ден бастап 11-ге дейінгі тармақтарында көрсетілген, СЭҚ ТН көрсетілген, ЕАЭО аумағында бірінші рет өндірілетін, сондай-ақ ЕАЭО аумағына бірінші рет импортталатын тауарлар.

821. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік осы өнім түрі үшін беріледі және алдыңғы кезең ішінде қағидаларды бұзушылықтар болмаған кезде, мерзімі шектелмей осы елден экспорттау үшін жарамды болып табылады. Шекарадағы байқау кезінде анықталған бұзушылықтар болған кезде, Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің уақытша күші жойылуы мүмкін. Бағалауға арналған өтініш Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне немесе оның аумақтық органдарына ұсынылуға тиіс. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік ЕАЭО-ның бүкіл аумағына жарамды. Отандық өндірістің өнімдері үшін санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің аумақтық органдары Қазақстанның ішкі нарығында өнімді бөлу кезеңінде жүргізеді. Жұмыс тобы Мүшелерінің сұрақтарына жауап ретінде Қазақстан өкілі отандық өндірістің өнімдерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік өнімнің осы түрі үшін де шығарылатынын және шектеусіз уақыт кезеңі ішінде жарамды болатынын мәлімдеді. Оның пікірінше, тиісті рәсімдер мен талаптар отандық және импорттық өнімді кемсітпейді. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру процесі өтінішті алған күннен бастап 30 күннен аспауға тиіс. Өтінімнен бас тартылған кезде, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті нені өзгерту қажеттігін түсіндіру үшін өтініш берушіге хат жолдайды. Өтініш беруші түзеткеннен кейін қайтадан өтініш бере алады.

822. Қазақстан өкілі 2010 жылғы 1 шілдеден бастап Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің тиісті техникалық регламенттерге немесе ЕАЭО-ның бүкіл кедендік аумағында жарамды, 819-тармақта көрсетілген өнімге ЕАЭО бірыңғай нысанына сәйкес берілетінін түсіндірді. Куәлік бақылауға жататын тауарлардың ЕАЭО-ның бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келетінін растайды. Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің жарамдылық мерзімі бақылауға жататын тауарлардың дайындаудың немесе ЕАЭО аумағына берудің бүкіл кезеңін қамтиды. Сонымен қатар, Қазақстан өкілі мемлекеттік тіркеу туралы куәлік ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында үйлесімді болғанын және ЕАЭО-ға әрбір мүше мемлекет ЕАЭО-ға басқа мүше мемлекеттің ЕАЭО-ның бүкіл аумағында қолданылатын болатын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру құқығын таниды.

823. Нақты сұраққа жауап ретінде, Қазақстан өкілі "жаңа өнімдер" деген термин Қазақстан аумағында алғаш рет әзірленген және өндірілген өнімдерді, сондай-ақ Қазақстан аумағына алғаш рет әкелінетін, яғни Қазақстанда бұрын сатуда болмаған тауарларды білдіреді деп мәлімдеді. Алдын ала мемлекеттік тіркеудің болмауы өнімнің Қазақстан нарығы үшін жаңа болып табылатынын және мемлекеттік тіркеу талап етілетінін көрсетеді. Сонымен қатар, ол өндіруші, өнім беруші немесе импорттаушы өнімді мемлекеттік тіркеу туралы өтініш бере алатынын түсіндірді.

824. Кейбір мүшелер Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тауарлардың бірыңғай тізбесінің II бөлігінің 1-ден бастап 11-ге дейінгі тармақтарының дезинфекциялаушы құралдар, косметика немесе қауіпті химиялық заттар секілді азық-түліктік емес тауарларды қамтитынын айтты. Қазақстан өкілі КО Комиссиясының № 299 шешімі адам денсаулығын тұтастай, тамақ өнімдері мен азық-түліктік емес тауарлардан төнген тәуекелдерден қорғауды қамтитынын түсіндірді.

825. Қазақстан өкілі кейбір тауарлардың да ЕАЭО талаптарына сәйкестігін міндетті растауға жататынын түсіндірді. Осы өнімдердің сапа стандарттарына және сапасына қойылатын талаптарға сілтемелерді де қамтитын осындай тауарлардың тізбесі КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 319 шешімін алмастырған, КО Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешімімен мақұлданды және мынадай тамақ өнімдері мен жемшөпті қамтиды: (i) консервіленген тамақ өнімдері (балық, уылдырық, теңіз өнімдері), (ii) майсыздандырылған құрғақ сүт және (iii) жануарларға арналған жемшөп, оның ішінде жемшөп формулалары, алқы қоспалар, ақуыз жемшөп қоспалары, майлы дақылдар сияқты және торттар, балық ұны, құрамында ақуыз бар дәрумендік қоспалар, тамақтандыруға арналған құрғақ сүт, құрғақ сүтті алмастырғыштар. 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін осы тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау ЕАЭО-ға әрбір мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізіледі. 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап сәйкестік туралы декларация - сертификаттау жөніндегі органдар және ЕАЭО сертификаттау жөніндегі органдары мен сынақ зертханаларының (орталықтарының) бірыңғай тізіліміне енгізілген сынақ зертханалары (орталықтары) бағалаған кезде беріледі. Жемшөпке келер болсақ, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап сәйкестік туралы декларацияны өндірушілер дербес, өндіруші жүргізген бағалау негізінде беруі мүмкін. ЕАЭО аумағының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік өндірушілер және (немесе) өнім берушілер сәйкестік туралы сертификатқа/декларацияға өтінім бере алады, олар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірінің ұлттық заңнамасына сәйкес беріледі немесе 2012 жылғы 13 қарашадағы ЕЭК Алқасының №226 шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге, 2010 жылғы 18 маусымдағы КО Комиссиясының №319 шешімімен бекітілген ЕАЭО-ның бірыңғай нысаны бойынша бірыңғай сертификат немесе сәйкестік туралы декларация беріледі. Сонымен қатар, Қазақстан өкілі Сәйкестікті міндетті растауға жататын тауарлардың тізбесіне енгізілген өнімдерге қатысты сапа стандарттары мен сапасына қойылатын талаптарға сілтемелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер нақты өнімдерге ЕАЭО-ның техникалық регламенттерін қабылдағандықтан, қайта қаралатын болады деп түсіндірді.

826. Сондай-ақ, ол КО Комиссиясының №299 шешімімен қабылданған мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды жүргізу ережелеріне сәйкес, ЕАЭО аумағында шығарылатын немесе ЕАЭО импортталған бірыңғай тізімнің II бөлігіне жататын азық-түлік өнімдері өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжатпен сүйемелденуі

тиіс, яғни сертификаттау органдары мен ЕАЭО зертханалары органдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген зертханаларда жүргізілген сынақтардың қорытындысы бойынша берілген Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік. Мұндай сынақтар бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қадағалау мақсатында экспорттаушылар тарапынан жүргізілуі тиіс. ЕАЭО аумағында шығарылатын немесе ЕАЭО импортталған бірыңғай тізімнің II бөлігіне жататын азық-түлік өнімдері дайындаушының (немесе оның уәкілетті жеткізушісінің) өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжатымен сүйемелденуі қажет. Қазақстан өкілі бұл талаптардың бірте-бірте сәйкес өнімдер үшін қарастырылатын техникалық регламент талаптарымен ауыстырылуы мүмкін азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау негізіндегі уақытша жүйесі ретінде пайдаланылады.

(g) СФС режимнің СФС бойынша ДСҰ келісімінің жекелеген ережелерімен сәйкестігі

- (i) Халықаралық стандарттармен және нормалармен үйлестіру

827. Кейбір мүшелер КО Комиссиясының № 721 шешіміне сәйкес, егер ДСҰ мүшесі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің бірін ЕАЭО аумағында қолданылатын СФС талабы халықаралық стандартқа қарағанда неғұрлым қатаңдау болып табылатынын ресми хабардар еткен жағдайларда, халықаралық стандарттарға сәйкес тәуекелді бағалау берілгенге дейін халықаралық стандарт қолданылатынына кепілдік беруді сұрайды.

828. Қазақстан өкілі Жұмыс тобының мүшелеріне КО-ның 2011 жылғы 7 сәуірде КО Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы және 2012 жылғы 7 наурыздағы №11 шешімдерімен енгізілген өзгерістермен бірге, "КО-ның санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану саласындағы құқықтық актілерін халықаралық стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз ету туралы" №625 шешім (бұдан әрі: КО Комиссиясының №625 шешімі) қабылдағаны туралы хабарлады. Осы Шешімге сәйкес, сараптама нәтижелері бойынша халықаралық стандарттармен салыстырғанда неғұрлым шектеулі сипатта деп танылған ЕАЭО СФС шаралары, осындай шектеуді ғылыми негіздеу немесе адамның өмірі мен денсаулығына, жануарларға немесе өсімдіктерге тәуекелі болмаған кезде халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге жатады. Ол шет мемлекеттердің үкіметтері ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің назарын осындай шараларға аудара алады және оларға сараптама жасауға қатыса алады деп атап өтті.

829. Бұдан әрі, Қазақстан өкілі Жұмыс тобының мүшелеріне КО Комиссиясының № 625 шешімін іске асыруға байланысты, ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 6 қарашадағы № 212 шешімімен "Кеден одағының санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану саласындағы құқықтық актілеріне сараптама жүргізудің бірыңғай рәсімі туралы ереженің" бекітілгенін хабарлады, ол Комиссияның 2011 жылғы 23 қыркүйектегі №801 шешімін ауыстырып отыр. Жұмыс тобының кейбір

мүшелері қолдану рәсімі шамадан тыс ауыртпалықты және ұзақ болатынына алаңдаушылық білдірді.

830. Қазақстан өкілі, ЕАЭО хлороталонил, клофентезин, ципродинил, крезоксим-метил, ипродион, промокарб, примикарб, тиабендазол, карбендазим, фамоксадон, мыс пен лямбда цихалотрин қоспасы үшін БЖД-ні Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес халықаралық стандарттарға сәйкес, Қазақстанның ДСҰ-ға кірген күнінен кешіктірмей қолданатынын және осы БЖД ЕАЭО-ның актілерінде жазылатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

831. Жұмыс тобы Мүшелерінің бірі ветеринариялық препараттардың БЖД-ін үйлестіру процесі, егер препараттарға Қазақстанда/ ЕАЭО-да экспорттаушы елдердегіге ұқсас жағдайларда рұқсат берілсе, атап айтқанда ағзадан шығу кезеңі бірдей болса, тамақ өнімдеріндегі ветеринариялық препараттардың нөлдік деңгейін немесе құрамында өте төмен жол берілетін деңгейін болғызбауды көздеуге тиіс екенін айтып өтті. Мүше одан әрі Қазақстанда ағзадан шығу деңгейі қалай белгіленетінін, ағзадан шығудың осы кезеңі кейбір антимикробтық препараттарға қолданылатын өте қатаң БЖД қол жеткізуге қалай мүмкіндік беретінін түсіндіруді өтінді және ЕАЭО талап ететін құрамында тетрациклин бар препараттар үшін БЖД-ге қол жеткізуге мүмкіндік беретін осы ағзадан шығу кезеңі сұрау салған Мүшелерге хабарлана ма деп сұрады. Мүше маркетингтік рұқсаттар үшін ХЭБ ұсынымдары ескерілетінін және Қазақстандық ветеринариялық орган маркетингке рұқсат берген кезде ұсынылған зерттеулерде пайдаланылған БЖД ЕАЭО нормаларында жуырда белгіленген БЖД сияқты болып табылатынын растауды өтінді.

832. Қазақстан өкілі тағамдағы ветеринариялық препараттар қалдықтарының нөлдік деңгейі немесе төменгі жол берілген деңгейі тәуекелдерді бағалау негізінде белгіленген деп жауап берді. Қазақстанда осындай ветеринариялық препараттарды пайдалануға рұқсат беру осы ветеринариялық препараттар үшін белгіленген БЖД сақталмауы мүмкін дегенді білдірмейді. Қазақстан аумағында ветеринариялық препараттарды пайдалануға рұқсат беру препараттардың жануарлар ағзасынан шығу кезеңі ескеріліп белгіленген. Бұған қоса, қалдық деңгейлердің ең төменгі болуы рұқсат етілетін ерекшелікті органдар мен тіндерде осы препараттардың шоғырлануы да назарға алынады. Ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын тіркеу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттар топтамасында сол уақыт ішінде препарат организмнен толық шығарлатын немесе ЕАЭО заңнамасында белгіленген тиісті БЖД-ден төмен болатын кезең туралы ақпарат қамтылған. Бұл ақпарат ғылыми негіздемемен расталады. Препараттың организмнен шығу кезеңі құзыретті орган жүргізген зерттеулерді сынамалаумен тексерілген. Қазақстан өкілі бұдан әрі құрамында тетрациклин бар препараттар үшін ЕАЭО талап ететін БЖД-ге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ағзадан шығу кезеңі 7 күннен 15 күнге дейінгі аралықта құбылатынын атап айтты. Қазақстан

белгілі бір ветеринариялық препаратпен қоса берілетін нұсқамаға сәйкес қана жемшөпте антибиотиктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұдан әрі ол Қазақстан маркетингтік рұқсаттарда ХЭБ ұсынымдарын сақтайтынын растады.

833. Қазақстан өкілі кейбір ветеринариялық препараттардың белгілі бір стандарттары КО Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №889 шешімімен халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілгенін растады. Бүгінгі таңда, тәуекелдерді алдыңғы бағалау нәтижелері қалған ветеринариялық препараттар үшін БЖД-ні үйлестіру жөніндегі жұмыс шеңберінде қайта қаралуда. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бір жүргізетін тәуекелдерді бағалау нәтижелері ұлттық құзыретті органдардың ресми веб-сайттарында жарияланады. Бүгінгі таңда, ветеринариялық препараттар үшін қалған БЖД-ні үйлестіру процесс үстінде және Қазақстан ДСҰ-ға кірген күнге дейін аяқталатын болады, бұған халықаралық стандартта негізделмеген БЖД-ні қолдану Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану туралы ДСҰ келісіміне сәйкес негізделген жағдайлар қосылмайды. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

834. Ластаушылардың барынша жоғары деңгейіне келер болсақ, Қазақстан өкілі Мүшелерге сүтшөп салатындағы нитраттар мен көкнәр тұқымындағы кадмийдің барынша жоғары деңгейі қаралғанын және халықаралық ұсынымдарға сәйкес қайта қаралғанын және КО Комиссиясының №299 шешімімен белгіленген Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға түзетулерде белгіленгенін хабарлады.

835. Бұдан басқа, Қазақстан өкілі, Қазақстанның ДСҰ-ға кіретін күні, нитраттардың барынша жоғары деңгейі халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқаулықтарға сәйкес қайта қаралатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

836. Қазақстан өкілі, радионуклидті деңгейлер мен микробиологиялық стандарттар халықаралық стандарттарға сәйкес қайта қаралғанын мәлімдеді. Бұл ұсыныстар Қазақстан ДСҰ-ға кіретін күні халықаралық стандарттарға сәйкессіздікті болғызбау үшін белгіленген тәртіппен ЕЭК-ке беріледі.

837. Кейбір мүшелер халықаралық стандарттарға қарағанда, тетрациклиндер үшін неғұрлым шектейтін сипаты бар және шектеу сипатының халықаралық стандарттар мен ұсынымдарға сәйкес тәуекелді бағалау түріндегі негіздемесі мен ғылыми негіздемесі жоқ ЕАЭО-ның БЖД-ге қатысты алаңдаушылық білдірді. Осы мүшелер Қазақстан мен ЕАЭО-ға басқа мүше мемлекеттерге тетрациклиндер үшін Кодекстің БЖД-стандарттарын қолдануға өтініш білдірді. Осы мүшелер тәуекелді бағалаудың кейбір нысаны <http://fcrisk.ru/node/652> сайтында жарияланғанын айтып өтті және Мүшелер мерзімі және тәртібі бойынша алаңдаушылық білдірді және осы бағалаудың халықаралық стандарттарға сай жүргізілмегеніне алаңдаушылық білдіріп өздерінің ескертулерін ұсынды. Жұмыс тобының Мүшелері, БЖД-ны үйлестіру процесі, егер бұл препараттарға экспорттаушы елдердегіге ұқсас жағдайларда ЕАЭО рұқсат берсе, тамақ өнімдерінде ветеринариялық препараттардың болуына тыйым салуды немесе өте төмен

жол берілетін деңгейін болғызбауды көздеуге тиіс екенін атап өтті. Қорытындылай келгенде, осы мүшелер КО Комиссиясының "Кеден одағының санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларын қолдану саласындағы құқықтық актілерін халықаралық стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз ету туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 625 шешімін және КО Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 721 шешімін толықтай бекіту және қолдану туралы өтінумен жүгінді.

838. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күнге дейін кез келген мүдделі тұлғаға Алиментариус Кодексімен айқындалған ғылыми бағалау әдістеріне сәйкес жүргізілген, Кодекстің тиісті стандарттарында көзделгенге қарағанда неғұрлым қатаңдау БЖД қолдануды негіздеуге жеткілікті, тетрациклин антибиотиктерінің қалдықтарымен байланысты ғылыми негіздеме мен тәуекелді бағалауды ұсынатынын растады. Егер мұндай ғылыми негіздеме мен тәуекелді бағалау неғұрлым қатаңдау БЖД бойынша ұсынылмаса, тетрациклин үшін БЖД Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға кірген күні Кодекстің стандарттарына сай ұлттық актілер мен ЕАЭО актілерінде қайта қаралатын болады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

839. Мүшенің сұрағына жауап ретінде, Қазақстан өкілі Қазақстанның тетрациклиннің БЖД тәуекелін бағалауды халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізгенін айтты. Қорытындысы http://www.npc-ses.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=940%3Amaterials-for-human-health-risk-assessment-of-tetracycline-intake-with-food&catid=35%3A2010-11-19-10-11-22&lang=ru жарияланды.

840. Мүшелердің бірі Қазақстанның, СФС жөніндегі ДСҰ келісімінің 3.1-бабын қолдану кезінде, Қазақстан ДСҰ-ға кірген кезде халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға негізделуі үшін барлық қолданыстағы санитариялық және фитосанитариялық шараларды қайта қарауды немесе егер Қазақстан не ЕАЭО халықаралық стандарттар тиісті қорғау деңгейіне сай келмейді деп санаған жағдайда, мұндай шаралар СФС жөніндегі ДСҰ келісімінің 3.3-бабына сәйкес ғылыми негізделуге тиіс екенін растауын өтінді. Мүшелер егер тиісті ғылыми негіздеме жеткіліксіз болса, Қазақстан СФС жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.7-бабын сақтайтынын растауды өтінді.

841. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 3.1-тармағын қолдану кезінде, Қазақстанның немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдары қабылдаған барлық санитариялық және фитосанитариялық шаралар ДСҰ келісімінде көзделген халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтарға немесе ұсынымдарға негізделетінін айтты. Қазақстан өкілі, міндетті ветеринариялық немесе фитосанитариялық немесе санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар ЕАЭО деңгейінде немесе

Қазақстанның ұлттық деңгейінде белгіленбеген болса, Қазақстанның ХЭБ, ӨҚХК және Кодекстің тиісті стандарттарын, нұсқаулықтарын немесе ұсынымдарын қолданатынын растады. Бұған қоса, Қазақстан өкілі халықаралық стандарттарда, нұсқаулықтар мен ұсынымдарда бар болса да, оларға негізделмеген шаралар, Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне, оның ішінде 3.3-бабына сәйкес осы шаралардың ғылыми негіздемесі мүшелерге ұсынылмаса, Қазақстанда қолданылмайтынын растады. Тиісті ғылыми негіздеме жеткіліксіз болған жағдайларда, Қазақстан немесе ЕАЭО құзыретті органдары қабылдаған кез келген шара Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне, атап айтқанда осы Келісімнің 5.7-бабына сәйкес болатынын ол растады. Егер халықаралық стандарттар тиісті қорғаныс деңгейіне сай келмесе, Қазақстан Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.8-бабына сәйкес, Қазақстанда қолданылатын шаралардың ғылым негіздемесін қамтамасыз ететін болады. Қазақстан өкілі, қазіргі таңда осы міндеттеменің ЕАЭО заңнамалық базасына енгізілгенін және Қазақстан бұдан әрі осы міндеттемелер болашақта ЕАЭО заңнамалық базасының міндетті бөлігі болып қала беруін қамтамасыз ететінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

- (ii) Тәуекелді бағалау

842. Тәуекелді бағалауға келер болсақ, жекелеген мүшелер СФС жөніндегі ДСҰ келісіміне, халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға сәйкестігіне тәуекелге талдау жүргізу қажеттігін атап өтті. Олар Кодекс стандарттарын қолданудың маңызы мен қажеттілігін атап көрсетті: SAC/GL-62-2007 – Ұлттық үкіметтің қолдануы үшін тағам өнімдерінің қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді талдаудың жұмыс қағидаттары, SAC/GL/30-1999 – Тәуекелдерге микробиологиялық бағалау жүргізу жөніндегі қағидаттар мен нұсқаулықтар, сондай-ақ ФАО, WHO-ENC-240.5 құжаты – Тағам өнімдеріндегі химиялық заттардың тәуекелін бағалау қағидаттары мен әдістері; 2-тарау - Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді талдаудағы оның рөлі. Осы мүшелердің пікірінше, тәуекелдерді бағалау импорттаушы ел қолданатын шараларды зерттеумен шектелуі тиіс. Ол қабылданатын шаралардың сипаты мен мазмұнына қатысты біржақты пікірлермен бұрмаланбауы тиіс және бұған дейін қабылданған шешімді негіздеу мақсатында бейімдеу және жүргізу міндеттеріне айналмауы тиіс.

843. Осы Мүшелердің пікірі бойынша, тағам өнімдері қауіпсіздігінің биологиялық, химиялық немесе физикалық тәуекелдері нысанасына тәуекелді бағалауды жүргізу маңыздылығын сипаттау және ғылыми негізделген шешімдерді түсіну бойынша алдын ала қабылданған неғұрлым ауқымды күш-жігердің бір бөлігі болып табылады. Тәуекелдерді талдау реттеуші органдарға адам денсаулығын қорғау үшін анағұрлым тәуекелді білдіретін тәуекелдерге шектелген ресурстарды шоғырландыруға мүмкіндік береді. Тәуекелді бағалау көптеген факторлардың әсерін ескеріп, осы тәуекелдердің ықтимал әсерін болжай отырып және халықтың денсаулығы үшін әлеуетті зиянды

бағалай отырып, осы елдерде кеңінен тараған тағам өнімдері қауіпсіздігі тәуекелдеріне шоғырлануға мүмкіндік береді. Мемлекеттік әкімшілік өкілдері мен мемлекеттік емес ұйымдардың нақты салалардағы сарапшыларын қоса алғанда, тәуекелді бағалауға қатысатын сарапшылар өздерінің ғылыми жұмысында объективті болуға және бағалаудың тұтастығына қауіп төндіруі мүмкін мүдделер қақтығысынан қашуға тиіс. Көрсетілген сарапшылар кәсіби тәжірибесі мен мүдделі тараптарға қатысты пайымының тәуелсіздігі негізінде ашық, оның ішінде жүргізілетін тәуекелдерді бағалауға байланысты мүдделер қақтығысының болуы немесе жоқ екендігі туралы тергеп-тексеру базасында таңдалуға тиіс. Тиімді бағалау элементтері және осы бағалауды талдау тәуекелдерді бағалауды ұйымдастыру тәсілі, қабылданатын шешімдерді құжаттау және осы құжаттамаға жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету рәсімі туралы қосымша ақпаратты алу үшін қоғамдық процесті қамтуға тиіс. Сараптамалық бағалау рәсімінде сарапшылар жүргізілетін шараларға сыни тұрғыдан талдап, оларды жақсарту жөнінде ұсыныстар айтады. Сараптамалық бағалау және қоғамдық тыңдау сияқты осындай қосымша шаралар транспаренттілікті күшейтуге, талдау сапасын жақсартуға көмектеседі, сондай-ақ сенімді арттыруға және нәтижелерді тануға ықпал ете отырып, ықтимал тәуекелдер туралы халықты құлақтандыру процесін қамтамасыз етеді. Тәуекелді бағалауға байланысты барлық шешімдерді ресми құжаттау және тәуекелдерді бағалау жөніндегі басқа сарапшылар сәтті тәжірибені қабылдай алуы немесе жұмыс туралы сыни пайымдаулар шығара алуы үшін мүдделі тәуелсіз тараптарға ұсыну қажет. Ресми есеп және қысқаша баяндау кез келген шектеулерді, қателікті, жол берулерді және олардың тәуекелді бағалауға әсерін атап көрсетуі тиіс. Мүшелер ЕАЭО және Қазақстан Республикасы аумағында импортқа қолданылатын белгілі бір нормалар мен белгілі бір санитариялық және фитосанитариялық шаралардың халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға сәйкес келмейтіндігіне және тәуекелді бағалау жоғарыда сипатталғандай халықаралық танылған қағидаттар мен ұсынымдарға сай жүзеге асырылмайтынына алаңдаушылық білдірді. Осы мүшелер Қазақстаннан осы халықаралық танылған қағидаттар мен ұсынымдар Қазақстан Республикасы аумағында қабылданатын және қолданылатын СФС шараларына қатысты тәуекелдерге бағалау жүргізу кезінде пайдаланылатына кепілдік беруді сұрады.

844. Қазақстанның өкілі 842 және 843-тармақтарда сипатталғандай тиісті халықаралық ұйымдар әзірлеген қағидаттар мен ұсынымдардың ҚР-да импортқа қолданылатын СФС шаралары үшін тәуекелге бағалау жүргізу кезінде пайдаланылатынын растады. Бұдан әрі Қазақстанның өкілі КО Комиссиясының " Санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шаралардың барабарлығы туралы және тәуекелге бағалау жүргізу туралы" 2011 жылғы 18 қазандағы №835 шешімі (бұдан әрі: Барабарлық және тәуекелдерді бағалау туралы шешім) қабылдағанын түсіндірді. Осы шешімге сәйкес, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер СФС

жөніндегі ДСҰ келісімінің 5-бабына сай, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шаралардың Кодексті, ХЭБ және ӨҚХК-ні қоса алғанда, тиісті халықаралық ұйымдар әзірлеген тәуекелді бағалау техникасын назарға ала отырып, адамның денсаулығы немесе өмірі, жануарлар немесе өсімдіктер үшін әсер ететін мән-жайларға, тәуекелдерге байланысты бағалауға негізделуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұдан әрі ол тәуекелге бағалау жүргізу жөніндегі ЕАЭО талаптары адамның өмірі немесе денсаулығы, өсімдіктер мен жануарлар үшін ықтимал тәуекелдерді бағалау және осындай қауіп түрінен санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық қорғанудың тиісті деңгейіне қол жеткізу үшін қолданылуға тиіс шараларды айқындау бойынша СФС жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.3-тармағында көрсетілгендерді қоса алғанда, СФС жөніндегі ДСҰ келісімі 5-бабының ережелеріне сәйкес келетіндігін түсіндірді, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер маңызды экономикалық факторларды: өндірістің көлемін азайту немесе жәндік-паразиттер немесе аурулар кірген, өршіген немесе таралған жағдайда сату, оларға қарсы күрес бойынша шығындар түріндегі ықтимал залалды, сондай-ақ тәуекелдерді шектеу үшін қолданылатын баламалы тәсілдердің салыстырмалы экономикалық тиімділігін ескеруге тиіс.

845. Жұмыс тобының жекелеген мүшелері 732-тармақта сипатталған Тізімге енгізілген кәсіпорындардан импортты жүргізу үшін ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар Тізілімінде көрсетілген белгілі бір тауарларға қатысты қолданылатын талапты атап көрсетті. Сол мүшелер ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар Тізіліміндегі белгілі бір тауарларға қойылатын осы талаптың ғылыми негізсіз немесе тәуекелді бағалаусыз қолданылатынына алаңдаушылық білдірді. Бұдан басқа, егер ветеринариялық сертификат, импортқа рұқсат және мемлекеттік тіркеу ЕАЭО қажетті қорғаныс деңгейіне қол жеткізу үшін талап етілгенге қарағанда сауданы неғұрлым шектейтін болса, ЕАЭО аумағына тауарларды экспорттауға рұқсат берердің алдында кәсіпорындарды Тізілімге енгізу талап етілуі мүмкін. Оның үстіне, Мүшелер халықаралық стандарттар, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға қарағанда неғұрлым шектеулі болып табылатын, ЕАЭО және Қазақстан пайдаланатын шаралардың тәуекелін бағалау мен ғылыми негізінің жоқтығына қатысты алаңдаушылықты қайтадан білдіріп отыр.

846. Мүшелердің тәуекелді бағалауға қатысатын органдар туралы ақпаратты ұсыну туралы өтінуіне жауап ретінде, Қазақстанның өкілі мынадай мекемелерді санамалады:

i. ветеринария саласында:

- Қазақстанның ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты;
- Республикалық ветеринариялық зертхана;
- Ветеринария жөніндегі ұлттық референттік орталық; және
- ҚазАгроИнновация; және
- Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты

ii. фитосанитария саласында:

- Қазақстандық өсімдіктерді қорғау және олардың карантині ғылыми-зерттеу институты;

- Өсімдіктер карантині жөніндегі республикалық зертхана;

- Фитосанитариялық диагностика және болжам жасаудың республикалық әдістемелік орталығы, және

- "Фитосанитария" мемлекеттік кәсіпорны

iii. Тағам өнімдері қауіпсіздігі саласында:

- Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторингілеу ұлттық ғылыми-практикалық орталығы;

- Қазақ тамақтану академиясы, және

- Қазақ гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы.

847. Мүшелердің біреуі тәуекелдерді бағалау ЕАЭО/Қазақстанға әкелуге шектеулер енгізілгенге дейін жүргізілетінін және Қазақстан/ЕАЭО сұрау салу бойынша экспорттаушы мемлекетке осы тәуекелді бағалауды ұсынатынын растауды сұрады. Қазақстанның өкілі жауап ретінде ЕАЭО туралы шарттың 56-бабының 1-тармағына сәйкес СФС шаралар ғылыми негіздемелер негізінде және тек адамдардың өмірі мен денсаулығын, жануарларды және өсімдіктерді қорғау үшін қажетті көлемде әзірленетінін және қолданылатынын атап көрсетті. "Ветеринария туралы" Заңның 26-1-бабының 2-тармағына сәйкес, ветеринариялық шаралар ғылыми негіздемелерге, тәуекелді объективті бағалауға немесе халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс. Қазақстан өкілі тәуекелдерді бағалау импортқа шектеулерді енгізуге дейін жүргізілетінін, ал тәуекелді бағалау нәтижелері сұрау салу бойынша, ДСҰ келісінде көзделгендей, экспорттаушы елге берілетінін растады.

848. Қазақстанның өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күні, егер ветеринариялық шараларды қолдану халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға сәйкес келетін болса немесе сол бойынша тауарлар санаты ветеринариялық шаралар қолдануға жататын Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес келетін ғылыми деректермен немесе тәуекелді бағалаумен негізделетін болса ғана, тауарлар ветеринариялық бақылауға жататын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілетінін растады. Осылайша, тауарлардың әрбір санатына қолданылатын ветеринариялық шаралар халықаралық стандарттарға, ұсынымдар мен нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылатын болады немесе ғылыми деректерге немесе тәуекелді бағалауға негізделетін болады. Бұған қоса, Қазақстан өкілі, егер Тізбеде тауарлардың сақталуы халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтарға және ұсынымдарға сәйкес болмаса немесе Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес ғылыми деректермен немесе тәуекелді бағалаумен негізделмесе, Қазақстан өзі ДСҰ-ға кірген күні ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар Тізбесінен өнімді шығарып тастайтынын растады. Оның үстіне, Қазақстанның өкілі Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану

жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес тәуекелді бағалау тиісті халықаралық ұйымдар мен оларға ведомстволық бағынысты ұйымдар әзірлеген тәуекелді бағалау техникасын назарға ала отырып жүргізілетінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

849. Қазақстанның өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күні Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес ЕАЭО және Қазақстанның СФС шаралары - мән-жайларға байланысты, тиісті халықаралық ұйымдар әзірлеген тәуекелді бағалау әдістерін ескере отырып, адамның денсаулығы немесе өмірі, жануарлар немесе өсімдіктер үшін тәуекелді бағалауға негізделетінін растады. Сондай-ақ ол Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес бұл бағалаулар Кодекстің, ХЭБ-тің және ӨҚХК-нің стандарттарын, нұсқаулықтары мен ұсынымдарын назарға алатынын растады, атап айтқанда: Мемлекеттік органдар үшін тамақ өнімдері қауіпсіздігі саласында тәуекелдерге талдау жүргізудің практикалық қағидаттары (CAC/GL 62-2007); 2.1-тарау ХЭБ жер бетіндегі жануарлардың саулығы кодексін импорттау тәуекелдерін талдау; 2.2 -тарау. ХЭБ су жануарларының саулығы кодексін импорттау тәуекелдерін талдау; № 2 "Фитосанитариялық тәуекелді талдау құрылымы" фитосанитариялық шаралар жөніндегі халықаралық стандарттар (ФШХС), ФШХС № 11, 21 және ФШХС № 32 белгіленген фитосанитариялық тәуекелге сәйкес өнімдердің санаттары. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

(iii) Өңірлерге бөлу

850. Қазақстан өкілі қазақстандық билік шараларды енгізу туралы шешімдерді қабылдаған кезде СФС жөніндегі ДСҰ келісінде айқындалған түрінде өңірлерге бөлу қағидатын кеңінен қолданылатынын түсіндірді. КО Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен қабылданған Бірыңғай ветеринариялық талаптар (әрбір тарауы) өңірлерге бөлу қағидатын тануды көздейді. Ветеринариялық шараларды қолдану саласында өңірлерге бөлу жүргізу тәртібі ХЭБ Кодексіне (4.3-тарау. ХЭБ, 2011) сәйкес жүзеге асырылады. Өсімдіктер карантині саласындағы қазақстандық заңнама КӨҚХК ережелеріне және фитосанитариялық шаралар жөніндегі халықаралық стандарттарға негізделген. Осылайша, өңірлерге бөлу реттеуге жататын барлық импортталатын өнімге қолданылады. Экспорттаушы елдердегі Өсімдіктерді қорғау жөніндегі ұлттық ресми ұйымдардың агенттіктері берген фитосанитариялық сертификаттар. Өңірлік ерекшеліктер нақты өңірлерде қолдану үшін фитосанитариялық шараларды әзірлеу мәселесінде маңызды фактор болып табылады.

851. Қазақстанның өкілі ветеринариялық шараларды қолдану саласында өңірлерге бөлу жүргізу тәртібі ХЭБ кодексіне сәйкес келетіндігін айтты. Ветеринариялық шаралардың ХЭБ стандарттарына сәйкестігіне КО Бірыңғай ветеринариялық талаптарын және "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңды қолдану арқылы қол жеткізілді.

852. Сондай-ақ ол өңірлерге бөлу қағидаты КӨҚХК және ФШХС № 1, 4, 10, 14 және 29 ережелеріне толық сәйкестікпен қолданылғанын мәлімдеді. Осы ережелерді сақтау, оның ішінде ветеринариялық және фитосанитариялық сертификаттарды әзірлеу кезінде міндетті болып табылады.

(iv) Барабарлық

853. Қазақстан өкілі санитариялық және ветеринариялық шараларға қатысты ЕАЭО және ЕАЭО-ға әрбір мүше мемлекеттің органдары фитосанитариялық шараларға қатысты ұлттық деңгейде жеке-жеке айқындайтын тиісті қорғану деңгейі – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің және тиісінше ЕАЭО-ға жекелеген мүше мемлекеттердің аумағында өндірілетін өнімдер үшін айқындалған техникалық регламенттерде көрсетілгенін түсіндірді. Бұдан басқа, өкіл КО Комиссиясының "Санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шаралардың барабарлығы туралы және тәуекелге бағалау жүргізу туралы" 2011 жылғы 18 қазанда №835 шешімі қабылданғанын (бұдан әрі: КО Комиссиясының № 835 шешімі) еске салды, бұл мыналарға:

- егер экспорттаушы ел өзі қолданатын шаралардың ЕАЭО санитариялық немесе ветеринариялық қорғау деңгейіне немесе ЕАЭО-ға жекелеген мүше мемлекеттердің фитосанитариялық қорғаудың тиісті деңгейіне сәйкестігін объективті түрде демонстрациялаған болса, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге санитариялық шаралардың барабарлығын тануға;

- экспорттаушы елмен (елдермен) консультациялар жүргізу тәртібін белгілеуге және оларға өз тарапынан тиісті ақпарат беруге мүмкіндік жасауға;

- барабарлықты тану туралы шешімдер шығару тәртібі бойынша бірқатар маңызды талаптар белгілеуге; сондай-ақ

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің сұрау салуы бойынша экспорттаушы елде инспекциялау, тестілеу және аудит жөніндегі мүмкін болатын іс-шараларды өткізуге мүмкіндік береді.

854. Бұдан басқа, КО Комиссиясы №835 шешіміне сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер фитосанитариялық нормалар саласында барабарлықты тану туралы ЕАЭО-ға жекелеген мүше мемлекетке жолданған сұрау салуға жауап ретінде бірыңғай тәртіпті қолдануға міндетті. Сондай-ақ ол КО Комиссиясының №835 шешімі экспорттаушы елдер үшін ЕАЭО-дан немесе оған мүше мемлекеттерден (құзыретіне байланысты) өздерінің бақылау жүйелерінің барабарлығын тану және Кеден одағы нормаларын инспекциялау туралы мүмкіндікті сұрайтындығын көздейді деп атап өтті. Ол КО Комиссиясының №835 шешімі және осы Шешімді қолдану үшін қажетті барлық рәсімдер ЕЭК Алқасының 2014 жылғы 11 ақпандағы №17 шешімімен қабылданғанын түсіндірді. Қазақстан өкілі КО Комиссиясының №835 шешімі мынадай тәртіппен қолдануды болжап отырғандығын мәлімдеді:

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің тиісті органына басқалармен қатар, барабарлық туралы сұратылған келісімнің типі мен талаптары, өнімнің сипаттамасын (өнімнің тобы) туралы ақпаратты, бақылау шараларын немесе жүйелерін (жүйесін) және тиісінше инспекциялауды, экспорттаушы ел нақты қалай ЕАЭО нормаларына сәйкес келетін санитариялық қорғау деңгейіне қол жетізетінін бағалауды, сондай-ақ пайдаланылатын шаралардың негізділігі мен тиімділігі туралы ақпаратты қамтитын шаралардың барабарлығын тану туралы өтінім беру;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен экспорттаушы ел арасында қолданылатын шаралардың барабарлығын айқындау мәселесі бойынша келіссөздер жүргізу;

- шаралардың барабарлығы туралы шешім қабылдағанға дейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің сұрау салуы бойынша, ЕАЭО аумағында немесе осы елде қабылданған қорғау деңгейі жөнінде сұратушы экспорттаушы елге түсініктеме беру; сондай-ақ

- Комиссияның немесе ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің экспорттаушы елді барабарлықты уақтылы тануға және шараларды барабар емес деп тануды тиісті түсіндіруге қатысты шешімі туралы хабардар ету.

855. Бұдан басқа, Қазақстан өкілі Комиссияның №835 шешімінің ережелерін қолдану кезінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер Алиментариус кодексі Комиссиясы, Эпизоотия жөніндегі халықаралық бюро және басқа да өсімдіктерді қорғау жөніндегі халықаралық конвенция шеңберінде қолданылатын халықаралық және өңірлік ұйымдар сияқты тиісті халықаралық ұйымдар әзірлеген халықаралық стандарттарды, нұсқаулықтар мен ұсынымдарды ұстанатындығын байқады. Мүшелер СФС жөніндегі ДСҰ Комитетінің шешіміне сәйкес (G/SPS/19/Rev.2), импорттаушы елдерге белгілі бір міндеттер жүктелгенін атап көрсетті: қолданылатын санитариялық және фитосанитариялық шаралардың ұтымдылығы пен нысаналылығына негіздеме беру және соған қарсы тиісті шаралар бағытталған тәуекелдерді дәл айқындау. Оның үстіне, импорттаушы-ел қолданылатын санитариялық және фитосанитариялық шараларға сәйкес келетін қорғаудың қажетті деңгейін көрсетуі және соның негізінде тиісті санитариялық немесе фитосанитариялық шаралар енгізілетін тәуекелді бағалаудың көшірмесін ұсынуы тиіс. СФС жөніндегі ДСҰ Комитетінің шешімінде көрсетілгендей, импорттаушы мүше өздеріне қатысты барабарлықты тану туралы сұрау берілген шаралар мәселесі бойынша санитариялық және фитосанитариялық қызметтер алған тиісті ақпарат пен тәжірибені ескеруге міндетті. Қарау кезінде негізгі элемент өнімді экспорттайтын мүшенің құзыретті органына өнімді импорттайтын мүшенің құзыретті органдарының тарихи білімі мен сенімі болып табылады.

856. Қазақстан өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап өз шараларының Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 4-бабымен сәйкестігін қамтамасыз ететіндігін растады. Сондай-ақ, ол Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 4-бабына сәйкес, ДСҰ-ға басқа мүшелердің санитариялық, ветеринариялық және

фитосанитариялық шаралары тіпті олар Қазақстанның немесе ЕАЭО-ның шараларынан ерекшеленген жағдайда, егер экспорттаушы ел қолданылатын шаралардың Қазақстанда қабылданған санитариялық және фитосанитариялық қорғау деңгейіне сай келетінін объективті түрде демонстрацияласа, барабар деп танылатынын растады. Сонымен қатар, Қазақстан өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісінде, оның ішінде көрсетілген келісімнің 4-бабында көзделген және Қазақстанда қолданылатын немесе ЕАЭО құзыретті органдары қолданатын барабарлықты тану және белгілеу рәсімдері - халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға, атап айтқанда Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ Комитетінің шешіміне (G/SPS/19/Rev.2), Кодекстің Тамақ өнімдері сапасын басқару және сертификаттау жүйелерімен байланысты санитариялық шаралардың барабарлығын бағалау жөніндегі ұсынымдарына (CAC/GL 53-2003); Кодекстің Импортталатын және экспортталатын тамақ өнімдерін бақылау және сертификаттау жүйелерінің барабарлығын бағалау бойынша келісімдерді әзірлеу жөніндегі ұсынымдарына (CAC/GL 34-1999); Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне, сондай-ақ № 24 "Фитосанитариялық шаралардың барабарлығын белгілеу және тану жөніндегі ұсынымдар" фитосанитариялық шаралар жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес, ХЭБ көздейтін рәсімдер және ХЭБ-тың Жер бетіндегі жануарлардың саулығы кодексінің 5.3-бөліміне негізделетінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

(v) Кемсітпеушілік

857. Жекелеген мүшелер Қазақстанда қолданылатын санитариялық және фитосанитариялық шаралар отандық және ұқсас шетелдік тауарларды өндірушілер үшін бірдей болып табылатынына қатысты түсінік беруді сұратты. Қазақстан өкілі кемсітпеушілік туралы талап Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында, сондай-ақ ЕАЭО келісімдерінде, Комиссияның шешімдерінде және ЕАЭО өзге нормативтік құжаттарында көзделгені туралы пікірін мәлімдеді. ЕАЭО келісімдері, Комиссия шешімдері және ЕАЭО-ның басқа да нормативтік құжаттары импортталатын өнімге қатысты жекелеген санитариялық және фитосанитариялық шараларды белгілемейді. Санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық және фитосанитариялық қағидалар, өлшемшарттар, шаралар және талаптар барлық өнімге және бүкіл өнім берушіге – шетелдікке және ЕАЭО-ға тепе-тең және кемсітушіліксіз қолданылады. Ол СФС талаптары шет мемлекеттерден импортталатын тауарларға қатысты да, отандық шығарылған ұқсас өнімдерге қатысты да бірдей қолданылатындығын мәлімдеді. ЕАЭО келісімдері, Комиссия шешімдері, ЕАЭО-ның басқа да нормативтік құжаттары және Қазақстанның ветеринариялық/санитариялық саладағы қолданыстағы заңнамасы (2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" № 339-II Заңының 23-бабы) бірізді және және шетелдік, отандық және Кеден аумағында өндірілетін өнімдерге және

өндірушілерге, оның ішінде ішкі нарықта өнімді шығару мәселесіне де қойылатын талаптардың бірыңғай тәртібін белгілейді. Сайып келгенде, фитосанитариялық талаптар Қазақстанда шығарылған бақылауға жататын тауарларға қандай шамада қойылса, шетелдік бақылауға жататын тауарларға да сол шамада қойылады.

858. Кемсітпеушілік қағидаттары импортталатын және отандық өнімдерге қатысты зертханалық сынақтар жүргізудің бірдей талаптарын белгілейтін ЕЭК Кеңесінің № 94 шешімінің 127, 142 және 153-тармақтарында берілген.

859. Қазақстан өкілі Қазақстанның немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдары Қазақстанда әзірленген және қолданатын барлық СФС шаралардың ұлттық режимнің және неғұрлым қолайлылық режимінің қағидаттарына байланысты шараларды қоса алғанда, санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің кемсітпеушілік талаптарына сәйкес келетіндігін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

(h) Ақпараттық орталықтың ашықтығы, хабарламалары және өкілеттіктері

860. СФС келісімінің ашықтығы қағидатын сақтау талаптарына қатысты Қазақстан өкілі СТК/СФС бойынша Бірыңғай ақпарат орталығы 2005 жылдың шілдесінен бастап жұмыс істейтінін атап көрсетті. Ақпарат орталығы ДСҰ мүшелерін қолданылатын және әзірленетін СФС шаралар туралы хабардар етеді. ДСҰ Хатшылығынан, ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттерден және басқа да халықаралық ұйымдардан хабарламалар алған кезде Ақпарат орталығы оларды тоқсан сайын уәкілетті органның ресми басылымында (Ақпарат орталығының жаршысы) және ай сайын бірыңғай ақпараттық жүйеде (<http://www.memst.kz/en/services/tbtsfs.php> or немесе <http://wto.memst.kz/en/tbtsfs/reg>) жариялайды. Хабарламаларды дайындау "Қарастырылатын (қабылданатын) техникалық регламенттер мен стандарттар бойынша хабарламалар дайындау қағидалары мен рәсімдеріне" сәйкес жүзеге асырылады. Осы қағидалар СФС және СТК жөніндегі ДСҰ келісімдерінің хабардар ету туралы ережелеріне сәйкес әзірленді және түсініктемелер осы ұсынылған ережелер қабылданғанға және қолданысқа енгізілгенге дейін назарға алынуы мүмкін ерте сатысында хабарламалардың берілуін қамтамасыз етеді. Ақпарат орталығы мына мекенжай бойынша орналасқан:

Мекенжайы: Орынбор көшесі, 11

010000 Астана

Қазақстан Республикасы

Телефон: +(771) 7222 6482

Тел/факс: +(771) 7220 5640

Эл.пошта: enquirypoint@mail.ru

Веб-сайт: <http://wto.memst.kz/en>

861. Жұмыс тобы мүшелерінің біреуі Қазақстан өкілінен "ДСҰ-дағы хабарламалар толтыру және ұсыну қағидаларының" 2.3-тармағындағы "ниет білдіре отырып танысу" деген сөз орамы түсініктемелер беру мүмкіндігін қамтиды ма деп сұрады.

Қазақстанның өкілі Қағидалардың қолданылу аясы СФС хабарламаларын толтыру әдіснамасы ғана болып табылады деп жауап берді. Түсініктеме беру мүмкіндігі Үкіметтің "Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құру және оның жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы қыркүйекте енгізілген өзгерістермен 2005 жылғы 11 шілдедегі № 718 қаулысында айқындалған. Атап айтқанда, Ақпарат орталығы қағидаларының 11-тармағында Ақпарат орталығы ДСҰ хатшылығының, ЕурАзЭҚ-қа мүше елдердің және басқа да халықаралық ұйымдардың сұрау салуы бойынша стандарттар, сәйкестікті бағалау (растау) рәсімдері, СФС шаралары бойынша ақпаратты (түсіндіруді) ұсынуға тиіс екендігі айтылған.

862. Жұмыс тобының мүшесі 2.8-ережеге және Қосымшаға енгізілген Тәртіпке қатысты осы Тәртіп СФС және СТК бойынша ДСҰ келісімдеріне сәйкес хабарламалар үшін қолданылатын хабарлама нысанына өте ұқсас екендігін, дегенмен, кейбір айырмашылықтардың бар екендігін атап өтті. Мәселен, Тәртіп түсініктеме беруді аяқтау мерзімдері бойынша бөлімді қамтымайды. Осыған орай, Жұмыс тобының мүшесін Қазақстанның неліктен СФС және СТК жөніндегі комитеттер әзірлеген нысандарды қолданудың орнына, өзінің жеке нысанын әзірлегені қызықтырды. Осыған жауап ретінде Қазақстанның өкілі хабарламаның көрсетілген нысаны техникалық регламенттердегі мерзімді шаралар, СФС шаралар немесе оларға өзгерістер туралы хабарламаларға қатысты екендігін айтты. Мұндай хабарламалардың мақсаты ДСҰ-ның мүдделі мүшелерін адам денсаулығы мен өмірін және жануарларды қорғау, өсімдіктер мен қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын кезек күттірмейтін шаралар туралы хабардар ету болып табылады. Ол СФС және СТК бойынша ДСҰ комитеттері әзірлеген мерзімді хабарламалардың нысандары түсініктеме беруді аяқтау мерзімдері бойынша бөлімді қамтымайтынын атап көрсетті. Сондай-ақ Аяқтау және ұсыну қағидаларының 1-қосымшасында көрсетілген тұрақты хабарлама нысаны – түсініктемелер қабылдауды аяқтаудың соңғы мерзімі бойынша бөлімді қамтиды.

863. Шұғыл шараларға қатысты, Қазақстанның өкілі Қазақстан СФС бойынша ДСҰ келісімі В қосымшасының 6-тармағын басшылыққа алатынын растады.

864. Ақпарат орталығының қызметіне қатысты аталған мүшесі Комитетте ДСҰ мүшелері талқылайтын мәселелердің бірі агенттіктердің ынтымақтастығының маңыздылығы болып табылатындығын түсіндірді. СТК және СФС жөніндегі ақпарат орталығын Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті құрды. Осыған байланысты Жұмыс тобының мүшесі Техникалық реттеу және метрология комитетінің СФС шараларын әзірлеуге тартылған басқа органдармен қызметін қалай үйлестіретіндігін сұрады.

865. Қазақстанның өкілі СТК және СФС жөніндегі Ақпарат орталығы Үкіметтің 2005 жылғы 11 шілдедегі № 718 қаулысымен құрылды, ол Ақпарат орталығына ДСҰ

мүшелерінің түсініктемелеріне жауаптар беруді қоса алғанда, СФС шаралар туралы хабарламалар мәселелері бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің қызметін үйлестіруге өкілеттік береді деп жауап берді. Қаулыға сәйкес мемлекеттік органдар (Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетін қоса алғанда) мұндай ақпаратты ДСҰ Хатшылығына, ЕурАзЭҚ-ке мүше елдерге, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге және басқа халықаралық ұйымдарға жіберу үшін СФС және СТК шараларын қабылдағаннан және қолданғаннан кейін екі күн ішінде Ақпарат орталығына қажетті ақпаратты ұсынады.

866. Мүше Қазақстаннан СФС шаралары бойынша ЕЭК жобаларын хабарлау кезінде алдын ала қабылданатын қадамдарды егжей-тегжейлі сипаттап беруді сұрады: алынған түсініктемелерді хабарлау және қарау рәсімі. Осыған жауап ретінде Қазақстан өкілі Қазақстанның ЕЭК-тің СФС шаралары бойынша ДСҰ мүшелерін СФС жөніндегі құжаттың бірінші жобасын жұмыс тобы мақұлдап, одан соң жария талқылау үшін Консультациялық кеңестің отырысында мақұлданғаннан кейін дереу хабарлайтынын түсіндірді. Осылайша, СФС/СТК жөніндегі Қазақстан Ақпарат орталығы СФС жөніндегі құжаттың жобасын ЕЭК жария талқылауға жариялайтын уақытқа шамалас кезде ДСҰ-ға хабарлама жібереді. Бұл ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге екі тетік арқылы түсініктемелерді қабылдау процесін үйлестіруге мүмкіндік береді. Оның үстіне, Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін Ақпарат орталығы сол бір құжаттың хабарламаларына белгіленген түсініктемелерді берудің ұқсас күнін қамтамасыз ету үшін хабарлама процесін Ресей Федерациясының органымен үйлестіретін болады. Ол ДСҰ-ға хабарлау кезінде түсініктемелерді беруге 60 күн мерзім, егер тіпті ЕЭК жария талқылау кезеңін аяқтаса да, сақталатындығын нақтылады. ЕЭК-тің нотификацияланған құжаты бойынша кері байланыс ұсыну үшін байланыс орталығы хабарламада көрсетілетін болады және бұл не СФС/СТК жөніндегі Ақпарат орталығы не ЕЭК не екеуі де болуы мүмкін. СФС/СТК жөніндегі Ақпарат орталығы ДСҰ-ға мүшелерден алынған түсініктемелер мен ұсыныстарды Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдарына жібереді, бұлар өз кезегінде оларды ЕЭК-ге одан әрі жібереді. Сондай-ақ ол алынған түсініктемелер мен ұсыныстардың ЕЭК жұмыс тобының отырысында қаралатындығын түсіндірді. "Санитариялық, карантиндік фитосанитариялық және ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану саласындағы Еуразиялық экономикалық комиссияның актілерін қабылдау процесінде ашықтықты қамтамасыз ету туралы" ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 31 шешіміне сәйкес Комиссияның Санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық шаралар департаменті жария талқылау кезеңі аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде жария талқылаулар кезеңінде және СФС ДСҰ хабарламаларының құралдары арқылы алынған түсініктемелердің жиынтық кестесін және осы түсініктемелерге жауаптарды жасайды және оны ЕЭК ресми сайтында жариялайды.

Бұдан басқа, Ақпарат орталығы СФС мәнмәтінінде берілген хабарламаларды ДСҰ мүшелерінің түсініктемелеріне жауаптар ретінде ұсынады.

867. Ол Үкіметтің 2000 жылғы 30 қазандағы № 1627 қаулысына сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірушілері, мемлекеттік органдар және ауыл шаруашылығы нарығына басқа да қатысушылар арасында талдамалық маркетингілік ақпаратты тұрақты алмасу жолымен; сондай-ақ халықаралық ұйымдармен кеңейтілген өзара іс-қимыл жасау жолымен ашықтықты арттыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі Маркетингінің ақпараттық жүйесін құрды деп айтты. СФС пен СТК-ның барлық тиісті алдын ала, түзетілген және қорытынды ережелері мен қағидалары (ауыл шаруашылығына байланысты) Министрліктің мына сайтында <http://mgov.kz/narpravleniya-razvitiya/information-for-third-countries>, сондай-ақ <http://www.memst.kz/en/rb> сайтында берілген. Барлық мүдделі тараптар Министрлікке мынадай веб-мекенжайы бойынша сұрақтар мен түсініктемелерді жібере алады: office@minagri.gov.kz. Сондай-ақ Ақпарат орталығы өзгертілген және түпкілікті СФС шараларының барлық жобаларының тоқсан сайынғы жаршысын шығарады. Ауыл шаруашылығы министрлігі "Агроинформ" талдамалық жаршысын шығарады, онда ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау бойынша заңнаманы қоса алғанда, Ауыл шаруашылығы министрлігі мақұлдаған нормативтік актілердің бәрі қамтылған. Бұдан басқа, жұқпалы аурулар деңгейіне және ауыз су мен тамақ өнімдерінің кездейсоқ зертханалық сынақтар нәтижелеріне қатысты дерекқор мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау жүйесінде тұрақты түрде жаңартылып отырады. Осы ақпарат барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді.

868. Мүшелердің біреуінің қағидалар мен ережелерді әзірлеуге қоғамдық қатысу фактісіне қатысты сұрағына ол "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 124-III Заңда жеке кәсіпкерлердің мүдделерін қозғайтын нормативтік актілерді әзірлеуге жеке сектордың қатысуы көзделген деп жауап қайтарды. Оның пікірінше, осы Заңның ережелеріне сәйкес, жұртшылық өз ұсыныстарын тиісті уәкілетті органның қарауына шығара алады. Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген заңға сәйкес заңнамалық актінің жобасы аккредиттелген Кәсіпкерлер қауымдастықтарында сараптамадан міндетті түрде өтуге тиіс. Белгілі бір сұрақтарға жауап ретінде Қазақстанның өкілі Қазақстан заңнамасы санитариялық және фитосанитариялық стандарттарды әзірлеуге (мысалы, түсініктемелерді бере отырып, техникалық комитеттер отырыстарына қатысу) шетелдік қатысуға шектеуді қамтымайды деп жауап берді. Ұсыныстар мен түсініктемелер Ақпарат орталығы арқылы ұсынылуы тиіс. Бұдан басқа, 2010 жылғы 18 маусымдағы КО Комиссиясының № 319 шешімін 2011 жылғы 7 сәуірдегі КО Комиссиясының № 625 шешімімен енгізілген өзгерістермен ауыстырған 2012 жылғы 18 қыркүйектегі ЕЭК Алқасының № 161 шешімінде қоғамдық талқылаудың кемінде 60 күн кезеңімен ЕАЭО-ның СФС шараларының жобасын жариялайтыны көзделген. Осы кезеңде кез келген мүдделі тарап жобалар бойынша өз ескертулерін ұсынуға алады.

Бұдан әрі Қазақстанның өкілі ЕАЭО техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, түзетулер енгізу және қайтарып алу рәсімдерін белгілейтін 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімге Қосымшаның 8-бабына сәйкес техникалық регламенттердің жобалары ЕЭК-тің ресми сайтында жариялануы тиіс және кемінде екі ай жария талқылауға қолжетімді болуы тиіс екендігін түсіндірді. Мүдделі мүшелерден алынған түсініктемелер назарға алынады және техникалық регламенттер жобасына енгізіледі.

869. Мүшелер техникалық регламенттердің жобалары бойынша көптеген ескертулер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге және ЕАЭО мекемелеріне жария талқылау тетігі арқылы берілгенін атап көрсетті. Мүшелер ұсынылған түсініктемелердің аз ғана бөлігі, егер тіпті түсініктемелердің халықаралық стандарттармен алшақтығын атап өткен немесе көбіне халықаралық стандарттарға және саудаға жәрдемдесуге сәйкес келетін баламалы тәсілдерді ұсынған жағдайларда, түпкілікті қабылданған техникалық регламенттерге өзгерістер енгізуге алып келетініне алаңдаушылығын білдірді. Сондықтан бұл мүшелер түсініктемелердің қаралатыны, ал КО Комиссиясының № 625 шешімінде көзделген тетіктердің халықаралық стандарттармен келісу үшін толық көлемде орындалатындығы туралы растау алғысы келді.

870. Қазақстанның өкілі ЕЭК Алқасының № 48 шешімімен Кеден одағының техникалық регламентін әзірлеу, қабылдау, өзгерту және күшін жою туралы жаңа ереженің бекітілгенін айтты. Осы Шешімге сәйкес қоғамдық консультациялар нәтижесінде алынған ескертулер мен ұсыныстар кестесі тиісті жауаптармен бірге ЕАЭО-ның ресми сайтында жарияланады, ЕЭК Алқасының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 31 шешімі СФС шаралар үшін ұқсас рәсімді, атап айтқанда ЕАЭО-ның ресми сайтында түсініктемелер мен жауаптардың қорытынды кестесін жариялауды көздейді. Сондай-ақ ол КО Комиссиясының № 625 шешімінде белгіленген халықаралық стандарттармен ЕАЭО-ның СФС шараларын келісу тетігі ЕЭК Алқасының "Санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шаралар саласындағы Кеден одағының құқықтық актілеріне сараптама жүргізудің бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы" 2012 жылғы 6 қарашадағы № 212 шешімімен іске асырылғандығын, ол КО комиссиясының 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 801 шешімін ауыстырғанын нақтылады.

871. Мүшелердің сұрақтарына жауап ретінде Қазақстан СФС бойынша ДСҰ комитеті ұсынған СФС бойынша келісімнің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді іске асыруға арналған рәсімдерді қолданатындығын растады (G/SPS/7/Rev3).

872. Қазақстан өкілі Қазақстан Санитариялық және фитосанитариялық шаралар бойынша ДСҰ келісімінің В қосымшасына және ДСҰ-ның СФС жөніндегі комитеті ұсынған СФС бойынша келісімнің ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді іске асыруға арналған рәсімдердің (G/SPS/7/Rev.3) қағидаттарын басшылыққа алып, ЕАЭО-ның СФС шараларын қоса алғанда, Қазақстанға әкелінетін

импортқа қолданылатын СФС шарларының жобалары туралы ДСҰ-ның Санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі комитеті хабардар болуын қамтамасыз ететін растады. СФС шаралары, оның ішінде инспекцияға қатысты шаралар 867-тармақта көрсетілгендерге ұқсас ақпарат көздерінде жарияланған. Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне В қосымшада көзделгендей барлық қаралып отырған және қолданыстағы СФС шаралар туралы ақпаратты немесе СФС шаралары саласындағы хабарламалар бойынша Қазақстан органынан немесе Қазақстанның СФС шаралар бойынша ақпараттық орталығынан алға болады. Жұмыс тобы бұл міндеттемелерді назарға алды.

(i) Мөлшерлестік, қажеттілік және ақылға қонымдылық

873. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстан және ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттер қолданатын СФС шаралар Қазақстанның экспортына белгілі бір тәуекелді әрдайым пропорционал жасамайтынына алаңдаушылығын білдірді. Осы мүшелер халықаралық қағидаларға сай емес немесе өзгеше түрде үйлеспейтін шаралардың мынадай мысалдарын келтірді:

- ветеринариялық немесе стандарттық қауіпті білдірмейтін тауарларды қамтитын ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар тізбесі осы тауарларға қойылатын талаптарды кәсіпорындарды Бірыңғай тізбеге қосу, Мемлекеттік тіркеуден өту, әкелуге рұқсаттар алу және ветеринариялық сертификат талаптарын сақтау үшін дәлелдейтін еді;

- кәсіпорынды тоқтата тұру немесе міндетті экспорт алды тестілеу сияқты осындай шектеуші сауда шараларын енгізу тамақ өнімдері қауіпсіздігі стандарттарын халықаралық стандарттармен үйлестіргеннен кейін немесе тамақ өнімдері қауіпсіздігі мәселелерін шешуге арналған шаралар қабылданған кезде қаралмаған және жойылмаған;

- инспекторлардың экспорттаушы кәсіпорындарға шикізатты мониторингілеуге қосымша қайта өңдеу өнімдеріндегі ветеринариялық дәрілік препараттардың қалдықтарын мониторингілеу нәтижелерін ұсыну талабы;

- Кодекс нұсқаулықтарында көзделгендей, бірақ экспорт алды сынақтарды сұрататын зақымдау қауіпін басқару құралы ретінде қалдықтарды мониторингілеу жоспарын пайдаланбайтын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер;

- КӨҚХК-де көзделген, ұқсас алдын ала инспекциялау үшін негіздер болмаған кезде отырғызуға арналған өсімдіктерді Қазақстанға экспорттауға рұқсат берердің алдында жүйелі тексеруді сұрайтын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер; және

- тексерулер кезінде инспекторлардың шамадан тыс толық және керек емес талаптары.

Осы мүшелер мөлшерлестік, қажеттілік және ақылға қонымдылық қағидаттарының 2.1, 2.2, 5.3, 5.4, 5.6-баптар және осы Келісімнің С қосымшасы сияқты СФС бойынша ДСҰ келісімінің бірқатар баптарында бекітілгенін және олардың пікірінше, Қазақстан

оны қауіпке неғұрлым мөлшерлес және ақылға қонымды етіп, өз практикасын өзгерткені дұрыс деп естеріне салды.

874. Осы алаңдаушылықтарға жауап ретінде, Қазақстан өкілі, Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзыретті органы қабылдаған барлық СФС шаралар Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес қолданылатынын растады. Атап айтқанда, көрсетілген СФС шаралар адамның өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажетті көлемдерде ғана қолданылатын болады және ЕАЭО мен Қазақстанның санитариялық немесе фитосанитариялық қауіпсіздігінің тиісті деңгейіне қол жеткізу үшін қажет болғанға қарағанда көбірек шектеуге әкелмейтін болады. Соңында, санитариялық, ветеринариялық немесе фитосанитариялық қорғаудың тиісті деңгейін анықтау кезінде Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдары Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес саудаға теріс әсер етуді мейлінше азайту жөніндегі міндеттерді назарға алатын болады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

(j) Қорытынды

875. Қазақстан өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Қазақстан немесе Қазақстанда қолданылатын ЕАЭО-ның құзыретті органдары әзірлейтін барлық СФС шаралар ДСҰ келісіміне, атап айтқанда Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес болатынын растады. Атап айтқанда, СФС шаралар тек адамдардың өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау үшін қажетті көлемде қолданылатын болады; ғылыми қағидаттарға және мүмкіндігінше, халықаралық стандарттарға, нұсқаулықтарға және ұсынымдарға негізделетін болады және Қазақстанды қорғаудың тиісті деңгейін қол жеткізу үшін қажет болғанға қарағанда, сауданы көбірек шектеуге әкелмейді. СФС шаралар Қазақстанның және басқа мүшелердің аумақтарын қоса алғанда, бірдей немесе ұқсас жағдайлар басым жағдайда жосықсыз және ДСҰ-ның мүшелері арасында ақталмаған кемсіту мақсатында қолданылмайды. СФС шаралар халықаралық сауданың заңсыз шектелуін білдіретін тәсілімен қолданылмайды және Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 5.7-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, жеткілікті ғылыми негіздемесіз қолданылмайды. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

Саудаға қатысты инвестициялық шаралар

876. Қазақстан өкілі Қазақстан ұлттық экономиканы әртараптандыру мақсатында жергілікті жерде өндірілген тауарды сатып алу үшін преференциялар нысанында жергілікті қамту талаптарын қолданатынын атап өтті. Қазақстанның заңнамасына сәйкес, осы Баяндаманың "Мемлекеттік меншік, мемлекеттік сауда ұйымдары және жекешелендіру" және "Мемлекеттік сатып алу" бөлімдерінде жазылған жергілікті қамту талаптарымен қатар, жергілікті қамту талаптарын мұнай-газ және тау-кен

секторларындағы инвестициялық келісімшарттары аясында жер қойнауын пайдаланушылар тауарлар мен қызметтерді сатып алуда қолданады және инвестициялық келісімдерге сәйкес автокөлік секторында қолданылады. Осы Бөлімде айтылған Саудаға байланысты инвестициялық шаралар және мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың мемлекет 50 және одан көп пайыз қатысатын акционерлік қоғамдар (АҚ) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (ЖШС) сатып алуындағы жергілікті қамту талаптары қайта сату үшін немесе тауарлар өндірісінде сату үшін қолдану тәсілі емес, мемлекеттік қолдануда шұғыл немесе түпкі тұтыну үшін сатып алудағы Үкімет қолданатын шараларды қоспағанда, Қазақстан заңнамасында белгіленген тауарлардағы жергілікті қамтудың бірден бір талабы болып табылады.

Мұнай-газ және тау-кен секторларындағы ТРИМС

877. Мұнай-газ және тау-кен секторларындағы жергілікті қамту талабы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы № 2828 Қазақстан Республикасының Заңын ауыстырған "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" № 291-IV 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заң) реттеледі. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның 69-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттамасында айқындалатын мерзімге жасалады және олардың қолданылу мерзімін ұзарту мүмкіндігі туралы ережені қамтиды. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңға сәйкес бұл келісімшарттар жобалау құжаттамаларының және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес болу шартымен жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде жергілікті жерде өндірілген тауарларды пайдалану бойынша жер қойнауын пайдаланушыларға қойылатын талаптарды қамтуы тиіс. Қол қойылған келісімшарттарға өзгерістер енгізу уәкілетті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы келіссөздердің нысанасы болып табылады және тараптар арасындағы консенсус негізінде енгізілуі мүмкін.

878. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның 77-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылуы мүмкін: i) ашық конкурс; ii) баға ұсыныстарын сұрату; iii) бір көзден сатып алу; iv) электрондық сатып алу жүйесі арқылы; немесе v) тауар биржалары арқылы. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның 78-бабында жергілікті қамту талаптарын көздейді және ашық конкурстың жеңімпазын айқындау кезінде конкурсты ұйымдастырушы Қазақстанда өндірілген тауардың бағасын шартты түрде 20% азайтуға тиіс екенін белгілейді.

879. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның 16-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Үкіметтің 2013 жылға 14 ақпандағы №134 қаулысымен бекітілген жаңа "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлар қызметтер сатып алу қағидаларын" (бұдан әрі осы Бөлімде - Қағидалар) қабылдады, ол Үкіметтің "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлар қызметтер сатып алу қағидаларын бекіту туралы" 2007 жылғы 28 қарашадағы № 1139 қаулысын ауыстырды. Қағидалармен енгізілген негізгі өзгерістер мұнай-газ секторындағы сатып алу рәсімдерімен байланысты, мұнда жер қойнауын пайдаланушылар барлық тауарлар мен қызметтерді сатып алуды электронды форматта жүргізуге міндетті. Қағидаларға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар конкурстық құжаттамаларды мемлекеттік ақпараттық жүйеде – Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдалынатын тауарлар мен қызметтердің және олардың өндірушілерінің тізілімінде (бұдан әрі – Тізілім) орналастырады. Осы ереже әлеуетті берушілерге конкурстық құжаттаманы, тауарлар мен қызметтердің техникалық ерекшеліктерін қоса алғанда, онлайн режимінде өтеусіз алуға мүмкіндік береді. Алайда, осы кезеңде, тау-кен секторындағы жер қойнауын пайдаланушылар қазіргі таңда, Тізілімді электрондық сатып алу әдісімен тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін ғана қолдана алады.

880. Сонымен қатар, Қағидалар жергілікті қамту талаптарына қатысты ережеге белгілі бір өзгерістер енгізді. Олар ашық конкурста (немесе баға ұсыныстарын сұрату) жергілікті қамту жөніндегі келісімшарт міндеттемелерін орындай алуы үшін Қағидаларда жер қойнауын пайдаланушылардың конкурстық құжаттамаға әрбір лот бойынша пайызбен (0-ден 100-ге дейін) көрсетілген, тауарлар мен қызметтердегі жергілікті қамту талаптарын енгізу құқығы көзделген. Қағидаларға сәйкес ашық конкурс екі кезеңмен жүргізіледі: (i) әлеуетті өнім берушілерді біліктілік алдындағы іріктеу, (ii) конкурс жеңімпазын анықтау. Бірінші кезеңде конкурс комиссия ұсынылған тауарлар мен қызметтердің конкурстық құжаттамалардың техникалық талаптарына, әлеуетті өнім берушілердің "тауарлардың жергілікті өндірушісі" немесе "қызметтердің жергілікті өндірушісі" санатына сай келетінін тексеруді қоса алғанда, сәйкестігін анықтайды. Екінші кезеңде конкурстық комиссия конкурстық өтінімнің ең төмен бағасы негізінде жеңімпазды анықтайды. Тауарлардың жергілікті өндірушісі 20 пайыздық шартты жеңілдікті алады. Одан бөлек, Қағидаларда баға өтінімдері тең болған жағдайда ашық конкурс жеңімпазын анықтау рәсімі туралы ереже нақтыланған. Мәселен, 20 пайыздық шартты жеңілдік қолданғаннан кейін (i) бірнеше жергілікті өндірушінің немесе баға өтінімдеріне шартты жеңілдік алмайтын (ii) бірнеше өндірушінің баға өтінімдері тең болған жағдайда, жеңімпаз ұсынылған тауарлар мен қызметтердегі жергілікті қамтудың ең жоғарғы пайызы негізінде анықталады.

881. Қағидаларда сатып алу бір көзден жүзеге асырылуы мүмкін жағдайлар тізбесі кеңейтілген. Уақыт жағынан ұзақ және кемінде 30 күнді алатын ашық конкурспен

салыстырғанда, бір көзден сатып алу аз уақытты алады және жер қойнауын пайдаланушыларға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларда бөгеліссіз тауарлар мен қызметтерді сатып алуларды жүргізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Қағидалардың 94-тармағының 37) тармақшасына сәйкес, тау-кен секторындағы жер қойнауын пайдаланушылар тауарлар мен қызметтерді Инвестициялар мен даму министрлігі жүргізетін жергілікті тауарлар мен қызметтер және олардың өндірушілерінің дерекқорында жалғыз тіркелген болып табылатын жергілікті тауарлар мен қызметтерді өндірушіден тікелей сатып ала алады. Қағидалардың 272-тармағының 37) тармақшасына сәйкес мұнай-газ секторындағы жер қойнауын пайдаланушылар, егер сатып алынатын тауардағы жергілікті қамту кемінде 65% құрайтын болса, осы әдісті тауарларды сатып алу үшін қолдана алады. Осымен қатар, бір көзден сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін: (i) жергілікті қамту аталған қызметте кемінде 65% құрау шартымен, жергілікті өндірушілерден зерттеу және әзірлеу жөніндегі жұмыстарды сатып алу; (ii) мұнай-газ секторындағы жер қойнауын пайдаланушылардың жергілікті білім беру институттарынан жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды іске асыру аясында жұмысқа орналастырылған Қазақстан азаматтарын оқыту жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерді орындау мақсатында білім беру қызметтерін сатып алу.

882. Қазақстан өкілі тауарлардағы жергілікті қамту Қазақстан Республикасының аумағындағы өндірілетін түпкі өнімнің құнындағы отандық материалдар мен ресурстардың пайыздық қатынасы ретінде анықталатынын түсіндірді. Тауарлардың жергілікті шығарылған жері Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіптік палатасы шығаратын "СТ-KZ" сертификатымен анықталады. Мәселен, 2012 жылы инвестициялық келісімшарттар аясында жер қойнауын пайдаланушылар сатып алатын тауарлардың жалпы көлеміндегі жергілікті қамту үлесі 12,6%- ды құраған. Конкурстық рәсімдер Қазақстан аумағында өткізілуі тиіс. Конкурсқа отандық компанияларға да және шетелдік компанияларға да теңдей жағдайда қатысуға рұқсат етілген. Оның пікірінше, осы ережелер кемсітушілікке болып табылмайды және импорттық тауарлар үшін мүмкіндік береді. Алайда, жер қойнауын пайдаланушылардың барлығы да жергілікті қамту талаптары бойынша өздерінің келісімшарттық міндеттемелерін орындай бермейді, бұл айыппұл санкцияларына немесе келісімшартты бұзуға әкелуі мүмкін. 2012 жылы мұнай-газ секторының жер қойнауын пайдаланушыларына қатысты 500 000 АҚШ доллары сомасында айыппұл салынған, олардың 8 000 АҚШ доллары төленген.

883. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңымен енгізілген өзгерістерге туралы сұраққа жауабында Қазақстан өкілі басқалардың арасында Заң өзіне "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы № 2828 Заңның жергілікті қамту талаптары туралы ереженің барлығын бірлестіріп жүйелеген деп жауап берді. Одан әрі ол "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану

туралы" Заңда тауарлардағы, қызметтердегі және кадрлардағы жергілікті қамтудың анықтамасына нақтылау енгізілгенін қоса айтты. Атап айтқанда, екі жаңа термин қосылды: (i) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды және оларды өндірушілерді бақылау және оның мониторингі үшін құрылған, мемлекеттік ақпараттық жүйе болып табылатын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі; және (ii) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін рәсім болып табылатын ұйымдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның 76-бабына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы инвестициялық келісімшартты іске асыру үшін сатып алынған тауарлар мен қызметтер туралы сатып алудың жылдық бағдарламасы мен есебін ұсынып отыруы тиіс.

884. Қазақстан өкілі 2012 жылғы қаңтарда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңға енгізілген түзетулермен қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтер өндірісінің ғылымды қажетсінетін салаларын дамыту мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыру туралы бар талаптарға нақтылау енгізілгенін атап өтті. Сондай-ақ ол түзетулерге сәйкес : (i) жер қойнауын пайдаланушының зерттеулер мен әзірлемелерін қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі келісімшарттық қызмет шегінде жылдық жиынтық табыстың кемінде бір пайызын құрауы тиіс; және (ii) қаржыландыру тікелей жергілікті тауарлар мен қызметтерді өндірушілерге бағытталуы тиіс екенін түсіндірді.

885. Қазақстан өкілі көмірсутектер мен минералдық шикізаттар өндіру мен өңдеу салалары қазақстандық экономика құрылымында басымдыққа ие саналатынын және мұнай секторы шетелдіктерге де, отандық инвесторлар үшін де ең қызықтыратын сала екенін мәлімдеді. Болжамдық деректер бойынша басқа экономика секторлары дамымай отырған уақытта, мұнай өндіруге шетелдік инвестициялар көлемі өсіп келеді. Осыған байланысты, оның Үкіметі: (i) жер қойнауын пайдалануды ұтымды қайта бөлуді қамтамасыз ету, (ii) экономиканы әртараптандыру мен минералдық ресурстар экспортына деген әлемдік бағаның тұрақсыздығына жоғары экономикалық тәуелділікті азайту жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу және (iii) өңдеу өнеркәсібі мен қосылған құны жоғары өнім өндірісіне қолайлы орта жасау мақсатында отандық өндірілген тауарларды пайдалануға жәрдемдесу үшін жергілікті қамту талаптарын енгізді. Ол қазақстандық экономиканы әртараптандыру бағдарламасының маңызын атап көрсетті және оған қоса, өңдеу өнеркәсібін дамытуға қолайлы ахуал жасау оның Үкіметі үшін басымдық болып табылатынын айтты.

886. 1990 жылдардың басындағы экономикалық тұрақсыздық кезеңінде Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар тарту мақсатында және барланбаған мұнай кенорындарын әзірлеу үшін оның Үкіметі халықаралық ірі мұнай компанияларымен

шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға мұнай операцияларында пайдаланылатын импорттық тауарларға ҚҚС-ты және салынатын кедендік баждарды алып тастау түріндегі жеңілдіктер беру шартымен ұзақ мерзімді инвестициялық келісімшарттарға (40 жылға дейін) қол қойғанын айтты. Инвестициялық келісімшарттардың талаптары кейінгі күнмен (келісімшарттың тұрақтылығы туралы бапқа сәйкес) өзгертілмейтіндіктен, Қазақстан өкілі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның ережелері қосылған құн салығы салынатын отандық тауарлар үшін тиімсіз жағдай жасаған бұрынғы жасалған инвестициялық келісімшарттардың кемсітушілік әсерін жоюға бағытталғанын атап айтты.

887. Жұмыс тобы мүшесінің сұрауына Қазақстан өкілі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның 50-бабына сәйкес барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныстар, басқалардың ішінде, мынадай ұсыныстарды қамтуы тиіс екенін айтты: (i) келісімшартты іске асыру үшін қажетті тауарлар мен қызметтерде сатып алудағы жергілікті қамту; (ii) оқу бағдарламаларының іске асырылуына қарай өсуі тиіс, кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелер; және (iii) қазақстандық кадрларды оқыту бойынша міндеттемелер. Жоғарыда тізбеленген барлық ережелер жер қойнауын пайдалануға жасалатын келісімшарттарға енгізілуі тиіс.

888. Қазақстан өкілі келісімшартты іске асыру үшін қажетті тауарлардың ерекшеліктеріне байланысты, жер қойнауын пайдалануға жасалған әрбір келісімшартта жергілікті қамту ережелері дербес белгіленетінін айтты. Қазіргі уақытта Қазақстан Үкіметі мен жер қойнауын пайдаланушылар арасында 565 келісімшартқа қол қойылған : оның 203 келісімшарт көмірсутек шикізаты бойынша және 362 келісімшарт тау-кен секторында. Көмірсутек шикізаты бойынша 203 келісімшарттың: 2020 жылға қарай 94-нің қолданылу мерзімі және 109-нікі - 2021-2053 жылдары аяқталады. Тау-кен секторындағы 362 келісімшарттың: 114-нің мерзімі – 2020 жылға қарай және 218-нікі – 2021-2060 жылдар аралығындағы кезеңде аяқталады. Одан әрі ол көмірсутек шикізаты бойынша 203 келісімшарттың 193-і жергілікті қамту бойынша сандық міндеттемелерді және 10-ы жергілікті қамту бойынша мәтіндік міндеттемелерді қамтитынын да қоса айтты. Тау-кен секторындағы 362 келісімшарттың 351-і жергілікті қамту бойынша сандық міндеттемелерді және 11-і жергілікті қамту бойынша мәтіндік міндеттемелерді қамтиды. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттардағы жергілікті қамтудың үлгілік мәтіндік міндеттемелері мынадай болады: "Жобалау құжаттамасы мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келген жағдайда Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдар мен тауарларды пайдалану". Жергілікті қамту бойынша сандық міндеттемелерді үлгілік тұжырымдау мынадай болады: "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде

келісімшартқа сәйкес жергілікті қамтудың әрбір фискалдық жыл үшін мөлшері тауарларға қатысты x (...) пайыздан кем болмауы тиіс, жұмысқа қатысты кемінде y (...) пайыз және көрсетілетін қызметтерге қатысты кемінде z (...) болуы тиіс".

889. Мүше Қазақстаннан "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның ережелеріне сәйкес инвестициялық келісімшарттар аясында қолданылатын ДСҰ ережелеріне қайшы келетін шаралардың қолданылуын тоқтату қалай болатынын түсіндіруді сұрады, сондай-ақ, егер "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңға болашақтағы енгізілетін өзгерістерде келісімшарттардың ДСҰ нормаларына қайшы болатын бөлігінің ғана күшін жоюға қатысты қызығушылығын туғызды. Қазақстан өкілі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның ережелеріне сәйкес қолданыстағы инвестициялық келісімшарттарда қолданылатын, ДСҰ-ға қайшы келетін шаралардың кезең-кезеңімен күшін жою үшін Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап өтпелі кезеңді сұрап отыр деп жауап берді. Бұл шаралардың қолданысы: (i) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңға жаңа келісімшарттар шеңберінде тауар сатып алу бөлігінде ТРИМС жөніндегі ДСҰ келісімінің ережелеріне қайшы келетін шаралардың күшін жоюға және бағытталған өзгерістер енгізу; және (ii) инвестициялық келісімшарттардан тауарлар сатып алу бөлігінде ТРИМС шаралар жөніндегі ДСҰ келісіміне қайшы келетін шараларды алып тастайтын және оларды Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап өтпелі кезең аяқталатын күнге қарай ТРИМС жөніндегі ДСҰ келісіміне қайшы келетін шаралармен ауыстыратын жер қойнауын пайдаланушылармен жасалатын келісімдерге қол қою арқылы тоқтатылатын болады. Өтпелі кезең аяқталғанға дейін бітетін келісімшарттар ТРИМС жөніндегі ДСҰ келісіміне қайшы келетін шаралармен жаңартылмайды.

- Автокөлік секторындағы ТРИМС

890. Автокөлік секторына қатысты Қазақстан өкілі көлік құралдары, олардың бөлшектері мен құрамбөліктері үшін өнеркәсіптік құрастыру режимінде әкелінген және пайдаланылатын бөлшектер мен құрамбөліктерді кедендік баждар мен салықтардан босату үшін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың "Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы № 18 шешімімен бекітілген және Кеден одағы комиссиясының "Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 шешімімен және ұлттық заңнама нормаларымен қолданысқа енгізілген Кеден одағы Бірыңғай Кедендік тарифі (БКТ) құрылды.

891. Қазақстанда Премьер-Министр орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2010 жылғы 11 маусымдағы №113 бұйрығымен (бұдан әрі – №113 бұйрық) бекітілген Моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы

келісім жасасу қағидаларына сәйкес өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасалды. Осы қағидаларға сәйкес моторлы көліктік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру екі ауысымды жұмыста жылында кемінде 25 мың бірлік өндірістің жобалық қуатын қамтамасыз ететін және мынадай технологиялық операциялардың орындалуын қамтитын технологиялық процестер негізінде сериялық өндіріс жүйесін білдіреді:

- шанақты дәнекерлеу, бояу және жинау;
- салон жабдығын монтаждау;
- күш агрегатын, руль механизмін және шығару жүйесін монтаждау;
- электр жабдығын, аспа құрамбөліктерін монтаждау;
- сыртқы элементтерді монтаждау; және
- дайын автомобильдерге бақылау сынақтарын жүргізу.

892. "8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыру үшін" Бірыңғай кедендік тарифінің (БКТ) позициялары бойынша автомобиль құрастыру кезінде пайдаланылатын бөлшектер мен құрамбөліктерді импорттау кезіндегі преференциялық тарифтік мөлшерлемелерге (0-ден 5%-ға дейін) арналған біліктілікке ие болу үшін өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімге қол қойған заңды тұлғалар мынадай шарттарға сәйкес келуі тиіс:

- келісімге қол қойылған күннен бастап кемінде 2 миллиард теңге сомаға өндірістік активтерінің болуы; және

- келісімге қол қойылған күннен бастап 84 айдан аспайтын мерзімде міндеттемелерінің болуы;

- КО СЭҚ ТН 8703 тауар позициясының моторлы көлік құралдарының кемінде бір моделін өнеркәсіптік құрастыруды іске қосу;

- "8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыру үшін" БКТ позициялары бойынша Кеден одағының қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттерде жасалған өнеркәсіптік құрастыру үшін КО СЭҚ ТН 8707 тауар позициясы бойынша жіктелетін шанақтың құнын ескере отырып, өндіріс үшін пайдаланылатын автоқұрамбөліктер жалпы құнының 70%-нан аспайтын көлемде автоқұрамбөліктер енгізу.

893. Қазақстан өкілі бүгінгі күні автомобиль секторында төрт компания Инвестициялар және даму министрлігімен №113 бұйрыққа сәйкес өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасағанын айтты. Бұл компаниялар: "Агромашхолдинг" АҚ, "СарыарқаАвтоПром" ЖШС, "АзияАвто" АҚ және "АзияАвто Қазақстан" АҚ. "Агромашхолдинг" АҚ-мен, "СарыарқаАвтоПром" ЖШС-мен және "АзияАвто" АҚ-мен жасалған келісімдерге 2010 жылы және "АзияАвто Қазақстан" АҚ-мен 2013 жылы одан әрі ұзарту мүмкіндігімен 8 жыл мерзімге қол қойылды. Жұмыс тобы мүшесінің сұрағына жауабында Қазақстан өкілі №113 бұйрық КО СЭҚ ТН 8701-8705 тауар позиция бойынша автомобиль құрастыруға ғана көзделгенін түсіндірді. Жеке сұраққа

берген жауабында Қазақстан өкілі "Peugeot" және "Toyota" автомобильдерін өнеркәсіптік құрастыру "Агромашхолдинг" АҚ-мен және "СарыарқаАвтоПром" ЖШС-мен жасалған қолданыстағы өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдер шеңберінде іске қосылып, олардың қолданысы тиісінше 2018 жылғы 1 шілдеде аяқталатынын түсіндірді.

894. Жұмыс тобының кейбір мүшелері отандық тауарларды пайдалану туралы талаптарды ТРИМС жөніндегі ДСҰ келісіміне қайшы келетін ережелер ретінде қарайды. Осы мүшелер бұл талаптар Субсидиялар мен өтемақы шаралары жөніндегі ДСҰ келісімінің 3.1-бабына сәйкес тыйым салған экспорттық субсидия болып табылатынын қоса айтты. Осы мүшелер Қазақстаннан Қазақстан қолданыстағы заңнаманы және қолданыстағы келісімшарттарды қандай жолмен ДСҰ талаптарымен сәйкес келтіретінін түсіндіруді сұрады. Осы мүшелер Қазақстаннан ДСҰ-на кірген күннен бастап Қазақстан ТРИМС жөніндегі ДСҰ келісіміне қайшы келетін шараларды қолдамайды не осындай шараларды қамтитын келісімшарттарды енгізбейтін болады деген міндеттемелерді күтеді.

895. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шартқа сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан жер қойнауын пайдаланушылармен жаңа келісімшарттарға тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту туралы талаптарды қоспайтын болады деп түсіндірді. Осыған байланысты, ЕАЭО туралы шартты ратификациялаумен қатар, Үкімет Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңға 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісімшарттарындағы тауарларды сатып алуға қатысты жергілікті қамту туралы ережені алып тастайтын "өзгерістер енгізуге бастама жасауды жоспарлап отыр. Одан әрі ол "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның ережелеріне сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық келісімшарттарда және №113 бұйрыққа сәйкес өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдерде жергілікті қамту жөніндегі талаптарды қолдану экономиканы әртараптандыру үшін маңыздылығын назарға алып, аталған шараларды кезең-кезеңімен алып тастау үшін өтпелі кезең керек екенін атап өтті.

896. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кірген күннен бастап Қазақстан саудамен байланысты, Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдары қабылдаған Инвестициялық шаралар жөніндегі ДСҰ келісімін реттеу саласына жататын Қазақстанда қолданылатын барлық заңдарды, нормативті-құқықтық актілерді және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы №291-IV Заңға сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық келісімшарттар шеңберінде, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары – резиденттерімен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді жасасудың, оның талаптары мен үлгі нысанының кейбір мәселелері туралы" Премьер Министрдің орынбасары - Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2010 жылғы 11 маусымдағы № 113 бұйрығының ережелеріне сәйкес 893-тармақта көрсетілген өнеркәсіптік құрастыру

туралы келісімдер шеңберінде қолданылатын шараларды қоспағанда, басқа да шараларды саудамен байланысты Инвестициялық шаралар жөніндегі келісімді қоса алғанда, ДСҰ келісімінің тиісті ережелеріне сәйкестігін қамтамасыз ететінін растады. Сондай-ақ Қазақстан өкілі 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан саудамен байланысты Инвестициялық шаралар жөніндегі ДСҰ келісім қоса алғанда, ДСҰ-ның тиісті ережелеріне сәйкес келмейтін ережелерді кез келген секторда инвесторлармен жасалатын қандай да бір жаңа инвестициялық келісімшарттарға немесе өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдерге енгізбейтінін кез келген қолданыстағы инвестициялық келісімшарттарды немесе өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдерді жаңарту кезінде енгізбейтін немесе қолдамайтынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

897. Қазақстан өкілі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңға сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық келісімшарттар шеңберінде қолданылатын ДСҰ-ға сәйкес келмейтін барлық шаралар қайсысының ерте болатынына қарай, келісімшарттардың бастапқы қолданылу мерзімі аяқталғаннан бастап немесе 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылуын тоқтататынын растады. Одан әрі ол "Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары – резиденттерімен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді жасасудың, оның талаптары мен үлгі нысанының кейбір мәселелері туралы" Премьер-Министр орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2010 жылғы 11 маусымдағы № 113 бұйрығының ережелеріне сәйкес жасалған өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдер шеңберінде қолданылатын, ДСҰ нормаларына сәйкес келмейтін, 893-тармағында көрсетілген барлық шаралардың 2018 жылғы 1 шілдеге қарай алып тасталатынын растады. Қазақстан өкілі 893-тармақта тізбеленген, "Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары – резиденттерімен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді жасасудың, оның талаптары мен үлгі нысанының кейбір мәселелері туралы" Премьер-Министр орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2010 жылғы 11 маусымдағы № 113 бұйрығының ережелеріне сәйкес жасалған өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдер шеңберінде және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы №291-IV Заңына сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық келісімшарттар шеңберінде қолданылатын шараларға қатысты Қазақстан ДСҰ-ның мүдделі мүшелерімен 2016 жылғы 1 шілдесі мен 2019 жылғы 1 қаңтарынан кешіктірмей тиісінше қолданылуы мүмкін ДСҰ нормаларына сәйкес келетін шараларға қатысты консультациялар жүргізетін болады және ДСҰ мүшелерін ДСҰ нормаларына сәйкес келмейтін шараларды ауыстыру жоспарлаған кез келген шаралар туралы мұндай жаңа шараларды қабылдауға дейін кемінде 6 ай бұрын хабардар ететінін растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемелерді назарға алды.

Еркін аймақтар, арнайы экономикалық аймақтар

898. Қазақстан өкілі Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтар (бұдан әрі – АЭА) құру, ең алдымен, тікелей шетелдік инвестицияны тартуға, өндірістің қазіргі заманғы жоғары технологиялық салаларының жедел дамуына, көлік инфрақұрылымын, туризмді дамытуға, жұмыс орындарын құруға және АЭА құру кезіндегі құжаттарда айқындалатын басқа да мақсаттарға бағытталғанын мәлімдеді. Қазақстанда "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі № 469-IV Заң (бұдан әрі – 2007 жылғы "АЭА туралы" Заң) "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңды (бұдан әрі – 2007 жылғы "АЭА туралы" Заң) алмастырды. 2011 жылғы "АЭА туралы" Заң 2011 жылғы оған дейінгі заңды жойды және қазір АЭА жөніндегі негізгі заң болып саналады. Қосымша нормалар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы № 269-IV кодексте (бұдан әрі – Қазақстан Кеден кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV кодексте (Салық кодексі) (бұдан әрі - Салық кодексі) қамтылған. Қазақстан Республикасының өкілі одан әрі ЕАЭО аясында АЭА 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енетін "Еркін (Арнайы) экономикалық аймақтар мен Еркін қоймаларды құру және олардың жұмыс істеуі туралы" 27-баппен және өз күшінде қалатын 2010 жылғы 18 маусымындағы Кеден одағы аумағындағы еркін (арнайы) экономикалық аймақтар және арнайы экономикалық аймақтың кедендік рәсімі туралы келісіммен (бұдан әрі – АЭА туралы КО келісімі), сондай-ақ 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексімен (бұдан әрі – КО Кеден кодексі) және басқа да құқықтық актілермен реттелетінін айтты. Одан әрі ол 2015 жылғы қаңтардан бастап, ЕАЭО туралы шарт пен АЭА туралы КО келісімінің ережелері жаңа АЭА құру мен жұмыс істеуі үшін, сонымен қатар АЭА аумағында еркін кедендік аймақтардың кедендік рәсімдері жөніндегі жалпы ережелерді қоса алғанда, жұмыс істеп тұрған АЭА-ны реттейтін ережелерді қолдану үшін ЕАЭО шеңберінде құқықтық негіз болып табылатынын айтты.

899. Жұмыс тобының мүшелері АЭА құру мен жұмыс істеуінің қолданыстағы қағидалары, АЭА туралы жаңа заңға сәйкес жасалған және әкімшілік ету туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ аймақтың ДСҰ талаптарына сай келетінін бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратқа сұрау салды. Жұмыс тобының мүшелері 2011 жылғы "АЭА туралы" Заң мен 2010 жылғы 1 шілдеде күшіне енген АЭА туралы КО келісімінің ережелері арасындағы байланыс туралы ақпарат сұратты. Одан басқа, 2007 жылғы "АЭА туралы" Заңға сәйкес құрылған бұған дейінгі алты АЭА мәртебесі туралы ақпарат және бұл АЭА қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс істейтіндігі немесе істемейтіндігі туралы ақпарат та сұратылды. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан аумағында жұмыс істейтін АЭА-да ол ДСҰ-ға кіргеннен кейін ДСҰ міндеттемелері қалай қолданылатынын, әсіресе, 1994 жылғы ГАТТ келісімінің I және III баптары қолданылатыны не қолданылмайтыны және АЭА аумағында құрылған компанияларға

берілетін артықшылықтар экспорттық қызметке немесе жергілікті қамту туралы талапқа негізделетінін не негізделмейтінін сұрады. Осыған байланысты жұмыс тобының мүшелері көтерген басқа мәселелер ЕАЭО мүшесі болып табылмайтын мемлекеттер аумағынан импортталатын және АЭА-да тауарлар өндіру процесінде пайдаланылатын, түпкі соңында Қазақстанның қалған аумағына немесе ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағына экспортталатын, егер тіпті импортталатын тауар жеткілікті өңдеу өлшемшарттарына сәйкес келу үшін жеткілікті түрде өңделсе де, тауарларға немесе материалдарға барлық тарифтердің немесе салықтардың орнын толтыру қажеттілігіне қатысты болды. Жұмыс тобы мүшелерінің бірі, оның пікірінше, ЕАЭО-ға мүше болып табылмайтын мемлекеттен импортталатын құрамбөліктерге баждар мен салықтарды АЭА-да салықсыз әрі бажсыз алуға мүмкіндік беретін жеткілікті өңдеудің мұндай деңгейі жоқ екенін, өйткені шыққан тегі қағидалары елдің бір бөліктері арасында емес, елдер арасында қолданылатынын атап өтті. Басқа мүшелері қандай басқа артықшылықтар салықтардан босату жағдайында АЭА аумағында орналасқан компанияларға берілетіні туралы ақпаратты сұратты.

(a) Кеден одағында АЭА-ны реттеу

900. Қазақстан өкілі бұған дейін айтылып кеткендей, Қазақстандағы АЭА 2011 жылғы "АЭА туралы" ұлттық Заңға сәйкес құрылғанын және АЭА жөніндегі КО келісінде және КО кеден кодексінде белгіленгендерін қоса алғанда, АЭА жөніндегі ЕАЭО талаптарына сәйкес келетінін мәлімдеді. Осы Келісім мен КО Кеден кодексі ЕАЭО-дағы АЭА-ны реттеудің жалпы шеңберін белгілейді, бұл ретте АЭА құру, басқару, кеңейту, қолданысын тоқтату рәсімдерін, АЭА түрлерін және АЭА шеңберінде рұқсат етілген қызмет түрлерін реттеуді ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына қалдырады. Көп жағдайларда ұлттық режим мен ЕАЭО режимі КО-дағы АЭА-ны реттеу режимінің өзіндік элементтерін белгілей үшін бірлесіп жұмыс жасайды. Мәселен, ұлттық құқық АЭА қатысушыларын тіркеуді реттейді және ұлттық органдар мұндай қатысушылардың ұлттық тізілімін белгілейді, ал КО келісімі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер АЭА жұмыс істеуі бойынша ақпаратты және АЭА қатысушыларының ұлттық тізілімін Комиссияға жіберуге тиіс, ол өз кезегінде АЭА қатысушылары бойынша жалпы тізілімді жасап, жариялайды. Комиссияның ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет АЭА-да тыйым салынғандарына қосымша ретінде АЭА шегінде экономикалық қызметтің және операциялардың қандай түріне тыйым салынуы мүмкін екенін шешуге құқығы бар.

901. Жұмыс тобы мүшелердің сұрағына Қазақстан өкілі, АЭА туралы КО келісімінің 1 Бабына сәйкес еркін(арнайы) аймақ кәсіпкерлік және басқа да қызметті жүзеге асырудың айырықша (арнайы құқықтық) режимі қолданылатын, сондай-ақ еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылуы мүмкін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген шекте ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің бір бөлігі ретінде анықталған деп түсіндірді. АЭА туралы КО келісімі АЭА аумағы кедендік бақылау

аймағы болып табылатынын және тиісінше АЭА аумағында орналасқан тауарларға Кеден одағының Кеден кодексіне және АЭА туралы КО келісіміне сәйкес еркін экономикалық аймақтың кедендік рәсімі қолданылатынын айқындайды. Ол Қазақстан Республикасының кеден органдары АЭА аумағында кедендік бақылауды ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асыратынын түсіндірді.

902. АЭА туралы КО келісімі күшіне енгенге дейін шетелдік және қазақстандық тауарлар АЭА аумағына кеден органдарының рұқсатынсыз әкелінді. Мұндай тауарлар, әдеттегі кедендік тазарту рәсімін еркін кедендік аймақтың кедендік режимінде өтті. Қазіргі уақытта, АЭА туралы КО келісіміне сәйкес тауарлар АЭА аумағына тек кеден органдарының рұқсатымен ғана әкелініп, әкетіледі. Жұмыс тобы мүшесінің рұқсаттар беру рәсімі сипатталатын заңнама туралы сұрағына Қазақстан Республикасының өкілі Қазақстан Республикасының Кеден комитеті АЭА аумағына әкелу мен одан әкетуге рұқсаттар беру рәсімін белгілейтін әкелуге және әкетуге рұқсаттар беру рәсімін белгілейтін "Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімін қолданудың кейбір мәселелері туралы" ҚР Үкіметі қаулысының жобасын әзірледі деп жауап берді. Қаулы жобасына сәйкес АЭА аумағына тауарлар әкелуге рұқсат алу үшін АЭА резиденттері кеден органдарына әкелінетін тауарларға қатысты, тауарлардың және көлік құралдарының кедендік бақылауы үшін қажетті ақпараты бар коммерциялық, көлік және кедендік құжаттарын ұсынады. Бұл құжаттарда ұсынылған ақпараттың нақты деректерге сәйкес келуін тексеру негізінде кеден органдары тауарлар мен тасымалдау құралдарын АЭА аумағына импорттау туралы шешім қабылдайды.

903. АЭА туралы КО келісімінің 10-бабына сәйкес "еркін кедендік аймақ" АЭА шеңберінде жұмыс істейтін кедендік рәсімді білдіреді, онда АЭА аумағында немесе оның бір бөлігінде шетелдік тауарлар кедендік баждар, салықтар төленбей, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмай орналастырылады және пайдаланылады. ЕАЭО тауарлар АЭА аумағында немесе оның бір бөлігінде оларға тыйымдар мен шектеулер қолданылмай орналастырылады және қолданылады.

904. АЭА туралы КО келісімінің 10-бабы импортталған шикізат пен материалдарды қолдана отырып АЭА резиденттері өндіретін, 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркелген тауарлар 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін ЕАЭО тауарлары деп танылады, яғни, егер импортталған шикізат пен материалдар жеткілікті көлемде өңделсе немесе АЭА бойынша КО келісімінің 19-бабының кез келген шарттарына сай болса, оларды ЕАЭО-ның қалған аумағында импортталған материалға баж төленбей өткізуге болатынын көздейді:

- өндіріс СЭҚ ТН тауарлық кодын кез келген алғашқы төрт белгі деңгейінде өзгертті;

- оларды өңдеу жеткілікті дәрежеде тауарларды ЕАЭО тауарлары ретінде тану үшін қажетті шарттардың, өндірістің және технологиялық немесе өндірістік операциялардың алдын ала анықталған тізбесіне сай келеді;

- қосылған құнның пайыздық үлесі дайын өнімнің бағасында (адвалорлық үлес қағидасы) тіркелген үлеске жетеді; немесе шетелдік тауарлар құнының пайыздық үлесі түпкі өнімнің бағасында тіркелген үлеске жетеді.

905. Комиссияның консенсус негізінде: (i) АЭА өндірілетін тауарларға, бұл тауарларды ЕАЭО тауарлар тану үшін жеткілікті немесе жеткіліксіз болып табылатын импортталған тауарларды қоса алғанда, шарттар мен операциялар тізбесін және (ii) оларды ЕАЭО тауарлары ретінде тану үшін аталған тауарларды жеткілікті дәрежеде өңделгенін анықтау өлшемшарты ретінде адвалорлық үлес қағидаларын қолдану рәсімін қабылдауға құқығы бар. Адвалорлық үлес қағидасы АЭА өндірілген ЕАЭО тауарларын жөндеуде қолданылмайды. Егер өңдеу бойынша операциялар Комиссия айқындаған жеткілікті өңдеу өлшемшарттарына сай келмесе, тауарлар ЕАЭО тауарлары болып танылмайды. Ұлттық заңнамада айқындалған ұлттық орган АЭА бойынша КО келісімінің қағидаларына сәйкес тауарлардың дәрежесін анықтайды, тиісті құқықтық қорытындылар шығарады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Қазақстанда Инвестиция және даму министрлігі осындай орган болып табылады.

906. Жұмыс тобы мүшесінің жеткілікті өңдеудің өлшемшарты ретінде қолданылатын алдын ала анықталған үлестері қандай екендігі туралы сұрауына жауап ретінде Қазақстан Республикасының өкілі адвалорлық үлес қағидасы "Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен және еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар қолданыла отырып дайындалған (алынған) тауарларды жеткілікті өңдеу өлшемшарты ретінде адвалорлық үлес қағидаларын пайдалану тәртібі туралы" КО Комиссиясының 2010 жылғы 148 қарашадағы № 515 шешімімен белгіленгенін айтты. Осы Шешімге сәйкес еркін кедендік аймақтың және еркін қойманың кедендік режимінде орналастырылған шетелдік тауарларды қолдану арқылы өндірілген, егер түпкі тауар өндірісінде пайдаланылған шетелдік тауарлар құнының пайыздық үлесі түпкі тауар бағасының елу (50) пайызынан аспаса, жеткілікті өңделген болып есептеледі. Еркін кедендік аймақтың және еркін қойманың кедендік режимінде орналастырылған және түпкі тауар өндірісінде пайдаланылатын шетелдік тауарлардың құны осындай тауарлардың кеден органдары тауарларды еркін кедендік аймақтың және еркін қойманың кедендік режимдерінде орналастыру үшін берілген кедендік декларацияны тіркеген күніне айқындалған кедендік құны ретінде айқындалады. Түпкі өнімнің бағасы франко-зауыт жағдайында анықталады. Ол одан әрі, қазіргі кезде Қазақстан "Тауар шығарылған елді анықтау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу, куәландыру және беру жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2014 жылғы 16 шілдедегі №793 қаулысымен белгіленген жеткілікті өңдеудің ұлттық өлшемшарттарын қолданатынын айтып өтті.

907. Ол АЭА туралы КО келісімінің 17-бабы АЭА аумағынан әкетілетін тауарлардан алынатын кедендік баждар мен салықтарды алу рәсімін белгілейтінін атап

өтті. Атап айтқанда, АЭА аумағынан ЕАЭО-ның қалған кедендік аумағына әкетілетін ЕАЭО тауарлары кедендік баждар мен салықтар салуға жатады. АЭА аумағынан ЕАЭО-ның кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетілетін ЕАЭО тауарлары егер қолданылатын болса, кедендік әкету баждарын салуға жатады. Кедендік әкету бажын есептеу кезінде кедендік баждың мөлшерлемесі, тауарлардың құны және/немесе олардың табиғи мәндегі физикалық сипаттамасы (саны, массасы, көлемі немесе басқа да сипаттамасы), сондай-ақ тауарлардың саны мен ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленетін валюта бағамы кеден орган экспорттың кедендік рәсімімен тауарларды орналастыру үшін берілген кедендік декларацияны тіркеген күніне анықталады. Шетелдік тауарларды АЭА аумағынан ЕАЭО-ның кедендік аумағының қалған бөлігіне оларды әкету кезінде кедендік баждар мен ҚҚС төлеуге жатады. АЭА аумағынан ЕАЭО-ның кедендік аумағынан тыс жерге әкетілетін шетелдік тауарларға әкету баждары мен ҚҚС салынбайды. Әрі қарай, ол 2012 жылдың 1 қаңтарында дейін тіркелген резиденттер АЭА аумағында импорттық құрамбөліктерді пайдалана отырып дайындаған (алған), бірақ ЕАЭО тауарлар деп танылған және жеткілікті өңдеу өлшемшарттарына жеткен тауарларға олар АЭА аумағынан ЕАЭО кедендік аумағының қалған бөлігіне әкету кезінде кедендік баждар мен ҚҚС салынбайтынын атап өтті. Бұл ережелер 2017 жылдың 1 қаңтарында күшін жояды.

(б) АЭА бойынша ұлттық заңнама

908. Арнайы экономикалық аймақтарды реттейтін бұрынғы заң, 2007 жылғы "АЭА туралы" Заң АЭА-ның 25 жылға дейінгі мерзімге құрылуы мүмкін екенін және оларды кедендік органдар "еркін кедендік аймақ" режимінде АЭА шекарасы шегінде басқаратынын көздеген. АЭА аумағында орналастырылған және пайдаланылатын шетелдік және қазақстандық тауарлар кедендік импорт үшін қолданылатын акциздік салықты қоспағанда, кедендік баждардан және салықтардан босатылады. Қауіпсіздік талаптарынан басқа тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмады. АЭА аумағынан басқа елдің аумағына экспортталатын тауарлардан салықтар мен баждар алынбады. Шетелдік құрамбөліктерді пайдалану арқылы дайындалған және Қазақстан аумағының қалған бөлігіне экспортталатын тауарларға қатысты импорттық баждар егер олар жеткілікті өңдеу өлшемшарттарына сай келген жағдайда қолданылмады. АЭА аумағында шығатын тауарлар шығу тегі сертификатымен расталады. Осындай сертификат берілмеген жағдайда, тауарлар қазақстандық (Қазақстаннан үшінші елдерге экспорттау кезінде) немесе шетелдік (Қазақстан аумағының қалған бөлігіне импорттау кезінде) болып есептелді.

909. Қазақстан өкілі 2011 жылдан бері қолданылып келетін 2011 жылғы "АЭА туралы" Заң Қазақстан аумағында АЭА-ны құру және жұмыс істеу рәсімін анықтайтынын түсіндірді. АЭА Қазақстан аумағының Үкімет басым қызмет түрлерін жүргізу үшін арнайы режим қолданатын шекте белгілі бір шекарасы бар бөлігі ретінде қаралады. АЭА шегінде ЕАЭО қалған аумағынан және үшінші мемлекеттерден АЭА-ға

импортталатын шетелдік және отандық тауарлар үшін және АЭА аумағынан ЕАЭО-ның (i) қалған аумағына және үшінші елдерге (ii) экспортталатын және АЭА-дан ЕАЭО-ның (i) қалған аумағына және үшінші елдерге (ii) экспортталатын тауарларға қатысты арнайы кедендік және салықтық режим құрылған. Еркін кедендік аймақ режиміне орналасқан, яғни кедендік баждар төлеуден босатылатын жағдайда қазақстандық тауарлар және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің тауарларына импорттық кедендік баждарды қолдану мақсатында олар отандық тауарлар ретінде қаралады. ҚҚС-қа қатысты, ЕАЭО туралы шарттың XVII бөліміне (осы Баяндаманың "Импортқа ішкі салықты қолдану" бөлімін қараңыз) сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы импортқа ҚҚС салынады. Сонымен қатар, Қазақстанның ұлттық заңнамасына қарағанда маңызды орын алатын АЭА бойынша КО келісімінің 21-бабында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еркін кедендік аймақтың кедендік режиміне орналастырылатын тауарларына кедендік органдар куәландырған кедендік декларацияға сәйкес осындай тауарлар еркін кедендік аймақ режиміне орналасқанда оның көшірмесі берілген жағдайда ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесі салынатыны белгіленген. Қазақстан өкілі АЭА қатысушысына қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға қажетті тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар ғана еркін кедендік аймақтың кедендік режиміне орналастырылуы мүмкін, яғни кедендік баждар мен ҚҚС төлеуден босатылуы мүмкін екендігін атап өтті. Бұл тауарлардың тізбесі АЭА әрбір қатысушысы қол қойған қызметті жүзеге асыру туралы келісімде анықталған. Инвестиция және даму министрлігі Қазақстан аумағында АЭА құру, оның жұмыс істеуі және тарату жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

910. Қазақстан өкілі әрі қарай, 2011 жылғы "АЭА туралы" Заңға сәйкес орталық немесе жергілікті атқарушы органдар, заңды тұлғалар уәкілетті органға АЭА-ны құру мақсаты туралы, қызметтің басым түрлері туралы, өңірдегі ағымдағы экономикалық жағдай туралы, АЭА орналасу орны туралы және экономикаға болжанатын әсері туралы ақпараты бар АЭА құру туралы ұсыныс енгізуі мүмкін. Ұсынысты уәкілетті орган мақұлдағаннан кейін АЭА құру туралы ұсынысты енгізген тұлғалар құрылатын АЭА-ның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауды қоршаған ортаға әсерін бағалап, қамтамасыз етеді. Техникалық-экономикалық негіздеме нәтижелері мақұлданғаннан кейін мүдделі мемлекеттік орган Үкіметке АЭА құру туралы ұсыныс енгізеді. АЭА құру және құрылатын АЭА-ның мақсаттарына сәйкес келетін қызметтің басым түрлері туралы шешімді Үкіметтің ұсынысы бойынша Президент қабылдайды.

911. 2011 жылғы "АЭА туралы" Заңның 8-бабына сәйкес АЭА 25 жылға дейінгі мерзімге құрылуы мүмкін. Әрбір АЭА-ның әрекет ету мерзімі аталған АЭА-ны құру туралы Президенттің тиісті Жарлығында айқындалады. АЭА құрылатын және қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған жер учаскелері АЭА қатысушысына Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес АЭА құру мерзіміне уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беріледі. Әдетте, АЭА оның мерзімі аяқталғаннан кейін

таратылады. АЭА қатысушылары белгіленген мақсатты индикаторларға құл жеткізбеген жағдайда, АЭА-ні Үкіметтің ұсынысы бойынша ҚР Президенті мерзімінен бұрын таратады. Қазақстан Республикасының өкілі АЭА құрылғаннан кейін инвесторлар АЭА қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініш бере алады, яғни арнайы салық режиміне және қалған кедендік аумақтағы заңды тұлғаларға қолжетімді жағдайларға қарағанда қолайлы болып табылатын басқа да жағдайларға және АЭА аясында олардың қызметінің шарттары белгіленген келісімдер жасасуға құқығы бар заңды тұлға ретінде тіркелген болып танылатынын атап өтті. Өтініш беруші беруге тиіс құжаттардың тізбесі 2011 жылғы "АЭА туралы" Заңның 10-бабында айтылған. Қазақстан Республикасының өкілі шетелдік қатысу үлесіне қарамастан, шетелдік қатысатын компаниялар барлық өтініш берушілерге кемсітпеушілік негізде қолданылатын тиісті талаптарды орындаған жағдайда АЭА қатысушысы ретінде тіркеле алатынын атап өтті. Өтініш берушінің ақшалай қаражаты және техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес келетін өзге мүлкі болуға тиіс және оның қызметі АЭА аумағында жүзеге асыралатын қызметтің мақсаттары мен түріне сай болуы керек.

912. Мына ұйымдар АЭА-да қызметті жүзеге асыруға өтініш бере алмайды:

- жер қойнауын пайдаланушылар;
- Салық кодексінің 279-бабының б) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, құрастыруды (жинақтауды) жүзеге асыратын ұйымдардан басқа, акцизделетін тауарларды өндіретін ұйымдар;
- арнайы салықтық режимдерді қолданатын ұйымдар;
- инвестициялық салықтық преференцияларды қолданған ұйымдар;
- ойын бизнесі ұйымдары.

913. Қазақстан Республикасының өкілі 2011 жылғы "АЭА туралы" Заң акционерлік қоғам түріндегі басқарушы компаниялар құруды көздейтінін атап өтті. Мына тұлғалар басқарушы компанияның құрылтайшылары болуы мүмкін:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары;
- мемлекеттік емес заңды тұлғалар;
- басқа елдерде немесе Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық аймақтарды басқаруда тәжірибесі бар шетелдік заңды тұлғалар.

914. 2011 жылғы "АЭА туралы" Заңға сәйкес егер ҚР Президентінің АЭА құру туралы актісінде өзгеше белгіленбесе, басқарушы компания шығарған дауыс беретін акциялардың кемінде 50 пайызы мемлекетке тиесілі болған кезде АЭА орталық және жергілікті атқарушы органдардың бастамасымен құрылады. АЭА мемлекеттік емес заңды тұлғалардың бастамасымен құрылған жағдайда, басқарушы компания шығарған дауыс беретін акциялардың кемінде 26 пайызы мемлекетке тиесілі болуға тиіс.

Басқарушы компанияның көрсетілген құқықтық нысаны инвесторларға басқарушы компанияның жарғылық капиталына қатысуға мүмкіндік береді, осылайша, жобаларды жүзеге асыруды басқаруға қатысуға мүмкіндік береді және АЭА-да қолданылатын режимдердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

915. 2011 жылғы "АЭА туралы" Заңға сәйкес АЭА аумағында қызметтер көрсетуге арналған "Бірыңғай терезе" қағидаты енгізілді, ол құжаттарды дайындау және беру жөніндегі рәсімді жеңілдетуді көздейді.

916. 2007 жылғы "АЭА туралы" Заңға сәйкес құрылған, жұмыс істеп тұрған алты АЭА 2011 жылғы "АЭА туралы" Заң күшіне енген кезде осы Заңның қолданыстағы және әкімшілік ережелерін қабылдады (қолданыстағы АЭА тізімі және олардың мақсаты осы Баяндаманың 21-қосымшасын қараңыз).

(с) Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасы

917. Қазақстан өкілі одан әрі 2009 жылдың қаңтарында күшіне енген жаңа Салық кодексі 2007 жылғы "АЭА туралы" Заңға сәйкес құрылған АЭА қатысушыларын қоса алғанда, АЭА қатысушыларына ұсынылатын жеңілдіктерге бірыңғай тәсілді айқындағанын атап өтті. Кедендік баждардан босатуға қосымша ретінде ҚР Салық кодексінің 151-бабында корпоративтік табыс салығының сомасын 100%-ға азайтуды; жер салығын есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге "0" коэффициенті; мүлік салығын есептеу кезінде салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0 пайыз мөлшерлеме көзделген. Бұдан басқа, Салық кодексінің 244-2-бабына сәйкес АЭА аумағында Үкімет айқындаған және АЭА мақсаттарына сай келетін қызмет процесінде толық тұтынылатын тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды сатуға ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі салынады. Бұл ереже осы Бөлімнің 903-тармағында сипатталған шетелдік тауарларға ұсынылған режимі бар Қазақстан аумағынан АЭА-ға импортталған тауарларға ұсынылған режимді теңестіруге бағытталған.

918. Салық кодексінің 150-бабына сәйкес жеңілдіктер тек мынадай шарттарға сай келетін АЭА мүшелеріне ғана беріледі: (i) арнайы экономикалық аймақтардың аумағындағы салық органдарына тіркеу есебінде тұрады; (ii) арнайы экономикалық аймақтардың аумағынан тыс жерлерде құрылымдық бөлімшелері жоқ; (iii) жылдық жиынтық табыстың кемінде 90%-ын меншікті өндіріс тауарларын (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынуға жататын (алынатын) табыстар құрайды. Арнайы экономикалық аймақты құру мақсатына сәйкес келетін қызмет түрлері Салық кодексінің 150-бабында айқындалған және оған: ақпараттық технологияны дамытуға бағытталған жобалар; тоқыма өнеркәсібі және тері бұйымдар өндірісі; химия өнеркәсібі; металлургия; көлік құралдары, тіркемелер мен жартылай тіркемелер өндірісін қоса алғанда, машина жасау, электр жабдығы мен тұрмыстық электр аспаптары өндірісі; фармацевтикалық индустрия; азық-түлік өндірісі; қағаз бен жиһаз өндірісі; авиациялық индустрия; мұнайхимия өнімін және ілеспе, сабақтас өндіріс өнімін өндіру және технологиялар; және туристік қызметтер көрсету кіреді.

919. Қазақстан өкілі Қазақстан заңнамасы салықтық және кедендік жеңілдіктерді алу үшін отандық және шетелдік компанияларға бірыңғай талаптарды көздейтіндігін атап өтті.

920. Жұмыс тобы мүшелерінің бірі Қазақстанның АЭА-сы кәсіпорындардың экспорттық бағытталуымен және/немесе импорт ауыстырумен байланысты арнайы преференциялар беру жөніндегі ережелерді қамтитын заңнамамен реттелетінін атап өтті. Жұмыс тобының осы мүшесі бұл ережелер Субсидиялар мен өтемақы шаралары жөніндегі ДСҰ келісіміне де және Саудаға байланысты инвестициялық шаралар жөніндегі келісімге де қайшы келетінін және ендеше, олардың күші жойылуға тиіс екенін айтты. Жұмыс тобының бұл мүшесі Қазақстаннан ДСҰ-ға кіргеннен кейін оның аумағы шегінде қолданыстағы немесе құрылатын еркін аймақтарда саудаға байланысты инвестициялық шараларға немесе отандық тауарларды пайдалану туралы талаптармен және экспорт тауарларымен байланысты субсидияларға тыйым салуды қоса алғанда, Қазақстан өз міндеттемелерін ДСҰ аясында жүзеге асыруға кепілдік беретінін күтеді. Қазақстан компаниялардың осы аймақтарда құрылу және қызметті жүзеге асыру құқығы экспорт көрсеткіштеріне, сауданы теңгерімдеу немесе жергілікті қамту туралы талаптарға байланысты болмайтынын растауға тиіс. Бұдан басқа Қазақстан АЭА-да баждар мен белгілі бір салықтардан импорттық тауарлар мен импорттық материалдарды болғызбайтын салықтық және тарифтік ережелерге сәйкес өндірілген тауарлардың баждар мен салықтарды қоса алғанда, Қазақстан аумағының қалған бөлігіне кіргізілген кезде қалыпты кедендік рәсімдермен реттелетін болуы тиіс екені кепілдік беркі қажет.

921. Қазақстан өкілі, "экспортқа бағдарлану" және "импорт алмастыру" деген екі термин де "ҚР Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 және 2003 жылғы 18 тамыздағы № 1166 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 19 қыркүйектегі № 657 Жарлығымен алынып тасталды деп жауап берді. Президенттің № 657 Жарлығына сәйкес "экспортқа бағдарланған өндіріс" термині АЭА туралы жарлықтарда жаңа "бәсекеге қабілеттілік" терминімен, ал "импорт алмастыру" термині Жарлықтың мәтінінен алынып тасталған. Сондай-ақ "Арнайы экономикалық аймақтың экономикалық және әлеуметтік даму қорының қаражатын құру және пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 26 қыркүйектегі № 1376 қаулысы өз күшін жойды. Оның үстіне, 2011 жылғы "АЭА туралы" Заңда, АЭА туралы КО келісінде немесе Президенттің АЭА туралы басқа да жарлықтарында экспорт және импорт алмастыру көрсеткіштеріне байланысты АЭА-да компаниялар құру құқығын көздейтін ережелер жоқ.

922. Қазақстан өкілі қазіргі кезде Қазақстан аумағында он АЭА жұмыс істейтінін хабарлады: "Астана – жаңа қала", "Ақтау теңіз порты", "Инновациялық Технология паркі", "Оңтүстік", "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі", "Бурабай", "Сарыарқа", "Павлодар", "Қорғас-Шығыс қақпа" және "Тараз" химия паркі". Алғашқы

алты аймақ 2007 жылғы "АЭА туралы" Заңға сәйкес құрылды. Олардың әрекет ету шарттары және кезеңі 2011 жылғы "АЭА туралы" Заңмен реттеледі. Қалған төртеуі 2011 жылғы "АЭА туралы" Заңға сәйкес құрылды (Осы аймақтар туралы толық ақпарат алу үшін осы Баяндаманың 21-қосымшасын қараңыз).

(d) "Еркін қойма" кедендік режимі

923. Қазақстан Республикасының өкілі Қазақстан Республикасының аумағында еркін қоймалардың құрылуы және жұмыс істеуі ЕАЭО туралы шарттың "Еркін (арнайы) экономикалық аймақтар мен еркін қоймаларды құру және олардың жұмыс істеуі туралы" 27-бабымен және 2010 жылғы 18 маусымдағы "Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы" КО келісімімен (бұдан әрі – Еркін қоймалар туралы КО келісімі) реттелетінін атап өтті. Келісімге сәйкес еркін қойма – бұл шегінде еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар мен ЕАЭО тауарлары, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес өзге де тауарлар орналастырылуы және пайдаланылуы мүмкін құрылыс (ғимарат). Ол еркін қоймалар туралы келісімнің 8-бабына сәйкес еркін қойманың кедендік рәсімі – бұл кедендік рәсім, ол кезде тауарлар еркін қоймада кедендік баждар, салықтар төленбей, сондай-ақ шетелдік тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмай және ЕАЭО тауарларына шектеулер мен тыйымдар қолданылмай орналастырылады және пайдаланылады деп қоса айта кетті. ЕАЭО аумағына импортына және ЕАЭО аумағынан экспортына тыйым салынған тауарлар еркін қойма режиміне орналастырылмайды.

924. Ол әрі қарай, Еркін қойма туралы КО келісіміне сәйкес еркін қойманың иесі – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің тиісті ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес тіркелген және Келісімнің 4-бабында көрсетілген өлшемшарттарға сай келетін заңды тұлғасы. Заңды тұлғаны кедендік органдар оны Еркін қойманың иелерінің тізіліміне қосқаннан кейін еркін қойманың иесі деп танылады. Еркін қоймалардың иелерін Тізілімге енгізу және одан шығару тәртібі "Еркін қоймалардың қызметін реттеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 1086 қаулысында белгіленген.

925. Еркін қоймалар туралы КО келісімінің 11-бабына сәйкес еркін қоймаларда келесі операциялар жасалуы мүмкін:

- тауарларды қоймаға жинау (сақтау, жинақтау, ұсақтау);
- тауарларды тиеу (түсіру) бойынша операциялар және сақауға байланысты басқа да жүк операциялары;
- тауарлардың сақталуына қажетті операциялар, сондай-ақ партияны ұсақтауды, жіберуді қалыптастыруды, сұрыптауды, қаптауды, қайта қаптауды, таңбалауды қоса алғанда, тауарларды тасымалдауға және сатуға дайындау жөніндегі қарапайым операциялар, тауар сапасын жақсарту жөніндегі операциялар;
- жүргізілу нәтижесінде тауарлар өзінің жеке сипаттамаларын жоғалтатын тауарларды қайта өңдеу (өңдеу) жөніндегі және/немесе тауарларды дайындау (

құрастыруды, жинауды, монтаждауды, баптауды қоса алғанда) жөніндегі операциялар, сондай-ақ тауарларды жөндеу бойынша операциялар;

- осы тауарларға иелік ету, пайдалану және/немесе билік ету құқықтарын беру бойынша мәмілелер жасауды көздейтін операциялар.

926. Қазақстан өкілі әрі қарай Еркін қоймалар туралы КО келісімінің 8- бабына сәйкес еркін қойманың кедендік режиміне орналастырылатын шетелдік тауарлар шетелдік тауарлар дәрежесін сақтайды және еркін қойманың кедендік режиміне орналастырылатын ЕАЭО тауарлары ЕАЭО тауарлары деген дәрежесін сақтайды.

927. Еркін қоймалар туралы КО келісімінің 14-бабы еркін қойманың аумағынан әкетілетін тауарлардан алынатын кедендік баждар мен салықтарды есептеу рәсімін белгілейді. Атап айтқанда, еркін қойма аумағынан ЕАЭО аумағының қалған бөлігіне әкетілетін ЕАЭО тауарлары кедендік баждар мен салықтар төлеуге жатпайды. Кедендік әкету бажын есептеу кезінде кедендік баждың мөлшерлемесі, тауарлардың құны және/немесе олардың табиғи мәндегі физикалық сипаттамасы (саны, массасы, көлемі немесе басқа да сипаттамалары), сондай-ақ тауарлар саны мен Кеден кодексіне және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленетін валюта бағамын кеден органы экспорттың кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру үшін берілген кедендік декларацияны тіркеген күніне айқындалады. Шетелдік тауарларды еркін қойма аумағынан ЕАЭО-ның кедендік аумағының қалған бөлігіне шығарған жағдайда кедендік баждар мен ҚҚС төленеді. Еркін қойма аумағынан ЕАЭО-ның кедендік аумағына тыс жерлерге шығарылатын шетелдік тауарларға әкету баждары мен ҚҚС төленбейді. Әрі қарай ол иелері 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін Еркін қоймалар тізіліміне енгізілген, шетелдік тауарлар пайдаланыла отырып, еркін қойма аумағында дайындалған (алынған) тауарлар еркін қойма аумағынан ЕАЭО-ның кедендік аумағының қалған бөлігіне шығарылған кезде оларға кедендік баждар мен ҚҚС салынбайтынын атап өтті. Бұл ереже 2017 жылғы 1 қаңтарда күшін жояды. Еркін қойманың кедендік режимі аясында шетелдік тауарларды пайдалану арқылы өндірілген (өңделген) тауарлар, егер олар Кеден одағының Еркін қоймалар туралы келісімінің 16-бабында сипатталған жеткілікті өңдеудің өлшемшарттарына сай келсе, ЕАЭО тауарлары мәртебесін алады:

- өндіріс СЭҚ ТН кодын кез келген алғашқы төрт белгі деңгейінде өзгертті;

- өзгерістер тауарларды ЕАЭО тауарлары ретінде тану үшін шарттардың, өндірістің және технологиялық немесе өндірістік операциялардың алдын ала анықталған тізбесіне жеткілікті дәрежеде сай келеді;

- қосылған құнның пайыздық үлесі дайын өнімнің бағасында (адвалорлық үлес қағидасы) тіркелген үлеске жетеді; немесе шетелдік тауарлар құнының пайыздық үлесі түпкі өнімнің бағасында тіркелген үлеске жетеді.

928. Еркін қоймаларда импортталған тауарларды пайдалану арқылы өндірілген тауарларды ЕАЭО тауарлары ретінде тану үшін жеткілікті не жеткіліксіз шарттар мен операциялардың тізбесін Кеден одағының Комиссиясы консенсус негізінде қабылдайды. Кеден одағының Комиссиясы адвалорлық үлес қағидаларын пайдалану тәртібін осы тауарларды ЕАЭО тауарлары ретінде тану үшін жеткілікті өңдеу өлшемшарты ретінде де мақұлдайды.

929. Қазақстан өкілі әрі қарай Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес еркін қойма аймағында өндірілген және осы аумақтан Қазақстан Республикасының қалған аумағына өткізілетін тауарларға, егер олар Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған жеткілікті өңдеу өлшемшарттарына сай келсе және олар Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған тауарлар тізбесіне енгізілсе, ҚҚС салынбайтынын түсіндірді. Бұл преференциялар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабына "Еркін қойма аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағында еркін қойма иесі өткізетін, өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесін және еркін қойма аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне өткізілетін, өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтарындағы № 133 қаулысына сәйкес ұсынылады. Бұл преференция Салық кодексіне сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

930. "Тауардың шығарылған елін айқындау, шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу, куәландыру және беру қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 шілдедегі №793 қаулысымен бекітілген шығу тегі қағидаларының 7-бабына сәйкес тауарлар мынадай өлшемшарттардың біріне сай келсе, жеткілікті өңдеу өлшемшарттарына сәйкес келеді деп танылады:

- тауарды қайта өңдеу нәтижесінде Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауар кодының кез келген алғашқы төрт белгі деңгейінде өзгеруі;

- бұл операциялар орын алған ел тауар шығарылған ел болып есептелуі үшін жеткілікті өндірістік немесе технологиялық операцияларды орындау;

- құнының пайыздық үлесі түпкі өнімнің бағасындағы тіркелген үлесіне жеткен кездегі тауар құнының өзгеруі (адвалорлық үлес қағидасы).

№ 793 қаулы үшінші елдерден импортталған тауарлар өндірістік процестерде қолданылған кезде тауардың шыққан елін айқындау үшін жеткілікті шарттарды, өндірістік және технологиялық операцияларды белгілейді.

931. Қазақстан Республикасының өкілі қазіргі уақытта Қазақстанда еркін қойма ретінде 59 заңды тұлға тіркелгенін атап өтті. Олар негізінен мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға маманданған: көлік құралдарын құрастыру, ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын құрастыру, тамақ өнімдері өндірісі, құрылыс материалдары өндірісі.

932. Жұмыс тобының мүшелері АЭА немесе еркін қоймаларда ЕАЭО-ға мүше емес мемлекеттерден импортталған тауарларды қолдану арқылы өндірілген немесе өңделген тауарларды Қазақстанның қалған аумағында өткізу кезінде кедендік баждар мен салықтарды қолданудан болғызбау мақсатында бұл тауарлар жеткілікті өңдеу мен жергілікті қамту қолданылмайтынын ескертті. Қазақстан аумағының қалған бөлігіне немесе ЕАЭО-ға олардың АЭА-да және еркін қоймаларда өңделгеніне және басқа тауарларға қайта жасалғанына қарамастан осы импорттық құрамбөліктерді шығару кезінде оларға қатысты баждар мен салықтар қалпына келтірілуге тиіс. Олардың пікірінше, осы импорттық құрамбөліктерді баждар мен салықтар алу мақсатында босату 1994 ГАТТ-тың I бабына сәйкес келмейді және жергілікті қамтуды (жеткілікті өңдеудің өлшемшарттары) бағалауға негіздеп, осы алымдардан босату тыйым салынған субсидияны білдіруі мүмкін. Мүшелер Қазақстаннан осы ережелерді жоюды және АЭА-ның ДСҰ ережелеріне сәйкес жұмыс істеуіне жәрдемдесуді өтінді.

933. Қазақстан өкілі АЭА-да тіркелген және/немесе өз қызметін Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін еркін қоймаларда жүзеге асыратын заңды тұлғалар беретін тауарларға қатысты төменде белгіленген өтпелі кезеңдер ішінде қолданылатын алып қоюды қоспағанда, Қазақстанда АЭА және еркін қоймалар ДСҰ келісімінің ережелеріне сәйкес ДСҰ-ға кірген күннен бастап құрылатынын, әрекет ететінін және басқарылатынын растады. Ол, Қазақстан ДСҰ келісімінің ережелерін барлық АЭА-да және еркін қоймаларда қолданатынын қоса айтты. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

934. Жергілікті қамту туралы талаптарға, жеткілікті өңдеуге, яғни елеулі түрлендіруге және баждар мен салықтардан босатуға қатысты, Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін АЭА-да және Еркін қоймаларда тіркелген және қызметін жүзеге асырған заңды тұлғалар беретін тауарлар осы Баяндаманың 904, 907, 927 және 929-тармақтарында сипатталған жеңілдіктерді 2017 жылғы 1 қаңтарда аяқталатын өтпелі кезең ішінде қолдануды жалғастырады. Өтпелі кезең өткеннен кейін АЭА-да тіркелетін немесе еркін құратын кез келген жаңа компанияларға қатысты сияқты АЭА аумағында тіркелген және өз қызметін еркін қоймаларда жүзеге асыратын компанияларға қатысты экспортты жүзеге асыру, төлем балансының талаптары немесе жергілікті қамту өлшемшарттары заң бойынша немесе практикада қолданылмайды. Оның үстіне Қазақстан аумағының қалған бөлігіне және ЕАЭО-ның аумағына одан әрі өткізу шартымен ЕАЭО-ның мүшелері болып табылмайтын елдерден импортты кедендік баждар мен салықтар төлеуден босату көздейтін ережелерге сәйкес еркін қоймаларға

және АЭА-ға әкелінетін тауарлар Қазақстан аумағының қалған бөлігіне және ЕАЭО аумағына әкелу кезінде тиісті баждар мен салықтар төлеуге және кедендік формальдылықтардан өтуге жатады. Егер осындай әкелінетін тауарлар қайта өңдеуден өтсе, яғни елеулі өзгерсе, АЭА аумағы шегінде немесе еркін қоймада осы тауарлар үшін есепке жазылуы тиіс баждар мен салықтар дайын өнімді Қазақстан аумағының қалған бөлігіне немесе ЕАЭО аумағын әкелу кезінде төленуге жатады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

Мемлекеттік сатып алу

935. Қазақстан өкілі мемлекеттік сатып алу 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 15-V Заңмен өзгертілген "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303-III Заңмен (бұдан әрі – "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заң); "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Үкіметтің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысымен (бұдан әрі - Үкіметтің №1301 қаулысы); "Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Үкіметтің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 623 қаулысымен (бұдан әрі – Үкіметтің № 623 қаулысы); және "Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы" Үкіметтің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1353 қаулысымен реттелетінін айтты. Жоғарыда көрсетілген заңнама халықаралық құқық талаптары, атап айтқанда БҰҰ-ның Халықаралық сауда жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) Мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік заңы ескеріле отырып әзірленген.

936. Қазақстанның мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасы әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестікті дамытуға; әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге; Үкімет үшін қолданылатын ақшалай активтерді ұтымды және тиімді жұмсауға; сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығын және ашықтығын қамтамасыз етуге қолдауға бағытталған. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алу саласындағы саясатты әзірлеуге және іске асыруға жауапты орган болып табылады.

937. Қазақстан өкілі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңға сәйкес мемлекеттік сатып алу еңбек шарты бойынша жеке тұлғалардан не кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан, мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде өтеулі қызметтер көрсету шарттары бойынша сатып алынатын қызметтерді қоспағанда, өздерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, мемлекеттік функцияларды орындау не тапсырыс берушінің "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын жарғылық қызметі, сондай-ақ жарналар (салымдар), оның ішінде жаңадан құрылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына енгізу үшін қажетті тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушінің ақылы негізде алуы ретінде айқындалады. Ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қорын қоса

алғанда, ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды, ұлттық компанияларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының 50% және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар тапсырыс берушілер болып танылады. Ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қорын қоса алғанда, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың сатып алу қағидалары осы Баяндаманың "Мемлекеттік меншік, мемлекеттік сауда ұйымдары және жекешелендіру" бөлімінде сипатталады.

938. Қазақстан өкілі, мемлекеттік сатып алу процесі: (i) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеуді және бекітуді; (ii) өнім берушіні таңдау және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасауды; (iii) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтитынын айтты.

939. Қазақстан өкілі мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдер арқылы жүргізілетінін қоса айта кетті: (i) конкурс; (ii) бір көзден алу; (iii) баға ұсыныстарын сұрату арқылы өнім берушіні таңдау; (iv) аукцион; және (v) тауар биржалары арқылы. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін тапсырыс беруші Қаржы министрлігімен келіспей таңдай алады. Аукцион тәсілімен және баға ұсыныстарын сұрату арқылы жүргізілетін мемлекеттік сатып алу тек электрондық форматта ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Конкурс және бір көзден алу тәсілімен жүргізілетін мемлекеттік сатып алу қағаз түрінде де, электрондық форматта да жүзеге асырылуы мүмкін. 2012 жылғы 1 шілдеден бастап конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тек электрондық форматта ғана жүзеге асырылады. Аукцион, бір көзден алу арқылы және тауар биржалары арқылы сатып алынатын тауарлардың тізбесі осы Баяндаманың 22(A) Қосымшасында, 22(B) Қосымшасында және 22(C) Қосымшасында қамтылған.

940. Қазақстан өкілі конкурс мемлекеттік сатып алудың негізгі әдісі болып табылатынын және барлық жағдайда қолданылуы мүмкін екенін түсіндірді. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүргізілуі мүмкін: (i) мемлекеттік кәсіпорындарда және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларда және олармен үлестес заңды тұлғаларда қолда бар тауарларды, жұмыстарды, жабдықтарды, технологияны, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді біріздендіру, стандарттау және олармен үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында сол бір өнім берушіден сатып алуды жүргізу қажеттілігі туындаса; (ii) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылса, (iii) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылып, күшіне енгенге дейін, уақытша шара ретінде күнделікті және (немесе) апта сайын тұтынылатын тауарларды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі болса; (iv) мемлекеттік

сатып алуды ұйымдастырушы қабылдаған, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңда көзделген шаралар баға ұсыныстарын сұрату және аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізуден кейін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға әкелмесе. Егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу осындай тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі. Сонымен қатар, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуда баға шешуші шарт болып табылады. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алудың веб-порталында нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор жүзеге асыруға тиіс. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша жылдық көлемі құндық мәнде республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен асатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылады. Тауар биржалары арқылы тауарларды мемлекеттік сатып алу биржалық тауарлар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

941. Қазақстан өкілі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның мемлекеттік сатып алу жүргізудің ашықтығы жөніндегі ережені қамтитынын атап өтті. Мемлекеттік сатып алу туралы барлық ақпарат Қаржы министрлігінің ресми сайтында - www.goszakup.gov.kz орналастырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы реттеу туралы ақпарат http://goszakup.gov.kz/wiki/index.php?title=Main_page ұсынылған. Конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей бірақ кемінде күнтізбелік отыз күнде, ал электрондық сатып алу жағдайында әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінім берудің түпкілікті күніне дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы: (i) тапсырыс берушінің интернет-ресурсында конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық ұсынысқа құжаттама тізбесін орналастыруға; (ii) мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін; және (iii) тапсырыс берушінің интернет-ресурсында хронологиялық тәртіппен конкурстық құжаттаманы ұсыну фактілерін тіркеуді қамтамасыз етуге міндетті. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс: мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, электрондық және пошталық мекенжайы; шарт нысанасы, талап етілетін көлем, тауарларды беру қызметтер көрсету орны мен мерзімі, конкурстық құжаттаманың көшірмелерін алу орны мен тәсілі; конкурсқа қатысуға өтінім беру орны және оның

түпкілікті мерзімі, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверттерді ашу күні, уақыты және орны.

942. Қазақстан өкілі мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы ұлттық заңнамада белгіленген қағидаларға, яғни осы бөлімнің 935-тармағында көрсетілген заңдар мен қағидаларға сәйкес анықталатынын атап көрсетті. Конкурс біткен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама тапсырыс берушінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік сатып алуың веб-порталында жариялануы тиіс.

943. Қазақстанның мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңдарындағы жергілікті қамту талаптары туралы сұраққа Қазақстан өкілі мұндай талаптардың "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңда, Үкіметтің № 1301 және № 623 қаулыларында белгіленгенін айтты. Конкурстық комиссия ұсынылған конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстырып тексеру кезінде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның 17-бабының 4-тармағында тізбеленген өлшемшарттар ескеріледі. Бұл өлшемшарттар конкурстық құжаттамада жазылады және барлық конкурстық құжаттамаға тең мөлшерде қолданылады. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның 17-бабының 4-тармағына сәйкес конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарына мынадай өлшемшарттар әскер етеді: (i) әлеуетті өнім берушіде: а) өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің; в) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес ұсынылатын тауарларға ерікті сертификаттау жүргізілгенін растайтын құжаттың ; с) ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің); және d) ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың болуы; (ii) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және оларды жөндеуге арналған шығыстар; және iii) жергілікті қамту. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңға, Үкіметтің № 1301 және № 623 қаулыларына сәйкес конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасын отандық тауар өндірушілерге 20 %-ға дейін және отандық қызметтер (жұмыстар) берушілерге 15 % дейін төмендетуі мүмкін.

944. Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алу саласындағы комиссиялардың, сарапшының және бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), егер олардың әрекеті (әрекетсіздігі) әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.

945. Мүшенің ЕАЭО аясында мемлекеттік және (немесе) муниципальдық сатып алудың ортақ режимі бола ма не болмай ма деген сұрағына Қазақстан өкілі, "Мемлекеттік (муниципальдық) сатып алу" XXII Бөлім және ЕАЭО туралы шарттың 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген "Сатып алуды реттеу туралы хаттаманың" 25-қосымшасы ортақ саясатты жүзеге асыру үшін құқықтық база болып табылатынын айтты. Бұл ережелер 2012 жылғы 1 қаңтардағы Біртұтас экономикалық кеңістік аясындағы мемлекеттік (муниципальдық) сатып алу туралы келісімді алмастырды. ЕАЭО туралы шарттың XXII Бөлімнің 88-бабына сәйкес мүшелер мемлекеттер өзаралық негізде басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары мен мемлекеттік мекемелері жүргізетін мемлекеттік сатып алуда ұлттық режимді ұсынады. ЕАЭО туралы шарт мемлекеттік органдар, бюджеттік ұйымдар, оның ішінде мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көрсетілген басқа да тұлғалар өткізетін сатып алуға қолданылады. ЕАЭО туралы шарт коммерциялық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын кәсіпорындардың сатып алуына, сондай-ақ Ұлттық (Орталық) банктердің сатып алуына қолданылмайды.

946. Жұмыс тобының мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделгендей, "мемлекеттік сатып алудың" қамтуы 1994 жылғы ГАТТ III :8 және XVII:2 баптарында және ГАТС XIII:1 бабында айқындалғандай "сатып алу" шеңберінен шығады, яғни коммерциялық қайта сату мақсаты үшін немесе оларды коммерциялық сату мақсатында тауарлар өндіру және қызметтер көрсету үшін пайдалану мақсатында емес, мемлекет мақсаты үшін сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің шегінен шығады. "Сатып алу" әдетте Мемлекеттік сатып алу бойынша ДСҰ келісімінің қолданылу аясына кіретін жай тауарлар мен қызметтерден басқаларды да қамтиды. 1994 жылғы ГАТТ III:8 және XVII:2 баптары және ГАТС XIII:1 бабы анықтамасы шеңберіне шығатын заңдар, қағидалар және сатып алуға қатысты басқа да шаралар Дүниежүзілік Сауда Ұйымын құру туралы Марракеш келісімінің 1-қосымшасының келісімдерін реттеу аясынан алынып тасталмайды. Осы мүшелер қазақстандық заңнамадағы "сатып алу" мемлекеттік мақсаттарға арналған тауарларға қосымша ретінде тікелей тұтыну және қолдау үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді, яғни компаниялар сатып алатын және коммерциялық мақсатта сатылатын немесе коммерциялық сату үшін тауарлар өндіру мен қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын тауарлар мен көрсетілетін қамтитынын атап өтті. Олар 1994 жылғы ГАТТ III:8 және XVII:2 баптары және ГАТС XIII:1 бабы шеңберінде мемлекеттік сатып алу ретінде қаралмайтын сатып алуды өткізу кезінде ұлттық режим мен қолайлылығы жоғары режим талаптары қолданылатынына растауды сұрады. Осы мүшелер мемлекеттік сатып алу жөніндегі қазақстандық заңнамаға сәйкес сатып алынатын

тауарлар мен көрсетілетін қызметтер коммерциялық нарықта қайта сатылмайтынын немесе коммерциялық сату үшін тауарлар өндіру және қызметтер көрсету үшін пайдаланылмайтынын растауды сұрады.

947. Қазақстан өкілі мемлекеттік мақсаттар үшін, бірақ коммерциялық қайта сату мақсатында немесе коммерциялық сату үшін тауарлар өндіру мен қызметтер көрсету үшін пайдалану мақсатында сатып алынбаған, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет бақылауындағы кәсіпорындардың сатып алуына қатысты ДСҰ-ға кірген күннен бастап мұндай сатып алу және сату 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі ДСҰ бас келісімінің III:8 (а) бабының және Қызметтер саудасы жөніндегі ДСҰ бас келісімінің XIII:1 бабының мағынасы бойынша "мемлекеттік сатып алу" ретінде қаралмайтынын растады, осылайша, Қазақстан мен ЕАЭО-ның құзыретті органдары ДСҰ келісімінің барлық қолданылатын ережелеріне сәйкес болатынын айтты. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

948. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстаннан ол ДСҰ-ға кіргеннен кейін дереу ұйымдар бойынша ұсыныстар жасау жолымен Мемлекеттік сатып алу жөніндегі ДСҰ келісіміне қосылу туралы келіссөздерді бастайтыны жөнінде міндеттеме қабылдауды талап етті.

949. Қазақстан өкілі, Қазақстанның Мемлекеттік сатып алу жөніндегі ДСҰ келісіміне қосылу және бұл туралы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитетке Қазақстан ДСҰ-ға кірген күні хабарлау және осы күнге өзінің мемлекеттік органдары жарияланған заңдарға, қағидаларға және ұсынымдарға сәйкес ашықтылық қағидаты негізінде шарттар жасасуын қамтамасыз ету ниетін растады. Ол, сондай-ақ Қазақстан Мемлекеттік сатып алу жөніндегі ДСҰ келісімі бойынша байқаушы дәрежесін алу туралы сұрау салуды ДСҰ-ға кірген күні жіберетінін және ДСҰ-ға кіргеннен кейін төрт жыл ішінде I Қосымшаның бекітілген нысанында ұсыну жолымен Мемлекеттік сатып алу жөніндегі ДСҰ келісіміне қатысу туралы келіссөздерді бастайтынын растады. Ол, келіссөздердің нәтижесі Қазақстан мен Келісімнің басқа мүшелерінің мүдделерін қанағаттандырса, Қазақстан осы Келісімге қосылатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

950. Қазақстан өкілі Қазақстан Үкіметінің коммерциялық сату (қайта сату) мақсатында тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сатып алатын мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын кәсіпорындардың, яғни мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын кәсіпорындардың сатып алуын "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның қолданылу аясынан шығару мақсатында мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға енгізілетін өзгерістер әзірлеп жатқаны туралы хабардар етті. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына тиісті өзгерістер Қазақстан ДСҰ-ға кіру күніне қарай енгізіледі.

Транзит

951. Қазақстан өкілі Қазақстан 1994 жылғы ГАТТ V бабының ережелеріне сәйкес еркін транзит ұсынатынын айтты. Ол сондай-ақ Қазақстанның Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен Кеден одағына немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы бұрын қабылданған қағидаттардың негізгі кезеңдеріне әсер етпегендігін айтты. А 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан аумағы арқылы транзитпен өтетін тауарларды кедендік бақылау 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағы Кеден кодексі туралы шарттың (бұдан әрі – КО Кеден кодексі) 32-тарауына негізделген. "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы 269-IV Қазақстан Республикасы Кодексінің транзиттік бақылауға қатысты ережелері КО Кеден кодексіне қайшы келмейтін шамада қолданысын жалғастырып жатыр.

952. Атап айтқанда, КО Кеден кодексінің 215-бабында кедендік транзит – бұл шетелдік тауарларға (яғни ресейлік те, беларусьтік те, қазақстандық та емес) қолданылатын кедендік режим екендігі бекітілген; (i) кіру нүктесі мен ЕАЭО кедендік аумағынан шығу нүктесі арасындағы кедендік бақылаумен ЕАЭО-ның кедендік аумағынан өтетін (яғни, транзит ЕАЭО кедендік аумағының шекарасы шегінен тыс басталатын және аяқталатын тауар маршрутының бір бөлігін білдіреді); (ii) ЕАЭО-ға аумағына кіру нүктесінен ЕАЭО-ның кедендік аумағындағы кедендік бекетке дейін; (iii)) ЕАЭО-ның ішкі кедендік аумағының кедендік бекетінен ЕАЭО-ның кедендік аумағының шегінен тыс жердегі нүктеге дейін; және (iv) ЕАЭО аумағындағы екі кедендік бекеттің арасы. Кедендік транзиттің кедендік рәсімі халықаралық поштамен, құбыржолмен және электр беру желілері арқылы тасымалданатын тауарларға қолданылатыны қосымша көзделген. Кедендік транзит кезінде тауарларға кедендік баждар мен салықтар салынбайды немесе мыналарды қоспағанда қандай да бір экономикалық шектеулер мен тыйымдар қолдануға жатпайды: (i) бірыңғай тізбенің 1-кіші бөлімінде тізбеленген, "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы" КО комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 132 шешімімен бекітілген және "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" Алқаның 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімімен қайта бекітілген үшінші елдермен саудадағы импорт пен экспортқа тыйымдар және шектеулер қолданылатын және осы Баяндаманың 6-қосымшасына енгізілген тауарларға қатысты қолданылатын шектеулер; (ii) осы Баяндаманың "Санитариялық және фитосанитариялық шаралар" бөлімінде сипатталған СФС шаралар; (iii) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімін орындау үшін Қазақстан қолданатын шектеулер.

953. ЕАЭО пен Қазақстанның заңдарына, заңнамалық актілеріне және нормаларына және Қазақстан кірген басқа да халықаралық келісімдерге сәйкес транзитіне тыйым салынған тауарларды қоспағанда, кез келген шетелдік коммерциялық тауарлар халықаралық кедендік транзиттің нысанасы бола алады. Дегенмен, КО бөлек

келісімімен, яғни 2010 жылғы 21 мамырдағы және 2010 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген "КО кедендік аумағы арқылы теміржол көлігімен тасымалданатын тауарлардың кедендік транзитінің ерекшелігі туралы" келісіммен ЕАЭО аумағы бойынша теміржол арқылы транзитпен тасымалданатын тауарларға ерекше бақылау белгіленген. Сонымен қатар, КО Кеден кодексінің 215-бабында шартталғандай, кедендік транзиттік рәсім, егер халықаралық рейсті орындайтын әуе кемесі тауарларды ішінара бөлшектемей (түсірмей) аралық қонса немесе қажеттілігі бойынша қонса (техникалық себептермен қонса), авиакөлікпен тасымалданатын тауарларға қолданылмайды. Ол ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің тауарлары ЕАЭО ішіндегі жөнелту пунктінен үшінші елдер арқылы ЕАЭО аумағына кіру нүктесіне дейін тасымалданса, осы тауарларға кедендік транзит қолданылуы мүмкін екендігін қосымша айта кетті. ЕАЭО-ның бір елінен шыққан және ЕАЭО-ның екінші елінің аумағы арқылы экспортталатын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің тауарлары экспорттың кедендік режимінің қолданылу аясына түседі және, егер Комиссия өзгеше шешпесе, транзиттің кедендік режимінің қолданылу аясына түспей ЕАЭО аумағы арқылы тасымалданады.

954. Ол кейіннен КО Кеден кодексінің 216-бабына сәйкес, егер мынадай шарттар орындалса, тауарларды кедендік транзиттің кедендік рәсімімен орналастырылатынын нақтылады: (i) бұл тауарларды ЕАЭО кедендік аумағына әкелуге тыйым салынбаған; (ii) ЕАЭО-ның кедендік шекарасы арқылы тауарларды тасымалдауға қойылатын барлық талаптардың (егер осындай болса) орындалғанын растайтын құжаттар ұсынылған; (iii) егер тауарлар межелі орында осындай тексеру нысанасы болып табылса, аумаққа кіру нүктесінде кедендік бақылау рәсімдері мен мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлері; (iv) транзиттік декларация ұсынылған (яғни, тауарлар декларацияланған); (v) КО Кеден кодексінің 217-бабына сәйкес кедендік транзитке кепілдік беретін шаралар қабылданған; (vi) КО Кеден кодексінің 109-бабына сәйкес тауарлардың сәйкестігі қамтамасыз етілген; және (vii) егер тауарлар кедендік мөрлермен тасымалданса, халықаралық көлік құралы тиісінше жабдықталған және жарақталған. КО Кедендік кодексінің 156-бабына сәйкес алдыңғы сөйлемнің (vii) тармағында көрсетілген талаптар теңіз немесе өзен көлігімен немесе көлігімен тасымалданатын, ЕАЭО-ның кедендік аумағында орналасқан порттарда немесе әуежайларда тоқтамай ЕАЭО-ның кедендік аумағын кесіп өтетін тауарларға немесе құбыржолдар және электр беру желілері арқылы тасымалданатын тауарларға қолданылмайды.

955. 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап көлік құралдарының транзитіне салынатын транзиттік баждар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 461-бабымен реттеледі. Салық кодексінің 461-бабына сәйкес автомобиль жолдарымен халықаралық жүктерді тасымалдайтын шетелдік көлік құралдары үшін транзиттік алымдар он айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде тіркелген. 2014 жылы транзиттік алым 18 520 теңгеге (шамамен 100 АҚШ доллары) жетті. Теміржол

транзитіне қатысты Қазақстан өкілі Қазақстан Халықаралық Транзиттік Тарифтер (ХТТ) туралы келісімнің және Бірыңғай Транзиттік Тариф (БТТ) келісімінің мүшесі болып табылатыны мәлімдеді. Осылайша, тауарларды транзиттік тасу мөлшерлемесі осы халықаралық келісімдердің қағидаттарына сәйкес белгіленеді және кемсітпеушілік негізде есептеледі. Транзит мөлшерлемесінің жоғары шегі осы келісімдерде белгіленген қағидаттарға есептеледі және Келісімдердің қатысушылары жыл сайын белгілейтін шектен төмен қолданылатын тарифті белгілейді. Кейбір теміржолдар/межелі пункт үшін транзит мөлшерлемесі дара болып табылады әрі тауарлардың шығу тегіне қарамайды. Тұтастай алғанда, транзиттік тарифтік саясат елдер арқылы өтетін халықаралық транзиттік маршруттардың бәсекелестік мүмкіндігіне байланысты болады және мөлшерлемені осындай елдер бірлесіп белгілейді (осы Баяндаманың "Баға белгілеу саясаты" бөлімінің "Экономикалық саясат" II тарауын қараңыз).

956. Қазақстан өкілі 2010 жылғы 1 шілдеден бастап КО Кеден кодексінің 217-бабына сәйкес кедендік транзитке сәйкестікті қамтамасыз ету шаралары мыналарды қамтитынын айтты: (i) КО Кеден кодексінің 12-тарауына сәйкес шетелдік тауарларға қатысты кедендік баждар, салықтар төлеу кепілдігі; (ii) кедендік алып жүру; (iii) жүктерді тасымалдауға арналған маршруттардың болуы (жоғарыда аталған шараларға қосымша ретінде ғана қолданылады). Кедендік алып жүру мөлшерлемесі және сәйкес рәсімдер осы Баяндаманың "Тауарлармен саудаға әсер ететін саясат" тарауы "Импортты реттеу" (А) бөлімінің "Көрсетілген қызметтер үшін алынатын алымдар мен төлемдер" кіші бөлімінде сипатталады.

957. КО Кеден кодексінің 218-бабына сәйкес кеден органдарының тауарларды мынадай жағдайларда кедендік алып жүрумен кедендік транзитке орналастыруға құқығы бар:

- тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде анықталған;
- кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ұсынылмаған;
- егер көрсетілген қаулылардың ең болмағанда, біреуі орындалмаса, тасымалдаушы әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы заңды күшіне енген қаулылармен белгіленген кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде міндеттерді бірнеше рет орындамаған;
- тасымалдаушы осы КО Кеден кодексінің 227-бабына сәйкес кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндетті орындамаған.

958. Ол бұлардың кедендік алып жүру жүзеге асырылуы мүмкін барлық міндеттемелер екендігін және бұл міндеттемелер тізбесінің КО Кеден кодексіне түзетулер енгізу немесе тиісті ішкі заңнама белгілеу арқылы өзгеруі мүмкін екенін растады. Тауарларды кедендік алып жүру кедендік транзиттің тиісті рәсімінің сақталуын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылуы тиіс. Кедендік алып жүрумен байланысты шығыстар Қазақстанның салық мен алымдар туралы заңнамасына сәйкес алынатын кедендік алымдар нысанында толық өтеледі.

959. Қазақстан өкілі кедендік транзитке арналған кепілдіктер КО Кеден кодексінің 85 – 88-баптарымен реттелетінін түсіндірді. Бұл ережелер кепілдіктердің кедендік баждар мен төлемдердің төленуін орындау үшін қажет екендігін белгілейді, оған мыналар қосылмайды: i) кедендік алып жүру рәсімін қолдану; ii) Қазақстанның уәкілетті кедендік көлік операторының және тіркелген экономикалық оператордың транзиті; немесе iii) Қазақстанның халықаралық транзит міндеттемелерін халықаралық шарттармен, оның ішінде өзгелерді бекітетін автомобиль көлігі жөніндегі конвенцияны реттеу жағдайларында. Беру желілері, құбыржолдар, теміржол көлігі арқылы транзит кедендік кепілдіктерден босатылады. Төлеушінің кепілдіктердің мынадай құралдарын таңдауға құқығы бар: i) ақшалай қаражат; ii) банк кепілдіктері; iii) кепілдемелер; iv) мүлік кепілдігі; немесе ЕАЭО-ға мүшелердің ұлттық заңнамаларында көзделген басқа да құралдар. Қазақстан өкілі мүшелерді КО Кеден кодексінің 88-бабы кепілдіктер құнын бағалау қағидаларын айқындайтыны туралы хабардар етті және кепілдіктердің төленетін кедендік төлемдер мен салықтарға жақын екенін атап өтті. Ол одан әрі кедендік транзит жөніндегі кепілдіктер ашық түрде және кемсітпеушілік тәсілмен қолданылатынын түсіндірді және оның пікірі бойынша бұл еркін транзит туралы 1994 жылғы ГАТТ V бабының талаптарына сай келеді.

960. Кепілдіктердің қайтарылуы туралы сұраққа жауап бере отырып, ол КО Кеден кодексінің 85-бабына сәйкес 2010 жылғы 1 шілдеден бастап кедендік баждар мен алымдарды төлеу кепілдігін кеден органы барлық міндеттемелердің орындалғанын анықтағаннан кейін немесе міндеттемелер туындамаған жағдайда қайтарылатынын айтты.

961. Жұмыс тобы мүшесінің Қазақстанның ұлттық заңнамасындағы кедендік транзит саласындағы КО Кеден кодексін іске асыру туралы сұрағына жауап ретінде Қазақстан өкілі Қазақстанның Кеден кодексінің 38-тарауы КО Кеден кодексінің кедендік транзит саласындағы ережелерін көрсететінін хабарлады. Ол Қазақстанның Кеден кодексі КО Кеден кодексінің ережелерін, кедендік мәселелер бөлігінде ЕАЭО-ның құқықтық құралдарын және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық құзыретіндегі КО Кеден кодексіне қалдырылған жағдайларды қамтитынын түсіндірді. Негізінен, Қазақстанның Кеден кодексінің 319-бабы КО Кеден кодексінің 215-бабын бір құрамда біріктіреді.

962. Қазақстан өкілі Қазақстан жүк тасымалдағаны, жолмен, теміржолмен және әуе көлігімен транзит үшін алымдарды реттейтін сияқты тауарлар транзитін (энергияны қоса алғанда) реттейтін өз заңдарын, қағидаларын және өзге де шараларын, сондай-ақ 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің V бабының ережелеріне және ДСҰ келісімінің тиісті ережелеріне сәйкес өзге де алымдар мен кедендік баждарды қолданатынын растады. Қазақстан өкілі одан әрі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен бастап транзитпен байланысты осындай алымдар мен кедендік төлемдерді қолдану мен олардың деңгейіне қатысты барлық заңдар мен қағидаларды жариялайтынын растады.

Мүдделі мүшенің жазбаша сұрау салуын алғаннан кейін Қазақстан аталған мүшеге кедендік төлемдер мен кедендік алымдар алудан түсетін кірістер туралы және тиісті қызметтер көрсетуге кететін шығыстар туралы ақпарат береді жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

Қарсы сауда және мемлекет рұқсат берген айырбас мәмілелер

963. Қазақстан өкілі айырбас саудасын Үкімет реттемейтінін атап өтті. Қарсы сауданы және айырбас мәмілелерді жүзеге асыру үшін Үкіметтің рұқсаты талап етілмейді. Оның үстіне, айырбас саудасы мүмкін болған жағдайда ондағы айналыстағы тауарларға қалыпты арналар арқылы импортталатын ұқсас тауарларға қатысты қолданылатын тарифтік және тарифтік емес реттеу тетіктерінің күші қолданылады. Мысалы, Қазақстан осындай мәмілелерге қатысты әдеттегі арналар арқылы әкелінетін тауарларға қатысты қолданылатын ДСҰ нормаларына негізделген кедендік бағалаудың ұқсас жүйесін қолданады, яғни әкелінетін тауардың нарықтық құнын айқындау мүмкін болмағанда, тауардың құны реттілік тәртіппен қолданылатын, 1994 жылғы ГАТТ VII бабын қолдану туралы ДСҰ келісінде көзделген құнды айқындаудың басқа да әдістерінің бірі негізінде айқындалады. Кез келген айырбас мәмілелер және қарсы сауда қатысатын тараптардың арасындағы уағдаластық негізінде ғана жүзеге асырылады.

- Ауыл шаруашылық саласындағы саясат

(a) Импорт

964. Қазақстан өкілі 2013 жылы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдері импортының көлемі 1,6 млн тоннаны құрғандығын атап өтті, бұл көрсеткіштің жалпы сомасы 1,3 млрд АҚШ долларын құрайды, атап айтқанда: жемістер, көкөністер, құс еті, тірі малдар, сүт өнімдері және басқалары. Сыртқы экономикалық қызмет үшін жауапты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып табылады.

965. Қазақстан өкілі ауыл шаруашылығы өнімдерінің импорты, ауыл шаруашылығына жатпайтын тауарларға қолданылатын басқа да жалпы ережелер, шаралар және рәсімдермен реттелетінін және ауыл шаруашылығы өнімдеріне Бірыңғай кеден тарифінің мөлшерлемелері бойынша әкелім бажы салынатынын айтты. Өсімдіктердің, жануарлар мен олардан алынған дайын өнімдердің импорты ЕАЭО туралы шартқа, Кеден одағы комиссиясының және ЕАЭО шешімдеріне, ЕАЭО басқа да құқықтық актілері және ұлттық заңнамаға сәйкес (толығырақ ақпарат алу үшін осы Баяндамадағы "Санитариялық және фитосанитариялық шаралар" бөлімін қараңыз) санитариялық және фитосанитариялық негіздегі талаптарға сәйкес болуы тиіс. Тыйым салулар немесе сандық шектеулер ешқандай ауыл шаруашылығы өніміне қатысты қолданылған жоқ.

966. Қазақстан тарифтік квоталарды 2010 жылы ЕАЭО-ның кеден аумағына үшінші елдерден сиыр, шошқа және құс етін әкелу мақсатында енгізді (осы Баяндаманың "

Тауарлар саудасы саласындағы саясат" IV тарауының "Импорттық реттеу" А бөлімін, "Тарифтік квоталар" бөлігін қараңыз).

(b) Экспорт

967. Қазақстан өкілі, 2013 жылы Қазақстан Республикасынан ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі 5,8 млн тоннаны құрағандығын айтты, сөйтіп оның көрсеткіші 1,6 млрд АҚШ долларын құраған, атап айтқанда: астық, майлы дақылдардың тұқымдары, арпа, күріш, кептірілген жемістер, балық, жүгері және басқалары.

968. Қазақстан өкілі ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты ауыл шаруашылығы өнімдеріне жатқызылмайтын тауарлардың экспортынан қандай да бір айырмашылығы жоқ екендігін айтты. Ол, үй жануарлардың терісі мен жүніне экспорттық баж салынады деп қосты. Тыйым салулар, сандық шектеулер, квоталар, ең төмен экспорттық бағалар және лицензиялау бойынша талаптар ауыл шаруашылығы өніміне қолданылмайды (осы Баяндаманың "Тауарлар саудасы саласындағы саясат" IV тарауының "Экспорттық реттеу" (B) бөлімін қараңыз).

969. қашықтық 1200 км құрайды, жұмсалатын көлік шығындарының көлемі м/тоннасына 130 АҚШ долларын құрайды. Қытай арқылы немесе осы елге тасымалданатын бидай көлемі айтарлықтай көп емес және қазақстандық бидай экспортының жалпы көлемінің 3% аспайтын бөлігін ғана құрап отыр.

970. Сонымен қоса, Қазақстанның өкілі, Қазақстанның экспорттық субсидиялар жөніндегі сұратулары Ресей Федерациясы аумағы арқылы өтетін бидай тасымалдаумен байланысты шығындарға негізделіп отырғандығын және бұл Қазақстан Үкіметі үшін отандық ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қолдау көрсету, яғни әлемдік нарыққа шығу жолындағы жоғары мөлшерлі көлік шығындарын төмендету түрінде қолдау жасау өте маңызды мәселелердің бірі екенін қосып айтты.

(c) Ішкі саясат

971. Қазақстан өкілі ауыл шаруашылығы саласына байланысты мемлекет саясаты жоспарлы экономика жылдары сала бойынша туындаған мәселелерді шешуге бағытталған, оның ішінде, баға мен пайда арасындағы құрылымдық теңгерімсіздік, рентабелдіктің төмендігі, өндіріс пен әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті мөлшерде дамымауы, технологиялық жаңғырту деңгейінің төмендігі, ауыл шаруашылық өндірісінің ұсақтығы, жеке инвестициялардың жоқтығы, білікті мамандар тапшылығы және т.б. Әрі қарай ол, туындап отырған осы проблемаларды шешу мақсатында төмендегідей нормативтік-құқықтық актілердің қабылданғанын айтты:

- "Агроөнеркәсіптік кешен және ауыл аумақтарын дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 8 шілдесіндегі № 66-III Заңы;

- "Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған "Агробизнес 2020 бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 ақпандағы № 151 қаулысы.

972. "Агроөнеркәсіптік кешен және ауыл аумақтарын дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі №66-III Заң АӨК және ауыл аумақтарын дамытуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асырудың құқықтық негізін белгілейді. "Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған "Агробизнес 2020" бағдарламасын бекіту туралы" Үкіметтің 2013 жылғы 12 ақпандағы қаулысымен бекітілген бағдарлама мемлекеттің ауыл шаруашылығы саласын тұрақты және бәсекеге қабілетті етіп дамытуға бағытталған аграрлық сектордағы орта және ұзақ мерзімді саясатының негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға арналған басты қадам болып табылады.

973. Қазақстан өкілі ауыл шаруашылығы Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуында маңызды рөлге ие болып отырған басты сектор екендігін атап көрсетті, себебі Қазақстан халқының 50%-ға жуығы ауылды жерлерде өмір сүруде. Еңбекке жарамды жастағы халықтың үштен бір бөлігі ауыл шаруашылығында еңбек етіп жүр және бұл мәселе елдегі кедейлікпен күрес және азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты мәселелерді шешу кезінде де айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Үкіметтің алдында тұрған басты мақсаттардың бірі экономиканы әртараптандыру жөніндегі стратегия аясында аграрлық сектордың өнімділігін арттыру болып табылады. Қазақстан Үкіметі республикалық деңгейде болсын, жергілікті деңгейде болсын аграрлық секторға қолдау көрсетуде. "Жасыл себет" шараларының аясында қарастырылатын шаралар негізінен ауыл шаруашылығы зиянкестерімен және ауру түрлерімен күрес жүргізуге және инфрақұрылымдық қызмет көрсетулер түрлеріне қатысты болып табылады. "Сары себет" аясындағы қолдау, негізінен, төмендегідей түрлермен жүзеге асырылды: (i) ауыл шаруашылығы өнімдерін тікелей ауыл шаруашылығы өндірушілерінен сатып алу мақсатында республикалық бюджеттен қаражат бөлу арқылы келесі бағдарламалар бойынша жүзеге асырылатын нарықтық бағаға қолдау көрсету: (а) мемлекеттік резервке сатып алу (бидай) және; (б) ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қолдау көрсету үшін жүргізілетін сатып алулар (ауыл шаруашылығы дақылдары, мал шаруашылығы өнімдері) ; (ii) жанар-жағар май материалдары, су, құрамажем, асыл тұқымды мал, элиталық тұқымдар және минералды тыңайтқыштар (тыңайтқыштар мен пестицидтер) секілді ауыл шаруашылығы өндірісі факторларына байланысты жұмсалатын шығын көлемін азайту; және, (iii) нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелері бар жеңілдікпен берілетін кредиттер.

974. Бұдан әрі ол, Үкімет тарапынан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары аграрлық секторда көптеген нарықтық реформалардың жүргізіліп жатқандығына қарамастан, саланы дамыту деңгейінің әлі де болса реформаға дейінгі көрсеткіштерге жете алмай келе жатқандығын, әсіресе, бұл мал шаруашылығы секторында анық байқалатындығын атап өтті. Мысалы, мүйізді ірі қара мал басы 1991 жылдың деңгейімен салыстырғанда 40% төмен. Бұл төмендеу көрсеткіші ірі қара мал санының 80% астамы негізінен қол еңбегі мен сапасы төмен малды пайдаланатын тұрғындардың

жеке шаруашылығында болуан туындап отыр. Қазақстандық сиырлардың өнімділігі орта есеппен индустриалды өндірісі дамыған елдермен салыстырғанда 4 есеге дейін төмен (Қазақстанда – бір сиырдан жылына 2000 литр сүт алынатын болса, индустриалды дамыған елдерде – бұл көрсеткіш 7000 литрден асады).

975. Өсімдік шаруашылығы саласына қатысты, Қазақстан өкілі Қазақстан ауыл шаруашылығы дақылдарын құрғақ және қатал континентальды климат жағдайында қатерге баруға тура келетін аймақта өсіріп отырғанын айтты. Осы себепті, бірнеше жыл қатарынан Қазақстанның қуаң жерлерінің көлемі елдің жалпы аумағының 86% құрап отыр. Қазіргі уақытта Қазақстандағы суармалы жерлердің аумағы 1991 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 1,5 есеге дейін төмен. 800 мың гектарға жуық жер төмендегі себептерге байланысты пайдаланылмайды: (i) топырақ құрамындағы тұздар концентрациясының жоғары болуы; (ii) ирригациялық және дренажды жүйелердің нашарлап кетуі; (iii) су ресурстарының жеткіліксіздігі; (iv) қаржы ресурстары мен заманауи құрал-жабдықтың тапшылығы. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің 90% жуығын шағын фермалар мен жекеменшік қосалқы шаруашылықтар құрайды, олар жоғары сапалы тұқым алуда, заманауи ауыл шаруашылық құрал-жабдықтарын және заманауи қарқынды өндіріс жүргізу үшін қажет болып табылатын басқа да өндірістік ресурстарға қол жеткізуде көптеген қиындықтарға тап болып жатады. Осындай факторлардың бәрі де топырақ сапасының нашарлап кетуіне әкеліп соқты, мысалы, қолданыста жүрген жер телімдерінің 74% қанағаттанарлықсыз жағдайда. Бұған қоса, қазіргі кезде ауыл шаруашылығы үшін жарамды болып табылатын жерлер жаһандық экологиялық апат болып табылатын – Арал теңізінің құрғап кетуі салдарынан да зардап шегіп отыр. Арал теңізінің тартылуы оған жақын жатқан жерлердің тұзданып кетуіне, деграациялануына және шөл далаға айналуына себеп болуда, ал бұл аталған жерлердің бәрінде де ауыл шаруашылығы секторы қамтылған.

976. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кіру үдерісі барысында Қазақстанның 1996-1998 жылдардан бастап 2006-2012 жылдарға дейінгі ауыл шаруашылығы секторындағы экспорттық субсидиялар және ішкі қолдау көрсету мүмкіндіктері бойынша ақпарат ұсынған болатын. Қазақстан 2010-2012 жылдары ең соңғы және одан кейінгі базалық кезеңді өткерді, бұл кезеңде елдің ішкі қолдау көрсету мүмкіндіктері есептелді және экспорттық субсидиялар туралы деректер ұсынылды. Бұдан кейін өкіл, ол ішкі қолдау көрсету пакетінің ауыл шаруашылығы секторындағы ағымдағы мәселелерін шешуге бағытталған Мемлекеттік "Агробизнес 2020" бағдарламасымен қарастырылған іс-шараларды дамытуға мүмкіндік беретін қолдау көрсету деңгейіне негізделгендігін атап айтты.

977. Ұйымға мүшенің бірі Қазақстанның "жасыл себет" аясында шығыстарын ұлғайту мүмкіндігін қарастыра ма, деп сұрақ қойды. Бұған жауап ретінде, Қазақстан өкілі "Агробизнес 2020" бағдарламасын жүзеге асыру барысында секторды жалпы қаржыландыру көлеміне шаққанда жасыл себетке қолдау көрсету үлесін арттыру

жоспарланғанын айтты. Негізгі басымдық сектордың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне қолдау көрсететін шараларға беріліп отыр. Бағдарлама төмендегідей нақты мақсаттарға бағытталған: (i) келесі салалар бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған қызмет түрлері мен негізгі ресурстарға қол жеткізу мүмкіндіктерін жақсарту: өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісі, мал шаруашылығын дамыту, астық сақтау орындары, сумен қамтамасыз ету қызметтері, қаржы қызметтері, инвестициялық жобалар, білім беру қызметтері, ауыл шаруашылығын зерттеу және консультациялар беру қызметтері; (ii) фитосанитариялық және ветеринариялық қауіпсіздік жүйелерін жақсарту; (iii) сумен қамтамасыз ету жүйелерін салу; (iv) тыңайтқыштардың сапасын жақсарту және ақпараттық қызмет түрлерін жіктеу және жетілдіру тиімділігін арттыру; (v) органикалық жер игеруді дамыту; (vi) ауыл шаруашылығы зерттеу жұмыстары; және (vii) сумен қамтамасыз ету жүйелері. Бұған қоса, құрғақшылық қаупінің болуына байланысты жерді пайдаланушылар мен мал шаруашылығы саласында жүргендер жасанды су жүйелеріне тәуелді болып отыр. Туындап отырған мәселелерді шешу үшін, бағдарлама алыстағы мал шаруашылықтары үшін ирригациялық жүйелер құрылысын қарастырды және тиісті нормативтік-құқықтық базаны нығайту мәселелерін алға қойды.

978. Жұмыс тобының кейбір мүшелерінің ауыл шаруашылығы тәжірибесіне байланысты Кеден одағының құқықтық базасы туралы неғұрлым толығырақ ақпарат беру жөніндегі өтініштеріне жауап ретінде, Қазақстан өкілі 2014 жылдың 29 мамырындағы ЕАЭО шартына "Ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсету шаралары туралы хаттама" № 29 қосымшасы аталған саясатқа негіз болып табылатынын атап көрсетті. Бұл Қосымша ЕЭК-тің ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсетудің бірыңғай тәртібі туралы келісімін алмастырды, бұл Келісім 2010 жылдың 8 желтоқсанында КО Комиссиясының №482 шешімімен қабылданған және ЕАЭО туралы шарт 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енгеннен бастап өзінің күшін жойған болатын. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО туралы шарт ЕАЭО мүше болып табылатын елдердің өзара саудасына әсер ететін ауыл шаруашылығы түрлеріне мемлекеттік қолдау көрсету шараларын ұсынудың бірыңғай ережелерін белгіледі және ДСҰ ауыл шаруашылығына жөніндегі келісімдерінің басты ережелерін өзара жинақтады. Атап айтқанда, ЕАЭО туралы шарт ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсету шараларын үш санатқа бөліп көрсетеді: (i) ЕАЭО мүше болып табылатын елдер арасындағы ауыл шаруашылығы тауарлары саудасын бұрмаламайтын шаралар; (ii) сауда жағдайларын біршама бұрмалайтын шаралар; (iii) сауданы бұрмалайтын шаралар. ЕАЭО туралы шарт, сондай-ақ н жоғарыда аталған мемлекеттік қолдау көрсету санаттарын ЕАЭО мүше елдердің қолдануы үшін талаптар белгілейді. Бірінші санатқа жататын шараларды ЕАЭО мүше мемлекеттер ұсына алады. Екінші санатқа жатқызылатын шараларды өзара сауда барысында пайдалануға тыйым салынады. Үшінші санат шеңберінде ЕАЭО мүше елдерде мемлекеттік қолдау көрсету

деңгейі ("Жасыл себет" шаралары) ЕАЭО мүше елдердегі өндірілген ауыл шаруашылығы тауарларының жалпы құнының 10% аспауы тиіс. ЕАЭО туралы шарт сондай-ақ, ЕАЭО мүше болып табылатын ел ДСҰ-ға кіргеннен кейін, бұл мүше мемлекеттің міндеттемелері ДСҰ алдында басым болатындығын қарастырады.

979. Қосымша беріліп отырған DS:1 кестесінде көрініс тапқан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы мемлекеттік резервтер құруға бағытталған шаралар арасындағы және DS:5 (мемлекеттік резервке сатып алу үшін нарықтық бағаларға қолдау көрсету) шаралар арасындағы өзара байланыстар мәселелері туралы сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі қорға сатып алуға байланысты акцияларға қоғамдық тұрғыда иелік ету мүмкіндіктерін құру және қосымшаларында көрсетілген шаралар арасындағы өзара байланысты көрсете аласыз ба деген сауалға Қазақстан өкілі астыққа арналған мемлекеттік резерв жыл сайын "Азық-түлік Келісімшарт Корпорациясы" арқылы жаңартылып отыратындығын, ол азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік резерв құру, оны жаңарту және бөлу жөніндегі үкімет агенті функциясын атқаратынын айтты.

Мемлекеттік резервтерді сақтау және жекеменшік астық қабылдау кәсіпорындарынан "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" басқаратын астық қабылдау кәсіпорындарына тасымалдау DS:1 кестесінің қосымшасында көрсетілген. Мемлекеттік қор үшін сатылып алынған бидайдың сатып алу бағасы мен бидайға байланысты белгіленген сыртқы бағаның арасындағы айырмашылық DS:5 кестесіне қосымшада көрсетілген.

Бұдан әрі Қазақстан өкілі астықты мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік қордан әкімшілік бағаларға сәйкес сату көрсеткіштерінен тұратын ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламасының ДСҰ ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімінің 2-қосымшасы 3-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес келмейтіндігін көрсетті. Осыған байланысты, бұл қолдау көрсету шарасы Қоса ұсынылған DS:5 кестесінде Біріктірілген қолдау көрсеткіштерінің есебіне енгізілді.

деАМП бірге есептеуге жатқызылды. Мемлекеттік астық қорын жаңарту және астықты сақтау жөніндегі қызмет түрлеріне байланысты бюджеттік шығыстар бұл резервте транспаренттілік мақсатында Қоса ұсынылған DS:1 кестесінде берілген.

980. Кейбір Жұмыс тобыны мүшелердің пікірінше, Қоса ұсынылған DS:9 кестесінде көрсетілген бірқатар шаралар тауарлық-спецификалық емес қолдау көрсету ретінде сыныпталуы мүмкін, себебі олар белгілі бір өніммен бірігеді болмаса барлық ауыл шаруашылығы өнімдеріне қолайлы ықпал ете алмайды. Жұмыс тобының осы мүшелер келесі шараларға сілтеме жасады: (i) минералды тыңайтқыштарға, тұқым дәрілеріне, және гербицидтерге байланысты субсидиялар; (ii) ЖЖМ субсидиялары; (iii) құрама жемге арналған субсидиялар; (iv) асыл тұқымды мал шаруашылығына арналған субсидиялар; (v) элиталық тұқымдарға байланысты субсидиялар.

981. Қазақстан өкілі жоғарыда көрсетілген бағдарламаның белгілі бір ауыл шаруашылығы дақылы немесе мал шаруашылығы өнімі үшін қарастырылып отырмағандығын айтты. Сол себепті, бұл бағдарламалар бойынша субсидиялар өсімдік шаруашылығы немесе мал шаруашылығы үшін деп бөліне алмайды. Мысалы, минералды тыңайтқыштарға, тұқым дәрілеріне, және гербицидтерге байланысты субсидиялаға қатысты, ол бұл субсидиялардың субсидияланған бағалар бойынша ауыл шаруашылығы өндірушілеріне ауыл шаруашылығы химикаттарын жеткізушілер тарапынан сатылатын химиялық өнімдердің бағасын ішінара өтеу арқылы жүзеге асырылатындығын айтты. Субсидиялар Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілеген нормативтер шегінде, тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің, және гербицидтердің әрбір түріне төленеді. Бағдарлама ауыл шаруашылығы дақылдарына байланысты әрбір дақыл түрі бойынша субсидиялармен қамтамасыз етпейді.

982. Өкіл мемлекет ішінара құрама жемнің құнын қайтарып беретінін айтты. Бұл субсидиялар ауыл шаруашылығы өндірушілеріне сататын сиыр, шошқа және тауықтардың нақты саны негізінде (таза салмағы бойынша) беріледі. Шекті нормативтерді Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілейді.

983. Асыл тұқымды мал басына төленетін субсидияларға қатысты ауыл шаруашылығы өндірушілері сататын келесі өнім түрлері құнын мемлекет ішінара қайтарып бергендігін айтылды: асыл тұқымды мал өсіру; асыл тұқымды жұмыртқа; тұқым мөлшерлемесі. Сонымен қатар, келесі шаралардың жүзеге асырылуына байланысты жұмсалған қаражаттың толық көлемде орнын толтыру қамтамасыз етілген: асыл тұқымды бұқаларды сатып алу және өсіру; асыл тұқымды бұқалардың эмбриондары мен шәуеттерін сатып алу, сақтау және іске жарату; өсіру үшін құс балапандарын сатып алу; селекция орталықтарынан асыл тұқымды қойларды сатып алу және өсіру; үй құстарын өсіру орталықтарындағы құстар үшін азықтық жем-сатып алу; асыл тұқымды бизнесті дамытуға арналған арнайы зертханалық құрылғылар мен арнайы ауыл шаруашылығы технологиясын сатып алу; асыл тұқымды жылқыларды ұстау және дайындау.

984. Сонымен қоса, мемлекет бағасын төмендету мақсатында тұқым және жеміс ағаштарының көшеттеріне де субсидиялар ұсынады. Мұндай субсидиялар, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өндірушілері сатып алатын элиталық тұқымдардың бағасын төмендету үшін де беріледі.

985. Кейбір мүшелердің тауарлық-спецификалық емес деп сыныпталған белгілі бір бағдарламаларға қатысты алаңдаушылықтарына орай, қазақстандық өкіл бұл бағдарламалардың республикалық деңгейде де, жергілікті жеңгейде де әкімшілік бақылауға алынғандығын айтты. Нәтижесінде, Қазақстанда деректерді жинақтаудың бірыңғай жүйесі қалыптаспағандықтан аталған бағдарламалар шеңберінде өнім түрлері бойынша жергілікті атқарушы орандардан қандай да бір деректерді алғанда қиындықтар туындап отырады.

986. Қазақстан өкілі ауыл шаруашылығы өнімдеріне субсидия қолдануды, ДСҰ ауыл шаруашылығы бойынша келісімінің ережелерін, Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жөніндегі хаттамасына қосымша берілген Тауарлар бойынша шегінулер мен міндеттемелер тізбесінде (CLXXII) көрсетілген Қазақстанның ішкі қолдау көрсету және экспорттық субсидиялар бойынша міндеттемелерін қоса алғанда, ДСҰ ережелеріне сәйкес жүзеге асыратынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

987. Қазақстан өкілі, ДСҰ-ға кірген күннен кейін, Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығы өнімдеріне байланысты экспорттық субсидияларын Тауарлар бойынша басқаға берулер мен міндеттемелер тізбесінде (CLXXII) нөлдік деңгейден бастайтынын және ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты мұндай субсидиялар бермейтіндігін растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

988. Ауыл шаруашылығы бойынша ДСҰ келісімінің 6.2-бабын қолдануға қатысты, Қазақстан өкілі Қазақстан 6.2-бапта көрсетілген мемлекеттік шаралар түрінде қолдау көрсеткен кезде, осындай қолдаудың мөлшері Қазақстанның Ағымдағы жалпы біріктірілген қолдау көрсеткіші есебінде міндеттемелерден босатылмайтын болып енгізіледі. Сондай-ақ, Қазақстан өкілі Қазақстанның тиісті жыл ішінде ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы құнынан 8,5 пайыз мөлшеріне баламалы өнімге негізделген қолдау үшін де minimis-ті алып тастайтынын растады. Қазақстанның өкілі тиісті жыл ішінде ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы құнынан 8,5 пайыз мөлшеріне баламалы өнімге негізделмеген қолдау үшін de minimis-ті алып тастайтындығын растады. Тиісінше, бұл пайыздар ДСҰ ауыл шаруашылығы бойынша келісімінің 6.4-бабына сәйкес Қазақстанның de minimis-ті алып тастауы болып табылады. Сондай-ақ, ол Қазақстанның БҚК жалпы міндеттемелерінің деңгейі Қазақстанның тауарлар бойынша басқаға берулер мен міндеттемелері тізбесінің (CLXXII) IV бөлімі, I тарауында қарастырылғандығын айтты. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

989. Қазақстан өкілі Қазақстанның ДСҰ-ға кіру шарттарын ескере отырып, Қазақстанның ауыл шаруашылығы бойынша Доха даму күн тәртібі келіссөздері раундында және оның нәтижелерінде толықтай қатысатындығын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

- Азаматтық авиатехника саудасы

990. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстанға, ДСҰ-ға кіргеннен кейін, азаматтық авиотехниканың саудасы бойынша келісімге қосылу және азаматтық ұшақтар мен олардың жинақтауыштары импортына қойылатын баж салығының нөлдік мөлшерлемесін бекіту талабымен өтініш айтты. Жұмыс тобының аталған мүшелері азаматтық ұшақтардың сатылымы және лизингі қатынасында барлық ішкі салықтарды импортталған және отандық тауарлар, сонымен қатар үшінші жақтан әкелінген тауарлар арасындағы кемсітушіліксіз негізде қолдану талабын қойды. Ақыр соңында, импортталған азаматтық авиатехника мен оның жинақтауыштары бойынша Қазақстанның кедендік талаптарына, яғни, импортты лицензиялау, лизинг және

кедендік баж салықтарына қатысты, оның ішінде Қазақстанның ЕАЭО-қа мүшелігі тұрғысынан мұндай импорттаушы тауарлардың Қазақстан нарығында болуына қатысты қосымша ақпарат сұралды.

991. Жауап ретінде Қазақстан өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кіргенге дейін азаматтық авиотехниканың саудасы бойынша келісімге қосылуды жоспарламайтынын атап өтті. Қолданыстағы кедендік баж салықтары және импортты лицензиялаудағы талаптар ЕАЭО БКТ және ЕАЭО туралы шарттың 7-қосымшасына сәйкес келеді. Қазақстанда импортталатын азаматтық авиотехника мен оның жинақтауыштары үшін лицензия талап етілмейді. БКТ сәйкес, Қазақстан басқа да ЕАЭО-қа мүше мемлекеттер сияқты, қазіргі уақытта ұшақтардың белгілі түрлері, оның ішінде үлкен емес ұшақтар (яғни, орны-50-ден аз, 2000-20000кг), 300 адамнан асатын орыны бар ұшақтар, 50-300 орыны бар, салмағы- 90 000-120000 болатын ұшақтар, ірі ұшақтар (салмағы120000 кг-нан жоғары) импортына нөлдік кедендік мөлшерлемелер қолданады. Басқа да азаматтық жолаушылар ұшағы қатынасында, Қазақстан ЕАЭО-қа мүше басқа да мемлекеттер сияқты, қазірде 20% көлемінде БКТ қолданады. 12% көлеміндегі қосымша құн салығы ЕАЭО өндірілген және импортталған авиотехниканың сатылымы қатысында төленеді.

992. Сонымен бірге, КО Комиссиясының 2010 жылдың 18 маусымындағы №331 шешімі бойынша 8802 40 003 2, 8802 40 004 2, СЭҚ ТН кодтарымен жіктелетін, 50-111 орыннан 170-219 орынға дейінгі болатын, әкелінген кедендік баж салықтарынан шартты түрде босатылған ұшақтарды уақытша тасу қарастырылды. Келесідей шарттар сақталды: (i) импорттаушылар ішкі саудалық келісім шартқа отырды (яғни, лизингті келісімшарт); (ii) ұшақтар 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін, көрсетілген күннен 5 жылдан аспайтын мерзімде уақытша тасымалдың кедендік шараларына орналастырылды. Сонымен қатар, шешім бойынша әкелінген кедендік баж салықтарын төлеуден босатылған, орны 19-дан аспайтын, шетелдік тұлғалардың меншігіндегі және ЕАЭО кедендік аумағында коммерциялық емес ұшулар үшін қолданылатын азаматтық жолаушылар ұшағы (СЭҚ ТН кодтары 8802 30 000 2 және 8802 40 001 1) импорттары қарастырылған.

993. Қазақстан өкілі ЕЭК Кеңесінің 2014 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен, Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылдың 18 маусымындағы № 6 шешіміне сәйкес ішкі экономикалық әрекеттер қатысушалары мен ЕАЭО мүшелері келісім шартқа отыруы кезінде және ұшақтардың 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін уақытша тасымалдың кедендік шаралары аясында орналастырылуы кезінде СЭҚ ТН 8802 40 003 5, 8802 40 003 6 және 8802 40 004 6 кодтарымен жіктелетін, 50-ден көп, 110-нан аз орыны бар Азаматтық жолаушылар ұшақтарымен толықтырылғанын атап өтті. Мұндай ұшақтардың кедендік баж салықтарын төлеуде шартты түрде толық босатылу мерзімі олардың уақытша тасымалдың кедендік шаралары аясында орналастырылған күнінен бастап 5 жылды құрайды. ЕЭК Кеңесінің 2014 жылғы 4 наурыздағы №20 шешіміне, Кеден одағы Комиссиясының № 331 шешіміне сәйкес жүк рампасымен жабдықталған,

максимальды ұшу массасы 60 000 кг-нан төмен емес, 80 000 кг-нан жоғары болмайтын (СЭҚ ТН кодтары 8802 40 003 9), немесе 370000 кг-нан аспайтын (СЭҚ ТН кодтары 8802 40009 6), 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін уақытша тасымалдың кедендік шараларына орналастырылған азаматтық жүк ұшақтарымен толықтырылды.

994. "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Кеден одағының бірыңғай кедендік-тарифтік реттеуі" Кеден одағы Комиссиясының 2009 жылдың 27 қарашасындағы №130 шешіміне сәйкес (соңғы рет ЕЭК Кеңесінің 2013 жылғы 25 қыркүйектегі №55 шешімімен түзетілген), СЭҚ ТН кодтары 8802 40 003 5 және 8802 40 003 6 жіктелетін азаматтық жолаушылар ұшақтағын халықаралық тасымалда немесе мемлекет аумағындағы ішкі тасымалдау, Кеден одағына мүше мемлекеттер аумағындағы ұшуларда қолдану мақсатында мыналар кедендік баж салықтарынан босатылды: (i) жолаушылар орны 50 адамнан көп, 300 адамнан аз, 2014 жылдың 1 шілдесіне дейін Беларусь және Қазақстан Республикаларына тасылған; (ii) жолаушылар орны 110 адамнан көп, 300 адамнан аз, 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін Беларусь және Қазақстан Республикаларына тасылған; (iii) жолаушылар орны 110 адамнан көп, 300 адамнан аз, жолаушыларды орналастыру схемасына (LORA) сәйкес белгіленетін, 2017 жылдың 1 қаңтарынан 2019 жылдың 30 маусымы аралығында Беларусь және Қазақстан Республикаларына тасылған. 2014 жылдың 4 наурызындағы ЕЭК Кеңесінің № 29 шешіміне сәйкес, ең жоғары салмағы 60 000 кг-нан асатын, 80 000 кг-нан аз болатын, СЭҚ ТН кодтары 8802 40 003 9, 2017 жылдың 31 желтоқсанынан Қазақстан Республикасына тасылған азаматтық жүк көліктері кедендік баж салықтарын төлеуден босатуға жатады.

V. САУДАМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІҢ РЕЖИМІ

- Жалпы ережелер
- Өндірістік меншік объектілерін қорғау

995. Қазақстанның өкілі зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы Қазақстанның саясаты мыналарға: (i) оның заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге; (ii) тиісті құқық қолдану тетіктерін әзірлеуге; және (iii) осы салада сарапшыларды даярлауға бағытталғанын атап өтті. Мұндай саясаттың мақсаты Үкіметтің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі №1249 қаулысымен бекітілген Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасында жазылғандай зияткерлік меншік құқықтарының Қазақстан аумағында құқыққа сыйымды пайдаланылуы мен қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.

996. Ол зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнама 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІ Азаматтық кодекстен (жалпы бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Азаматтық кодекстен (ерекше бөлім) (бұдан әрі - Азаматтық кодекс (ерекше бөлім), 1999 жылғы 13 шілдедегі № 411-І Азаматтық іс жүргізу кодексінен (бұдан әрі - Азаматтық іс жүргізу кодексі),

1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодекстен (бұдан әрі – Қылмыстық кодекс), 2001 жылғы 21 қаңтардағы № 155-II Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен (бұдан әрі - Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі), 2010 жылғы 30 маусымдағы № 296-IV "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" кодексінен (бұдан әрі – Қазақстанның Кеден кодексі), "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I Заңынан (бұдан әрі – авторлық құқық туралы Заң), "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі № 457-I Заңынан (бұдан әрі – Тауар белгілері туралы Заң), 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-I "Қазақстан Республикасының Патент Заңынан" (бұдан әрі – Патент заңы), "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі № 422-I Заңынан, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы №217-II Заңынан тұратынын толықтырып айтты. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі № 586-II Заңмен зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін реттейтін негізгі заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оған қоса, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 22 қарашадағы № 90-III Қазақстан Республикасының Заңымен зияткерлік меншік құқықтарын бұзу үшін әкімшілік және қылмыстық санкцияларды күшейту бөлігінде өзгерістер енгізілді, қолданыстағы қылмыстық рәсімдер жетілдірілді және онайлатады. Сондай-ақ ол Қазақстан қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу және құқық қолдану практикасын жақсарту жалғастыратынын атап өтті. Зияткерлік меншік саласындағы ведомствоаралық үйлестіруді жақсарту үшін 2005 жылғы қыркүйекте бірқатар бірлескен бұйрықтар қабылданды. Аталған бұйрықтар прокуратура, қаржы полициясы, ішкі істер, кеден, салық және әділет органдарының өзара іс-қимылы мен ынтымақтастық тәртібіне қатысты болды.

997. Зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша халықтың хабардар болушылығын арттыру үшін қолданылатын шараларға қатысты Қазақстанның өкілі зияткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз ету мәселелермен айналысатын адамдардың біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында Әділет министрлігі зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелеріне арналған өңірлік және республикалық семинарларды тұрақты негізде өткізетінін түсіндірді. Семинарлар жұмысында әділет органдары, кеден органдары қызметкерлері, судьялар, зияткерлік меншік құқықтарының тікелей иелері, сондай-ақ пайдаланушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары белсенді қатысады. Ол, бұдан әрі, Әділет министрлігі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (БЗМҰ), Зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі коалиция (CIPR), Фонограмма шығарушылардың халықаралық федерациясы (IFPI), Халықаралық даму бойынша АҚШ агенттігі (ЮСАИД) сияқты халықаралық ұйымдармен бірлесіп,

семинарлар өткізілетінін айтып өтті. Бұдан басқа, Әділет министрлігінің қызметкерлері Қазақстанда зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелеріне арналатын радио және телебағдарламаларға белсенді қатысады. Әділет министрлігі жылына екі рет "Интеллект" деп аталатын Республикалық іс-шара өткізеді. Бұл басқа мүдделі мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық ұйымдардың, жоғарғы оқу орындарының, бұқаралық ақпарат құралдарының және Қазақстанның барлық халқының қатысуымен Әділет министрлігі өткізетін тұрақты кең ауқымды акциясы. Зияткерлік меншікті насихаттау, қарақшылықтың орын алуына және контрафактілік өнімдердің таралуына қоғамның төзбеушілігін дағдыландыру, зияткерлік меншіктің рөлін арттыру және авторлардың, жаңашылдардың, өнертапқыштардың дәрежесін нығайту аталған іс-шараның мақсаты болып табылады.

998. Бұдан басқа, Қазақстанның өкілі қазіргі уақытта авторлық құқық пен сабақтас құқықты тіркеуге де, авторлық құқық пен сабақтас құқықты пайдалану бойынша лицензиялық келісімдерді тіркеуге де түсетін өтінімдер саны едәуір ұлғайғандығын атап көрсетті. Оның пікірінше, бұл авторлық құқық пен сабақтас құқық туралы хабардар болатын авторлар мен тұлғалар көлемінің артқанын көрсетеді.

- Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы саясатқа жауапты органдар

999. Қазақстан өкілі Әділет министрлігінің арнайы атқарушы, бақылау және қадағалау функцияларын, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтар, патенттер мен тауар белгілерін қоса алғанда, зияткерлік меншік аясында жалпы басшылықты жүзеге асыратындығын атап кетті. Бұрын бұл функцияларды "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы" Үкіметтің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысымен таратылған Зияткерлік меншік құқықтары комитеті жүзеге асырылатын. Оған қоса ол өндірістік меншікке құқықтарды бағалауға, беруге және оны коммерцияландыруды ілгерлетуге жауапкершілікті "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің Ұлттық зияткерлік меншік институты (ҰЗМИ)" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жүзеге асыратынын атап айтты. ҰЗМИ "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі № 756 қаулысымен құрылды. Оның басты міндеті - өнертабыстарды, пайдалы үлгілерді, тауар белгілерін, тауардың шығарылған жерлерінің атауын (географиялық нұсқаулар), өндірістік дизайн мен өсімдік сорттарын қоса алғанда, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау туралы өтінімдерге сараптама жүргізу болып табылады. Оған қоса, ол қорғау құжаттарының (өнертабысқа патенттер, тауар белгілері мен авторлық құқық объектілеріне арналған куәліктер) тізілімін жүргізеді және оларды шығаруға дайындайды. ҰЗМИ ғылыми зерттеулер жүргізеді, өндірістік меншікті бағалайды және коммерцияландыруды

ілгерілетеді. Өзінің Оқыту орталығында ол зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бойынша семинарлар және Әділет министрлігінде, Білім және ғылым министрлігі мен жеке секторда жұмыс істеу үшін зияткерлік меншік бойынша мамандарды қайта оқытуды жүргізеді.

1000. Мүше ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды Қазақстан Үкіметі қалай реттейтіндігі және Қазақстанда қызметін жүзеге асыру үшін Үкімет аккредиттеуі тиістігі туралы қосымша ақпарат сұрады. Бұл мүше құқықты ұжымдық басқару ұйымы қызығушылықтарын ұсына алатындығын-алмайтындығын/эксклюзивті құқықтың бір түрі үшін немесе эксклюзивті құқықтардың бірнеше түрі үшін роялти жинай алатындығы-алмайтындығын сұрады, сондай-ақ ұжымдық басқарудың біреуден астам ұйымы қызығушылықтарын ұсына алатындығын-алмайтындығын/сол бір эксклюзивті құқыққа қатысты роялти жинай алатындығы-алмайтындығын да сұрады. Бұл мүше ұжымдық басқару жөніндегі ұйым олармен құқықтарды ұжымдық басқару жөнінде шарт жасасқан құқық иелерімен қатар, олармен құқықтарды ұжымдық басқару жөнінде шарт жасаспаған құқық иелерінің мүдделерін білдіру-білдірмеу/роялти жинау-жинамау жөнінде және Қазақстан қалайша ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың әрбір операцияларына қатысты ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз ететіндігін сұрады.

1001. Қазақстан өкілі "Авторлық құқық туралы" Заңның 43 – 47- баптарында зияткерлік меншік құқықтарын ұжымдық басқару жөнінде ұйымдар туралы ережелердің бар екендігін айтты. 43-баптың 1-тармағы авторлар ұжымдық негізде зияткерлік мүліктік құқықтарды басқару бойынша ұйымдарды құруға құқылы екендігін көздейді. 43-баптың

3-тармағына сәйкес авторлар мынадай: әртүрлі құқықтар мен құқық иелерінің түрлі санаты бойынша; құқық иелерінің бір санатының мүдделерінде әртүрлі құқықтармен басқарушы; құқық иелерінің әртүрлі санаттарының мүдделерінде құқықтардың бір түрімен басқарушы ұйымдар құра алады. 46 және 47-баптарында ашықтық пен есеп берушілікке қатысты мынадай талаптарды: құқық иелеріне роялти жинау жөнінде ақпарат беруді, ұжымдық басқару жөніндегі ұйым туралы, осы ұйымға берілген құқықтар туралы ақпарат бар вебсайты болуы; және осындай ақпаратты уәкілетті органға беруді қамтитын талаптар бар. Арнайы қойылған сұраққа Қазақстан өкілі құқықты ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар берілген лицензиялар негізінде өздері тікелей немесе екіжақты келісімдер шеңберінде өкілдік ететін барлық құқық иелеріне қолданылатын тарифтер, сондай-ақ жиналған немесе төленген роялти туралы хабарлауға тиіс екендігін түсіндірді. Содан соң ол осындай ұйымдардың мүшелері ұжымдық түрде олардың мүдделерін білдіретін ұйымға өз туындыларын пайдалануға рұқсат беретінін түсіндірді. Сонымен қатар, ол мұндай ұйымдар құқықты ұжымдық басқару жөнінде шарт жасасқан құқық иелері мен құқықты ұжымдық басқару жөнінде шарт жасаспаған құқық иелерінің мүдделеріне де өкілдік ететінін/ роялти жинайтынын

түсіндіріп айтты. Құқықтарды ұжымдық басқару жөнінде шарт жасалмаған құқық иелерінің мүдделеріне өкілдік етуге және роялти жинауға қатысты сұраққа ол 46-1-баптың 1-тармағына сәйкес осындай ұйымдар құқықты ұжымдық басқару жөнінде шарт жасалмаған құқық иелері үшін мүдделеріне өкілдік ету/роялти жинауға Үкіметтен аккредитация алу керектігін айтты. Құқықты ұжымдық басқару жөнінде әрбір ұйым Үкіметтің уәкілетті органдарына авторлық құқық туралы Заңның 47-бабына сәйкес аудиторлық тексерулер, қажетсіз роялти туралы есептерді және басқа ақпаратты қоса алғанда, жыл сайын өз қызметі туралы есептер ұсынуға тиіс. Толықтыру ретінде, ол бұл ақпарат құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның Жарғысына және басқа да құжаттарына енгізілген өзгерістерді, шетел ұйымдарымен жасалған келісімдерді, қаржылық есептер мен құқықтарды ұжымдық басқару жөнінде ұйымның өкілдерінің атын қамтуы тиіс екендігін айтты. Ол сонымен қатар қазіргі уақытта композиторлардың, ақындардың, жазушылардың, әртістердің, ғалымдардың, журналистер мен басқа құқық иелерінің авторлық құқықтарын қорғауға маманданған тоғыз үкіметтік емес ұйым жұмыс істеп тұрғанын, соның ішінде Орындаушылардың құқықтарын басқарудың Қазақстандық ұйымы, Фонограмма шығарушылар қауымдастығы, "Демеу" продюсерлер мен орындаушылар одағы, Қазақ әндерін орындаушылар, Қазақстандық авторлық қоғам, Ән авторларының ұйымы, "Абырой" авторлық бірлестігі, "Аманат" авторлық және сабақтас құқықтарды қорғаудың коммерциялық емес ұйымы және "Репрографиялық құқықтар жөнінде ұлттық ұйым" бар екенін атап өтті. Бұдан соң ол авторлық құқық туралы Заң шетелдік құқық иеленушілеріне де, ұлттық құқық иеленушілерге де қатысты екенін және ұжымдық басқару жөніндегі басқарушы қазақстандық ұйымның ұжымдық басқару жөніндегі шетелдік ұйымдармен өзара негізде екіжақты келісімдер бар екенін түсіндірді.

- Зияткерлік меншік туралы халықаралық конвенцияларға қатысу

1002. Қазақстан өкілі Қазақстанның бірқатар негізгі халықаралық шарттардың, келісімдер мен конвенциялардың, атап айтқанда Дүниежүзілік Зияткерлік Меншік Ұйымын (ВОИС) құратын Конвенцияның; Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының (бұдан әрі – Париж конвенциясы); Тауар белгілерін халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің; Тауар белгілерін халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттаманың; Патенттік кооперация келісімінің (РСТ); "Әдеби және көркемөнер туындыларын қорғау туралы" Берн конвенциясының Патенттік құқық келісімінің (PLT); "Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасы туралы" Ницца келісімінің; "Халықаралық патент сыныптамасы" туралы Страсбург келісімінің; "Патенттік рәсім мақсатында микроағзаларды депонирлеуді халықаралық тану туралы" Будапешт Келісімінің; Авторлық құқық туралы Дүниежүзілік Конвенцияның; Өнеркәсіп үлгілерінің Халықаралық сыныптамасын құру туралы Локарно келісімінің; Тауар белгілері жөнінде заңдар туралы шарттың (ТЛТ); Еуразиялық патент конвенциясының және

фонограмма шығарушылардың фонограммаларын заңсыз түрде жаңғыртудан қорғау Конвенциясының; Олимпиада нышанын қорғау туралы Найроби келісімінің; Фонограмма орындаушылары, шығарушылары, хабар таратушы ұйымдардың құқықтарын қорғау туралы Рим конвенциясының (бұдан әрі - Рим конвенциясы); және Тауар белгілері туралы заңдар жөніндегі Сингапур шартының толыққанды қатысушысы екендігін растады. 2004 жылғы сәуірде Қазақстан авторлық құқық бойынша БЗМҰ шартына және орындаушылар мен фонограммалар бойынша БЗМҰ шартына қосылды.

1003. Еуразиялық Патент Конвенциясына қатысу туралы сұраққа, ол Қазақстан Конвенция мүшесі болғаннан кейін өзіне Париж Конвенциясында ескерілмеген қандай да бір міндеттемелер қабылдамағанын айтты.

1004. Ол Қазақстанның зияткерлік меншік саласында Әзірбайжанмен, Грузиямен, Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен және Өзбекстанмен ынтымақтастық туралы екіжақты келісім жасағанын айтты. Аталған елдермен және ТМД-ның басқа да елдерімен жасалған екіжақты келісімдердің бір де біреуі басқа елдерге қатысты қолданылуы мүмкін қандай да бір айрықша міндеттемелерді көздемейді.

1005. ЕАЭО туралы шарттың "Зияткерлік меншік" атты XXIII бөлімі мен "Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғау туралы Хаттама" атты № 26 Қосымшасы ЕАЭО шеңберінде зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттарының құқықтық негізі болып табылады. ЕАЭО туралы шарт Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы Келісімнің ережелерін толығымен көрсетеді және оны алмастырады. ЕАЭО туралы шарттың негізгі ережелері ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына ортақ болып табылатын нормаларды білдіреді. Олар жалпы ережелерді, авторлық құқық пен сабақтас құқық туралы, тауар белгілері, тауарлардың шығарылған жерлерінің атаулары (географиялық нұсқаулар), патенттер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиясы, ноу-хау және құқық қолдану туралы ережелерді қамтиды. ЕАЭО туралы шарт құқықтарды өңірлік жою қағидатын көздейді, оған сәйкес қорғалатын тауар белгісі бар тауарларды иесінің немесе оның келісімімен бірінші сату тауар белгісіне осы тауарларға қатысты ішкі нарықта ғана емес, сонымен қатар барлық өңір шегінде кез келген құқықтарды жояды, бұдан соң өңір шеңберінде жүзеге асырылатын қабаттас импорт тауар белгісіне құқықтар негізінде шектеле алмайды. Еуразиялық Экономикалық Комиссия (бұдан әрі - ЕЭК немесе Комиссия) Алқасының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі №172 шешімімен Зияткерлік меншік жөніндегі Консультативтік комитет құрылды. ЕЭК үшін зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ ЕАЭО мүше мемлекеттерінің өкілдерімен консультациялар жүргізу Зияткерлік меншік жөніндегі Консультативтік комитеттің негізгі міндеттері болып табылады. Атап айтқанда, Зияткерлік меншік жөніндегі Консультативтік комитет

ЕАЭО мүше мемлекеттерінің халықаралық шарттары мен ұлттық заңнамасын талдау жүргізуге қатысады; ұлттық заңнаманы үйлестіру және жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды; және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен ЕЭК арасында, сондай-ақ халықаралық ұйымдар арасында ақпарат алмасуға жәрдемдеседі. Комитет отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда бір реттен жиі емес өткізіледі.

1006. Мүше авторлық құқықты қорғауға және құқықты қолдануға қатысты арнайы ережелер туралы және ЕАЭО туралы шартта көзделген авторлық құқықты қорғау қазақстандық авторлық құқықты қорғау мен сабақтас құқықтар туралы Заңына қалай сәйкес келетіні мен өзара байланыс жасайтыны туралы сұрақ қойды. Жауап ретінде Қазақстанның өкілі ЕАЭО туралы шарттың № 26 қосымшасының II бөлімі авторлық құқық пен сабақтас құқықтар туралы ережелерді қамтитынын, олар мүше мемлекеттер зияткерлік меншікті қорғауды Берн конвенциясы мен Рим конвенциясының ережелерін негізге ала отырып, қамтамасыз етуді көздейтінін түсіндірді. Белгілі бір баптарда авторлық құқық пен оларды қорғау мерзімдері; құрама және туынды туындылар; кинематография туындылары; фонограмма орындаушылары мен шығарушылардың құқықтарын қоса алғанда, сабақтас құқықтар; және құқықты ұжымдық басқару ұйымдары жөніндегі мәселелерді көздейді. ЕАЭО туралы шартқа № 26 Қосымшасының XIII бөлімі зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бойынша мүше мемлекеттердің үйлестірілімін қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер арасында жасалуы жоспарланған халықаралық шартқа сілтемені қамтиды. ЕАЭО туралы шарт Қазақстанның ұлттық заңнамасынан басым болатын және оның ережелерін имплементациялайтын ұлттық заңнама актісін қабылдаусыз тікелей қолданыла алатын халықаралық келісім болып табылады.

1007. ЕАЭО шеңберінде зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғауды үйлесімді ету жоспарлары туралы сұраққа Қазақстан өкілі ЕАЭО мүше мемлекеттері зияткерлік меншік құқығы бойынша мынадай келісімдерді қабылдауды ниет етіп отыр деп жауап берді, олар: Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың мүше мемлекеттер аумағында шығарылатын жерлерінің атаулары туралы шарт; Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқарудың бірыңғай тәртібі туралы келісім; және Зияткерлік меншік объектілеріне құқықты қорғау әрекеттерін үйлестіру туралы шарт. Аталған келісімдер Қазақстанда ратификацияланғаннан кейін ұлттық заңнамадан басым болады.

- Шетел азаматтарына қатысты ұлттық режим және барынша қолайлылық режимін қолдану

1008. Жұмыс тобының кейбір мүшелері зияткерлік меншіктің сауда аспектілері жөніндегі келісімінің (бұдан әрі – ДСҰ-ның ТРИПС келісімі) 3 және 4-баптарында мүшелер зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға қатысты ұлттық режим мен тиісінше бір-бірінің азаматтарына қатысты барынша қолайлылық режимі (БҚР) көзделетінін атап өтті. Қорғаудың мұндай түрі зияткерлік меншіктің болуына, алынуына, қолдану,

қолдау, сондай-ақ құқықтық қолдану саласына қатысты мәселелерге, сондай-ақ ДСҰ-ның ТРИПС келісімінде көзделген басқа да мәселелерге қатысты болады. Бұл мүшелер ДСҰ қағидаларына сәйкес келтіру бойынша Қазақстанда заңнама туралы қандай ережелер көзделгенін сұрады. Жауап ретінде Қазақстанның өкілі Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 4-тармағы бойынша, Азаматтық кодекстің 3-бабының 7-тармағы бойынша, сондай-ақ авторлық құқық туралы Заңның 5-бабы бойынша, тауар белгілері туралы Заңның 48-бабы және Патент Заңының 38-бабы бойынша шетелдік жеке және заңды тұлғаларға ұлттық режим мен барынша қолайлылық режимі олардың Қазақстандағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға қатысты ұсынылатынын айтты.

1009. Жеке сұраққа жауап ретінде ол кез келген шетелдік құқық иелері өз мемлекеті үкіметінің қолдаухатынсыз тауарлар шығарылған жерлердің атауларын (географиялық нұсқауларын) қорғау бойынша жүгіну мүмкіндігіне ие екендігін растады.

- Салықтар мен алымдар

1010. Жұмыс тобының кейбір мүшелері, өнеркәсіптік меншік объектілеріне бірнеше құқықтар жөніндегі алымдардың Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік тұлғаларға қатысты болатын әртүрлі мөлшерлемесі туралы және Конституция мен Азаматтық Кодекс жеке және заңды тұлғаларға ұлттық құқықтық режимді ұсынуды қарастырса, осы айырмашылықтарды қалай түсіндіру мүмкін екендігіне байланысты өздерінің алаңдаушылықтарын білдірді. Сонымен қатар, Жұмыс тобының бірқатар мүшелері Ресей Федерациясының, Әзірбайжанның, Грузияның, Қырғызстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының азаматтары патент беруге алымдарды ресей рублімен және қырғыз сомымен Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты қолданылатын мөлшерлемелер бойынша төлей алатынын және зияткерлік меншік құқықтары бойынша Комитетке арыз беру үшін патенттік сенімді өкілдерге баруына міндетті емес екендігін атап өтті. Қазақстанға өзінің заңнамасын барынша қолайлылық режимге сәйкестігін қалай қамтамасыз ететіндігі туралы сұрақ қойылды.

1011. Қазақстанның өкілі, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 368 бұйрығымен, қандай да бір шетелдік құқық иелерін қандай да бір кемсітетін ережелерді алып тастау мақсатында "Ұлттық зияткерлік меншік институты" Мемлекеттік республикалық кәсіпорынның қызметтеріне тарифтердің жаңа баға анықтамалығы бекітілгенін (осы Баяндаманың 23-қосымшасында берілген) айтты. Ал Ресей Федерациясы мен Қырғызстан Республикасының азаматтарына келетін болсақ, олар патент бергені үшін алымды тек Қазақстандық ұлттық валюта – теңгемен төлей алатынын айтты. Ресей Федерациясымен, Әзербайжанмен, Грузиямен, Қырғызстан Республикасымен және

Өзбекстан Республикасымен бекітілген екіжақты келісімдерге сәйкес, олардың азаматтарына ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 4(d) бабына сәйкес, арыз беру үшін патенттік сенімді өкілдерге барудың қажеті жоқ.

1012. Мүшелердің бірі ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 4 (d) бабы тек ДСҰ келісімі күшіне енгенге дейін, яғни 1995 жылдың 1 қаңтарына дейін күшіне енген халықаралық келісімдерге қатынасты ғана қолданылады деп атап көрсетті.

1013. Қазақстан өкілі, Қазақстан ДСҰ-ға кірген күннен кейін Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша ДСҰ келісімінің 3 және 4-баптарының ережелері толықтай қолданылатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

- ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫН АЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ РӘСІМДЕРІН ҚОСА АЛҒАНДА, ҚОРҒАУДЫҢ ҚАЗІРГІ СТАНДАРТТАРЫ

- Авторлық құқық пен сабақтас құқықтар

1014. Қазақстанның өкілі ДСҰ-ның ТРИПС келісінде сипатталған авторлық құқықтың барлық нысандарын ескеру үшін авторлық құқық туралы Заң мен Берн конвенциясының ережелерінде (Қазақстан Республикасы Конституцияның 4-бабына сәйкес Қазақстан тікелей орындайтын) әдеби, көркемөнер және ғылыми жұмыстарын қорғау көзделетінін атап өтті. Қорғау компьютерлік бағдарламаларға, компьютерлік операциялық жүйелерге және деректер базасына (ақпараттың жинағы түрінде анықталған) қатысты болады. Ноталық мәтін, фонограммада тіркелген шығармалар, дыбыстық-көрнекі шығармалар, деректер базасы және компьютерлік бағдарламалардың жалға берілу жолымен тарату құқығы авторлық құқық туралы Заңның 16-бабына сәйкес беріледі.

1015. Авторлық құқық туралы Заңның 28-бабына сәйкес, қорғау бапта көрсетілген жағдайлардан басқа, автордың бүкіл өмірі бойына және ол қайтыс болғаннан кейінгі 70 жылға беріледі. Автор қайтыс болғаннан кейін 30 жыл ішінде алғаш жарыққа шыққан шығармаға авторлық құқық ол жарыққа шыққан уақытынан бастап 70 жылға дейін қолданыста болады. Жасырын немесе лақап атпен жарияланған шығарманың авторлық құқығы, егер автордың аты-жөні анықталмаса, ол жарияланған күнінен кейін 70 жыл бойы қолданыста болады. Фонограмма жасаушы, эфирлік немесе желілік хабар тарату ұйымдарына қатысты құқықтар фонограмма бірінші жарияланғаннан кейін 70 жыл бойы қолданыста болады. Кинематографиялық жұмыстар мен фотографияларға қатысты қандай да бір ерекше мерзімдер көзделмеген.

1016. Шығарылған елдің қорғауында тұрған, бірақ Қазақстанда мұндай қорғауға алынбаған жұмыстарға зияткерлік меншік құқықтарын қорғау туралы сұраққа Қазақстанның өкілі, егер аталған жұмыстар олар жасалған мемлекетте қоғамдық игілікке өтпесе, Қазақстан мұндай қорғау 28-бапқа сәйкес беріледі деп жауап берді.

Авторлық құқық туралы Заңның 29-бабына сәйкес қорғау мерзімі өтіп кеткен шығарма қоғамдық игілікке өткен болып саналады және кез келген тұлға авторлық сыйақысыз еркін қолдана алады.

1017. Жұмыс тобы мүшелерінің бірі авторлық құқық туралы Заңда шығармалар мен аудиожазбалардың құқығын ретробелсенді қорғаудың нақты нормалары жоқ екенін атап өтті және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтарының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі №586-II Заңы (бұдан әрі - № 586-II Заңы), атап айтқанда шығармалар мен аудиожазбалар құқығын ретробелсенді қорғауды көздейтін ережелер туралы егжей-тегжейлі ақпаратты сұрады.

1018. Қазақстанның өкілі № 586-II Заңында авторлық құқық туралы Заңына ретробелсенді қорғаудың шаралары мен басқа да өзгерістер енгізілгенін, атап айтқанда шығармаға құқықтарды ретробелсенді қорғау енгізілгенін атап өтті.

1019. Авторлық құқықтың құқық қолданылуына қатысты, мүше авторлық құқық объектілерінің "қарақшылықпен" қолданылуына жауапкершілікті қатайту, сондай-ақ оны "қарақшылықпен" және контрафактілі тауарлармен байланысты әрекеттер қатынасында тиімді тежеуші құрал болатын деңгейде бекіту туралы тілегін жеткізді. Қазақстанның өкілі өз пікірінше қолданыстағы жауапкершілік шаралары жеткілікті дәрежеде қатаң болып табылады. Соған қарамастан, зияткерлік меншік құқықтарын бұзудан және авторлық құқықты заңсыз пайдаланудан қорғау шараларын көздейтін, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтарының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңын Үкімет 2005 жылғы 22 қарашада қабылдады. Жалпы алғанда өзгерістер мен толықтырулар 11 заңнамалық актілерге, соның ішінде Қылмыстық кодекске (184-баптың 1-тармағы) және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске (128, 129 және 145-баптары) енгізілді. Аталған өзгерістерге орай селекциялық жетістіктер мен интегралдық микросхемалардың топологиясы сияқты зияткерлік меншік объектілерінің жаңа түрлері енгізілді; шығармалар мен фонограммалардың контрафактілі даналарын заңсыз иемдену, сақтау немесе ауыстыру сияқты қылмыстың түрлері көрсетілді және нақтыланды; 5 жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазалаудың ең жоғары көлемі бар айыппұл санкциялары шамамен 2 есеге ұлғайды; қайталап жасалатын құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесу шаралары, сондай-ақ контрафактілі өнімдердің ғана емес, құқық бұзушылықты жасау құралы болып табылатын заттарды тәркілеу көзделеді.

1020. Қазақстанның өкілі авторлық құқық бойынша ЗМДҰ шарты мен орындалу және фонограммалар бойынша ЗМДҰ шартына сәйкес келтіру мақсатында авторлық құқық туралы Заңға 2009 жылы енгізілген өзгерістер аясында "техникалық құрал" терминінің жаңа редакциясы енгізілгенін түсіндірді. Арнайы қойылған сұраққа Қазақстанның өкілі 2009 жылғы өзгерістерге сәйкес "техникалық құрал" ретінде

туындыларға немесе сабақтас құқықтардың объектілеріне қол жетімділікті бақылайтын , автормен, сабақтас құқықтардың иесімен немесе туындылар немесе сабақтас құқықтардың объектілеріне қатысты айрықша құқықтардың өзге иесі рұқсат бермеген әрекеттерді іске асырудың алдын алатын не оны шектейтін, техникалық (бағдарламалы-техникалық) құрылғы немесе оның компоненттері түсінілетінін айтты.

1021. Мүше авторлық құқық туралы Заңның 2-бабының 39-тармағында "халық шығармашылығы туындысы" "дәстүрлі көркем мұраларға (халық ертегілері, халық поэзиясы, халық әндері, халық аспаптық музыкасы, халық билері мен пьесалары, халықтық салт-жоралғылардың көркемдік нысандары және басқалар)" тән элементтерді қамтитын туынды ретінде айқындалатынын атап өтті. Аталған мүше бұл шығармалар авторлық құқық туралы Заңның 6-бабына ("Авторлық құқық объектісі. Жалпы ережелер") қатысты болатынын немесе туындылар Авторлық құқық туралы Заңның 8-бабының 3-тармағына сәйкес ("халық шығармашылығы туындысы") сәйкес келмейтіндігі болжана ма деп сұрады. Бұл мүше халық шығармасы басқа заңдарға сәйкес қорғауға жата ма, жатса қалай қорғалады деп те сұрады.

1022. Қазақстанның өкілі анықтамасы авторлық құқық туралы заңның 2-бабының 39-тармағында көзделген "халық шығармашылығы туындысы" авторлық құқық туралы Заңның да, ҚР-дың басқа да заңнамалық актілерінің де қорғауында емес деп жауап берді. Авторлық құқық туралы Заңның 8-бабының 3-тармағына сәйкес "халық шығармашылығы туындысы" авторлық құқықтан босатылғандықтан, шығарманың автор(лар)ы болмауы керек, керісінше, оны халық жасауы тиіс екенін айтты. Жасырын шығарманың және лақап ат негізінде жасалған шығарманың авторы болады; халық жасаған шығарма ғана авторлық құқық туралы Заңның 2-бабының 39) тармағына және 8-бабының 3) тармағына сәйкес қорғауға алынбайды. Халық шығармашылығының негізі ретінде қолданылатын туынды шығармалар, қоғамдық игіліктің бөлігі болып табылатын басқа шығармаларға негіз болатын туынды шығармаларға ұқсас шығармалар авторлық құқық туралы Заңның 7-бабының 3) тармағына сәйкес тәуелсіз шығармалар түрінде қорғалады. Мысалы, халық шығармашылығы үшін саралау жасаған музыкалық композитор өз саралауын авторлық құқық туралы Заңның 7-бабының 1(5) және 3(1) тармақтарына сәйкес қорғауға ұсына алады. 2-баптың 39) тармағында қолданылатын дыбыстық жазбалар, дыбыстық-көрнекі туындылар және басқа да туындылардың жазбасы Авторлық құқық туралы Заңға сәйкес қорғалады. Орындаушылар, продюсерлер және хабар тарататын ұйымдар авторлық құқық туралы Заңның "Сабақтас құқықтары" деген III тарауында көзделген, халық шығармашылығының туындыларының жазбаларына қолданатын құқықтарға ие болады . Авторлық құқық туралы Заңның 2-бабының 39) тармағына сәйкес фольклордың анықтамасына жататындығы, жатпайтындығы туралы даулы мәселелер тудыратын,

алайда пайда болған тұста авторлық құқықтың туындысы ретінде қорғауға алынған шығармалар авторлық құқықтың туындылары ретінде Қазақстан Республикасында қорғауға алынады.

1023. Мүше авторлық құқық туралы Заңда қолданылатын бірқатар терминдер түсініксіз екенін атап өтті және Қазақстан өкілінен оның мәнін түсіндіруді сұрады. Атап айтқанда, ол мүше авторлық құқық туралы Заңның 19-бабының 1 (1) тармағындағы "дәйексөз алу" мен "дәйексөз" терминдерінің және аталған Заңның 19-бабының 1 (2) тармағындағы "оқыту сипаты" терминінің мағынасын ашуды сұрады. Мүше сонымен қатар, Қазақстан өкілінен 41-баптың 1 (3) тармағындағы "ақпараттық мақсаттар" терминінің мәнін ашуды сұрады.

1024. Жауап ретінде Қазақстанның өкілі авторлық құқық туралы Заңның 19-бабының 1(1) тармағындағы "дәйексөз келтіру" және "дәйексөз" терминдері Берн конвенциясының 10(1) бабында қолданылатын "дәйексөз келтіру" ұғымын білдіретінін атап өтті. Авторлық құқық туралы заңның 19-бабының 1(2) тармағындағы "оқу сипаты" термині Берн конвенциясының 10(2) бабында қолданылатын "оқу сипаты" ұғымын білдіреді. Авторлық құқық туралы Заңның 41-бабының 1(3) тармағындағы "ақпараттық мақсаттар" термині "жақын арада болатын оқиғалар туралы хабарламаны", сондай-ақ "жақын арадағы тарихи оқиғалар туралы хабарламаны" білдіретінін атап өтті. Авторлық құқық туралы Заңның 41-бабының 1 (1) тармағындағы "ағымдағы оқиғалар" термині қазіргі уақытта болып жатқан, яғни, тікелей репортаждарды білдіреді.

1025. Жұмыс тобының мүшесі авторлық құқық туралы Заңның 41-бабы кейбір шығармалардың рұқсатсыз және сыйақысыз қолдануға рұқсат ететінін көрсетті және 41-баптың 1(2) тармағындағы "ерекше" терминінің мағынасын түсіндіруді сұрады.

1026. Қазақстанның өкілі Авторлық құқық туралы Заңның 41-бабының 1 (2) тармағындағы "ерекше" термині Рим конвенциясының 15(1)(d)-бабындағы "ерекше" термині мағынасында түсінілетінін растады.

- Қызмет көрсету белгілерін қоса алғанда, тауар белгілері

1027. Қазақстанның өкілі жаңа тауар белгілері туралы Заңның қабылдануымен ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 15-24-баптарының барлық талаптары ескерілгенін атап өтті. "Қазақстан Республикасында тауар белгісін (қызмет көрсету белгісін) жалпыға мәлім деп тану жөніндегі Нұсқаулық" бекітілген 2010 жылғы 23 сәуірдегі №136 бұйрық тауар белгісін тіркеуге өтінімдерді жасақтаудың, берудің және қараудың қағидаларын көздейтін басқа нормативтік акт болып табылады. Сондай-ақ тауар белгілері туралы Заңды ТРИПС келісіміне толықтай сәйкес келтіру мақсатында 2004 және 2007 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ол Париж Конвенциясының талаптары, атап айтқанда b^{bis} және 10^{bis} баптары Қазақстан Республикасының Конституцияның 4-бабына сәйкес тікелей қолданысы бар екенін атап кетті.

1028. Ол тауар белгілері туралы Заң бір өндірушінің тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін басқа өндірушілердің оған ұқсас тауарлары мен көрсетілетін

қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін бейненің барлық объектілеріне, ауызша, жазбаша, цифрлік, көлемдік және басқа комбинацияларына қорғау ұсынылатынын атап өтті. Ерекшелікті араласу деңгейіне дейін қорғалған бірдей немесе ұқсас белгілер, сонымен қатар жалпы қолданыстағы белгілер мен терминдер құрайды. Заңның 6-бабының 3(1) тармағына сәйкес жалған немесе тауарға және оның дайындаушысына қатысты жаңылуға әкелетін ерекшеліктердің, оның ішінде тауардың өндірілген жеріне қатысты жаңылуға әкелетін географиялық нұсқаулардың тауар белгілері ретінде тіркелуі жүргізілмейді. Жалпыға белгілі тауар белгілерін (тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін) шектеулердің қатысуынсыз қорғалады. Оның пікірінше, бұл нормалар ДСҰ-ның ТРИПС келісімнің 16-бабының ережелерімен сәйкес келеді.

1029. Тауар белгілерін қорғауды Әділет министрлігі тауар белгісінің сертификатын тіркеу және беру негізінде қамтамасыз етеді және тауар белгісі Қазақстанда тіркелмегендігіне қарамастан, жалпыға белгілі тауар белгілерінің барлық иелерінің құқығын қорғауды көздейді. Тауар белгілерінің тіркелуіне шағым берілуі мүмкін және толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін және жалпыға белгілі тауар белгілерінің иесі өзі иелік ететін тауар белгілерінің танымалдылығын мойындау және оның рұқсат берілмеген қолданысын тоқтату туралы арызбен Қазақстан Республикасының соттарына жүгіне алады. Жалпыға белгілі тауар белгілерін мойындау үшін оның иесі тұтынушыларды сұрау нәтижелерінен тұратын тауар белгілерін жалпыға танылуын растайтын мәлімдемелерді ұсынуға тиіс. Сұрау нәтижелерінен басқа, Қазақстан аумағында тауар белгілерін қарқынды пайдалану, тауар белгілерін пайдалану тәсілдері, тауарлардың осы тауар белгілерімен сатылу көлемі мен өткізу арналары, осы тауар белгілерімен тауарды тұтынушылардың орташа жылдық саны, тауар белгісінің құны туралы, тауар белгісінің жарнама қарқындылығы, белгінің бастапқы немесе алынған айыру қабілетінің дәрежесі туралы, үшінші тұлғалардың сол белгіні немесе оған ұқсас белгілерді пайдалануы туралы, лицензиаттардың саны және тауар белгілерінің шетелде тіркелуі туралы ақпарат тауар белгілерінің жалпыға танылуын растайтын мәліметтер бола алады. Арнайы қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстанның өкілі ДСҰ-ның ТРИПС келісімі 16-бабының талаптарына сәйкес келтіру және тауар белгісінің белгілі болуын анықтау үшін, Қазақстан сұрау нәтижелерін назарға алады деп түсіндірді. Оған қоса, құқық иелері тауар белгілерінің жалпыға танылуын растау үшін басқа да құралдарды, оның ішінде жалпыға белгілі белгілерді қорғауға қатысты ережелер туралы ЗМХҰ-ның Бірлескен ұсынымдарында аталғандарды қолдануға да құқылы. Бірлескен ұсынымдардың 2-бабына сәйкес құзыретті орган мыналар: (i) қоғамның тиісті секторында белгінің танымалдылық немесе танылушылық дәрежесі; (ii) белгінің пайдалану ұзақтығы, дәрежесі және географиялық ауданы; (iii) бұл белгі пайдаланылатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер жәрмеңкесіндегі немесе көрмесіндегі жарнаманы немесе насихатты және таныстырылымды қоса алғанда, белгінің ілгерлетілуі бойынша кез

келген әрекеттің ұзақтығы, дәрежесі және географиялық ауданда қолданылуы; (iv) жүзеге асырылатын белгілер ұзақтығы мен географиялық ауданы және/немесе бұл белгінің пайдалануылуын немесе танылуын көрсететін дәрежеде тіркеуге кез келген өтінімдер; (v) белгіге құқықтардың табысты іске асырылуы фактілерін, атап айтқанда бұл белгілердің жалпыға белгілі құзыретті органдардың тануы дәрежесін көрсететін материалдар; (vi) бұл белгіге тән құндылықтар туралы өзіне берілген ақпаратты қарастырады.

1030. Тауар белгілерінің бастапқы тіркелу мерзімі және әрбір тіркеуді ұзарту 10 жылды құрайды. Тауар белгісін ұзарту саны шектелмейді. Кез келген адам тауар белгісінің үш жыл пайдаланылмауын негізге ала отырып, оны тіркеудің қолданысын тоқтату туралы өтінімін

Әділет министрлігінің Апелляциялық кеңесіне бере алады. Алайда, тауар белгісінің иесі тауар белгісі өзіне байланысты емес мән-жайларға орай қолданыста болмағандығы жөнінде дәлелдеме келтіруі мүмкін.

1031. Тауар белгілерінің сезілмейтін активтермен бірге берілуі жүзеге асырылу-асырылмауы туралы сұраққа Қазақстан өкілі тауар белгісіне құқықтың берілуі белгілі бір тауар немесе көрсетілетін қызметтермен пайдаланылатын тауар белгісінің және оны пайдаланған уақыт ішіндегі іскерлік беделінің де берілуіне әкеледі деп жауап берді. Тауар белгілері туралы Заңға сәйкес тіркелген тауарлық белгі иесі (лицензиар) тіркелген тауарлық белгіні иемдену құқығын басқа тұлғаға (лицензиатқа) бере алады. Лицензиатқа тауар белгісін пайдалануға рұқсат беретін жазбаша лицензиялық шарт лицензиат ұсынатын тауардың сапасы лицензиардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтері сапасынан төмен болмауы және лицензиар осы шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы екендігі туралы шартты қамтуға тиіс. Лицензиялық шарт пен басқаға беру туралы шарт Әділет министрлігінде тіркелуге тиіс. Осы шарттарды тіркеу рәсімдерінен сауда белгілері иелерінің заңды құқықтарына ықтимал теріс салдарлар туралы сұраққа берген жауапта, Қазақстанның өкілі Әділет министрлігінде шарттардың мемлекеттік тіркелуі белгілі бір өнеркәсіптік объектіге құқықтар берілетін тұлғаның құқықтарына ешқандай түрде кемсітушілік болмайтынын білдіреді және егер кейіннен басқа тарап жасалған шартқа қандай да бір өзгерістер енгізгісі келген кезде, мұндай өзгерістер тек сот шешімімен мүмкін болады. Оның пікірінше, тауар белгілері туралы Заңның ережелері Париж конвенциясының бақылау бабының талаптарына сай келеді.

1032. Мүше лицензиялық шарттың міндетті тіркелуі қажеттілігі және оның тауар белгілері иелерінің заңды құқықтарына әсер етуі туралы сұрады. Қазақстанның өкілі міндетті тіркеу зияткерлік меншіктің құқықтары иелерінің құқықтарын қорғайтындығын және ДСҰ-ның ТРИПС бойынша келісімнің 21-бабына сәйкес келетіндігін атап көрсетті.

1033. Арнайы қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстанның өкілі тауар белгілері туралы Заңның 6-бабына сәйкес жалпыға бірдей пайдалануға енген тауар белгілерін тіркеуге жол берілмейтінін түсіндірді. Аталған белгілеу, егер тауар белгілерінде үстем жағдайға ие болмаса, ол оның қорғалмаған элементі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

- Шығарылған мемлекеттің атауын қоса алғанда, географиялық нұсқаулар

1034. Қазақстан өкілі, тауар белгілері туралы Заңға сәйкес "тауар шығарылған жерлердің атаулары" термині ДСҰ-ның ТРИПС келісіміндегі "географиялық нұсқаулар" терминіне тең екендігін атап өтті. Егер негізгі ерекшелікше және басты түрде оның өндіріс орнымен байланысты (табиғи жағдайлар мен/немесе адам факторларын қоса алғанда) тауардың белгіленуі үшін пайдаланылса, тауар шығарылған жердің атаулары (географиялық нұсқаулар) тіркелуі мүмкін. Тек белгілі бір тауармен байланысты тауар шығарылған жерлердің атаулары (географиялық нұсқаулар) тіркелуі мүмкін. Тіркеу туралы куәлік оның иесіне куәлікте көрсетілген тауар шығарылған жерлердің атауларын (географиялық нұсқауларды) пайдалану құқығын береді. Тауардың өндіру орнына қатысты жаңылуға әкелетін болса немесе тіркеу үшінші тараптың құқығын бұзатын болса, тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге жол берілмейді. Жалған, теңдес, араласу деңгейі бойынша ұқсас немесе шынайы шыққан жеріне қатысты жаңылуға әкелетін тауар шығарылған жерлердің атаулары қорғалмайды. Арнайы қойылған сұраққа жауап ретінде, Қазақстанның өкілі тауар өндірісінің формальды түрде шынайы орнын көрсететін, алайда тауар басқа аумақтан әкелінді деген қате ұғым беретін белгілеулер тауар шығарылған жерлердің атаулары (географиялық нұсқаулар) түрінде тіркелмейтінін түсіндірді. Тауар белгілері туралы Заңда ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 22 және 23-баптарына сәйкес шарап және спиртті ішімдіктер үшін қорғау көзделмейді. Географиялық нұсқауларды жосықсыз бәсекелестіктен қорғау тетіктері заңнамада көзделген-көзделмегені туралы сұраққа жауап ретінде, ол "Бәсекелестік туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы №112-IV Заңының (бұдан әрі - Бәсекелестік туралы заң) 16 және 17-баптарының ережелеріне сілтеме жасады.

1035. Тауар шығарылған жердің атауын (географиялық нұсқауларды) тіркеу үшін өтініш беруші ҰЗМИ-ға төмендегі деректер: (i) тауардың шығарылған жерін көрсететін (бір немесе одан да көп сөзден тұратын) бір атау; (ii) өтініш берушінің (берушілердің) аты, сондай-ақ оның (олардың) тұрғылықты жерлері; (iii) тауардың мәлімделген белгіленуі; және (iv) өндірілген жерін және/немесе табиғи орналасқан жерін қоса алғанда, шығарылған жердің атауын (географиялық нұсқауларды) тіркеуге өтініш берілетін тауар түрі, сондай-ақ тауардың ерекше қасиеттері сипаттамасы көрсетілген өтінішін бере алады. Оған қоса шетелдік өтініш берушілер өтініш берушінің атынан әрекет ететін патенттік сенімді өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжатты ұсынуға тиіс. Ұлттық өтініш берушілер өтініш беруші оның аумағында орналасқаны және ерекше қасиеттері географиялық объектінің табиғи жағдайларымен және (немесе) адам

факторларымен байланысты тауарды өндіретіндігі туралы құзыретті органның қорытындысын ұсынуға тиіс. Шетелдік өтініш берушілер де тауар шығарылған елде мәлімделген тауар шығарылған жердің атауын (географиялық нұсқауды) пайдалануға шетелдік өтініш берушінің құқығын растайтын құжатты осындай түрде ұсынуға тиіс (тауар белгілері туралы Заңның 29-бабының 3(3) тармағы). Арнайы қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстан өкілі тауардың шығарылған жердің атауын тіркеу осы талаптарға сай келеді деп түсіндірді. Оған қоса, сертификатталған белгінің тіркелуі сияқты шет мемлекетте қорғалудың осындай расталуы немесе пайдалануы мен бақылануын растайтын құжатты Қазақстан, егер бұл құжат тауардың шығарылған жерінің мәлімделген атауын (географиялық нұсқауды) растайтын жағдайда, қабылдайды. Қазақстан өкілінің пікірі бойынша, аталған ереже ұлттық режимнің және барынша қолайлылық режимнің қағидаттарын бұзуға алғышарттар жасамайды.

1036. Мүшелердің бірі шетелдіктер патенттік сенімді өкіл арқылы өтініш беруі тиістілігін көздейтін ереже шетел азаматтарына қатысты кемсіту ретінде қаралуы мүмкін екенін атап өтті және Қазақстан азаматтары патенттік сенімді өкілдердің қызметтерін пайдаланулары тиіс пе деп сұрады. Қазақстан өкілі Қазақстан азаматтары патенттік сенімді өкілдердің қызметтеріне жүгінбеуі тиіс деп түсіндірді. Оның пікірінше, бұл ереже ДСҰ-ға кіру шеңберінде құқыққа сыйымды болып табылады, себебі Қызметтер бойынша міндеттемелер тізбесіне сәйкес Қазақстан патенттік сенімді қызметтерге қатысты қандай да бір міндеттемелерді өзіне алған жоқ. Бұдан басқа, Париж конвенциясының 2-бабының 3-тармағы (ерекшеліктерге қатысты ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 3.2-бабында көрсетілген) "өнеркәсіптік меншік туралы заңдар негізінде сақталуы талап етілетін сенімді өкілдің [...] тағайындалуына қатысты Одақтың әр елінің заңнамасы ережелерінің сөзсіз сақталатынын" көздейді.

1037. Кейбір мүшелер шетел азаматтары патенттік сенімді өкілдер қызметтерін пайдалануы тиіс деген талап ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің барынша қолайлылық режиміне қайшы болатынына алаңдаушылықтарын айтты және осыған қатысты кемсітушіліксіз режимді қамтамасыз етуді сұрады. Қазақстан өкілі бұл талап ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің барынша қолайлылық режимі қағидатына сәйкес қолданылуы тиіс екеніне келісті. Осыған байланысты Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен және Грузиямен жасалған екіжақты келісімдер олардың азаматтарына патенттік сенімді өкілдердің қызметтеріне жүгінбей өтініш беруге мүмкіндік беретін преференциялық ережелерді алып тастау мақсатында қайта қаралатын болады. Қазақстан өзінің барынша қолайлылық режиміне қайшы болатын зияткерлік меншік құқықтарын қорғау аясында ТМД-ның қалған елдерімен немесе ЕАЭО елдерімен қандай да бір басқа уағдаластықтар жоқ екенін растады.

1038. Арнайы қойылған сұраққа жауап ретінде Қазақстанның өкілі патенттік сенімді өкілдер арқылы өтініш беру мақсаттары үшін "шетел тұлғалары" "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының

2008 жылғы 10 желтоқсандағы №99-IV кодексінің (Салық Кодексінің) анықтамасына сәйкес Қазақстан Республикасының "бейрезиденттері" ретінде түсініледі деп жауап берді.

1039. Мүше географиялық нұсқаулардың Қазақстанда қорғалуы үшін оларды тіркеудің қажеттілігі-қажет еместігін анықтауды өтінді. Бұл мүше осы ереженің қорғауды тіркеуге қарамастан беруді талап ететін ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 22.2-бабы талаптарына қайшы келетінін атап айтты.

1040. Қазақстанның өкілі тауар белгілері туралы Заңның 37-бабының 2-тармағында пайдаланылуы тұтынушының жаңылуына әкелуі мүмкін жағдайларда, тіркелген тауар шығарылған жердің атауымен (географиялық нұсқаумен) бірдей немесе араласу деңгейіне дейін ұқсас тауар шығарылған жердің атауын тіркеусіз пайдалануға жол берілмейтінін айтты. Тауардың шығарылған жердің атауына (географиялық нұсқауға) Қазақстанда құқықтық қорғау тауар шығарылған оның шығарылған жерінің атауын (географиялық нұсқауды) қорғауды куәландыратын құжат негізінде жүзеге асырылуы мүмкін тіркелу арқылы беріледі. Қазақстан өкілі, өз көзқарасынша, ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 22.2-бабының талабы сияқты тауардың шығарылған жері атауының (географиялық нұсқауларды) құқыққа сыйымсыз пайдаланылуын болдырмауға қызмет етуі мүмкін мүдделі тұлғалар үшін тіркеу жеткілікті құқықтық құрал болып табылады деп қосты. Бәсекелестік туралы Заңның 16 және 17-баптарына сәйкес біркелкі тауарларға арналған тауар шығарылған жерінің бөгде атауын (географиялық нұсқауды) құқыққа сыйымсыз пайдалану Қазақстанда тауардың шығарылған жерінің атауын (географиялық нұсқауды) жосықсыз пайдалану ретінде қаралады. Қазақстанның өкілі кез келген мүдделі тұлға басқа тұлғаға тиесілі тауардың шығарылған жерінің атауын (географиялық нұсқауды) заңсыз тіркеуге дау айтуға құқылы екенін растады. Құқыққа сыйымсыз тіркеуге немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға дау айту үшін мүдделі тұлға Қазақстанда тіркелгенін немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға дәлелдемелер беруге міндетті емес.

1041. Мүше бәсекелестік туралы Заңның 16 және 17-баптары ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 22-бабының қорғау аясын белгілі бір географиялық нұсқауды "біртектес тауарлар" үшін құқыққа сыйымсыз пайдаланылған жағдайлармен шектейтініне қатысты алаңдаушылығын білдірді. Мүше ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 22-бабын толықтай имплементациялайтын Қазақстан заңнамасына сәйкес географиялық нұсқауға берілетін қорғауға қатысты, атап айтқанда, кез келген тауар түрлеріне осындай қорғау қолданылатыны-қолданылмайтынына қатысты түсіндірме беруді өтінді. Қазақстан өкілі ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 22-бабын имплементациялайтын заңнама тауар шығарылған жердің атауы ретінде мынадай: (i) тауар шығарылған жерге қатысты жаңылуға әкелетін географиялық объектілердің атауын қамтитын белгілер (яғни белгілі бір аумақтан, өңірден немесе жерден шығарылғанын сәйкестендіретін тауар нұсқаулары); (ii) тауардың өндірілген шынайы орны формальды көрсетілген, бірақ

тауардың басқа аумақтан шығарылғаны туралы қате ұғым беретін белгілер; (iii) тауардың шығарылған жерімен байланысты емес географиялық объектілер атауын қамтитын белгілер тіркелмейтінін көздейтін тауар белгілері туралы Заңның 27-бабы болып табылатынын түсіндірді. Осылайша, 27-бап тиісті географиялық нұсқаумен белгіленген, шектелмеген белгілі бір тауар түрлерін қорғауды көздейтін құқықтық шараларды қамтиды. Бәсекелестік туралы Заңының 16 және 17-баптары Париж конвенциясының 10bis бабының мәні бойынша жосықсыз бәсекелестік актісін білдіретін кез келген пайдаланудың алдын алуды талап ететін ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 2.2(b) бабының ережесін имплементациялайды.

1042. Мүше Қазақстанмен ұлттық режим және ДСҰ мүшелеріне барынша қолайлылық режимін беру мен тауар шығарылған жердің атауларын қорғау үшін екіжақты келісім жасауға қажеттілігі бойынша алаңдаушылығын білдірді.

1043. Қазақстан өкілі тауар белгілері туралы Заңның 48-бабына сәйкес шетелдік жеке және заңды тұлғалар, егер Қазақстан заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қазақстанның заңды және жеке тұлғаларымен қатар, осы Заңмен көзделген құқықтарды пайдаланып, міндеттерді орындайды деп жауап берді. Атап айтқанда, шетелдік құқық иелерінің өз мемлекеттері үкіметтерінің қолдаухатынсыз тауардың шығарылған жерінің атауын (географиялық нұсқауларды) қорғау үшін жүгіне алатын мүмкіндігі бар

1044. Жаңылуға әкелетін тауар белгілерінен және уақыты бойынша мейлінше кеш географиялық нұсқаулардан қорғала ма деген сұраққа жауап ретінде, ол тауар белгілері туралы Заңның 39-бабының 3-тармағына өзгерістерді көздейтін, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңның жобасы әзірленгенін айтты. Жаңа өзгерістерге сәйкес егер, мейлінше ерте басымдығы бар, сондай-ақ Қазақстанда жарнамада қолданылуын қоса алғанда, белсенді пайдалану нәтижесінде кеңінен танымал болған тауар белгісінің болуына байланысты тауарға немесе оның шығарушысына қатысты тұтынушыны жаңылдыруға әкелетін болса, тауар шығарылған жер атауының (географиялық нұсқауларды) тіркелуі даулануы және ол жарамсыз деп танылуы мүмкін. Тұтынушыны жаңылдыру мүмкіндігі төмен болған жағдайда, тауар белгісі мен тауар шығарылған жер атауының (географиялық нұсқаулардың) бірге жүруіне жол берілетін болғандықтан, енгізілген өзгерістер тауар белгілеріне берілетін құқықтардан шектелген ерекшеліктер болып табылады. Тұтынушыны жаңылуға әкелу мүмкіндігі айқын болған жағдайда, тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге мүдделі тараптар сот арқылы дауласа алады.

1045. Жұмыс тобының мүшесі географиялық нұсқаулардың қорғалуын жарамсыз деп тану мүмкіндігіне сілтеме жасай отырып, осы Баяндаманың 1044-тармағы географиялық нұсқауларды қамтитын немесе олардан тұратын тауар белгілерінің құқық иеленушілері уақыт мерзімі бойынша мейлінше кеш географиялық нұсқаудың

тіркелуі туралы арызға дау айтып қана қоймай, сонымен бірге географиялық нұсқауды жарамсыз деп табуды талап етуге қатысты алаңдаушылығын білдірді.

1046. Қазақстанның өкілі жауабында Баяндаманың 1044-тармағы, тауар белгілері туралы Заңға енгізілген өзгерістер сияқты, белгілі бір шарттар сақталған кезде, атап айтқанда, егер ол, жарнамада пайдалануды қоса алғанда, белсенді пайдалану нәтижесінде кеңінен бұрын мейлінше басымдығы бар, сондай-ақ Қазақстанда кең танымал/ жалпы танымал тауар белгісінің болуына байланысты тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты тұтынушыны жаңылдыруға қабілетті болса, тауардың шығарылған орны атауының (географиялық нұсқаудың) тіркелуіне дау айту және оны жарамсыз деп тану мүмкіндігін көздейтінін түсіндірді. Қазақстанның өкілі іс жүзінде тіркеу туралы әлі мақұлданбаған өтінішке де, тіркелген географиялық нұсқауға да қарсы дау айтуға және оны жарамсыз деп тануға болатынын растады.

1047. Арнайы қойылған сұраққа Қазақстанның өкілі тұтынушыны жаңылдыру ықтималдылығының "төмен" немесе "жоғары" болуын түсіндіруді Қазақстанда белсенді пайдалану нәтижесінде алынған ерте тіркелген тауар белгілерінің танымалдылығы/жалпыға танымалдылығы өлшемшарты негізінде сот әрбір жеке жағдайда жүзеге асыруы тиіс деп түсіндіріп берді. Тауар шығарылған жердің атауын (географиялық нұсқауды) мейлінше кеш тіркеуге дау айту, ерте тіркелген тауар белгісі болған жағдайда, ресми бюллетеньдегі тауар шығарылған жердің атауын (географиялық нұсқауды) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін бес жыл ішінде мүмкін болады.

1048. Тауар белгілерінің мейлінше кеш тіркелуіне қатысты Қазақстанның өкілі тауар белгілері туралы Заңның 23-бабына сәйкес ол тіркелген күннен бастап бес жыл ішінде даулануы мүмкін екенін растады. Тауар белгісінің жосықсыз тіркелуі уақыт бойынша қандай да бір шектеулерсіз даулануы мүмкін. Мәселен, тауар белгілері туралы Заңның 42-бабының 1(1) тармағына сәйкес тауар белгісін не тауар шығарылған жердің атауын (географиялық нұсқауды) тіркеу туралы куәлікті берудің құқыққа сыйымдылығы туралы дау соттың қарауына жатады.

1049. Тауар белгісінің белсенді пайдалануы оны Қазақстаннан тыс пайдалануын көздейтінін түсіндіру туралы сұраққа, Қазақстанның өкілі тауар белгілері туралы Заңның 19-бабының 4-тармағына сәйкес тауар белгісін пайдалану ретінде тауар белгісімен белгіленген тауарды жасау, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, оны жарнамада, маңдайша жазуларда, баспа басылымдарында, ресми бланкілерде, өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, тауар белгісіне құқықты беру немесе Қазақстан Республикасында өткізілетін көрмелерде тауарлардың көрсетілуі кезінде қолдану, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу тауар белгісін пайдалану болып танылуы мүмкін. Осылайша, тауар белгілерін белсенді пайдалану, соның ішінде

Қазақстаннан тысқары пайдалану деп түсініледі. Тауар белгісінің Қазақстандағы танымалдылық/жалпыға танымалдылық өлшемшарттары туралы сөз болып жатқанын назарға ала отырып, ол Қазақстанда да белсенді пайдалануы тиіс.

1050. Тауар белгісі Қазақстанда да белсенді пайдалануы тиіс деген тұжырымға қатысты бір мүше ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 16.2-бабына сәйкес басқа мемлекеттерде пайдалану жеткілікті болып табылатынын атап өтті. Қазақстанның өкілі тауар белгілері туралы Заңның 39-бабы 3-тармағындағы "пайдалану" терминінің тауар белгілері туралы Заңның 19-бабындағы анықтамасында берілген мәнге ие екенін және оның ойынша ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 16-бабының мағынасында жарнама тұжырымдамасына сәйкес екенін атап көрсетті. Тауар белгісі белсенді пайдаланылғаны-пайдаланылмағанын қарау кезінде уәкілетті орган жарнамаға жұмсалған бюджетті (жыл сайынғы қаржылық есептер негізінде), тұтынушыға тауар белгісінің танымалдылық дәрежесі мен танымал /жалпыға танымал болған елдер туралы ақпарат назарға алынады.

1051. Қазақстанның өкілі, егер шығарылған елде тауар шығарылған жердің атаулары (географиялық нұсқаулар) ретінде қорғалатын жағдайда, Қазақстанда дәстүрлі географиялық емес атаулар тауарлар шығарылған жердің атаулары (географиялық нұсқаулары) ретінде тіркеле алатынын растады.

- Өнеркәсіптік үлгілер

1052. Қазақстан өкілі өнеркәсіптік үлгілерге құқық Патент Заңымен реттеледі және мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігі шарттарына - жаңалық пен бірегейлікке сәйкес болған кезде патенттермен куәландырылады деп мәлімдеді. Ол "өнеркәсіпте қолданушылық" өлшемшарты, яғни өнеркәсіптік үлгіні өнеркәсіпте жаңғырту мүмкіндігі өнеркәсіптік үлгі үшін басты өлшемшарт болып табылатынын мойындады. Сәулет объектілері (шағын сәулет нысандарынан басқа), өнеркәсіптік, гидротехникалық және басқа да тұрақты ғимараттар "өнеркәсіпте қолданушылық" өлшемшартына сәйкес болмағандықтан, өнеркәсіптік үлгілер ретінде танылмайды. Алайда, олар авторлық құқық объектілеріне жатады. Патент Заңының 8-бабына сәйкес өнеркәсіптік үлгіге бұйымның сыртқы түрін айқындайтын көркем-конструкторлық шешім, тоқыма бұйымы, сондай-ақ шағын сәулет нысандары жатады. Сериялық жасап шығарылатын түрлі дүңгіршектердің, шатырлардың, аялдамалық павильондардың және т.б. сыртқы безендірілуіне қатысты шешімдер өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын шағын сәулет нысандары деп түсіндіріледі.

1053. Одан соң ол өнеркәсіптік үлгіге патент өтінімі берген күннен бастап 15 жыл бойы жарамды болатынын атап өтті. Патенттер, олардың иесінің өтінішхаты бойынша олардың қолданысын ұзарту мүмкіндігімен, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі. Өнеркәсіптік үлгіге патент иеленушісі оны пайдаланудың ерекше құқығына

ие. Патент иеленушісі болып табылмайтын кез келген тұлға қорғалатын өнеркәсіптік үлгіні патент иеленушісінің рұқсатымен және Әділет министрлігінде міндетті тіркеуге жататын лицензиялық шарт шеңберінде ғана пайдалануға құқылы.

- Патенттер

1054. Қазақстанның өкілі "Кейбір заңнамалық актілерге зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 2 наурыздағы №237-III Заңымен енгізілген өзгерістері бар Патент Заңы ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 25 – 34 баптарының барлық талаптарын көрсетеді деп мәлімдеді. Патент Заңы өнертабысты, өнеркәсіптік үлгілер мен пайдалы модельдерді қоса алғанда, өнеркәсіп меншігінің объектілеріне қолданылады және патент иелері құқықтарын қорғау тетіктерінің ауқымды тізбесін қамтиды. Егер ол жаңа болып табылса, өнертабыс деңгейіне ие болса және өнеркәсіпте қолданылса өнертабысқа құқықтық қорғау беріледі. Патент Заңының 6-бабының 2-тармағында өнертабыс объектілерінің түпкілікті тізбесі берілген, құрылғы, тәсіл, зат, микроорганизмнің штаммы немесе өсімдіктер мен жануарлар жасушалары, сондай-ақ бұрыннан белгілі құрылғыны, тәсілді, затты немесе штаммды жаңа мақсат бойынша қолдану осыған жатады. Диагностикалық, терапевтік және хирургиялық әдістер 6-баптың өлшемшарттарына сәйкес өнертабыс объектілері ретінде қорғалуы мүмкін. Патенттік Заң өнертабыс ретінде мыналар мойындалады: (i) жаңалық, (ii) ғылыми теориялар, (iii) математикалық әдістер, (iv) экономикалық ұйымдастыру мен басқару әдістері, (v) нышандар, бағдарламалар мен қағидалар, (vi) ақыл-ой әрекеті қағидалары мен әдістері, (vii) алгоритмдер мен компьютерлік бағдарламалардың өзі, (ix) өндірілетін тауарлардың сыртқы түрі бойынша ұсыныстар және (x) коммерциялық пайдалануы қоғамдық мүддеге, ізгілік және мораль қағидағтарына қайшы келуі мүмкін ұсыныстар. Патент Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес патент иеленушісі өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға міндетті, мұнымен бірге өнеркәсіптік меншік объектісін "пайдалану" ретінде кейіннен пайдалану мақсатында өнімді сақтауды қоса алғанда, оны дайындау, қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату, азаматтық айналымға өзге де енгізу танылады. Патент Заңының ережелері Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес немесе өзаралық қағидаты негізінде шетелдік және қазақстандық заңды және жеке тұлғаларға тең түрде қолданылады.

1055. Кейбір мүшелер патенттеуден компьютерлік бағдарламалардың алынып тасталғандығы бойынша алаңдаушылық білдірді. Олар компьютерлік бағдарламалар, мысалы өнімді дайындауға немесе пайдалануға арналған процестің бөлігі болуы мүмкін деп түсіндірді. Бұл мүшелер осындай компьютерлік бағдарламаларды Қазақстанның Патент Заңына сәйкес патенттеуге болу-болмауын түсіндіруді өтінді.

1056. Қазақстан өкілі Қазақстанда патенттік қорғау толық патентке де, инновациялық патентке де сәйкес берілуі мүмкін деп түсіндірді. Инновациялық патентке сәйкес берілетін қорғау дәрежесі, сапасы бойынша толық патентке сәйкес

берілетін қорғау дәрежесіне сәйкес келеді. Бұл екі түрлі патенттің негізгі айырмашылығы оларды беру рәсімдері мен қолдану мерзімінде. Инновациялық патент өнеркәсіптік қолданушылық пен жергілікті жаңалық шарттарына сәйкес болуы тексерілгеннен кейін беріледі және үш жыл бойы қолданылады. Толық патент инновациялық патент беруге өтінім берілген күннен бастап үш жыл ішінде Әділет министрлігіне өтінім берілген жағдайда, өтінімнің мәні бойынша сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі. Өтінімнің мәні бойынша сараптама мәлімделген шешімнің патентке қабілеттілік шарттарына (жаңалығы, бірегейлік және өнеркәсіптік қолданушылық) сәйкестігін тексеруді қамтиды. Толық патент бастапқы өтінім берілген күннен бастап 20 жыл мерзімге беріледі. Егер, инновациялық патенттің иесі қорғау мерзімін ұзарту, немесе толық сараптама жүргізуге уақтылы өтінім бермесе инновациялық патенттің қолданысы оның мерзімі өткен кезден бастап (яғни инновациялық патентке өтінім берілген кезден бастап үш жыл өткен соң) тоқтатылады. Өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылуын патент иеленушісінің өтінішхатын алған кезден бастап екі жыл мерзімге дейін ұзарту мүмкін болады.

1057. Қазақстан өкілі, егер жаңалық пен өнеркәсіптік қолданушылыққа қатысты патент қабілеттілігінің өлшемшарттарына сәйкес болса, пайдалы модельдерге патенттік қорғау берілетінін қоса айтты. Пайдалы модельдерге патенттер патент иеленушісінің өтінішхаты бойынша бұл мерзімді ұзарту, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге ұзарту мүмкіндігімен, бес жыл бойы қолданылады. Қорғалатын өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілеріне арналған жағдайлар қорғалатын пайдалы модельдерді пайдалануға айрықша құқық пен бұзудың мән-жайлары бірдей болып табылады.

1058. Мүше Қазақстанның "қоғамдық мүдделерге, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы ұсыныстар" өнертабыс болып танымайтынын атап өтті. Мүше ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 27.2-бабында пайдаланылатынына қарағанда Қазақстан пайдаланатын тұжырымдама анағұрлым кең екеніне алаңдаушылығын білдірді. Бұл мүше сонымен қатар Қазақстанның патенттеуден "шаруашылықты ұйымдастыру мен басқару әдістері" мен "компьютерлік бағдарламаларды" алып тастағандығына қатысты алаңдаушылығын айтты.

1059. Қазақстан өкілі Қазақстан патенттеуден "қоғамдық мүддеге, ізгілік пен моральға қайшы ұсыныстадыр" алып тастау арқылы ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 27.2-бабының түсінігіндегі тек "қоғамдық тәртіп" пен "моральға" қайшы ұсыныстарды ғана алып тастауды көздегенін растайды деп жауап берді. Қазақстанның патенттеуден "шаруашылықты ұйымдастыру мен басқару әдістерін" алып тастағанына қатысты Патент заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес өнертабыс ретінде техникалық шешімдер ғана қорғауға жататынын атап өтті. Шаруашылықты ұйымдастыру мен басқару әдістері патенттеуден олардың техникалық емес сипаттамасына қарай алынып тасталған.

1060. Жұмыс тобының мүшесі Патент заңының 6-бабына сәйкес ықтимал алып тастаулар саласына қатысты алаңдаушылығын жалғастырды және Қазақстанның ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 27.2-бабына сәйкестендіру мақсатында Заңға өзгерістер енгізуді өтінді.

1061. Қазақстан өкілі "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" атты 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-І Заңының мәтініндегі "қоғамдық мүдделерге, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы ұсыныстарды" "қоғамдық тәртіп" пен "моралға" ауыстыру арқылы зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша ДСҰ келісімінің 27.2-бабына сәйкестендіру мақсатында "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" атты 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-І Заңының 6-бабы өзгертілгенін растады. Қазақстанның өкілі, сондай-ақ, компьютерлік бағдарламаны қамтитын процесс сияқты өнертабыстар "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" атты 1999 жылғы 16 шілдедегі №427-І Заңына сәйкес патенттеу объектісі болып табылмайтынын растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

1062. Мүше Патенттік заңда белгіленген міндетті лицензиялау туралы талап ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 31(а)-(1) бабының талаптарына қандай түрде сай болатынын түсіндіруді өтінді. Қазақстанның өкілі Қазақстан Республикасының Патенттік Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес патент иеленуші қорғалаын өнертабысты өз қалауынша пайдалануға айрықша құқық беріледі деді. Қорғалатын өнертабысты заңсыз пайдалану патент иеленушісінің айрықша құқығын бұзушылық болып саналады. Қорғалатын өнертабыстар Әділет министрлігінде міндетті тіркеудің нысанасы болып табылатын лицензия арқылы немесе Патент Заңының 11-бабына сәйкес берілген мәжбүрлі лицензияға сәйкес патент иеленушісінің рұқсатымен ғана пайдалана алады. Патент Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес және қолайлы коммерциялық шарттарда лицензиялық шарт жасауға ақылға қонымды кезең ішінде сәтсіз күш салу жағдайында, кез келген тұлға оған мәжбүрлі айрықша емес лицензия беру туралы өтінішпен сотқа жүгіне алады. Мүдделі тарап патент иеленушісі өнертабысты пайдаланбаған кезде, егер өнертабысқа қорғау құжатын беру туралы мәліметтер алғаш рет жарияланғаннан кейін кейін өнертабыс төрт жыл ішінде үздіксіз пайдаланылмаса, егер өтініш беруші оның пайдаланылмағаны туралы дәлелдеме берсе, сотқа жүгіне алады. Егер патент иеленуші пайдаланбауы дәлелді себептерге байланысты болғанын дәлелдемаса, сот көрсетілген лицензияны пайдалану шектерін, мерзімдерін, төлемдердің мөлшері мен тәртібін белгілей отырып, ұсынады. Мәжбүрлі лицензия айрықша емес болмауы тиіс және төлем мөлшері белгіленген лицензияның нарықтық бағасынан төмен болмауы керек. ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 31(1) бабының талаптарына қатысты Қазақстанның өкілі Патент Заңының 11-бабының 5-тармағына сәйкес тиімді коммерциялық жағдайларда лицензиялық шарт жасасудан бас тартқан өнеркәсіптік меншік объектісіне басқа қорғау құжатын иеленушінің құқықтарын бұзбай пайдалана алмайтын патент иеленушінің Қазақстан

Республикасының аумағында өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға мәжбүрлі ерекше емес лицензияны өзіне беру туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқығы бар екенін атап өтті. Сот пайдалану шектерін, мерзімдерін, төлемдердің мөлшері мен тәртібін белгілей отырып, көрсетілген лицензияны береді. Төлем мөлшері лицензияның нарықтық бағасынан төмен белгіленбеуі тиіс. Мүше Қазақстанның Патенттік Заңның 11-бабының 5-тармағына қатысты алаңдаушылығын ортаға салды. Осыған байланысты бұл мүше Қазақстанның Патент заңының 11-бабының 5-тармағында ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің осындай талаптары жоқ екенін атап өтті, оған сәйкес екінші патент маңызды техникалық жетістікті қамтуға тиіс. Бұдан басқа, бұл мүше Қазақстанның Патент заңы ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 31(с) бабында көзделгендей жартылай өткізгіш технологияларға лицензия берілуі мүмкін болатын мақсаттарды шектемейтінін де атап көрсетті. Аталған мүше Қазақстанның патентке мәжбүрлі лицензиялау бөлігінде өз заңнамасын ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 31-бабына сәйкес келтіруді өтінді.

1063. Импортталатын өнімге қатысты "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" атты 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-І Заң импортталатын патенттелген өнімдерге қатысты "пайдалану" мен "пайдаланбауды" қалай түсіндіреді деген нақты сұраққа жауапта Қазақстан өкілі "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" атты 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-І Заңның 11-бабының 2-тармағына сәйкес импортталатын патенттелген өнімді импорттау жағдайында "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-І Заңға сәйкес пайдаланбау белгіленбейтінін растады. Бұған қоса, ДСҰ-ға кірген күнге дейін "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" атты 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-І Заңның 11-бабы, егер басқа патентті бұзбай ("бірінші патент") пайдаланылатын патентті ("екінші патент") пайдалану үшін патент нысанасын пайдалануға рұқсат етілген жағдайда, екінші патентте мәлімделген өнертабыс бірінші патентте мәлімделген өнертабыспен салыстырғанда ДСҰ-ның Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері келісімінің 31(1) бабында көзделген сияқты үлкен экономикалық мәні бар маңызды техникалық жетістікті қамтуы тиістігін қамтамасыз ету мақсатында өзгертілетін болады. Осыған ұқсас 11-бап, оны ДСҰ-ның Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері келісімінің 31(с) бабына сәйкестендіру мақсатында жартылай өткізгіш технологияларға мәжбүрлі лицензия берілуі мүмкін мақсаттарды шектеу үшін өзгертіледі. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

1064. Патент заңының 12-бабына сәйкес мыналар: 1) құралдар уақытша (немесе кездейсоқ) Қазақстан Республикасының аумағында болса және көлік құралдарының мұқтаждарына пайдаланылған жағдайда конструкциясында немесе басқа елдердің көлік құралдарын пайдаланған кезде өнеркәсіптік меншіктің қорғалатын объектілері бар құралдарды қолдану; 2) өнеркәсіптік меншіктің қорғалатын объектісін қамтитын құралға ғылыми зерттеулер немесе эксперимент жүргізу; 3) мұндай құралдарды патент

иеленушіге дереу хабарлап және патент иеленушіге кейіннен мөлшерлес өтемақы төлей отырып, төтенше жағдайлар (табиғи апаттар, дүлей зілзала, ірі авариялар) кезінде қолдану; 4) мұндай құралдарды жеке табыс алу мақсатынсыз қолдану; 5) дәріханада дәрігердің рецептімен дәрілерді бір жолғы дайындау патент иеленушісінің айрықша құқығының бұзылуы болып танылмайды. Осылайша, оның пікірі бойынша жоғарыда көрсетілген құқықтық нормалар ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 30-бабының талаптарына сәйкес келеді.

1065. Қазақстандық заңнама жеке мақсатта қолайлы қолдану мен "құқық иелерінің құқықтарын негізсіз бұзудың" алдын алу қажеттігі бар жеке мақсаттар арасындағы теңгерім қалай сақталатыны туралы сұраққа Қазақстанның өкілі өнеркәсіптік меншіктің қорғалатын объектілерін қамтитын құралдарды қолдану жеке мақсатта жүзеге асырылатын шектеулі жағдайларда ғана құқық иеленушілері құқықтарының бұзылуы деп танылмайды деп жауап берді. Бұдан басқа, осындай пайдалану табыс алусыз жүзеге асырылуы тиіс. Патент құқық иеленушінің коммерциялық емес қызметті жүзеге асыруға емес, табыс алуға монополиясын қамтамасыз ететінін ескере отырып, мұндай патенттелген өнертабысты қамтитын құралды қолдану, өз пікірінше, оның заңды мүдделерін кемсітпейді.

1066. Мүше Қазақстанды мұндай ерекшеліктер патентті қалыпты пайдалануға қайшы болмауын және үшінші тұлғалардың заңды мүдделерін ескере отырып, патент иеленушісінің заңды мүдделерін негізсіз кемсітпеуді қамтамасыз ету мақсатында, бұл ережелер патент берген ерекше құқықтарға қатысты шектелген ерекшеліктерді білдіруі болып саналу үшін Патент Заңының 12-бабының 2 және 4-тармақтарын ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 30-бабының талаптарына сәйкестендіруді өтінді.

1067. Қазақстанның өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күнге дейін "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" атты 1999 жылғы 16 шілдедегі №427-І Заңның 12-бабының 2 және 4-тармақтары ДСҰ-ның Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері келісімінің 30-бабының талаптарына сәйкес келтіру үшін өзгертілетінін растады. Атап айтқанда, 12-баптың 2-тармағы "зерттеудің коммерциялық мақсаты болмаған жағдайларда өнеркәсіптік меншіктің қорғалатын объектісі бар құралға ғылыми зерттеу немесе эксперимент жүргізу" патент иеленушісінің құқықтарын бұзу болып табылмайтынын белгілеу үшін өзгертілетін болады. "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" атты 1999 жылғы 16 шілдедегі №427-І Заңның 12-бабының 4-тармағы, егер пайдалану мақсаты табыс алу болып табылмаса, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке, отбасылық, үйдегі немесе басқа да мұқтаждарды қанағаттандыру үшін патент иеленушісінің рұқсатынсыз патентті пайдалануды белгілеу үшін өзгертіледі. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

1068. Сот талқылауында дәлелдеу ауыртпалығына қатысты зияткерлік меншікті заңсыз пайдалануға қатысты Патент Заңында ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 34-бабына сәйкес норма көзделмегенін атап өтті. Алайда, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 65-

бабында өз талаптары мен қарсылықтарының негіздері ретінде сілтеме жасап отырған мән-жайларды әрбір тарап дәлелдеуі тиіс болатын ережелер бар. Дәлелдемелерді іске қатысушы басқа тараптар да береді.

- Өсімдік сорттарын қорғау

1069. Қазақстанның өкілі өсімдіктер мен мал тұқымының жаңа түрлерін қорғау "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі № 422-І Заңында белгілеген тәртіппен жүзеге асатынын атап өтті. Бұл Заң өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғау жөніндегі Халықаралық конвенцияға (Парижде 1961 жылғы 2 желтоқсанда қабылданған, 1972, 1978, 1991 жылдары енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар) сәйкестігі бойынша өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғау жөніндегі Халықаралық Одақтың (UPOV) оң сараптама қорытындысын алды. Ол, өз пікірінше, Қазақстан Республикасы осы Заңды қабылда арқылы өсімдіктердің жаңа сорттарын не патент беру арқылы, не тиімді жүйені sui generis қолдану арқылы не олардың кез келген үйлесімі арқылы қорғауды ДСҰ-ның барлық мүшелерінің көздеуі тиіс ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 27.3 (b) бабының шарттарын орындады деп атап айтты.

1070. Қазақстанның өкілі ДСҰ-ға кіргеннен кейін оның барлық мүшелерінің заңды және жеке тұлғаларына өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғау ұсынылатынын растады.

- Интегралдық микросхемалар топологиясы

1071. Қазақстанның өкілі Қазақстан Республикасында интегралдық микросхемалар топологиясын құқықтық қорғау ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 35-38-баптарының талаптары көрініс тапқан Азаматтық кодекстің (Ерекше бөлім) 1013 – 1016-баптарының негізінде іске асырылатын "Интегралдық микросхемалардың топологиясын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы № 217-III Заңымен жүзеге асырылатынын атап айтты.

- Коммерциялық құпия мен сынақтардың деректерін қоса алғанда, жабық ақпарат жөніндегі талаптар

1072. Жұмыс тобының бір мүшесі жосықсыз коммерциялық пайдаланудан жабық ақпарат пен сынақтардың деректерін қорғау үшін үшінші тарап (яғни екінші өтініш беруші) осындай деректерді бірінші берген тұлғаның рұқсатынсыз өткізуге/тіркеуге рұқсат алу үшін тікелей немесе жанама пайдалана алмау немесе сілтеме жасай алмауы үшін Үкімет өтініш берушіге белгілі бір уақыт мерзімін беруі қажет екенін атап өтіп, қазақстандық заңнама ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 39.3-бабының талаптарына қалай сәйкес келетінін сұрады.

1073. Қазақстан өкілі Қазақстан өткізуге/тіркеуге рұқсат алу үшін жабық ақпарат пен сынақтардың деректерін берген өтініш берушіге үшінші тараптың жосықсыз коммерциялық пайдалануының алдын алуы үшін жеткілікті уақыт мерзімінде өтініш берушінің мәліметтеріне тікелей немесе жанама сілтеме жасай алмайтынына кепілдік беретін, эксклюзивті мерзім беру туралы норманы қосуды көздейтін Заң жобасын әзірлеу бойынша жұмыс жүзеге асыруда деп жауап берді. Ол Азаматтық кодекстің 126-

бабына сәйкес үшінші тұлғаларға мұндай ақпарат белгісіз болған, ол құпия және оған заңды негізде еркін қол жетімділік болмаған жағдайда азаматтық заңнамада нақты (өзекті) немесе коммерциялық құндылығы бар ақпаратты қорғау қамтамасыз етіледі деп қосты.

1074. Ол одан әрі жабық ақпаратқа ие болған тұлға "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодекстің 158-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін екендігін атап өтті. Оған қоса Қылмыстық кодекстің 200-бабымен қызметі немесе жұмысы бойынша сеніп тапсырған тұлғаларға коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді жинауға, сондай-ақ иесінің келісуінсіз пайдакүнемділік немесе жеке мақсатта жариялауға немесе пайдалануға тыйым салынады. Жабық ақпаратты жариялауға жауапты министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен басшылары әкімшілік жауапты болады. Осындай жариялау үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен, айыппұлмен, қамауға алумен немесе түзеу жұмыстарымен жазаланады. Оның пікірінше, өткізуге/тіркеуге рұқсат алу үшін берілген жабық ақпарат пен басқа да деректер аталған заңнамаға сәйкес жариялаудан қорғайтын болады.

1075. Жабық ақпаратты иеленуші тұлға өз құқықтарын қалай қорғай алатынын түсіндіру туралы өтінішке Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті юрисдикциядағы сотқа соттық қорғаудың бірқатар құралдары, оның ішінде талап қою ұсынылады деп жауап берді. Соттық қорғау құралдары залал сомаларын, сондай-ақ өз құқықтарын сақтауды қамтамасыз етумен байланысты талапкердің барлық шығындарын өндіріп алуды қамтиды.

1076. Тиісті рұқсатсыз өтініш берушінің деректеріне үшінші тұлға тікелей немесе жанама сүйене алмайтынына кепілдік беретін, өтініш берушіге эксклюзивті мерзім ұсынатын ережені қамтитын Заң жобасы қабылдана ма деген сұраққа Қазақстанның өкілі "Коммерциялық құпия туралы" Заң жобасы Парламент қарауынан алынып тасталды және оны Парламент қарауына қайта енгізу жоспарланып отырған жоқ деп жауап берді.

1077. Жұмыс тобының кейбір мүшелері фармацевтикалық және агрохимиялық өнімдерді Қазақстанда өткізуге/тіркеуге рұқсат алу үшін берілген жабық ақпаратты және сынақтардың деректерін жосықсыз коммерциялық пайдалануға уәкілетті органдардың тыйым салуын міндеттейтін құқықтық норманың жоқтығы бойынша, мұндай деректерді берген өтініш берушіге тиімді қорғау қамтамасыз етілмеуі бойынша алаңдаушылығын білдірді. Мұндай деректерді бірінші болып берген тұлғадан басқа, осындай деректерді берген тұлғаның анық келісімінсіз өткізуге/тіркеуге рұқсат алу туралы өтінішке қолдау ретінде осы деректерге тікелей немесе жанама сілтеме жасауға бір де бір тұлғаға рұқсат берілмейтін, Қазақстанда өткізуге рұқсат алған күннен бастап берілетін кемінде алты жылдық мерзім қажет болады. Бұл мүшелер фармацевтикалық өнімдердің (жаңғыртылған дәрілік заттардың) генерикалық нұсқаларын тіркеу туралы

өтініш берушілер "бірегей" дәрілік құралдарды тіркеу үшін клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулер нәтижелерін мен басқа да деректерді беруі тиістігін және жосықсыз коммерциялық пайдаланудан қорғаудың алты жылдық кезеңі ішінде басқалардың рұқсаттыңсыз олардың деректеріне сілтеме жасай алмайтынын растауды да талап етті. Бұл мүшелер Қазақстаннан ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 39.3-бабына сәйкестікті қамтамасыз етіп, тиісті қорғау деңгейін ұсынуды талап етті.

1078. Жұмыс тобының бірнеше мүшесі фармацевтикалық өнімдерді өткізуге/тіркеуге рұқсат беру процесінің ашықтығына қатысты ла алаңдаушылығын білдірді және Қазақстаннан, егер басқа өтініш беруші ұқсас белсенді ингредиенті бар фармацевтикалық өнімді өткізуге/тіркеуге рұқсат беру туралы өтініш берген жағдайда, Қазақстанда фармацевтикалық өнімдерді өткізуге/тіркеуге рұқсат үшін жабық ақпарат пен сынақ деректерін беретін кәсіпорындар хабардар болатын рәсімдерді қамтамасыз етуді талап етті. Бұл мүшелер сондай немесе ұқсас белсенді ингредиенті бар фармацевтикалық өнімді өткізуге/тіркеуге рұқсат алған немесе берілген өтініш бойынша шешім күтіп жүрген кәсіпорындар Қазақстанның уәкілетті тұлғаларына бірінші өтініш берушінің жабық ақпараты немесе сынақтар деректерін басқа өтініш берушілердің пайдалануына рұқсаттың бар-жоғы туралы ақпарат беруі және Қазақстанның уәкілетті тұлғаларының назарын осындай өтініш берушілерді кейіннен қарау және олардың өзінің жабық ақпараты мен сынақтар деректерін беру мәселесіне аударуына мүмкіндік беретін растауды талап етті. Бұл мүшелер, егер өтініш беруші өзінің жабық ақпараты мен сынақтар деректерін, сондай-ақ нарыққа енгізуге/тіркеуге құқыққа сыйымсыз қол жеткізілген фармацевтикалық өнімдердің мәртебесі туралы ақпаратты бермеген жағдайда, Қазақстанның уәкілетті органдары фармацевтикалық өнімдерді өткізуге/тіркеуге рұқсат беруден бас тартатыны-тартпайтыны туралы ақпаратты сұрады. Атап айтқанда, өзінің жабық ақпараты мен сынақ деректері енгізілмеген өтініштер негізінде нарыққа /тіркеуге рұқсат берілген фармацевтикалық өнімдер осындай құқықтық талаптар сақталғанға дейін нарықтан жойыла ма деп сұралды.

1079. Қазақстанның өкілі жауабында мұндай жабық ақпарат пен сынақ деректері Азаматтық кодекске, Қылмыстық кодекске және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес жария болудан қорғалатынын және мұндай қорғаудың уақыты шектелмейтінін растады. Ол қазақстандық заңнама Қазақстанда өткізуге/тіркеуге рұқсат алу үшін басқа тұлға әзірлеген және ұсынған сынақтар мәліметтері мен жабық ақпаратқа тікелей немесе жанама сүйенуге рұқсат берілмейтінін де және ДСҰ-ға кірген кезден бастап Қазақстан ДСҰ-ның Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері келісімінің 39.3-бабына сәйкес жабық ақпарат пен сынақтар деректерін қорғауды қамтамасыз ететін шараларды қолданылатынын растады, онда Қазақстанда өткізуге/тіркеуге, яғни жаңа химиялық заттарды қамтитын фармацевтикалық өнімдерді тіркеуге рұқсат алу үшін мәлімделген жабық ақпарат пен сынақтар деректері Қазақстанда

өткізуге рұқсат алынған кезден бастап жосықсыз коммерциялық қолданудан аз дегенде алты жыл қорғау кезеңі берілуі көзделетін болады. Жосықсыз коммерциялық пайдаланудан қорғау үшін берілетін кезең ішінде осындай жабық ақпарат пен сынақтар деректерін ұсынған жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалардан басқа, бір де бір жеке тұлға немесе заңды тұлға (мемлекеттік немесе жеке) осындай жабық ақпарат пен сынақтар деректерін ұсынған жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның айқын келісімінсіз Қазақстанда өткізуге/тіркеуге рұқсат алу үшін оларды пайдалану мақсатында осындай деректерге тікелей немесе жанама сүйене алмайды. Өткізуге/тіркеуге кейіннен берілген өтінімдер туралы хабарлама белгіленген рәсімдерге сәйкес беріледі. Алты жылдық кезең ішінде өтініш беруші бірінші өтініш берушінің деректеріне қойылатын талаптарға сай болатын жеке өз деректерін (не құқық иеленушінің рұқсатымен пайдаланған деректерді) ұсынбайынша кез келген өткізуге/тіркеуге арналған кейінгі өтініш қанағаттандырылмайды; және мұндай деректерді бермей тіркелген өнімдер осындай талаптар қанағаттандырылғанға дейін нарықтан алып тасталады. Бұдан соң ол халықты қорғау қажеттілігін қоспағанда немесе деректерді жосықсыз коммерциялық пайдаланудан қорғауды қамтамасыз ететін әрекеттерді қабылдағанға дейін Қазақстанның осындай деректердің кез келген жария болуынан қорғайтынын растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемелерді назарға алды.

1080. Мүшенің генерикалық немесе "жаңғыртылған" фармацевтикалық өнімдерге қатысты алаңдаушылығына жауап ретінде Қазақстан өкілі Қазақстанда өткізуге/тіркеуге рұқсат алу мақсатында берілген жабық ақпарат пен сынақтар деректерін жосықсыз коммерциялық пайдалануға салынған алты жылдық тыйым жеделдетілген немесе қысқартылған тіркеу рәсіміне жататын фармацевтикалық өнімдерді қоса алғанда, генерикалық немесе жаңғыртылған фармацевтикалық өнімдерге де қатысты қолданылады деп түсіндірді.

1081. Қазақстанның өкілі минералды тыңайтқыштарды қоса алғанда, барлық агрохимиялық өнімдер Қазақстанда тіркелуге жататынын растады. "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 302-ІІ Заңға сәйкес минералды тыңайтқыштар агрохимиялық препараттар сияқты емес, химиялық өнім ретінде тіркелуге жатады. Пестицидтер мен улы химикаттар "Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Үкіметтің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1396 қаулысына сәйкес тіркелуі тиіс. Атап айтқанда, "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 302-ІІ Заңға және "Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Үкіметтің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1396 қаулысына сәйкес химиялық өнімдер, пестицидтер мен улы химикаттар үшін тіркеу талаптары өтініш берушілердің

барлығына бірдей болып табылады және өз өнімін тіркеу мақсатында басқа өтініш беруші әзірлеген және ұсынған жабық деректеріне құқыққа сыйымсыз сілтеме жасау мүмкіндігіне жол бермейді. Жұмыс тобы бұл міндеттемелерді назарға алды.

- ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРАКТИКАСЫ

- Соттық азаматтық-құқықтық рәсімдер мен шешімдер

1082. Қазақстанның өкілі Азаматтық және Қылмыстық кодекстердің ережелеріне, Патент Заңының 33-бабына, Тауар белгілері туралы заңның 42-бабына сәйкес тараптар ретінде көрінетін Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел тұлғалары арасында зияткерлік меншік құқықтары бойынша дауларды реттеу бөлігінде ерекшеліктер жүргізілмейтінін атап өтті. Шетелдік және отандық зияткерлік меншік құқықтарының иеленушілері сот тәртібімен мынадай: (i) авторлық туралы; (ii) қорғауды берудің құқыққа сыйымдылығы туралы; (iii) айрықша құқықтың және басқа мүліктік құқықтардың бұзылуы туралы; (iv) патент иеленушісін белгілеу туралы; (v) мәжбүрлі лицензия беру туралы; (vi) лицензиялық шарттарды жасасу мен орындау туралы; (vii) өтемақы мен айрықша құқықтардың бұзылуы нәтижесінде келтірілген залал сомаларын төлеу туралы; (viii) зияткерлік меншік құқықтарын қорғаумен байланысты басқа да дауларды қарауды талап ете алады. Оған қоса, құқық иеленушілер өз құқықтарын қорғау туралы өтінішті жергілікті уәкілетті органдар мен әкімшілікке бере алады, бұл сотқа арыз беруге кедергі болмайды.

1083. Қазақстан өкілі Азаматтық іс жүргізу кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес, егер іске қатысқан тараптар мен басқа да тұлғаларға дәлелдемелер ұсыну қиын болған жағдайда, сот олардың өтінішхаты бойынша дәлелдемелерді талап етіп алдыруға жәрдем көрсетеді және қажет болған кезде өтінішхат берген тұлғаға талап етілген дәлелдемені алу үшін сұрау салу береді деп жауап берді. Сондай-ақ Азаматтық іс жүргізу кодексінің 74-бабының 1-тармағында өздері үшін қажетті дәлелдемелерді ұсыну соңынан мүмкін болмайды немесе қиындық келтіреді деп қауіптенуге негізі бар адамдар соттан осы дәлелдерді қамтамасыз ету туралы сұрай алатыны белгіленген.

1084. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың зияткерлік меншік құқықтарын бұзушыдан құқық иеленушінің пайдасына оның шеккен шығындарын өндіріп алуға өкілеттігі бар. Арнайы қойған сұраққа Қазақстан өкілі жауабында Азаматтық кодекстің 9 және 917-баптарына сәйкес құқығы бұзылған тұлға нақты залал мен жіберіп алынған пайданы қоса алғанда, оған келтірілген шығындардың толықтай өтелуін талап ете алатыны белгіленген деп түсіндірді. Бұл ретте шығындар деп құқығы бұзылған тұлға өндірілген немесе өндіруі тиіс шығыстар, оның мүлкінің жоғалғаны немесе бүлінгені (нақты залал), сондай-ақ егер құқығы бұзылмаса айналымның әдеттегі жағдайында осы тұлға алатын алынбаған табыстар (жіберіп алынған пайда) түсініледі. Осыған байланысты, Азаматтық кодекстің 9 және 917-баптары шығындарды есептеу кезінде заңды тауардың бағасы есепке алынатынын тікелей көздейді. Тауар белгілері туралы заңның 44-бабына сәйкес тауар белгісін не тауар шығарылған жердің атауын (

географиялық нұсқауды), не араласу дәрежесіне дейін онымен ұқсас белгіні заңсыз пайдаланған тұлға бұзушылықты тоқтатуға және сондай-ақ тауар белгісі мен тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға құқығы иесіне ол шеккен нақты залалдың және жіберіп алған пайдасын өтеуге міндетті. Авторлық құқық туралы заңның 49-бабына сәйкес, сот авторлық құқықтарды бұзумен байланысты мәселелерді қарау кезінде талапкердің өтініші бойынша авторлық құқықтарды бұзушыға мыналарды: (i) арыз берушіге жіберіп алған пайданы қоса алғанда, шығындарды өтеуді; (ii) бұзушы алған табысты өтеуді немесе; (iii) жауапкерді 20-дан 50-ге дейінгі барынша төмен жалақы мөлшері сомасында өтемақы төлеуді (ЭЕМ бағдарламалары немесе деректер базасы үшін авторлар құқықтары бұзылған кезде 500-ден 50 000 дейінгі барынша төмен жалақы мөлшерінде) міндеттей алады. Азаматтық іс жүргізу кодексінің 111-бабына сәйкес өз пайдасына сот шешімі шығарылған тарапқа процеске қатысқан өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша ол шеккен шығыстарды осы тараптың талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігінің 10 %-ынан аспайтын сомасына шеккен нақты шығындар мөлшерінде екінші тараптан алып береді. ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 45(2) бабына сәйкес сот органдарының пайда өтету бойынша өкілдігі бар ма деген сұраққа жауапта Қазақстан өкілі Азаматтық кодекстің 9-бабының 4-тармағы мен Азаматтық іс жүргізу кодексінің 111-бабының 1-тармағына сілтеме жасады.

1085. Қазақстан заңнамасының ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 46-бабына сәйкестігі туралы ақпарат беру туралы сұраққа жауапта ол авторлық құқық туралы Заңның 49-бабына сәйкес судья қарақшылық нұсқа деп болжанған туындылар мен фонограммалардың барлық нұсқаларына, сондай-ақ оларды дайындауға немесе жаңғыртуға арналған материалдар мен жабдықтарға тыйым салу және алып қою туралы ұйғарым шығаруға құқылы екенін атап көрсетті. Туындылар мен фонограммалардың қарақшылық даналары авторлық немесе сабақтас құқықтар иеленушісінің талабы бойынша оған берілуге не сот үкімі бойынша жойылуға жатады. Бұдан басқа, туындылар мен фонограммалардың қарақшылық даналарын тәркілеу Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 129-бабында көзделген. Контрафактілі тауарларды азаматтық тауар айналымынан алып қою 2008 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 145-бабында да көзделген. Сонымен қатар тауар белгілері туралы Заңның 44-бабының 2-тармағына сәйкес тауар белгісін немесе тауар шығарылған жер атауын не араласу деңгейіне дейін ұқсас белгілерді құқыққа сыйымсыз пайдаланған тұлға дайындалған тауар белгісінің бейнесін немесе тауар шығарылған жердің атауын, сондай-ақ оларды тауардан, оның орамасынан, бланктерден немесе басқа құжаттамадан жоюға міндетті. Бұл талапты орындау мүмкін болмаған кезде тауар заңнамада белгіленген тәртіппен жойылуға жатады. Ерекше жағдайлардан басқа, тауар белгісінің құқыққа сыйымсыз пайдаланылуын қарапайым жоюдың жеткілікті емес екендігі туралы ескертуге берілген жауапта Қазақстанның өкілі Қазақстан ДСҰ-ның ТРИПС келісімінің 46-бабына сәйкес келтіру мақсатында

Тауар белгілері туралы заңның 44-бабына өзгерістер енгізуді жоспарлап отырғанын атап өтті.

1086. Жұмыс тобының бірқатар мүшелерін зияткерлік меншік құқықтары бойынша дауларда шешім қабылдау дағдыларын жинау үшін судьялар қандай да бір дайындықтан өте ме деген сұрақ қызықтырды. Қазақстан өкілі сот органдарының өкілдері әрдайым зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін талқылауға арналған іс-шараларға (семинарлар, конференциялар, "дөңгелек үстелдер") тұрақты түрде белсенді қатысатынын атап көрсетті. Мысалы, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын тұлғалардың біліктілігін арттыру үшін 2005 жылдың шілде айында Әділет министрлігі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымымен (ДЗМҰ), CIPR және Дүниежүзілік кеден ұйымымен (ДКҰ) бірлесіп зияткерлік меншік құқығы аясында құқық қолдану практикасы бойынша семинар өткізілген, оған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары, сондай-ақ облыстық және оған теңестірілген соттардың судьялары белсене қатысты. 2011 жылы Әділет министрлігі ЮСАИД-пен бірлесіп "Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік құқықтарын соттық қорғауы" тақырыбына конференция өткізді. Бұдан басқа, елде мемлекеттік институты болып табылатын Мемлекеттік қызмет академиясы жанында сот академиясы жұмыс істейді, онда өңірлердің судьялары қолданыстағы заңнаманы қолдану мәселелері бойынша дайындықтан өтіп, білім алады.

- Уақытша шаралар

1087. Қазақстан өкілі, егер кез келген кідіріс құқық иеленушісіне орны толмайтын зиян келтіруі ықтимал болса немесе айғақтар жойылып кетеді деген дәлелді қауіп болса судьялар мен Үкімет органдарына уақытша шаралар қолдануға өкілдік берілді деп жауап берді. Ол Патент Заңы мен тауар белгілері туралы Заң уақытша шараларға қатысты ережелерді көздемейтінін атап өтті, бірақ оларды көздейтін Азаматтық іс жүргізу кодекстің 15-тарауына сілтеме жасады. Бұл кодекстің 159-бабына сәйкес мыналар: (i) жауапкердің мүлкіне тыйым салу; (ii) жауапкерге белгілі бір әрекеттер жасауға тыйым салу; (iii) басқа адамдардың жауапкерге мүлік беруіне немесе оған қатысты өзге де міндеттемелерді орындауға тыйым салу; (iv) мүлікті тыйым салудан босату туралы талап қою берілген жағдайда, мүлікті өткізуді тоқтата тұру; (v) мемлекеттік органның, ұйымның немесе лауазымды адамның дауланатын қолданысын тоқтата тұру; (vi) борышкер дау айтатын орындау құжаты бойынша өндіріп алуды сот тәртібімен тоқтата тұру талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар бола алады. Сот жоғарыда айтылған кез келген шараларға қатысты жауапкерге алдын ала хабарлаусыз ұйғарым қабылдай алады. Қажет болған жағдайларда сот Азаматтық іс жүргізу кодексінің 158-бабында көрсетілген мақсаттарға сай келетін талап қоюды қамтамасыз ету бойынша өзге де шараларды, мұндай шаралар болмаған кезде соттың шешім шығаруына қиындық келтірілетін жағдайларда, қолдана алады.

1088. Арнайы қойылған сұраққа Қазақстан өкілі өз жауабында Азаматтық іс жүргізу кодексі іске қатысқан адамның талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шараның бір түрін екінші түрімен ауыстыру туралы өтініш беруге құқығын көздейтінін атап көрсетті. Бұл ретте бұл мәселені сот іске қатысатын адамдарға арызды қарау уақыты мен орны туралы хабарлай отырып, шешеді (162-бап). Сөйтіп, оған қатысты *inaudita altera parte* (айыпталушы тарапты тыңдамай) талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданған жауапкер шараларды қайта қарауды және сотта тыңдалуды сұрауға құқылы. Азаматтық іс жүргізу кодексі тараптардың талап қоюды қамтамасыз ету шарасын жою немесе қолданысын тоқтата тұру туралы арыз беру құқығын да көздейді (163-бап). Осылайша, егер нәтижесінде істің мәні бойынша шешім қабылданатын сот талқыламасы ақылға қонымды мерзім ішінде басталмаса, іс тараптары немесе сот мұндай шараларды жоюға немесе олардың қолданысын тоқтата тұруға бастамашылық жасай алады. Оған қоса, талап қоюдан бас тартылған шешім заңды күшіне енгеннен кейін жауапкер талап қоюшыға оның өтініші бойынша қабылданған талап қоюды қамтамасыз ету шараларымен келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюға құқылы (165-бап).

1089. Жұмы тобы мүшесінің алаңдаушылығына жауап ретінде Қазақстан уақытша шаралар *inaudita altera parte* (айыптаушы тарапты тыңдамай) қабылданған жағдайда мүдделері қозғалған тараптар бұл туралы дереу, ең кеш дегенде бұл шаралар жүзеге асырылғаннан кейін, хабарланатынын растады.

- Әкімшілік рәсімдер мен құралдар

1090. Қазақстан өкілі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 128, 129 және 145-баптарына сәйкес белгілі бір әрекеттер зияткерлік меншік құқықтарын бұзушылық болып табылатынын және әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін түсіндірді. Оларға мыналар: (i) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, өнертабысты, пайдалы моделді, өнеркәсіптік үлгіні, селекциялық жетістікті, интегралдық микросхема топологиясын заңсыз пайдалану, автордың немесе арыз берушінің келісімінсіз өнертабыстың, пайдалы моделдің, өнеркәсіптік үлгінің, селекциялық жетістіктің, интегралдық микросхема топологиясының мәнін олар туралы мәліметтер ресми түрде жарияланған дейін жария ету, сол сияқты авторлықты иеленіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу; (ii) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, авторлық не сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты өткізу мақсатында туындылар мен (немесе) фонограммалардың контрафактілік даналарын сатып алу, сақтау, тасымалдау немесе дайындау, авторлықты иеленіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу; (iii) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, бөтен тауар белгісін, көрсетілетін қызмет белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын (

географиялық нұсқауын) немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған, олармен ұқсас белгілеулерді заңсыз пайдалану, сондай-ақ бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдалану жатады.

1091. Қазақстан өкілі мұндай құқық бұзушылықтарды сот қарайды деп толықтырды. Қарау барысында мәлімделген өтінішхаттарға рұқсат етіледі, іс жүргізуге қатысатын адамдардың айғақтары тыңдалады, ұсынылған дәлелдемелер зерттеледі. Сот істі қарастырып, іс жүргізуді тоқтату туралы не әкімшілік жаза қолдану туралы шешім қабылдайды.

1092. 128-бапта көзделген бұзушылықтар үшін жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 20-дан 50-ге дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға – 50-ден 100-ге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға – АЕК-тің 150-ден 400-ге дейінгі мөлшерінде, қайталап жасалған бұзушылық үшін жеке тұлғаларға – АЕК-тің 50-ден 100-ге дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға – АЕК-тің 100-ден 150-ге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға – АЕК-тің 200-ден 700-ге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 129-бапта көзделген бұзушылықтар үшін жеке тұлғаларға авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 10-нан 15-ке дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға – АЕК-тің 20-дан 30-ға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға – АЕК-тің 100-ден 150-ге дейінгі мөлшерінде, қайталап жасалған бұзушылық үшін авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке тұлғаларға – АЕК-тің 15-тен 20-ға дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға – АЕК-тің 30-дан 50-ге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға – АЕК-тің 150-ден 200-ге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 145-бапта көзделген бұзушылықтар жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 10-нан 30-ға дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға – АЕК-тің 30-дан 50-ге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғалар үшін – АЕК-тің 50-ден 100-ге дейінгі мөлшерінде, қайталап жасалған бұзушылық үшін жеке тұлғаларға – АЕК-тің 30-дан 50-ге дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға – АЕК-тің 50-ден 100-ге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға – АЕК-тің 100-ден 200-ге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Тараптар сот шешімімен келіспесе, олар жоғары тұрған сотқа шағым беруге құқылы.

1093. Зияткерлік меншік құқықтары иеленушілерінің иелігінде олардың сақтауын қамтамасыз ету үшін қандай әкімшілік шаралары бар, оларды іске асыру үшін қандай органдар жауапты және оларға қол жеткізу үшін шетелдік тарап қандай әрекет қолдануы керек деген сұрақтарға жауапта Қазақстан өкілі өтініш беруші (шетелдік немесе отандық) Зияткерлік меншік құқықтары комитетінің Апелляциялық кеңесіне қарсылық беруге құқылы (Патент Заңының 22, 23 және 29-баптары және тауар белгілері туралы Заңның 12, 23, 31 және 44-баптары) деп түсіндірді. Егер өтініш беруші Апелляциялық кеңес шешімімен келіспесе, ол шешімге сот тәртібі бойынша дау айта

алады. Бұдан әрі, Қазақстан өкілі бұзушылықтар туралы істерді сот қарайтынын атап айтты. Дегенмен, Әкімшілік кодексте көзделмеген өнеркәсіптік меншік объектісіне арналған құқықтардың бұзылуы азаматтық заңнамаға сәйкес қаралады.

1094. Бұзушылықтар мен жазалау шаралары туралы істерді қарау кезінде әкімшілік комиссиялар ұстанатын рәсімдер туралы қосымша ақпаратты ұсыну жөніндегі сұраққа, ол ұлттық заңнамаға сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын бұзған деп айыптауға байланысты істерді қарау бойынша қандай да бір әкімшілік комиссиялар құру Қазақстанда көзделмеген деп түсіндірді. Заңнамаға сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға байланысты барлық дауларды соттар ғана қарайды.

- Арнайы шекаралық шаралар

1095. Қазақстанның өкілі 2010 жылғы 1 шілдеден бастап, Қазақстан Республикасындағы шекаралық шаралар 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден Одағының Кеден кодексі туралы шарттың (бұдан әрі - КО Кеден Кодексі) 46-тарауына (328 – 334-баптар) және Қазақстан Республикасының Кеден кодексінің 53-бөліміне (436 – 445-баптар) сәйкес қолданылатынын атап өтті. 46-тарау мен 53-бөлімдерде көзделген рәсімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдарына зияткерлік меншік объектілерін қамтитын тауарлардың импорты мен экспортының алдын алу бойынша өкілеттіктер берілген. Қазақстанның Мемлекеттік кіріс комитеті зияткерлік меншік объектілерін қамтитын тауарлар тізілімін жүргізеді және оны жариялауды қамтамасыз етеді. Тізілімге енгізу құқық иесінің өтініші бойынша тегін жүзеге асырылады. Кеден органдарының құқық иеленушілер құқықтарын қорғау мерзімін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өтініш беруші көрсеткен, бірақ көрсетілген тауар тізілімге енгізілген күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімді ескере отырып, белгілейді (құқықтарды қорғау мерзімі құқықтың өзінің қолдану мерзімінен аспайтын кезеңге ұзартылуы мүмкін). Құқық иеленушілер өздерінің зияткерлік меншік құқықтарын Мемлекеттік кіріс комитетінде тіркей алғанымен Қазақстан өкілі кеден қызметшілерінің құқық иеленушілердің тіркелуі болмаған кездің өзінде күмәнді тауарларды алып қоятын дербес өкілеттіліктері (ex officio) барын растады.

1096. Мүшенің алаңдаушылығына жауап ретінде Қазақстан өкілі (ex officio) өкеттіктерін пайдаланудың мынадай мысалдарын келтірді:

- 12005 АҚШ доллары сомасына 21000 кг. мөлшеріндегі "Шемонаихинское" сүтіне тіркелген тауар белгісі;

- 12045.04 АҚШ долл. сомасына 6022.52 кг. мөлшеріндегі (28012 дана) "Ягуар", "Дипломатическая" және "Сенатор" маркалы спирттік ішімдіктер үшін тіркелген тауар белгісі.

1097. 2010 жылғы 21 мамырда ЕАЭО мүше мемлекеттері зияткерлік меншік объектілерін қамтитын бірыңғай кедендік тізілім туралы Кеден Одағы келісіміне қол қойды және осы уақыттан бастап Мемлекеттік кіріс комитеті Бірыңғай кедендік тізілім жасауға Қазақстанның қатысуын қамтамасыз етеді. Бірыңғай кедендік тізілімге енгізу

үшін аталған келісім зияткерлік меншік құқығы Қазақстанда ғана емес, ЕАЭО-ның басқа да елдерінде қорғалуы тиіс екендігін көздейді. Бірыңғай кедендік тізілімге зияткерлік меншік құқықтарын енгізу үшін қамтамасыз етудің/кепілдік берудің барынша төмен сомасы 10 000 евроны құрайды. ЕАЭО-ның жаңа Кеден Кодексімен ауыстырғанға дейін осы КО келісімі күшінде қалады.

1098. Қамтамасыз ету/кепілдік беру сомасы айтарлықтай болуына және құқық иеленуші үшін бірыңғай кедендік тізілімге зияткерлік меншік құқықтарының объектілерін енгізуге кедергі болуы мүмкін екендігіне алаңдаушылыққа жауап ретінде Қазақстан өкілі осы міндеттемені орындаудың мейілінше тараған нысаны сақтандыру кепілдігі екенін, атап айтқанда сақтандыру компаниясы мен өтініш беруші арасында жасалған келісімшарт болып табылатындығын түсіндірді. Келісімшартқа сәйкес сақтандыру компаниясы залал келтірілген кезде өтемақы төлеуге кепілдік береді. Осындай келісімшартқа қол қойған кезде өтініш берушінің нақты шығыстары қамтамасыз ету/кепілдік беру сомасының 4 – 7 пайызынан аспайды. Сақтандыру кепілдігі әрбір өтініш берген кезде талап етіледі, ал мұндай өтініш тауар белгілері мен авторлық және сабақтас құқық объектілерінің шексіз мөлшерін қамтиды. Бұл ретте өтініш беру, оны тексеру және шекарада кеден органдарының тиісті өкілеттіктерді орындауы үшін ақы алынбайды.

1099. КО Кеден кодексі және Қазақстанның Кеден Кодексі ұлттық кеден органдарына, егер құқық иеленуші осындай қорғау туралы өтініш берсе және егер, олар осындай тауарлар өтініш берушінің зияткерлік меншік құқығын бұзатынын анықтаса, зияткерлік меншік объектісін қамтитын тауарлардың кедендік рәсімделуін 10 жұмыс күніне дейін тоқтата тұруға мүмкіндік береді. КО Кеден кодексінде бірыңғай кедендік тізілімге енгізілмеген зияткерлік меншік объектілеріне қатысты зияткерлік меншіктің құқықтық қолдануы Қазақстанның ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатыны көзделеді.

1100. Қазақстанның Кеден кодексі Қазақстан арқылы контрафактілі тауарлардың экспортын немесе транзитін кедендік органдардың тоқтата тұруы үшін қандай да бір шаралар көзделе ме деген сұраққа жауапта ол Қазақстан Республикасының Кеден кодексінің 440-бабы кез келген контрафакт белгілері болған кезде, ұлттық кеден тізіліміне енгізілген тауарларды шығаруды кеден органдарының тоқтата тұру бойынша өкілеттілігін көздейтінін түсіндірді. Қазақстанның Кеден кодексінің 436-бабының 3-тармағына сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды кеден органдары тауарлар транзитінің кедендік режиміне сәйкес зияткерлік меншік объектілерін қамтитын және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын тауарларға қатысты қолданбайды. Ұлттық кеденді тізілімді жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 маусымдағы № 356 бұйрығымен қабылданды.

1101. Бұдан әрі, ол осындай тауарлар айқындалғаннан кейін кеден органдары Бірыңғай кедендік тізілімге немесе Қазақстанның ұлттық кедендік тізіліміне жүгіну арқылы құқық иеленушінің мекенжайын табуға әрекет жасайтінін атап өтті. Құқық иеленуші жоғарыда айтылған тізілімдерде тіркелмеген жағдайда, кеден органдары оның мекенжайын Әділет министрлігінің тізілімдері арқылы табуға әрекет жасайды. Құқық иеленуші табылғаннан кейін кеден органдары оған тексерудегі тауарлар туралы хабарлайды және құқық иеленушіге немесе өкілге кедендік бақылаудағы тауарлар даналарын қарап-тексеру мүмкіндігін береді (Қазақстанның Кеден кодексінің 440-бабы және "Кедендік бақылау жүргізу кезінде кедендік сараптама жүргізу тәртібі туралы" КО Комиссиясының 2010 жылғы 29 наурыздағы № 258 шешімі). Қазақстанның Кеден Кодексінің 440-бабына сәйкес кеден органы құқық иеленушіге декларанттың атауы мен мекенжайын хабарлайды, ал декларантқа құқық иеленушінің атауы мен мекенжайын хабарлайды. Бұл зияткерлік меншік объектілерін қамтитын тауарлар шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, яғни соттың шешімі шығыарылғанға дейін және тауардың контрафактілі болып табылатын белгілері анықталғанға дейін іске асырылуға тиіс. Қазақстанның Кеден кодексіне сәйкес кеден органдары тауарды тоқтата тұрумен байланысты шығындарды өтеттіруге (яғни тауарды уақытша сақтауы үшін) құқығы бар. Тауарлар контрафактілі деп танылған жағдайда мұндай өтеуді – декларант және тауар контрафактілі деп танылмаған жағдайда өтініш беруші жасайды. Алайда, күні бүгінге дейін мұндай жағдайлар туындаған жоқ. Құқық иеленушінің декларантқа залалды өтеуі, егер тауарлар контрафактілі емес деп анықталған жағдайларда жүзеге асырылады (ұлттық кедендік тізілімге зияткерлік меншік құқықтарын енгізу үшін қамтамасыз етудің/кепілдік берудің барынша төмен сомасы 10 000 евроны құрайды). Декларантқа зиянды өтеу мөлшері декларант пен құқық иеленуші арасындағы келісім бойынша не сот тәртібімен анықталады.

1102. Қазақстанның өкілі зияткерлік меншік құқықтарын иеленушілерге Қазақстан немесе ЕАЭО-ның құзыретті органдары ДСҰ-ның Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері келісімінің тиісті ережелеріне (51-60 баптар) толықтай сәйкес келетін шекаралық шараларға қатысты іс-қимылдар мүмкіндігін беретіндігін растады. Жұмыс тобы бұл міндеттемені назарға алды.

1103. Кеден органдарының өкілдері зияткерлік меншіктің құқық қолдану саласында жалғыз орындаушы болып табылатыны-табылмайтыны және құқық бұзушылықтарды проактивті және реактивті тергеп-тексеру кезінде полиция қандай рөл атқаратыны туралы сұраққа Қазақстан өкілі сот органдары, прокуратура, ішкі істер органдары мен қаржы полициясы да өз қызметін Қазақстандағы зияткерлік меншіктің құқық қолдану саласында жүзеге асырады деп жауап берді. Полиция құқық иеленушілермен тығыз ынтымақтасып жұмыс істейді, сондай-ақ зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы сақтау бойынша жүйелі, жоспардан тыс тексерулер жүргізеді. Зияткерлік меншік

құқықтарын құқыққа сыйымсыз пайдаланудың дәлелдемелері анықталған жағдайда кінәлілерді әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға бастама жасалады.

- Қылмыстық рәсімдер

1104. Қазақстанның өкілі Қылмыстық кодекс зияткерлік меншік құқығын заңсыз қолданудан қорғауға мүмкіндік беретінін және қылмыстық жауапкершілік шараларын қарастыратынын атап өтті. Қылмыстық кодекстің көздейтін шаралары "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтарының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы № 90-III Заңымен күшейтілді. Атап айтқанда, бұл өзгерістерге сәйкес "селекциялық жетістіктер" мен "интегралдық микросхемалар топологиясы" сияқты зияткерлік меншік объектілерінің жаңа түрлеріне құқық бұзушылық үшін жауапкершілік қарастырылды; туындылар мен фонограммалардың контрафактілі даналарын заңсыз сатып алу, сақтау немесе орнын ауыстыру сияқты қылмыс түрлері бөлініп және нақтыланды.

1105. Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін Қылмыстық кодекстің 184-бабында қылмыстық санкциялар қарастырылған: (i) авторлықты меншіктеу не тең авторлыққа мәжбүрлеу, егер бұл әрекет авторға не басқа құқық иесіне айтарлықтай нұқсан келтірсе, немесе олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірсе, сондай-ақ (ii) автордың не өтініш берушінің рұқсатынсыз өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі, селекциялық жетістік не интегралдық микросхемалардың топологиясы мәліметтерінің мәнін ресми басылымға дейін жарияласа Қылмыстық кодекстің 184- бабының 1-тармағына және 184-1 бабының 1-тармағына сәйкес, 100-ден 500 АЕК немесе жалақы мөлшерімен немесе жазаға кесілгеннің бірден бес айға дейінгі басқа кірісіне айыппұл салумен, немесе 100-ден 180 сағаттық мерзімдегі қоғамдық жұмыстарға тартумен немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру арқылы жазаға тартылады; 184 -баптың 2- тармағы мен 184-1 баптың 2-тармағына сәйкес, 500-ден 700 АЕК мөлшерінде айыппұл салу, не 180-нен 240 сағаттық мерзімдегі қоғамдық жұмыстарға тарту, не 1 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру арқылы мынадай жағдайда жазаға тартылады: (i) авторлық құқық не сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдаланғаны үшін және сату мақсатында туындылар мен (немесе) фонограммалардың контрафактілі үлгілерін алу, сақтау, орнын ауыстыру не жасап шығару, елеулі мөлшерде жасалған жағдайда; (ii) өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі, селекция жетістіктері не интегралдық микросхемалар топологиясын заңсыз қолдану (елеулі мөлшерде). 184 –баптың 3 –тармағына және 184-1 бабының 3-тармағына сәйкес 2-ден 5 жылға дейінгі бас бостандығынан айырумен, тиісінше мүлікті тәркілеумен, не онсыз 184-баптың 2-тармағында және 184-1 баптың 2-тармағында көрсетілген әрекеттер былайша: (1) бірнеше рет, (2) алдын ала келісу арқылы тұлғалар тобымен, немесе ұйымдасқан топпен, (3) ірі мөлшерде, не өз қызмет дәрежесін пайдалану арқылы ірі мөлшердегі нұқсан келтірген тұлғамен жасалған кезде

жазаланады. Сондай-ақ, ол Қылмыстық кодекстің 184- бабы мен 184-1 бабының 1-тармағында көрсетілген қылмыстар туралы істер (жеке-көпшілік айыптау істері) жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қозғалады деп атап өтті. Қылмыстық кодекстің 184-бабының 2 және 3-тармақтарымен және 184-1-бабының 2 және 3- тармақтарымен қарастырылған қылмыстар туралы істер (елеулі мөлшерде жасалған, сату мақсатында туындылардың және (немесе фонограммалардың) контрафактілі даналарын алу, сондай-ақ тұлғалар тобымен не өз қызмет дәрежесін пайдалану арқылы бірнеше рет жасалған әрекеттер) қоғамдық-қауіпті әрекет болғандықтан, жәбірленушінің шағымынсыз-ақ қылмыстық құдалау жүзеге асырылатын көпшіліктік айыптау істері болып саналады.

1106. Қылмыстық Кодекстің 199-бабында тауар таңбасына құқық бұзушылық жасаған жағдайда қылмыстық іс қозғау үшін 500 АЕК ең аз шек мөлшері қарастырылған, оған сәйкес, басқа біреудің тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, фирмалық атауын, тауар шығарылған жердің атауын (жағрафиялық жөн сілтегіш) не біркелкі тауарлардың не қызмет көрсетулердің ұқсас белгілерін заңсыз қолдану 200-ден 500 АЕК айыппұлмен, егер бұл әрекет бірнеше рет жасалса, не ірі нұқсан келтірген жағдайда (айлық есептік көрсеткіші бес жүз еседен асса не шамамен 5000 АҚШ доллары) жазаға тартылады. Айыппұл 200-ден 500 АЕК мөлшерінде не жалақы мөлшерінде не жазаға тартылғанның екіден бес айға дейінгі басқа кірістері мөлшерінде , не 180-нен 240 сағаттық қоғамдық жұмыстарға тартумен, не алты айлық тұтқындаумен, не екі жылға дейін түзету жұмыстарына тартылумен бірге қарастырылуы мүмкін. Қазақстанда тіркелмеген тауар таңбалары не тауар шығарылған жердің атауына (жағрафиялық жөн сілтегішке) қатысты ескертпе таңбалауды заңсыз қолдану, егер бұл әрекет бірнеше рет қайталанса, не ірі нұқсан келтірсе, 100-ден 200 АЕК мөлшерінде не жалақы не жазаға тартылғанның екі айға дейінгі басқа кірістері мөлшерінде, не 120 сағаттан 180 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тартумен, үш айға дейінгі тұтқындаумен, не бір жылға дейінгі түзету жұмыстарына тартумен жазаға тартылады.

1107. Егер нұқсан мөлшері не зияткерлік меншік объектілерін қолдануға құқықтың құны, не туындылар мен фонограммалар даналарының құны, не өнертабыс, пайдалы модельдер, селекциялық жетістіктер не интегралдық микросхемалар топологиясы бар тауарлардың құны қылмыс жасалған сәтте 100 АЕК-тен асса, елеулі нұқсан келтірген істер деп мойындалады. Нұқсан мөлшері 500 АЕК асса, ірі нұқсан келтірген істер деп саналады.

1108. Мүшелердің бірі коммерциялық ауқымдағы тауар таңбалары мен авторлық құқыққа қасақана құқық бұзушылыққа қатысты қылмыстық жауапкершілікті қолдану үшін шекті деңгейлерін анықтаудың мақсаты қандай және Қазақстанда шекті деңгейді анықтау үшін уақытша кезең мерзімі қалай, деп сұрады. Қазақстанның өкілі шекті деңгейлерді қолдану Қазақстанда қылмыстық жауапкершілік шеңберінде

қуғындалатын қылмыстық қылмыстарды әкімшіліктік құқық бұзушылықтан айыру үшін дәстүрлі түрде қолданылады деп жауап берді. Шекті деңгейлер сияқты мұндай өлшемдер тиімді және қолайлы құрал болып табылады, себебі ол қолданыста жеңіл және субъективті бағалау элементтерін құрамайды. Шекті деңгейді анықтау үшін уақытша кезең (алдын ала тергеу жүргізу шеңберінде) екі айдан аспауы керек. Бұл мерзім істің айрықша күрделілігіне байланысты ерекше жағдайларда ғана ұзартылуы мүмкін.

1109. Туындылардың контрафактілі даналары, сонымен қатар оларды өндіруде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтарға тыйым салу, тәркілеу және жою Қылмыстық процессуалдық кодекстің 121- бабының 3-тармағымен және "Сот үкімі туралы" Жоғарғы соттың 2002 жылғы 15 тамыздағы № 19 нормативтік қаулысымен көзделген (осы Баяндаманың "Соттық азаматтық-құқықтық рәсімдер мен шешімдер" тарауын қараңыз).

1110. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2009 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 184 пен 199- баптары бойынша 493 қылмыстық іс қозғалды.

1111. Бірнеше мүшелер Қылмыстық кодексте авторлық және сабақтас құқық объектілерінің "қарақшылық" көшірмелерін дайындау үшін жауапкершілік қарастырылатынын, бірақ тауар таңбасы бар тауарларды жалған етіп шығару үшін жаза қарастырылмағанын атап көрсетті. Бұдан басқа, олар Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексте бекітілген әкімшілік айыппұл мөлшері ықпалды тежеуші болатындай жеткілікті емес екендігін айтты.

1112. Қазақстанның өкілі тауар таңбасымен жалған тауарларды сату үшін қылмыстық жауапкершілік жаңа Қылмыстық кодекстің 199-бабында қарастырылған деп жауап берді. Сонымен қатар, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы № 90-III Заңы авторлық және басқа да құқықтардың құқық бұзушылықтары үшін санкцияларды, соның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық үшін санкцияларды күшейтті. Мүшелердің алаңдаушылықтарын ескере отырып, Қазақстанның өкілі зияткерлік меншік құқығы саласында құқық қолданысының тиімділігін жақсарту мақсатында, ірі не елеулі нұқсанды анықтауда, айыптаушы/сот кейін сату мақсатында туындылар мен фонограммалардың қарақшылық көшірмелерін сақтау да қылмыстық айып деп санатынын назарға алатынын атап көрсетті. Сөйтіп, мұндай әрекеттердің шекті деңгейлерін қолданарда екі фактор да - сатылып кеткен туындылар мен фонограммалардың қарақшылық көшірмелерінің құны мен сақталып тұрған жері табылған қарақшылық көшірмелердің құны - назарда болуы керек. Қазақстан заңнамасына сәйкес, қарақшылық көшірме құны қарақшылық өнімнің негізінде емес,

сәйкес заңды өнім құнының негізінде есептеледі. Сақтаудағы көшірмелерді есепке алу бойынша бұл амал, сондай-ақ, интернетте авторлық құқық бұзушылыққа байланысты істерде де қолданылу керек.

1113. Кейбір мүшелер қылмыстық процедуралар мен жазаларды қолдану үшін Қазақстанда шекті деңгей коммерциялық ауқымдағы тауар таңбалары мен авторлық құқық бойынша қасақана құқық бұзушылықтың белгілі бір жағдайларында әрекеттер жасауға жол бермейтініне қатысты алаңдаушылықтарын ортаға салды. Бұл мүшелер Қазақстаннан қылмыстық рәсімдер мен жазалар коммерциялық ауқымдағы тауар таңбалары мен авторлық құқық бойынша қасақана құқық бұзушылықтың барлық жағдайларында қолданылу мүмкіндігін қамтамасыз етуін талап етті. Олардың ойынша, бұзу қасақана болды ма, әлде коммерциялық ауқымда жүзеге асты ма, контрафактілік немесе қарақшылық өнім құны әрдайым жақсы көрсеткіш болып табылмайды. Мысалы, кейбір жағдайларда, әр қарақшылық жағдай кішігірім ақша қатыстыруын көздеуі мүмкін, ал, туындының шығуына дейін дайындалған қарақшылық көшірмелер мен қолда бар көшірмелер мөлшерін қоса, басқа нарықтық шарттарды ескере отырып, бұл жағдайды анық коммерциялық ауқымды етіп жасайды. Көшірме жасауға қолданылған нысандар сияқты басқа дәлелдемелердің бар болуы коммерциялық ауқымның бар болуын айқын етіп көрсететін жағдай болуы мүмкін.

1114. Коммерциялық ауқымдағы тауар таңбасы мен авторлық құқықтарды қасақана заңсыз қолдану бойынша іске қатысты жазаларды және қылмыстық ізге түсуді қолдану үшін шекті шамаға қатысты мүшелердің алаңдаушылығына жауап ретінде Қазақстанның өкілі мұндай істерде шекті шамалар, коммерциялық нарықтың, оның ішінде интернет нарығына қатысты ақиқатты көрсететін жол арқылы белгіленетінін және қолданатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

1115. Мүшелер Қазақстан тарапынан зияткерлік меншік құқықтарының қолданылуы туралы ережелерді қоса алғанда, оның заңнамасының ережелері ДСҰ-ға кіргеннен бастап, еш өтпелі кезеңсіз ДСҰ-ның зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісіміне сәйкес болатындай міндеттеме талап етеді.

1116. Қазақстанның өкілі Қазақстан ДСҰ-ға кірген күнінен бастап, өтпелі кезеңсіз құқықты мәжбүрлеп қолдану ережелерін қоса алғанда, ДСҰ-ның зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімінің ережелерін толықтай қолданатынын растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

VI. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕР САУДАСЫНА БЫҚПАЛ ЕТЕТІН САЯСАТ

1117. Қазақстан өкілі жауабында қызметтер көрсету секторы келешекте мәні өсетін ең серпінді дамып келе жатқан экономика секторларының бірі болып табылады деді. 1990 жылдан бастап, ЖІӨ құрылымындағы қызметтер көрсету өндірісінің үлесі біртіндеп өсіп, 1998 жылы ең жоғарғы мәні– 60 % дейін жетті, орташа алғандағы кейінгі онжылдықта қызметтер көрсету үлесі ЖІӨ-нен 50% құрады. 2010 жылы қызметтер көрсету үлесі 52,8% құрады.

1118. Кейбір мүшелер коммерциялық қызметтер көрсетуді реттейтін заңнамалық база туралы және шетелдік қызметтер көрсету жеткізушілеріне кемсітпеушілік болдырмау үшін Үкімет қолданатын шаралар туралы ақпарат беруді өтінді. Қазақстан өкілі ұлттық экономика құрылымында қызметтер көрсету рөлі ұлғайғанын атап өтіп, қазіргі заңнамалық база қызметтер көрсету секторы бойынша әлі жеткілікті дамымаған және де тұтастай алғанда, шетелдік қызметтер көрсету жеткізушілеріне қатысты кемсітушілік жоқ деп баса айтты.

1119. Телекоммуникация секторындағы "табиғи монополия" туралы сұраққа жауап ретінде, Үкіметтің 2006 жылғы 7 маусымдағы №519 қаулысымен бекітілген 2006 – 2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамыту бағдарламасымен телекоммуникациялық қызметтер көрсету нарығын кезең-кезеңмен ырықтандыру бойынша іс-шаралар кешені көзделген, деді. Бұл шаралар бәсекелестікті дамытуға, сапаны жақсартуға және көрсетілетін телекоммуникациялық қызметтердің көлемін ұлғайтуға, нарықтың жаңа қатысушыларына кедергіні алып тастау үшін жағдай жасауға бағытталған. Бұдан басқа, 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап, қалааралық және халықаралық телефон байланысы бойынша қызметтер көрсетуге "Қазақтелеком" АҚ эксклюзивті құқығы жойылды да, қалааралық және халықаралық байланыс операторларына 25 лицензия берілді. Сондай-ақ, 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бір-біріне байланыс операторларының өзара қосылуы бойынша барлық шектеулер алынып тасталды, телекоммуникация желісі байланыс операторларының абоненттері қалааралық және халықаралық байланыс операторларын таңдауға техникалық мүмкіндікті иеленді. "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заңның 4-бабына енгізілген өзгеріске сәйкес, табиғи монополиялар саласына жергілікті желіні қолдана отырып телекоммуникациялық қызмет көрсетулердің орнына мыналар жатады: (i) техникалық мүмкіндіктің жоқтығы не экономикалық тұрғыдан орынды болмау себебінен мұндай қызметтер көрсетулерді ұсынатын бәсекелес байланыс операторының (атап айтқанда, бұл телекоммуникациялық қызмет көрсетулер көпшілік қолданатын телекоммуникация желісіне не телефон трафигін өткізу қызмет көрсетулеріне байланыс операторларының қосылу қызмет көрсетулерін қосады) болмауы жағдайындағы телекоммуникация қызмет көрсетулері; (ii) жалпы қолданыстағы телекоммуникация желісіне телекоммуникация желілерін қосумен технологиялық байланысты кабельдік кәріз бен технологиялық мүлікті пайдалану не жалға беру бойынша қызмет көрсетулер. Ол 2004 жылдың 5 шілдесіндегі "Байланыс туралы" ҚР №567-ІІ заңымен мемлекеттік реттеуге телекоммуникацияның әмбебап қызмет көрсетулері жататынын қосты: (i) жергілікті телефон байланысының қызмет көрсетулері; (ii) ішкі аймақтық және қалааралық телефон байланысының қызмет көрсетулері; (iii) қосылу жылдамдығы кем дегенде 256 Кбит/сек Интернетке ұжымдық шығу қызмет көрсетулері.

1120. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңына сәйкес қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде телекоммуникация аясында әрекетін жүзеге асыратын, жер үстіндегі (кабілдік, талшықты-оптикалық және радиорелелік) желі байланыстары бар заңды тұлғаның жарғылық капиталына шетелдік қатысу 49 пайызбен шектеледі. Бұл шектеу Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мүдделерін қорғау мақсатында енгізілген. Бұл шектеу ұялы, спутниктік және жергілікті байланыс операторларына таралмайды және ол Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін "Қазақтелеком" АҚ басқа (және оның болуы мүмкін құқық мирасқоры) барлық компаниялар үшін екі жарым жылдан соң алынып тасталады.

1121. Қазақстан өкілі сонда-ақ, телекоммуникация секторын ырықтандыру бойынша бірнеше қосымша шаралар қабылданғанын атап өтті. Кросс-субсидиялау және ауылдық жерлерде әмбебап байланыс қызмет көрсетулер беретін операторлардың қаржы шығындарын жабуын болдырмау үшін Үкімет бұл операторларды республикалық бюджеттен субсидиялауды бастады. 1997 – 2010 жылдар аралығында байланыс саласында уәкілетті орган жергілікті телефон байланысының қызмет көрсетулерін ұсыну үшін 371 лицензиялар және деректерді табыстау қызмет көрсетулерін ұсыну үшін 511 лицензия бөлді. Тұтынушыға дейін қосылу "соңғы миля" мәселесін шешу үшін 51 операторға 5,2 – 5,9 ГГц диапазонында радиожиілік қолдануға рұқсат берілді.

1122. Жұмыс тобының кейбір мүшелері телекоммуникация секторында табиғи монополияның жоқ болуына қарамастан, келіссөздер барысында талқыланған бұл нарыққа кіру бойынша міндеттемелердің шектеулі тізімі Қазақстанда мемлекеттік монополия жалғасуда екені расталғанын айтты. Мүшелердің бірі "Қазақтелекомның" қалааралық және халықаралық байланыс қызмет көрсетулерінің эксклюзивті құқығы тоқтатылғанына қарамастан, "Қазақтелеком" басқа телекоммуникациялық компанияның акцияларын алуға тендерге қатысуы туралы мәлімдеді, бұл шындығында телекоммуникациялық секторда мемлекеттік монополия құратынын еске салды.

1123. Қазақстанның өкілі өз жауабында "Қазақтелекомның" әрекеті табиғи монополия туралы заңнамаға сәйкес екенін ескертті. Өкіл "Қазақтелеком" АҚ үлесі қазақстандық нарықта барлық телекоммуникациялық қызмет көрсетулердің 30%-дан аспайтынын атап көрсетті.

1124. Мүшелердің бірі Қазақстанда қызметтер көрсетуде⁵ жергілікті қамту бойынша, атап айтқанда шетелдік капиталы бар компанияларға қатысты талаптарды түсіндіруін өтінді, сондай-ақ шетел инвесторларына қызмет көрсетулерді тек қазақстандық заңды тұлғаларынан, Қазақстанда ондай қызмет көрсетулер жоқ болған жағдайлардан басқа, сатып алуға қажет болған жағдайларды көрсетуді сұрады.

1125. Қазақстан өкілі жер қойнауын пайдалануға қатысты жергілікті қамтудың талабы жер қойнауын пайдаланушылар алатын қызмет көрсетулердің барлық түріне қатысты қолданылады деп жауап берді. Бұл талап Қазақстан Үкіметі жер қойнауын пайдалану және табиғи ресурстар саласында инвестициялық келісім жасайтын шетел және жергілікті инвесторларға қойылатын кемсітпейтін талап болып табылады. Ол "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы 291-IV Заңына енгізілген. Заң жер қойнауын пайдаланушыларға Қазақстан азаматтарын тартуға және жобалық құжаттамалар талаптарына және техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болған жағдайда Қазақстанның заңды тұлғаларынан қызмет көрсетулерді сатып алуға талапты белгіледі. Егер сұратылған қызмет көрсетулер Қазақстанда табылмаса, мұндай қызмет көрсетулер беру үшін жер қойнауын пайдаланушы шетелдік компанияны тарта алады. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы 291-IV Заң жергілікті қамтудың ең аз пайызын белгілемейді, алайда келісімшарт қазақстандық қамту бойынша жер қойнауын пайдалануға және жоба күрделілігі мен өзгешелігіне байланысты әр келісімшартта жеке-жеке анықталатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен кадрлар бойынша міндеттемелер құрауға тиіс деп белгілейді. Конкурс жеңімпазы ең төмен баға негізінде анықталады, сонымен қатар Қазақстан Республикасы азаматтарының анықталған ең төмен деңгейін жалға алу бойынша талаптарына сай қызмет көрсетулердің жеткізушілері үшін конкурс өтінімінің бағасын шартты түрде азайтады.

⁵"Қызмет көрсетулер" термині өзіне "қызмет көрсету" мағынасымен қатар 2010 жылғы 24 маусымдағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану" 291-IV заңында анықталғандай "жұмыстар" мағынасын қамтиды.

1126. Инвестор тек тендерлік рәсімдерді ғана қолдану керек пе, әлде ол қызмет көрсету жеткізушілерін іздеуде басқа тәсіл қолдана ала ма деген сауалды түсінуді сұрағанда, Қазақстан өкілі тендерден басқа жер қойнауын пайдаланушы, сонымен қатар, сатып алу үшін басқа да тәсілдерді қолдана алады деп жауап берді, мысалы: бір дереккөзден баға ұсыныстарына сұрау салу және тауарлық биржа. Тендер ең кең тараған тәсіл болып табылады, себебі, бұл әдіс ең ашық және барлық қызмет көрсетулері жеткізушілеріне тендерге қатысу үшін тең мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

1127. Қазақстан өкілі Қазақстан 2011 жылдың қыркүйегіне дейін әрекет ететін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы 291-IV Заңымен белгіленгенге қарағанда көбірек шектеулі жергілікті қамту талаптарына қатысты кез келген шараларды қабылдамайтынын растады. ДСҰ-ға кірген сәттен бастап, жер қойнауын пайдалану құқығын беретін конкурс өткізу шарттарын белгілеу кезінде Қазақстан 50% асатын кадрлар мен қызмет көрсетулер үшін ең төменгі қазақстандық қамтуды белгілемейді, тек мыналар есепке алынады:

а) жер қойнауын пайдалануға құқық берілген инвестор (бұдан әрі – инвестор) тартатын кадрларда Қазақстандық қамту Қазақстанның азаматтары болатын қызмет көрсету нарығына кіру бойынша Қазақстанның Ерекшелік міндеттемелері тізбесіне қабылданған ішкі корпоративті көшулердің кіруі мен уақытша болуын белгілейтін шарттарға сәйкес басқарушылар, менеджерлер, мамандар (бұдан әрі– білікті мамандар) саны негізінде, барабар есептелетін болады; б) инвесторға көрсетілетін барлық қызметтердегі қазақстандық қамту көрсеткен қызметтер үшін Қазақстанның заңды тұлғаларына төленген барлық келісімшарттар⁶ бойынша төлемдердің (шығындардың) жалпы жылдық сомасының үлесі ретінде анықталады. Алайда, Қазақстанның заңды тұлғасына төленген соманы Қазақстанның заңды тұлғасы болып табылмайтын кез келген деңгейдегі ұйымдарға қосалқы мердігер келісімшарты негізінде көрсетілген қызметтер үшін төленген кез келген сомаға төмендету керек; және с) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс жеңімпазы анықталғанда Қазақстан әлеуетті инвестор кадрлар мен қызмет көрсетулердегі қазақстандық қамту деңгейін 50%-дан аса ұсынуы мүмкін екенін ескермеуі керек. Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін 5 жыл ішінде 2011 жылдың қыркүйегінен бастап Қазақстан ДСҰ-ға кіруге дейінгі қол қойған кез келген келісімшарттарды жоғарыда көрсетілген шарттарға сәйкестендіру керек. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

⁶Егер заңды тұлға өзінің негізгі жұмысын Қазақстан Республикасында жүзеге асырмаса, Қазақстанның заңды тұлғасымен жасалған келісімшарт ескерілмейді. "Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы" термині жеке кәсіпкерлерді де қамтиды.

1128. Кейбір мүшелер банк секторының реттелуі туралы ақпаратқа, әсіресе, шетел банкінің Қазақстанда филиал құруға лицензия ала алатындай шарттары туралы сұрау салды. Жауабында Қазақстан өкілі тікелей филиалдар жаңа банк заңдарымен немесе қазіргі өзгертілген банк заңымен Қазақстанның ДСҰ-ға кірген күнінен бастап, 5 жылдық мерзім аяқталғаннан кейін рұқсат етілетінін айтты. Өкіл банк мекемелерінің қызметтері "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметтері туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңмен реттелетінін баяндады. Бұл Заңға сәйкес заңды тұлғада банкілік қызметті жүзеге асыру үшін лицензия болуы керек. Осы Заңның 15-бабына сәйкес, банктер акционерлік қоғам нысанында құрылуы керек. Шетел банктерінің филиалдарына қатысты лицензиялау критерийлері пруденциялық болады. Ол филиалдарғаға қатысты банктік және басқа да қаржылық қызметтер көрсету секторларындағы (сақтандырудан басқа) Қазақстан міндеттемелері тек шетел банктерінің филиалдарына ғана қатысты, деп нақтылады. Бұдан басқа ҚР уәкілетті органы төлем қабілеттілігі мен қаржы ұйымының тұрақтылығын қамтамасыздандыру бойынша қосымша талаптар белгілей алады. Сонымен қатар, акционерлік қоғам мен шетелдік банк филиалы үшін лицензиялау критерийлері ажыратылады. Қазақстан өкілі Қазақстанның Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының қызмет көрсетулер саудасы

бойынша ДСҰ Ерекшелік міндеттемелері тізбесінде көрсетілген шектеулеге жататын жаңа лицензияға өтінімді қарау кезінде ДСҰ қызмет көрсетулер саудасы жөніндегі бас келісімнің (ГАТС) XVI и XVII баптарының талаптарына сәйкестендіріледі деп қосты.

1129. Шетел банктарінің филиалдарын реттеу тәртібіне қатысты мүше сұрағына жауап ретінде Қазақстан өкілі оны әлі дамыту керек, бірақ ол көпшілік қабылдаған халықаралық тәжірибемен барабар болады деді. Бұл режим қамтиды, бірақ мысалы, бас банкінің капиталына тәуелді негізгі капиталдың жеткіліктілігін анықтау сияқты талаптармен шектелмейді. Шетел банкінің филиалның капиталына спецификалық талаптар оның Қазақстандағы бизнес- жоспарына қарай ажыратылады, филиалға сомасы филиал қабылдайтын міндеттемелер сомасына тәуелді депозит Қазақстан Ұлттық Банкінде енгізілігіе тиіс. Филиалға кем дегенде екі менеджер-резидент алу талабы қосымша қойылады.

1130. Кейбір мүшелер Қазақстаннан лицензиялауға және олардың рәсімдеріне, біліктілік пен оның рәсімдеріне және де басқа рұқсаттар үшін талаптардың транспаренттілігіне кепілдік беру бойынша, атап айтқанда, алуға, ұзартуға, жаңартуға, бас тартуға, лицензия сипаттауға және қазақстандық нарықта қызметтер көрсету үшін қажет және мұндай әрекеттерге қарсы болуға мүмкіндік алу тағы басқа рұқсаттарға қатысты міндеттемелер қабылдауын күткенін айтты. Қазақстан рәсімі мен лицензиялау шарттары нарыққа кіруге бөгет болмауы және сауданы қажеттіліктен тыс шектемеуі керек. Қазақстан өзінің қабылдаған міндеттемелері бойынша қызмет көрсету секторларын бекітіп, реттейтін шешімдерді беруге жауапты уәкілетті органдар тізімін жариялауы, сондай-ақ Қазақстан рәсімдері мен лицензиялау шарттарын жариялау керек. Мүшелер, сондай-ақ, Қазақстаннан қызмет көрсетулер саудасы бойынша ДСҰ Ерекшелік міндеттемелері тізбесіндегі міндеттемелерді қабылдайтын қызмет көрсетулер үшін кепілдік бойынша міндеттемелер күтті, уәкілетті органдар бөлек болады да, олардың реттеуінде болған кез келген қызмет көрсетулерді жеткізушілерге қатысы болмайды. Сонымен қатар, Жұмыс тобының мүшелері Қазақстаннан шетелдік қызмет көрсетулерді жеткізушілерінің серіктесін таңдауға таңдау еркіндігін кепілдендіретін міндеттемелерді қабылдауын күтеді.

1131. Жауабында Қазақстан өкілі ДСҰ-ға кіргеннен кейін Қазақстан қызметтер саудасына қатысты және тиісті жалпы сипаттағы барлық нормативті-құқықтық актілердің, сонымен қатар, олардың күшіне енуі және қолдану аясы туралы ақпараттың жариялауын және қоғамдық қолжетімділігін қамтамасыз ететінін растады. Ол, әрі қарай, Қазақстан басқа тәсілмен қызметтер көрсету үшін сертификаттау мен лицензия беруге жауапты құзыретті органдардың атауын жариялауды немесе қоғамдық қолжетімділікті қамтамасыз ететінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

1132. Қазақстанның лицензиялық рәсімдер мен талаптарды әзірлеу не қолдану құқығына залалын тигізбей, Қазақстан өкілі нақты міндеттемелер қабылдайтын қызмет

көрсетулер секторларында Қазақстан лицензиялау рәсімі қызмет көрсетулерге өздігінен шектеулік болып табылмайтынын, қызмет көрсетулер саласындағы лицензиялауға байланысты талаптар қызмет көрсетулер ұсынуға өздігінен кедергі болмайтынына кепілдік беретінін растады. Ол, сондай-ақ, қызметтер саудасы бойынша ДСҰ-ның Ерекше міндеттемелер тізбесінде Қазақстан нақты міндеттемелер қабылдайтын қызмет көрсету секторларында Қазақстан мыналарға кепілдік беретінін растады:

(а) нормативті-құқықтық актілерде баяндалған лицензиялау тәртібі мен талаптары және лицензиялау тәртібі мен талаптарын белгілейтін немесе жүзеге асыратын кез келген заң олар күшіне енгенге дейін жарияланады;

(b) тиісті биліктер ресми ережелерде белгіленген мерзім ішінде лицензияны беру/бас тарту туралы қарап және шешім шығарады, егер мерзім белгіленбесе, лицензиялау (бас тарту) туралы шешім негізсіз кідіріссіз қабылдануға тиіс;

(с) лицензия алуға өтінішті беру мен қарастыруға байланысты кез келген алымдар қызметтер көрсету ұсынуға өздігінен шектеу болып табылмайды;

(d) егер нормативтік-құқықтық актілерде лицензияны алу бойынша өтініштерді қарау үшін белгіленген мерзімдер өтіп кетсе, сондай-ақ өтініш берушінің талабы бойынша, Қазақстанның тиісті реттеуші органы өтініш берушіге өтінішінің жағдайын, лицензиялау рәсімі аяқталғаны-аяқталмағаны туралы хабарлайды. Егер құзыретті органға өтініш берушіден қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, онда ол өтініш берушіге тез арада хабарлап, лицензиялауды аяқтауға қажетті қосымша ақпаратты сұратады. Өтініш берушінің сұралған қосымша ақпаратты ұсынуға және өтінішке өзгертулер енгізуге мүмкіндігі болды. Тиісті заңдар мен актілерде көрсетілген қажетті барлық ақпарат пен құжаттар алынбай лицензиялау рәсімі аяқталды деп саналмайды.

(e) Қазақстанның тиісті реттеуші органы қаржылық қызмет көрсету мақсатында лицензия не рұқсатты беру үшін толтырылған өтінішке қатысты шешім шығарды және де қажет болған жағдайда, жаңа өнімдерді мақұлдау мен ақылға қонымды мерзім ішінде төлем өзгерістері және өтініш берушіні дереу қабылданған шешім туралы хабардар етеді. Тиісті нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген қажетті барлық ақпарат пен құжаттар алынбай, рәсім аяқталды деп саналмайды. Мынадай жағдайларда шешім қабылдау мүмкін емес деп саналады, егер:

(i) банк қызметтерін көрсету үшін рұқсат алу үшін өтініш алты ай ішінде және лицензияны алу үшін өтініш екі ай ішінде қаралса;

(ii) басқа қаржы қызметтерін көрсету үшін рұқсат алу үшін өтініш үш ай ішінде және лицензиялау бір ай ішінде қаралса, тиісті реттеуші орган өтініш берушіні дереу хабарлайды.

(f) Лицензиялаудан бас тартқан жағдайда, бас тартқан орган өтініш берушінің жазбаша талабы бойынша бас тарту себебін хабарлайды. Алайда, бұл қаулыны

реттеуші органдарға, ашуы заңнаманы орындауға бөгет болатын немесе қоғам мүдделері мен ұлттық қауіпсіздікке қайшы келетін, ақпаратты ашуға талап деп қарамау керек;

(g) Егер өтініш берушіге бас тартылса, ол жаңа өтініш беруге, сондай-ақ алдыңғы өтініштерінде орын алған кемшіліктерін түзетуге құқылы,

(h) Өтініш мақұлданымен-ақ, өтініш берушіге тиісті нормативті-құқықтық актілерде белгіленген мерзім ішінде жазбаша түрде хабарландыру қажет, егер мерзім тиісті нормативті-құқықтық актілерде белгіленбесе, өтініш беруші қандай да бір дәлелсіз кідіріссіз хабардар етілуге тиіс;

(i) Егер мамандарды лицензиялау кезінде емтихан қажет болса, онда мұндай емтихандар ақылға қонымды мерзімділікпен өткізіледі. а кәсіпқойларға бұндай тексеріс үшін аралықпен кесте жасалады. Мұндай емтихандарға қаржы қызмет көрсетулері секторын бақылаушы немесе өзін-өзі реттеуші органдар мен ұйымдар өткізілетін іріктеме емтихандар жатқызылмайды.

Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

1133. Қазақстан өкілі, олар бақылайтын қызметтерді жеткізуші үшін тиісті реттеуші органдар жауапты емес болатын секторларда Қазақстан өзіне нақты міндеттемелерді қабылдағанын растады. Бұдан басқа, Қазақстан өкілі, Қазақстан өзіне нақты міндеттемелер қабылдаған секторларда мемлекет мүмкіндінше мыналарға кепілдік беретінін растады:

-жалпы сипаттағы нормативтік актілер жобаларын алдын ала жариялау;

-ұсынылған нормативтік актілерді мүдделі адамдарға және мүшелерге түсіндіру мүмкіндігі, сондай-ақ;

-нормативтік-құқықтық актілердің соңғы нұсқасының жариялануы мен өз күшіне ену күні арасында ақылға қонымды кезең беру.

Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

1134. Шетелдік қызмет көрсетуді жеткізушілердің серіктес таңдауда таңдау еркіндігіне қатысты Қазақстан өкілі Қазақстанның өзіне нақты міндеттемелер қабылдаған секторларда бұл шетелдік қызмет көрсетулерді жеткізушілер Қазақстанның бірлескен кәсіпорнына немесе басқа жеке тұлғамен серіктестікке кіруде серіктес (тер) таңдауда таңдау еркіндігіне ие екенін растады. Бұл қаржы ұйымдарын басқаруға не оларға қатысуға қатысты реттеуге нұқсан келтірмей әрекет етеді. Жұмыс тобы бұл міндеттемелерді назарға алды.

1135. Жұмыс тобы Мүшесінің қазіргі Қазақстан заңнамасы лицензия беруден бас тарту деген сияқты әкімшілік шешімдерді қайта қарауға мүмкіндік береді ме деген сұрағына Қазақстан өкілі "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214-III Заңының 46- бабына сәйкес, егер лицензия Заңмен белгілеген мерзім ішінде берілмесе немесе өтінішкер лицензия бермеуді негізсіз деп тапса, өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес (1999 жылғы 13 шілдедегі №411-I Азаматтық

процесс жүргізу кодексі) сотқа жүгіне алады деп жауап берді. Лицензия беруден бас тарту сияқты шешімдерді қарастыру рәсімдері мен мерзімдері Азаматтық процесс жүргізу кодексінде белгіленген болатын. Атап айтқанда, Азаматтық процесс жүргізу кодексінің 27- бабына сәйкес жеке не заңды тұлға өз құқықтарының, еркіндіктерінің, мүдделерінің бұзылуы туралы білген күннен бастап заңмен кепілденген үш айлық мерзімде сотқа арыз беруге мүмкіндіктері бар. Өтініш сотпен 1 ай ішінде қарастырылады. Егер сот өтініш берушінің құқықтары, еркіндіктері, мүдделері бұзылды деп шешсе, тиісті мемлекеттік орган бұл бұзушылықты жоюға міндеттейді. Тиісті мемлекеттік орган сотты және өтініш берушіні мемлекеттік органның сот шешімін алған күнінен бір ай мерзімі ішінде шешімді орындағаны жөнінде хабарлайды.

1136. Мүше ЕАЭО мүше мемлекеттер арасындағы және ЕАЭО және үшінші елдер арасындағы қызмет көрсетулер саудасы мен инвестициялар саласындағы ЕАЭО құзыретінің қамту аясы туралы түсіндіруді сұрады. Қазақстан өкілі қызмет көрсетулер саудасы мен инвестициялар Бірыңғай экономикалық кеңістік (ЕЭК) шеңберінде 2010 жылдың 9 желтоқсанында қол қойылып, 2012 жылдың 1 қаңтарында қабылданған ЕАК мүше мемлекеттердегі қызмет көрсетулер саудасы мен инвестициялар туралы келісіммен реттелді деп жауап берді. 2015 жылдың 1 қаңтарында ЕАЭО туралы шарт күшіне енгенде, осы ЕЭК туралы келісімнің қолданысы тоқтатылды. Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы келісімнің ережелері аталған ЕАЭО туралы шарттың (Қызмет көрсетулер саудасы, құру, қызмет және инвестициялар) XV Бөліміне және (Қызмет көрсетулер саудасы, құру, қызмет және инвестициялар туралы хаттама №16 Қосымшасына енгізілді. XV Бөлімі мен №16 Қосымша ЕАЭО мүше мемлекеттер арасындағы ішкі қызмет көрсетулер саудасын, құруды, қызметті және инвестицияны реттейді. Бұл Бөлімнің негізгі мақсаты ЕАЭО шеңберінде қызмет көрсетулер мен инвестициялардың еркін қозғалысына жағдай жасау болып табылады. Мұндай жағдай жасау үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ЕАЭО мүше мемлекеттерінің ұсынысы негізінде Еуразиялық экономикалық одақтың Жоғарғы Кеңесі бекіткен қызмет көрсетулер секторларында Қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығын құруға ұмтылады. Сонымен қатар, ЕАЭО мүше мемлекеттерінің әрқайсысы өздерінің ұлттық мүдделері негізінде қалыптасатын олардың жеке тізбелеріне сәйкес ұлттық режимнен алып тастау мен нарыққа қол жеткізу құқығын резервке сақтап қалды. ЕАЭО шартының XV Бөлімі мен №16 Қосымшасы ЕАЭО мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасындағы қызмет көрсетулер саудасы, құру, қызмет және инвестиция үшін қолданылмайды. Қызмет көрсетулер саудасындағы сыртқы саясат әр ЕАЭО мүше мемлекеттің ұлттық құзыретінде болады.

1137. Қазақстан Республикасы Жұмыс тобы мүшелерімен қызмет көрсету нарығына қол жеткізу бойынша келіссөздер жүргізді. Қазақстан Республикасының қызмет көрсетулер секторындағы міндеттемелері Қосылу жөніндегі хаттамасының I

Қосымшана қоса берілген ДСҰ Қызметтер саудасы бойынша Еркше міндеттемелер жөніндегі тізбесінде қамтылған.

III. ТРАНСПАРЕНТТІЛІК

- Саудаға қатысты ақпаратты жариялау

1138. Жұмыс тобының кейбір мүшелері Қазақстан 1994 жылғы ГАТТ-тың Х бабының қолданысын қамтамасыз ету мен ДСҰ келісімдеріндегі транспаренттілік бойынша басқа ережелердің қамтамасыз ету мақсатында қандай шараларды қабылдайтынын айтуды, сондай-ақ, бұл шаралар ДСҰ-ға кіргеннен кейін де қолданылатынын растауды өтінді. Қазақстан Республикасының заңдары, жарлықтары, бұйрықтары, хаттары және т.б. жалпыға бірдей қолданылатын басқа да шаралары ГАТС пен ТРИПС бойынша ДСҰ келісімін қоса алғанда, 1994 жылғы ГАТТ-тың Х бабының талаптары мен ДСҰ-ның басқа келісімдеріндегі ашықтық бойынша ережелерді сақтау үшін жариялануға ике қатысты жағдайда, түсінік беру өте-мөте қажет. ЕАЭО тараптары мен құзырлы органдары саудаға байланысты халықаралық шарттарды, шешімдер мен басқа да шараларды қабылдайтын болғандықтан, мүшелер, сондай-ақ ЕАЭО құзыретіне кіретін мәселелері бойынша ДСҰ келісімінің нормаларына сәйкес ашықтық бойынша ережелерді ЕАЭО мүше мемлекеттері мен ЕАЭО құзыретті органдары сақтайтынын растауды өтінді.

1139. Кейбір мүшелер Кеден одағының құқықтық актілері мен шешімдеріне қол жеткізу сауда жасайтын тұлғаларға маңызды болып табылатынын атап өтті. Осыған байланысты мүшелер 2010 жылдың 1 шілдесінен Кеден одағының жұмыс істеуі басталсымен, және де қазір 2015 жылдың 1 қаңтарынан ЕАЭО күшіне енген соң, тұтастай алғанда, ЕАЭО-пен және ЕАЭО мүшесі ретіндегі Қазақстан Республикасымен сауданы қозғайтын келісімдер, шешімдер және басқа шаралар мүшелер мен суданы жүзеге асыратын тұлғалар үшін де елеулі болатынын айтты. Бұл мүшелер осы келісімдер, шешімдері мен тағы басқа шаралар қашан және қайда жарияланып, саудамен айналысатын тұлғалар мен мүшелерге қол жетімді болатыны туралы ақпаратты сұрады.

1140. Қазақстан өкілі 1995 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабына сәйкес, Қазақстан қол қойған барлық заңдар мен халықаралық шарттар жарияланады деп жауап қатты.

1141. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілері туралы" № 213-І Заңы нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялауы мен кейінгі ресми жарияланымын қарастырады. Азаматтардың құқығы, еркіндігі мен міндеттеіне қатысты нормативтік құқықтық актілер (мемлекеттік құпия туралы деректері мен заңмен қорғалатын құпия ақпараты бар нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда) ресми мерзімді басылымдарда жарияланады. Атап айтқанда, заңдар ҚР Парламенті жаршысында, Президент жарлықтары мен Үкімет қаулылары ҚР актілері жинақтарында, орталық орындаушы және басқа да орталық мемлекеттік

органдардың нормативтік құқықтық актілері орталық орындаушы және ҚР басқа да орталық мемлекеттік органдарының Актілер жинақтарында жарияланады. Нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы "Егемен Қазақстан" мен "Казахстанская правда" мерзімдік басылымдарында да жүзеге асады. Мәслихаттар пен Әкімдіктердің нормативтік құқықтық актілері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде таралатын мерзімді басылымдарда жарияланады. Нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің кейінгі ресми жариялауы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің онда жарияланатын мәтіндеріне сәйкестендіру үшін сараптама өту шартымен баспа басылымдары жүзеге асады. Тіркелген нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі: www.minjust.kz. сайтында жарияланады.

1142. "Нормативтік құқықтық актілері туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213-І Заңға сәйкес, жаңа нормативтік құқықтық актілерінің өңдеуі кезінде оның жобасы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға келісуге жіберіледі. Жеке кәсіпкерлерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберер алдында интернетті қоса алғанда, БАҚ-та міндетті жариялауға (таратылуға) жатады. Жеке кәсіпкерлерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер бойынша, сондай-ақ аккредиттелген жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің келісуі талап етіледі. Әзірлеуші орган сараптама кеңестері арқылы нормативтік құқықтық актілердің жобасын аккредиттелген жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктеріне жібереді, олар жобаны қарап, сараптама қорытындысын 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде береді. Егер қорытынды беру үшін қосымша уақыт керек болған жағдайда, бірлестіктің жазбаша өтініші бойынша 10 жұмыс күндік мерзімге ұзарту мүмкіндігі бар. Мемлекеттік әзірлеуші орган сараптамалық нәтижені алғаннан кейін осы сараптама нәтижесіне сәйкес нормативтік құқықтық акті жобасына тиісті өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді. Келіспеген жағдайда – мемлекеттік орган бірлестікке сараптама нәтижесімен келіспеушілік себебін негіздеп, дәлелді жауап жібереді. Кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестігі қажет болса, сараптама кеңесін өткізуді сұратуға құқылы. Әрі қарай нормативтік құқықтық акті жобасы сараптама нәтижесімен немесе көрсетілген нәтижемен келіспеу себебін дәлелдеумен мүдделі мемлекеттік органдарға жіберіледі. Мемлекеттік әзірлеуші орган нормативтік құқықтық актіні қабылдаған соң өз ресми сайтында сараптама кеңесі мүшелерінің және басқа да мүдделі тұлғалардың ұсыныстарын, мемлекеттік органдардың жауаптары мен сараптама кеңесінің отырысында шығарған қолданыстағы әр нормативтік құқықтық акті бойынша хаттамалар мен сараптама нәтижелерін сақтайды. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енгізу мерзімі олардың қызметті жүзеге асыруына дайындығына қажет мерзімін негізге ала отырып белгіленуге тиіс. Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу әртібі мен мерзімі жеке кәсіпкерлік субъектісіне нұқсан келтірмеуі керек. Сонымен қатар, білікті талаптар

, қызмет түрлерін лицензиялау ережелері мен импорты және экспорты лицензиялауға жататын жеке тауарлар тізбелері бекітілетін нормативтік құқықтық актілер бұл актілер ресми жарияланғаннан кейін 21 күндік мерзім өтпей қолданысқа енгізілмейді.

1143. Қазақстан өкілі ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық келісімдер, ЕАЭО-ның үшінші мемлекеттермен халықаралық келісімдері және ЕАЭО органдарының шешімдері (www.eurasiancommission.org) веб-сайтында жарияланады. Шешімдер көрсетілген веб-сайтта оларды қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде жарияланады. Өкіл, сондай-ақ, Комиссияның арнайы веб-сайты барын және бұл веб-сайттағы шаралар жариялау күні шараның күшіне ену күнін белгілеу үшін ресми күн болып табылатынын атап көрсетті. Жалпы ереже ретінде, міндетті сипаттағы Комиссияның шешімі Комиссияның веб-сайтында жарияланған күнінен кемі 30 күнтізбелік күннен кейін күшіне енеді. Дегенмен талап ететін ерекше жағдайларда қабылданатын Комиссия шешімінің күшіне ену мерзімі басқаша болуы мүмкін, бірақ ресми жарияланудан кейін 10 күнтізбелік күннен ерте емес. Жеке және заңды тұлғалардың жағдайын жақсартатын Комиссия шешімдері кері күшке ие болуы мүмкін және күшіне ену мерзімі басқаша болуы мүмкін, алайда ресми жариялаудан кейін 10 күнтізбелік күннен ерте емес. Өкіл сондай-ақ, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер Комиссияның веб-сайтында жариялау күнінің негізінде оның шешімінің күшіне ену күнінен бастап арнайы ұлттық ресми басылымдарда Комиссияның барлық шешімдерін жариялауға міндетті екенін айтты.

1144. Жекелеген мүшелер ЕАЭО шарттары мен шешімдері қатысушылардың ЕАЭО құзыретті органдарымен консультациялар өткізуіне немесе ДСҰ ережелерін қоса алғанда, саудаға қатысты мәселелер бойынша түсіндірулер алуға мүмкіндік бермейтініне алаңдаушылық білдірді. Ал бұл мәселелер бойынша мүшелер шаралар жобасын беру, мүшелерден түсіндірмелер қабылдау, ескертпелер бойынша кеңесу және мұндай түсініктер мен ескертпелерді қаперге алу алуға тиіс болмақ. Бұл мүшелер Қазақстан Республикасына заң жобасы мен басқа да нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, сонымен қатар егер қабылданса, қабылдауға дейін оларды түсіндіре алатын ЕАЭО мүшелерін қоса алғанда, мүдделі тұлғаларға қол жетімді нормативтік құқықтық актілері мәртебесін алатын ЕАЭО мүшелеріне ұсынылатын бойынша міндеттемелерді қабылдау туралы сұрау салды. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы мен ЕАЭО құзыретті органдары өздерінің құзыретіне жататын мәселелерге қатысты ДСҰ келісімінің ашықтық талаптарына бағынуға тиіс

1145. Қазақстан өкілі "Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес шаралар туралы хаттама" атты ЕАЭО шартының № 7 қосымшасындағы II бөліміне сәйкес, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұйымдары немесе жеке кәсіпкерліктері тарифтік емес шараларды енгізу, жүзеге асыру және жою туралы, үшінші елдермен тауар саудасы туралы шешімдер жобасын әзірлеу бойынша ресімдер үшін қарастырылған өз ескертулерін бере алады, деді. ЕАЭО туралы шарттың №7 қосымшасының 6-тармағы ЕАЭО-ға мүше

мемлекеттің әрекеттерін жүзеге асыратын шетел қатысушылары тарифтік емес шараларды енгізу, жүзеге асыру және жою туралы, үшінші елдермен тауар саудасы туралы шешімдер жобасын әзірлеу бойынша рәсімдер үшін қарастырылған енгізу, жүзеге асыру және жою туралы, үшінші елдермен тауар саудасы туралы жоба шешімдерін әзірлеу бойынша рәсімдер шеңберінде қарастырылғанындай өз ескертпелерін бере алатынын белгілейді. Шараларды енгізу немесе жою бойынша ұсыныстар енгізу тәртібін Комиссия белгілеген. Сонамен қатар, ЕАЭО-ға мүше мемлекет консультация үшін ұсынылған үшінші елмен халықаралық шарт жасасқан жағдайда, бұл елдің үкіметі, ұйымдары мен кәсіпкерлері тиісті шарттың талаптарына сай шараға қатысты өз пікірлерін бере алады.

1146. Қазақстанның өкілі, ДСҰ-ға кірген күннен бастап, Қазақстан Республикасында немесе ЕАЭО құзетті органдары қабылдаған немесе шығарған тауарға, қызмет көрсетулер саудасына, зияткерлік меншік құқықтарына қатысты барлық заңдар, нормативтік құқықтық актілер, жарлықтар, және жалпы сипаттағы әкімшілік нұсқаулар ДСҰ келісімнің, соның ішінде 1994 жылғы Тарифтер мен сауда бойынша ДСҰ Бас келісімнің X бабының, Қызмет көрсетулер саудасы бойынша ДСҰ Бас келісімнің және және Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша ДСҰ келісімінің талаптарына сәйкес келетін түрде, дереу дереу жариялануға жататынын растады. Қазақстан өкілі ДСҰ-ға енген күннен бастап Қазақстан Республикасы мен ЕАЭО құзырлы органдары жүйелі негізде шаралар туралы ақпараты бар веб-сайттарды қоса алғанда, қоғамдық қолжетімді дереккөздерді жанартуды және оларды ДСҰ мүшелеріне, жеке және заңды тұлғаларға қол жетімді етуді жүзеге асыратынын растады. Мұндай ережелер олардың қолданысы мерзімі ішінде немесе ол мерзімдер аяқталған соң да ақылға қонымды мерзім ішінде қол жетімді болады. Өкіл, Қазақстан Республикасы мұндай басылымдардың мазмұнын Қазақстан Республикасы Парламентінің хабаршысына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкімет актілерінің жинағына, Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге де мемлекеттік орталық органдарының актілер жиынтығы сияқты басылымдарға орналастыруға ниетті деп қосты. Нормативтік-құқықтық актілерінің ресми жариялануы, сондай-ақ, "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" сияқты мерзімдік басылымдарда, сонымен қатар веб-сайттарда жүзеге асырылып, әрдайым жаңартылып отырады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

1147. Қазақстан өкілі, сондай-ақ, ұлттық қауіпсіздікке қатысты төтенше жағдайларды, ақша-кредиттік саясатты реттейтін нақты шаралар, құқық қорғау органдарына кедергі жасайтын немесе басқаша жолмен қоғамдық мүдделерге қайшы келетін немесе жекелеген, мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындардың заңды коммерциялық мүдделеріне зиян келтіретін шаралардың жариялауын қоспағанда, Қазақстан тауарлар, қызметтер және зияткерлік меншік құқықтарына қатысты немесе тиісті барлық заңдарды, қаулыларды, жарлықтарды, шешімдер мен жалпы сипаттағы

әкімшілік өкімдерді олар күшіне енуіне дейін жариялайды және аталған ереже толықтай әзірленіп және ЕАЭО-ның құзыретті органдарына жіберілгенге дейін мүшелер мен мүдделі тұлғалар жауапты органдарға өзінің түсіндірмелерін жіберуі үшін ақылға қонымды уақыт аралығын, әдетте 30 күннен кем емес, уақыт беретінін растады. ЕАЭО-ның органы ЕАЭО-ның құқықтық актілерін, соның ішінде осы тармақтың жоғарғы сөйлемінде көрсетілгендерге сәйкес шешімдер және ЕАЭО-ның басқа ережелерін ұсынуға және қабылдауға жауапты болған жағдайда, ЕАЭО-ның құзыретті органы олардың күшіне енуіне дейін жариялайды және мүшелер және мүдделі тұлғаларға ЕАЭО-ның құзыретті органына өздерінің ескертпелерін беру үшін қажетті уақыт береді. Қазақстанға немесе ЕАЭО құзыретті органдарына жіберілген, түсініктемелерге берілген мерзім ішінде түскен кез келген ескертпелер назарға алынады. Жұмыс тобы осы міндеттемені де ескерді.

1148. Қазақстанның өкілі, ДСҰ-ға кірген күнінен бастап Қазақстан Республикасында немесе ЕАЭО құзыретті органдары қабылдаған немесе шығарған тауар және қызмет көрсетулер саудасына, зияткерлік меншік құқықтарына қатысты ешбір заң, қаулы, бұйрық, шешім немесе жалпы сипаттағы әкімшілік қаулылар ДСҰ келісімінің, соның ішінде 1994 жылғы Тарифтер мен сауда бойынша ДСҰ Бас келісімінің, Қызмет көрсетулер саудасы бойынша ДСҰ Бас келісімінің және Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша ДСҰ келісімінің тиісті ережелерінде көзделгендей, жарияланғанға дейін күшіне енбейтінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

- Хабарламалар

1149. Жұмыс тобы кейбір мүшелері ДСҰ-ның қозғалған келісімдеріне сәйкес барлық ДСҰ мүшелері ДСҰ түрлі органдарына хабарламалар беруге міндетті екенін атап өтті. Жұмыс тобының мүшелері Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға кіргеннен кейін барлық ДСҰ келісімдері бойынша бастапқы наразылық білдіру хабарламаларын ұсынатыны, сондай-ақ ЕАЭО келісімі мен Комиссия шешімдеріне қатысты хабарламалар беру туралы ДСҰ келісімінің талаптарын орындайтыны, ДСҰ-ның қандайда бір келісімінен іске асырылып жатқан және Қазақстан Республикасы қабылдаған ішкі ережелер, жарғылар, қаулылар, шешімдер мен жалпы сипаттағы әкімшілік бұйрықтар туралы ерекше міндеттемелер қабылдау туралы сауал жолдады.

1150. Қазақстан Республикасының өкілі, Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға кірген күннен кейін, Кестеде көрсетілген мерзімге сәйкес ұсынылатын 4-кестеде көрсетілген хабарламаларды қоспағанда, ДСҰ келісімінің бір бөлігі болып табылатын келісімдердің талаптарына сәйкес барлық бастапқы наразылық білдіру хабарламаларды ұсынатынын растады. Барлық бастапқы хабарламаларын ұсынғаннан кейін Қазақстан ДСҰ келісімінің тиісті ережелері мен рәсімдерінің негізінде кезектегі хабарламаларды ұсынады. Жұмыс тобы осы міндеттемені назарға алды.

4-ші кесте. Хабарламалар беру мерзімдері

Хабарлама туралы талаптар	Шаралар түрлері	Беру мерзімі
1994 ГАТТ-тың VII бабын қолдану бойынша келісім - мәселелердің бақылау тізбесі туралы шешім	Мәселелердің бақылау тізбесіне жауаптар	ДСҰ-ға кіргеннен кейін 90 күн ішінде
Субсидиялар мен өтемақы шаралары бойынша ДСҰ келісімі (ASCM) а. 25.1- бабы, жыл сайынғы; - ГАТТ-94, XVI:1 бабы жыл сайынғы	1:1 Келісімнің бабында анықталған 2- бап мәнінің шеңберінде ерекше кез келген көмекқаржы, сонымен қатар экспорттың ұлғайып импорттың өсуін туындататын 1994 жылғы ГАТТХVI:1 бабы (Формат: G/SC) мәнінің шеңберінде кез келген басқа көмекқаржы	ДСҰ-ға кіргеннен кейін 180 күн ішінде
ДСҰ саудамен байланысты инвестиция шаралары туралы келісімі - 5.1-бап	1994 жылғы ГАТТ-тың III немесе XI бабының ережелерімен келіспейтін және 1994 жылғы ГАТТ-тың (Формат: G/TRI) алып тастаулар санына кірмейтін саудамен байланысты инвестициялық шаралар (ТРИМС)	ДСҰ-ға кіргеннен кейін 90 күн ішінде
ДСҰ импорттық лицензиялау рәсімдері жөніндегі келісімі - 7.3- бап	Импорттық рәсімдер бойынша жыл сайынғы сұраулыққа жауаптар	ДСҰ-ға кіргеннен кейін 90 күн ішінде
ДСҰ тауардың шығу ережелері туралы келісімі b. 5:1-бап - II Қосымша, 4- тармақ	Қолданыстағы преференциалдық емес шығу ережелері: преференциалдық емес шығу ережелеріне қатысы бар сот шешімдері мен жалпы сипаттағы әкімшілік өкімдер	ДСҰ-ға кіргеннен кейін 90 күн ішінде

IV. САУДА КЕЛІСІМДЕРІ

1115. Қазақстан өкілі Қазақстан ТМД, Грузия мен Сербия елдерімен еркін сауда туралы келісім жасады, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясымен бірге Кеден одағын, содан соң Еуразиялық экономикалық одақ құрды деп атап өтті. Бүгінгі таңда көрсетілген келісімдер тізімі мыналарды қамтиды: ТМД қатысушы елдерімен еркін сауда туралы екіжақты келісім, Грузиямен еркін сауда туралы екіжақты келісім, Сербия Республикасымен еркін сауда туралы екіжақты келісім, 1994 жылдың 15 сәуіріндегі ТМД елдері арасындағы еркін сауда аймағын құру туралы келісім (бұдан әрі - 1994 жылғы ТМД еркін сауда аймағы туралы келісім); ТМД мүше мемлекеттердің сегізімен жасалған 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы келісім 4 (бұдан әрі - 1991 жылғы ТМД еркін сауда аймағы туралы келісім), ол 1994 жылғы ТМД еркін сауда аймағы туралы келісімді алмастырды. 1995 жылдың 20 қаңтарындағы Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Кеден одағы туралы келісім. 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және Кеден одағын қалыптастыру туралы шартты (бұдан әрі-КО туралы шарт) іске асыру 2010 жылдың 1 қаңтарында Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы

және Ресей Федерациясы арасында Бірыңғай кеден тарифын (БКТ) енгізу мен Кеден одағының (КО) Кеден кодексін және КО институттарын қабылдаудан басталды. Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы 2014 жылғы 29 мамырда Астанада қол қойған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Қазақстанның сауда келісімдерінің толық тізбесі осы Баяндаманың 24-қосымшасында көрсетілген.

1552. Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының арасындағы Кеден одағына қатысты Қазақстан өкілі Кеден одағын қалыптастыру бойынша бірінші қадам 1995 жылдың 6 қаңтарындағы Ресей федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы Кеден одағы туралы келісімді және 1995 жылдың 20 қаңтарындағы Ресей федерациясы, Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Кеден одағы туралы келісімді бекіту болды, деді. Қосымша, Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы 1999 жылдың 26 ақпанында Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қол қойды. Ол Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мемлекетаралық кеңесінің "Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қызметін тоқтату туралы" 2014 жылғы 10 қазандағы №652 шешімімен өз қолданысын 2015 жылдың 1 қаңтарында тоқтатты.

Шарт уақыт өте келе тек тауар саудасын ғана емес, сонымен қатар қызмет көрсетулер (заңды және жеке тұлғаларға қатысты қазіргі шектеулерді біртіндеп тоқтатуды қоса, қызмет көрсету нарығына қол жеткізуге қатысты ұлттық режим) мен капитал қозғалысын қамтитын еркін сауда мен кеден одағы аймағын біртіндеп құруды қарастырды. Атап айтқанда, шарт ДСҰ келісіміне сәйкес рұқсат етілген шаралардан басқа, Тараптар арасындағы тауар саудасына қатысты барлық кеден баждарын және басқа шектеулерді жоюды және Бірыңғай кедендік тарифті енгізуді бастапқы мақсат етіп қойды.

1153. Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жолындағы алдағы ілгерілеу мақсатында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) құру туралы шартқа 2000 жылдың 10 қазанында қол қойылып, 2001 жылдың 19 қыркүйегінде ол күшіне енді. 2003 жылдың 19 қыркүйегінде Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Украина президенттері Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қойды. Келісім тараптары ДСҰ ережелерін қоса алғанда, халықаралық құқықтың іргелі қағидаттары мен нормалары негізінде өзара сауда мен инвестицияға көмектесуге, сондай-ақ еркін сауда аймақтарын, соның ішінде, мүмкін, кеден одағын құру арқылы өз экономикаларының бәсекеге қабілеттіліктерін жоғарылатуға ниеттенді. Келісімге сәйкес, Келісімнің жүзеге асырылу шарттарының жылдамдығын және Тараптар арасындағы интеграция деңгейін есепке ала отырып, Бірыңғай экономикалық кеңістік кезең-кезеңмен құрылуға тиіс болды. Кезеңнен кезеңге көшуді алдыңғы кезеңде қарастырылған барлық шараларды орындаған мүше

елдер ғана жүзеге асырмақ. Әр мүше қандай интеграция шараларын іске асырудан бастау керегін, сонымен қатар сондай интеграцияның жылдамдығы мен дәрежесін жеке анықтай алды. Сонымен бірге, бұл төртжақтық Бірыңғай экономикалық кеңістікті іске асыруға бағытталған ешқандай нақтылы кейінгі келісімдер әлі жасалған жоқ және келісімді іске асыру әрекеттері тоқтатыла тұруда.

1154. 2003 – 2006 жылдарға арналған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру жөніндегі іс-шаралар тізбесінде қарастырылған іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында ЕурАзЭҚ Үкіметтерінің басшылары бұрын қабылданған шешімдерді, жаңа халықаралық шарттар мен келісімдер жасасуды іске асыруды, сондай-ақ жаңа құжаттарды дайындауды мақұлдады. 2007 жылдың 6 қазанында Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы КО туралы шарт жасасты. КО туралы шартқа сәйкес Бірыңғай кеден аумағын құру бірнеше кезеңде жүзеге асып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы кедендік шекара жойылған 2011 жылдың 1 шілдесінде аяқталды. Бұрынырақта Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы жасасқан келісімнің ережелері және 2010 жылғы 10 желтоқсандағы ЕурАзЭҚ құру туралы шартқа (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ туралы шарт) қайшы келмейтін басшы органдардың шешімдері өз әрекеттерін жалғастыруда. ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің №652 шешіміне сәйкес, ЕурАзЭҚ туралы шарт күшін жоғалтты. Қазақстан өкілі Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы 2009 жылдың аяғына дейін келісілген КО туралы шарт, келісімдер мен басқа актілер ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағының құқықтық негізін қалыптастыруды аяқтады, сыртқы сауда режимін, кедендік саясат пен сауданы қорғау шараларын бірдейлендіру жоспарларынан бастап, мүшелер субъектілерінің арасындағы экономикалық ықпалдастықты біртіндеп ұлғайту үшін құқық алаңын жасады ; және де қаржы мен банктік жүйелердің арасындағы, әлеуметтік және гуманитарлық салаларда, сондай-ақ, құқықтық реттеу саласындағы ықпалдастыққа бастамашылық етті және Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастырудағы ілгерілеу жалғасын тауып, 2015 жылғы 1 қаңтарда ЕАЭО орнатумен аяқталды деп көрсетті.

1155. Жұмыс тобының мүшесі ЕурАзЭҚ мүшелері қолданатын импорт тарифінің 62% үйлестірілгенін ескертті, қалған тарифтік ұстанымдар бойынша үйлестіру қашан жүзеге асырылады деген сұрақ қойды. Жұмыс тобының бұл мүшесі қалған тарифтік ұстанымдарды келістірудің ресми кестесі бар ма екенін білгісі келді. Қазақстан өкілі бүгінгі таңда тарифтік үйлестіру бірыңғай БКТ шеңберінде өтеді деді. Импорттық баждардың 100% дерлік мөлшерлемелері сәйкестендірілді. Қазақстанға БКТ –тен берілген алып тастаулар қолданыстағы БКТ 11 119 тарифтік жүйеден 10 белгі деңгейдегі 72 тарифтік жүйемен шектелген. Бұл тауарларға импорттық баж мөлшерлемелері 2015 жылдың қаңтарына БКТ деңгейіне дейін көтерілетіні жоспарланған. Импорттық баждардың нөлдік мөлшерлемелері ретінде БКТ-дан алып

тастау медицина жабдығына, фармацевтикаға, полиэтиленге, жылыжайларға, алюминий қақтамасына және теміржол вагондарына (сәйкес өтпелі кезеңдерін белгілеумен БКТ-нен алып тастауға жататын тарифтік жүйе тізбесі осы Баяндаманың 10-қосымшасында) қатысты берілген. Шығару кедендік баждарына қатысты бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы үшінші елдерге қатысты экспорттық кеден баждары бөлігінде жеке режимдер қолданады.

1156. 2009 жылдың 27 қарашасында ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесі де Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында 2010 жылдың 1 шілдесінде күшіне енген, ал Беларусь Республикасында – 2010 жылдың 6 шілдесінде күшіне енген Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты мақұлдады. Кеден кодексін жүзеге асыру мақсатында қосымша келісімдер, шешімдер мен ұлттық кеден ережелері әзірленді. Қазақстан өкілі 2007 жылдың 6 қазанындағы Бірыңғай кеден аумағын құру мен Кеден одағын қалыптастыру туралы шартта көрсетілгендей, Мемлекетаралық кеңес Бірыңғай кедендік аумақ құру мен Шартта қарастырылған міндеттер орындалып біткеннен кейін кеден одағын қалыптастыруды аяқтау туралы шешім қабылдады деп түсіндірді. Кеден одағы 2010 жылы жүзеге асырылды. Кеден одағы 2015 жылғы 1 қаңтарда Еуразиялық экономикалық одағына (ЕАЭО) алмастырылды. Қазақстан өкілі, сондай-ақ, сауда саясаты мен ЕАЭО ережелерінің толық сипаттамасы осы Баяндаманың сәйкес бөліктерінде келтірілгенін атап өтті.

1157. ЕАЭО институционалды және заңнамалық құрылымдары Қазақстан Республикасының сауда тәртібіне және ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелерді жүзеге асыруға қатысты бөлігінде, "Саясатты тұжырымдау мен жүзеге асыру тетігі" III бөлімінде сипатталды.

1158. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы ақпарат беруді өтінді. Қазақстан өкілі 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік (бұдан әрі – ЕЭК) құру үшін құқықтық негіз белгілейтін 17 келісім күшіне енді деп жауап берді. Өкіл ЕЭК келісімдері өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық секторларын, мемлекеттік сатып алуларды, табиғи монополиялармен берілетін қызмет көрсетулерге қол жеткізу, әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету, қызмет көрсетулер саудасын, жеке тұлғалардың, инвестициялардың т.б. орын ауыстыруын мемлекеттік қолдау саласында ЕЭК мүшелерінің заңнамаларын үйлестіру үшін құқықтық негізді қамтамасыз етті деп баяндады.

1159. Өкіл Келісімдер ЕЭК-ге мүше мемлекеттер бизнесі үшін тең бәсекелестік жағдайды қамтамасыз ету ортақ мақсатымен ЕЭК тараптары арасындағы үйлестірілген

саудалық және экономикалық саясат жүргізу жағдайларын құруға бағытталған деп толықтырды. Ол бұл Келісімдер 2015 жылы 1 қаңтарда күшіне енген ЕАЭО туралы шартқа енгізілгенін ескертті.

1160. Қазақстан өкілі ЕАЭО туралы шарттың 108-бабында қарастырылғандай, ЕАЭО жаңа серіктестерді енгізуге ашық екенін баяндады. Мүшелік ЕАЭО туралы шартта және ЕАЭО шеңберінде әрекет ететін басқа шарттарда қарастырылған міндеттемелерді қабылдап, орындауға дайын кез келген мемлекетке ашық.

1161. ТМД елеріне келсек, Қазақстан өкілі 1994 жылдың 15 сәуірінде ТМД-ға қатысушы елдер 1994 жылғы Еркін сауда аймағы туралы келісімге қол қойды, деп баяндады. Бұл Келісім кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды және тауарлардың еркін қозғалысына бөгет болған басқа да шектеулерді біртіндеп жоюды қарастырды. Келісім толығымен іске асқан жоқ және кейіннен 1999 жылдың 2 сәуіріндегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттамамен толықтырылды. Хаттамамен еркін сауда аймағы қазіргі не келешек алып тастау туралы екіжақты келісімдер мен хаттамалар арқылы іске асуға тиістігі белгіленді.

1162. Қазақстан Республикасы Грузиямен және Түрікменстаннан басқа ТМД елдерінің барлығымен (Әзербайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы мен Украина) екіжақты келісім жасасты. Бұл Келісімдер Тараптар арасында тауар саудасының айтарлықтай бөлігін жабатын еркін сауда режимін орнатты. Еркін сауда туралы осы екіжақты келісімдер шеңберінде Қазақстаннан экспортталатын немесе импортталатын бұл елдерден шыққан тауарлар кедендік бажды төлеуден босатылады, ал тиісті алып тастау тізбесінде көрсетілген кейбір тауарлар кәдімгі кеден бажын, салықтар мен алымдарды алуға жатады. Еркін сауда режимінен алып тастауға жататын тауарлар тізімі Еркін сауда туралы екіжақты келісімге қосылған еркін сауда режимінен алып тастау туралы хаттамаларда қарастырылған. Тиісті хаттамаларға сәйкес, Қазақстан Республикасы алкогольді сусындар импортында (2201, 2202, 2209 қоспағанда, код СЭҚ ТН 22), темекі мен темекінің өнеркәсіптік алмастырушысына (код СЭҚ ТН 24) Әзербайжан мен Украинадан; алкогольді сусындардың жеке түрлеріне (код СЭҚ ТН 2203, 2205, 2206, 2207), темекі мен темекінің өнеркәсіптік алмастырушысына (код СЭҚ ТН 24) және ақ қантқа (код СЭҚ ТН 1701 99 100) Грузиядан, алып тастауларды қолданды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Өзбекстаннан шығарылған импортында күрішке (код СЭҚ ТН 1006), алкогольді сусындарына (код СЭҚ ТН 2203, 2205, 2206, 2207), темекі мен темекінің өнеркәсіптік алмастырушысына (код СЭҚ ТН 24) алып тастауларды қолданады. Тиісті Хаттамаларға сәйкес, Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының экспорттық тарифтік реттеуіне жататын тауарларға олардың Қырғыз Республикасына, Молдова Республикасына және Тәжікстан Республикасына әкетуде баж қолдану құқығын резервке қалдырды. Экспорттық тарифтік реттеуге жататын

тауарлар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы бажсыз сауда режимінен алынып тасталды (1992 жылдың 22 қазанындағы хаттама). Алайда, бұл ерекшеліктер ешқашан тәжірибеде қолданылған емес, себебі Хаттаманың жүзеге асырылуы тоқтатыла тұруда. Ешбір алып тастауларсыз Еркін сауда режимін құру туралы жаңа хаттамаға қол қойылуына байланысты, 1995 жылдың 20 қаңтарында аталған Хаттама жойылды.

1163. Жұмыс тобының мүшесі еркін саудадан алып тастау сияқты шектеулерді кезең-кезеңмен жою кестесі Өзбекстан Республикасына қатысты әлдеқашан жоспарланғанын баяндады да, сондай шектеулерді алып тастаудың деңгейлік кестесі Грузия, Украина, Әзербайжан Республикасы және Молдова Республикасына қатысты жоспарланды ма, әлде бұл мәселе қосымша келіссөзді қажет ете ме деп сұрады. Қазақстан өкілі қазіргі кезге дейін Қазақстан мен Өзбекстан арасында алып тастауды кезең-кезеңімен жою туралы хаттама жасалған жоқ деп жауап берді. Алып тастауды кезең-кезеңімен жою туралы хаттамаға 2004 жылы 11 қарашада Грузиямен қол қойылды, грузиндік импортқа қатысты Қазақстан қарастырған еркін сауда режимінен алып тастаулар 2005 жылы 1 сәуір күні жойылды. 2005 жылдың 24 мамырында Әзербайжан Республикасымен жасасқан Хаттамаға сәйкес Әзербайжан Республикасынан алкогольді сусындары, темекі мен темекінің өнеркәсіптік алмастырушысы импортына қатысты 2012 жылдың 1 қаңтарында жойылды. Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы импорт бөлігіндегі еркін сауда режимінен алып тастау қарастырған жоқ, бірақ өзара саудада экспорт бөлігіндегі алып тастауларды қарастырды. Алып тастаулар туралы хаттамаға Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы де қол қойды, деді өкіл. Хаттама бір жылдық мерзімге жасалып, ұзартылған жоқ.

1164. Қазақстан өкілі, сондай-ақ, Жұмыс тобын 2011 жылдың 18 қазаны күні Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Украина ТМД елдері арасындағы 2011 Еркін сауда аймағы туралы келісімге қол қойғанын хабарлады. Басқа ТМД елдері келісімге кейін қосыла алады. Жаңа келісім күшіне енгеннен кейін ТМД елдері мен Қазақстан Республикасының арасындағы еркін сауда туралы жекелеген келісімдерді алмастырады да, ТМД-ның барлық кеңістігінде көпжақты форматта артықшылықты сауда режимін орнатады. 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісіміне сәйкес, Қазақстан Республикасы Украинадан келетін импорт бөлігіндегі арақ пен қантты еркін сауда режимінен алып тастауды қолданатын болады. Украиндық араққа қатысты алып тастаулар 2015 жылдың 1 қаңтарынан қолданылатын болады. Украинаның импорты бөлігіндегі қантты алып тастау Ресей Федерациясына, Беларусь Республикасына де қолданылатын болады. Өз кезегінде Украина Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасынан шыққан қантқа қатысты импорттық бажды қолданатын болады.

Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден басқа, осы шартқа қатысушыларға қатысты 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімінің 1-қосымшасында тізілген жекелеген тауарлар экспортында баждар қолдану құқығын өзіне қалтырды. Ол ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді қоспағанда, Келісімнің басқа Тараптарына экспортталған жағдайда мына тауарларды қамтиды: соя бұршағы, рапс кольза мен күнбағыс дәні, шикі мұнай, жеңіл, орта және ауыр дистилляттар, мұнай битумы, табиғи және тас көмір газы, мұнай газы мен газ тәріздес көміртектер, ІҚМ, ҰҚМ өңделмеген терілері, мал жүні мен қылы, қара металл, алюминий, жез қалдықтары мен сынықтары, теміржол мен трамвай жолдарына, теміржол локомотивтерінің бөліктеріне қолданылатын қара металдан жасалған бұйымдар, алюминийден жеке бұйымдар (сонымен қатар ұнтақтар мен қабыршақтар, қақтама, шыбықтар, пішіндер, құбырлар, түтіктер және т.б.). 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімі ДСҰ ережелеріне негізделген бірыңғай құқықтық құрылым жасайды. Келісім негізінен, импорттық кеден баждарының айтарлықтай қысқарту арқылы біртіндеп жойылуын, өзара саудада шектеулерді, қолдануды және экспорттық кеден баждарының деңгейін реттейтін міндеттемелерді, өзара саудада қорғау шараларын қолдануды, бәсекелестік пен жәрдемақы ережелерін, саудада техникалық бөгеттерге қатысты қағидаларды, санитариялық және фитосанитариялық шараларды, дауларды реттеудің тиімді тетіктерін және т.б. қарастырады.

1165. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстанның 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімі шеңберінде ДСҰ нормаларына негізделген бірыңғай құқықтық құрылым құруға қалай қол жеткізетінін нақтылауды өтінді. Бұл мүше, сондай-ақ, Қазақстан 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімді ТМД кеңістігіндегі еркін сауда аймағы туралы алдыңғы келісімнің жалғасы ретінде қарастыра ма дегенді нақтылауды және 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімді жүзеге асыруда 1994 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімнің мәртебесіне қатысты хабардар етуді сұрады.

1166. Жауабында Қазақстан өкілі 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімі Келісім Тараптарының ДСҰ ережелерін сақтау міндеттемелерін растайтын қағидаларды қарастырады деді. Жекелеген ережелер дәйексөздер мен 1994 жылғы ГАТТ-қа сілтемелер және де тауар саудасына қатысты басқа да ДСҰ келісімдерін құрайды. Мысалы, 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімі ДСҰ ережелеріне негізделген келесі басты ережелерді қарастырады:

- басқа Тараптан импортталатын тауарларға ұлттық режим беру;
- V бабының түсінігінде Тараптар аумағы арқылы транзит еркіндігін беру;
- 1994 жылғы ГАТТ XI бабына сәйкес сандық шектеулерді ортақ жою;
- экспорттың нәтижесімен байланысты көмекқаржыларды немесе импорттың орнына отандық тауарларды қолдануға тыйым салу;

ДСҰ ережелеріне сәйкес саудалық шаралар, СФС, СТК шараларының қолданылу, т.б.

1167. Атап айтқанда, деді өкіл, 2011 жылғы 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімнің 5-бабы Тараптар 1994 жылғы ГАТТ-тың III бабына сәйкес бірі-біріне ұлттық режимді қамтамасыз етуін қарастырады. 5-бапқа сәйкес, Тараптар ішкі салық, құқық және реттеу мен ішкі өндірістегі тауарларды қорғаудың алдын алу үшін кемсітпеушілік негізінде импорттық тауарлар саудасына ықпалын тигізетін талаптар қолдануға міндеттемелер алады. 2011 жылғы 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімінің 10-бабына сәйкес, Тараптар ДСҰ көмекқаржылар мен өтемақылық шаралар жөніндегі келісімінің 3-бабына сәйкес тыйым салынған көмекқаржыларды сақтамау немесе ұсынбау керек. Тыйым салынған көмекқаржыларды қолдануды сақтаған Тараптар 2011 жылғы 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісінде қарастырылған өтпелі кезең біткеннен кейін мұндай шараларды жоюға міндеттемелер алуы керек. Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасы жергілікті қамту талаптарын қолдану құқығын мыналар бойынша өзіне қалдырды:*(i) ДСҰ-ға кіру шеңберінде қабылданған Қазақстан міндеттемелерімен сәйкес жойылғанша, жер қойнауын пайдаланушылар мен ішінара не толықтай үкімет бақылайтын кәсіпорындар сатып алулары; (ii) 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін еркін қойма режимі не арнайы экономикалық аймақ шеңберінде берілген преференция және (iii) Премьер-Министрдің орынбасары мен Индустрия және сауда министрінің 2010 жылдың 11 маусымындағы № 113 Бұйрығына сәйкес жасасқан өнеркәсіптік құрастыру жөніндегі келісім шеңберінде берілетін тарифтік преференциялар– 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

1168. 1994 жылғы 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімі мәртебесіне қатысты, Қазақстан өкілі 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы да келісімі 1994 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімді ауыстыру мақсатында жасалғанын баяндады. 1994 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімі жүзеге толықтай асқан жоқ, ТМД кеңістігінде көп-жақты еркін сауда аймағын құру аяқталмады. 1994 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімі ортақ негіздемелік келісім болып қалды да, сонымен қатар ТМД қатысушы елдері екіжақты келісімдер негізінде өзара еркін сауда аймағын құрды. Осыған байланысты, 2011 жылдың 18 қазанында барлық ТМД қатысушы елдер арасында еркін сауда жүргізу мақсатында келісім жасалды, онда ДСҰ нормаларының қағидаттары мен ережелері негізге алынды. 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімінің 23-бабына сәйкес, 1994 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімінің қолданысы 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімінің қатысушылары арасында тоқтатылады деп түсіндірді өкіл. 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімінің қатысушылары арасында жасалған еркін сауда туралы екіжақты келісімдер де 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісіммен ауыстырылады. Сонымен қатар, 1994 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісім, еркін сауда туралы екіжақты

келісімдер сияқты, 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісімінің Тараптары арасында және 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісіміне қол қоймаған ТМД қатысушы елдері мен 2011 жылғы ТМД Еркін сауда аймағы туралы келісіміне қол қойған, бірақ әлі ратификацияламаған қатысушылар арасында да күшінде қалады.

1169. Қазақстан өкілі Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасымен сауда режимін бірдейлендіру мақсатында, 2010 жылдың 7 қазанында Қазақстан Сербия Республикасымен еркін сауда туралы екіжақты келісімге қол қойды және Черногориямен еркін сауда туралы келіссөздерге қатысуда, деді. Сербия Республикасымен еркін сауда туралы келісімге сәйкес, Сербия Республикасында немесе Қазақстан Республикасында шығарылған барлық тауарларды дерлік (ауыл шаруашылық өнімдерін қоса) басқа елдерге кіргізуде бажсыз режимін қолданады.

1170. Өкіл Қазақстан Республикасы Беларусь Республикасымен, Ресей Федерациясымен бірлесіп, сауданы ырықтандыруға бағытталған келісімдерді көбейту ниетінде екенін айтты. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасымен және ЕАЭО шеңберіндегі оның серіктестерімен еркін сауда туралы келісім жасау мақсатында Жаңа Зеландиямен, ЕЕСА, Вьетнаммен келіссөздер басталды.

1171. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық ұйымы сауда келісіміндегі (ЭЫҰСК) қатысуы туралы және 2020 жылға қарай өз мүшелері арасында еркін сауда туралы келісім құру бойынша Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) жоспары туралы ақпарат беруді өтінді. Қазақстан өкілі Қазақстан ЭЫҰ-ға ресми түрде 1992 жылдың қарашасында қосылды, алайда, ЭЫҰСК мүшесі болып табылмайды және Қазақстан ЭЫҰ-ға мүше елдерге БҚЖ негізінде сауда режимін ұсынады, деп жауап берді. Бұдан басқа, ЭЫҰ-ға 10 мүше елдің төртеуі ЕАЭО дамыған және ең нашар дамыған елдерінің Ортақ преференция жүйесінің бенефициары болып табылады. Қазақстан Республикасы қалған төрт ЭЫҰ мүшесімен еркін сауда туралы екіжақты келісімге қол қойды – Әзербайжан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы. Ол бүгінгі таңда ШЫҰ шеңберінде еркін сауда туралы келісімдер жасау бойынша ешқандай жоспар жоқ екенін атап өтті.

1172. Қазақстан өкілі, сондай-ақ, БҚЖ тәртібі Қазақстанмен екіжақты преференциялық емес сауда келісімдерін жасаған барлық елдермен қарастырылғанын ескерді. Сонымен қатар, Қазақстан БҚЖ режимін қай жақтық болмасын, екіжақты келісімдер болмағандығына қарамай, барлық үшінші елдерге қолданады.

1173. Жұмыс тобының мүшесі Қазақстан Республикасы 1993 жылы 23 желтоқсанда Ашхабад қаласында барлық ТМД елдері қол қойған Өндірістік кооперация туралы келісімге қатыса ма, сондай-ақ сауда жүргізу шарттары қалай және де Қазақстан осы Келісімге қатысқан жағдайда, қазақстандық сауданың қандай бөлігі осы келісіммен реттеледі деген сұрақ қойды. Қазақстан өкілі Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қатысушы мемлекеттерінің кәсіпорындары мен салаларының өндірістік

кооперацияларын дамытуды қолдаудағы ортық шарттар мен тетіктері туралы келісімге Қазақстан Республикасы 1993 23 жылдың желтоқсанында қол қойып, ол 1995 жылдың 10 мамырында күшіне енді деп жауап берді. Келісім КСРО кезіндегі орнатылған тікелей өндірістік байланыстар негізінде барлық меншік түріндегі кәсіпорындар, ТМД елдерінің өндірістік кешендері арасындағы қазіргі және құрылатын технологиялық және кооперациялық байланыстардың дамуын сақтау және қолдау мақсатында жасалды. Келісім ынтымақтастық шеңберінде⁵ және қайта өңдеу⁶ мен қызмет көрсетулер⁷ бойынша кедендік режим шеңберінде импорттық баж, салық, ТМД кедендік аумағынан жеткізілетін тауар санына шектеу қолданылмауын қарастырады. Келісім тиісті үкіметаралық, салалық және министрлік аралық келісімдер жасау қажеттілігін болжайды. Осы келісімдер шеңберінде жасаған келісімшарттар бойынша жеткізілетін тауарлар жоғарыда көрсетілген преференцияға жатады. Алайда, Қазақстан Республикасы мұндай үкіметаралық, салалық және министрлік аралық келісімдер жасасқан жоқ, демек, Өндірістік кооперация туралы келісімді тәжірибе жүзінде қолданбайды.

1174. Қазақстан өкілі, ДСҰ-ға кірген күнінен бастап Қазақстан өзінің преференциялық сауда келісімдерінің қатысуы кезінде 1994 жылғы Тарифтер және сауда жөніндегі ДСҰ Бас келісімнің XXIV бабымен және Қызметтер саудасы жөніндегі ДСҰ Бас келісімнің V бабымен шектелмей, бірақ қоса алғанда, ДСҰ ережелерін сақтайтын болады және де, кірген күнінен бастап ДСҰ келісімінің хабарлама, консультация және еркін сауда аймағы мен кедендік одақтарға қатысты талаптары бөлігіндегі басқа да ережелерін сақтауды қамтамасыз ететінін растады. Ол, ДСҰ-ға кіргеннен кейін, Қазақстан хабарламалар мен өзінің еркін сауда келісімдерінің, ЕАЭО туралы шарттың және оның қосымша келісімдерінің көшірмелерін Аймақтық сауда келісімдері бойынша ДСҰ-ның комитетіне (CRTA) беретінін растады. Жұмыс тобы осы міндеттемелерді назарға алды.

⁵Ынтымақтастық шеңберіндегі жеткізілім деп дайын тауарлар өндірісінің технологиялары негізінде қолданылатын шикізат, құрамдас бөліктер, аралық өнім мен басқа тауарларды жеткізу түсіндіріледі.

⁶Кедендік режим шеңберіндегі жеткізілім деп Келісім Тараптарының кедендік заңнамасына сәйкес тауар жеткізулері түсіндіріледі.

⁷Көрсетілетін қызметтер өзіне жобалық және жөндеу қызмет көрсетулерін, сондай-ақ технологиялық операцияларды қамтиды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

1175. Жұмыс тобы осы Баяндамада көрсетілгендей, Қазақстанның өз сыртқы сауда режиміне қатысты түсіндіруін және өтінішін назарға алды. Жұмыс тобы: 59, 87, 101, 142, 170, 208, 209, 250, 274, 288, 298, 301, 303, 307, 308, 309, 310, 311, 313, 317, 351, 359, 383, 431, 434, 435, 438, 439, 443, 445, 464, 467, 469, 483, 493, 521, 526, 527, 540, 559,

585, 590, 625, 631, 634, 641, 650, 651, 653, 657, 670, 704, 711, 712, 716, 720, 721, 722, 724, 736, 738, 747, 753, 762, 764, 765, 766, 772, 777, 784, 785, 788, 789, 797, 803, 812, 830, 833, 835, 838, 841, 848, 849, 856, 859, 872, 874, 875, 896, 897, 933, 934, 947, 949, 962, 986, 987, 988, 989, 1013, 1061, 1063, 1067, 1079, 1081, 1102, 1114, 1116, 1127, 1131, 1132, 1133, 1134, 1146, 1147, 1148, 1150 және 1174- тармақтарда ұсынылған жекелеген ерекшелік мәселелерге қатысты Қазақстан Республикасының міндеттемелерін назарға алды.

1176. Жұмыс тобы осы міндеттемелер Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылу туралы хаттамасының 2- тармағына енгізілетінін айтты.

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда режимін бағалай отырып және Қазақстан өкілінің міндеттемелер мен шегінулер жөнінде жасаған түсіндірулер бойынша Жұмыс тобы Қазақстан Республикасы ДСҰ құру туралы Марракеш келісімінің 12-бабына сәйкес қосылуға шақырылады деген қорытындыға келді. Осы мақсатта, Жұмыс тобы аталған Баяндамаға Қосымшада берілген шешім жобасын және Кіру туралы хаттаманы дайындады және осы Хаттамаға қосымша болатын Тауар бойынша басқаға берулер мен міндеттемелердің тізбесін (WT/ACC/KAZ/Add.1-толықтыру құжаты) және оның Қызметтер бойынша ерекше міндеттемелерінің тізбесін (WT/ACC/KAZ/Add.2-толықтыру құжаты) назарға алды. Бас Кеңес баяндаманы қабылдаған кезде, осы мәтіндердің қабылдануы ұсынылды (2015 жылдың X айы). Шешім қабылданған сәттен бастап, Қосылу туралы хаттама Қазақстан Республикасы қабылдау үшін ашық болады, ол осы Хаттаманы қабылдағаннан 30 күннен кейін мүше болады. Жұмыс тобы ДСҰ құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы бойынша келіссөздерге байланысты өзінің жұмысы аяқтағандығымен келіседі.

1-ҚОСЫМША

Қазақстан Жұмыс тобына ұсынған заңдар, қаулылар және басқа да ақпарат

Заң жобалары/Қаулылар	Ескертпе
II. Экономикалық саясат	
- Ақша-кредиттік және салық-бюджет саясаты	
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт	WT/ACC/KAZ/8, WT/ACC/KAZ/85/Rev.1
"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасының Кодексі	WT/ACC/KAZ/68
"Валюталық реттеу туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заң (1996 жылғы 24 желтоқсандағы № 54-I Заңмен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/4

"Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы № 54-І Заң (2005 жылғы 30 маусымдағы № 57-ІІІ Заңмен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/6/Add.2, WT/ACC/KAZ/57/Add.1
"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57-ІІІ Заң	WT/ACC/KAZ/66/Add.1, WT/ACC/KAZ/67/Add.1, WT/ACC/KAZ/6, WT/ACC/KAZ/75/Add.1
Заң күші бар "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Президенттің 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Жарлығы	WT/ACC/KAZ/4
"Чектер клирингін жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Клиринг палатасы туралы" Ұлттық Банк Басқармасының 1994 жылғы 15 қарашадағы № 182 қаулысы	WT/ACC/KAZ/4
"Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Ұлттық Банк Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы № 134 қаулысы (Банк Басқармасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 129 қаулысымен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/66/Add.1
- Валюта айырбастау және төлемдер жүйесі	
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт	WT/ACC/KAZ/8, WT/ACC/KAZ/85/Rev.1
"Жеке тұлғалардың Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және/немесе ақшалай құралдарды өткізу тәртібі туралы" ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің 2010 жылғы 5 шілдедегі № 51 шешімі	WT/ACC/KAZ/68
"Ақша төлемі мен аударымы туралы" 1998 жылғы 29 маусымдағы № 237-І Заң	WT/ACC/KAZ/18
"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57-ІІІ Заң	WT/ACC/KAZ/66/Add.1, WT/ACC/KAZ/67/Add.1, WT/ACC/KAZ/6, WT/ACC/KAZ/75/Add.1
Заң күші бар "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Президенттің 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Жарлығы	WT/ACC/KAZ/4
Заң күші болған "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы"	

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі № 2227 Жарлығы (1997 жылғы 5 наурыздағы № 79-І Заңмен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/4
"Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүргізу жөніндегі ережелер туралы" Ұлттық банкі Басқармасының 1994 жылғы 24 қарашадағы № 188 қаулысы	WT/ACC/KAZ/4
- Инвестициялық режим	
"Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 шешімі	WT/ACC/KAZ/68
1995 жылғы 5 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциясы	WT/ACC/KAZ/4
"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) қолданысқа енгізу туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІ қаулы (Мазмұны)	WT/ACC/KAZ/4
"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-ІV Қазақстан Республикасының Кодексі	WT/ACC/KAZ/68
"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136-І Заң (2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңмен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/68
"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заң	WT/ACC/KAZ/68
"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы № 373-ІІ Заң	WT/ACC/KAZ/4, WT/ACC/KAZ/57/Add.1
"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы №291-ІV Заң	WT/ACC/KAZ/69
Заң күші болған "Жер туралы" Президенттің 1995 жылғы 22	WT/ACC/KAZ/4

желтоқсандағы № 2717 Жарлығы (2001 жылғы 24 қаңтардағы № 153-ІІ Заңмен күші жойылды)	
"Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Президенттің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы (Президенттің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/66/Add.1
"Қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың инвестициялық белсенділігін арттыру жөніндегі 2008 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 желтоқсандағы № 1219 қаулысы	WT/ACC/KAZ/67/Add.1
- Мемлекеттік меншік, мемлекеттік сауда ұйымдары және жекешелендіру	
1995 жылғы 5 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциясы	WT/ACC/KAZ/4
"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156-ХІІІ Заң	WT/ACC/KAZ/4
"Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы № 2255 Заң	WT/ACC/KAZ/4
"Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде өнімді бөлу жөніндегі келісімдер (келісімшарттар) туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі № 68-ІІІ Заң (2008 жылғы 10 ақпандағы № 100-ІV Заңмен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/66/Add.1
"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-ІV Заң	WT/ACC/KAZ/68
Заң күші болған "Мұнай туралы" Президенттің 1995 жылғы 28 маусымдағы № 2350 Жарлығы (2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-ІV Заңмен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/4
Заң күші болған "Жекешелендіру туралы" Президенттің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2721 Жарлығы ("Мемлекеттік меншік туралы" 2011 жылғы 1	WT/ACC/KAZ/57/Add.1

наурыздағы № 413-IV Заңмен күші жойылды)	
"Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Президенттің 2000 жылғы 28 шілдедегі № 422 Жарлығы	WT/ACC/KAZ/57/Add.1
Үкіметтің № 1034 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының жер қойнауы жөніндегі ақпараттарды (беру, айырбастау, сату) тарату тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 8 желтоқсандағы ереже (Үкіметтің 2003 жылғы 4 тамыздағы № 779 қаулысымен күші жойылды)	WT/ACC/KAZ/4
"Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Үкіметтің 2000 жылғы 24 қазандағы № 1587 қаулысы (2003 жылғы 18 желтоқсандағы редакцияда)	WT/ACC/KAZ/50/Add., WT/ACC/KAZ/57/Add.1
"Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі өнімді бөлу туралы келісімдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы" Үкіметтің 2004 жылғы 16 қыркүйектегі № 969 қаулысы	WT/ACC/KAZ/66/Add.1
"Республикалық мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы" Үкіметтің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 483 қаулысы	WT/ACC/KAZ/67/Add.1
"Акционерлік қоғамдар туралы" 1997 жылғы 4 маусымдағы Заң жобасы	WT/ACC/KAZ/18
"Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы" 1997 жылғы 25 наурыздағы Заң жобасы	WT/ACC/KAZ/18
- Баға белгілеу саясаты	
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт	WT/ACC/KAZ/8, WT/ACC/KAZ/85/Rev.1
"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заңы	WT/ACC/KAZ/68
"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңы	WT/ACC/KAZ/69

<p>"Шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өнімдеріне бағаны реттеу туралы" Үкіметтің 1994 жылғы 19 қазандағы № 1171 қаулысы (Үкіметтің 2003 жылғы 17 наурыздағы № 258 қаулысымен күші жойылды)</p>	<p>WT/ACC/KAZ/4</p>
<p>"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 376 қаулысы</p>	<p>WT/ACC/KAZ/57/Add.1</p>
<p>"Мемлекеттік реттеуге жататын теміржол көлігімен жүк тасымалдауға арналған тарифтерге кеміту коэффициенттерін белгілеу және алып тастау ережесін бекіту туралы" Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы № 24-ОД бұйрығы</p>	<p>WT/ACC/KAZ/50/Add.1</p>
<p>- Бәсекелестік саласындағы саясат</p>	
<p>2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт</p>	<p>WT/ACC/KAZ/8, WT/ACC/KAZ/85/Rev.1</p>
